

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті  
Казахский национальный педагогический университет имени Абая  
Kazakh National Pedagogical University after Abai

# **ХАБАРШЫ ВЕСТНИК BULLETIN**

**«Филология ғылымдары» сериясы**

**Серия «Филологические науки»**

**Series «Philological sciences»**

**№3(61)**

**Алматы, 2017**

Абай атындағы  
Қазақ ұлттық педагогикалық  
университеті

ХАБАРШЫ

«Филология ғылымдары» сериясы,  
№3(61), 2017

Шығару жиілігі – жылына 4 нөмір.  
2000 ж. бастап шығады

Бас редактор  
*п.ғ.д., профессор, академик*  
Б.Ө. Сманов

Бас редактордың орынбасары  
*ф.ғ.д., профессор*  
Б.Әбдіғазилұлы

Ғылыми редакторлар  
*ф.ғ.д., проф. С.Ж. Әбішева*  
*п.ғ.д., доцент Ж.Т. Дәулетбекова*  
*ф.ғ.к. А.Д. Ибраева*

Редакция алқасы:  
*ф.ғ.д., проф.*

У.М. Бахтиреева (Ресей),  
*PhD докторы, проф.*

И.З. Белобровцева (Эстония),  
*ф.ғ.д., проф.*

Ердоған Алтынкайнар (Түркия),  
*ф.ғ.д., проф.*

А.К. Киклевич (Польша),  
*ф.ғ.д., проф.*

Нефагина Г.Л. (Польша),  
*магистр, проф.*

Ноначо Сусуму (Жапония),  
*п.ғ.д., проф.*

Н.И. Ишекеев (Қырғызстан),  
*ф.ғ.д., проф.*

Жан Диңжиң (Қытай),  
*п.ғ.д., проф.*

Чан Дин Лам (Вьетнам),  
*ф.ғ.к. Ж.А. Қоқанова*  
(жауапты хатшы)

© Абай атындағы  
Қазақ ұлттық педагогикалық  
университеті, 2017

Қазақстан Республикасының мәдениет  
және ақпарат министрлігінде 2009 жылы  
мамырдың 8-де тіркелген №10109-Ж

Басуға 08.12.2017 қол қойылды.  
Пішімі 60x84<sup>1</sup>/<sub>8</sub>. Көлемі 16,25 е.б.т.  
Таралымы 300 дана. Тапсырыс 81.

050010, Алматы қаласы,  
Достық даңғылы, 13.  
Абай атындағы ҚазҰПУ

Абай атындағы Қазақ ұлттық  
педагогикалық университетінің  
«Ұлағат» баспасы

М а з м ұ н ы  
С о д е р ж а н и е  
C o n t e n t

ТІЛ БІЛІМІ  
ЛИНГВИСТИКА  
LINGUISTICS

Аманбаева А.Ж., Жұмабаева Ж.Т. Сөз таптары мен сөздердің байланысу түрлерін сөйленім синтезіне икемдеудің жолдары.....	9
Amanbaeva A., Zhumabaeva Zh. Ways of adaptation of parts of speech and types of connection of words in word-combination for synthesis of speech.....	13
Амирбекова А.Б. Тіл және ойлау: ұғым мен ұғыну мәселелері... Amirbekova A. Language and thinking: problems of understanding and concepts.....	14 19
Арзиева А.Т., Арзиев Р.У. «Құтты білікте» омонимдердің қолданылуы..... Arziyeva A., Arziyev R. The use of homonyms “Kutti bilik”.....	19 23
Әміржанова Н.С., Үркінбаев С.Ж. Эколингвистиканың негізгі аспектілері..... Amirzhanova N., Urkinbaev S. Main aspects of ecolinguistics.....	23 27
Багирова Г.Ф. Фоновая информация и ее влияние на формирование языковой личности..... Bagirova G. Background information and its influence on the formation of the language personality.....	27 34
Ермекова Т.Н., Ескермесова Г.А. Лингвистикалық білімдер жүйесіндегі пунктуация ..... Yermekova T., Yeskermessova G. The punctuation in systems of linguistic studies.....	34 39
Ерсұлтанова Г.Т. Тілдік тұлға ұғымының қалыптасу тарихы..... Yersultanova G. The history of formation of the phenomena linguistic persona.....	39 44
Есенова Қ.Ө. Лингвоязықтану пәнінің негізгі ұғымдары..... Esenova K. Basic concepts of discipline linguopolitology.....	44 49
Жұбанов А.Қ., Жаңабекова А.А., Карбозова Б.Д. Қазақ лингвистерінің ерекше міндеттерінің бірі – ұлттық қазақ тілі корпусын қалыптастыру..... Zhubanov A., Zhanabekova A., Karbozova B. Creation of national corps of Kazakh is an especially important task of the Kazakh linguists.....	50 56
Жұмабеков Қ.Ж. Жылқы тұлғаның қазақ және түрік тілдері мақал-мәтелдеріндегі қолданысы ..... Zhumabekov K. The use of horses in the kazakh and turkish proverbs.....	56 59
Жунисова М. Kazakh literary language (historical periodization)... Жунисова М.А. Қазақ әдеби тілі (тарихи дәуірлеу).....	59 64

Казахский национальный педагогический университет имени Абая

ВЕСТНИК

Серия «Филологические науки», №3(61), 2017

Выходит с 2000 года.  
Периодичность – 4 номера в год

Главный редактор  
д.п.н., профессор  
Б.У. Сманов

Зам. гл. редактора  
д.ф.н., профессор, академик  
Б.Абдигазизулы

Научные редакторы  
д.ф.н., проф. С.Д. Абишева  
д.п.н., доцент Ж.Т. Даулетбекова  
к.ф.н., А.Д. Ибраева

Редакционная коллегия:  
д.ф.н., проф.

У.М. Бахтикиреева (Россия),  
доктор Ph(D), проф.

И.З. Белобровцева (Эстония),  
д.ф.н., проф.

Ердоган Алтынкайнар (Туркия),  
д.ф.н., проф.

А.К. Киклевич (Польша),  
д.ф.н., проф.

Г.Л. Нефагина (Польша),  
магистр, проф.

Ноако Сусуму (Жапония),  
д.п.н., проф.

Н.И. Ишекеев (Кыргызстан),  
д.ф.н., проф. Жан Динжин (Китай),  
д.п.н., проф. Чан Дин Лам (Вьетнам),  
к.ф.н. Ж.А. Коканова  
(ответ. секретарь)

© Казахский национальный педагогический университет имени Абая, 2017

Зарегистрировано  
в Министерстве культуры и информации  
Республики Казахстан  
8 мая 2009 г. №10109-Ж

Подписано в печать 08.12.2017.  
Формат 60x84 1/8.  
Объем 16,25 уч.-изд.л.  
Тираж 300 экз. Заказ 81.

050010, г. Алматы,  
пр. Достык, 13. КазНПУ им. Абая

Издательство «Ұлағат»  
Казахского национального педагогического университета имени Абая

Исмайлова Г.Н. Концепт «мать» в азербайджанской паремииологии.....	65
Ismayilova G. Concept “mother” in azerbaijani paremiology.....	68
Қарағұлова Б.С., Жаналықызы А. Оралхан Бөкейдін «Жылымык» әңгімесіндегі прецедентті атаулар.....	68
Karagulova B., Zhanalykyzy A. Precedent names in the story «Zhylymyk» of Oralkhan Bukei.....	72
Қасым Б., Сембиева С. Тілдік бірліктердегі бағалауыштық коннотацияның табиғаты.....	72
Kasym B., Sembieva S. The nature of the appraisal connotation in the language unit.....	75
Қобланова А., Әбедин А.Н. Қазақ және башқұрт халықтарындағы дастархан этикетінің әлеуметтік-тілдік қыры.....	76
Koblanova A., Abedin A. Socio-linguistic feature of the etiquette of the feast kazakh and bashkir peoples.....	80
Құлманов С.Қ. Шет тілінен енген терминдерді транслитерациялау және транскрипциялау мәселесі.....	80
Kulmanov S. Problems of translation and transkription of the borrowed foreign terms.....	85
Mizamkhan B., Nukhsatkyzy L. Linguocultural aspects of the notion of political discourse .....	86
Мизамхан Б.М., Нухсатқызы Л. Саяси дискурс ұғымының лингвомәдени аспектілері.....	89
Мұхаммади Қ.Т. Бала тіліндегі етістіктер және аспектуалды семантика.....	89
Mukhamadi K. Semantics in childhood verbs and aspect .....	93
Оспанғазиева Н.Б. Қазақ тіліндегі дыбыстардың фонологиялық сипаты.....	93
Ospangazyieva N. Phonological description of sounds in the kazakh language.....	96
Saibekova N. The importance of A.Baitursynuly’s alphabet.....	96
Сайбекова Н.У. А.Байтұрсынұлы әліпбиінің маңыздылығы.....	99
Сейденова С.Д. Изучение художественного текста в аспекте межкультурной коммуникации (на примере анализа повести Б.Момышулы «Наша семья»).....	100
Seidenova S. Studying of the literary text in aspect of cross-cultural communication (on the analysis of the story "Our family"of B.Momyshuly).....	105
Смағұлова Г.Н., Чукенаева Г.Т. Алаш қайраткерлерінің лингвоэкологиялық идеялары.....	105
Smagulova G., Chukenayeva G. Linguoecological ideas of alash’s activity.....	113
Тайжанов Ұ.О. Аксиологиялық лингвистиканың семантикасы... ..	114
Taizhanov U. The semantics of axiological linguistics.....	118
Өтебаева Э.Ә. Мемлекеттік тілдің лингвистикалық базасын құраған жаңа қазақ сөздіктері.....	118
Utebayeva E. Kazakh new dictionaries that have formed the linguistic base of the state language .....	122

BULLETIN

«Bulletin KazNPU named after Abai»  
Series «Philological sciences»  
№3(61), 2017

Editor in chief  
doctor of pedag. sc., prof., academician  
B.U. Smanov

Deputy Chief Editor  
doctor of philology, professor  
B. Abdigaziuly

Scientific editors  
doctor of philology, professor S.D. Abisheva  
doctor of pedagogical sciences,  
assistant professor Zh.T. Dauletbekova  
candidate of Philology A.D. Ibrayeva

The editorial board members:

doctor of Philology, professor  
U.M. Bakhtikireeva (Russia),  
PhD, professor  
I.Z. Belobrovcova (Estonia),  
doctor of Philology, professor  
Erdogan Altynkainak (Turkey),  
doctor of Philology, professor  
A.K. Kiklevich (Poland),  
doctor of Philology, professor  
G.L. Nefagina (Poland),  
master, professor  
Nonako Susumu (Japan),  
doctor of pedagogical sciences, professor  
N.I. Ishekeyev (Kyrgyzstan),  
doctor of Philology, professor  
Zhan Dingzhing (China),  
doctor of pedagogical sciences, professor  
Chan Din Lam (Vietnam),  
candidate of Philology Zh.A. Kokanova  
(Executive secretary)

© Kazakh National Pedagogical  
University named after Abai, 2017

Registered in the Ministry of Culture and  
Information of the Republic of Kazakhstan  
8 May 2009 №10109-Zh/Ж

Signed in print 08.12.2017  
Format 60x84 1/8.

Volume 16,25 teaching and publishing lists  
Number of copies 300, Order 81.

050010, Almaty, Dostyk avenue 13,  
KazNPU named after Abai

Publishing House "Ulagat" of the Kazakh  
National Pedagogical University named after  
Abai

ӘДЕБИЕТТАНУ  
ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ  
LITERATURE

Абишева У.К. Концепции бытия в русской литературе начала XX века.....	123
Abisheva U. The concept of being in Russian literature, beginning XX century .....	129
Асылбекұлы С., Токшылықова Г.Б. Постмодернизм әдебиетінің негізгі белгілері.....	130
Assylbekuly S., Tokshylykova G. The main features of the literature of postmodernism .....	138
Бораш Р.Б., Нокербан Б. Ұлттық драматургияның қалыптасуындағы М.Әуезовтің шығармашылық қызметі .....	138
Borash R., Nokerban B. M.Auezov's creative work in the formation of the national drama.....	141
Векилова Г.М. Миф о близнецах в азербайджанской сказке «Прекрасная Фатма».....	142
Vekilova G. Myth of the twins in the azerbaijani fairy-tale "Goychak Fatma".....	147
Жорабай Т.С. «Құтты білік» дастанындағы елдік идеялар: жалпы сипаты, сюжет пен композициялық астар.....	148
Zhorabay T. The folk ideas of the poem "kutadgu bilig": a general description, overtones of the plot and composition.....	153
Жундибаева А.К., Хасенова И.К. Шәкәрім шежіресі және Шәкәрім дәстүрі.....	153
Zhundibayeva A., Khassenova I. Chronicle Shakarim and traditions of Shakarim.....	156
Зайцева О.С. Проблема интертекста в современной науке.....	156
Zaitseva O. The problem of intertext in modern science .....	161
Кушкимбаева А.С. Кейіпкердің төл сөзі – тілдік тұлға бейнесінің бір көрінісі.....	161
Kushkimbayeva A. The word character is one of the manifestations of linguistic identity.....	166
Мадатов Ф.Ф. Великий тюрколог Фуад Көрпюлю о генезисе тюркской литературы (фольклорный контекст).....	166
Madatov F. The great turkologist Fuad Koprulu about the genesis of the turkical literature (folklore context).....	171
Орда Г., Асқарова Г. Қазіргі қазақ поэмасындағы дәстүр ұласуы (Сәулеш Шәтенованың «Қыз Данай» поэмасы негізінде)..	172
Orda G., Askarova G. Development of tradition in a kazakh poem (based on a poem «Qyzdanai» of Saulesh Shatenova).....	177
Поляк З.Н. Лирические циклы Н.Черновой.....	177
Polyak Z. Lyrical cycles of N.Chernova.....	181
Пірәлі Г.Ж. XX ғасырдағы эпистолярлық мәдениет және интерпретация мәселелері (М.О. Әуезовтің Зоя Кедринамен жазысқан хаттары негізінде).....	181
Prali G. Culture and interpretation problems of epistolary heritage of the twentieth century (by correspondence M.O. Auezov with Z.Kedrina).....	185

<b>Тамаев А., Нүрекешова Ә.А.</b> «Москва үшін шайқас» романындағы кейіпкерлер образы.....	<b>185</b>
<b>Tamaev A., Nurekeshova A.</b> The image of heroes novel «Moscow is behind us».....	<b>190</b>
<b>ПЕДАГОГИКА МЕН ӘДІСТЕМЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ ПРОБЛЕМЫ ПЕДАГОГИКИ И МЕТОДИКИ PEDAGOGY AND METHODOLOGY PROBLEMS</b>	
<b>Абдуова Б.С., Асанова Ұ.О.</b> Студенттердің білімін бағалаудағы «жомарттық» пен шынайылық.....	<b>191</b>
<b>Abduova B., Assanova U.</b> «Generosity» and honesty in students knowledge evaluation.....	<b>195</b>
<b>Алимжанова Г.М.</b> Фундамент качественного образования – использование компетентностного подхода.....	<b>196</b>
<b>Alimzhanova G.</b> The foundation of qualitative education – the use of the competent approach.....	<b>200</b>
<b>Байхадамова Б.Е. Райымбекқызы А.</b> Үштілділік – бәсекеге қабілетті елдер қатарына апаратын басты жол.....	<b>201</b>
<b>Baikhadamova B., Rayymbekyzy A.</b> Trafficking – the way leading to the competitiveness of the country in the future.....	<b>204</b>
<b>Бектурганова К.К.</b> Актуализация креативных способностей учащихся на уроках литературы через необычные средства представления учебного материала и включение учащихся в деятельность.....	<b>205</b>
<b>Bekturganova K.</b> Updating the creative abilities of students in literature lessons through unusual means of presenting educational material and including students in activities.....	<b>207</b>
<b>Джаркинбаева Г.А., Байтенова Г.А.</b> Үш тұғырлы тіл саясаты – жастардың жарқын болашаққа жолы.....	<b>208</b>
<b>Djarkinbaeva G., Baitenova G.</b> Three-line policy – the way for the future generation.....	<b>212</b>
<b>Джубанова Г.Д., Таирова Н.А.</b> К вопросу о полиязычии и коммуникативно-речевой компетенции в студенческой среде Казахстана.....	<b>212</b>
<b>Dzhubanova G., Tairova N.</b> On the issue of poly-linguism and communicative-speech competence among the students of Kazakhstan.....	<b>220</b>
<b>Yeshimbetova Z.</b> Information technologies in teaching a foreign language.....	<b>220</b>
<b>Ешімбетова З.Б.</b> Шетел тілін оқытудағы ақпараттық технологиялар.....	<b>223</b>
<b>Жундибаева А.К., Байғазина Ә.Ж.</b> Орта мектептегі он екі жылдық білім беру жүйесіне көшу мәселесі.....	<b>224</b>
<b>Zhundibayeva A., Baigazina A.</b> Question of transition to 12-year-school training in secondary school.....	<b>228</b>
<b>Кенжебаева Г.М.</b> Қалыптастырушы бағалауды жүргізудің әдіс-тәсілдері.....	<b>228</b>
<b>Kenzhebayeva G.</b> Methods of establishment of shaping evaluation....	<b>232</b>

<b>Nurgaliyeva S., Assavbayeva G., Espolova G.</b> Kazakhstan language policy: trilingual concept.....	<b>232</b>
<b>Нұрғалиева С.А., Асаубаева Г.Б., Есполова Г.К.</b> Қазақстандағы үштілділік тіл саясаты.....	<b>236</b>
<b>Rakhmetova R.</b> Basic function of language and realization of speech	<b>237</b>
<b>Рахметова Р.С.</b> Тілдің негізгі қызметтері және оны тілдесімде қолдану.....	<b>240</b>
<b>АУДАРМАТАНУ ПЕРЕВОДОВЕДЕНИЕ TRANSLATION</b>	
<b>Мухтарова С.С.</b> Перевод казахской безэквивалентной лексики способом транслитерации (на материале трилогии И.Есенберлина «Кочевники».....	<b>242</b>
<b>Mukhtarova S.</b> Translation of kazakh non-equivalent vocabulary by transliteration method (on the basis of I.Esenberlin trilogy “Nomads”).....	<b>245</b>
<b>ЖУРНАЛИСТИКА JOURNALIST</b>	
<b>Турсын К.Ж.</b> Творческий путь Совета Масгутова.....	<b>247</b>
<b>Tursyn K.</b> Creative way of Sovet Masgutov.....	<b>251</b>
<b>БІЗДІҢ АВТОРЛАР</b> .....	<b>252</b>
<b>НАШИ АВТОРЫ</b> .....	<b>255</b>
<b>OUR AUTHORS</b> .....	<b>258</b>

Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитеті Алқасының (2003 жылғы 26 маусым №433-3 ж бұйрығы) шешімі негізінде Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршы журналының «Психология» сериясын психология ғылымдары бойынша диссертациялардың негізгі ғылыми нәтижелерін жариялайтын басылымдар тізбесіне енгізілгені туралы хабарлайды.

На основании решения Комитета по контролю в сфере образования и науки (приказ №433-3 ж от 26 июня 2003 г.) Вестник КазНПУ им. Абая, серия «Психология» внесен в перечень изданий для публикаций основных научных результатов диссертаций по психологическим наукам.

On the basis of decision of Committee for control in sphere of education and science (order №433-3 ж from June 26.2003) Bulletin of Abai Kazakh national pedagogical university, series «Psychology» is included into the list of issues to publish the basic scientific results of dissertation of psychological sciences.

## ТІЛ БІЛІМІ ЛИНГВИСТИКА LINGUISTICS

ҒТАХР16.31.21

А.Ж. Аманбаева<sup>1</sup>, Ж.Т. Жұмбаева<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup> А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты,  
Алматы қ., Қазақстан

### СӨЗ ТАПТАРЫ МЕН СӨЗДЕРДІҢ БАЙЛАНЫСУ ТҮРЛЕРІН СӨЙЛЕНІМ СИНТЕЗІНЕ ИКЕМДЕУДІҢ ЖОЛДАРЫ

*Аңдатпа*

Мақалада сөйленім синтезінің морфологиялық бірлігі қарастырылады. Компьютер бағдарламасына сөз таптарды қалай енгізуге болатындығы, түбір сөздер мен қосымшаларды қандай әдістер арқылы беруге болатындығы айтылады. Сондай-ақ, сөйленім синтезін құру үшін синтез жасайтын бағдарламаға сөз тіркесін икемдеп берудің жолдары қарастырылған. Қазіргі таңда ғылымды технологияға енгізу жұмыстары қолға алынып, нәтижесінде заман талабына сай жаңалық ашу қажет болып отыр. Сол себептен компьютер бағдарламасы арқылы қазақ мәтінін синтездеу қазіргі қоғамда сұранысқа ие. Сөйленім синтезі – бұл сөйлеп тұрған адам мен компьютер арасында байланыс орнату, яғни жазылған мәтіндерді компьютер дауыстап оқу береді. Сондықтан компьютер бағдарламасына буыннан бастап, сөз, сөз тіркесі, сөйлем, мәтінге дейінгі аралықтағы тілдің заңдылығын ереже ретінде талдап берген жөн. Сөйленім синтезін жасау үшін сөз синтезаторына қазақ тіліндегі сөздердің байланысу түрін (меңгеру, матасу, жанасу, қиысу, қабысу) ажыратып, мысалдар арқылы көрсетіп беруге болады.

**Түйін сөздер:** сөйленім синтезі, синтезатор, морфология, синтаксис, сөз тіркесі

Сөйленім синтезі бірнеше әдіс арқылы жүзеге асырылатыны белгілі. Сондай-ақ сөйленім синтезі жақсы жұмыс жасауы үшін мәтінге фонетикалық, морфологиялық, синтаксистік, просодикалық талданым жүргізіледі. Фонетикалық деңгейде әр фонемаға фонетика-фонологиялық сипаттама беріліп, олардың ережесі сөйленім синтезіне негізделіп құрылады. Морфологиялық деңгейде де қазақ тіліндегі сөз таптардың қызметі мен орны ереже түрінде беріледі. Ережелер белгілі бір морфологиялық анализдің негізгі төрт алгоритміне жатады. Олар: морфологиялық анализ сөздікпен әдісі, морфологиялық анализдің логикалық көбейту әдісі; морфологиялық анализдің сөздіксіз әдісі; морфологиялық анализдің сөз түрленім сөздігі әдісі.

Алғашқы екі әдіс практикада көп қолданылған. Морфологиялық анализдің сөздікпен әдісі кең таралған. Бұл әдісте негізгі сөздердің сөздігі мен қосымша сызбалар алынады. Морфологиялық анализдің сөздігіне түбір сөздер кіреді. Түбір сөз дегеніміз әрі қарай бөлшектеуге келмейтін, лексикалық мағынасын сақтаған негізгі бөлігі екені белгілі. Егер жұрнақ арқылы жасалған туынды түбірлер болса, олардың барлығы сөздікке кіреді және оның негізгі түбірі көрсетіледі. Ол не үшін керек десек, «Это необходимо для дальнейшего семантического анализа, чтобы устранить различные смысловые трактовки для одного и того же слова» [1]. Сөздікке барлық түбір сөз бен туынды сөздер енеді.

Ал морфологиялық анализдің логикалық көбейту әдісіне белгілі бір ережелер кіреді. Айталық, **сын есім** деп заттың сапасын, сипатын, қасиетін, көлемін, салмағын, түсін (түр-реңін), дәмін және басқа сол сияқты сыр-сипаттарын білдіретін лексика-грамматикалық сөз табын айтамыз. Сын есімнің табиғи қызметі зат есімге анықтауыш мүше болады. Ол зат есімге тіркесіп анықтауыш қызметін атқарғанда ешқандай өзгеріске ұшырамайды. Сын есім еш уақытта тәуелденбейді, көптелмейді және септелмейді [2]. **Сан есім** – заттың санын, мөлшерін, ретін, шамасын білдіретін сөз табы. Сан есім жеке айтылғанда абстракт сандық ұғымдардың атауы болатындықтан, нақты мағыналары басқа сөздермен қарым-қатынасқа түсу кезінде, оларды сан жағынан анықтау барысында айқындалады. Сан есім өзі анықтайтын сөздің алдынан келіп, атау тұлғасында тұрады, субстантивтенгенде (заттанғанда) көптеледі, жіктеледі, тәуелденеді, септеледі [3]. Сөйленім синтезін құру үшін осы ретпен ережелер беріледі. Ал қосымшалар компьютер бағдарламасына толық сақталады. Оны төмендегідей ретімен көрсетуге болады.

**Есім сөздерден сын есім тудыратын жұрнақтар.**

**Есім сөздерден сын есім тудыратын негізгі жұрнақтар:**

1. лы, -лі, -ды, -ді, -ты, -ті; тау-лы, тас-ты, дене-лі, көрік-ті, өнер-лі т. б.
2. -сыз, -сіз: үй-сіз, жер-сіз, қызмет-сіз, жол ас-сыз, ағаш-сыз т. б.
3. -ғы, -гі, -қы, -кі: жаз-ғы, іш-кі, сырт-қы, соң-ғы, күз-гі, түн-гі т. б.
4. -лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік: азамат-тық, жыл-дық, көлем-дік, күн-дік, өлке-лік, кәмелет-тік т. б.
5. -шыл, -шіл: жер-шіл, ұйқы-шыл, күлкі-шіл, үй-шіл, сыр-шыл т. б.
6. -шаң, -шең: бой-шаң, сөз-шең, киім-шең, тер-шен т. б.
7. -дай, -дей, -тай, -тей: үй-дей, қой-дай, арыстан-дай, ат-тай, түлкі-дей т. б.
8. -кер, -қой, -қор, -паз, -ымпаз, -імпаз: табыс-кер, найза-гер, әуес-қой, сән-қой, бәле-қор, жем-қор, шай-қор, өнер-паз, әсем-паз, жеңім-паз т. б.
9. -и, -ы, -і: тарих-и, дін-и, әдеб-и, ресм-и, мәден-и, қазақ-ы, қадмақ-ы, естек-і, (башқұр-лық), алтай-ы, араб-ы т.б. [3].

Сонымен қатар компьютер жадына енгізілетін мәтіннің қатесі, тыныс белгілері алынады. Мысалы, *жер шарындағы ең үлкен жануар – көк кит. Олар суда тіршілік еткенмен, балық емес. Киттің желбезегі жоқ, өкпесі арқылы тыныс алады. Оның ұзындығы отыз метрге жетеді. Мұндай алып жануар тек суда ғана өмір сүре алады. Құрлықта өмір сүрсе, оны өзінің салмағы жанышып кетер еді. Оның тісі жоқ. Ол теңіздегі ұсақ жәндіктермен қоректенеді.* Осы берілген мәтіннің тыныс белгілері алынады. *жер шарындағы ең үлкен жануар көк кит // олар суда тіршілік еткенмен балық емес // киттің желбезегі жоқ // өкпесі арқылы тыныс алады // оның ұзындығы отыз метрге жетеді // мұндай алып жануар тек суда ғана өмір сүре алады // құрлықта өмір сүрсе // оны өзінің салмағы жанышып кетер еді // оның тісі жоқ // ол теңіздегі ұсақ жәндіктермен қоректенеді.* Берілген мәтіндегі сөздерге жеке-жеке морфологиялық талдау жасаймыз (Төмендегі талдауға А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтынан шыққан «Жалпы білім берудегі қазақ тілінің жиілік сөздігі» атты еңбекті жасау барысында қолданылған морфологиялық талдау негізге алынып отыр).

*Жер шарындағы ең үлкен жануар көк кит // олар суда тіршілік еткенмен балық емес*

Жер | жер <зт>

Шар | шар <зт, ы/тж-3+нда/жс+ғы/к>

Ең | ең <үс>

Үлкен | үлкен <сн>

Жануар | жануар <зт>

Көк | көк <сн>

Кит | кит <зт>

Олар | о <ес, лар/кж>

суда | су <зт, да/шс>

тіршілік | тіршілік <зт>

еткенмен | ет <ет, кен/ес+мен/кс>

балық | балық <зт>

емес | емес <мд>

*киттің желбезегі жоқ*

кит | кит <зт, тің/іс>

желбезегі | желбезек <зт, і/тж-3>

жоқ | жоқ <мд>

*өкпесі арқылы тыныс алады*

өкпесі | өкпе <зт, сі/тж-3>

арқылы | арқылы <шл>

тыныс | тыныс <зт>

алады | ал <шл, а/к+ды/жж-3>

*оның ұзындығы отыз метрге жетеді*

Оның | ол <ес, ның/іс>

Ұзындығы | ұзындық <зт, ы/тж-3>

Отыз | отыз <са>

Метрге | метр <зт, ге/бс>

Жетеді | жет <ет, е/к +ді/жж-3>

*мұндай алып жануар тек суда ғана өмір сүре алады*

мұндай | мұндай <ес>



жанур | жануар <зт>  
тек | тек <үс>  
суда | су <зт, да/жс>  
өмір | өмір <зт>  
сүре | сүр <ет, е/к>  
алады | ал <ет, а/к+ды/жж-3>  
құрлықта өмір сүрсе  
құрлықта | құрлық <зт, та/жс>  
өмір | өмір <зт>  
сүрсе | сүр <ет, се/шр>  
оны өзінің салмағы жаншып кетер еді  
оны | ол <ес, ны/тс>  
өзінің | өз <ес, і/тж-3+нің/іс>  
салмағы | салмақ <зт, ы/тж-3>  
жаншып | жаншы <ет, п/к>  
кетер | кет <ет, ер/ес>  
еді | е <ет, ді/жөш>  
ол теңізде ұсақ жәндіктермен қоректенеді  
ол | ол <ес>  
теңіздегі | теңіз <ет, де/жс>  
ұсақ | ұсақ <се>  
жәндіктермен | жәндік <зт, тер/кж+мен/кс>  
қоректенеді | қоректен <ет, е/к+ді/жж-3> [7]

Сөйленім синтезін морфологиялық деңгейде түзу үшін мәтінге осы ретпен морфологиялық талдау жүргізіледі.

Сөйленім синтезін құру үшін тек дыбысты, буынды, сөзді жіктеп шығу жеткіліксіз. Өйткені синтез жасайтын бағдарлама сегментті бөлшектен бастап мәтін бірліктерін, тіпті суперсегментті деңгейге дейінгі аралықтағы тілдің ішкі функциясын ажырата алатындай дәрежеде болу қажет. Сондықтан қазақ тілінде сөйлем, мәтін құру үшін сөз тіркесінің атқаратын рөлі зор. Яғни, синтез жасайтын бағдарламаға тұтас мәтінді салғанда бағдарлама оның ішінен жекелеген сөздер мен сөз тіркесін ажырата алатындай дәрежеде болу керек. Ол үшін қазақ тілінің жүйесінде сөз тіркесінің қалай жасалатынын, сөздер қалай тіркесетінін ажыратып алуымыз қажет. Әрине қазақ тіл білімінде сөз тіркесі «синтаксис» саласының қарастыратын мәселелерінің бірі. Яғни «Синтаксис – тіліміздегі сөз тіркесі мен сөйлемнің құрылым-құрылысы, басқа да ерекшеліктерін қарастыратын грамматиканың бір саласы. Синтаксис сөйлемді, оның мағыналары мен түрлерін, сөйлемнің қалай құралатынын, яғни сөйлемдегі сөздердің қалай грамматикалық байланысқа түсетінін және оның нәтижесінде сөздердің бір-бірімен тіркесіп қолданылуын қарастырады» [4]. Кез келген сөзді бір-бірімен тіркестіре алмаймыз. Яғни әрбір сөз лексика-грамматикалық жағынан ерекшеленіп, байланысқа түседі. **Сөз тіркесі** – толық мағынадағы екі сөздердің бір-бірімен сабақтаса, бағына байланысуы. Яғни екі сөз бір-бірімен тіркесе отырып сөйлем құрауға негіз болады. Сөз тіркесі негізінен екі түрге бөлінеді: **жай сөз тіркесі** және **күрделі сөз тіркесі**. Яғни жай сөз тіркесі екі сөздің бір-бірімен тіркесуі арқылы жасалса, ал күрделі сөз тіркесі үш немесе одан да көп сөздермен тіркеседі. Сөздердің байланысуының бірнеше тәсілдері мен түрлері бар:

- сөздер өзара **қосымшалар арқылы**, әсіресе **жалғаулар арқылы**, байланысады (септік, тәуелдік, жіктік жалғаулар);

- сөздер бір-бірімен септеулік **шылаулар арқылы** байланысады (*үшін, арқылы, сайын, бірге, кейін, мен, және* т.б.);

- сөздер өзара ешбір **жалғаусыз, шылаусыз**, түбір тұлғаларында тұрып байланысады (*ашық мінез, берілген тапсырма, жылы жаңбыр, биік тау* т.б.);

- сөздердің арасындағы мағыналық байланыс кейде **дауыс ырғағы** (*Абай – ақын, мектеп – кеме, білім – теңіз* т.б.) арқылы де беріледі [4].

Қазақ тілінде өзара байланысқан сөздер мағынасы мен байланысу тәсіліне қарай 5 түрге бөлінеді: **қиысу, қабысу, матасу, меңгеру, жанасу** [4]. Әрбір байланысу түрлері тіркесуге негіз болады.

Сөйленім синтезін жүзеге асыру үшін сөздердің байланысу түрлері мен тәсілдерін анықтап, сөз тіркесін жіктеп шығу қажет. Ол үшін байланысу түрлерінің әрқайсысына жеке-жеке тоқталып,

синтездеу бағдарламасына икемдеп беруге болады. Ең алдымен **қиысуға** келер болсақ, сөз бен сөздің жіктік жалғау арқылы, мәселен *мен, сен (сіз), ол, біз, сендер, олар* сөзінің жіктелу ретімен байланысқа түсуі синтезаторға қиындық келтірмейді. Өйткені жіктелу реті мен жалғауларын берсе болғаны. Тек 3-жақта арнаулы жіктік жалғауы жоқ, мысалы, *Ол-оқушы* дегенде (екеуі де атау тұлғада тұрса) жазуда сызықша қойылып, ал айтылғанда арасына кідіріс жасалады. Ал *Ол оқиды* дегенде, яғни сөйлем бастауыш пен баяндауыштан тұрса, арасына сызықша қойылмай, кідіріссіз айтылады.

**Меңгеру** – сөздердің барыс, табыс, жатыс, шығыс, көмектес септік жалғаулары арқылы байланысуы. Меңгеріле байланысқан сөздің екінші сыңары көбіне етістік болады. Зат есім, сын есім, сан есім, етістік, есімше, тұйық етістікке барыс септігі жалғанады: *-ға, -ге, -қа, -ке, -а, -е, -на, -не (ауыл+ға келу, үй+ге кіру, жас+қа жету, күш+ке салу, кітабын+а қарау, дәптерін+е жазу, ауылы+на бару, көңілі+не келу)*; табыс септігінде: *-ды, -ді, -ты, -ті, -ны, -ні (ауыл+ды аралау, үй+ді қарау, кітап+ты оқу, көйлек+ті алу, қала+ны аралау, көрпе+ні тігу)*; жатыс септігінде: *-да, -де, -та, -те -нда, -нде (ауыл+да болу, үй+де жүру, кітап+та бар, сурет+те бейнеленген, ауылы+нда жүр, жүрегі+нде сақталған т.б.)*; шығыс септігінде: *-нан, -нен, -дан, -ден, -тан, -тен (кітабы+нан көрді, дәптері+нен қарады, ауыл+дан барды, үй+ден шықты, тас+тан жасады, бес+тен асты т.б.)*; көмектес септігінде: *-мен, -бен, -пен, -менен, -бенен, -пенен (жол+мен жүру, туыстарымыз+бен бардық, көлік+пен келдік т.б.)*. Яғни синтезаторға түбірге жалғанатын қосымшаларды жіктеп бере отырып, онымен тіркесетін сөздерді мысал арқылы беруге болады.

**Матасу** – сөздердің ілік септігі мен тәуелдік жалғауы арқылы байланысуы. Матасу жай және күрделі болып бөлінеді. Бірінші сыңары ілік септігінде тұрған сөзбен байланысуды **жай матасу** (*мектептің маңы, ауылдың арасы, үйдің іші, Айдостың сөмкесі, ағаштың бұтағы т.б.*) десек, ал бірінші сыңары бірнеше сөзбен сатылап бір-бірімен іліктесе байланысуы (*менің ағамның дәптері, сенің жолдасыңның сөзі, оның жолдасының кітабы т.б.*) **күрделі матасу** деп аталады. Кейде III жақ тәуелдік жалғаулы сөзбен байланысқан сөздің ілік септік жалғауы айтылмайды. Мысалы: *егіс даласы, ел байлығы*. Тек *біз, сіз* есімдігі ілік жалғауда жұмсалғанда, онымен байланысқан сөздердің тәуелдік жалғауы түсіп қалады. Мысалы: *біздің ту, біздің ел, біздің Отан, сіздің ауыл т.б.* [5]. Яғни синтезаторға ілік септігінің *-ның, -нің, -дың, -дің, -тың, -тің* жалғаулары мен тәуелдік жалғауымен байланыса тіркесуін ереже ретінде беруге болады.

**Қабысу** – сөздердің бір-бірімен ешбір жалғаусыз, шылаусыз атау тұлғада іргелес тұрып байланысуы. Қабыса байланысқан сөздерің басыңқы сыңары көбіне есім сөздерден және етістіктерден болады. Мысалы: *еңбекші халық, күткен күн, алтын сағат, мына кітап, жақсы оқиды, таза сөйлейді, екі келді, бір-ақ аттады т.б.* [5]. Қабыса байланысқан сөздер көбіне тұрақты болып, орнынан жылжытуға көнбейді. Қабысу **дара** және **күрделі** болып бөлінеді. Дара қабысуда бағыныңқы сыңары бір сөзден тұрады да (*ағаш күрек, мөлдір су т.б.*), ал күрделіде бірнеше сөздің тіркесінен тұрады. Мысалы: *бес бөлмелі үй т.б.* Қабысу **тікелей** және **сатылай** болып та бөлінеді. Тікелей қабысуды қабысудың дара түріне жатқызатын болсақ, ал сатылайды күрделі түріне жатқызамыз. Тікелей қабысуда әрбір бағыныңқы сыңардағы сөз басыңқы сыңармен жеке-жеке байланыса алатын болса (*мөлдір таза су – мөлдір су, таза су, тазартылған тегіс жер – тазартылған жер, тегіс жер т.б.*), ал сатылай қабысуда жеке-жеке байланыспай, орны тұрақты болады (*бес қабатты үй, он тонна құм, он жылдық тәжірибе, сұңғақ бойлы жігіт т.б.*). Яғни тікелей қабысуда бағыныңқы сыңарлардың кейде орнын ауыстырып, немесе араларына басқа сөз қоюға болады да, ал сатылай қабысуда сөздердің орнын ауыстыруға, өзгертуге болмайды. Мысалы: *Бес қабатты үй (қабатты үш үй дей алмаймыз)*. Яғни синтезаторға сөздердің бір-бірімен ешбір жалғаусыз, шылаусыз атау тұлғада іргелес тұрып байланысатын сөздердің ережесін беру керек.

Келесі сөздердің байланысу түрі **жанасу** деп аталады. Жанасу деп орны жағынан басыңқы сөзбен қатар тұратын атау тұлғадағы бағыныңқы сөздің алшақ тұрып еркін байланысуын атаймыз. Жанасудың басыңқы сыңары, негізінен, етістік сөздерден жасалады – кей жағдайда ғана мезгіл үстеулері есім сөздермен жанаса байланысады (*бұрын бала едің, енді сен жігітсің*) [6].

Мысалы: *Қар жапалақтап жауды* дегенде орнын ауыстырып, *жапалақтап қар жауды* деуге де болады. Сондай-ақ *малшылар жайлаудан кеше келді* дегенде сөздердің орын ауыстырып, *жайлаудан кеше малшылар келді, кеше жайлаудан малшылар келді, малшылар кеше жайлаудан келді* деуге болады. Яғни *жапалақтап жауды* мен *кеше келді* тіркестерін жай жанасуға жатқызуға болады. Жай жанасудың бағыныңқы сыңары көбіне үстеуден (әсіресе мезгіл үстеу, көсемше, басқа да сөз таптарынан) болуы мүмкін [5,160]. Ал күрделі жанасуда бағыныңқы сыңары көбіне септеулік шылау мен көмекші сөздерден тұрады. Мәселен *Олар тауға қарай жүрді, жұмыс туралы сөйлестік т.б.*

Жанаса байланысқан сөздердің басыңқы сыңары көбінесе етістік болады. Мысалы: *Кенет ол қарқылдап күліп жіберді*. Бұл жерде *кенет, қарқылдап* деген сөздер *күліп жіберді* деген күрделі етістікпен жанаса байланысады. Сондай-ақ кейбір жекелеген сөздер мен қимылдың сапасын білдіретін кей сөз таптары да жанаса байланыса алады. *Мен таңертеңнен жұмыстамын. Сіз биыл қырықтасыз. Біз қазір бесеуміз. Бүгін күн бұлтты. Биыл қыс жылы* т.б. Синтезаторға жанаса байланысатын сөздерді мысалмен ереже түрінде беруге болады.

Қорыта келгенде сөйленім синтезін жасау үшін синтезаторға сөздердің байланысу түрлерін ереже түрінде беру қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Оспангазиева Н.Б. *Виды фонологических и морфонологических явлений в казахском языке // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы «Филология ғылымдары» сериясы, 2016. – №3. – 291 б.*

2 Шаров С.А. *Средства компьютерного представления лингвистической информации. – Москва, 1996. <http://www.ksu.ru/eng/science/ittc/vol000/002/> 27.06.2017.*

3 Қазақ тілі. *Энциклопедия. – Алматы: Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан даму институты, 1998. – 509 б.*

4 Ысқақов А. *Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 384 б.*

5 Балақаев М., Сайрамбаев Т. *Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Санат, 1997. – 286 б.*

6 Қараев М.Ә. *Қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 216 б.*

7 Хасанова С., Әбдіғалиева Г., Қасабекова Қ., Шалабаев Б. *Кестелі грамматика. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 161 б.*

8 Жалпы білім берудегі қазақ тілінің жиілік сөздігі. – Алматы: Дәуір, 2016. – 1472 б.

А.Ж. Аманбаева<sup>1</sup>, Ж.Т. Жумабаева<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup>Институт языкознания им. А.Байтурсынова,  
г. Алматы, Казахстан

## ПУТИ ПРИСПОСОБЛЕНИЯ ЧАСТЕЙ РЕЧИ И ТИПОВ СВЯЗИ СЛОВ В СЛОВСОЧЕТАНИИ ДЛЯ СИНТЕЗА РЕЧИ

*Резюме*

Статья посвящена вопросам морфологической единицы синтеза речи. В статье решаются вопросы, имеющие прикладной характер, как можно внедрить части речи в компьютерную программу, какими методами можно передать корни слов и аффиксы. Также в статье рассматриваются пути систематизации словосочетаний для программы синтеза речи. В настоящее время проводятся работы по внедрению науки в технологию. Необходимо делать открытия в области науки. Использование научно-технических достижений во благо общества является одной из главных проблем в современном мире. Поэтому синтез текста на казахском языке с помощью компьютерной программы пользуется спросом. Потому что синтез – это связь говорящего с компьютером. Поэтому надо анализировать языковую закономерность как правила, которые охватывают начиная со слога, слова, словосочетания, предложения до текста для компьютерной программы. Для разработки синтеза речи надо различать типы связи словосочетаний в казахском языке (освоение, соподчинение, соприкосновение, примыкание, согласование), можно передать их через примеры.

**Ключевые слова:** синтез речи, синтезатор, морфология, синтаксис, словосочетание

A.Zh. Amanbaeva<sup>1</sup>, Zh.T. Zhumabaeva<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup>The Institute of Linguistics named after A.Baitursynov,  
Almaty, Kazakhstan

## WAYS OF ADAPTATION OF PARTS OF SPEECH AND TYPES OF CONNECTION OF WORDS IN WORD-COMBINATION FOR SYNTHESIS OF SPEECH

*Summary*

The article is devoted to the issues of the morphological unit of speech synthesis. In the article questions decide having the applied character, as possible to inculcate parts of speech in the computer program, what methods it is possible to betray roots of words and affixes. Also in the article examined to the way of systematization of word-combinations for the program of sитеза speech. Works are presently conducted on introduction of science in

technology. It is necessary to do opening in area of science. Drawing on scientific and technical accomplishments in blessing of society is one of main problems in the modern world. Therefore a synthesis of text in Kazakh language by means of the computer program is in demand. Because a synthesis is connection of talking to the computer. It is therefore necessary to analyse языкую conformity to law as governed, embraces that since a syllable, word, word-combination, suggestions to text for to the computer program. For development of synthesis of speech it is necessary to distinguish the types of connection of word-combinations in Kazakh (mastering, collateral subordination, contiguity, contiguity, concordance), it is possible to betray them through.

**Keywords:** synthesis of speech, synthesizer, morphology, syntax, word-combinations

FTAXP 16.01.07

*А.Б. Амирбекова<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты,  
Алматы қ., Қазақстан*

## ТІЛ ЖӘНЕ ОЙЛАУ: ҰҒЫМ МЕН ҰҒЫНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

*Аңдатпа*

Мақалада тіл мен ойлау қатынасынан туындайтын ұғымның мағынадан айырмашылығы, ұғым түрлері мен олардың тілде берілуі сияқты мәселелер талданады. Ақиқат дүниені тану, қабылдау, ұғыну, тіл арқылы жеткізу арақатынасындағы адамның ойлау әрекеттері мен танымдық қабілеттерін тілдік жүйе арқылы зерттеу когнитивтік семантика, лингвофилософия ғылымдары негізінде жүзеге асырылатыны дәйектеледі. Бірнеше ғылымның басын біріктіретін ұғым мәселесі лингвистиканың негізгі зерттеу нысаны екенін дәлелдеу көзделеді. Себебі айтылмақ ой әрбір адамзаттың танымы мен тілдік қорына байланысты әр деңгейде жарыққа шығады. Сондықтан мақалада дұрыс ұғына білген адамның сөйлеген сөзі де тиянақты, жинақы, түсінікті шығатынына көз жеткізу тіл мен ойлау қатынастарын жіті зерттеуден туындайтынын негіз етеді. Ұғымға тән басты критерийлерді анықтау арқылы тіліміздегі мағыналас сөздердің мәндік реңктерін, соған орай тіркесімділік қолданысының орынды жұмсалуды реттеуге, біріздендіруге болатыны анықталады.

**Түйін сөздер:** ұғым, мағына, мән, дефиниендум, дефиниенс, контрадикция

**Ұғым** – зат немесе құбылыстар арасындағы қатынастар мен олардың қасиеттерінің өзара байланысына қатысты санада жинақталған тұтас ойдың көрінісі. Бірнеше зат немесе құбылыстарға тән ортақ белгілерді ерекшеліктеріне қарай жинақтайтын, жалпылайтын ойлар жүйесі. Ұғымның дерексіздігі қабылдау нақтылығына қарама-қайшы келуі мүмкін. Сондай-ақ ұғым таңба мәніндегі нақтылыққа да қарама-қайшы болуы мүмкін. Себебі ұғымға абстрактілік тән.

Ұғымның мазмұны – ұғынылатын атаудың түрлі қасиеттеріне қарай, әртүрлі қызметіне орай, сан алуан мағынада қолданылу жүйесіне қарай орындалатын функциялары ескеріліп жинақталып берілетін ортақ түйін түсінік. Мысалы, табиғатқа қандай ұғым беруге болады? Табиғат - бізді қоршаған бар тіршілік, бүкіл әлемнің сансыз көп формаларын қамтитын әр алуандығымен, үйлесімділігімен, көркемдігімен ерекшеленетін жаратылыс дүниесі, адамның өмірлік және танымдық эстетикалық ғибраттану ортасы.

Осылайша ұғым жасау үшін философиялық ойлау әрекеті қажет етіледі. Мәселен, «табиғат – бұл таза ауа, ауа-райы, жан-жануар, өсімдік, тірі ағза, өзен, көл, топырақ, тау, тас» деп түрлі ассоциация немесе стереотипті түсініктер беруге де болады. Ал ұғым ретінде танытқанда табиғатқа қатысты барлық қасиеттер мен белгілер түгелдей қамтылуы тиіс.

Ұғымның ауқымы мен мазмұны болады. Ұғымның мазмұны танылатын ұғымға қатысты белгілер мен қасиеттердің, ерекшеліктердің топтық (кластық) жиынтығынан құралады. Мысалы, таудың екі белгісі арқылы оның мазмұнын беруге болады, біріншіден, жаратылысы: жер бетінің жазықтардан оқшау көтеріліп жатқан қатпарлы бөлігі; екіншіден, құрылысы: таулардың шыңы, басы, етегі, жоны, беткейі. Аталған екі белгі тау атаулы ұғымдардың барлығына тән.

Ал ұғымның ауқымы танылатын дүниенің түрлері мен тектерін айқындауға негізделеді. Мысалы, ағаш ұғымының ауқымына ағаштың сан алуан түрлерін жік-жігіне ажыратып таныту арқылы ұғым көлемін нақтылауға болады. Мәселен, қатты және иілгіш ағаштар, қылқан жапырақты және жалпақ жапырақты ағаштар, киелі немесе әулие ағаштар, ұзын және қысқа ағаштар, жемісті және жеміссіз ағаштар, мәдени және жабайы ағаштар, біржылдық және көпжылдық ағаштар, отын ағаштары және бұйым жасауға арналған ағаштар, т.б. Осы аталған ағаш типтеріне жататын әрбір ағаштың түрлеріне сипаттама беру арқылы ағаш ұғымын негіздеуге қажетті нақты ортақ сипаттамаларды айқындап алуға

болады. Ондай жағдайда ұғымның көлемі емес ұғымның мазмұны анықталады. Яғни барлық ағашқа тән ортақтық: тамыры, сабағы, сүрегі, діңі, жапырағы, биіктігі болуы, көмірқышқыл газын жұтып, оттегі бөлуі, көлеңкесі болуы, адамзат үшін материалдық (тұрмыс және құрылыс заттары ретінде) және рухани (киелілік) қажеттіліктері болуы «ағаш» ұғымының мазмұнын танытуға негіз болады. Кей жағдайда ұғымның мазмұны мен көлемі бір-біріне тең келмей жатады. Мәселен, ұғымның мазмұны кең болғанымен, оның көлемі (мәнінің көлемі) тар болуы мүмкін. Өмір ұғымының мазмұны кең, бірақ оның түрлерін айқындап көрсететін көлемдік, түрлі мәндері аз болуы мүмкін. Өмір ұғымының мазмұны – тірі ағзаның пайда болғанынан бастап тіршілік етуін тоқтатқанға дейінгі қозғалысы. Ал осы ұғымның көлемін айқындайтын өмір түрлері мен тектерін жіктеп, тізбелеп көріңіз: бақытты өмір, балалық өмір, жастық өмір, кәрілік өмір. Демек, бұл ұғымның мазмұны кең де, түрге жіктелетін көлемі тар деген сөз. Олай болса, абстрактілі ұғымдар мазмұнымен кеңінен айқындалса, деректі ұғымдар көлемімен (түр-түсі, қасиеті, тектері мен түрлері, жіктеліміне қарай бөлінетін белгілері арқылы) ерекше анықталады екен.

Ұғымды көлеміне қарай *бос, жеке және жалпы* деп үшке бөліп қарауға болады. Жеке ұғымдар көлемі бір ғана белгімен (қасиет, яғни бірэлементті ерекшелігімен) танылған мәнімен айқындалады. Мысал ретінде әрбір дара тұлғаны (қазақтың ұлы ақыны – Абай Құнанбайұлы), әрбір ұлтты алуға болады (қазақ ұлты). Аталмыш ұғымдар – жеке ұғымдар деп саналады.

Ал жалпы ұғымдар көлемі бірнеше белгі-қасиеттерімен танылатын, бірнеше кластарға, топтарға, тектерге жіктелетін мәнімен нақтыланады. Мысалы, «жануар», «химиялық элемент». Бос ұғымдар көлемі шексіз бос (мәнсіз) ұғымдар негізінде жасалады. Бос ұғымдарға негізінен бейнелі қолданыстар жатады. Мысалы, «көзсіз бұлақ», «мәңгілік өмір», «аппақ түн» (қазақ танымында айлы түн болуы мүмкін, бірақ аппақ түн болмайды).

Тілдегі сөздердің (концептілердің) уәжділігі атаудың номинативтік белгілеріне қатысты болады. Адам баласы дүниедегі заттар мен құбылыстарды фразеологиялық тұрғыдан атау үшін олардың белгілі бір қасиеттері мен сыртқы ерекшеліктері санасында суреттеліп образды түрде жасалады [1, 29].

Мазмұны жағынан ұғымдар бірнеше топқа жіктеледі: оң және теріс ұғымдар; қатысты және қатыссыз ұғымдар; жинақтаушы және тармақтаушы ұғымдар; деректі және дерексіз ұғымдар; эмпирикалық және теориялық ұғымдар.

1. *Оң (дұрыс) ұғымдар* заттың белгілі бір белгісінің (қасиеті, ерекшелігінің) болуын таңбалау арқылы айқындалады. Мысалы, мейірімді адам. Ал теріс ұғымдар белгілі бір затта не құбылыста сол қасиеттің болмауын нақтылау арқылы анықталады. Мысалы, мейірімсіз адам. Демек, қасиетті-қасиетсіз, рақымды-рақымсыз, сауатты-сауатсыз, сол сияқты мәдени-беймәдени, әдеби-бейәдеби секілді ұғымдар оң және теріс ұғым категорияларын құрайды. Егер -сіз, бей- аффикстері мен префикстерінсіз жасалған теріс ұғымдар туындаса, мысалы, мейірімсіз ұғымының орнына жауыз, қатал синонимдерін қойсақ, ондай жағдайда теріс ұғым ретінде танылмай қалады. Себебі соңғы аталған (жауыз, қатал) ұғымдарының өзі жеке ұғымдық категориясы бар оң ұғым ретінде айқындала алады.

2. *Қатыстық ұғымдар* дегеніміз – айналасында міндетті түрде сол ұғымның мазмұнын ашу үшін қолданылатын ұғым-атаулардың болуын талап ететін ұғымдар категориясы. Мысалы, басшы – орындаушы, қызметкер, жұмысшы, мекеме, т.б. Оқушы – оқытушы, мұғалім, репетитор, мектеп, сабақ, т.б. *Қатыссыз ұғымдар* дара қолданыста да тәуелсіз мазмұн, мағынаға ие бола алатын, қатысты ұғымдарды қажет етпейтін ұғымдар категориясы деп саналады. Мысалы, адам, жер, махаббат, өмір.

3. *Жинақтаушы ұғымдар* қатарына біртекті заттар мен құбылыстардың жинақталған атауын тұтас күйінде білдіру мақсатында қолданылатын ұғымдар жатады. Мысалы, үйір, отар, орман. *Тармақтаушы ұғымдар* топ, жиынтық, жинақ бола алатын ұғымдардың құрамындағы атауларды жеке, дара танытылуына негізделеді. Мысалы, жұлдыз-тармақтаушы (шоқжұлдыз-жинақтаушы ұғымы), қой-тармақтаушы (отар-жинақтаушы ұғымы), жылқы-тармақтаушы (үйір-жинақтаушы ұғымы).

4. *Деректі (нақты) ұғымдар* тек заттың өзін немесе оның топтық, тектік, кластық жіктелімін танытады. Демек, көзбен көріп, қолмен ұстауға келетін дүниелердің болмысын ұғындырады. Ал абстрактілі (дерексіз ұғымдар) заттың не құбылыстың қасиетін, ерекшелігін, өзара қатынастарын айқындайды.

5. *Эмпирикалық ұғымдар* бақыланатын нысандар мен олардың қасиеттері туралы ұғымдар. Ал *теориялық ұғымдар* бақыланбайтын нысандар мен құбылыстар туралы ұғымдар [2]. Егер эмпирикалық ұғымдар көзбен көріп, қолмен ұстауға келетін нысандардың жалпы қасиеттерін салыстыру арқылы анықталады. Ал теориялық ұғымдар зерттелінетін нысан не құбылыс туралы

бұған дейінгі анықталған тұжырымдар, формулалар, анықтамаларға сүйену арқылы айқындалады. Кез келген материалдық заттың атаулық болмысы нақты эмпирикалық ұғым болып саналады. Ал оның тікелей бақыланатын, зерттелетін қасиеттері абстрактілі (дерексіз) эмпирикалық ұғымдары болып табылады.

А.Долгополовтың тұжырымдамасы бойынша жалпы ұғымды екі топқа жіктеуге болады: 1) Қоғамдық ұғымдар – әлеуметтік ортадағы әлеумет пікірі арқылы реттеліп отыратын ұғымдар. 2) Адамзат-тық ұғымдар – кез келген жеке адамның (тұлғаның) өз пайымдауы бойынша анықталатын ұғымдар [3].

XVIII ғасырдағы орыс философиялық сөздігінде (Антиох Кантемир мен Григорий Теплов) ұғым термині «идея» мағынасымен синонимдес түсіндірілген. И.Канттың зерттеуінде, ұғым термині «жалпы түсінік» мәнінде ұғындырылған. И.Канттың берген анықтамасы бойынша: «Ұғым – бұл бірқатар заттар мен құбылыстарға ортақ жалпы түсініктер, осыған орай бұл түсініктер әртүрлі нысандардың бойындағы ұқсас мәндерді жинақтауға негіз болады» [4]. Гегельдің анықтамасы бойынша, ұғым – кез келген жалпылама көріністің мәні бола алмайды, яғни кез келген біртекті нысандарға меңзей қарауға болмайды, ұғым ең алдымен зат не әрекеттің өзіндік мәнін, шынайы ақиқатын ұғынудан басталады [5]. Гегельдің түсінігінше, ұғым арқылы екі заттың ұқсастығы мен айырмашылығы емес, заттың табиғи ақиқат болмысы ашылуы тиіс. Нысанның табиғи ақиқат болмысы ашылған жағдайда оның өзіндік ерекшелігі, басқаларға ұқсастығы мен айырмашылығы сол сәтте-ақ айқындала бастайды. Сондықтан, ұғым бойында зат не әрекеттің табиғи шынайы ақиқатын танытатын абстрактілі таныммен қоса, оның ерекшеліктерін айқындайтын түсініктер (представление) де қоса қызмет атқарады. Демек, ұғым формасы жалпылама диалектикалық тұтастыққа негізделген және ол сан алуан ерекшеліктер, қасиеттер, белгілер арқылы ашылып, таралатын *пайымдау, ой қорыту формаларымен* толығып отырады.

Демек, ұғымға тән критерийлер мынадай:

1. Ұғым белгілі бір зат не әрекеттің қасиеттеріне негізделу арқылы жасалады.

2. Қасиеттердің екі негізгі топтары болады: ішкі және сыртқы. Сыртқы қасиеттер тікелей, ешнәрсеге тәуелсіз анықталады, сыртқы қасиеттердің болуы ұғымның негізделуіне жол ашады, ал олардың қайдан пайда болғаны ұғым тудыруда аса маңызды емес. Ішкі қасиеттер сыртқы қасиеттердің қызметін логикалық тұрғыдан бақылау барысында қалыптасады, сондықтан ішкі қасиеттер – көзге көріне бермейді, ерекше мән бере бермейтін, терең ойлану, ұғыну кезінде түйсінілетін қасиеттер.

3. Күрделі ұғымдарды анықтауда, шешім шығаруда ішкі қасиеттердің қызметіне көбірек жүгінеді. Себебі бірнеше салыстырмалы қасиеттерге талдау жасау арқылы оңтайлы шешімге қай операция лайық келетінін таңдауда ішкі қасиеттердің маңыздылығы, қызметтілігі жоғары мәнге ие болады.

4. Дәстүрлі түсінік бойынша, ұғым дегеніміз – бұл сыртқы қасиеттерден туындаған логикалық байланымдардың (конъюнкция) нәтижесінде қалыптасатын ішкі қасиеттердің ерекше көрінісі.

5. Кез келген сыртқы қасиетті ұғымның логикалық терістелуі ретінде қарастыруға болады. Ал ішкі қасиеттер нақты шешімге негізделеді.


Психологиялық зерттеулерге сүйенсек, ұғым тұрақты, өзгермейтін болмыс болып саналады. Сондай-ақ ұғымның қалыптасуы адамның жас ерекшелігіне де қатаң тәуелді болмайды. Дегенмен, ұғым санада біртіндеп қалыптасады. Солай бола тұрса да бала танымында ұғым қалыптаспаған деп қателесуге де болмайды. Себебі балалар санасындағы ұғым ересектер санасындағы шынайы ақиқат ұғымнан өзгеше. Сондықтан адамның жас ерекшелігіне қарай ұғымдардың түрленіп отыратын жағдайлары кездеседі.

*Алғашқы ұғымдар (предпонятие)* – толықпаған ұғым, яғни Ж.Пиаже зерттеуі бойынша түсіндіретін болсақ, балалардың (2-7жас) когнитивтік даму операциясы алдындағы кезеңі. Алғашқы ұғымдар нақты және бейнелі болады, бұл ұғымдар жеке нысанға да, зат не құбылыс топтамасына да қатысты болмайды, алғашқы ұғымдар тек трансдуктивті ойлау көмегімен қалыптасады, екі заттың ұқсастығы мен айырмашылығы тек шашыранды ойлау негізінде ғана жүзеге асырылады және жекеден жалпыға емес, жекеден жекеге ауысу сияқты ойлау жүйесінде көрініс табады.

Ойлау жүйесінде ұғым үйлесетін және үйлеспейтін категорияларға жіктеледі. Үйлесетін ұғымдардың жіктелімі:

*Мәні бірдейлік категориясы.* Екі ұғымның мағыналық жағынан үйлесімділігі лингвистика ғылымында синонимдер, мағыналас сөздер, полисемиялар деп аталады. Логикалық тұрғыдан бірдей мәнді категориялар мынадай түсіндіріледі: екі атаудың мәні бірдей, себебі олардың көлемі өзара сәйкес келеді. Яғни ұғым көлемі  $S=P$  ұғым көлеміне. Демек, мәні бірдей атаулар бір текті заттар қатарына жатады, бірақ олар әртүрлі тәсілдермен сипатталады. Мысалы, үй, там, ғимарат, пәтер, баспана, т.б.

*Қиылысу категориясы.* Екі атаудың ұғымдық көлемі ұқсас, бірақ олар бірінің орнына бірі мағыналық жағынан жұмсалмайды. Мысалы,



немесе

Яғни жалпылама ұғымдары ортақ, бірақ жеке қолданыста бірінің ұғымын екіншісі толықтыра алмайды.

*Бағыныштылық категориясы.* Бір ұғымның көлемі екінші ұғымның көлеміне енеді, яғни соның бір бөлшегі ретінде қабылданады. Мысалы «үшбұрыш» ұғымы мен «тікбұрышты үшбұрыш» ұғымы бағынышты ұғымдар. Яғни «тікбұрышты үшбұрыш» «үшбұрыш» ұғымына бағынышты. Себебі кез келген тікбұрышты үшбұрыш әрқашан үшбұрыштар қатарына жатады. Бірақ кез келген үшбұрыш тікбұрышты үшбұрыш бола бермейді. Бағыныштылықты осыдан байқауға болады. Егер бағынышты ұғымдардың жалпылама ортақ атауы болса, онда басыңқы атау – тегі, ал бағынышты атау – түрі болып саналады. Мысалы, төртбұрыш – тегі, шаршы, ромб – түрлері.

*Қарама-қарсылық (жоққа шығару) категориясы.* Ұғым мәндері бірін-бірі толықтай жоққа шығаруға негізделеді. Ұғым болмысында қарама-қарсылықтың екі түрі болады:

1. Жоққа шығаратын екі ұғым мәндері бірін-бірі әмбебап мазмұнға дейін толықтырады. Мысалы, жұп және тақ сандар.

2. Жоққа шығаратын мәндер ұғым мазмұнының бір бөлігін ғана құрайды. Мысалы, ақ пен қара. Түр-түстердің басқа түрлері бұлайша бірін-бірі түбегейлі жоққа шығара алмайды.

*Үйлеспейтін ұғымдар* – бұл мәндері сәйкес келмейтін ұғымдар. Яғни бұл ұғымдардың бойында ортақ мәнділікті біріктіретін белгілер мен қасиеттер жоқ деген сөз. Үйлеспейтін ұғымдардың қатынасын былайша талпа көрсетуге болады:

1. *Жарыса бағынатын қатынастар* (координация) – өзара қиылысатын бірнеше ұғымдардың жалпы атауға бағынуы. Мысалы, А – ағаш, Ә – емен, Б – қайың, В – қарағай, Г – терек, Ғ – шырша, Д – үйеңкі, т.б. Бұл жерде А – аталған бірнеше ұғымдарды бағындырушы жалпы басыңқы атау болып тұр. Бірақ Ә,Б,В,Г,Ғ,Д ұғымдарының арасында ешқандай үйлесімділік жоқ, олар тек басыңқы ұғымға жарыса бағынатын қатынаста ғана ортақтық таба алады. Ал жекелей алғанда терек шыршаға, үйеңкі қайыңға немесе қарағай еменге үйлеспейтіні белгілі.

2. *Қарама-қайшы (кереғарлық) қатынастар* – бір ұғым мәнінде екінші ұғымды толықтай жоққа шығаратын қарсы белгілердің болуы. Бір ұғымның бойындағы жиынтық мәндер келесі бір ұғымның бір ғана мәндік бөлшегін құрауы мүмкін. Сондықтан қарама-қарсы ұғымдардың мәндік жиынтығы кереғар ұғымды тудыруға нұқсан келтірмейді. Мысалы, биік-аласа. Үздік оқушы-екі алғыш оқушы. Осы ұғымдар арасында жақсы-нашар, орташа сияқты жиынтық мәндер бар. Бірақ олар қарама-қайшы қатынасты тудыра алмайды. Қарама-қайшылық қалыптасуы үшін мәндері өзара жоққа шығаратын шеткі мағыналар таңдалып алынуы тиіс.

3. *Қарсылық қатынасы (контрадикция)* – бір ұғымның бойында екінші бір ұғымды терістейтін, мойындамайтын белгілерінің болуы. Қарсылық қатынастарында оң ұғымдар да, теріс ұғымдар да болады. Мысалы, жаман, жаман емес; ақ, ақ емес;

Ұғымды анықтау – бұл оның мазмұнын ашу. Мазмұн – бұл бір ұғымның құрамындағы қасиеттер мен белгілердің жиынтығы. Демек, ұғымды анықтау дегеніміз аталмыш ұғымға тән белгілерді нұсқау. Ұғымның бір түрі – дефиниция. Дефиниция – бұл анықтама, яғни ұғымның мазмұнын

ашатын логикалық операция. Мазмұны ашылуға тиісті, анықталатын ұғымдар *дефиниендум* деп аталады. Ал анықталатын зат не құбылыстың мазмұнын ашатын ұғымды *дефиниенс* деп атайды.

Мағынаны түйсіну, ұғыну әрекеті баланың (адамның) жас ерекшелігіне қарай ұғымның жүйелену, яғни жүйелілік әрекетіне байланысты қалыптасады. Демек, мағына мен форма арасындағы логикалық қатынастардың пайда болуынан бастап туындайды. Олай болса, тұрмыстық ұғымдардың ғылыми ұғымнан басты айырмашылығы логикалық пайымдау оқу үдерісінде жүзеге асырылатын болғандықтан, заттың табиғи болмысын танып білу адамзаттың өз мүмкіндігіне, өз бетінше пікір, ойқорыту жасау қабілетіне байланысты болып келеді. Әрине, тұрмыстық ұғымдар ретінде танылған зат не құбылыстары ғылыми ұғымдар ретінде бірінші болып танылады. Себебі олардың сыртқы қасиеттері ертеректен таныс. Ал енді алғашқы заттар мен құбылыстардың ішкі мәні мен мағынасын ажыратып танығаннан кейін, олардың заттық категориялық жіктелімі (ұқсастығы мен айырмашылықтарына қарай, ортақтықтарына қарай кластарға, топтарға, түрлерге, типтерге жіктеу) сияқты ой үдерісі қарқынды дами бастайды. Демек, тұрмыстық ұғымдардың ғылыми ұғымға, содан кейін қайтадан тұрмыстық ұғымдарға тармақталатын жағдайына да осы ой үдерісі негіз болады.

В.Соловьевтің пікірінше, біздің сөйленісіміздің әрқайсысы нақтылыққа ие. Яғни тіл заттар мен құбылыстардың метафизикалық табиғатынан тыс адамзат танымындағы айқын нақтылықты да куәландыруға негізделеді [6]. Демек, білімнің нақты көрінісі оның анықтылығында ғана емес, сондай-ақ жалпылама ортақ мағынасының берілуінде. Мағынаны сан алуан дәйектер негізінде таратып көрсету мүмкіндігі логикалық ойлау қабілетіне тікелей тәуелді. Яғни психологиялық күйден де тыс трансцендентті жағдайда ойлау қабілеттілігі де қажет етіледі деген сөз.

Бұнымен қоса тіл анықталған нақты білімді ғана жеткізіп қоймайды, сонымен қатар логикалық ойлаулық онтологиялық негізі болып саналады. Себебі В.Соловьевтың пайымдауынша, «тіл ешбір қатынасыз, өздігінен пайда болмайды. Сөз адамның ойлау әрекетін қозғалысқа түсіретін материалдық негіз болып саналады, тілдік қатынас арқылы сөз қолданысқа түседі, осылайша нәтиже жүзеге асады» [7]. Санадағы ой сөз болып жарыққа шығар алдында жинақталған бірқатар таным-түйсіктегі ақпараттарды таратып, жинақтап, біртұтас тұрақты белгілеуші ұғым қалыптастырады. Сөз ойлау әрекетіне жалпытұтастық форма ұсынады. Бұл – адамның психикалық үдерісіндегі эмпирикалық жағдайдың еркін қызмет ететінін көрсетеді. Демек, сөз дегеніміз - логикалық ойлаудың дара көрінісі (стихиясы). Яғни логикалық ойлау сөз болмаса әрекет ете алмайды. Қорыта келгенде, тиянақты сөйлеу саналы ойлай білуден басталады. Саналы ойлау үшін философиялық түйсіну және логикалық талдау жасау қабілеттері толыққанды даму қажет.

Ойлау әрекеті ақиқат дүниені логикалық формада, ұғым ретінде, пайымдау ретінде, ойқорыту ретінде бейнелеу үшін қызмет етеді. Логикалық ойлау формалары жалпылау, абстракциялау (декерсіздендіру), талдау, жинақтау, салыстыру, теңестіру сияқты логикалық әрекеттер базасында қалыптасады. Осылайша, логикалық ойлау жүйесі ақиқат танымға қарай сатылай дами бастайды. Жалпы алғанда логика адамның танымдық әрекетінің тұтас қызмет етуін қамтамасыз етеді және сезім мен зердесінің біртұтастықта болуына септігін тигізеді, сондай-ақ сезімдік тәжірибесі арқылы жиналған ақпараттарды жүйелі түрде жалпылап, ойқорыту қызметін арттыруға негіз болады. Логикалық ойлау қалыпты адамның сөйлеген сөзі де жүйелі сапалы болары сөзсіз.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1 Жиренов С.А. Қазақ тіліндегі фразеологизмдердің тілтанымдық сипаты // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы «Филология ғылымдары» сериясы, 2016. – №1(55). – Б.27-30.

2 Рузавин Г.И. Методы анализа и построения научных теорий. <http://www.childpsy.ru/lib/articles/id/9577.php>. 11.08.2017.

3 Долгополов И.А. Структура бытия и структура экзистенции // Парадигма: очерки философии и теории культуры. Под редакцией проф. М.С. Уварова. – СПб.: изд-во «Барс», 2005. Вып.3. – 159 с.

4 Иммануил Кант. Лекции о философском учении о религии / И.Кант; пер. с нем. Л.Э. Крыштон. – М.: Канон+, 2016. – 384 с.

5 Гегель. Наука логики. – СПб.: Наука, 1997. (Слово о сущем). Переиздана в 2005. <http://uchebilka.ru/filosofiya/9120/index.html>. 11.08.2017.

6 Соловьев В. Полное собрание сочинений и писем. – Т.1. – Москва, 2000. – 180 с.

7 Соловьев В.С. Достоверность разума // Соч.: В 2 т. – М., 1990. Т.1. – С.798.



А.Б. Амирбекова<sup>1</sup>  
<sup>1</sup>Институт языкознания им. А.Байтурсынова,  
г. Алматы, Казахстан

## ЯЗЫК И МЫШЛЕНИЕ: ПРОБЛЕМЫ ПОНИМАНИЯ И ПОНЯТИЯ

### Резюме

В статье рассматриваются подходы к определению понятия языкового значения в лингвистике. Проблема значения в его отношении к внеязыковой действительности и к другим значениям в лексико-семантической системе языка, особенности формирования понятия и его функционирования в языковом сознании индивида на сегодняшний день остаются в ряду основных проблем когнитивной семантики. В статье рассматривается разница между языковым, предметным и ролевым значениями, а также между категориями «понятие» и «смысл». В статье демонстрируется то, что исследования в области «значения» привели лингвистов к идее «непрерывности» развития «психологического» значения. Автор приходит к заключению, что логические понятие является ключевым в современной лингвистике. Сложность процесса, связанного с формированием, организацией, развитием и функционированием значения, заключается в том, что данный процесс неразрывно связан с процессом «освоения мира» индивидуумом. В статье исследуются несоответствия во взглядах философов языка и лингвистов на основные языковые проблемы. В выводах указываются различия в подходах к исследованию центрального понятия лингвистики – слова – у представителей философии языка и лингвистики.

**Ключевые слова:** понятие, значение, смысл, дефиниендум, дефиниенс, контрадикция

A.B. Amirbekova<sup>1</sup>  
<sup>1</sup>The Institute of Linguistics named after A.Baitursynov,  
Almaty, Kazakhstan

## LANGUAGE AND THINKING: PROBLEMS OF UNDERSTANDING AND CONCEPTS

### Summary

The article considers approaches to define the concept of “meaning” in linguistics. The problem of “meaning” in its relation to extra-linguistic reality and other meanings in the lexical-semantic system of language, especially the formation of meaning and its functioning in the linguistic consciousness of the individual today are among the main problems of cognitive semantics. The article discusses the difference between language, subject and role meanings, as well as between the terms of “value” and “meaning”. The article demonstrates that research on-field “value” of linguists led to the idea of “continuity” of the “psychological” value. The author comes to the conclusion that the definition of “meaning” is the key concepts in modern linguistics. The complexity of the process associated with the formation, organization, development and functioning of the meaning is based on the fact that this process is inextricably linked with the process of “development of the world” by the individual.

**Keywords:** concept, value, meaning, definiendum, definition, counterdiction

FTAXP17.07.51

А.Т. Арзиева<sup>1</sup>, Р.У. Арзиев<sup>2</sup>

<sup>1</sup>«Өрлеу» БАҰО» АҚ Филиалы Алматы қаласы бойынша педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты,  
Алматы қ., Қазақстан

<sup>2</sup>«Өрлеу» БАҰО» АҚ Филиалы Алматы облысы бойынша педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты,  
Алматы қ., Қазақстан

## «ҚҰТТЫ БІЛКТЕ» ОМОНИМДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

### Аңдатпа

XI ғасырда өмір сүрген атакты ғұлама Жүсіп Баласағұнидің «Құтты білік» поэмасы – сол кездегі түркі халықтарының философиялық пікірінің ғана емес, көркем ойлауының, дүниені поэтикалық тұрғыдан түсіндірудің, қабылдауының ерекше және негізгі бір көрінісі. Мақалада тілде сирек кездесетін құбылыстардың бірі омонимдерді поэмада қолдану ерекшелігі қарастырылған. «Құтты білікте» омонимдер екі түрлі мақсатта

қолданылған: ұйқас және сөз ойыны ретінде. Арап-парсы поэтикасына тән «тәжніс» деп аталатын стилистикалық фигурада омонимдер ұйқас және сөз ойыны ретінде қолданылса, түркі тілдеріне тән «түйұқ» жанрында тек ұйқас ретінде қолданылған. Тәжніс омонимдік ұйқасқа негізделген екілік, немесе бәйіт. Белгілі болғандай, поэма аруздың месневи, яғни екі ұйқастық өлең формасында (аа; бб; вв;) жазылған. Бұл форма тәжністі қолдануға қолайлы жағдай туғызған. Тәжніс арап-парсы поэтикасында ең негізгі стилистикалық фигура есептелген. Поэмада омонимдердің ұйқас ретінде қолданылуы көп кездеседі.

**Түйін сөздер:** «Құтты білік» поэмасы, түркі халықтарының философиялық пікірі, поэтикалық тұрғыдан, тілде, тәжніс, құбылыстар, омоним, ұйқас, сөз ойыны, стилистикалық фигура, жанр

Тіл білімінде омонимдер туралы екі түрлі көз қарас бар. Бірінші, яғни дәстүрлі көзқарас бойынша, омонимдер қатарына тек фонетикалық жағынан ұқсас, бірақ генетикалық жағынан бір-біріне байланысы жоқ және тарихи даму үдерісінде дыбыстық ұқсастыққа ие болып қалған сөздер кіреді. Мұндай гетерогендік омонимдерге кірме сөздермен төл сөздер арасындағы кездейсоқ дыбыстық жағынан ұқсас сөздер де кіреді. Екінші көзқарас бойынша, омоним сөздер қатарына гетерогендік омонимдерден басқа, баста бір сөз болған, кейіннен оның мағыналары дамып бір-бірінен семантикалық байланысы үзіліп қалған сөздер кіреді. Мұндай омонимдер гомогендік омонимдер деп аталады. Кейінгі кездерде екінші көзқарас кеңірек қолдауға ие болып жатыр.

Жүсіп Баласағұндың «Құтты білік» поэмасы поэтикалық шығарма болғандықтан, біз тек мәтіндегі мақсатты түрде қолданылған омонимдерді қарастыруды дұрыс көрдік.

Омонимдер тілде сирек кездесетін құбылыс болғандықтан, оларды көркем шығармада қолдану үлкен шеберлікті талап етеді.

Көркем әдебиетте сөз ойындары (каламбур), арап-парсы поэтикасына тән «тәжніс» деп аталатын стилистикалық фигура, түркі тілдеріне тән «түйұқ» жанры омоним сөздерді мақсатты түрде қолдануға негізделген. Тәжніс пен «түйұқ»та омонимдер ұйқас ретінде қолданылады. «Құтты білікте» тәжніс көп қолданылған. Тәжніс омонимдік ұйқасқа негізделген екілік, немесе бәйіт. Белгілі болғандай, поэма аруздың месневи, яғни екі ұйқастық өлең формасында (аа; бб; вв;) жазылған. Бұл форма тәжністі қолдануға қолайлы жағдай туғызған. Тәжніс арап-парсы поэтикасында ең негізгі стилистикалық фигура есептелген. Ол туралы Рашид әд-дин Ватват және Мусулманқұловтар еңбектерінде жанжақты сөз болады. Алишер Наваи өзінің «Муһакамәтул лұғәтәйн» атты түркі және парсы тілдерін салыстырып талдайтын кітабында тәжністі қолдануға түркі тілдері парсы тілінен қарағанда бейімдеу екендігін және олардың шығарманың көркемдігін арттырады деген пікір айтады [1, 246].

Ұйқас омоним сөздер арқылы келгенде, олар оқушының зейінін бірден өзіне тартады, өлеңнің экспрессив қасиетін артырады. Мысал үшін, «Құтты біліктегі» ал «қулық» – ал «алқызыл түс» – ал «алу» омоним сөздеріне негізделген бәйіттерді келтіріп көрейік:

2356 Әң ашнұ яғықа кәрәк һилә ал,  
Бұ һилә билә қыл яғы мәңзі ал.  
(Ең алдымен жауға керек айла, ал (қулық),  
Бұл айламен қыл жаудың меңзін ал (алқызыл).

4445 Нәгү қолса бәргіл, кәрәк болса, ал,  
Көні көрдүм ұшбұ күтү билмез ал.  
(Не сұраса бер, керек болса, ал,  
Дұрыс көрдім осы еш білмейтін ал (айла).

«Әліг» сөзіне де да арнайы тоқталып өткен артық болмайды. Бұл сөздің «Құтты білікте» бес омонимі кездеседі: 1. Әліг – «патша». 2. Әліг – «елу». 3. Табыс септік қосымшасымен келген сөздер: әліг «қолын» – әліг «елді» – әліг «күш-қуаты». Оларды Жүсіп төмендегідей қолданған:

368 Отуз йығмышын яндрү алды әліг,  
Нәгү қылғай алтмыш тәгүрсә әліг.  
(Отыз жинағанын қайтарып алды, әліг (елу),  
Не істейін алпыс тигізсе әліг (қолын).

1796 Янут бәрді Өгдүлміш айды әліг,  
Үзүн кәч яшасу бұ үстәң әліг.  
(Жауап берді Өгдүлміш, айтты: Әліг (патша),  
Ұзақ, кеш жасасын бұл үстәң әліг (жомарт).

2139 Қылыч бірлө бәгләр ұзатұр әліг,  
Қылычсыз ұсал бәг басұмаз әліг.  
(Қылыш пен бектер ұзатады әліг (қолын),  
Қылышсыз осал бек, баса алмайды әліг (елді).  
3040 Ақылық білә бәкләгү ол әліг,  
Ақылық білә бәг бәдүр ай әліг.  
(Жомарттық пен бекітеді ол әліг (елді),  
Жомарттық пен бек байиды, ей әліг (патша).

5476 Нәлүк болды ажыз өзүң ай әліг,  
Қамұғ әдгү қылғұ күчүң бар әліг.  
(Неге болдың әлсіз өзін, ей, әліг (патша),  
Барлық ізгілік жасауға күшін бар, әліг (әлің).

Жалпы, «әліг» сөзінің жоғарыда қаралған омонимдерінің тәжністе ұйқас болып келуі көп кездеседі. Бұлардың арасында әліг «қол» фразеологиялық тіркестерде келгендіктен, метафоралық мағынада қолданылады: ұзатұр әліг (кейде сұнғұ әліг) «қолын созу», яғни әсер күшін, билігін кеңейту; әліг бәрді «қолын берді», яғни көмектесті; үстәң әліг «үстіңгі қол», яғни жомарт; көтүрсү әліг «қолын көтеру», яғни үмітін үзу; тәгүрмә әліг «қолын тигізбеу», яғни ұрыспау, тиіспеу. Жоғарыда мысалға келтірілген тәжністер «тәжніс-и тамм» (толық тәжніс) деп аталады [2, 226]. Себебі ол омонимдер толық дыбыстық ұқсастыққа ие. Арап-парсы поэтикасында тәжністегі ұйқастың бірі күрделі сөздерден тұратын «тәжніс-и мурәккәб» деп аталатын түрі де бар. Мұндай тәжніс «Құтты білікте» аз қолданылған:

2221 Сақыш сақлықын болды аты сақыш,  
Көрү барса сақыш әді өк сақ іш.

(Сақыш (математика) сақтығынан болды аты – сақыш (математика),  
Қарап көрсең, сақыш (математика) еді өте сақ ыш (сақ іс).

Бұл бәйітте Жүсіп тәжністі қолданудан басқа, сөздің келіп шығуын сөз ойыны ретінде берген. Тәжніс-и мурәккәб 165 бәйіте де кездеседі:

165 Тілін әмгәміш әр нәгү тәр әшіт,  
Бұ сөз ішкә тұтғыл өзүңә әш әт.  
(Тілінен азап көрген ер не дейді, әшіт (тыңда),  
Бұл сөзді іске тұт, өзіңе әш әт (дос ет).

«Құтты білікте» омонимдерге негізделген сөз ойындары да қолданылған.

4246 Бұ бәгләр әві аты қаршы тұрұр,  
Бұ қаршы ічіндәкі қаршы тұрұр.  
(Бұл бектер үйінің аты қаршы (сарай),  
Бұл қаршы (сарай) ішіндегілер қаршы (қарсы) (бір-біріне).

Бұл бәйітте «қаршы» сөзінің екі омонимін (орда, сарай мағынасындағы «қаршы» сөзі мен қарама-қарсы мағынасындағы «қаршы») сөз ойыны ретінде қолдану арқылы, Жүсіп сол қоғамдағы бектердің арасындағы қарама-қарсылықтарды, таусылмайтын тақ үшін күрестерді көрсетеді [3, 616].

«Құтты білікте» «қара» сөзінің «қара түс» және «қарапайым халық, бұқара» мағыналарын білдіретін омонимдерін де екі бәйітте сөз ойыны ретінде қолданылған [4, 1370].

4323 Қара қылқы барча болур қап қара,  
Қара қылма өзні күдәзгү тұра.  
(Қара (халық) қылығы барлығы болады қап қара,  
Қара қылма өзіңді, күзет дұрыс).

986 Қара қылқы тәңсіз ява сөзләгән,  
Ява сөз тұрұр бұ қара баш йәгән.  
(Қара (халық) қылығы нашар, босқа сөйлеген,  
Бос сөз бұл қара басты жеген).

564 Бұ мұндағ кішіләр болұр әді қыз,  
Бұ қыз қызлығы қыз аты қылды қыз.  
(Мұнай кісілер болады қыз (аз, сирек),  
Бұл қыздың қызлығы (сиректігі, аздығы) қыз атын қылды қыз.

3372 Нәгү тәр әшітгіл кіші өдрүмі,  
Ұрұғ кәсмәгүкә кіші ол әмі.  
(Не дейді тыңда, кіші (кісі) жақсысы,  
Ұрық кеспеуге кіші (әйел) емі).

330 Болұр өтрү ішлер пүтүн һәм пышығ,  
Білікліг кішіләр пышығ йәр ашығ.  
(Болады барлық істер бүтүн және пышығ (піскен),  
Білімді кісілер пышығ (пісіріп) жейді асты).  
«Құтты білікте» тек бір рет қана түйүк қолданылған [5, 135-147].  
1993 Қаю әрдә болса, ұқұш бірлә өг,  
Аны әр атағыл, нәчә өгсә өг.  
1994 Ұқұш өг білік кімді болса, түгәл,  
Явуз әрсә, кәд тә, кічиг әрсә өг.  
(Қай ерде болса, ақыл мен өг (парасат, ақыл),  
Оны ер деп ата, қанша мақтасаң өг (мақта).  
Ақыл, парасат, білім кімде болса түгел,  
Жаман болса, ... кіші болса өг (үлкен).

Бұл түйүк туралы атақты түркітанушы А.Н. Самойлович былай деп жазады: «Стихи 23-24 дают крайне редкий в «Кутадгу билик» случай полной игры рифм в четверостишии, напоминающем «туюги» чагатайских поэтов Лютфи, Наваи, Бабура. В этом четверостишии рифмующим словом трижды является «өг» в трех разных значениях, из коих два первых общеизвестны: «ум» и «хвала», а третье впервые дается Махмудом Кашгарским «өг» значит, в третьих взрослых» [6, 17].

Егер тәжніс арап-парсы поэтикасына тән болса, түйүк түркі поэтикасына тән жанр. Ол туралы Наваи да жоғарыда аталған еңбегінде айтып өтеді. Түркі поэтикасын жан-жақты зерттеген И.В. Стеблева түйүк келіп шығуы және оның формасы мен мазмұнының байланысы туралы екі үлкен мақала жазған [7, 45-58].

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

- 1 Алишер Навоий. Танланган асарлар. – 3 т. – Тошкент, 1948. – 246 б.
- 2 Арзиев Р. «Кутадгу билик» вә униң лексика-стилистикалық алаһидиликлири. – Алматы, 1996. – 226 б.
- 3 Баласағұн Жүсіп. Құтты білік /Көне түркі тілінен аударған және алғы сөзі мен түсініктерін жазған А.Егеубаев/. – Алматы, 1986. – 616 б.
- 4 Йүсүп Хас Һажип. Кутадгу билик. – Бейжин, 1984. – 1370 б.
- 5 Кутадгу билиг. 1. Метин. Арат Р.Р. 3. Баскы. – Анкара, 1991. – 656 с.
- 6 Самойлович А.Н. Из поправок к изданию и переводу «Кутадгу билик» // ДАН СССР-В, 1924.
- 7 Стеблева И.В. О происхождении жанра туюг // Тюркологический сборник. – М.: Наука, 1970. – С.135-147.

*А.Т. Арзиева<sup>1</sup>, Р.У. Арзиев<sup>2</sup>*

<sup>1</sup>*Институт повышения квалификации педагогических работников по г. Алматы  
ФАО «НЦПК«Өрлеу»*

<sup>2</sup>*Институт повышения квалификации педагогических работников по Алматинской области  
ФАО «НЦПК«Өрлеу»*

## **ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ОМОНИМОВ В «КУТАДГУ БИЛИК»**

*Резюме*

Поэма «Кутадгу билик (Благодатное знание)» великого просветителя Юсуфа Баласагунского, жившего в XI веке, представляет собой не только философские взгляды тюркских народов того времени, в этом произведении

раскрываются примеры художественного осмысления и восприятие мира с точки зрения поэтического понимания. В статье рассматриваются особенности применения омонимов, редко встречающиеся в языке. В «Кутадгу билик» омонимы употребляются в двух значениях: как само понятие и как игра слов. Если присуще поэтике арабо-фарси стилистической фигуре «тәжніс», омонимы рассматриваются как само понятие и как игра слов, то присуще тюркским языкам «түйүк» рассматриваются только как само понятие. В поэме использование омонимов как само понятие встречается больше.

**Ключевые слова:** поэма «Кутадгу билик», тюркские народы, философские взгляды, с точки зрения поэтики, в языке, редко встречающиеся, явление, омонимы, игра слов, стилистические фигуры, жанр

*A.T. Arziyeva<sup>1</sup>, R.U. Arziyev<sup>2</sup>*

*<sup>1</sup>Institute of proffes increases qualifications pedagogical workers Almaty branch of JSC NCPD «Orley»*

*<sup>2</sup>Institute of proffes increases qualifications pedagogical workers Almaty region branch on the area of JSC NCPD «Orley»*

## THE USE OF HOMONYMS “KUTTI BILIK”

### *Summary*

The most famous poet of the 11th century J. Balasagun's poem “Kutti bilik” is not only view of philosophical point of the Turkish people but also is a view of their thinking, explaining and accessing the world in the point of poetics. One of the phenomenon that is rarely used everyday language the use of homonyms in a poem is given in the article. The homonyms that are given in “Kutti bilik” have two targets: similarity and word game. The homonyms of stylistics form that is called “tazhnis” correspond to arab-persian poetics and they are used in the form of similarity and game word, they are used only as similarities but in the Turkish language in genre of “tuik”. The use of homonyms in the form of similarities is frequently come across in a poem.

**Keywords:** the poem “Kutti bilik”, the Turkish people, philosophical point, in the point of poetics, frequently used, in a language homonyms, game word, stylistic form and genre

*FTAXP 16.21.07*

*H.C. Әміржанова<sup>1</sup>, С.Ж. Үркінбаев<sup>2</sup>*

*<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,  
Алматы қ. Қазақстан*

*<sup>2</sup>А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты,  
Алматы қ. Қазақстан*

## ЭКОЛИНГВИСТИКАНЫҢ НЕГІЗГІ АСПЕКТІЛЕРІ

### *Аңдатпа*

Мақалада эколингвистиканың аспектілері талданады. Лингвоэкологияның орталық нысаны – тілдің ортамен өзара әрекеті деп санауға болады. Экология биологиялық тұрғыдан көптеген ішкі топтарға ие болса, ал лингвоэкологияда тек үш түрлі аспекті туралы ғана айтуға болады. Атап айтқанда, бірінші аспект – дәстүрлі, тіл мәдениетімен, стилистикамен, риторикамен байланысты болады да, сөйлеу дұрыстығы, айқындығы, қисындылығы, мәнерлілігі және басқа да коммуникативтік қасиеттердің бұзылуына қатысты зерттеулерді қамтиды. Тіл экологиясының екінші аспектісі – интерлингвалдық. Бұл жеке этнос тілінің тіршілік ортасы ретіндегі көптілділікпен және тілдердің жойылып кету мәселесімен, демек Жер бетіндегі лингвистикалық алуантүрліліктің төмендеуімен де байланысты болатын аспект. Лингвоэкологияның үшінші аспектісін транслингвалдық деп те атауға болады. Ол бір тілдің, бір мәдениеттің бірліктерін, құралдарын, реалийлерін өзге мәдениетке тән екінші бір тілдің аясында және соның құралдары арқылы қолдануға байланысты. Бұл аспектінің қолданылатын жері – көркем әдебиет, фольклор, публицистика.

**Түйін сөздер:** лингвоэкология, тілдік орта, тіл экологиясы, экология, тіл тазалығы, тіл

Соңғы онжылдықта филологияда «лингвоэкология» немесе «лингвистикалық экология» термин-ұғымы белсенді түрде зерттелуде, бұл ұғымды алғаш рет 1970 жылы Э.Хауген «Тіл экологиясы» деп аталатын дәрісінде қолданған болатын [1]. Аталмыш мәселенің қойылуындағы жаңалық тіл мен

ортаның өзара әрекетімен анықталады. Бұл ұғымға, мәселен Б.Н. Головиннің еңбектерінде [2] атап көрсетілгендей, тіл мәдениетіне қатысты барлық құрамдастардың әлсіреу немесе нашарлау үрдістерін зерттеу нәтижелері жинақталған. Жаңа лингвистикалық пәннің қалыптасуына В.А. Звегинцев биосферамен тығыз байланысты психосфера ұғымы арқылы айтарлықтай үлес қосты. Егер «биосфера адамның жалпы тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін орта түзетін болса, ал психосфера адамның психикалық, интеллектуалдық, рухани өмірі өтетін аса қажетті орта болып табылады... Адам бірегей жанды организм ретінде өзінің құрылысы жағынан биосфераға да, психосфераға да тең дәрежеде бағытталған» [3, 159-160]. Ал тілде психосфера мейлінше жан-жақты көрініс табады. Бұл тілдің бейнелі әрі мәнерлі көрсете білу қабілетімен, адамның санасымен қол жеткізілген барлық нәрсені өзінде қамтитын қоғамдық сананы сыйғыза алатын тілдің қызметімен байланысты, өйткені «тек осыншама білімдер қазынасын игеру ғана адамның қоғамдық тіршілігін қамтамасыз ете алса керек» [3, 55]. Ары қарай «адам өзі үшін тіл формасында өзі тудыратын психосферадан үзілді-кесілді ажырауы мүмкін еместігі» атап көрсетіледі [3, 163]. Мақсатты бағытталған адам әрекетінің барлық түрі тілдің қатысуымен немесе тіл арқылы іске асады. Психосфера биосфера тәрізді адам бойынан тарайтын күштердің әсерімен өзгеріп отырады.

Қазақ тіл білімінде *экология, лингвоэкология, тіл экологиясы, тілтанымдық экология, тіл саламаттығы* терминдері Н.Уәлидің зерттеулерінде, *лингвоцид* Ә.Жүнісбектің мақаларында қолданылған. Қазақ тілтанымында тіл экологиясының қарастыратын мәселелері негізінен тілдік орта, тілдік тұлға, тіл басқыншылығы, сөз манипуляциясы, сөздің девальвацияға, эрозияға ұшырауы т.б. ұғымдармен байланысты қолданылады. Лингвоэкология (тілтанымдық экология) білімінің бір саласы ретінде қазіргі кезде кеңейе түсті. Қарастыратын негізгі объектісі:

- тілдік орта;
- тілдің саламаттылығы;
- тілдің мәдениетпен, семиосферамен байланысы;
- сөз энергетикасы, сөз энергетикасының жасампаздық күші;
- тілдің биосферамен, тірі табиғатпен байланысы;
- сөздің рухани мәнділігі;
- сөздің жеке тұлғамен, халықтың тағдыры, мінезімен байланысы т.б.

Тілтаным экологиясы сөз мәдениетіндегі мәдени дәстүрдің бұзылмауын, «қиратылмауын»; инвективалардың (тұрпайы, дөрекі мазмұндағы тыйым сөздердің) легализацияланбауын басты назарда ұстайды.

Қазақ тілінде лингвоэкология, эколлингвистика, тіл экологиясы деген арнайы зерттеулер аз болғанымен, осы бағыттағы зерттеулер жеткілікті. Олардың көпшілігі тіл мәдениеті, стилистика, этнолингвистика, лингвомәдениеттану, когнитивті лингвистика, дискурс және т.б. тіл білімі парадигмасында айтылып жүр. Таза лингвоэкология саласында Нұргелді Уәлиұлының мақаласы мен докторлық диссертациясының «Сөз мәдениетінің теориялық негіздері» атты зерттеуді жатқызуға болады. Сондай-ақ Д.Әлкебаеваның «Прагмастилистика» атты оқулығында эколлингвистикаға түсініктеме беріледі. Нұргелді Уәлиұлы: «Тіл-адамның тіршілік ортасы, белгілі бір қоғамдастықтың, ұлттық ұжымның рухани тіршілік ортасы. Қай-қайсымыз болсақ та белгілі бір тілдік ортада өмір сүреміз. Сол ортаны жұтатпай, аздырып-тоздырмай көркейту, көріктендіру, мәденилендіру сол тілдік ортадағы адамдардың рухани өсіп-жетілуіне, дамуына игі ықпалын тигізеді» [4, 11], – дей келе, тілдік ортаны сақтап қалу баршамыздың міндетіміз екенін айта отырып, бүгінгі күні лингвоэкологияның қаншалықты өзекті екенін көрсетеді. Профессор Н.Уәлиұлының «Ана тілі» газетінің 2009 жылы 26 ақпандағы санында «Тіл экологиясы» атты мақаласы жарияланды. Бұл мақалаға байланысты газет оқырмандарының сырттай конференция өткізуінің өзі тіл экологиясының өзектілігін білдіреді. Осы конференцияға қатысқан ф.ғ.д. Қ.Есенова «Бұл тақырыптың көтерілуі уақыт талабынан туындап отыр» десе, «Арыс» баспасының аға редакторы С.Қалуов «Бабаларымыз қазақ тілін бізге қалай таза күйінде қалдырса, біз де кейінгі ұрпаққа салалаы күйінде жеткізуге міндеттіміз..., тіл тазалығы үшін күрес те отан сүйгіштікті, патриоттықты қажет етеді», – деп, тіл экологиясында тілге деген сүйіспеншіліктің маңызды екенін көрсетеді. «Жұлдыз» журналының бөлім меңгерушісі З.Жұманова қаладағы жаралы жарнамаларды тілге тиек ете отырып, «Бізге де тіл тазалығы үшін сондай бір батыл қадам, тың шешім қабылдайтын кез әлдеқашан жеткен сияқты» деуі, лингвоэкологиялық мәселелерді көтеру, зерттеу керектігін нұсқайды [5, 14]. Бұл дегеніміз қазіргі кезде қазақ зиялылары үшін мемлекеттік тілдің мәселелері ғана емес, тіл экологиясы тұрғысынан тіл білімінде жаңа бағыттың пайда болуы бүгінгі күннің өзекті мәселесі.

Сонымен, лингвоэкологияның орталық нысаны – тілдің ортамен өзара әрекеті деп санауға болады – сонымен қатар бір үдеріс ретінде түсіну керек: сыртқы орта адам, социум арқылы тілге әсер етсе, ал тіл адам психосферасының орталық компоненті ретінде жалпы социумға және индивидке, белгілі бір кезеңдегі қоғамның өнегелік және руханилық деңгейіне ықпал етеді. Әйгілі латындық қанатты сөзбен айтқанда: «Саламатты қоғамда саламатты (экологиялық таза!) тіл». Басқаша айтар болсақ, қоғам өзі тіршілік етіп отырған биологиялық ортаны қорғағаны тәрізді, тілді де деструктивтік ықпалдардан сақтауға міндетті. Био және психосфераның онтологиялық параллелизмі терминологиялық және құрылымдық параллельдерге әсер етеді. Сонымен, егер экология биологиялық тұрғыдан көптеген түрлік ішкі топтарға ие болса, ал лингвоэкологияда қазіргі кезде тек үш түрлі аспекті туралы ғана айтуға болады.

Бірінші аспект – дәстүрлі, тіл мәдениетімен, стилистикамен, риторикамен байланысты болады да, сөйлеу дұрыстығы, айқындығы, қисындылығы, мәнерлілігі және басқа да коммуникативтік қасиеттердің бұзылуына қатысты зерттеулерді қамтиды. Осындай зерттеулердің нәтижелері А.П. Сковородниковтың еңбектерінде жинақталып, кеңінен өріс табады.

Тіл экологиясының екінші аспектісі – *интерлингвалдық* және жеке этнос тілінің тіршілік ортасы ретіндегі көптілділікпен және тілдердің жойылып кету мәселесімен, демек Жер бетіндегі лингвистикалық алуантүрліліктің төмендеуімен де байланысты. Әрбір табиғи адам тілі – әмбебап біртұтас табиғи адам тілін жүзеге асыру түрі, формасы. Жер бетіндегі бүкіл тілдер кез келген нақты бір тілді ұйымдастырудағы әлеуеттер түрлілігін және әмбебап қағидаттарды қамтитын өзіндік жүйені құрайды. Сонымен, әрбір тіл – жалпыадамзаттық тарихи тәжірибені де, сол сияқты бірегей ұлттық мәдениетті де сақтаушы болып саналады. Әрбір тілдің мәдени-тарихи құндылығы да, сонымен қатар лингвистердің тарихи миссиясы осыған байланысты. Лингвистердің тарихи миссиясы: адамзаттың тарихи жады үшін сөйлермендері көп болмаса да, қай кезеңдерде ол тіл коммуникация құралы ретінде қызмет атқармаса да әрбір тілді сипаттау, тіркеп отыру болып табылады.

В.Н. Ярцеваның дәлелдеуі бойынша «тіл экологиясы» терминін интерлингвалдық мағынада 1991 жылы профессор С.Вурм тілдердің жойылу себептерін қарастыру барысында қолданды. С.Вурм тілдік тіршілік ортасының кенеттен қысқарып немесе азаюына, немесе оларды анағұрлым басым бәсекелестердің ығыстырыуымен және бәсекеге қабілетті емес тілдердің жойылуымен байланысты табиғатта пайда болған экологиялық апаттардың арасында тікелей параллельдер жүргізді [6,10]. Жер бетіндегі тілдер санының азаю үдерісінің қарқындылығы экономикадағы, қоғамдастықтардың әлеуметтік құрылысындағы халықаралық интеграция және жаһандану үдерістерінің қарқындылығына, сол сияқты әлемдік қоғамдастықтың саяси, экономикалық және әскери полярлануы үдерісіне барабар екендігі анық (астам державалардың аз, әлі толық дами қоймаған мемлекеттердің басым болуы). Тілдердің жойылу салдарларында шек жоқ. Америкалық этнолингвист Д.Уиллис тілдің өлуі «тағы бір адам сөйленісінің жай жойыла салуынан да күрделі нәрсе. Тілдің өлуі – ол тұтас бір мәдениеттің өлуі» деп атап көрсетеді.

Лингвоэкологияның **үшінші аспектісін *транслингвалдық*** деп те атауға болады. Ол бір тілдің, бір мәдениеттің бірліктерін, құралдарын, реалийлерін өзге мәдениетке тән екінші бір тілдің аясында және соның құралдары арқылы қолдануға байланысты. Бұл аспектінің қолданылатын жері – көркем әдебиет, фольклор, публицистика. Ол – өзгетілдік шағын мәтіндерден цитаталар келтіру, бір тілден екінші бір тілге аудару тәжірибесі.

Кез келген ғылым тәрізді лингвистикалық экологияның өзіндік параметрлері мен категориялары бар екені даусыз. Әртүрлі ғылыми әдістерді қолдану арқылы лингвистикалық экологияны зерттеу кезінде, ғалымдар жаңа бағытта жаңа түсініктер мен терминдерді енгізді. А.А. Бернацкий [7], В.П. Коровушкин [8], Л.И. Скворцов [9], А.П. Сковородников [10], В.И. Шаховский [11], Л.М. Яо [12] тәрізді ғалымдар эколингвистика байланысты жаңа ұғымдарды, жаңа түсініктерді қалыптастырды. Мысалы, экологиялық қызмет, экологиялық сезіну, экологиялық ойлау, экологиялық мәдениет, экологиялық білім, лингвистикалық ауытқу, лингвистикалық синдром, лингвистикалық эмиссия (шығару) және т.б.

Экологиялық – бұл санына және оған келіп түсетін улы немесе оның тіршілік етуіне қауіп төндіретін басқа да элементтердің қауіптілік деңгейіне (дәрежесіне) кері пропорционал қоршаған ортаның сапасы. Психологияда экологиялық деп, табиғи және жаратылысы болып саналатын табиғи үйлесімдігін бұзбай талпыну арқылы оны қолдау туралы қамқорлық ретінде түсінеміз, ал ішкі экологиялық – жеке тұлға мен оның ой-өрісі, қылығы, қилеттілігі, құндылығы және сенімділігі арасындағы байланысты түсінеміз [13].

Сонымен, лингвоэкологияның – интралингвалдық, интерлингвалдық және транслингвалдық деп аталатын үш аспектісінің көріну жағдайлары белгіленіп, олардың жіктемелері ұсынылды. Зерттеу материалдары мен міндеттері бойынша мейлінше жан-жақты және сан қырлы жұмыс талдау қағидаттары мен амал-тәсілдерінің бірлігі мақсатында жеке бір ғылыми пәнде топтастырылуы тиіс, бұл лингвоэкологияны тіл білімінің жеке саласы ретінде дербестендірудің орынды екендігін тағы да дәлелдей түседі. Бұл пәннің мәні – пайдаланушылардың тікелей немесе өзге тіл/тілдер арқылы іске асыратын қарым-қатынасында өзара қатынасымен анықталатын белгілі бір кеңістіктік-мезгілдік континуумдағы жағдайы ретіндегі тілдің экологиясы.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

- 1 Сковородников А.П. Лингвистическая экология: проблемы становления // НДВШ. Филологические науки, 1996. – №2. – С.64-69.
- 2 Головин Б.Н. Основы культуры речи. – Москва: Высшая школа, 1988. – 320 с.
- 3 Звегинцев В.А. Теоретическая и прикладная лингвистика. – Москва: Просвещение, 1968. – 338 с.
- 4 Н.Уәлиұлы. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: филол. ғыл. док. ... дисс. автореф. – А., 2007. – 24 б.
- 5 Ала-құла болған қайран тіл // Ана тілі, 2009. – №9 (950).
- 6 Ярцева В.Н. О судьбах языков в современном мире // Известия АН СЛЯ. – Т.52. – М.: Наука, 1993. – Т.52. – №2. – С.3-15.
- 7 Бернацкая А.А. О трёх аспектах экологии языка // Вестник Красноярского государственного университета: гуманитарные науки. – Красноярск, 2003. – №4. – С.122-124.
- 8 Коровушкин В.П. Основные атрибуты, понятия и термины эколлингвистики/лингвоэкологии // Череповецкие научные чтения – 2012: материалы Всероссийской научно-практической конференции: в 3-х ч. / отв. ред. Н.П. Павлова. – Череповец: ЧГУ, 2013. – Ч.1. Литературоведение, лингвистика, СМИ, история, философия, социология, политология. – С.102-106.
- 9 Скворцов Л.И. Экология слова, или Поговорим о культуре русской речи. – М., 1996. <https://www.livelib.ru/author/175274-l-i-skvortsov>. 12.08.2017
- 10 Сковородников А.П. К становлению системы лингвоэкологической терминологии // Речевое общение: специализированный вестник. – Красноярск, 2000. – Вып. 3(11). – С.70-78.
- 11 Шаховский В.И., Солодовникова Н.Г. Лингвоэкология: объект, предмет и задачи // Русский язык, литература в школе и вузе. – Киев, 2010. – №1 (31). – С.22-29.
- 12 Яо Л.М. Экологическое сознание современного российского общества: теоретико-методологические подходы: монография. – М.: ЦГЛ «РОН», 2004. – 195 с.
- 13 Есенова К.Ө. Қазақ тілі – тәуелсіз Қазақстанның келбетін көрсететін басты құрал // Абай ат. ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Филология ғылымдары» сериясы. – Алматы, 2016. – №3(57). – Б.28-31.

Н.С. Амиржанова<sup>1</sup>, С.Ж. Уркинбаев<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный педагогический университет им. Абая,  
г. Алматы, Казахстан

<sup>1</sup>Институт языкознания им. А.Байтурсынова,  
г. Алматы, Казахстан

## ОСНОВНЫЕ АСПЕКТЫ ЭКОЛИНГВИСТИКИ

### Резюме

В данной статье будет рассмотрено понятие эколлингвистики, активно разрабатываемое западными и отечественными учеными. Следует отметить, что как трактовка понятия «эколлингвистика», так и модели ее изучения отечественными и зарубежными лингвистами существенно расходятся. Мы попытаемся сопоставить различные точки зрения и сформулировать свое видение эколлингвистики в свете современных эколого-эволюционных парадигм. Первый аспект – традиционный, связанный с культурой речи, стилистикой, риторикой и включающий исследования нарушений правильности, ясности, логичности, выразительности и других коммуникативных свойств речи. А второй аспект экологии языка – интерлингвальный и связан с полиязычием как средой обитания отдельного этнического языка и с проблемой исчезновения языков. Третий аспект лингвоэкологии можно назвать транслингвальным. Он связан с использованием единиц, средств, реалий одного языка, одной культуры в контексте и средствами иного языка, принадлежащего другой культуре. Место положения этого аспекта – художественная литература, фольклор, публицистика.

**Ключевые слова:** лингвоэкология, языковая среда, экология языка, экология, язык, чистота языка



N.C. Amirzhanova<sup>1</sup>, S.Zh. Urkinbaev<sup>2</sup>

<sup>1</sup>The Kazakh national pedagogical university named of Abay,  
Almaty, Kazakhstan

<sup>2</sup>The Institute of Linguistics named after A.Baitursynov,  
Almaty, Kazakhstan

## MAIN ASPECTS OF ECOLINGUISTICS

### Summary

This article will consider the notion of ecolinguistics, actively developed by Western and domestic scientists. It should be noted that both the interpretation of the concept of "ecolinguistics" and the models of its study by domestic and foreign linguists differ substantially. We will try to compare different points of view and formulate our vision of ecolinguistics in the light of modern ecological and evolutionary paradigms. The first aspect is traditional, connected with the culture of speech, stylistics, rhetoric and including studies of violations of correctness, clarity, logic, expressiveness and other communicative properties of speech. And the second aspect of the ecology of the language is interlingual and is associated with poly linguistics as the habitat of a separate ethnic language and with the problem of the disappearance of languages. The third aspect of linguoecology can be called translingual. It is associated with the use of units, means, the realities of one language, one culture in context and the means of another language belonging to another culture. The place of application of this aspect is imaginative literature, folklore, and publicism.

**Keywords:** linguoecology, language environment, language ecology, ecology, language, language purity

МНРТІ 16.21.27

Г.Ф. Багирова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Азербайджанский университет языков,  
г. Баку, Азербайжан

## ФОНОВАЯ ИНФОРМАЦИЯ И ЕЕ ВЛИЯНИЕ НА ФОРМИРОВАНИЕ ЯЗЫКОВОЙ ЛИЧНОСТИ

### Аннотация

Статья посвящена анализу феномена языковой личности. Отмечается, что понимание непосредственной выраженности человеческой личности в языке присутствовало в науке всегда и отмечалось уже в древности. Теория же языковой личности создается в трудах таких ученых, как В.В. Виноградов и Ю.Н. Караулов. В статье рассматривается проблема проявления языковой личности писателя. В качестве исследуемого материала избирается повесть Ф.С. Фитцджеральда «Алмаз величиной с отель Риц». Проводится герменевтический анализ, в результате которого определяется глубинный психологический и историко-культурный образ нарратора. Утверждается, что Ф.С. Фитцджеральд является представителем культурной традиции, сформировавшейся в «Новом свете» и создавшей «собственно американское сознание». Это сознание проявляется на двух уровнях: на уровне авторского повествования, где представлена языковая личность писателя, а также на уровне сознания и языковой личности героев. Феномен языковой личности автора-нарратора, как правило, манифестируется на бессознательном уровне, поскольку он не может убежать от себя, обмануть себя или достаточно эффективно сыграть роль другого.

**Ключевые слова:** язык, личность, культура, общество, текст, интерпретация, фоновая информация

**Введение.** Современное языкознание создает собственную терминологическую систему, собственный метаязык и соответственно научный аппарат. Это не просто обозначения старых представлений о языковых реалиях, но и новые понятия. «Языковая личность» представляет собой одно из наиболее актуальных понятий современного языкознания. Ясно, что это понятие не должно восприниматься само по себе, в изоляции от своеобразного семантического поля, созданного антропоцентрической парадигмой. Каждое из фундаментальных понятий современного языкознания часто воспринимается как абсолютное. В этом проявляется оценка как самого понятия, так и стоящей за ним реалии.

**Основной материал.** Термин *языковая личность* вполне может расцениваться как тавтологичный. Человеческая личность проявляет себя в языке. Так и народы оставляют о себе память в письменах. В истории культуры принято различать письменный и дописьменный периоды. Само по себе письмо

ориентировано на сохранение речи, языка. В этой связи уместно было бы вспомнить М.Хайдеггера. Обычно лингвисты, упоминая немецкого философа, повторяют ставшую расхожей фразу о том, что он называл язык не иначе как *домом бытия*. В фундаментальном труде М.Хайдеггера «Бытие и время» встречается более существенное для нас рассуждение о языке. М.Хайдеггер пишет: «Человек кажет себя как сущее, которое говорит» [1, 165].

М.Хайдеггер оперирует древнегреческими представлениями о человеке и показывает, что называние человека разумным животным является более поздним фактом, так как для греков человек был прежде всего животным говорящим. Он пишет: «Случайность ли, что греки, повседневное существование которых вкладывало себя преимущественно в говорение друг-с-другом и которые одновременно «имели глаза» чтобы видеть, в дофилософском равно как в философском толковании присутствия определяли существо человека как ζῷον λόγον ἔχον. Позднейшее толкование этой дефиниции человека в смысле animalrationale, «разумное живое существо», правда не «ложно», но оно скрывает феноменальную почву, из которой извлечена эта дефиниция присутствия» [1, 165].

На первом месте в процессе окультуривания человека стоит овладение языком этого общества [2, 59]. В.В. Красных пишет: «Социализация – процесс вхождения ребенка в цивилизацию; основной процесс, в ходе которого ребенок усваивает (присваивает) опыт, накопленный предшествующими поколениями; в процессе социализации индивид становится личностью, человеком говорящим, членом определенного национально-лингво-культурного сообщества» [3, 160].

Под культурой в лингвокультурологии понимается «многомерное семиотическое пространство, в которое включено всё, что происходило за время существования человечества» [4, 50]. Например, считается, что культура объединяется вокруг фундаментального текста. В этом случае идентификация личности ориентируется на такого рода фундаментальный текст. Например, арабское сознание формировалось вокруг Корана. А.Шimmel, исследователь мусульманского мистицизма, говорит даже о коранизации памяти мусульманских мистиков [5, 38-44]. Русские до сих пор считают, что не только современный русский литературный язык является языком А.С. Пушкина, но и сознание народа сформировано пушкинской духовностью. В научной литературе «дискурс определяется и как когнитивный механизм развития языкового знака и как когнитивно-коммуникативный процесс, т.е. и как продукт процесса и как результат металингвистической деятельности социума (деятельности лингвистов и терминологов) [6, 12].

Опыт последних десятилетий однозначно говорит о том, что типы языковой личности (следовательно, и языковые коллективы) формируются и сегодня. Видимо, этот процесс всегда остается незавершенным. Вполне справедливо соотнести формирование языковой личности с дифференциацией языка по сферам деятельности. Если язык является общественным явлением, обслуживает нужды человеческого коллектива, то дифференциация сфер деятельности приводит к дифференциации языка. Такая дифференциация и логична, и последовательна. В свое время Д.Э. Розенталь указывал: «Язык как явление социальное выполняет различные функции, связанные с той или иной сферой человеческой деятельности. Важнейшие общественные функции языка – общение, сообщение и воздействие. Для реализации этих функций исторически сложились и оформились отдельные разновидности языка» [7, 18].

Основоположником теории языковой личности в русскоязычном лингвистическом дискурсе с полным на то основанием можно считать академика В.В. Виноградова. Фактически уже в своих фундаментальных «Очерках по истории русского литературного языка XVII-XIX веков», а также в «Истории русского литературного языка» В.В. Виноградов закладывает основы теории литературного языка. Отдельные проблемы становления языковой личности затрагиваются им в таких работах, как «Материалы и исследования в области исторической лексикологии русского литературного языка», «Слово и значение как предмет историко-лексикологического изучения», «Заметки о лексике «Жития Саввы Освященного» и др. В.В. Виноградов рассматривает историю становления национального русского литературного языка в контексте формирования русской культуры в целом. История же становления русской языковой личности, таким образом, анализируется на фоне формирования норм национального русского литературного языка. Специальное исследование феномену языковой личности посвятил Ю.Н. Караулов. Знаменательно, что в книге «Русский язык и языковая личность» он говорит об исторической перспективе формирования идеи языковой личности как центральной в языкознании. Ю.Н. Караулов определяет четыре парадигмы в истории языкознания: историческую, социальную, психологическую и системно-структурную. Ю.Н. Караулов определяет парадигмы с учетом доминирования общих представлений об объекте. Так, он приводит

слова Г.Пауля о том, что язык насквозь историчен [8, 12] и говорит о том, что чувство историчности языка было доминирующим в XIX в., следовательно, можно определить историческую парадигму. В начале XX в. обострился интерес к психологии языка, таким образом, сформировалась психологическая парадигма. Ф. де Соссюр определил такие тезисы, как «язык насквозь системен» и «насквозь социален», следовательно, определяются системная и социальная парадигмы в языкознании [8, 14]. Как видим, речь идет о приоритете идей или даже обострении интереса к той или иной стороне языка, а не о парадигмальности в том смысле, как это определил Т.Кун.

В данной статье нас интересует манифестация, выведение на очевидный уровень, феномена языковой личности писателя. Материалом избирается повесть Ф.С. Фитцджеральда «Алмаз величиной с отель «Риц». В пространстве художественного произведения каждый из персонажей составляет определенную языковую личность, т.е. историко-культурное сознание, реализующее себя в языке. Здесь же нас интересует личность писателя-нарратора, раскрывающаяся в нарративе нередко даже на подсознательном уровне. В качестве культурологических предпосылок к анализу можно отметить, что Ф.С. Фитцджеральд происходил из обеспеченной американской семьи. Кроме того, его двоюродный прадед был автором гимна США. Таким образом, писатель принадлежал к людям, создавшим страну и ментальность ее жителей. Он учился в элитных учебных заведениях, что также наложило отпечаток на его характер. Отмеченное и многое другое наложило безусловный отпечаток на характер образа нарратора. Понятие «нарратора» имеет свои специфические особенности, которые было бы уместно напомнить. Дело в том, что нарратор представляет собой формальную категорию и четко противопоставляется самому писателю. Очень часто нарратор и нарративный дискурс противопоставляется научному дискурсу, так как нарратор транслирует культурную традицию, в то время как научный дискурс говорит о новом и в этом смысле противопоставлен культурным стандартам. Таким образом, нарратор естественным образом представляет культуру в своем языке. В этом смысле роль нарратора в повести Ф.С. Фитцджеральда в высшей степени характерна. Обратимся к анализу. Языковой облик нарратора раскрывается уже с первых строк повести.

*“John T. Unger came from a family that had been well known in Hades – a small town on the Mississippi River – for several generations. John’s father had held the amateur golf championship through many a heated contest; Mrs. Unger was known “from hot-box to hot-bed” as the local phrase went, for her political addresses; and young John T. Unger, who had just turned sixteen, had danced all the latest dances from New York before he put on long trousers. And now, for a certain time, he was to be away from home. That respect for a New England education which is the bane of all provincial places, which drains them yearly of their most promising young men, had seized upon his parents. Nothing would suit them but that he should go to St. Midas’s School near Boston – Hades was too small to hold their darling and gifted son”* [9, 5].

Уже это небольшое вступление к повести является чрезвычайно характерным для адресанта американской истории. Ключевыми знаками дискурса являются такие слова, как *Hades, several generations, golf championship, heated contest, from hot-box to hot-bed, political addresses, had danced all the latest dances from New York, away from home, respect for a New England education, bane of all provincial places, drains, seized upon his parents, nothing would suit them, Hades was too small to hold their darling and gifted son*.

Как видим, достаточно много слов и выражений выполняет в этом тексте роль ключевых. Некоторые из них носят глубокий концептуальный характер. В тексте обнаруживаются даже гиперссылки, рассчитанные на хорошо образованного читателя. Например, именно такой гиперссылкой заканчивается этот небольшой вступительный фрагмент. Выражение *Hades was too small to hold their darling and gifted son* однозначно соотносится с восторженным замечанием Филиппа Македонского, обращенным к сыну Александру, только что укротившему бешеного Буцефала: «Найди себе царство, достойное тебя, сын мой. Македония слишком мала для тебя!».

Фрагмент имплицитно содержит характеристики элитарного американского общества. Это позиция нарратора как языковой личности, он это делает легко и просто. Но он содержит также эксплицитное ироническое отношение к этой элитарной позиции. Это уже сознательное отношение автора как языковой личности. Последнее предложение однозначно характеризует этот момент. Реплика носит завуалированный характер, но она совершенно очевидна. Одновременно она характеризует человека, получившего хорошее образование и изучавшего историю Древней Греции.

Предложение представляет собой интертекст, пусть даже косвенно соотносящийся с ситуацией в Древней Македонии. В предложении выделяются ключевые слова и концепты. Это такие слова, как *too* (слишком), *small* (маленький), *to hold* (держат, здесь вместить), *gifted* (одаренный) и *son* (сын).

Очень важно для гиперссылки то, что город не просто мал, а слишком мал, так как «слишком» непосредственно соотносится с «сыном». Именно для него он не просто мал, а слишком мал: «Македония слишком мала для тебя». В этом контексте *too* выполняет очевидную экспрессивную нагрузку, так как в информационном отношении вполне достаточно *small*.

Если Александр покорил Буцефала, то ассоциативным знаком здесь выступает *gifted*.

Символично с точки зрения языковой личности как носителя определенной культуры уже название города *Hades*. Не случайно говорится, что основу западной культуры составляет два кита: античная культура и христианство. *Hades* означает Аид, подземное царство или царство мертвых. Ассоциация с древнегреческим Аидом совершенно очевидна. На эксплицитном уровне представлено только название, однако, будучи знаком культурологически осмысленным, *Hades* делает востребованным очень большой объем фоновой информации. Ясно, что многое зависит от осведомленности адресата, но независимо от адресата и степени его осведомленности знак *Hades* представляет весь объем культурной и культурологической информации.

Несмотря на то, что *Hades* имеет один и тот же денотат, на сигнификативном уровне возможно выделение двух направлений, каждое из которых формирует собственное ассоциативное пространство. Так, первое ассоциативное направление образует сигнификат «царство мертвых», второй – «подземное царство». В обоих случаях для древних греков срабатывал один и тот же ассоциативный механизм. В пространстве же художественного текста актуальны оба направления, так как они разворачивают различное смысловое поле.

*Hades* ассоциируется с царством мертвых, потому что высшее общество этого города, а не просто людей, автор считает мертвецами. Здесь, кстати, актуализируются и библейские ассоциации. Например, когда Христос зовет ученика с собой, а он говорит, что похоронит отца и пойдет за ним, Христос говорит ему: «иди за Мною и предоставь мертвым погребать своих мертвецов» (Евангелие от Матфея, 8:22).

Это место Евангелия никогда не понимается однозначно. Всякого, кто далек от поисков истины, Христос называет *мертвецом*. Вспомним также широко известное выражение Марселя Пруста о том, что «жизнь – это усилие во времени». Иными словами, когда человек просто наслаждается жизнью, он не живет. Таким образом, в западноевропейской культуре и ментальности сформировалось представление о жизни как об усиллии, направленном на достижение значительных результатов. Просто жизнь, без напряженного физического и духовного труда, является существованием, бытием. В данном случае семантическое поле, разворачиваемое концептом «царство мертвых», специально актуализируется автором.

Важно и то, что речь идет не о мертвецах, а об их царстве. Царство ассоциируется с государством, т.е. здесь не просто кладбище, где лежат мертвецы, а государство, в котором они ведут какие-то дела, правят, ссорятся, считают себя выше или ниже кого-то и даже мечтают о чем-то. Нет усилий во времени. Следовательно, нет и жизни. Может быть, именно смутное ощущение отсутствия жизни заставляет родителей думать, что этот город слишком мал для их сына и не способен вместить его со всеми его талантами.

Концепт «подземное царство», как отмечалось, в актуальном контексте не идентичен «царству мертвых». Данный концепт призван прежде всего охарактеризовать территорию, в которой невыносимо пребывать. Не случайно далее в тексте говорится о том, что над Джоном подшучивали в школе и всякий раз спрашивали, как там они внизу поживают, не очень ли жарко.

Оба концепта и их актуализация в контексте однозначно характеризуют авторскую ментальность, точнее, представляют его как личность, сформировавшуюся под непосредственным влиянием европейской духовности. Важно отметить также переплетение мифологических, историко-культурных и христианских мотивов. Другая характерная деталь состоит в том, что эта информация носит скрытый характер и выявляется только в результате герменевтического анализа.

Казалось бы, совершенно нейтральное выражение *several generations* также совершенно однозначно характеризует автора, но уже как типичного американца и, более того, как представителя или отпрыска элитной американской семьи.

Понимание того, что культура есть дело рук многих поколений, всегда характеризовало западноевропейскую ментальность и отличало ее от миропонимания многих других народов. Так, например, великий А.С. Пушкин все время сравнивал Россию с Западной Европой в этом отношении и приходил к неутешительным выводам. Он считал, что неуважение к именам освященным славою (первый признак невежества и слабomyслия), к несчастью, считается у нас не только дозволенным, но еще и похвальным удалством.

В качестве важнейшей экономической основы английского консерватизма необходимо вспомнить майорат. Именно майорат составил исторически экономическую основу той культурной традиции, которая привела Западную Европу к процветанию. Говоря о том, что Джон происходил из семьи, которая на протяжении нескольких поколений пользовалась известностью и уважением в Гадесе, Ф.С. Фицджеральд вводит чрезвычайно серьезный мотив. В контексте того дискурса, который создает автор, *several generations* означает, что семья Джона была одной из тех семей, которые создали этот Аид. Следовательно, они были носителями той культуры, которая характеризовала это место.

Выражение *golf champion ship* однозначно характеризует автора как языковую личность. Даже трудно определить по контексту, указание на это обстоятельство носит неосознанно-нарративный характер или это сознательная зарисовка, черта персонажа, характеризующая его как представителя определенной культуры и класса этой культуры. Гольф – это игра богатых американцев, поэтому и слово *гольф* в сознании осведомленного адресата однозначно ассоциируется с Америкой и американцами. Другая существенная деталь состоит в указании на то, что отец Джона несколько лет подряд удерживал первенство по гольфу. Это далеко не нейтральная информация. ИмPLICITно представленный сигнал говорит о том, что отец Джона уделял много времени и энергии гольфу, если он мог удерживать это первенство.

Само по себе выражение *heated contest* в нейтральном контексте ни о чем не говорило бы. Однако это выражение необходимо анализировать в контексте разворачиваемого дискурса. Ключевым словом здесь является, конечно, *heated*, так как оно ассоциируется с Гадесом и включается в парадигму знаков, обозначающих «жар», «огонь», «невыносимость» и т.д.

В эту же парадигму входит и выражение *from hot-box to hot-bed*. Здесь речь идет о том, что мать Джона выступала с политическими речами, которые отличались бурностью и эмоциональностью. Выражение *hot-box* означает паровик-котел, *hot-bed* – парник. Как видим, тема «жара» продолжается и усиливается.

Совершенно, казалось бы, нейтральное выражение *political addresses* также обнаруживает тесную связь с культурно-историческим контекстом и однозначно характеризует языковую личность нарратора. Отмеченное словосочетание может считаться совершенно обычным с точки зрения не только американской, но и в целом западноевропейской культуры. Эта культура непосредственно связана с тем феноменом, который на Западе называют историей демократии. Выступление с политическими речами, столь обычное для Древней Греции, становится эталоном общественной жизни именно в Соединенных Штатах. Особую экспрессию тексту придает женский образ, причастный к общественным дебатам. Фоновая информация, стоящая за этим знаком, отличается как по объему, так и по качеству, так как одновременно оказывается востребованным и история женского движения, в частности суфражисток. Таким образом, миссис Ангер была известна от паровиков до парников своими политическими речами. Одним штрихом Фицджеральд создает типичный образ американской провинциалки среднего достатка, или даже местной аристократки.

В американской культуре на протяжении всего двадцатого века особое место занимают танцы. Этот вид искусства пользовался особой популярностью, одновременно умение танцевать модные танцы считалось визитной карточкой вполне современного человека. Ф.С. Фицджеральд о юном Джоне говорит, что он *had danced all the latest dances from New York*. Здесь очень важно, что он танцевал все последние, т.е. новые танцы, и что эти танцы были из Нью-Йорка. ИмPLICITная информация такова, что окажись Джон в Нью-Йорке, он бы утер нос столичным франтам. Еще одно свидетельство того, что Гадес слишком мал для него.

Совершенно ничего не значащая фраза о необходимости покинуть дом приобретает символическое звучание в контексте американской культуры. Фразы типа *away from home* не просто являются стандартами американской литературы и кинематографа, они отражают языковую картину мира. Причем здесь особую роль играет конституент *away*. Возможно, правильнее было бы воспринимать эту фразу в соответствии с внутренней формой этого слова: *прочь из дома*. За этим выражением также стоит огромный объем культурной информации. Американские пионеры потому и назывались *пионерами*, что обошли всю страну на телегах. Образ мужественного пионера, знакомый нам по романам Ф.Купера, Дж.Лондона и других писателей, волнует американскую молодежь до сих пор. Таким образом, уезд Джона из дома приобретает новое осмысление в контексте американской истории освоения дикого Запада.

На фоне рассмотренных выше выражений *respect for a New England education* выглядит совершенно безобидно. Фраза действительно носит универсальный характер. Дело в том, что во все

времена богатые провинциалы считали провинцию для себя замкнутым пространством, означавшим однозначно неудавшуюся судьбу. Все провинциалы во все времена стремились выйти «за рамки» провинции. Если не удалось самим, то надо постараться ради детей. Следовательно, пиетет перед центральным образованием дело обычное. Однако и в этом случае за рассматриваемой фразой стоит значительный фон.

Американцам свойственно преклонение перед собственной цивилизацией. А поскольку в западном сознании цивилизация всегда ассоциировалась с образованием, то становится понятно, что *respect for a New England education* совершенно закономерное явление. Конечно, фоновая информация включает и представление о серьезных капиталовложениях в образование, столь характерных для Америки. Стандартная ситуация такова, что деятельность, в которую вкладываются большие деньги, чрезвычайно привлекательна. Какими бы грубыми и практичными ни выглядели бы американцы в глазах европейцев, именно американцы додумались вкладывать огромные капиталы в дело, которое приносит прибыль только спустя десятилетия.

Когда Ф.С. Фитцджеральд говорит о *respect for a New England education*, он имеет в виду не только обычное для человеческого общества стремление дать детям хорошее образование. Ключевым для востребованности информации фона является *New England education*. Проведенный анализ показывает, что речь идет именно об отношении американской культуры к образованию и науке.

Одновременно американское мышление заставляет писателя трезво оценивать ситуацию. Он понимает, что жажда выйти за пределы собственного культурного окружения, исконной среды обитания закономерно приводит к *bane of all provincial places*. Стремление к образованию в том виде, в каком оно характерно для Америки, заставляет лучших покидать провинцию и буквально убежать прочь из дома.

Ситуация нам знакома даже по романам О. де Бальзака. Стоит вспомнить Растиньяка и Люсьена де Рюбампре. Тысячи юношей покидают свой дом в надежде покорить Париж. Сегодня эта тема эксплуатируется российским кинематографом. Несмотря на универсальность темы, ее общечеловеческий характер, на наш взгляд, в повести Ф.С. Фитцджеральда она актуализирует чисто американскую пространственно-временную информацию. Всеамериканский патриотизм заставляет Ф.С. Фитцджеральда одновременно жалеть о том, что пиетет к образованию в Новой Англии буквально иссушает провинцию. Писатель, как и всякий патриот, идеалист, хочет, чтобы параллельно развивались все американские земли.

Конечно, не случайно в этом контексте использовано и такое экспрессивное слово, как *drain*. Уровень текстовой экспрессии непосредственно характеризует отношение писателя к описываемому факту. Стремление получить именно новоанглийское образование иссушает провинцию.

В этом контексте необходимо интерпретировать и совершенно обычное выражение о том, что упомянутая страсть обуяла и родителей Джона. Такое впечатление, что *seized upon his parents* означает оказаться в когтях дикого зверя.

В этом контексте *no thing would suit them* является закономерным завершением. Просто эта фраза на фоне всего сказанного приобретает сугубо американское звучание, для которого характерен крайний снобизм. Американцы и сегодня считают, что ничто в мире не подходит для них, так как ничто не идет с ними в какое бы то ни было сравнение.

Проведенный анализ создает определенное представление о самом Ф.С. Фитцджеральде как языковой личности. Становится очевидным, что языковая личность это прежде всего культурно-историческая личность, представленная в языке. Более того, язык представляет собой чуть ли не единственное средство манифестации личности.

Проведенный анализ позволил выявить особенности языковой личности автора повести. В языке Ф.С. Фитцджеральда представлен тип американца, создавшего эту страну, подлинного патриота, живущего ценностями так называемого 100% американца. В этом отношении языковую личность почти невозможно отграничить от историко-культурной личности. Даже если сам писатель и не завоевывал дикий Запад, не отстаивал независимость страны и принципы американской демократии, он носитель этих ценностей, что на разных уровнях представлено в его языке: от лексико-семантического уровня до коннотативного.

Несмотря на то, что повесть была написана задолго до формирования современного постмодернистского дискурса (Фитцджеральд умер в 1940-м г.), повесть вполне может расцениваться как нелинейное письмо. Однако чрезвычайно важно, что мифологические ассоциации характеризуют не только и не столько текст, сколько самого Фитцджеральда. Конечно, реальностью, которой обладает

и оперирует адресат повести, является ее текст. В этом смысле вне текста ничего нет, и все реалии представлены как реалии текста. Но именно здесь и оказывается востребованной нарративная теория, текст позволяет выделить фигуру нарратора и определить ее как языковую личность.

Таким образом, Фитцджеральд-нарратор предстает в тексте языковой личностью, сформировавшейся в пространстве действия античных, греко-римских мифологем. Однако одна из характеристик языковой личности заключается в ее сложности. Причем эта сложность носит в тексте органический характер, поскольку раскрывается исключительно в результате герменевтического анализа. Сложность языковой личности Фитцджеральда заключается в органическом соединении западноевропейской ментальности с американской. Причем американская ментальность реализуется в языковой личности нарратора повести на двух уровнях. Прежде всего в тексте представлено миропонимание потомка тех людей, которые осваивали американские просторы. Одновременно языковая личность нарратора обнаруживает своеобразный аристократический снобизм. Он не просто американец и не обычный потомок пионеров. Он обнаруживает иронию по отношению к безродным богачам. Сознание принадлежности к семье, создававшей страну и ее государственность, идеологию и культуру, имманентно присутствует в дискурсе и в целом характеризует его. На наш взгляд, особенность языковой личности писателя заключается как раз в этой особенности.

На уровне отдельных знаков, носящих концептуальный характер не только в структуре текста, но и в языке, реализуется картина мира, характеризующая языковую личность американца вообще. Определение *средний* при определяемом *американец* могло бы неверно ориентировать, так как оказались бы востребованными иные ассоциации. Поэтому мы не используем выражение *средний американец*. Но поскольку языковая картина мира характеризует большую этнопсихолингвистическую общность, можно утверждать, что в структуре дискурса повести обнаруживаются американские ценности, т.е. ценности, составляющие суть той духовности и того миропонимания, которые ассоциируются с образом обычного, стандартного американца не только в американском сознании, но также и в сознании европейцев.

Исследование показало, что в лингвокультурологическом пространстве художественного текста наиболее полно представлена именно языковая личность автора произведения. Эта личность выявляется путем герменевтического анализа, поскольку самого себя автор не конструирует. Если же автор конструирован, то это также один из образов, реализуемых в дискурсе, а не подлинный нарратор.

Языковые личности, представленные в художественном тексте, структурируются сознательно и поэтому соотносятся с действительностью опосредованно. Тем не менее, они также отражают языковую и культурную действительность. Создается впечатление, что языковая картина мира носит фрагментарный характер, и каждый фрагмент соотноситель с определенным типом языковой личности.

**Заключение.** Исследование показало, что изучение языковой личности на материале художественной литературы не просто должно носить системный характер, оно должно быть типологически ориентировано. Перспективы такого рода исследований должны быть нацелены на создание типологии языковой личности.

Лингвокультурологический аспект языковой личности по материалам художественной литературы на самом деле предполагает серьезный анализ и хорошо известных фольклорных текстов. Многие мифологемы и архетипы следует восстанавливать именно на материале устного народного творчества. Причем под устным народным творчеством необходимо понимать любой текст, отражающий картину мира. Сюда входят и загадки, и приметы, и анекдоты, и заговоры, проклятия, различные притчи, не говоря уже о пословицах и поговорках. В целом необходимо понимание достоверности результатов лингвокультурологического анализа языковой личности на художественном материале.

Список использованной литературы:

- 1 Хайдеггер М. *Бытие и время*. – Москва: AD MARGINEM, 1997. – 452 с.
- 2 Брагина Н.Г. *Лингвокультурный анализ области применения // Лингвокультурологические исследования. Язык лингвокультурологии: теория vs. эмпирия*. – Москва: ЛЕНАНД, 2016. – С.59-64.
- 3 Красных В. *Основы психолингвистики и теории коммуникации*. – Москва: ИТДПК «Гнозис», 2001. – 270 с.
- 4 Ковшова М., Гудков Д. *Словарь лингвокультурных терминов*. – Москва: Гнозис, 2017. – 192 с.
- 5 Шиммель А. *Мир исламского мистицизма*. – Москва: Алетейа, Энигма, 1999. – 416 с.
- 6 Айдарбек К., Суйеркул Б. *О формировании профессиональной языковой личности в научном дискурсе // Вестник КазНПУ им. Абая. Серия «Филологические науки», 2016. – №2(56). – С.12-16.*
- 7 Розенталь Д.Э. *Практическая стилистика русского языка*. – Москва: Высшая школа, 1977. – 316 с.

8 Караулов Ю.Н. Русский язык и языковая личность. – Москва: Наука, 1987. – 264 с.

9 The stories of F. Scott Fitzgerald. – NY: Charles Scribner's sons, 1954. – 473 p.

Г.Ф. Багирова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Әзірбайжан тілдер университеті,  
Баку қ., Әзірбайжан

## ФОНДЫҚ АҚПАРАТ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТІЛДІК ТҮЛҒАНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНА ӘСЕРІ

*Түйіндемe*

Мақала тілдік тұлғаның феноменін талдауға арналған. Адам тілінде тілде тікелей сөйлеуді түсіну ғылымда әрдайым болған және бұрыннан танылған. Лингвистикалық тұлғаның теориясы В.В. Виноградов пен Ю.Н. Караулов сияқты ғалымдардың еңбектерінде құрылған. Мақалада жазушының лингвистикалық тұлғаны бейнелеу проблемасы қарастырылады. Зерттеу материалы ретінде Ф.Фицджеральдтың «Алмаздар Ритц қонақ үйінде» романы таңдалды. Герменевтикалық талдау жүргізіледі, оның нәтижесінде баяндаушының терең психологиялық және тарихи-мәдени бейнесі анықталады. Ф.Фицджеральд «Жаңа әлемде» қалыптасқан және «американдық нақты сананы» қалыптастырған мәдени дәстүрдің өкілі. Бұл сана екі деңгейде көрінеді: жазушының лингвистикалық тұлғасы ұсынылған авторлық повестің деңгейінде, сондай-ақ қаһармандардың санасы мен тілдік деңгейінде. Автор-репортердің лингвистикалық тұлғаны құбылысы, әдетте, бейсаналық деңгейде көрінеді, себебі ол өзін қашып, өзін алдап немесе басқа бір рөлді тиімді түрде атқара алмайды. Оның үстіне, әңгімелеуші, әдетте, өздігінен мәдениетті социализациялаудың нәтижесі ретінде, шын мәнінде өзін лингвистикалық тұлға ретінде көрсете алмайды.

G.F. Bagirova<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Azerbaijan University of Languages,  
Baku, Azerbaijan

## BACKGROUND INFORMATION AND ITS INFLUENCE ON THE FORMATION OF THE LANGUAGE PERSONALITY

*Summary*

The article is devoted to the analysis of the language personality phenomenon. It's noted that the comprehension of the direct manifestation of the human personality in the language was always present in science and was marked since antiquity. The theory of the language personality is formed in the works of such scientists as V.V. Vinogradov and Y.N. Karaulov. In the article the problem of manifestation of the author's language personality is widely analysed on the basis of the material of F.S. Fitzgerald's "The Diamond as Big as the Ritz". The hermeneutic analysis is carried out as a result of which the deep psychological and historic-cultural image of the narrator is defined. It's confirmed that F.S. Fitzgerald was the representative of the cultural tradition formed in the "New World" which was made by "American consciousness itself". This consciousness is revealed on two levels: on the level of the author's narration, where the writer's language personality is displayed, also on the level of personages' language personality. The phenomenon of the author-narrator's language personality is, as a rule, manifested on an unconscious level, as he cannot run off himself, deceive himself or play the other's role effective enough.

**Keywords:** language, personality, culture, society, text, interpretation, background information

FTAXP 16.21.43

Т.Н. Ермекова<sup>1</sup>, Г.А. Ескермесова<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup>Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті,  
Алматы қ., Қазақстан

## ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ БІЛІМДЕР ЖҮЙЕСІНДЕГІ ПУНКТУАЦИЯ

*Аңдатпа*

Қазіргі тіл білімінде «пунктуация», «параграфемика» және «метаграфемика» атаулары жарыса қолданылып келеді. Бұл – тіл біліміндегі осы саланың метатілі әлі қалыптана қоймағанының көрінісі. Бұл орайда «пунктуация» атауы әмбебап термин ретінде қолданылса, параграфемика жеке лингвистика шеңберінде қабылданған термин, метаграфемика нақты бір зерттеуге бағытталған концепциялық-авторлық термин ретінде көрінеді.



Қазіргі лингвистикалық танымда пунктуация ұғымы параграфемика мәтін ұйымдасуының сыртқы, бейвербалды тәсілдерін зерттейді. Осы тұрғыдан алғанда, зерттеушілер арасында параграфемиканың қызметі, параграфикалық бірліктердің ақпарат жеткізетін басқа тәсілдерден ерекшелігі болмауына байланысты түрлі талас тудырды. Соның салдарынан «параграфемика» ұғымы лингвистикалық терминдер жүйесіне еніп, қалыптана қоймады. «Параграфемика» ұғымы да мәтіннің графикалық моделін нақтылауды, қосымша түсіндіруді қажет етеді.

Сондықтан пунктуацияның мәртебесін анықтау үшін оның тілдегі функционалдық міндетін де нақтылау қажет.

**Түйін сөздер:** пунктуация, типографиялық пунктуация, тыныс белгілері, семиотика, графика, супраграфемика, параграфемика, метаграфемика

Қазіргі кезде «пунктуация» сөзі жиі қолданылғанымен, тіл білімінде оның бірнеше интерпретациясы бар. Пунктуация ұғымын әмбебап термин деп мойындау оны көп жағынан зерттелетін объектімен салыстырылатын негізгі тілдік термин ретінде пайдалануға мүмкіндік береді:

1) вербалдық емес белгілер мен құралдар енгізілген қосымша және қосалқы семиотикалық жүйенің заңдылықтарын зерттейтін тарауы;

2) мәтінді ұйымдастыруда тұтас семиотикалық жүйе ретінде (вербалдық құралдармен бірге) қатысатын вербалдық емес (синграфем және супраграфем) белгілер мен (топографикалық) құралдардың жиынтығы [1; 304-305].

Пунктуация – сан қырлы, көп аспектілі сала. Оған «Лингвистикалық энциклопедиялық сөздікте» пунктуацияға төмендегідей түсінік беріледі:

1) графикамен және орфографиямен бірге жазба тілдің негізгі құралдарын құрайтын алфавиттік емес графикалық белгілер (тыныс белгілері) жүйесі; пунктуацияның басты міндеті – жазбаша (баспа) мәтінді мүшелуеу әрі графикалық ұйымдастыру;

2) жазбаша мәтінді пунктуациялық рәсімдеу нормаларын кодификациялайтын, нақты бір тіл үшін тарихи тұрғыдан қалыптасқан ереже;

3) тіл білімінің пунктуация жүйесінің заңдылықтары мен тыныс белгілерін қолдану нормаларын зерттейтін тарауы [2, 406]. Соған сәйкес, жалпы тіл білімінде пунктуацияға байланысты бірнеше негізгі ұғымдар да (параграфемика, грамматология, метаграфемика, параграфемалар, синграфемика; супраграфемика; топографемика т.б.). кездеседі. Сол себепті пунктуацияға байланысты туындаған атау сөздердің бірізділенуіне және реттелуіне де назар аударған абзал.

А.А. Реформатский пунктуацияны оптика-графикалық белгілердің дербес жүйесі ретінде сипаттап, негізгі мақсаты – графикалық (баспа) мәтінді ұйыстыру деп қарастырады [3].

Зерттеушілер пунктуацияны екіге жіктейді: типографиялық пунктуация және лингвистикалық пунктуация. Типографиялық пунктуация – тұтас мәтіннің бөлшектерге бөлініп, символдардың аморфты жиынтығы емес, көзге бірден тез әрі анық көрінетін бірліктер ретінде көрінуі. Типографиялық пунктуацияға мәтінде қолданылатын белгілер (әріптер мен сандардан басқа), шрифтық бөліністер, әріптердің арасындағы түрлі бос орындар, демаркаторлар т.б. жатады [4, 156]. Байқағанымыздай, бұл қағидаға сүйенсек, пунктуация ұғымына біздің үйренген нүкте, үтір, сызықша т.т. дәстүрлі шартты белгілерден басқа да белгілер енеді екен.

Лингвистикалық тұрғыдан сипаттағанда пунктуация кешенді, көп аспектілі нысандардан тұратын, зерттеу үшін синтаксис, семантика, стилистика және т.б. категориялар қатысатын лингвистикалық пән есебінде қарастырылады [5, 47]. Жазбаша мәтіннің тілдік (вербалды) және тілдік емес (бейвербалды) тәсілдер арқылы ұйысуын зерттейтін тіл білімінің жеке саласы «параграфемика» (Э.Хамптың термині) деп аталады. Лингвистикалық еңбектерде «параграфемика» түрліше сараланған. Бірқатар зерттеушілер оны вербалды және бейвербалды белгілердің синтезінен пайда болатын, ақпаратты беруде осы белгілердің өзара қарым-қатынастарына негізделетінін көрсетсе, енді бірқатар зерттеушілер мәтіннің бейвербалды элементері саналатын паралингвистиканың бөлімі ретінде қарастырылады. Яғни, параграфемика семиотика мен лингвистиканың ара-жігінде тұрған ғылым саласы ретінде сипатталады.

Пунктуацияны сипаттауда терминологиялық аппаратта «параграфемика» ұғымы жиі қолданылады. Параграфемика жазбаша мәтіндегі (қолжазба мен баспа) ақпаратты жеткізетін бейвербалды тәсілді зерттейді. Параграфемикаға енетін семиотикалық бірліктерге әріптік емес (сөздік емес) белгілер мен суреттер, әріптер мен сөздерді жазу тәсілдері, бейнелеу құралдары (фотографиялар, суреттер, символдар, кестелер, графикалар және т.б.), сандар, пунктуациялық белгілер (тар мағынада) жатады. Параграфемика мәтіннің көзге көрінетін сыртқы сипатын

ұйыстырады. Сонымен қатар мәтіннің коммуникативтік-мағыналық ұйысуын талдау барысында параграфикалық құралдардың мәтіннің ішкі құрылысын айқындауда да ерекше маңызды екеніне көз жеткізуге болады.

Жазбаша мәтінде «параграфика» немесе «параграфем» деген атаулар қолданылады. Параграфикалық құралдар ақпаратты анық жеткізу, мәтіннің коммуникативті экспрессиясын көрсету үшін қолданылады. Ол өз ішінен авторлық және редакциялық-басылымдық параграфикалық элементтер болып бөлінеді. И.Э. Ключанов мәтіндегі параграфемдік элементтердің құрылымы мен қызметіне талдау жасай келіп, мәтіннің параграфемдік элементтері тілдің графемдік жүйесімен қатар қолданылатынын ескертеді [6]. Зерттеуші параграфикалық элементтер тілдің дыбыстық нұсқасымен сәйкес келсе, толықтай еркін болатынын, ауызекі белгілерге сәйкес келсе, сол кездегі жағдайға тәуелді болатынын айтады.

Мәтіннің параграфемдік элементтері тілдік белгілерге де байланысты болады. Ол икондық немесе символдық белгілерге тәуелді. Мәтіннің параграфемдік элементтерін екі топқа жіктеуге болады: бірқатар параграфемдік элементтердің ауызекі сөйлеумен ешқандай байланысы болмайды, дыбыстық репрезентацияға түспейді. Ал енді бірқатар параграфемдік элементтер – сигналдар сөйлеудің парпросодиялық ерекшелігін білдіреді, қабылдау барысында ауызекі сөйлеумен тығыз байланысы байқалады.

Параграфемика мәтін ұйымдасуының сыртқы, бейвербалды тәсілдерін зерттейді. Осы тұрғыдан алғанда, зерттеушілер арасында параграфемиканың қызметі, параграфикалық бірліктердің ақпарат жеткізетін басқа тәсілдерден ерекшелігі болмауына байланысты түрлі талас тудырды. Соның салдарынан «параграфемика» ұғымы лингвистикалық терминдер жүйесіне еніп, қалыптана қоймады. «Параграфемика» ұғымы да мәтіннің графикалық моделін нақтылауды, қосымша түсіндіруді қажет етеді. Осыған байланысты Н.Л. Шубина «метаграфемика» атауын ұсынады [7]. Зерттеуші метаграфемиканы мәтіннің мағыналық және ақпараттық ұйысуына қатысатын тілдік және тілдік емес (бейвербалды) белгілер мен құралдар енетін қосымша және көмекші семиотикалық жүйе ретінде сипаттайды. Н.Л. Шубина метаграфикалық белгілерді «синграфемика», «супраграфемика», «топографемика» ұғымдарымен байланыстыра отырып, әрқайсысының өзіндік ерекшелігін көрсетеді: синграфемикада тар мағынадағы пунктуацияның қызметін қарастырылады; супраграфемикада «екінші қатардағы бірліктер» сипатталады: бос орын, курсив, сиректегіп теру, шрифт құбылту және т.б.; топографемикада мәтін синтагматикасының жазықтық құралдары көрсетіледі.

Сонымен, қазіргі тіл білімінде «пунктуация», «параграфемика» және «метаграфемика» атаулары жарыса қолданылып келеді. Бұл – тіл біліміндегі осы саланың метатілі әлі қалыптана қоймағанының көрінісі. Бұл орайда «пунктуация» атауы эмбебап термин ретінде қолданылса, параграфемика жеке лингвистика шеңберінде қабылданған термин, метаграфемика нақты бір зерттеуге бағытталған концепциялық-авторлық термин ретінде көрінеді.

Сондықтан пунктуацияның мәртебесін анықтау үшін оның тілдегі функционалдық міндетін де нақтылау қажет. Пунктуация арнайы семиологиялық жүйе ретінде немесе графикалық жүйенің бөлшегі ретінде қарастырылады. Бүгінгі таңда пунктуация түрлі қырынан: формалды, синтаксистік, семантикалық, стилистикалық тұрғыдан зерттеліп келеді. Мәтіндегі тыныс белгілердің қызметі автордың өз ойын жеткізудегі жаңа ізденістерімен, коммуникативті-прагматикалық міндеттерімен ғана шектелмейді, сондай-ақ тілдік жүйенің өзіндік эволюциялық үдерістерімен де тығыз байланысты болады. Н.Д. Арутюнова пунктуацияның мәтіндегі қолданысын, жазушының шеберлігін былайша сипаттайды: «Тіл өзінің ұлттық ерекшелігімен жазушының иелігіне түседі, яғни, одан көркем мәтін құралады. Онда екі қағиданың біреуі үстемдік алады: тілдің бағынуы немесе тілге бағыну. Классикалық үлгідегі жазушы тілді басқарады, оны өңдейді, оның мүмкіндіктерін кеңейтеді. Ол хаосты ретке келтіреді. Ол – ие. Көркем мәтін тудырудың тағы бір тәсілі бар: тілдің арнайы қырларына стиль тудыратын қызмет беру. Оған Ф.М. Достоевскийдің шеберлігі бірден-бір мысал бола алады. Жазушы оған идеологиялық және стилистикалық мағына үстеген» [8, 33].

Л.У. Арапиева пунктуациялық жүйе сөйлеуді дәлме-дәл көрсету (бейнелеу), синтаксистік қатынастарды нақтылау; стилистикалық реңкін көрсету үшін қолданылатынын айтады [9, 3]. Л.У. Арапиева пунктуацияны жеке формалды жүйе емес, семиологиялық релевантты құрал ретінде сипаттайды. Сонымен қатар А.А. Зализняк еңбектерінде пунктуация жазбаша мәтінді мүшелуу үшін қызмет ететін әліпбилік емес графемдер жүйесі ретінде сипатталады [10].

Бүгінгі таңда ағылшын тілінің пунктуациясын сипаттауға арналған зерттеулерде пунктуация «ауызекі сөйлеуге тән синтаксистік-семантикалық және стилистикалық ерекшеліктер мен реңктерді

жазбаша түрде бере алатын құрал ретінде маңызды мәнге ие семиологиялық жүйе» ретінде көрсетілген [10, 3]. Француз тілінің пунктуациясын зерттеген Л.Г.Веденина пунктуацияны мәтінді рәсімдеу ережелері ретінде сипаттайды [4]. Яғни, пунктуацияны фразаның мағынасын сегменттерді мүшелеу жолымен нақтылауға арналған құрал ретінде қарастырады. Нәтижесінде «жазба тілде пунктуациялық белгілерді қолданбаса да болады» деген тұжырым жасайды. Зерттеуші пунктуацияны фразаның интонациясымен байланыстырады: «Пунктуация белгілері үзіліске сәйкес келеді, кейде пунктуациялық белгі фразаның әуенінің өзгеруіне де сәйкес болады» [4, 9]. Ғалым лингвистикалық тұрғыдан алғанда, пунктуацияны жазбаша мәтіндегі тілдік белгілерді көшіретін құрал ретінде қарастырған жөн. Осыған байланысты пунктуация семантика, синтаксис, стилистика және сөздің интонациясымен байланыста болып, түрлі мәнге ие болады. Пунктуацияның стилистикалық мақсаты – ақпаратты жеткізу құралын үнемдеу, екпінін айқын етіп айту, ақпараттың көлемін ұлғайту.

Лингвистикалық және тілдік-әдістемелік еңбектердің бәрінде де пунктуация жүйе ретінде сипатталады. Алайда осы жүйенің элементтері ретінде біресе тыныс белгілер, біресе осы белгілерді реттеп отыратын ереже танылып жүр. «Орыс тілі сөздігінде» пунктуация «тыныс белгілерін орналастыру жүйесі» ретінде сипатталады. Пунктуацияның ауызша сөйлеумен арақатынасын зерттеп, оны ерекше жүйе ретінде қарастырған еңбектер де бар [11, 239]. Н.С. Валгинаның еңбектерінде пунктуацияның жүйелілік сипаты қарастырылған. Зерттеуші «пунктуацияға сәйкес жүйелілік – пунктуацияның екі қырлы қызметінің маңыздылығы көрнекі түрде көрінетін сапа: «жазушының пунктуациясы» (мағынадан белгілерге бағыттылық) және «оқырманға арналған пунктуация» (белгі арқылы мағынаға бағыттылық). Мұнды әңгіме мәтінді белгі арқылы кодтау және қайта кодтау туралы болып отыр. Жазушы мен оқырман үшін белгілерге ие мағыналар сәйкес болғанда (толықтай немесе жуық), екі үдеріс жүреді. Нәтижесінде белгілер бірдей позицияда бірдей сапаны заңды және тұрақты түрде көрсетуі керек» [12, 7]. Сызба белгілердің жүйелілік сипаты туралы идеясын ұстана отырып, Б.Ю. Норман олар «графикалық бірліктердің (сөздердің, сөйлемдердің, абзацтардың) арасына бос аралықтар қалдырып, екі мақсатта: бөліну (шектеу) және белгілеу үшін жұмсалады» [13, 333]. Б.С. Шварцкопфтың монографиясында пунктуация біршама жүйелі, дәлелді түрде талданған [14]. Зерттеуші пунктуациялық жүйенің ішкі ұымдасуының басты принциптері мен құрылымын сипаттап, пунктуациялық белгілер мен сызбалардың қызметін нақтылайды. Пунктуацияны «жазбаша (және баспа) мәтіннің графикалық ұйысуы ретінде сипаттайды [14, 120].

Пунктуация – мәтіннің бейвербалды компоненті, яғни пунктуация – жазба коммуникацияда қолданылатын қосымша семиотикалық (бейвербалды) жүйе. Жазу тілдік жүйе – сөйлеу қызметі – тілдік материалға негізделеді. Яғни, жазба тіл тілдік жүйеге, жазба сөз сөйлеу қызметіне, жазу тілдік материалға сәйкес келеді [15, 42]. Семиотикалық тұрғыдан алғанда, жазба тіл – оптика-графикалық субстанцияны қолдана отырып, дыбыс тілін белгілейтін код. И.Гельб жазуды «шартты түрде көрінетін таңбалардың визуалды интеркоммуникация жүйесі, жоғары дәрежедегі корреляцияда естілетін сөздерді білдіретін таңбалар (графема, лого-/силлабограммалар) және параграфикалық әдістер, төменгі дәрежедегі корреляцияда естілетін сөздер – тыныс белгілері, математикалық нотация, картографикалық әдістер, нота жазбалары, шифр, стенография, шрифт» түрінде сипаттайды [16, 330].

Пунктуация әу баста жазбаша мәтінді мағыналық жіктерге бөлу қажеттігінен пайда болды. Сондықтан ол жазба тілдің синтаксистік құрылысымен тығыз байланысты. Жазудың өзіне тән басты ерекшелігі ретінде тұрақтылықты атауға болады. Тұрақтылық жазу кодының түп негізін анықтайды. Соның негізінде норма қалыптасады. «Норма деп тану үшін «әлеуметтік бағалау», яғни сол тілде сөйлейтін қалың жұртшылықтың «дұрыс не дұрыс емес, жағымды, әсем не жағымсыз, орынды не орынсыз» деген танымы, бағасы болуы керек. Нормалылық танымына тұрақтылық (стабильность), дәстүрлілік, көпшілікке біршама ортақтық белгілер де кіреді. Бұлар – тілдегі нормалылықтың әлеуметтік категория ретіндегі белгісі. Сөйтіп, жүйелілік, реттілік болып танылатын норма – тілдің барлық көрінісінде, яғни қолданысының барлық түрінде орын алатын тілдік, әлеуметтік категория. Тілдік норма дегеніміз – көпшіліктің қатынас құралы ретіндегі тілдің қолданысында оның әлдеқайда орныққан, дәстүрлі құралдары, амал-тәсілдері, тәртіптері; норма – тіл-тілдің қай-қайсысының да даму (қызмет ету) кезеңдерінің баршасына тән құбылыс» [17, 37].

Жазба тіл қоғамдық тәжірибені ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отырады. Сол себепті ол стиль қалыптастырушы, норма қалыптастырушы қызмет атқарады. Қоғам дамуына байланысты таңбаның білдіретін мәні күрделеніп, мазмұн межесі сан жағынан да, сапа жағынан да жетіліп отырады. Қоғам дамуымен байланысты тілдегі өзгеріс, жаңалықтар мәтіннің пунктуациялық жағынан безендірілуіне де белгілі бір дәрежеде ықпал етіп жатады. Тыныс белгілер, бір жағынан, тілдегі қалыптанған

нормаларға сүйене отырып, тұрақты сипатқа ие болса, автор дiттеменi сәйкес, қоғам дамуына, тiлдiң синтаксистiк құрылысындағы өзгерiстерге байланысты да өзгерiп, дамып отырады. Пунктуациялық норма жазушы не оқырманды тыныс белгiнi дұрыс қоюға немесе дұрыс оқуға мүмкiндiк бередi. Орфографиялық норма мен пунктуациялық норма бiр-бiрiмен тығыз байланысты. Әрқайсысында түрлi белгiлер қолданылғанымен, тiлдiк жүйесi мен коммуникативтi нормасы өзара сәйкес келедi. Семиотикалық тұрғыдан алғанда, тыныс белгiлер жүйесi мәтiннiң дұрыс түсiнiлуi, жақсы қабылдануы үшiн қызмет етедi. Жазушы оқырманның негiзгi ойды дұрыс түсiнуi үшiн тұтас мәтiндi параграфтарға, абзацтарға, тарауларға бөледi. Сол арқылы түйiндi ойларын мазмұнына қарай жүйелеп, жiктейдi. Жазу жүйесiндегi әр таңба өзiндiк қызмет атқарғанмен, бiрлесе, қатар қолданыла отырып, кешен түзедi. Ақпарат жеткiзушi сурет пен жазуды, карта, схема, фото, символдарды қатар қолдану арқылы ойын жеткiзе алады. Пунктуацияның күрделiлiгi мен көп өлшемдiлiгi белгiлердiң парадигмалық және синтагмалық қатынастардан көрiнедi. Парадигмалық тұрғыдан, пунктуациялық белгiлер бөлину (немесе белгiлеу), модальдi сипаттама, белгiлердiң кеңiстiкке бағыттылығына байланысты т.б. өзара қарама-қарсы сипатта болады. Синтагмалық тұрғыдан алғанда, тыныс белгiлер бiр-бiрiмен тығыз байланысты, мысалы: үгiр+сызықша, леп белгiсi + көп нүкте, леп белгiсi + сұрақ белгiсi, сызықша + сызықша + сызықша және т.б.

Сонымен, лингвистикалық бiлiмдер жүйесiндегi пунктуацияның қызметi түрлiше сипатталып келедi. «Пунктуация» сөзiнiң өзi түрлiше сипатталып, семиотикалық кодтың өзiндiк ерекшелiгi толыққанды ашыла қоймады, сол себептi тыныс белгiлердiң қызметi жан-жақты сараланып, жiктелмеген. Қазақ тiлi дамуының жана кезеңiндегi демократия, экспрессивтiлiк, инновациялық үдерiстердiң кең қанат жаюы пунктуация жүйесiне де ықпал еттi. Пунктуацияның функционалды аспектiсi мәтiндегi тыныс белгiлер қойылысының пунктуациялық нормалармен қаншалықты сәйкес келетiнiн, автор (адресант) қолданысы мен оқырман (адресат) қабылдау деңгейiн сипаттауға мүмкiндiк бередi. Көп жағдайда тыныс белгiлердiң қойылысында қабылдаушы ұстанымы негiзге алынғанмен, мәтiн түзу барысындағы автор ұстанымы ескерiле бермейдi. Белгiлi бiр жанрға тән мәтiндердегi тыныс белгiлердiң қызметi, автордың тыныс белгiлердi қоюдағы өзiндiк ұстанымы, тыныс белгiлердi қалыптанған нормаларға сәйкес қою не одан ауытқу мәселелерi осы уақытқа дейiн арнайы зерттеу нысаны болған емес. Бүгiнгi таңда газет-журнал тiлiндегi, жарнамалардағы олқылықтарды зерттеу қазақ пунктуациясының функционалды аспектiсiн сипаттауға жол ашары анық.

*Пайдаланылған әдебиеттер тiзiмi:*

- 1 Тiл бiлiмi сөздiгi. Жалпы ред. басқарған Э.Сүлейменова. – Алматы: Ғылым, 1998. – Б.304-305.
- 2 Лингвистический энциклопедический словарь. – М.-Л., 1990. – 40 с.
- 3 Реформатский А.А. О перекодировании и трансформации коммуникативных систем // Исследования по структурной типологии. – М.: Наука, 1963. – С.207-215.
- 4 Веденина Л.Г. Французская пунктуация и ее роль в построении предложения. Дисс. ... докт. филол. наук. – М., 1980. – 311 с.
- 5 Ляпон М.В. О значении запятой при расчленении составного союза // Современная русская пунктуация. – М.: Наука, 1979. – С.49-60.
- 6 Клюканов И.Э. Структура и функции параграфных элементов текста. Автореф. дис. канд. филол. наук. – М., 1990. – 17 с.
- 7 Шубина Н.Л. Пунктуация в коммуникативно-прагматическом аспекте и ее место в семиотической системе русского текста. Дисс. ... докт. филол. наук. – М., 1999. – 268 с.
- 8 Арутюнова Н.Д., Падучева Е.В. Истоки, проблемы и категории прагматики//Новое в зарубежной лингвистике. – М.: Прогресс, 1985. – Вып. 16. – С.3-42.
- 9 Арапиева Л.У. Теория и практика системы знаков препинания в современном английском языке: автореф. дисс. ... канд. филол. наук. – М., 1985. – 23 с.
- 10 Зализняк А.А. О понятии графемы // Valcarlos: Лингвистические исследования. – М., 1979. – С.134-152.
- 11 Николаева Т.М. Коммуникативно-дискурсивный подход и интерпретация языковой эволюции//Вопросы языкознания, 1984. – №3. – С.111-118.
- 12 Валгина Н.С. Трудные вопросы пунктуации: Пособие для учителя. – М.: Просвещение, 1983. – 176 с.
- 13 Норман Б.Ю. Начертательная (письменная) форма//Общее языкознание. – Минск: Вышэйшая школа, 1983. – С.325-334.
- 14 Шварцкопф Б.С. Современная русская пунктуация: система и ее функционирование. – М.: Наука, 1988. – 189 с.
- 15 Зиндер Л.Р. Очерк общей теории письма. – Л., 1987. – 113 с.
- 16 Гельб И. Опыт изучения письма. – М.: Радуга, 1982. – 366 с.
- 17 Сыздықова Р. Көптомдық шығармалар жинағы. Тiлдiк норма және оның қалыптануы. – Алматы: Елшежер, 2014. – Т.8. – 290 б.

Т.Н. Ермакова<sup>1</sup>, Г.А. Ескермесова<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup>Казакский государственный женский педагогический университет,  
г. Алматы, Казакстан

## ПУНКТУАЦИЯ В СИСТЕМЕ ЛИНГВИСТИЧЕСКИХ ЗНАНИЙ

### Резюме

В современной лингвистике понятия «пунктуация», «параграфемика» и «метаграфемика» употребляются часто. Это признак того, что метаязык в отрасли языкознания все еще недостаточно развит. В связи с этим, понятие «пунктуация» используется как универсальный термин, параграфемика используется только в рамках индивидуальной лингвистики, а метаграфемика используется как концептуально-авторский термин, направленный на изучение конкретного исследования.

В современном лингвистическом сознании понятие «пунктуация текста» исследует организация структур внешних и невербальных способов параграфемического текста. С этой точки зрения, среди исследователей вызвало множество споров в отсутствие особенности подходов различных параграфических единиц информации и деятельности параграфемики. В результате понятие «параграфемика» вошла в систему лингвистических терминов, но не сформировалась.

Понятие «Параграфемика» требует уточнения графической модели текста, дополнительных пояснений. Поэтому для определения статуса пунктуации нужно определить функциональные обязанности в языке.

**Ключевые слова:** пунктуация, типографическая пунктуация, семиотика, знаки препинания, графика, супраграфемика, параграфемика, метаграфемика

T.N. Yermekova<sup>1</sup>, G.A. Yeskermessova<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup>Kazakh State Women's Teacher Training University,  
Almaty, Kazakhstan

## THE PUNCTUATION IN SYSTEMS OF LINGUISTIC STUDIES

### Summary

The terms 'punctuation', 'paragraphemic' and 'metafreemics' are varieties using in modern linguistic. This is a manifestation of the lack of metatolism in this area of linguistics. In this case, the term "punctuation" is used as a universal term, the term paragraph as a term within individual linguistics is interpreted as a conceptual-authoritative term aimed at a particular study of metaphors.

In modern cognitive linguistic the concept of punctuation analyze the paragraphs external, nonverbal methods of text organization. From this point of view, the parapetical activity of researchers has caused various controversy in the absence of distinctions between the paragraph units and other information. As a result, the notion "paraphrase" has entered the system of linguistic terms. The notion "paraphrase" also requires clarification of the graphic model of the text, additional clarification.

Therefore, it is necessary to clarify the functional function of the language in order to determine the status of punctuation.

**Keywords:** punctuation, typographical punctuation, semiotics, punctuation marks, graphics, supragraphics, paragraph, metagraphics

FTAXP 16.21.21

Г.Т. Ерсұлтанова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,  
Алматы қ., Қазақстан

## ТІЛДІК ТҰЛҒА ҰҒЫМЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ

### Аңдатпа

Соңғы кездері тіл білімі саласында ғана емес өзге тілге қатысы бар салалардың қызығушылығын тудырып, қалыптасып және дамып келе жатқан жаңа бағыттың бірі «тілдік тұлға» мәселесі болып табылады. Жаңа лингвистикалық парадигмада алдыңғы қатарға семантикалық тіл кеңістігін айқындайтын «тілдік тұлға» ұғымы басты орынға шықты. Тіл табиғатын зерттеудің кешенді сипатының тиімділігі мәтін және дискурс тілін зерттеуде көрінеді. Мәтін мен дискурс – лингвистиканың негізгі нысаны. Ал мәтін авторының тілдік тұлғасын

анықтауға септігін тигізетін тіл мен таным сабақтастығы тіл иесіне қатысты біртұтастықта алынған зерттеу. Бұл зерттеу “тілдік тұлға” мәселесімен тығыз байланысты, ал тілдік тұлға өз кезегінде “әлемнің тілдік бейнесі” теориясымен сабақтасады. Бұл мақалада тілдік тұлға ұғымының қалыптасу және даму тарихымен қатар, құрылымдық мәні қарастырылады. Мақалада «тілдік тұлға» ұғымы жан жақты талданып, оның категориялары, типологиясы және деңгейлері қарастырылады.

**Түйін сөздер:** тілдік тұлға, мәтін, әлемнің тілдік бейнесі, курс

Адамзат қоғамында болып жатқан алуан түрлі өзгерістер мен жаңарулардан тіл де тыс қалмақ емес. Осымен байланысты қазіргі ғылымда орнығып келе жатқан антропоцентристік бағыт дәстүрлі құрылымдық лингвистикадан бөлек адам факторын түпқазық етіп алған білімнің жаңаша сипаттағы бірнеше саласы қатар дамып келеді. Олар: когнитивті лингвистика, әлеуметтік лингвистика, психолингвистика, лингвостилистика, т.б. [1, 7].

Когнитивті лингвистикада тіл мен таным бірлікте қарастырылады. Яғни тіл мен таным сабақтастығы тіл иесіне қатысты біртұтастықта алынады да, *тілдік тұлғаны* анықтауға негіз береді.

Жалпы алғанда, құрылымдық тіл білімінде тіл – дүниетанымның құралы, ойлаудың ұғым, түсінік, пайымдау тәрізді түрлерінің объективтенуі деп сипатталатыны белгілі. Осыған орай тілдік жүйенің құрылымына тереңдеп барудың, ұлттық тілдің табиғатын шынайы танудың бір жолы – тілдік таңбаларды, оны құрайтын элементтерді, олардың мазмұндық жағы мен тұлғалық жағын тілдің өз заңдылықтары негізінде қарау болса, екінші жолы – оларды тілдік емес мәнділіктермен, яғни ақиқат өмір, ойлау, танымдық тұрғыда бір бірімен тығыз байланыста қарау болмақ [2, 11].

Кез келген мәтін негізгі элементтерінің бірі, автордың негізгі құралы – тіл. Ал тіл тек ойды білдірудің құралы, я оның тікелей құрылысы емес. Тіл – ең әуелі сол ойды әр ұлттың өзіндік танымына ғана тән, мындаған жылдар бойына дарытқан дүниетанымдық негізде құрап беруші құрал [2, 13].

Кез келген автордың табиғатын жан жақты тану тіл білімінде қалыптасып және дамып келе жатқан жаңа бағыттың бірі «тілдік тұлға» мәселесімен тығыз байланысты. Ол өз кезегінде «ғаламның тілдік бейнесі» теориясымен сабақтасады.

«Тілдік тұлға» ұғымының тарихына көз жүгіртсек, В. фон Гумбольдтың еңбектері тілдік тұлға ұғымын қалыптастыруда маңызды роль атқарды. Тіл мен ойлауды саралай келе, ол ойлауды белгілі бір тілге байланысты болады деген қорытындыға келеді. В. фон Гумбольдт теориясының маңыздылығы ұлттық танымда, және ол өз еңбектерінде «Weltbild» терминін «әлемнің бейнесі» қолданды. Л.Вайсгербер В.фон Гумбольдтың идеясын әрі қарай жалғастырып, «sprachliches Weltbild» терминін «әлемнің тілдік бейнесі» енгізеді. Э.Сепир мен Б.Уорфтың еңбектерін атап өтпеуге болмайды, олар «әлемнің бейнесі» мен «әлемнің тілдік бейнесі» ұғымдарын ашуда өз үлестерін қосты.

Әлемнің тілдік бейнесін зерттеуде Л.Вайсгербер есімімен тығыз байланысты тағы бір жаңа ұғым – «тілдік тұлға» ұғымы қалаптасты. Г.И. Богин «sprachliche Personlichkeit» – «сөйлеуші тұлға» термині Л.Вайсгербер еңбектерінде ең алғаш қарастырыла бастады десе, Ю.Н. Караулов болса тілдік тұлғаны А.А. Шахматов алғаш болып синтаксистік құбылыс пен құрылымды психологиялық тұрғыдан зерттеді дейді. В.В. Виноградов болса К.Фосслер тілдік тұлғаны стилистикалық аспектіде тілді зерттеуді мақсат етеді деп тұжырымдаған.

«Тілдік тұлға» құбылысына ХХ ғасырдың соңғы жылдарынан бастап ерекше назар аударыла бастады. «Тілдік тұлға» мәселесін зерттеуде Воркачёв, 2001; Воробьёв, 1998; Канчер, 2000; Карасик, 2002; Караулов, 1987; Седов, 2000 тілдік тұлғаны адамның сөйлеу қабілетімен байланыстыра отырып, оны шығарма тілін қабылдау мен жасаудың әлеуметтік және жеке тұлғаның сипаттамалық тұтастығы ретінде анықтайды.

Ресей лингвистикасында В.Виноградов тілдік тұлғаны «автор тұлғасы» және «кейіпкер тұлғасы» ретінде қарастырып, екі түрлі ұғымды қалыптастырды [2], А.Леонтьев оны «сөйлеуші тілдік тұлға» ретінде сипаттайды [3]. Г.Богин [4] «сөзді өзі шығарып, айтуға және қабылдауға дайын» адамды тұлға деп қарастырып, оған өзінше анықтама берді. Ол тілдік тұлғаны лингводидактика үшін актуальді моделін ұсынды.

И.Богиннің тілдік тұлға моделі тілді меңгеру деңгейіне қарай жіктелген. «Лингводидактикалық модель» аталатын бұл деңгейлер былайша сипатталады:

1) жеткілікті лексикалық қоры бар, тілдің негізгі құрылымдық заңдылығын білу, белгілі бір нормаға сәйкес пікір білдіре алатын, мәтінді қабылдай алатын деңгейі анықталатын – *түзулік (дұрыстық) деңгейі*;

2) сөйлеу әрекетінің ішкі жоспарына (ойша жасалған) сәйкес сөйлесе алатын, естігенін түсініп, қабылдай алатындай білік-дағдыны анықтайтын – *интериоризация деңгейі (қоршаған орта әсері)*;

3) фонетикалық, грамматикалық, лексикалық нормаларды сақтап, тілдің көркемдегіш құралдарын шебер пайдаланатын қанықтық деңгейі (уровень насыщенности);

4) сөйлесу барысында (айтылымда, пікір білдіруде) қолданылатын тілдік құралдардың қызметіне қарай бағаланатын адекватты (сәйкес) таңдау деңгейі;

5) тілдік тұлға туғызған мәтіннің мазмұнына және коммуникативті міндеттің барлық кешеніне сәйкестігі ескерілген сәйкес синтездеу деңгейі [4, 31].

Дегенмен, тілдік тұлға мәселесін орыс ғалымдары арасында Ю.Н. Караулов кеңінен зерттеп, термин ретінде ғылымға енгізді. Өзінің «Русский язык и языковая личность» атты еңбегінде тілдік тұлға теориясына қатысты тәсілдерді жинақтап, В.В. Виноградов және Г.Богиннің еңбектерінде қарастырылған «тілдік тұлға» ұғымын толықтырды. Ю.Караулов тілдік тұлғаны «мәтін түзіп, қабылдай алатын күрделі тілдік құрылым деңгейі; ақиқат дүниені терең және нақты бейнелей алатын; анық мақсатты бағыты бар адам» деп анықтайды [5]. Ю.Караулов көркем мәтінді тірек ретінде ала отырып, тілдік тұлғаның үш деңгейін атап өтті: 1) вербальды-семантикалық деңгейі; 2) лингвокогнитивтік деңгейі; 3) прагматикалық (мотивациялық) деңгейді көрсетеді [5, 63]. Кейінгі кездері жарық көрген ғылыми жұмыстардың барлығы да осы Ю.Карауловтың деңгейлеріне сүйене отырып, жеке тұлғаның тілдік тұлғасын, тілдік ерекшелігін аша білді.

Ю.Н. Караулов тілдік тұлға құрылымының үш деңгейден тұратынын айтады: а) вербалды-грамматикалық; ә) когнитивтік; б) прагматикалық. Ғалымның пікірінше: «Бұл деңгейлердің әрқайсысы өз бірліктерінің жиынтығымен сипатталады, олар тіл үйрену кезінде қолданылатын барлық бірліктерді қамтиды да, аталған деңгейлердің ерекшелігіне сәйкес бөлініп отырады» [4, 672]. Аталған «деңгейлердің дамуының белгілі тілдік тұлғада көрініс табуы әр түрлі дәрежеде өрістеп, түрлі сипатта көрінеді. Оның шығармашылық танымдық мазмұны дүниетанымдық, мәдени құндылықтар жүйесінен тұрады. Сондықтан тілдік тұлғаны алдымен ұлттық тілдік тұлға деп түсінеміз. Себебі тілдік тұлға табиғаты ұлттық мәдени сатысымен тікелей байланысты» [5, 281-284]. Ал халық лексикасын, ұлттық тіл құралдарын шығармашылықпен қолданатын ақын-жазушыларды ғалым Н.Уәли ұлттық элитарлық мәдени-тілдік типке жатқызады [6, 15]. Ұлттық тілдің лексика-грамматикалық заңдылықтарын меңгеріп, қолдана білуді, әдеби тіл нормаларын ұстануды қамтитын вербалды-семантикалық деңгей тілдік тұлғаға ана тілінде ойлап, сөйлеп, өз ойын түсінікті жеткізе алуға мүмкіндік береді

Тілдік тұлғаға қазіргі уақытта бірнеше бағытта психикалық, әлеуметтік, гендрлік, когнитивтік, жанрлық сипатта талдау жасалынып жүр. Әр сипатта жасалған талдаулар тілдік тұлға құбылысын анықтауда өз үлесін қосып келеді.

Жалпы, тілдік тұлға дегеніміз ұлттық тіл ортасында, ұлттық құндылықтар арасында тәрбиеленген, ұлттық рух пен ұлттық тілді толық меңгерген жеке адам, бүкіл ұлттық болмысты бойына жинақтаған индивид. Тілдік тұлға мәселесіне қатысты шетел және ресей ғалымдарымен қатар, қазақтың тілші ғалымдары да нәтижелі жұмыс атқарып келеді [6].

Тілдік тұлға – адам және оның тілі арқылы танылатын бейнесі. Тілдік тұлғаның қуаты – сөзінен, ойы қоғамдық ісінен көрінеді, ал психологиясы – ұлт перзенті ретінде халқын сүю сезімімен өлшенеді. Тілдік тұлға сипатына ену мақсатты түрде жүзеге аспайды. Оның дамуына қозғаушы күш, яғни ұлттық сезімнен немесе табиғи дарынның қабілетінен туған ішкі жағдайлар әсер етеді.

Филология ғылымдарының докторы А.Ислам тілдік тұлғаны былайша сипаттайды: «Тілдік тұлға дегеніміз – ұлт тілі мен мәдениетінен толық ақпарат меңгерген тілдік-мәдени күзірет иесі. Ол ұлттық, аймақтық, әлемдік мәдениет ақпаратын меңгеруіне байланысты деңгейлерден тұрады. Тілдік мәдениет күзірет иесі (сатылы деңгейіне сәйкес) ұлттық реңктегі тілдік белгілер мағынасын арнайы сараптама көмегісіз жалпы мағынасын түсінуге қабілетті» десе [7], Г.Мұратова: «Өзі меңгерген ұлт тілі мен мәдениетін өзгеге таныта отырып, тілді тұтынушы ретінде әрі тілді жасаушы ретінде, тұтастай алғанда, тіл тарихына (синхронды, диахронды күйіне), тілдің дамуына қандай үлес қосқанын айқындау мәселесі – тілдік тұлға мәртебесін одан әрі бекіте түсетін немесе оның тағы бір қырын, яғни толыққанды тілдік тұлға болмысын ашатын ұстаным болуға тиіс», – дейді [1]. Тілдік тұлға – тілдік дәстүрдің қалыптасуына үлес қоса алатын, өзіндік көзқарасы бар, өз ойын адресатқа жеткізе алатын, өзіне дейінгі тұлғалар қалдырып кеткен байлықты меңгерген, соны иеленіп, өзінше жеке тілдік құбылыстар тудыра білетін тұлға деп түйіндейміз [5, 63].

Тілдік тұлғаның саяси, қоғамдық, психологиялық және т.б. ерекшеліктері оның тұлғалық мінезінің құрылымын түзеді. Адресанттың адресатқа хабар беру қажеттілігі - табиғи болмыстан туған рухани қажеттілік. Бұл қажеттілік табиғи, ұлттық, шынайылыққа ие болмаса, халық санасында тілдік тұлға

ойлары, сөздері жатталып қалмас еді. Қазірдің өзінде хатқа түсіп жатқан әртүрлі шығармаларды өздерін, олардың адресаттарының ойларын халық қабылдай бермейді. Сол себепті тілдік тұлғаға тән қасиет халық көңілінен орын таба білуі шарт. Адамның жалпы интеллектуалдық деңгейі тілдік тұлғаның қалыптасу баспалдақтарының іргетасы болады. Әсіресе, тілдік тұлғаның ақыл-парасаты, өзіндік білім көкжиегін анықтауда когнитивті сипат жетекшілік қызметке ие болады. Тілдік тұлғаның таным позициясы дәстүрлі тілдік талдауларда анық байқала бермейді. «Тілдік тұлға – прототип, сондықтан оның когнитивтік моделі концептілік құрылымы деңгейінен айқын көрінеді. Прототип – типтік бейне, сондықтан ол тілдік мазмұнмен ұштасады, екеуі бірігіп келіп семантика өзегін құрайды» деген зерттеуші Н.Аитованың анықтамасы когнитивті сипатқа негізделген [7, 23].

Тілдік тұлғаның даралық сипатын оның шығармаларының ерекшелігін танытатын мәтіндер негізінде зерттеуге арналған еңбектер қатары көбейе түсуде. Осы тұрғыда тілдік тұлға мәселесі қазіргі орыс тіл білімі мен қазақ тіл білімінде төмендегідей бағыттарда қарастырылып келеді деп шартты түрде белгілейміз: 1) нақты тұлғаның тілін оның когнитивтік және прагматикалық интенцияларын назарға ала отырып талдау; 2) көптеген ғылыми еңбектерде тарихи тұлғалар тілін диахрониялық тұрғыдан сараптау орын алған; 3) бөлек-бөлек мәтіндер негізінде тілдік тұлғаны модельдеуге арналған зерттеулер де пайда бола бастады; 4) шығармадағы кейіпкерлердің тілдік тұлғасын ашу арқылы шығарма авторының тілдік тұлғасына шығуды мақсат тұтқан зерттеулер де кездеседі; 5) тілдік тұлға бойындағы қасиеттерді оның ұлттық болмысына сай қарастырған еңбектер [6].

Тілдік тұлға мәселесін зерттеудегі бағыттар бойынша түрлі көзқарастар қалыптасқан, бірі – тілдік тұлға мәселесіне зерттеуші үш бағытта қарастыра алады дейді:

- а) психолингвистикалық тұрғысынан;
- ә) лингводидактика тұрғысынан;
- б) филологиялық тұрғысынан [8].

Екіншісі – тілдік тұлғаны екі бағытта зерттеу үдерісі бар дейді, бірі – лингвомәдени бағыт, екіншісі – лингводидактикалық бағыт. Осы екі бағыт шеңберінде келесідей аспектілерді қарастыруға мүмкіндік бар: когнитивтік, прагматикалық, коммуникативтік, ұлттық.

Тіл білімінде тілдік тұлға типологиялары айқындалған: *жалпы (полилектная), жеке (идиолектная) тұлға* (В.Нерознак); *этносемантикалық тұлға* (С.Воркачев); *элитарлы тілдік тұлға* (О.Сиротина, Т.Кочеткова); *семиологиялық тұлға* (А.Баранов); *орыс тілдік тұлғасы* (Ю.Караулов); *тілдік және сөйлеу тілі тұлғасы* (Ю.Прохоров, Л.Клобукова); *шығыс және батыс мәдениеті тілдік тұлғасы* (Т.Снитко); *сөздік түзілімінің тілдік тұлғасы* (В.Карасик); *эмоциятанушы тілдік тұлға* (В.Шаховский) және т.б. [3, 23].

Тілдік тұлға – құрылысы күрделі құбылыс. В.А. Маслованың көрсетуінше, тілдік тұлғаға мынадай компоненттер енеді: 1) құндылық, дүниетанымдық, тәрбие мазмұны компоненті, яғни құндылықтар жүйесі және өмірдің мәндері; 2) мәдениеттану компоненті, яғни тілге деген қызығушылықтың тиімді құралы ретінде мәдениетті игеру деңгейі; 3) жеке тұлғалық компонент, яғни, әр адамда бар терең жекелік қасиеттері.

Тілдік тұлғаны түсіндіруге бірнеше бағытта келу үрдісі қалыптасқан:

1) тілдік тұлға болып табылатын жеке адам қалыптасуының негізгі жүйелерін анықтау (тегі, өмір сүрген ортасы, әдеби және тілдік, ұлттық-мәдени ықпал және т.б.);

2) жеке адамның тілдік тұлғалық болмысын құрайтын жеке қасиеттерін танытатын ерекшеліктерді көрсету, яғни оны өз бетінше білім алу, өзін-өзі жетілдіру, тәрбиелеу, өз тілдік тәжірибесін ұрпақтарына мұра етіп қалдыруда жеке жауапкершілігін сезіну, білім дағдыларын игеру, шеберлік дағдыларын меңгеру, игерген білімдері мен тәжірибесін болмысты өзгерту үшін қолдану т.б. қасиеттерден тұратын күрделі, көпсатылы зерттеу нысаны ретінде оның тілінің ассоциативтік-вербалдық, лингвокогнитивтік, прагматикалық деңгейлерін сипаттаудан тұратын деңгейлік талдау арқылы қарастыру қажет екені айқындалды [2].

Адам танымы адамға ғана тән психикалық бейненің ең жоғарғы формасы болып табылады. Соның негізінде *тілдік сана* ұғымы адам мен әлем қарым қатынасының реттеуші механизмі ретінде қарастырылады. Тілдік тұлға феноменін қалыптастырушы болып табылатын тілдік сана ұғымы. Тілдік тұлға құрылысының вариативті компоненттері белгілі бір қауымның тілдік санасының шындықты бейнелеуінің сипаты мен тәсілдеріне тәуелді болады. Ол ойлау әрекетіне қарай саяси, ғылыми, тұрмыстық, таптық сана, субъектінің шығу тегіне қарай әлеуметтік, қоғамдық, жеке және топтық сана, сананың негізіндегі басымдылық принципі бойынша глобальдық, демократиялық, прогрессивтік, реакциялық болып жіктеледі.



Лингвистика тілдік тұлға мәселесін мәтін және дискурс арқылы қарастырады. Қазіргі лингвистикалық әдебиеттердегі дискурс ұғымы мәтінді түсінумен тығыз байланысты [1].

Тілдік тұлғаны зерттеуге қатысты жазылған еңбектердегі дискурстың сипатталуы бойынша: «Дискурс деңгейінде *мәтін түзуші – мәтін – мәтінді қабылдаушы (сөйлеуші – сөз – тыңдаушы)* – үш жақтың байланыстылығы мен бірлігі (бір-бірін түсіну, қабылдау) үрдісі жүзеге асырылады. Демек, дискурс жеке тұлғаның тіл әлемін (оған тұлғаның тілдік өресі, белгілі бір дүниетанымдық білім аясы енеді) танытатын кеңістік» [3, 6], – болып табылады [4].

Тілдік тұлғаның қалыптасуына мынадай алғышарттар болуы тиіс: 1) ұлттық тәрбие (отбасылық тәрбие); 2) ұлттық тілдегі өлшемдер (қабылданған, қабылданбаған құндылықтар); 3) мәдени ақпарат (салт-дәстүр, әдет-ғұрып); 4) рухани сана (дін қағидалары); 5) үлгі тұтатын тұлғалар (Абай, Шоқан т.б.); 6) озық білім жүйесі; 7) тектілік интеллектісі. Міне, осы қасиеттерді бойына жинаған индивид, саналы адам дәрежесінен тұлға, одан әрі тілдік тұлға дәрежесіне көтеріле алады. Тілдік тұлғаның өзінің болмысына сәйкес қалыптастырған, енгізген сөз саптауы, көзқарасы эталондық сипат дәрежесіне көшеді де оның тілі зерттеу арқауы бола бастайды. Бұл көбіне тілдік тұлғаның дәстүрлі вербальды-семантикалық деңгейінде байқалады [9].

Қорыта келгенде, тілдік тұлға дегеніміз жеке адамдарға ұқсамайтын, өзіндік ерекше қасиеті бар, әлеуметке әсер ете алатын, өз ұлтының тілін негізгі сөздік қорын шебер пайдаланушы, сол тілде жаңа сөз өрнектерін қалыптастырушы, ұлт мәдениетінің және дүниетанымының ақпаратын жоғарғы деңгейде толық меңгерген тілдік мәдени күзінет иесі. Антропоэзектік бағытта ұлттық мәдени құндылық ретіндегі ұлттық ділді, ұлттық тілдік мұраны, ұлттық психологияны терең меңгерген жеке тұлғаны зерттеу арқылы әлемнің тілдік бейнесін ашуда түрлі тұжырым жасауға мүмкіндік туады. Әр мәтіннің соңында тілдік тұлғаның тұрғаны белгілі. Кейінгі кездері зерттеу жұмыстарына негіз болып келген тілдік тұлға ұғымы кейіпкер мен жазушы тілдік тұлғасы, автор мен аудармашы тілдік тұлғасы арасындағы айырмашылығы мен толық шешілмеген мәселелері барқарама-қайшылықты құбылыс.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

- 1 Есенова Қ. *Қазіргі қазақ медиа-мәтіннің прагматикасы.* – Алматы, 2007. – 432 б.
- 2 Қожажаметова Ф. *Т.Ізтілеуовтың тілдік тұлғасының дискурстық сипаты: филол. ғыл. док. ... дисс.: 10.02.02.* – Алматы, 2004. – 303 б.
- 3 Мұратова Г. *Абайдың тілдік тұлғасы: филол. ғыл. док. ... дисс.: 10.02.02.* – Алматы, 2009. – 303 б.
- 4 Ермекова Ж.Б. М. *Жұмбабаевтің тілдік тұлғасы: филол. ғыл. канд. ... дисс.: 10.02.02.* Алматы, 2010. – 141 б.
- 5 Караулов Ю.Н. *Предисловие. Русская языковая личность и задачи ее изучения. Язык и личность.* – М.: Наука, 1989. – 263 с.
- 6 Маслова В.А. *Лингвокультурология: учебное пособие.* – М.: Академия, 2001. – 208 с.
- 7 Әділбекова Л.М. *Антропоэзектік зерттеулерде «тілдік тұлға» мәселесінің зерттелуі // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы «Филология ғылымдары» сериясы. – №3(53), 2015. – Б.23-27.*
- 8 Kushkimbayeva A.S., Tumbolova A.O. *Precedent texts as the basis of a pragmatic level of M.Auezov» linguistic personality // The Recent Trends in Science and Technology Management.* – L., 2013, may 9-10. – P.150-162.
- 9 Кушкимбаева А.С. *М.Ауезовтың тілдік тұлғасы: филол. ғыл. док. ... дисс.* – Алматы, 2015. – 156 б.

*Г.Т. Ерсултанова<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Казахский национальный педагогический университет им. Абая,*

*г. Алматы, Казахстан*

## **ИСТОРИЯ ФОРМИРОВАНИЯ ФЕНОМЕНА «ЯЗЫКОВАЯ ЛИЧНОСТЬ»**

### *Резюме*

В статье рассматривается проблема толкования термина «языковая личность» в исторической ретроспективе. Особое внимание уделяется анализу существующих классификаций изучаемого феномена. Делается вывод о необходимости дальнейшей систематизации знаний по данному вопросу. В статье также рассматривается категория, типология языковой личности, и уровни языковой личности. В последнее время понятия «языковая личность» одна из самых обсуждаемых понятий не только лингвистики, но и других сфер науки. Статья посвящена одному из центральных терминов антропоцентрической лингвистики. Автор рассматривает трактовку данного термина в работах основателей теории языковой личности, анализирует различные варианты его понимания в трудах их последователей. Термин «языковая личность» успешно закреплен в современной лингвистике. Обилие его толкований демонстрирует как развитие многозначности, так и тенденцию к устранению нежелательной для научной терминологии полисемии. Рассмотренные в нашей статье типологии языковых личностей имеют большое значение не только для описания речевого поведения языковой личности, но и для дальнейшей систематизации накопленного по данной проблеме опыта.

**Ключевые слова:** языковая личность, текст, языковая картина мира, дискурс

G.T. Yersultanova<sup>1</sup>  
<sup>1</sup>Abai Kazakh National Pedagogical University,  
Almaty, Kazakhstan

## THE HISTORY OF FORMATION OF THE PHENOMENA LINGUISTIC PERSONA

### Summary

The article deals with the concept of linguistic personality which is the most discussed and researched themes nowadays in not only linguistics but also in other fields of science which is relevant in linguistics today. The article discusses several approaches of defining linguistic personality, typology of language persona, categories and levels of linguistic persona. Nowadays there are new sciences like psycho-linguistics, cognitive linguistics, para-linguistics and new concepts in linguistics due to anthropocentric view, we don't just research language for itself, we connect it to different branches of science. Since we study the language with the connection, there are some advantages to study the language of text and discourse. The importance of such research we can define the linguistic personality of an author. Such research is tightly connected with the concept 'linguistic personality', moreover the mentioned concept is related to the theory 'linguistic picture of the world'. The article deals with the structural importance of linguistic personality.

**Keywords:** language personality, text, language picture of the world, discourse

FTAXP 16.21.27

Қ.Ө. Есенова<sup>1</sup>  
<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,  
Алматы қ., Қазақстан

## ЛИНГВОСАЯСАТТАНУ ПӘНІНІҢ НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАРЫ

### Аңдатпа

Мақалада тіл біліміндегі жаңа сала – лингвосаясаттанудың зерттеу нысаны мен мақсаты, әдіс-тәсілдері сөз етіледі. Қазіргі тіл білімінде ұғымдық аппараты ортақ бірдей әдіс-тәсілдерді қолданатын шектес салалар көп екені белгілі. Бұл бір жағынан, кейбір терминдерінің өзге ғылым салаларынан ауыс келгенімен байланысты болса, екінші жағынан, аралық салаларының толық қалыптасып бітпегенін көрсетеді. Лингвосаясаттану саласындағы зерттеулерді бір арнаға тоғыстыратын нәрсе – зерттеу материалы десек болады: саясат тілі, саяси мәтіндер және саяси дискурс әлі күнге бұл бағыттың әдіснама мен технологиясы қалыптасты деуге келмейді. Дегенмен, саяси лингвистикасының бағдар-бағытына сәйкес келетін бірқатар ұғымдар мен терминдерді екшеп көрсетуге болады. Сондықтан мақалада осындай ұғымдардың бір тобы саяси қатысымен байланысты түсіндірілсе, екінші тобы ғаламның саяси бейнесін құрайтын атаулардан тұратындығы қарастырылады.

**Түйін сөздер:** лингвосаясаттану, саясат тілі, саяси мәтін, саяси дискурс, саяси қатысым, ғаламның саяси бейнесі, клише, тұрақты сөз қолданысы, феноменологиялық білімдер, құрылымдық білім

Саяси қатысым – саясат саласындағы тұлғалар арасындағы қарым-қатынас үрдісі. Мұнда сөйлеуші, тыңдаушы және аралық ақпарат болатыны белгілі. Жалпы саяси ақпарат негізінен вербалды тәсіл арқылы жеткізіледі. Сонымен бірге саяси мәні зор мәліметтерді бейвербалды құрылымдар арқылы жеткізу тиімді болып саналады.

**1. Саяси мәтін** деп қоғамдағы өзекті саяси мәселелер жөнінде айтылатын және көпшілікке, бұқараға арналған мәтіндерді түсінеміз. Саяси мәтіндерде әдетте саяси билікке ондағы өкілеттілікті бөлу және бөлісу, қайта қарастыру мәселелері; қоғамдағы саяси құрылым; билік құрылымы; қоғамды саяси басқару жүйесі мәселелері қарастырылады.

Басқаша айтқанда, қандай да бір саясаткердің ісіне, беделіне баға берілетін немесе екінші бір саяси тұлғаны танытуға, танымалдануға арналған материалдар, жалпы саяси билік үшін күрес немесе осы күреске ықпалын тигізетін мақалалар жатқызылады. Мұндай мәтіндерде көтерілген проблемалар мен саяси тақырыптар сол уақыттағы қоғамның саяси өмірі үшін өзекті деп танылады және саясатқа қызығушылық танытатын бұқара саяси мән берген материалдарда осындай мәтіндер қатарына жатқызылады.

Қазіргі қазақ баспасөзіндегі саяси мәтін ұғымына байланысты жарияланатын материалдарының ішінде белгілі бір саясаткерлердің жеке тұлғасын әртүрлі қырынан танытатын имиджтік мәтіндер ерекше орын алады. Көпшілік салаға арналған ерекше орын алады. Көпшілік салаға арналған имидж феноменінің мынадай белгілерін сипаттап көрсетуге болады:

1) мағыналық-мазмұнының ауқымдылығы, бұқаралық санадағы өзге ұғымдармен тығыз байланыстылығы;

2) ғаламдандыру үрдісіне бейімділігі, яғни онда адам барынша кеңірек шеңбердегі идеялармен көрінуі тиіс;

3) имиджді қалыптастыру нақты қатысым барысында жүзеге асырылады;

4) тұрақтылық, күтілетін нәтижесінің жалпы бұқараға байланысты құбылыстардың ерекшеліктерімен орайластырылуы;

5) имидж белгілерінің белсенділігі, бұған БАҚ арқылы қол жеткізуге болады;

6) имидж жасандылық сипаты.

Сонымен, имидждік жағдаятқа сәйкес көпшілік пен БАҚ арасындағы өзара әрекеттестік былайша өрбиді:

1) Имидж әуел бастан-ақ түпкі нәтижеге қол жеткізуді көздейді, яғни жеке бір адамға эмоционалдық тұрғыдан әсер етіп, оны белгілі бір әрекетке дайын болуға және оған баға беруге итермелеу және қажетті түсінікті қалыптастыруды мақсат ету;

2) БАҚ-пен тікелей байланыс жасау және белгілі бір әрекетті жүзеге асыру арасындағы аралық саты барынша қысқаша болуы керек;

3) БАҚ-тың белсенділігі көпшіліктің мінез-құлқындағы тиімді алғышарттарды айқындау мен есептеуге бағытталады.

Сонымен, имидждік саяси мәтін ретінде бұқаралық қатысым кеңістігінде әрекет ететін субъектінің күрделі де өзекті саяси проблемалар жөнінде баяндалатын, сол субъектіге қатысты жағымды қоғамдық пікір қалыптастыруды мақсат ететін, қалың бұқараға арналған БАҚ арқылы таралатын мәтінді танығанымыз жөн.

Саяси мәтіндегі басты тақырып – саяси қатысым болғандықтан оны жүйе ретінде құраушы тетікте қоғамда қалыптасқан саяси ақиқат болмысты айшықтайды, онымен бірге өзгеріп отырады. Жалпы адамдар санасында **ғаламның саяси** бейнесін қалыптастырады. Саяси мәтінді зерделеу үшін тіл, қатысым, саясат саласындағы субъектілер, қоғамдағы саяси ахуал арасындағы алуан түрлі қатынастар басты назарда болады. Мұндайда саяси мәтіндерге дискурстық талдау жасаудың берері мол. Яғни адресаттың өзін қоршаған орта әлем жөніндегі білімдерін, қалыптасқан пікірлерін, мақсаттары мен ұстанымдарын тұтастай қамтитын күрделі қатысымдық құбылыс ретіндегі мәтінді жағдаят шеңберінде алып қарастыру зерттеу құндылығын арттыра түседі. Бүгінде ғылымда саяси дискурс ұғымының мазмұны мен белгілерін бірыңғай түсінуге болатын анықтама жоқтың қасы. Дискурс проблемасына арналған зерттеулерде аталмыш құбылыстар түрліше түсіндіріледі. Тілші ғалымдардың басым бөлігі дискурсты белгілі бір жағдаятқа сәйкес сөйлеу әрекеті, әлеуметтік болмысты сипаттайтын, адамдардың тілдік біліктілігі деңгейін көрсететін нақты жағдаятқа тән тілдік ерекшеліктерді айшықтайтын сөйлеу әрекеті деп таниды.

Назар аударуды қажет ететін ерекше мәселе мәтіннің бір мәнді жеткізуші әрекет ретіндегі рөлі, яғни үнемі қозғалыс, өзгеріс, даму үстінде болатын таңбалық жүйе түрінде танытатын үрдіс. Мәтін мәнін құрайтын жүйедегі тұрақты және әмбебап элементтерде арнайы көңіл бөлуді қажет етеді. Яғни мәтінді тақырыптық тұтастық ретінде ұйымдастыратын күрделі бірлік – концепт болып табылады. Алайда концептіні зерделеуде ғалымдар арасында біріздендірілген көзқарас, пікір жоқтың қасы. Ғылыми әдебиетте оны вербалдау тәсілі ретінде сөздің дәстүрлі семантикасынан бастап тілдік құралдармен ешқандай байланысы жоқ таза идеялармен ұштастыруға ұмтылу байқалады. Сондықтан мәтіннің мәнін құрайтын концептуалдық құрылымдардың өзін арнайы зерттеу түзуші категориялар қатарына жататын концепт мәтіннің тақырыптық және қатысымдық біртұтастығын қамтамасыз етеді. Түптеп келгенде, саяси мәтіннің өзіндік тақырыбы, көтерілетін проблемалар жүйесі, тірек ұғымдары, мақсатты түрде бағытталған аудиториясы, тікелей және жанама адресаты болатын қоғамның саяси өміріндегі ірілі-ұсақты проблемаларды қамтитын күрделі лингвоясаясаттанымдық ұғым деп тануға болады және бұл – саяси лингвистика мәселелері шеңберінде негізгі рөл атқаратын ортақ ұғым.

Саяси мәтін субъектісі де, адресаты да – жеке тұлға ретіндегі адам емес, белгілі бір саяси ұйымның немесе билік құрылымының өкілі ретіндегі адам басты назарда болады. Мәселен, көптеген саяси құжаттардың нақты авторы болмайды, оларды халыққа жариялағанда мемлекеттік құрылымдардың, ұйымдардың атына сілтеме жасалады.

Қорыта айтқанда, саяси мәтін тікелей оны құрастырушы жеке адамның қолтаңбасын көрсетпейді, қоғамдағы саяси жүйенің орайына сәйкес ұйымның немесе партияның саяси ұстанымын айшықтайды.

2. Ұлттық тіл құрамында айрықша таңбалық жүйеше ретіндегі саясат тілінің орнының болуы әзірге зерттеушілер арасында ашылмаған бірізге түсірілмеген даулы мәселе деуге болады. Себебі

дербес «саясат тілі» деп аталуы үшін оның өзіне тән грамматикалық лексикалық нормалары болуы тиіс. Ал ұлттық тілдің өзіндік фразеологиялық бір тармағын құрайтын саяси мәтіндегі сөз қолданыстарды жеке категорияға жатқызу негізсіз. Алайда саясат тілін күнделікті сөйлеу тілінен ерекшелендіретін бірқатар белгілерді бөліп көрсетуге болады:

1) саяси лексиканың терминологиялық сипаты бар, ал қарапайым сөйлеу тіліндегі тілдік таңбалардың терминдік мағынасын немесе сипатын ажырату қиынға соғады;

2) саяси дискурстың өзіндік құрылымының болуы. Бұған айрықша сөйлеу тәсілдерін қолдану арқылы қол жеткізуге болады;

3) дискурстың жүзеге асырылуы да – дыбыстық немесе жазбаша түрде ресімделуі, пішінделуі де ерекшеленеді.

Саяси дискурсты танытатын бірқатар **клишелер** мен **тұрақты сөз қолданыстарын** бөліп көрсетуге болады. Қазіргі қазақ баспасөзінде елдің саяси өміріндегі түрлі қоғамдық құбылыстар мен оқиғаларды сипаттау үшін тұрақты қолданылатын, яғни стереотипке айналған мынадай қолданыстар бар: *халық қалаулылары, тәуелсіздік тұғырнамасы, білікті басшы, көрнекті қайраткер, түркі әлемінің көшбасшысы, елбасының сарабдал саясаты, сара жолы*, т.б.

Сондай-ақ еліміздің ғана емес, бүкіл әлемдегі саяси ахуалды сипаттайтын сөздер мен тұрақты оралымдар бар: *лаңкестік оқиға, саяси тұрақтылық, қоғамдық күштерді жұмылдыру, экономикалық әлеуметтік жаңғырту, геосаяси ахуал, ішкі саясат мәселелері, макроэкономикалық байланыстар, жаһандану, өзара ықпалдастық, Еуроодақ, көршілер татуластығы, инфрақұрылым* т.б.

Бұлардан бөлек саясаттану іліміндегі бірқатар терминдер саяси дискурста белсене түрде жұмсалады, күрделі ұғымдарды білдіреді: *антитеррорлық шаралар, гуманитарлық апат, этникалық геноцид, демократиялық институттар, құқықтық мемлекет, зайырлы мемлекет, азаматтық қоғам, жаңаша ойлау, сындарлы ойлау, жалпы азаматтық құндылықтар* т.б. Осы сияқты саяси салаға қатысты сөздерді үнемі, дүркін-дүркін тұрақты қолдану арқылы қоғамның санасына сіңіріп, көпшіліктің көзін үйрету жолымен медиа кеңістіктегі саяси сөзжұмсам аясы кеңейе түседі. Демек, қандай да бір тілдік бірлік мағынасына саяси мән үстеп, оны саясат тіліне жатқызу үшін жұртшылықтың назарына қайта-қайта ұсынып, тұрақтандыру керек. Ал жалпы саясат тілін, мәселен ғылым тілі сияқты тұрақты сипатта қалыптастыру және сол қалпында сақтап қалу мүмкін емес. Себебі билік басындағы адамдардың қолдануымен үкіметтік, мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде орнығуы мен тілдің актив қабатын құрайтын сөздер мен қолданыстар елдегі саяси түзім өзгергенде біртіндеп сөзжұмсамнан шығып қалатыны белгілі. Тіпті араға бірнеше жыл салып, социумның тілдік санасынан мүлдем жоғалатын оралымдар да жетерлік. Қалай десек те тұрақты не өзгермелі сипатта болғанымен жоғарыдағы аталған сөз қолданыстардың бәрі тілдік ұжым санасында **ғаламның саяси бейнесін** құрауға өзіндік үлесін қосады.

Қазіргі тіл білімінде қоршаған ортаны категориялау және концептуалдау проблемасы айрықша жоғары тұр. Мұнда адамның ойлау жүйесіне және жадына баса мән беріледі. Себебі адам жадында сақталатын тілдік элементтер белгілі бір тәртіппен орналасады. Бұлайша реттеуге тілдік категориялар мен концептуалды белгілер негіз болады деп саналады.

Әлемді концептуалдау түрлі тілдерге тән әмбебап категориялар жүйесінде айшықталады. Әрбір жеке тілдің өзіндік категориялар жүйесі болады. Яғни әмбебап категориялар дүниені қабылдаудың психофизиологиялық тәсілдеріне негізделсе, арнаулы категориялар дүниенің қабылданатын үзіктеріне концептуалдық құрылымдарды телу, жатқызудың субъективті үрдісіне сүйенеді. Мұндай когнитивтік үрдістер заттар мен құбылыстардың әртүрлі когнитивтік категориялануын айшықтайтын тілдік формада көрініс табады. Нәтижесінде білімнің екі түрі қалыптасады: *тікелей* (феноменологиялық), *жанама* (құрылымдық). **Феноменологиялық білімдер** негізін кеңістік-уақыт жүйесінде көрініс табатын заттар, құбылыстар, оқиғалар құрайды. Дүние үзіктері арасындағы барлық ықтимал қатынастар сол негізде жобаланады. Тілде мұндай қатынастар сөйлемдер арқылы көрініс табады. **Құрылымдық білім** дегеніміз ақпаратты категориялау формасы болып табылады. Басқаша айтқанда, тіл ұстанушы үшін бұл білім тілде концептуалдық жүйе ретінде орнығады. Оны құрайтын концептуалды метафоралар шеңбері алдағы тақырыпшаларда кеңінен құрастырылады.

Қорыта айтқанда, қоғам өмірінде тұрақты қолданылатын, ондағы тіл ұстанушылардың басым бағытын білдіретін сөзжұмсам медиа кеңістіктегі тілдік бірліктер арқылы өрнектеледі.

3. **Саяси қатысым саласы.** Қоғам өміріндегі қатысымды бірнеше бөлімге тарамдауға болады. Атап айтқанда, қаржы, заң, өндіріс, медицина, педагогика, дін, тұрмыс, бұқаралық ақпарат пен бұқаралық өнер салалары тілші ғалымдар назарын аударуды қажет ететін мәселелер қатарын құрайды.

Бұл салалар жасалатын қарым-қатынас мақсатына орай бір-біріне қарама-қарсы қойылады. Мысалы, саясат саласындағы мақсат билік үшін күрес жүргізу болса, заң саласында – құқықтық қатынастарды реттеу, ал қаржы саласында – есеп-қисап пен қаражатты бөлу, ғылымда – табиғаттың, адам мен қоғам дамуындағы заңдылықтарды анықтау, педагогикада – адамды әлеуметтендіру т.б. сияқты мақсаттар қойылады. Зерттеуші Чудинов аталмыш мақсаттарға орай мәтіндерді кім және кімге арнап түзгендігіне байланысты саяси қатысымның өзек ұғымын құрайтын мынадай түрлерін бөліп көрсетеді: 1) ақпараттық (ішкі бюрократиялық саяси қатысым) мемлекеттік немесе қоғамдық құрылымдардың ішінде қарым-қатынас жасауға бағытталған. Мұндай қатысым санаулы адамдарға ғана арналады және оларға құпия, қызметте пайдалану үшін деген белгілер соғылады. Мұндай ақпараттың арнаулы рұқсатсыз көпке таралып кетуі арнайы тексеру ұйымдастыруға негіз болады. 2) Көпшілікке арналған саяси әрекеттер жүйесіндегі саяси қатысым. Бұған сайлауалды үгіт-насихат жұмыстарын, парламенттегі айтыс-тартыстарды мысалға келтіруге болады; 3) тікелей журналистер арқылы және олардың қатысуымен жасалатын саяси қатысымдар. Мысалы, интервью талдамалы мақалалар сияқты көпшілік бұқараға арналған коммуникация. Мұнда журналшылар қоғамда бой көтерген проблемаға жұртшылық назарын аудартып, тығырықтан шығатын жолды ұсынады. Сөйтіп саясаткерлерге дұрыс шешім қабылдауға септігін тигізеді; 4) митингілерге, шерулерге, т.б. бас қосуларға қатысатын қатардағы азаматтардың саяси сөйлеу әрекеті. Мұндай қатысымшылар әдетте халық өкпідері, сайлаушылар бір-бірімен қызметі, жұмысы арқылы тығыз байланысатын қатысымшылар жатады. Оларды кәсібі, жасы, тұрғылықты жері т.б. бойынша топтастыруға болады [1, 36-37].

4. Саяси қатысымдағы айрықша маңызды ұғым ретінде **идеологемаларды** атаймыз. Идеологема дегеніміз тікелей саяси денотатпен (социализм, оппозиция т.б.) тікелей байланысты болатын вербалды бірлік. Ол нормативтік түсіндірме сөздіктерге енгізіледі және идеологиялық (саяси) үстеме мәнге ие болады. Тіл тарихында медиа кеңістіктегі идеологемалар санының шектен тыс артуы социализм, коммунизм деңгейлеріне сәйкес келеді. Сол кезде өзекті, айрықша маңызды деп танылған идеологемалар қатары қоғам дамуымен байланысты өзгеріп, кілт ұғымдары бір кездегі мағыналарын жоғалтып, жаңаша сипат алды немесе ұмыт болды.

Ғылымда идеологияны және оның компоненті ретіндегі идеологемаларды зерттеу танымал бағыттардың біріне айналды. Мұндай зерттеулерге материал ретінде әдетте масс-медиа дискурсы алынады. Ал Купинаның айтуынша, **идеологема дегеніміз** – саяси немесе саясиленген идеяның тіл арқылы жеткізілуі [2, 518]. Идеологемаларды ресми және бейресми түрлеріне бөлеміз. **Ресми идеологемалар** мемлекетте жүргізілетін идеологияларды білдірсе, **бейресмилері** мемлекет қолдауынсыз пайда болып жұмыс істейтін идеологемаларды қамтиды. Мәселен, әміршілдік-әкімшілік жүйе кезінде саяси идеологемалар тек мемлекет қолдауымен жүргізілетін саяси идеологияны дәріптеу мақсатында жұмсалған. Ол кездегі медиа дискурс ресми идеология компоненттерін саясидан басқа мақсатта жұмсауға мүлдем жол бермейтін. Ілуде бір адресант мемлекеттік идеологияға қайшы келетін идеологемаларды белгіленген мақсаттан тыс қолданылса, көпшілікке арналған салалардан ығыстырылып қолданыстан шығарылатын. Ондай тілдік бірліктер ауызекі сөйлеуде анекдот т.б. түрінде жұмсалатын және ешқандай басылмайтын. Алайда саясат және экономика салаларында орын алған күрделі либералдық өзгерістер мен қатысым құралдарының дамуы ондай ресми идеологемалардың медиа дискурста басқа контекстерде жұмсалыуына жол ашты. Солардың бірі – коммерция саласы. Онда ресми идеологемалар пайда табу мақсатында жұмсалады. Мысал ретінде RR міндеттерді орындайтын жарнамалық материалдарды атауға болады.

Сонымен, идеологема термині елде жүргізілетін мемлекеттік идеологияның басым бағыттарын анықтайтын, көрсететін бұқараға арналған саяси тілдік бірліктер. Біздіңше, қазіргі қазақ басылымдарында ұлтжандылық, отансүйгіштік, дүниежүзі қазақтарының басын қосу, қауіпсіздік, ұлтаралық келісім, ішкі және сыртқы саяси тұрақтылық т.б. идеологемалар кілт ұғымдар ретінде танылып, басты мәнге ие болуы тиіс. Сондай-ақ ғаламдандыру үрдісіне сәйкес еліміздің медиа кеңістігіне еніп, біртіндеп тұрақтанып келе жатқан ұлттық табиғатымызға жат, қазақы менталитетімізге қайшы келетін бұрмаланған идеологемаларды сындарлы түрде електен өткізіп барып қолданған жөн.

5. Саяси дискурс – лингвосоаясаттанудың ең өзекті ұғымы ғылыми әдебиетте ол негізінен 4 түрлі қырынан қарастырылады:

1) саясаттану: саясаттанымдық зерделеу шеңберінде талданатын саяси дискурс саясаттанымдық сипаттағы қорытындылар жасауға негіз болады;

2) нақ идеологиялық тұрғыдан кез-келген мәтін ретінде қарастырылады. Алайда зерттеуші мұнда мәтінді қабылдаушы үшін маңызды деп саналатын саяси және идеологиялық концепцияларға мән береді;

3) социопсихолингвистикалық тұрғыдан ашық немесе жасырын берілген саяси мақсаттарға қол жеткізу үшін мәтіннің тиімділігі, әсерлілігі қаншалықты дәрежеде болатындығы анықталады.

4) индивидуалды герменевтикалық тұрғыдан мәтін авторының немесе оны қабылдаушы үшін маңызды деген тұлғалық мәндерді белгілі бір жағдайларға байланысты анықталады [3, 34]. Бұл айтылғандар саяси дискурсты зерттеу алуан түрлі пәндердің тоғысында жүргізілетінін және белгілі бір саяси жағдаяттарда қолданылатын дискурс формасын, міндеттері мен мазмұнын талдаумен байланысты болатындығын көрсетеді. Жалпы саяси дискурста бағалаушытық және агрессивтілік сипатты болатыны мәлім. Тіпті саяси және моральдік деген терминдердің өзінде бағалаушытық мән бар.

Саяси дискурстың тиімділігі қоғам мүшелеріне, яғни адресаттарға билік өкілдерінің әрекеттерін, түрлі қадамдарын саяси тұрғыдан дұрыс деп бағалау, адамдарды соған сендіруден көрінеді. Яғни саяси дискурстың мақсаты – елде, әлемде орын алған саяси оқиғаларды сипаттау емес (референция емес), адресатты сол оқиғалардың дұрыстығына сендіру және қандай да бір әрекетке итермелеу. Яғни саяси дискурстың тиімділік дәрежесін оның осы мақсатқа сәйкес келуі немесе келемеуі тұрғысынан анықтауға болады.

Жалпы кез келген дискурс тыңдаушыны қандай да бір пікірге, ой тұжырымға сендіруді мақсат етеді. Бір кезде А.Шопенгауер айтқандай: «сендіру өнері адамға білінер-білінбес ұғымдарды шебер қолдана білуден шығады» [3]. Сондықтан да адам бір сенген идеясынан, пікірінен айнып, екінші бір идеяға, сенімге тез ауысып кетеді. Жалпы, жағдаяттарды *пассив қабылдау, актив түрде қатысу және адресаттың иландыру әрекетіне деген қарсылығы ашық көрінетін* жағдайлар деп бөлуге болады.

Демек, саяси мәтіндерде баяндалатын оқиғалар мен олар арқылы бұқаралық санаға сіңірілуі тиіс идеяларды аудиторияның бір бөлігі ешқандай өзгеріссіз, талдау, талғамсыз қабылдауға бейім болады. Қоғам мүшелерінің 2-ші тобы саяси мәтіндегі ақпарат өз мүддесіне сай келген жағдайда оған қатысып, тікелей ат салысып, саяси дискурсты жандандыра түседі. Үшінші топ саяси мәтіндер арқылы таралатын кез келген мәліметке принципті түрде қарсы шығып, оған иланудан бас тартады. Мұнымен қоймай оны өз мүддесі тұрғысынан елеп, екшеп, талдап, мәтін астарындағы ойды анықтап, бағалауға тырысады. Мұндайдақ қоғамдағы саяси билікке қарсы пікір білдіріп, бұқара назарынан тыс қалған мәліметтерді көпшілікке жариялап, екінші, үшінші, төртінші пікірлерді туындатып, қоғамға ой салатын әрекеттерді жүзеге асыратын оппозициялық топ бой көрсетеді. Лингвосаясаттану пәнінің үлкен бір тарауына арқау болатын өзім/өзге бинарлы концептісі осы тұста үлкен маңыз алады.

Қазіргі қоғамымыздағы саяси дискурс жөнінде сөз қозғағанда виртуалды қатысым, яғни Интернет желісі арқылы жасалатын қарым-қатынасты айналып кету мүмкін емес. Мұндай қатысымда саяси, кәсіби, желілік, тілдік, тұрмыстық т.б. дискурстардың жиынтығы болып табылатындықтан бұқаралық қатысымға ұқсатуға болады. Интернет желісіндегі саяси дискурстың айрықша белгісі **бағалаушытық факторы** болып табылып, яғни өзіндік көзқарасы бар азаматтық ұстанымы қалыптасқан, білім деңгейі жоғары, еліміздегі саяси ахуалға бей-жай қарай алмайтын саяси белсенді субъектілер қатысатын интернеттегі саяси дискурста мәтін авторы ондағы оқиғаға ғана емес, өзге пікір білдірушілердің сөздеріне де сын көзбен қарап, өзіндік бағасын беріп отырады [4].

Желілік саяси дискурстың келесі ерекшелігі – **өзім/өзге** категориясының айқын түрде қарама-қарсы қойылуы. Мұнда өзім/өзге оппозициясының кеңістігі айқын болады. Бұл көзқарасты қолдайтындар бір-бірімен қауымдасып, келісіп тұрақты түрде пікірталастар жүргізуге бейім болса, оған қарама-қарсы басқа пікірдегі адамдарды олар ашық түрде шеттетеді. Осы тұста интернет желісіндегі саяси дискурста тән 3-белгі – жанжалдық жағдаят факторы бой көтереді. Әдетте талқыланып отырған материалға қатысты реакция бірінші сөйлеушінің күткеніндей болмайтындықтан немесе бірінші пікір иесі өз көзқарасының қызу қолдау табатынына сенімді болғанымен аяқ астынан оған қарама-қарсы пайымдаулар жасалатындықтан пайда болатын жанжалды жағдаяттар әртүрлі фразалар түрінде орын алады. Осындай қасақана қарсыласуды мақсат ететін тілдік бірліктерді **конфликтогендер** деп атауға болады. Олар қойылған сұраққа жауап бермейді, сондай-ақ әңгімелесушіден күтілетін жауап реакцияға сай келмейді. Кейінгі жылдары осындай жанжалды жағдайлардың күрт көбеюіне сәйкес ғылымда лингвоконфликтология саласы қалыптасып келе жатыр деуге болады. Бұл сала жалпы медиа кеңістіктегі (газет, электронды ақпарат құралдары, интернет желісі т.б.) жанжал туындатушы, яғни қандай да бір келіспеушіліктерге негіз болатын ауызша және жазбаша мәтіндерді социопрагмапсихолингвистика тұрғысынан зерттеуді мақсат етеді.

Сонымен, тіл біліміндегі жаңа сала – лингвосаясаттанудың зерттеу нысаны мен мақсатына, әдіс-тәсілдеріне біршама тоқталдық. Өзімізге белгілі ғылыми еңбектерге сүйене отырып, саяси лингвистиканың ұғымдық аппаратын құрайтын, негізгі сөз қолданыстарды сипаттадық. Алайда мұны пән жобасы деп тануға болады және бұл тізім әрі қарай толықтыруды, жалғастыруды қажет етеді.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1 Чудинов А.П. *Российская политическая лингвистика: этапы становления и ведущие направления* // Вестник Уральского государственного педагогического университета. – Екатеринбург, 2003. – №1. – С.19-31.

2 Купина Н.А. *Тоталитарные мифологемы в речевом пространстве уральского города* // Язык вражды и язык согласия в социокультурной контексте современности/Уральский государственный университет. – Екатеринбург, 2006. – С.516-534.

3 Демьянков В.З. *Политический дискурс как предмет политической филологии* // Политическая наука. Политический дискурс: история и современные исследования. – М.: ИНИОН РАН, 2002. – №3. – С.32-43.

4 Есенова Қ. *Академик Р.Сыздықова және дискурс мәселесі* // Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университет. Хабаршы. «Филология ғылымдары» сериясы. – 2016. – №4. – Б.35-36.

*К.У. Есенова<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>*Казахский национальный педагогический университет им. Абая,  
г. Алматы, Казахстан*

## ОСНОВНЫЕ ПОНЯТИЯ ДИСЦИПЛИНЫ ЛИНГВОПОЛИТОЛОГИЯ

### *Резюме*

В статье рассматриваются объект, цель и методы исследования новой области языкознания – лингвополитологии. Известно, что в современном языкознании существует множество смежных областей, имеющих общий понятийный аппарат и применяющих одинаковые методы исследования. Это, с одной стороны, связано с тем, что некоторые термины пришли из других областей науки, с другой же стороны, свидетельствует о незавершенности формирования промежуточных областей. Сфокусировать исследования в сфере лингвополитологии в одном русле позволяет материалы исследования: язык политики, политические тексты и политический дискурс. Нельзя сказать, что к настоящему времени методология и технология данного направления уже сформированы. Тем не менее, можно выделить ряд понятий и терминов, соответствующих направлению политической лингвистики. Поэтому в статье часть таких понятий объясняется в связи с политической коммуникацией, другая же часть рассматривается в связи с наименованиями, составляющими политическую картину мира.

**Ключевые слова:** лингвополитология, язык политики, политический текст, политический дискурс, политическая коммуникация, политическая картина мира, клише, устойчивое словоупотребление, феноменологические знания, структурное знание

*K.U. Esenova<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>*Abai Kazakh National Pedagogical University,  
Almaty, Kazakhstan*

## BASIC CONCEPTS OF DISCIPLINE LINGUIPOLITOLOGY

### *Summary*

The article examines the object, purpose and methods of research of a new field of linguistics – linguopolitology. It is known that in modern linguistics there are many related areas that have a common conceptual apparatus and apply the same methods of investigation. This, on the one hand, is due to the fact that some terms came from other areas of science, on the other hand, indicates the incompleteness of the formation of intermediate regions. Focus research in the field of linguistics in one channel allows research material: the language of politics, political texts and political discourse. It can not be said that by now the methodology and technology of this direction have already been formed. Nevertheless, we can distinguish a number of concepts and terms that correspond to the direction of political linguistics. Therefore, in the article some of these concepts are explained in connection with political communication, while the other part is considered in connection with the names that make up the political picture of the world.

**Keywords:** linguopolitology, policy language, political text, political discourse, political communication, political picture of the world, clichés, stable usage, phenomenological knowledge, structural knowledge

А.Қ. Жұбанов<sup>1</sup>, А.А. Жаңабекова<sup>2</sup>, Б.Д. Карбозова<sup>3</sup>

<sup>1,2,3</sup> А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты,  
Алматы қ., Қазақстан

## ҚАЗАҚ ЛИНГВИСТЕРІНІҢ ЕРЕКШЕ МІНДЕТТЕРІНІҢ БІРІ – ҰЛТТЫҚ ҚАЗАҚ ТІЛІ КОРПУСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

*Аңдатпа*

Мақалада қазақ тіл білімінің қолданбалы лингвистика саласының статистикалық, компьютерлік және корпустық лингвистика атты түрлері қысқаша баяндалады.

Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл білімі институтында 1969 жылы өткен «Түркі тілдерін статистикалық және ақпараттық зерттеу» атты Бүкілодақтық ғылыми конференция осы мәселеге бастау болады. Кеңес одағына белгілі ғалымдар Р.Г. Пиотровский, К.Б. Бектаев және т.б. ғылыми кеңестерімен қазақ тілінің жаңа қолданбалы саласы бойынша жүргізілген зерттеулердің негізгі нәтижесі ретінде жарық көрген ғылыми жинақтар мен монографиялардың маңыздылығы қысқаша сипатталады. 2002 жылы ғылыми-зерттеу тақырыптарының жетекшісі А.Қ. Жұбановтың «Основные принципы формализации содержания казахского текста» атты докторлық монографиясы қазақ қолданбалы лингвистикасының болашақ дамуына қосылған елеулі үлес екендігі дәлелденеді.

Аталған еңбек тәуелсіз Қазақстандағы қазақ тілінің қызметіне, республикадағы коммуникативтік аяға жанаша көзқарасқа, компьютерлік және телекоммуникациялық технологияның кең тарауына және т.б. байланысты қазақ тілін жаңа қолданбалы әдіс-тәсілдермен зерттеу қажеттігінен туындағаны аталған.

Мақалада «Қолданбалы лингвистика» бөлімі қызметкерлерінің әр жылдары гранттық тақырыптар бойынша алынған ғылыми нәтижелері қысқаша түрде сипатталған. Сонымен бірге, мақалада негізгі назар Тіл білімінің жаңа саласы «Корпустық лингвистикаға» және оның маңыздылығы мен қазақ тілінің ұлттық корпусын қалыптастыру қажеттілігіне көбірек назар аударылады.

**Түйін сөздер:** ұлттық корпус, лингвистика, автоматтандыру, репрезентатив, мәтін, жасанды интеллект

Қазіргі кезде қоғамның барлық салаларында жаңа ақпараттық технологияларды қолдану өзекті мәселеге айналып отыр. Осыған байланысты Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев өзінің «Қазақстан жолы» еңбегінде: «Алдағы онжылдықта жаңа технологиялық сипатты дамудың шешуші бағыттары био және нанотехнологиялар, жасанды интеллект жүйелері, жаһандық ақпарат тораптары және жоғары жылдамдықтағы көлік жүйелері, қуат үнемдеуші технологиялар болып табылады. ...Өндірісті одан әрі интеллектендіру, үзіліссіз инновациялық үрдіске көшу жүзеге асырылады. Білімге негізделген жаңа үлгідегі қоғамға біртіндеп көшу аяқталады», – деп [1, 41-б.] айтқан болатын. Міне, осы аталғандарға қатысты қазақ тіл біліміне байланысты Кеңес одағы кезінде-ақ Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл білімі институтында 1969 жылы өткен «Түркі тілдерін статистикалық және ақпараттық зерттеу» атты Бүкілодақтық ғылыми жиыннан бастама алды деуге болады. Олардың алғашқысы ретінде 1973 жылы жарық көрген «Қазақ тексінің статистикасы» атты ғылыми жинақты атауға болады [2]. Сонымен қатар 1973-1974 жж. Одақтық «Тіл статистикасы» тобының ғылыми жетекшісі Раймонд Генрихович Пиотровский мен Қазақстандық профессор ғалым Қалдыбай Бектайұлы Бектаевтың «Математические методы в языкознании» атты екі бөлімнен тұратын, жоғары оқу орындарына арналған оқу құралының қазақ елінде жарық көруі де осы жаңа саланың жетістігі деуге болатындай [3].

Қазақ тіл білімінің жаңа саласы ретінде статистикалық лингвистиканың проблемалық мәселелері күн санап өсіп, олардың кейбір тұстары анықтала бастағаны мәлім. Міне, сол кездердегі (1978 жылы) «Тіл статистикасы және автоматтандыру» ғылыми-зерттеу тобына жетекшілік еткен Қ.Б. Бектаевтың «Статистико-информационная типология тюркского текста» атты докторлық монографиясы қазақ тіл білімінің статистикалық зерттеу саласына қосқан сүбелі еңбегі болды [4]. Аталған еңбек басқа да тілдерді зерттеу тәжірибесінде әр тілді жалпы типологиялық тұрғыдан бағалауда қолданылатын статистикалық критерийлердің үлес салмағын «өлшеуге» арналған іргелі ғылыми зерттеу ретінде саналды.

Қазақ елінің тәуелсіздігі жарияланған 1991 жылы А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында «Қолданбалы лингвистика» бөлімі құрылғаннан бері жаңа бөлімнің зерттеу мақсаттары мен міндеттері ұлғая түсті. Мәселен, өткен ғасырдың 90-шы жылдары 20 томнан тұратын М.Әуезовтің шығармалар жинағы ЭЕМ жадына енгізіліп, соның нәтижесінде 1995 жылы «М.Әуезовтің 20 томдық



шығармалар текстерінің жиілік сөздіктері» атты жиілік сөздіктер жүйесі жарық көргенін айтуға болады [5]. Міне, осындай жиілік сөздіктердің негізінде ұлы жазушының тіл байлығы мен стильдік ерекшелігі жайында бірнеше ғылыми зерттеулер жүргізіліп, диссертациялар қорғалды.

1998 жылы аталмыш бөлім Институттың құрылымдық өзгерістеріне байланысты «Компьютерлік лингвистика» ғылыми тобы деп аталып, өз қызметін әрі қарай тиімді жалғастырды. Нәтижесінде 2002 жылы ғылыми-зерттеу тақырыптардың жетекшісі А.Қ. Жұбановтың «Основные принципы формализации содержания казахского текста» атты докторлық монографиясы қазақ қолданбалы лингвистикасының болашақ дамуына қосылған елеулі үлес ретінде саналды [6].

Аталған еңбекте қазақ мәтінін формалды әдіспен зерттеу тәсілі қазақ лингвистикасында тұңғыш рет қолданылған болатын. Мұндай зерттеу тәсілінің қажеттігі заман сұранысынан туындайды, яғни тәуелсіз Қазақстандағы қазақ тілінің қызметіне, республикадағы коммуникативтік аяға жаңаша көзқарасқа, компьютерлік және телекоммуникациялық технологияның кең тарауына және т.б. байланысты қазақ тілін жаңа қолданбалы әдіс-тәсілдермен зерттеу қажеттігінен туындады.

Монографиялық зерттеуде қолданбалы тіл білімінің жаңа саласы – «Мәтін лингвистикасына» сәйкес мәтін бірліктерінің таңбалық сипаты, абзацтардың мазмұнға қатысты ерекшеліктері мен қызметі анықталған. Қазіргі тіл зерттеу тәжірибесіндегі модельдеу әдісіне сәйкес «табиғи тіл – әлем моделі» қатынасы тілдің синтаксистік және семантикалық, статистикалық модельдерін құрастыру арқылы дәйектелген. Сонымен бірге қолданбалы лингвистиканың жаңа салалары: жасанды интеллект, машиналық аударма, ақпарат іздестіру жүйелері, қазақ тілінің компьютерлік қорын құрастыру жайттары және т.б. қарастырылған.

Алынған нәтижелердің негізінде қазақ лингвистикасында жаңа қолданбалы бағыт негіздері қалыптасады. Нәтижесінде қазақ тілінің қолданбалы бағыты корпусдық лингвистика, компьютерлік, квантитативтік лингвистика сияқты жаңа салалармен толығып, қолдану аясы кеңейеді, жаңа әдіс-тәсілдерді молынан қолдануға мүмкіндік туатыны анықталды.

Автор ұсынған қазақ мәтінін формалды пішінге келтіруде қолданыс табатын жасанды семантика-синтаксистік тіл (СЕМСИНТ) республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты көптеген өзекті мәселелердің шешімін табуына оң әсер ететіндігі белгілі болды.

Сонымен, 1970-2000 жылдар аралығындағы ғылыми ізденістер, негізінен, жеке автор шығармаларын, функционалдық стильдерді, сондай-ақ толық әдеби тіл қамтылған мәтіндерді статистикалық әдіс-тәсілдермен зерттеу тәжірибесінде әртүрлі жиілік сөздіктер жасаудың өзекті (актуалды) мәселе екендігін көрсетті. Зерттеуде қолданбалы лингвистика саласының әдіс-тәсілдері қамтылып, жиілік сөздік мәселесі, олардың автоматты жасалу жолдары көрсетілген. Қазақ мәтініндегі негізгі сөз таптары үлестірілуінің ықтималды-статистикалық моделін құру мәселесі зерттелген.

Зерттеу нәтижелері негізінде аса маңызды және күрделі мәселелерді: тілді лексика-грамматикалық нормалауға, түркі тілдерін өзара салыстырмалы-типологиялық зерттеуге және олардың компьютерлік қорын құруға зор мүмкіндік жасайтындығы дәлелденді.

Компьютерлік лингвистика ғылыми тобының негізгі зерттеу бағыты Тәуелсіз еліміздің мемлекеттік тілін қоғамның барлық саласында ғылым тілі ретінде қолдануға бағытталған «компьютерлендіру» ісіне арналады. Қазақ тілінің көптеген кезек күттірмейтін мәселелері, мәселен, лексикография саласы бойынша компьютерлік қор (база) жасау, қазақ мәтіндері корпустарының компьютерлік базасын құрастыру және қолданбалы лингвистика саласының басқа да мәселелері «Компьютерлік лингвистика» ғылыми тобының 2000 жылдардан бастап жүргізген ғылыми ізденістерінен көрініс тапты.

Мәтінді туындату заңдылықтарын білудің практикалық маңызды жағы – орта және жоғары білім беру жүйесін жаңаша ұйымдастыру мәселесі мен білім берудегі жекелік және топтық әдістер арасындағы қайшылықтарды шешуге қатысты мүмкіндіктер. Міне, оқыту процесін осы сияқты мәселелерге қатысты ұйымдастыру жұмысына жаңаша көзқарас қажет болды. Аталған мәселелерді шешу үшін әртүрлі мәтіндердің құрамдық сипатын, олардың туындау заңдылықтарын білу және мәтін ішіндегі негізгі және көмекші тілдік элементтерді айыра білу де қажет болады. Ал бұл, бір жағынан, оқушылардың қажетті деген оқу материалдарын игеру ісінде, екіншіден, мамандардың жаңа оқулықтар мен оқу құралдарын құрастыру кезінде де басшылыққа алатын ұстаным еді.

Жоғарыда аталған мәселелер барлық түркі тілдерін, соның ішінде қазақ тілін зерттеу ісіне де тікелей қатысы бар екені мәлім. Әсіресе, қазақ тілінің мемлекеттік дәрежесін алуы, оның халық шаруашылығын басқаруда, оқыту мен тәрбиелік жұмыстарында және қазақ халқының мәдени өмірі мен егемен елімізді қазақ тіліндегі ақпаратпен қамтамасыз ету мәселелерінде аса маңызды болмақ.

Егеменді еліміздегі қай ғылым саласын алмасақ та, оның қарқындап дамуы үшін ең алдымен

халық шаруашылығын қазақ тілінде басқаратын және оқыту процесіне қажетті сапалы (әрі жедел) түрде жұмыс атқаратын автоматтандырылған жүйелерді құру мәселелері өмір талабына сай әлемдік дәрежеге көтерілуі тиіс деп санаймыз.

Әрине, мұндай мақсатқа қол жету үшін қазақ тілінің дәстүрлі грамматикаларын формалдылық тұрғысынан қайта қарастырып шығу қажет. Себебі қазақ тілінің табиғатында, басқа тілдер типтерінде де көптеп кездесетін, күрделілік пен бірыңғайлыққа жатпайтын қасиеттер және тілдік бірліктерді формалды жолмен бөліктеудің, таңбалаудың, мән-мағынасын ашудың және т.б. жайттарды анықтау мәселелерінде қиындықтар көптеп кездеседі.

Бұл айтылғандар тілдік бірліктердің тұрпаты (формасы) мен мән-мағынасы арасындағы қатынастан, яғни сөзтұлға мен оның мағынасы, сөйлем тұрпаты мен оның мән-мағынасы арасынан және мәтін мен оның мазмұны арақатынастары сипаттарынан байқалады.

Қазақ тілінің грамматикалық құрылымын дәстүрлі әдіспен зерттеу арқылы қол жеткен теориялық және практикалық нәтижелер мәтін лингвистикасы саласындағы жаңа ғылыми ізденістерге негіз болатыны белгілі. Сондықтан мәтін мазмұнын компьютер арқылы түсінуге мүмкіндік тудыратын модель жасау үшін мәтін құрамындағы негізгі тілдік бірліктердің (морфема, сөз, сөз тіркес, сөйлем және т.б.) мағыналарын формалды түрде анықтауға қатысты зерттеулер А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында іргелі және қолданбалы тақырыптар бойынша жүйелі түрде жүргізілуде.

Қолданбалы лингвистика бөлімі қазақ тілін автоматтандыру ісінің жаңа сатысына көтеріліп, 1991-1993 жылдары «Қазақ тілінің «ҚАЗЫНА» атты автоматтандырылған картотекалық базасын жасау» атты тақырыпты қолға алғандығы қазақ тіл білімінде ғана емес, түркі тіл біліміндегі орасан зор жаңалық болды деп айта аламыз.

Сонымен көп жылдар бойы жинақталып-теріліп, қазақ тілінің бірден-бір «тіл байлығы» деуге болатындай, институттың «сөз қоржынында» сақталған қазақ тілінің картотекалық қорын сан мен сапа жағынан сұрыптап, компьютер жадына түсіріп, автоматты түрде пайдалану ісінің қажеттігі тек бүгінгі таңға ғана емес, оның болашағының маңыздылығында.

Міне, осындай себептерден өткен ғасырдың 90-шы жылдарынан бастап қолға алынған қазақ тілінің «Қазына» (қазіргі «Тіл – қазына») атты автоматтандырылған картотекалық қордың маңызы айтарлықтай зор.

«Тіл – қазына» атты қазақ тілінің кәртiшкі-мәнмәтiндiк компьютерлiк базаның негiзгi мүмкiндiктерiн қысқаша сөз ететiн болсақ, олар:

- қажетті деген сөзге немесе сөзформаға қатысты кәртiшкі-мәнмәтiндердi лезде тауып алып, олармен компьютердiң экраны арқылы немесе қағаз бетiне басып шығарып та танысу мүмкiндiгi;

- әрбiр әрiпке байланысты реестрлiк сөздiк түзiлгендiктен, қажет деген сөздер мен оларға қатысты кәртiшкі-мәнмәтiндердi лезде iздеп тауып алу мүмкiндiгi. Мұндай әрекеттi кәртiшкі-мәнмәтiн iшiндегi сөзқолданыстар бойынша да жүзеге асыру алдын ала қарастырылған;

- қажетті деген сөзге немесе сөзформаға (олардың бастапқы, ортаңғы, соңғы бөліктерiне) байланысты кәртiшкі-мәнмәтiндердi авторына, шығармасына, баспа аттары мен шыққан жылдарына қатысты iздеп табу мүмкiндiгi;

- «Тіл – қазына» компьютерлiк базадағы кәртiшкі-мәнмәтiндердi өңдеуге, өшiруге немесе жаңадан қосуға да мол мүмкiндiк ескерiлген.

Қазақ тілінің «Тіл – қазына» атты компьютерлiк базасы картотекалық қордың барлық мiндетiн атқарумен бiрге, ол ендi сөздiктер мен мәтiндердi бейнелеу қорына да айналып отыр.

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының іргелі және қолданбалы зерттеу бағдарламалары бойынша «Компьютерлiк лингвистика» ғылыми тобының атқарған ғылыми жұмыстарының нәтижелері осының айғағы. Қазақ лексикасының түсiндiрме сөздiктерi негiзiндегi компьютерлiк базасын iске қосу мақсатына сай зерттеу жұмысының нысаны Тiл бiлiмi институтында құрастырылып, 1968 жылы жарық көрген «Абай тілінің сөздiгi» мәтiнi (6 мың сөз, 1 мыңдай сөз тiркес), 1999 жылы баспадан шыққан «Қазақ тілінің сөздiгi» (50 мың сөз) және жаңадан құрастырылған 15 томдық «Қазақ әдеби тілінің сөздiгiнiң» мәтiнi.

Мұндай компьютерлiк қор жасаудың негiзгi мақсаты – зерттеушi-тiлшiнiң жұмыс орнын толығымен автоматтандыру. Осының арқасында зерттеушiнiң уақытын барынша үнемдеу, яғни қажеттi тiлдiк ақпаратты iздеу жұмысы мен тiлдiк бiрлiктi реттеу және т.б. жеңiлдету тұстары қарастырылған.

«Тәуелсiз Қазақстан жағдайында қазақ тілінің ұлттық және мемлекеттiк тiл ретiнде негiзгi даму үрдiстерi мен бағыттары» атты іргелі зерттеу бағдарламасы бойынша «Компьютерлiк лингвистика» ғылыми тобы 2006-2008 жылдары жүргiзген «Қазақ тілінің компьютерлiк базасы: лексикалық қордың

ашық жүйесі» атты ғылым-зерттеу жұмысы 2003-2005 жылдары жүргізілген зерттеулердің қисынды жалғасы болып саналады.

Еліміздің егемендік алуына байланысты бүгінгі таңда ана тіліміздің өз мәртебесіне сай қоғамның барлық саласында орнын алу барысы жан-жақты жүріп жатыр. Осыған орай, толық сипаттағы болашақ қазақ тілінің «Тіл – қазына» деректер базасының ішінде неше түрлі мәтіндер, сөзтұлғалардың статистикасы, сөзнұсқағыштардың толық тізімдері, сөздерге телулі цитаталар, жиілікті және кері-әліпбилі сөздіктер көрініс табатыны сөзсіз.

Қазіргі кезде халықаралық қатынас нығайып, көптеген дербес ұлттық мемлекеттердің пайда болуы және бұрынғы отарлықта қалған халықтардың мәдениетінің көтерілу сипаты, қайтадан лексикографияның тіларалық қарым-қатынасқа және тілдерді оқытуға байланысты қызметтерін бірінші орынға ауыстыруына жағдай жасауда. Әлемдік өндірісті интеграциялау мәселесінде әртүрлі түсініктерді бірізге түсіру ісі де аса қажет болуда. Сондықтан егемен Қазақстанның халықаралық деңгейге шығуына және бірқатар жетекші елдермен қазіргі таңдағы ғылым мен технологияның әртүрлі салаларында ғылыми және өндірістік ақпараттармен алмасудың едәуір ұлғаюына байланысты неғұрлым кең ауқымды қамтитын көптілді сөздіктер шығару қажеттілігі де туындауда.

Сонымен 2006-2008 жылдары зерттелген «Қазақ тілінің компьютерлік базасы: лексикалық қордың ашық жүйесі» атты тақырып бойынша жүзеге асырылатын жаңа пішіндегі және жаңа мүмкіндіктерге ие болып отырған «Тіл – қазына» атты қазақ тілінің картотекалық және түсіндірме сөздіктері бойынша әрекет ететін компьютерлік базасының мүмкіндіктері мол және оны әлі де болса арттыра түсу қажет деп санаймыз.

Аталған тақырып бойынша орындалған ғылыми-зерттеу жұмысының алға қойған мақсаты мен міндеті ретінде қазақ лексикасының түсіндірме сөздіктері мен картотекалық қоры негізіндегі «**Тіл – қазына**» атты деректер базасын әлемдік талаптарға сай деңгейде құрастыру болатын. Міне, осыған байланысты «Тіл – қазына» деректер базасының алгоритмдік құрылымның теориялық негіздері зерттеліп, талапқа сай келетін база құрастырудың жасанды бағдарламалық тілі таңдалып алынды.

Қазақ лексикографиясын әлемдік дәрежедегі жаңа ақпараттық технологияға өтуіне байланысты «Автоматты сөздіктердің» атқаратын міндеті мен құрылымына қатысты, қазақ мәтінін автоматты өңдеуге қатысты, автоматтанған қазақ тіліндегі ақпаратты іздестіру жүйесінің мақсаты мен міндеттерін айқындауға қатысты және қазақ сөзі деректерінің тілдік бірліктердің «Тіл – қазына» атты базасын құруға және т.б. мәселелерге қатысты ғылыми әдебиеттермен таза лингвистикалық тұрғыда және аталған автоматты жүйелерді құрудың таза инженерлік тұстарымен, яғни компьютерге бағдарлама жасайтын маманға қажетті мәселелерінің теориялық және тәжірибелік тұстары толық зерттелді. Нәтижесінде 2009 жылы тақырып жетекшісі А.Қ. Жұбановтың «Қазақ сөзінің «Тіл – қазына» деректер базасы және оның теориялық негіздері» атты ғылыми монографиясы жарық көрді [7].

2009-2011 жылдар аралығында «Компьютерлік лингвистика» ғылыми тобы қызметкерлері «Мәдени құндылықтар ретіндегі қазақ тіліндегі мәтіндер корпусы және сөздіктердің «Тіл – қазына» атты ұлттық компьютерлік қоры» атты ғылыми-зерттеу тақырыбын өз зерттеу нысаны ретінде алды.

Технологиялық құралдар ретінде компьютерлік технологияны қолданатын тіл білімінің басқа салаларымен қатар, корпусық лингвистика саласы тілдік материалды жинау мен сақтаудың дәстүрлі әдіс-тәсілдеріне – жазба мәтінді қол күшімен өңдеу, лұғаттық картотекаларды жинау мен сақтау және т.б. түрлеріне тікелей әсер етті.

Корпусық лингвистика тіл білімінің жеке саласы ретінде өзімен іргелес жатқан тіл ғылымы пәндерімен жанасып жатады, яғни математикалық лингвистика, дискурстік анализ және лексикография салаларымен жақын жатады. Корпусық лингвистиканың басқа тіл ғылымы пәндерімен қарым-қатынаста болу ерекшелігі, бір жағына алғанда, мәтіндер корпусының корпусық лингвистика қызметінің нәтижесі ретінде болса, ал екіншіден – лингвистикалық пәндердің басқа түрлеріне де бастапқы эмпирикалық материал болу мүмкіндігінде. Міне, дәл осы жағдай корпусық лингвистиканың фонетика, лексикология, грамматика және стилистика салаларымен тығыз байланыста болатындығына негіз бола алады.

Корпуста сақталатын бірлік – ол пәндік саланың қайсыбір жиынтығы. Мысалы, оларға жататындар: сөз, сөзгіркес, сөйлем немесе бүтін мәтіндер жиынтығы [10]. Корпустағы деректер құрылымданған және құрылымданбаған пішімдерде сақталуы мүмкін. Біріншіден, яғни құрылымданған пішім жағдайында шартты белгілермен белгіленген мәтін туралы сөз болады. Ондай белгілер семантикалық (лексика-семантикалық), морфологиялық, синтаксистік сипатта болуы мүмкін. Мысалы, орыс тілінің ұлттық корпусында орын алған морфологиялық белгілер барлық

сөздерді сөз табына, септелу категориясына, тегіне (род – муж., жен.), жіктелуіне, жанды-жансыздығына, етіс және етістік түріне, салыстырмалы шырай және т.б. морфологиялық сипаттамаларына қарай арнайы белгі қою жүргізілген. Сол сияқты семантикалық талдау арқылы да мәтін ішіне қажетті белгілердің қойылатынын айтуға болар еді.

Корпустарға, сан жағынан, алғанда бірнеше талаптар қойылатыны да белгілі. Олардың негізгісі – репрезентативтілік (тұлғалылық), яғни оны сол корпустың пәндік аяның барлық қасиетін бейнелей алу мүмкіндігі деуге болады.

Корпустық лингвистиканың жетістіктерін өзіне сақтаған аса дамыған корпус түрі – ұлттық корпус. Мұндай корпус белгілі дәрежеде ұлттық тілді толық түрде бейнелейді. Ұлттық корпустың репрезентативтілігі (тұлғалылығы) – сол тілдің жазба және сөйлеу түріндегі мәтіндерінің барлық типтерінің бейнеленуі. Ұлттық корпустың айтарлықтай дәрежеде көлемді (ондаған, жүздеген миллион сөзқолданыс) болуы репрезентативтілікке жетудің қажетті шарты болып саналады. Ұлттық корпустың ажыратылмас бөлігі оның белгіленген (аннотацияланған, мазмұндалған) бейнесі.

Ұлттық корпус ғылыми зерттеулердің түр-түрін жүргізуді қамтамасыз етеді: лексикографияға, жасанды интеллектіге, әдебиеттануға, сөйлеу тілін талдау мен жинақтауға және лингвистиканың барлық салаларына қатысты зерттеу түрлері. Сонымен бірге беделді академиялық сөздіктер мен ғылыми грамматикаларды құрастыру да корпустар негізінде жүзеге асады. Ұлттық корпусты пайдаланушылар – әртүрлі саладағы тілшілер, әдебиеттанушылар, тарихшылар және гуманитарлық білім салаларының өкілдері. Ұлттық корпустың ана тілі мен шет тілін оқытуда, оқулықтар мен бағдарламалар құрастыруда маңыздылығы аса зор деуге болады [10; 11; 12].

Жоғарыда аталған зерттеу жұмыстары қазақ тіл білімінде бұрын-соңды зерттеу нысанына іліне қойған жоқ, тіпті орыс тіл білімінің өзінде де бұл мәселе лингвистиканың басқа салалары мен бағыттарына қарағанда кейіндеп қалған болатын.

«Мәдени құндылықтар ретіндегі қазақ тіліндегі мәтіндер корпусы және сөздіктердің «Тіл – қазына» атты ұлттық компьютерлік қоры» атты тақырып бойынша 2009 жылдан бастап жүргізіліп жатқан ғылыми-зерттеу жұмысының негізгі мақсаты – мәдени құндылықтар ретіндегі әлемдік дәрежедегі компьютерлік мәтіндер корпусын жасаудың лингвистикалық негіздемесін жасау. Ол үшін әлемдік дәрежедегі компьютерлік мәтіндер корпусын жасаудың лингвистикалық деңгейінің теориялық мәселелеріне байланысты материалдарға шолу жасау қажет болды.

Қазақ тілінің мәтіндік корпусын жасау мәселесінің шешілуі теориялық тұрғыдан да, практикалық тұрғыдан да құнды болмақ және мұндай зерттеу жұмысы қазақ тіл білімінде бұрын-соңды қолға алынбағандықтан, біріншіден, зерттеу нәтижесі компьютерлік лингвистика бойынша алғашқы теориялық тәжірибелердің негізін қаласа, екіншіден, тілдік материалды модельдеу нәтижесінде көптеген тілдік ақпараттарды алып, оларды тіл білімінің кез келген саласында нақты тілдік дерек (факт) ретінде пайдалануға, ұстануға мүмкіндік жасайды.

Мәдени құндылықтар ретіндегі қазақ тіліндегі компьютерлік мәтіндер корпусын құрастырудың лингвистикалық деңгейі бойынша М.Әуезовтің 20 томдық шығармалар мәтініндегі және т.б. толық шығармалар жинақтарынан алынған таңдама мәтіндеріндегі сөзформаларды орфографиялық сөздерге бөліктеудің, сөздік бірлігіне келтірудің (лемматизациялаудың) және морфологиялық талдау арқылы оларға шартты белгі-кодтар қою әрекеті жүзеге асуда.

Қазақ тілін зерттеуде корпустық лингвистика саласына көп мән берілуі және оның әлемдік дәрежедегі теориялық және практикалық жақтарын зерттеу қажеттігі туындауда. Әлем бойынша мәтін корпустарын құрастыру мен олардың қызметіне қатысты жалпы және нақты мәселелерге арналған мақалалар жарық көрген ғылыми журналдардың арнайы басылымдары да шыға бастады [8; 9]. Бірақ, әлде де, қазақ тіл білімі үшін корпустық лингвистикаға қатысты көптеген мәселелер арнайы зерттеуді қажет ететіні белгілі.

Жоғарыда сөз болған корпустық лингвистика пәнінің теориялық және тәжірибелік жақтары қазақ тілі мәтіндері бойынша компьютерлік корпустар базасын құру жағдайында да ескерілуі қажет. Корпустық лингвистика қазақ тіл білімінің де ерекше саласы ретінде қалыптасатын болса, қазақ тілшілеріне көлемді тәжірибелік материалдарды пайдалануға, қажетті деген тілдік деректерді тауып алуға және оларға тиісті деген өңдеулер жүргізуге мүмкіндік туындатады. Осының бәрі қазақ тіліне қатысты зерттеулердің шынайылыққа (ақиқаттыққа) жетудің эмпирикалық тәсілдеріне жаңаша көзқараспен қарауға және ғылыми айналым аясына аса маңызды тілдік материалдарды енгізуге жағдай жасайды. Ұлттық сана-сезім негізінде тілдік сана-сезім қалыптасады, бұл арқылы адам өзінің тілін өзі анықтайды [13; 18].

Қорыта айтқанда, компьютерлік лингвистика мамандарының тұжырымдауынша, компьютерлік тілдік қор дегеніміз – ғылым адамының өз зерттеу нысанына жаңаша тұрғыда көз салу мүмкіндігі. Мұндай тілдік қор неғұрлым қомақты болса, солғұрлым тіл құрылысының сыры тереңірек ашылады, сөйтіп, зерттелетін нысан жөніндегі түсініктердің аумағы кеңиді, адамның білім өрісіндегі «ақтандақтардың» бедер-бейнесі айқындала түседі. Сол сияқты, зерттеуші адамның қалып-қабілеті әлденеше есе артады, шығармашылық қуат көздері ашыла түседі, сөйтіп, бұл жаңа мүмкіндіктер қазақ тілінің жүйелілік қасиеттерін жетілдіруге және тіл жүйесін мұқият тануға жұмсалатыны сөзсіз.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

- 1 Назарбаев Н. Қазақстан жолы. – Қарағанды, 2006. – 372 б.
- 2 Қазақ текінің статистикасы. Статистика казахского текста. – Алматы: Қаз ССР-ның «Ғылым» баспасы, 1973. – 731 б.
- 3 Бектаев К.Б., Пиотровский Р.Г. Математические методы в языкознании. Ч.1. Теория вероятностей и моделирование нормы языка. – Алматы, 1973. – 281 с.; Ч.2. Математическая статистика и моделирование текста. – Алматы, 1974. – 334 с.
- 4 Бектаев К.Б. Статистико-информационная типология тюркского текста. – Алма-Ата, «Наука» КазССР, 1978. – 167 с.
- 5 Бектаев Қ.Б., Жұбанов А.Қ., Мырзабеков С., Белботаев А.Б. М.О.Әуезовтің 20 томдық шығармалар текстерінің жиілік сөздіктері. – Алматы-Түркістан, 1995. – 346 б.
- 6 Жұбанов А.Қ. Основные принципы формализации содержания казахского текста. – Алматы, 2002. – 250 с.
- 7 Жұбанов А.Қ. Қазақ сөзінің «Тіл – қазына» деректер базасы және оның теориялық негіздері. База данных «Тіл – қазына» казахского слова и ее теоретические основы. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2009. – 304 б.
- 8 Научно-техническая информация. Серия 2. Информационные процессы и системы. – 2003. – №6.
- 9 Научно-техническая информация. Серия 2. Информационные процессы и системы. – 2003. – №10. – 387 с.
- 10 Вербицкая Л.А., Казанский Н.Н., Касевич В.Б. Некоторые проблемы создания национального корпуса русского языка // Научно-техническая информация. – Серия 2, 2003. – №6. – С.2-8.
- 11 Шаров С.А. Представительный корпус русского языка в контексте мирового опыта//Научно-техническая информация. Серия 2. Информационные процессы и системы. – 2003. – №6. – С.9-18.
- 12 Национальный корпус русского языка // <http://www.ruscorpora.ru>.
- 13 Баймурзина А. Қазақстандағы көптілділік ғылым призмасы арқылы // Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университет. Хабаршы. «Филология ғылымдары» сериясы. – 2016. – №4. – 18 б.

А.К. Жубанов<sup>1</sup>, А.А. Жанাবেкова<sup>2</sup>, Б.Д. Карбозова<sup>3</sup>

<sup>1,2,3</sup>Институт языкознания им. А.Байтурсынова,  
г. Алматы, Казахстан

## СОЗДАНИЕ НАЦИОНАЛЬНОГО КОРПУСА КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА – ОСОБО ВАЖНАЯ ЗАДАЧА КАЗАХСКИХ ЛИНГВИСТОВ

### *Резюме*

В статье кратко описывается история возникновения в казахском языкознании новой отрасли прикладной лингвистики, как статистическая, компьютерная и корпусная лингвистика. Началом данного факта считается проведенная в 1969 году в Институте языкознания АН КазССР Всесоюзной конференции «Статистическое и информационное исследования тюркских языков». Далее говорится о роли и значении изданных научных сборников и монографий в области казахской прикладной лингвистики с участием видных ученых, как Р.Г. Пиотровский, К.Б. Бектаев и др. Особо останавливается на научной значимости докторской монографии А.К. Жубанова «Основные принципы формализации содержания казахского текста». В данной работе впервые в казахской лингвистике было проведено исследование казахских текстов формальными методами, который является спросом времени и новым взглядом на коммуникативное пространство и широким распространением телекоммуникативных технологий, а также необходимостью исследования казахского языка новыми прикладными приемами. В монографической работе соответственно новой отрасли казахского прикладного языкознания – «Лингвистика текста» определены знаковые характеристики единиц казахского текста, особенности абзацев по отношению к содержанию текста.

**Ключевые слова:** национальный корпус, лингвистика, автоматизация, репрезентатив, текст, искусственный интеллект

A.K. Zhubanov<sup>1</sup>, A.A. Zhanabekova<sup>2</sup>, B.D. Karbozova<sup>3</sup>

<sup>1,2,3</sup>The Institute of Linguistics named after A.Baitursynov,  
Kazakhstan, Almaty

## CREATION OF NATIONAL CORPUS OF KAZAKH IS AN ESPECIALLY IMPORTANT TASK OF THE KAZAKH LINGUISTS

### Summary

The article briefly describes the history of the Kazakh linguistics a new branch of applied linguistics, statistical, computer and corpus linguistics. Beginning this fact is considered to be held in 1969 at the Institute of linguistics of the Kazakh SSR all-Union conference "statistical and information studies of the Turkic languages". It further States about the role and value of published scientific journals and monographs in the field of Kazakh applied linguistics with notable scholars as R.G. Piotrovsky, K.B. Bektayev reported. Highlighted the scientific importance of doctoral monograph of A.K. Zhubanov "the Basic principles of formalizing the content of the Kazakh text." In this paper, for the first time in the Kazakh linguistics was the study of the Kazakh texts of formal methods, which is the demand of time and a new look at communicative space and the widespread use of telecommunication technologies, as well as the need of the study of the Kazakh language new application techniques. In monographic work accordingly a new branch of Kazakh applied jazykoznanija – "Linguistics of text" identified significant characteristics of the units of the Kazakh text, especially paragraphs in relation to the content of the text.

**Keywords:** national building, linguistics, automation, representativeness, text, artificial intelligence

FTAXP 16.21.79

Қ.Ж. Жумабеков<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Өмер Халис Демир Университеті,  
Нийде қ., Түркия

## ЖЫЛҚЫ ТҮЛІГІНІҢ ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК ТІЛДЕРІ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРІНДЕГІ ҚОЛДАНЫСЫ

### Аңдатпа

Түркі халықтарының, оның ішіндегі қазақ және түрік халықтарының атқа деген құрметтері, басқа да фольклор мұраларындағыдай мақал-мәтелдерде де ерекше көрініс табады. Бұның басты себептерінің бірі, ежелден бері түркі халықтарының, оның ішіндегі қазақ және түрік халықтарының ең басты кәсібі мал шаруашылығымен айналысу болып табылады. Мал шаруашылығы олардың өркениетінің дамуына да орасан зор ықпал етті. Мақалада қазақ және түрік тілдері мақал-мәтелдердегі жылқы түлігінің қолданысы талданған.

Жылқы түлігі қазақ және түрік халықтарының өмірінде ерекше орынға ие болғандықтан, халық қазынасы болып табылатын мақал-мәтелдерінде де көп мөлшерде кездеседі. Мақал-мәтелдердің мазмұнында халықтың әлеуметтік тіршілігі, әдет-ғұрпы, сан ғасырлық өмір тәжірибесі, даналығы көрініс табады. Сонымен қатар, жылқы достық пен тазалықтың, күш-қуат, байлық және табыстың белгісі ретінде бейнеленген. Мақал-мәтелдердің кейбіреулері метафоралық мағынада қолданылса, ал кейбір мақал-мәтелдер нақты мағынасында пайдаланылады. Бұлардың кейбір бөлігі адамдардың табиғатпен қарым-қатынасын көрсетеді.

**Түйін сөздер:** түркі халықтары, жануар, қазақ тілі, жылқы, мақал-мәтелдер, табиғат, фольклор, салт-дәстүр

Жылқы түлігі қазақ, сондай-ақ басқа да түркі халықтары өмірінде үлкен маңызға ие. Күнделікті өмір тіршілігінің арқауы және қиын-қыстау кезеңдерде ер азаматтардың сенімді серігі бола білген. Қоғамда ерекше орынға ие болғаны үшін, халық ауыз әдебиетінде және жазба мұраларда көптеп кездеседі. Көптеген дастандарда, аңыз-әңгімелерде, ертегілер мен мақал-мәтелдерде жылқы түлігі ерекше назарға алынып жатады. Түркі әлемінде жылқы түлігі тек қана міну және арбаға жегу үшін қолданылып қана қоймай, көшпелі шаруашылық пен дала өркениетін дамытуда елеулі көрсеткішке айналды. Көшпелілердің, оның ішінде қазақтың төрт түлік малдың ішіндегі қастерлісі жылқы түлігі мінсе – көлік, ішсе – қымыз, сойса – тамақ бола білген. Жылқының адамзат өмірінде алар орны ерекше екенін атап көрсеткен Ахмет Токтабаев былай дейді: «Ежелден ат десе ішкен асын жерге қоятын, ат құлағында ойнап өскен көшпенді халықтарды былай қойғанда, егін егіп, қала салған отырықшы жұрттың өзі жылқыға мыңда бір қарыздар» [1, 461].

Түркі халықтарының, оның ішіндегі қазақ және түрік халықтарының атқа деген құрметтері, басқа да фольклор мұраларындағыдай мақал-мәтелдерде де ерекше көрініс табады. Мақал-мәтелдер жазба

әдебиетіміздің ең бай мұраларының бірі болып табылады. Мехмед Йардымжы былай деп тұжырым жасайды: «Мақал-мәтелдер бабалардан бізге жеткен асыл мұрамыз және ұтымды айтылып, қысқа қайырылатын, адамның сан ғасырлық өмір тәжірибесінен туындайтыны ғибрат сөздер» [2, 739]. Ал халық қазынасы атанған мақал-мәтелдер жайлы Жанар Байтелиева былай дейді: «Мақал-мәтелдер кез келген ұлттың, халықтың шежіресі, тарихы болып табылады. Мақал-мәтелдер – халықтың сан ғасырлық көрген-білгенін, бастан кешкен оқиғаларынан қорытқан ақыл-ойының жиынтығы, анықтамасы, табиғатта, өмірде үнемі қайталанып тұратын оқиғалармен, құбылыстармен байланысты туған сөздің тобықтай түйіні. Сонымен бірге оның мазмұнында халықтың әлеуметтік тіршілігі, әдет-ғұрпы, даналығы көрініс табады» [3, 1]. Қазақ және түрік халықтары өмірінде жылқы күнделікті тұрмыс қамқаракетімен қоса жаугершілікте де қолданылған. Тамақ, киім және көлік ретінде пайдаланылған. Сол үшін де, қоғаммен біте қайнасқан жылқы түлігі сөз мұрасы мақал-мәтелдерде көрініс табады. Бұнымен қатар, қазақ және түрік халықтары мақал-мәтелдерінде жылқы достық пен тазалықтың, күш-қуат, байлық және табыстың белгісі ретінде бейнеленеді. Мақал-мәтелдердің кейбіреулері метафоралық мағынада қолданылса, ал кейбір мақал-мәтелдер нақты мағынасында пайдаланылады. Бұлардың кейбір бөлігі адамдардың табиғатпен қарым-қатынасын көрсетеді. [4, 415].

Табиғаттың бір бөлігі болып табылатын жылқы түлігі мақал-мәтелдерде өте үлкен мөлшерде кездеседі. Қазақ және түрік халықтарының жылқыға қатысты мақал-мәтелдері халық арасында кеңінен қанат жайған. Қазақ халықтың жылқыға деген құрметінің ерекше болғандығын Ахмет Тоқтабаев былай көрсетеді: «Әйтпесе қазақ жылқыны жанындай жақсы көреді. Кейде тіпті аса жақсы адамға балаған да кездері болған. Мәселен, Құлагері өлгенде Ақанның:

«Шынымен өлгенің бе Құлагерім,  
Салбырап саптыаяқтай төменгі ернің.  
Баспа-бас қызға бермес жануарым,  
Басылмас бір шырқалмай менің шерім», –  
деп зарлауы осының дәлелі емес пе?!».

Халық адамгершілігі мол, сабырлы да салмақты адамды былайша сипаттаған: «Адам жылқы мінезді», – деп. Ал «Ер қанаты-ат» деп халық барша адамзатқа, әсіресе ер азаматқа жылқының айрылмас серік екенін байқатады. Тағы бір «Ат тұяғын тай басар» деген нақыл сөзінде, ата жолын бала қуатындай, із басарлық артында ұрпақ қалдыруға үгіттейді. Ат-тұлпар ерекше маңызды орында аталады; ол эпикалық дәстүрдегі қасиетін, қызметін ертегіде де жалғастырады [5, 107].

Түркі халықтарының бірі болып табылатын Анатолияға қоныс тепкен түрік халқының бастан кешірген оқиғаларына, сан ғасырлық тәжірибелеріне байланысты өзіндік мақал-мәтелдері де қалыптасты.

«Atı atasıyla, katırı anasıyla» (Атты атасымен, қашырды анасымен) – деп, түрік халқы текті адамнан зиян келмейтінін, ал тексіз адамнан қорқу керектігін білдіреді. Ал «Atın varken yol tanı, ağan varken el tanı» (Атың барда жер таны, ағаң барда ел таны) – деп, қолда барда немесе әр нәрсені уақытында ұтымды пайдалануға итермелейді. Тағы бір «Ata eyer gerek, eyere er gerek» (Атқа ертоқым, ертоқымға ер керек) деген ғибрат сөзінде атқарған еңбектің жемісін көру үшін әр нәрсенің өз орнында болуы керектігін және соқан сәйкес жағдайдың жасалуын аңғартады. «At binicisine göre eşinir» (Ат мінген адамына қарай жер тепкілейді)- деген нақыл сөзінде әркім өз шамасына, күшіне қарай көсілетіндігі байқалады.

### Жылқы түлігіне байланысты қазақ мақал-мәтелдері

Жылқы сүйеді баласын «құлыным» деп,  
«Тұлпар болып жүгірер жұрыным!» деп.

Арыстан – аң патшасы,  
Жылқы – мал патшасы.

Адам жылқы мінезді.

Атың барда жер таны желіп жүріп.

Ат жаманы – сүріншек, ет жаманы –  
шеміршек.

Жылқыда өт жоқ, құста сүт жоқ.

Жылқыда өт жоқ, өсер малда өлім жоқ.

Жақсы атқа бір қамшы,  
Жаман атқа мың қамшы.

Ер қанаты – ат.

Жүзден жүйрік, мыңнан – тұлпар.

Жігітте де жігіт бар, азаматы бір бөлек,  
Жылқыда да жылқы бар, қазанаты бір бөлек.

Жақсы айғырдың үйірін ат жақтайды.

Құнан атқа жеткізер, ат мұратқа жеткізер.

Жүйрік ат бірде ат, бірде қанат

Түйе – шудасын,  
Жылқы – жалын,  
Сиыр – мүйізін төсейді.

Жақсы айғыр үйірін бөріге алдырмас,  
Батыр жігіт ауылын ұрыға алдырмас.

Ат сүрінбей жер танымас.

Жақсы айғыр бастауық болады,  
Текті айғыр жеңімпаз болады.

Жақсы айғыр кіндікті келеді,  
Бөкселі айғыр бауырлы келеді.

### Жылқыға байланысты түрік мақал-мәтелдері және олардың мағыналары

At, adımına göre değil, adamına göre yürür (Жылқы қадамына қарай емес, адамына қарай жүреді).

Atın ürkeği, yiğidin korkağı (Жылқының үркегі, жігіттің қорқағы).

At ölür, itlere bayram olur (Аттың өлгені, иттің мейрамы).

At binicisini tanır (Ат мінген адамын таныр).

At yiğidin yoldaşdır (Ат жігіттің жолдасы).

Ata binersen Allah'ı, attan inersen atı unutmaz (Атқа мінсең Алланы, аттан түссең атты ұмытпа).

Ata da soy gerek, ite de (Атқа да тек керек, итке де).

Atlar tepişir, arada eşekler ezilir (Жылқылар тебіссе, ортада есек езілер).

At yedi günde, it yediği günde (belli olur, semirir). (Ат жеті күнде, ит жеген күні (белгілі болар, семіреп)).

Atlıya saat olmaz (Аттыға сағат жоқ).

Ata dost gibi bakmalı, düşman gibi binmeli (Атқа дос сияқты қарау керек, дұшпаның сияқты міну керек).

Atım tepmez, itim karmaz deme (Ат тепейді, ит қаппайды деме).

Ata arpa, yiğide pilav (Атқа арпа, жігітке күріш).

Ata binen nalını mihini arar (Атқа мінген аттың тақасын да тұяғын да іздейді).

Ata eyer gerek, eyere er gerek (Атқа ертоқым, ертоқымға ер керек).

At binicisine göre eşinir (Ат мінген адамына қарай жер тепкілейді).

Atı atasıyla, katırı anasıyla (Атты атасымен, қашырды анасымен).

Atın varken yol tanı, ağan varken el tanı (Аттың барда жер таны, ағаң барда ел таны).

Attan düşene yorgan döşek, eşekten düşene kazma kürek (Аттан түскенге жайлы төсек, есектен түскенге кетпен-күрек).

**Қорытынды.** Жылқы түлігінің түркі халықтарының, оның ішіндегі қазақ және түрік халықтары өркениетінің дамуына әсері орасан зор болды. Жылқы тек шаруашылықта қолданылып қана қоймай, мінсе – көлік, ішсе – қымыз, сойса – тамақ бола білді. Бүкіл пәнилік тіршілігі жылқымен байланысқан қазақ және түрік халықтарының дүниетанымында, ділі мен тілінде жылқыға қатысты ерекше мәдени жүйе қалыптасқан.

Жылқы қазақ және түрік халықтарының өмірінде ерекше орынға ие болғандықтан, халық қазынасы болып табылатын мақал-мәтелдерінде де көрініс тапқан. Мақал-мәтелдердің мазмұнында халықтың әлеуметтік тіршілігі, әдет-ғұрпы, сан ғасырлық өмір тәжірбиесі, даналығы көрініс табады. Сонымен қатар, жылқы достық пен тазалықтың, күш-қуат, байлық және табыстың белгісі ретінде бейнеленген. Мақал-мәтелдердің кейбіреулері метафоралық мағынада қолданылса, ал кейбір мақал-мәтелдер нақты мағынасында пайдаланылады. Бұлардың кейбір бөлігі адамдардың табиғатпен қарым-қатынасын көрсетеді.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Durmuş Hava. *Kazak Türkçesindeki at ile ilgili söz varlığı ve metinler*. – Ыстанбул, 2011. – 461 б.

2 Yardımcı, Mehmet. *Makedonya ve Diğer Türk Yurtlarında Söylenen Ortak Atasözleri ve Deyimler*. – Македония, 1998. – 739 б.

3 Жанар Байтелиева. *Мақал-мәтелдерді этнолингвистикалық тұрғыдан зерттеудің маңыздылығы*. – Алматы: Елтаным баспасы, 2014. – 160 б.

4 Yazıcı Hakkı. *Afyonkarahisar Atasözlerinin Coğrafi Analizi, Ulusal Coğrafya Kongresi*. – Ыстанбул, 2010. – 415 б.

5 Айдоғду Ш. *Анадолы Түрік ертегілерінің жанрлық және тақырыптық ерекшеліктері//Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Хабаршы, «Филология ғылымдары» сериясы. – 2015. – №4(54). – Б.105-110.*



К.Ж. Жумабеков<sup>1</sup>  
<sup>1</sup>Университет Омер Халис Демира,  
г. Нийде, Турция

## ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ЛОШАДИ В КАЗАХСКИХ И ТУРЕЦКИХ ПОСЛОВИЦАХ

### Резюме

Тюркские народы, в том числе казахи и турки уделяли особое внимание лошадям. Как и в других фольклорных жанрах они имели особое место в пословицах. В статье анализируется использование лошади в казахских и турецких пословицах. Тюркские народы, в том числе казахи и турки, с древних времен занимались животноводством. Скотоводство оказало огромное влияние на их цивилизацию. В статье анализируется использование лошади в казахских и турецких пословицах.

Лошадь очень часто встречается в казахских и турецких пословицах, так как она занимает особое место в жизни этих народов. В пословицах и поговорках отражаются общественная жизнь, обычаи, многовековой опыт, мудрость народа. Кроме того, лошадь – это символ дружбы, чистоты, власти и богатства. Пословицы и поговорки используются иногда в переносном, иногда в прямом смысле. Некоторые из пословиц отражают отношения людей с природой.

**Ключевые слова:** тюркские народы, животное, казахский язык, лошадь, пословицы, природа, фольклор, культура

K.Zh. Zhumabekov<sup>1</sup>  
<sup>1</sup>Omer Halisdemir University,  
Niğde, Turkey

## THE USE OF HORSES IN THE KAZAKH AND TURKISH PROVERBS

### Summary

Turkic peoples, including Kazakhs and Turkish people have a special attention to horses. As in other genres of folklore, they had a special place in proverbs. The article analyzes the use of horses in the Kazakh and Turkish proverbs. Turkic peoples, including Kazakhs and Turks, paid special attention to the horses. As in other folklore genres, they had a special place in proverbs. The article analyzes the use of a horse in Kazakh and Turkish proverbs. From the ancient times, among the Turkic peoples, including the Kazakh and Turkish peoples, the most important profession was engaged in animal husbandry. Horses have a special place in the life of the Kazakh and Turkish peoples. Proverbs and sayings of the population in the context of public life, customs, reflected in centuries of experience, the wisdom of life. In addition, the horse is a friendship and cleanliness, portrayed as a symbol of power, wealth and income. Proverbs and sayings are sometimes used in a figurative sense, sometimes using the real sense of proverbs and sayings and some relations of these people with nature.

**Keywords:** Turkic people, animal, Kazakh language, horse, proverb, nature, folklore, culture

МРНТИ 17.07.41

M.A. Zhunissova<sup>1</sup>  
<sup>1</sup>Kazak National Pedagogical University Abay,  
Almaty, Kazakhstan

## KAZAKH LITERARY LANGUAGE (HISTORICAL PERIODIZATION)

### Abstract

The Kazakh language historical friend considered Turkic studies before Turkic hore and nowadays Turkic language establishes a connection memorizes. The historical epoch of the Kazakh literary language was discussed with the Turkic languages, ie, historical development and the formation of the Turkic peoples. The history of language on direction of question living on easy street scientists of Kazakh K.Zhubanov, S.Amanzholov, Y.Kenesbaev, T.Kordabaev, Y.Zhubanov, R.Syzdykova, S.Isaev, G.Kaliev break a secret labors of scientists. Kazakh literary language is history lives on easy street touching opinion one side, and Kazakh language historical friend is deeply denies. History of language G.Kosymova offered program living on easy street scientist and published textbook. The history of language through information on writing monuments has new periodization linguistic pore.

**Keywords:** Kazakh language, Kazakh literary language, historical periodization, Historical grammar, the history of the Kazakh language, the grammatical concept, the isthocratic element, the etymology of some words

**1. INTRODUCTION.** Kazakh language has like all scolds world, tears to pieces millennium driving away history eats generation consciousness sucks and it world civilization place eats pastures arrives at heritage eats am grounds through Kazakh language state language one time, national language one time place specify clear. So soon Kazakhstan national history memorizes question touching between departments work group extends meeting rises Kazakhstan national history horizon extends only puts, people only what historical ways forms question this article connect deposit abundant.

Scientific article aim is the kazakh language historical friend considered Turkic studies before turkic pore and nowadays Turkic language establishes a connection memorizes. The history of language on direction of question living on easy street scientists of Kazakh K.Zhubanov, S.Amanzholov, Y.Kenesbaev, T.Kordabaev, Y.Zhubanov, R.Syzdykova, S.Isaev, G.Kaliev break a secret labors of scientists. Kazakh literary language is history lives on easy street touching opinion one side, and Kazakh language historical friend is deeply denies. History of language G.Kosymova offered program living on easy street scientist and published textbook.

To write the article scoped like G.Kasymova [1], A.Bakhti [2] a secret scientists and consenting, questions historical living on easy street what scold in a middle and only what epochs of Turkic. The article informs about linguistics credo lean and as lives on easy street world every language divided, what historical pore stands and their theoretic pore taking. The world language character knows for basic role carries out and every stair direction spacious kind introduces and talk Kazakh people language history. Language lives together with society. If it is so, society won't mute, a language not develops without society. The language basic activity arrives at perfection and serves people public historical life dense connection. What pore inherent look is language the use knows as, historical pore presence track writing literature, monument language, etc. historical the states society life about taking is saved. Therefore one comes historically to live on easy street known question living on easy street being due being. For example, consult ideology goes out our necessity book majority. Because introductions, that increased and reason settled to the future, to the idea of communism. Formed and on which pore a man close had children to the innovation the soul comes. Space to master, to master nowadays informative technologies, etc. Nowadays language and society as live, labors, that were nowadays written, exactly can to give spectacle. Development of language science of linguistics live on easy street two by credos. First – what gives historical by pores. Character development second – to look all the time. Coullisse undertaking from a man research of language is androcentric credo, only which epoch tendency in linguistic. Connecting history of language scientifically to investigate so, as live on easy street was XXI on scientific time theory of paradigm century knowable plot.

«Language border hangs, circle fumigates stands, cuts on slices builder and consumer, viz. exact personality – man a language pays attention stands, forceunderstand not maybe... you not take" to teachman, though not knew language, arriving at» [3].

**2. Materials and methods.** Kazakh history of language, that was investigated approach metatheory of language, that materials living on easy street will add deposit to world social to development of linguistics. Those cut on slices look border language of nation is a border world view of nation, that bore [4]. The competence of language cultural owner one time is knowable people composition individuality shows itself language fact – language personality theory develops information source is, living historical pore language development index. According language knowledge language develops conformity to law is such: language sound system and lexical grammar building is development structural development talks. The meaning language development has also expansion of function, it kind development called functional development. It conformities to law development of language. Such to conformities to law two different factor reason. They: internal meaning and external meaning. It has two processes in a way of developing language. One of them, divide one language with each other, for individual dialects and scold, process division. It called division (differentiate) in linguistics. The second – individual dialects, joining language with each other, relationship of languages are called joining (integration).

Language to the changes meaning, that is reason, same strong – public process. If economy andsocial, culture, technique, if strongly develop side science, as a ten and social language of people develops well. There are computer, monogamy, airplane, rocket, design, at that on time of reason in last centuries there was a benefit, words compel to come. Language with social connection, develops together with social. To the pores kazakh development of linguistics Kazakh researchers divided: N.Sauranbaev, I.Kenesbaev, S.Amanzholov, K.Zhubanov, A.Yskakov, M.Balakaev, T.Kordabaev, R.Syzdykova, A.Kuryshzhanov, K.Omiraliev, Sh.Sh.Sariev, S.Isaev, Y.Zhanpeisov, M.Tomanov, S.Khasanov, G.Kaliev, Y.Zhubanov, B.Abilkasomv, etc., they statics of language is the melody-state, dynamics – motion development talked.

From east Europe till Siberia and west China has spacious transmigrates 180 million man mother tongue, 210 million man two language finds turkic language group Altai language dynasty lies. Visible Turkic N.A. Baskakov divides the following pores languages of Turkic language, geographic took into account features, history of languages, that was named epoch; gun is an epoch; consenting epoch (V-VI c.) of Turkic; middle epoch of Turkic or basic Turkic tribes pore forming; epoch of Turkic only what or Turkic nation epoch (XVI-XIX c.) and development forming; same only what epoch (XX c.) or languages of turkic to October revolution and epoch of following develop. The opinion that Kazakh language origin has started since Altai era in Kazakh linguistic, scientist G.Kosumova said that the Kazakh has deeply origin than Altai era, according of all world scientists of Turkic and Kazakh historic, of archeology and philology [1]. It scientific assumption, that was done in result language discussion of exact, extending about history language our Kazakh has larger cognition - concept according to the like S.Kremer, Y.Diakonov, O.Tuna, A.Amanzholov, A.Kaidar, A.Bakhti scientists's work. Science of language has concept «Ural-Altai association of language». It hasn't turned out term, but between scientists are very big dispute. Scientists divide two pore named epoch: Oral-Altai language general epoch, this is an increases family and tribe language divided pore; wrapped around and as scolds one by one divided pore, this after Turkic, Mongolic, tungus-manchjur and classifies Korean-japon language dividing epoch. Wrapped around and Poltava, that first opinion expressed about linguistics, participated rock, swedish, that was in Siberia for a captive, police **Yogann fon Stralenberg**. He had interesting experienced in many language and divide according relationship between «Tatar» language the following group: 1) uigyr (ugro-phin), 2) Turkic-tatar, 3) samoed, 4) Mongolic and manchzhur, 5) tungus, 6) tribes between Caspian and black sea. All of minded conclusions of error, that increased, row will scold classification, valuable to lay to one group. It hasn't linguistic minded languages joined to one group. After languages called «Oral-Altai» was not investigated. Passed since a few century Danish linguists Rasmus Rask has start again for this question. The group called «scythian» has group Grelan, America, Asia, Europe, Spain and fungus, Mongol, Turkic, ugro-phin, shamed and yeskimos language in Caucasus. XIX in a century especially developed linguistics. In work V.Gumbold has organized the connection of languages «Tatar» and «scythian» and was formed metatheory. Compare with Indo-European languages differentiate is isolated agglutinative by character syngharmonizm. As soon Max Muller are not accepted Siamese, Tibetan south Indian and languages of servant offers what names «Turan languages». At that time this language has not investigated yet and M.Muller was territory looks groups, didn't compare investigates, therefore history the stage leaves quickly. Matvey-Alexsandr Kastren has find right road. He knew some languages and it was his differentiate. Limiting number of languages called «Altai languages», and dividing into 5 groups: ugro-phin, shamed, Turkic, Mongol and languages of tungus. So dividing group of Oral-Altai languages started since Kastren. It has problem entering Japon languages. Kastren has increased another similarity beside agglutination of these languages: not prefix, instead of it suffix, pretext instead of conjugation, not twice consonants etc. The origin «Oral-Altai» languages in really demonstrated in experiments of V.Shott. Lexicography of languages, that was named by him, back investigates morphology. Uraloy (Finnish, ugor, samodi) languages of Ural-Altai - linguistics and and (turkic, mongol, tungus- manchzhur, Japanese, korean) languages of group industry, that free of charge investigates to go out. F.Stralenberg languages of Ural-Altai conclusion, said that exit one, offering, named, talk «Ural is a metatheory of Altai», on it linguistics. VIII century share is the metatheory defender scientist (V.Shott, F.Videman, M.A. Kastran, O.Betlingk, G.Vinkler, V.Tomsen, M.Riasanen, D.Fokosh-Fukus, J.Kiekbaev, B.Bazylkhan, etc.) Ural-Altai language some phonetic, grammatical, lexical likeness takes into account sits, this scolds goes out one talks concludes, south, north, east, west group divides. Ural-Altai language metatheory against scientist (V.Kotvich, J.Klouson, A.M. Sherbak, etc.) this group language meets root word likeness, some grammatical personality accordance this scolds for a long time mutual historical connection is result talks considers. Languages of Ural-Altai scientist, that is supported by a relation, B.Bazylkhan to according scold, community at first was formed general element (a root is a morpheme), and in motion of what develop evolutionary, a singleness was elements (sounds, words, morphological, syntactic special personalities) a benefit. Ural-Altai language evolutionary development sign language epoch, comes word epoch, difficult word epoch main excuses, arrives at nowadays personal language level. A sign language epoch main character this the language talks man mutual connection nowadays one, two link root word, viz. first dictionary a resource is found out. The last Name gives a sound on personality of root, him main to nod, a hand waves understood on basis similar motion of body driving to accordance. Number sound of language on personality of root talk as 140- specify scientist. This two different language sound Ural-Altai language word head is saved, and a root is a morpheme names, Ural-

Altai language first general root element talks. «Come in epoch of word» one, two links a root was conceived words, first dictionary done resource. Such the words suffix-completion, in type of suggestion come was used. «Difficult epoch of word» - languages of Ural-Altai, personal scold, dividing fully, «that, on time of epoch, what first-first was distant», summarized. Needs relation languages of Ural-Altai still investigates to go down [6]. You single national cut on slices on today's stair development language people of Kazakh, cut on slices be national literary. When he different stylistic classify on it day, develop, language, lexicography arrived at perfection husband, grammatical building, wrapping to the language literary, to the language limning ran around. Certainly, language press ferriages of many, that to arrive at such the degree. Investigating historical approach facts of language to know, that conversant to master those cut on slices, importance is superiority. History of language nowadays melody, secret, though knew not, to know maybe in detail. Kazakh language basic historical associates science one time knows same important thing is forgets, each the language question history that the phenomenon as goes out, development and what main epoch passes talks approach looks is needed, then only melody is know. Kazakh language turkic language interior takes localization, turkic language together walks passes line, turkic language closeness eats consents language - shumer language character, consent turkic language шумер character, theoretical basis Kazakh language consent turkic element, middle century people language has formed place investigate labour. To explain the hystory of kazakh language (hystory of organize tribes language, national language, people language), firstly organize nation of kazakh and to follow process of nationality. Hystory of organize kazakh nation connected with early large unions, persons, of them by history on place of Kazakh. One hundred talks habit Kazakh people inferior and historical tradition through marked general Kazakh territory one part settles tribe large association (or unions) names is accepted [7]. Kazakh language goes out and development pore general turkic homogeneous scolds develops epoch unity, that circle takes examines is only understands fully. They are: Schumer is an epoch, Altay epoch, epoch of hun and consent epoch of Turkic, middle century epoch, new and modern epoch of languages of turkic epoch. History of Kazakh historical writing on these epochs monuments stopped it is necessary to touching [1]. Kazakh tribes people are unites, Kazakh people language is formed large tribe union language association, XV-XVI century Kazakh tribes kypshak community, nogay palace divided goes out, mongol occupation after Kazakh earth patriarchal feudal relation become stronger, first Kazakh kings associate is benefit, this process XIX century two half to stretch taken into account necessary. Kazakh a language tribe, people lives on easy street phonetic, lexical, grammatical structure historical development Kazakh language develops levels associates and typology sign is considered. Author of the article first – M.Kashkary, in motion limning monography, dedicated that «Diuani-Lugat yt-turk» verbal on language of Turkic category, XI will conclude to linguistic in a century, examined by M.A. Zhunissova [8]. Academician A.T. Kaidarov in labour of Kazakh language talks «Kazakh nation formed epoch Kazakh language talks orally language and orally -poetic work language is considered. middle century thousands touched Turkic language of literature on territory Middle, Asia and Kazakhstan years the impression. The result Kazakh literary language formed one side general literary tradition keeps, in the second, talks language grammatical and lexical part inculcates activity shows itself. The epoch language (XVI-XIX c. middle) special bussiness paper organize, literary a book transmigrates, historical composition, old Kazakh writing monument literary language talks having a horse owns. XIX begins half of II c. nowadays Kazakh history language of literary. On of her head wonderful poet, writer are enlightener scientists Abay Kunanbaev and Y. Altynsarin [9].

Academician R.Syzdykova periodization of developing Kazakh literary language. Minded at the begin of Kazakh literary language can divide into 5 group: 1. Kazakh history language of literary from early, consenting begins (G.Musabaev II c., A.Margulan, B.Kenjebaev V c.) epoch of Turkic, from time the state of hun. 2. Kazakh history language of literary XYIII c. begins (K.Zhumaliev, M.Balakaev). 3. Since II part of XIX century (K.Zhubanov, N.Sauranbaev, S.Amanzholov, I.Kenesbaev). 4. Kazakh language of literary after October revolution begins. 5. Author, that orally developed issue language of Kazakh literary, in type of poetic pore [10]. Professor S.Ysaev, when will creep: a language literary is formed; Kazakh language of literary formed, epoch lowering of developing; Cut on slices literary on first half century XVIII century leg and XIX; epoch of advice on Kazakh development language of literary. R.Syzdykov creeps: develops motion Kazakh language literary lives on special subdivision: develops motion Kazakh literary language. It is possible dividing Kazakh language of literary, looks in place opposite of place five to group: 1. Kazakh history language of literary from early, consenting begins (G.Musabaev since II century, A.Margulan, B.Kenjebaev since V century etc.) epoch of Turkic since Hun century. 2. Kazakh history language of literary begins (K.Zhumaliev, M.Balakaev etc.) since XVIII century. 3. XIX begins (K.Zhubanov, N.Sauranbaev,

S.Amanzholov, Sh.Kenesbaev) half of II century. 4. Қазақ language of literary after revolution of October begins (T.Kordabaev). 5. Kazakh issue literary language develops orally author poetic kind and people pore, XV-XVI century begins, and old writing monument literary language XVI -XVII a century, only what national writing monument literary language XIX century II half begin (R.Syzdykova, K.Omiraliev, B.Abylkasymov, A.Yskakov, A.Kuryshzhanovetc.) [11]. «Early Kazakh Literature reading-book» compilers (B.Kenzhebaev, H.Suinwialiev, M.Zholdasbekov, M.Magauin) divide history literature of Kazakh into 5 epochs: 1. Ancient epoch V-XIV family epoch of people community of Kazakh. 2. Literature on epoch of Khan XV–XVIII century – literature of issue Kazakh time, first epoch undertaking. 3. XIX literature in a century. 4. XX democratic on head of century (1900-1920) literature. 5. Social literature of epoch [12].

**3. Result Analysis.** Kazakh soviet encyclopaedia given on article «Literature of Kazakh variants on early», dividing literary of Turkic languages nationality and Kazakh for the following group: 1. IV-XVIII c. – literature on epoch of turkic; 2. IX-XII c. – literature on epoch of muslim; 3. XIII-XIV c. it is Literature on gold epoch of Orda; 4. XV-XVIII c. it is Literature on Kazakh king epoch. Divide Kazakh booth literary has other models. Many literary researchers literary are known as «owner Kazakh written literary» that after XV century [13]. «History of Kazakh literary language» (1968) (authors – M.Balakaev, R.Syzdykova, Y.Zhanpeisov) like a books has other report of history Kazakh literary language by M.Balakaev's conception so language literary Kazakh motion development examines connection such by pores: 1th pore. XVIII-XIX c. – literary language. 2th pore. XIX c. I part literary language. 3th pore. XIXc. II part of literary language. 4th pore. Literary language at the beginning of XX century. 5th pore. Literary language in years 1920-1930. 6th pore. Literary language since 1940 year. Literary language – people or national culture known one spectacle, and every people do own epoch social-economic, political economy life direct connection. Literary language depend on using people environment and bring up, and aslo connecting with center of education. We divide history development of literary language into main two pores: 1. People of Kazakh to national pore language of literary. II. People of Kazakh language of literary on pore. Literature can divide into 3 group: 1. Compositions of authors, that was the lost name is group of patronymic literature (folklore is standards). 2. Orally authority literature (poetry and eloquence). 3. Writing literature models. Their language grounded to turkic tradition writing of monument center Asia. It standard, palace of king knowing and read intelligentsia on head of ru-tribe [14]. Kazakh issue writing monument literary language first symbol XVI century could be seen begins (for example, genealogy, writing monuments of various office of king, zhalaiyr wrote that dance Kadyrgali, etc.) XVIII-XIX century Kazakh community for considerably large, social, economic, political change and pore. Only what allow to connection from by time fruit of epoch literature of Kazakh works were a benefit. Poetic tradition with school's becoming got down stronger. On present place poetic and some are educate by muslim and appeasing thirst by Turkic writing literature. It is phenomenon literary language further grounded, develop influence of superiority touched. Second epoch begins half of II century XIX. It is national new writing monument language of Kazakh literary opposite by a mestome forming. XIX century II half near looks Kazakh people social political life what one change, news passes, but a language basic character change no thoroughly, true, dictionary goose, grammatical norm tolerant dinner, orthoepy norm keep begin etc. But nobody of them has quality change in language. XIX in a century to break through orally, got down on writing, «Aiman-Sholpan» author first – Zh.A. Zhunissova was to investigate aim [15]. Through break through text an author XIX century language lexical feature detailed discusses walks the language history lives near is warns. History of language on educational manual, at that dedicated written to master students question historical living on books [16]. The praticital of the article: «The purpose of research actual probemsof the konseptions» unsolved problems [17, 204]. Authors are known that the problem of periodization history language is solved by periodization of history Turkic people. So, offered developing of periodization Kazakh literary language and notice that it has unsolved problems.

**4. Discussion:** We have minded that the linguistics relooks and periodization linguistic problems in world Turkish monuments should be by control. We notice, that scientists, that was come into question by the articles, and any historically periodization. As monuments of Turkish was general so *periodization linguistically* of history language and believe that it is aim. The history of language through information on writing monuments has new periodization linguistic pore.

#### References:

- 1 Kosymova G. *Theoretical basis of History language*. – Almaty, 2011. – P.230.
- 2 A.Bahti Shumery. *Scythian. Kazakhs*. – Almaty, 2004. – P.235.
- 3 Karaulov Y.N. *Russian and language personality. 1-st. Publ.* – M.: «Education», 1987. – 264 p.; 2-nd publ. – M.: «USSR», 2002; 3-rd publ., 2003; 4-th publ., 2004.

- 4 Gumbold V. *Select labor's on linguistics*. – M., 1984. – P.297.
- 5 Baskakov N.A. *Languages of the world people. Turkic languages*, 2010. – P.248.
- 6 Bazylkhan B. *Language Kazakhs of Mongol*. – Almaty, 1989. – P.180.
- 7 *Kazakh history of SSR. II publ.* – Almaty, 1983. – P.258.
- 8 Zhunissova M.A. *Language history: a verb is a category (M.Kashkari «Divani Lugat it of Turkic» (XIc.))*. Monograph. – Almaty, 2006. – P.244.
- 9 Kaidarov A.T. *Kazakh language // World languages. Turkic languages*. – B., 1997. – P.212-219.
- 10 Syzdykova R. *History of Kazakh literary language*. – Almaty, Mother tongue, 1993. – P.300.
- 11 Ysaev S. *History of Kazakh literary language*. – Almaty, Mother tongue, 1996. – P.250.
- 12 Kenzhebaev B., Suinwaliev H., Zholdasbekov M., Magauin M. *Early Kazakh literary reading-book*. – Almaty, 1986. – P.350.
- 13 *Kazakh soviet encyclopaedia*. – Almaty, 1984. – P.950.
- 14 Balakaev M., Syzdykova R., Zhanpeisov Y. *History of Kazakh literary language*. – Almaty, 1968. – P.240.
- 15 Zhunissova Zh.A. *Language of break through «Ayman-Sholpan»*. Monograph. – Astana, 2013. – P.215.
- 16 Zhunissova M.A. *Historical periodization of Turkic languages//Life Science Journal Volume 11. – Issue 6. – 2014. – Article number 62. – P.438-444.*
- 17 Zhunissova M.A. *The ways Kazakh languageprojecns of childrens // AbaiKazNPU Vestnic. Series of «Philological sciences», 2015. – №2(52). – P.204-208.*

М.А. Жунисова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,  
Алматы қ., Қазақстан

## ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІ (ТАРИХИ ДӘУІРЛЕУ)

Түйіндеме

Мақала тақырыбының өзектілігі Қазақстандағы рухани жаңғырумен сабақтастықта, мақалада казак әдеби тілінің теориялық концепциялары және оны тарихи дәуірлеу мәселесі қарастырылған.

Қазақ әдеби тілін тарихи дәуірлеу мәселесі түркі тілдерімен, яғни түркі тектес халықтардың тарихи дамуы, қалыптасуымен қатар қаралған. Соның ішінде ерекше атайтынмыз, ым тілі дәуірі, келте сөз дәуірі, күрделі сөз дәуірлерінің элементтері кейбір тарихи сөздеріміздің құрамында көптеп кездеседі. Қазақ тілі теориясының негізін қалаушы Қ.Жұбанов, С.Аманжолов, І.Кенесбаев, Т.Қордабаев, Е.Жұбанов, Р.Сыздықова, С.Исаев, Ғ.Калиевтің қарапайым сұрақтан күрделі мәселеге көшетін өте құнарлы еңбектері қаралады. Қазақ әдеби тіл – тарихи дәуірлеу лингвистикалық дәуірлеуге ұласуы қажет. Профессор Г.Қосымованың «Тілдің тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері» атты монографиясы – тарихи дәуірлеуге қосылған құнды еңбек.

**Түйін сөздер:** қазақ тілі, қазақ әдеби тілі, тарихи дәуірлеу, тарихи грамматика, қазақ тілінің тарихы, грамматикалық концепция, тарихи элемент, кейбір сөздердің шығу тарихы

М.А. Жунисова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный педагогический университет имени Абая,  
г. Алматы, Казахстан

## КАЗАХСКИЙ ЛИТЕРАТУРНЫЙ ЯЗЫК (ИСТОРИЧЕСКАЯ ПЕРИОДИЗАЦИЯ)

Резюме

Актуальность работы обусловлена актуализацией процессов возрождения в Казахстане, анализируются теоретические концепции эволюции казахского литературного языка и его периодизация.

Развитие казахского литературного языка обсуждалось в контексте с тюркскими языками, с учетом исторического развития и формирования тюркских народов. В частности, принято говорить о том, что исторически были 3 периода формирования корневых основ казахских слов: 1) язык жестов; 2) период коротких (корневых) слов; 3) усложнение структуры слова. В составе исконных казахских слов, употребительных в современную эпоху, обнаруживаются элементы этих периодов. Периодизацией истории казахского языка занимались К.Жубанов, С.Аманжолов, С.Кенесбаев, Т.Кордабаев, Е.Жубанов, Р.Сыздықова, С.Исаев, Г.Калиев. Казахский литературный язык – это история жизни этноса и каждый исторический период отражается в лексике. Поэтому важно изучать лексику казахского языка с точки зрения лингвистической периодизации.

Г.С. Косымова предложила программу и опубликовала учебник под названием «Теоретические основы периодизации истории языка» – это очень ценная гипотеза по развитию казахской лексики.

**Ключевые слова:** казахский язык, казахский литературный язык, историческая периодизация, историческая грамматика, история казахского языка, грамматическая концепция, исторический элемент, этимология некоторых слов

Г.Н. Исмаилова<sup>1</sup>

<sup>1</sup> Азербайджанский университет языков,  
г. Баку, Азербайджан

## КОНЦЕПТ «МАТЬ» В АЗЕРБАЙДЖАНСКОЙ ПАРЕМИОЛОГИИ

### Аннотация

Статья посвящена азербайджанским пословицам о матери. В центре внимания находится выявление когнитивных признаков, система которых составляет содержание концепта «мать» в языковой картине мира современных азербайджанцев. Пословицы не отражают целостного содержания концепта, но тем не менее составляют важнейшую его часть, поскольку содержат выражение народного опыта о предмете. Каждая пословица характеризуется конкретным смыслом, организуемым вокруг когнитивного признака, т.е. того признака, по которому узнается «мать».

В этой статье нами анализируются большинство азербайджанских пословиц о матери. Кроме того, анализ концепта «мать» в азербайджанском языке, конечно, предполагает привлечение к исследованию материала различных жанров фольклора, но и пословицы дают возможность составить представление об образе матери в картине мира азербайджанцев. Это универсальный образ, видимо, характеризующийся возвышенностью в картине мира всех народов, что и становится причиной эквивалентности пословиц.

**Ключевые слова:** азербайджанский язык, пословицы, концепт, «мать», когнитивный признак, образ, языковая картина мира

В азербайджанской паремиологии представлены различные концепты, система которых охватывает все важнейшие участки национального опыта и соответственно языковой картины мира. Одно из центральных мест в этой системе занимает концепт «мать». Азербайджанцы помнят слова пророка Мухаммеда о том, что «рай лежит под ногами матерей», и часто повторяют их. Существуют пословицы о матери, обладающие чрезвычайно высокой частотностью употребления. Причина этого состоит в их практическом значении. Например, *Дом строит женщина; Дом держится на женщине; Если у ребенка умер отец, то он не сирота, если умирает мать – он становится сиротой*. Такого рода выражения пронизывают сознание современных азербайджанцев на очень глубоком уровне. Каждая из пословиц о «матери» раскрывает одну сторону этого образа или содержит один когнитивный признак концепта. Следовательно, концептуальный анализ пословиц должен быть нацелен на обнаружение такого рода признаков, совокупность которых и составляет конкретику вербализации данного концепта в азербайджанском языке. Конечно, пословицы не дают достаточно материала для определения границ концепта. Иными словами, составление образа «матери» по данным паремиологии не может быть полным. Но в то же время пословицы имеют большое значение для понимания содержания концепта в национально-языковой картине мира, поскольку в них выражается опыт народа во всех областях жизни.

В Азербайджанско-русском и русско-азербайджанском словаре пословиц и поговорок зафиксировано 16 пословиц, начинающихся со слова *ana* (мать). Есть в словаре и другие пословицы с этим компонентом, но в них он чаще всего носит формальный, не центральный, характер. Например, *Ата-ана sözüne baxmayan gülxanda yatar* [2, 55]. Буквально пословица означает: «Кто не слушает родителей, спит в теплице». Аппозитив *ata-ana* (отец-мать) означает «родители».

Первой из пословиц о «матери» в «Азербайджанско-русском и русско-азербайджанском словаре пословиц и поговорок» И.Гамидова, Б.Ахундова, Л.Гамидовой является выражение *Ana bala ucundan canını oda yaxar* [2, 45]. В семантической структуре пословицы представлено три концепта, соотношение которых и определяет характер значения. Это концепты «мать», «дитя» и «огонь». Пословица буквально означает «мать за дитя в огонь бросится». Считается, что пословицы обычно имеют буквальный и переносный план, однако данная пословица характеризуется буквальным планом. Единственное отличие состоит в символической роли компонента *od*, слово, обозначающее в азербайджанском языке «огонь», выступает здесь в символической функции. «Огонь» означает любые жертвы. Следовательно, мать за дитя идет на любые жертвы. В качестве русских соответствий Словарь И.Гамидова, Б.Ахундова и Л.Гамидовой приводит четыре пословицы: «Любая матка за дитячко глаза выдерет; И свинья – мать, за свое детище на рожок лезет; За свою кровь и курица лютый зверь; В материнском сердце про всех детей ласки хватит» [2, 45]. На наш взгляд, эти русские пословицы несколько отличаются от азербайджанской. Дело в том, что в двух из приведенных русских пословиц когнитивным признаком является «агрессивность» матери. В последней вообще речь идет о другом, когнитивным признаком здесь выступает «широта материнской души», «одинаково трепетное отношение ко всем детям». Соответствие в когнитивном отношении с азербайджанской пословицей находит только выражение *И свинья – мать, за свое детище на рожок лезет*. Здесь так же, как и азербайджанской пословице *Ana bala ucundan canını oda yaxar*, реализуется признак «жертвенность».

*Ana evin dirəyidir*. В структуре этой пословицы представлено также три концепта: «мать», «дом» и

«опора»). Здесь концепт «мать» реализует когнитивный признак «благо», «благосостояние». Слово *ev* (дом) в пословице метонимически означает «семья». Следовательно, пословица о том, что всё благосостояние семьи держится на матери.

В качестве русских эквивалентов Словарь приводит такие пословицы, как «*Мать – основание очага; Мать праведная – ограда каменная; Мать праведна – ограда каменна*» [2, 45]. С точки зрения когнитивного признака концепта «мать», на наш взгляд, соответствие с азербайджанской пословицей находит только первое выражение: *Мать – основание очага*. Два последующих фактически представляет одну и ту же пословицу, в семантической структуре которой реализуется когнитивный признак «защита». Иными словами, концепт «мать» здесь реализует признак «защита». Следует, однако, отметить, что здесь представлен и другой очень важный для данной пословицы признак – «праведность». Если бы он отсутствовал, то значение пословицы определялось бы в соответствии с суждением «мать – защита дома». Признак праведность смещает акценты: «не каждая мать, не мать вообще, а именно праведная мать». Конечно, смысл сентенции разворачивается в небольшой рассказ о роли праведности в семье, когда мать праведна, то и семья и дети праведны, следовательно, семью ограждает праведность и т.д.

Азербайджанская пословица *Ana evin dirəyidir* и русская *Мать основание очага* могут считаться полными эквивалентами, поскольку «очаг» в структуре русского выражения представляет собой метонимию «дома». Всё в доме держится на матери – говорят обе пословицы.

Когнитивный признак «жалость» реализуется в структуре пословицы *Ana qəlbi kövrək olar*. Буквально пословица означает: «Сердце матери бывает чувствительным». Русским соответствием является пословица *Дитя плачет, а у матери сердце болит* [2, 46]. На наш взгляд, значение азербайджанской пословицы несколько шире. Тут речь идет не только о том, что у матери сердце болит, когда дитя плачет. *Ana qəlbi kövrək olar* означает, что мать всегда жалеет свое дитя, даже когда оно не плачет, а смеется; всегда, когда она думает о нем, умиляется.

Несколько абстрактный характер носит пословица *Ana ürəyi – dağ çiçəyi*, поскольку здесь представлено суждение об абсолютной ценности. Само по себе утверждение об абсолютной ценности говорит о том, что в структуре пословицы не реализуется какой-либо когнитивный признак концепта «мать». Буквально пословица означает: «Сердце матери – горный цветок». Сравнение матери с горным цветком актуализирует уже когнитивные признаки этого растения, служащего объектом сравнения. Важнейшим среди них является «чистота», цветок, который растет высоко в горах, остается чистым, не затоптанным. Сравнение позволяет перенести данный признак на мать, т.е. сердце матери всегда является чистым. Интересно, что в структуре пословицы представлено суждение об абсолютной ценности, в то время как сам концепт «мать» реализует свое содержание в корреляции с концептом «дитя». Просто матери не бывает, когда речь идет о матери, имеется в виду, что это чья-то мать. Следовательно, концепт «мать», каким бы ни был представляющий его когнитивный признак, реализует суждение об относительной ценности: «женщина по отношению к своему ребенку». В одних случаях, когда корреляция «мать-дитя» представлена эксплицитно, семантика относительности реализуется в структуре пословицы. В других случаях, как, например, в пословице *Ana ürəyi – dağ çiçəyi*, она представлена на имплицитном уровне. Следовательно, чистым, как горный цветок, сердце матери является по отношению к своему ребенку. Пословица умалчивает об этой относительной ценности, но подразумевается, что это понятно, поскольку паремиологическая семантика реализуется исключительно на фоне образа, характеризующего этническую ментальность.

Словарь И.Гамидова приводит две эквивалентные русские пословицы: *Сердце матери лучше солнца греет и Без матушки родной и цветы не цветно цветут* [2, 46]. Интересно сравнить эти две пословицы с азербайджанской. Если в азербайджанской о прелести материанского сердца говорится, то русские пословицы конкретизируют объект, по отношению к которому проявляется материнская нежность. В первой пословице этот объект предполагается как известный, поскольку, как отмечалось выше, семантика слова *мать* как бы вбирает в себя семантику коррелята. Во второй – объект выражен символически.

Неблагодарность детей подчеркивается в пословице *Ana ürəyi övladda, övlad ürəyi daşda*. Буквально пословица означает следующее: «Сердце матери в детях, сердце детей в камне». Азербайджанско-русский словарь находит полное соответствие в русском языке: *Родительское сердце в детках, а детское в камешках* [2, 46]. Единственное отличие состоит в замене концепта «мать» на концепт «родители». Видимо, черствость детей представляет собой нравственный стандарт, поэтому она и попадает в пословицы. С другой стороны, детская черствость также является относительным признаком, реализующим себя в корреляции «родители-дети». Они являются черствыми не сами по себе, а по отношению к родителям. Пословица о том, что даже добрые люди бывают невнимательны по отношению к родителям. Следует также отметить, что в структуре азербайджанской пословицы использовано слово *övlad*, которое означает не детей как маленьких и несмышленных, а просто следующее поколение. Поэтому *övlad* это и взрослые люди и даже старые люди по отношению к собственным родителям. В азербайджанском языке это усвоенный арабизм, на этимологическом уровне означающий просто «порожденные». Концепт «дети» в обоих языках реализует когнитивный признак «жестокость». Интересно, что паремиологическая семантика отличается от представлений отдельных людей. Так, существуют и внимательные дети, заботящиеся о своих родителях. Но, видимо, по отношению к



родителям и на фоне родительской (материнской) любви когнитивным стандартом является равнодушие детей. Во всяком случае сам факт фиксации этого признака в паремиологической семантике является свидетельством его истинности и обычности. Равнодушие или черствость представляет концепт «дети» на когнитивном уровне и таким образом характеризует русское и азербайджанское миропонимание.

В буквальном плане воспринимается пословица *Anadan artıq yavər olmaz*. В четырехтомном Азербайджанско-русском словаре под редакцией проф. М.Т. Тагиеваслово *yavər* дается в двух значениях, но оба являются армейскими. В одном случае *yavər* – это существительное «адъютант», во втором – прилагательное «адъютантский» [1, 462]. Иными словами, словарная статья не отмечает этимологическое значение «помощник, сподвижник». Как раз это значение и актуализируется в пословице *Anadan artıq yavər olmaz*, которая буквально означает «Нет помощника (друга) ближе матери». Словарь И.Гамидова приводит три русские пословицы, которые полностью соответствуют выражению *Anadan artıq yavər olmaz*: *Нem такогo дружкa, как родная матушка; Ближе матери друга (опоры) нет; Лучшие матери друга не сыщешь* [2, 46]. Друг в сознании народов мира ассоциируется с такими качествами, как «преданность», «жертвенность» и т.п. Таким образом, концепт «мать» соотносится с концептом «друг», что позволяет говорить об указанных когнитивных признаках. Эти признаки, как и сами образы, являются универсальными.

Своеобразной является пословица *Anadan (eyni) olmayan qardaş sayılmaz*. Буквально пословица означает: «Не считается братом тот, у кого другая мать», т.е. братья по отцу, сыновья одного и того же мужчины не являются братьями, если у них разные матери. Эта пословица действительно отражает миропонимание народа. Однако здесь может быть как нравственный аспект, так и юридический. Суть нравственного аспекта заключается в том, что если у людей один и тот же отец, но разные матери, они не могут быть и не бывают по-настоящему близки, остаются чужими. Юридический аспект носит очень древний характер. Например, и сегодня сын еврейки от нееврея считается евреем, но сын еврея от нееврейки евреем не считается. То же самое у арабов. Когда арабы произносят заупокойную молитву, они обозначают человека по матери, а не по отцу. Например, упокой Господи душу Хасана сына Айши, а не Хасана сына Гусейна. Азербайджанское слово *qardaş* (брат) восходит к древнетюркскому *qarındaş* (букв. живот + со, т.е. тот, кто с тобой из одного живота).

В русском языке существует пословица *Есть и братья у меня, да не свои, чужие*. Пословицу как эквивалент выражения *Anadan (eyni) olmayan qardaş sayılmaz* приводят авторы Азербайджанско-русского словаря пословиц и поговорок [2, 46]. Следует, однако, отметить, что на эксплицитном уровне соответствия здесь не наблюдается. Например, мужчина и женщина могут жениться во второй раз, и у каждого будут дети от первого брака. В этом случае дети не являются братьями и сестрами ни по отцу, ни по матери. Между тем семья может быть внешне дружной. Кроме того, русское выражение не является классической пословицей, в ней не выражено суждение, свидетельствующее о народном опыте. Это скорее всего поговорка, выражающая эмоции. Азербайджанская же пословица содержит утверждение.

В этой статье нами анализируются не все азербайджанские пословицы о матери. Кроме того, анализ концепта «мать» в азербайджанском языке, конечно, предполагает привлечение к исследованию материала различных жанров фольклора, но и пословицы дают возможность составить представление об образе матери в картине мира азербайджанцев. Это универсальный образ, видимо, характеризующийся возвышенностью в картине мира всех народов, что и становится причиной эквивалентности пословиц. Например, в казахской лингвистике на подробном материале изучается паремиологическая картина мира в аспекте гендерных отношений [3, 40]. И всё же системное и комплексное изучение средств вербализации данного концепта способно, видимо, выявить национально-специфические особенности.

*Список использованной литературы:*

- 1 *Азербайджано-русский словарь. – в 4-х томах. – том 2. – Баку: Наука, 1989.*
- 2 *Гамидов И., Ахундов Б., Гамидова Л. Азербайджано-русский, русско-азербайджанский словарь пословиц и поговорок. – Баку: Образование, 2009. – 556 с.*
- 3 *Исаева Ж.И. Микрофреймовые отношения в паремиологической картине мира гендерной лингвистики// Вестник Казахского Национального Педагогического Университета имени Абая. Серия филологические науки. – №1(55). – Алматы, 2016. – С.36-40.*

*Г.Н. Исмаилова<sup>1</sup>  
Әзірбайжан тілдер университеті,  
Баку қ., Әзірбайжан*

## **ӘЗІРБАЙЖАН МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРІНДЕГІ «АНА» КОНЦЕПТІСІ**

*Түйіндеме*

Мақала әзірбайжан халқының ана туралы мақал-мәтелдеріне арналады. Басты назарда әлем көрінісіндегі «ана» концептісінің когнитивтік сипаттары көрінеді. Мақал-мәтелдер концептінің толық мазмұнын ашпайды, алайда, негізгі бөлігін құрайды. Әр мақал-мәтел нақты когнитивтік сипаты бар мағынаны білдіреді.

Концептуалдық талдау «ана» концептісінің әзірбайжан тіліндегі мақал-мәтелдер нақты белгілерін ашып

көрсетуге бағытталуы тиіс. Әрине, мақал-мәтелдер концептіні анықтауға толық мәлімет бермейді. «Ана» образы мақал-мәтелдерде толық ашылмайды. Сонымен қатар мақал-мәтелдер концептінің мазмұнын ашу үшін әлемдік ұлттық тілдер көрінісі де маңызды.

Бұл мақалада әзірбайжан халқының ана туралы мақал-мәтелдерді сарапталды. «Ана» туралы концептіні сараптау барысында халық ауыз әдебиетінің түрлі жанрларынан мағұлматтар алынды. Бұл әмбебап образ барлық елдердің әдеби көрінісінде маңызды орын алады.

**Түйін сөздер:** әзірбайжан тілі, мақал-мәтелдер, концепт, ана, когнитивтік сипат, образ, тілдің ілемдік бейнесі

*Ismayilova Gulnur Nuraddinkizi<sup>1</sup>*  
*<sup>1</sup>Azerbaijan University of Languages*

## CONCEPT “MOTHER” IN AZERBAIJANI PAREMIOLOGY

### *Summary*

The article deals with Azerbaijani proverbs about mother. The focus is on identifying the cognitive symptoms, whose system constitutes the concept of "mother" in the language picture of the modern world Azerbaijanis. Proverbs do not reflect the integrity of the content of the concept, but nonetheless constitute a vital part of it, because they contain an expression of national experiences on the subject. Each proverb is characterized by a specific meaning, organized around a cognitive trait, i.e. that attribute by which "mother" is recognized.

In this article we do not analyze all the Azerbaijani proverbs about the mother. In addition, the analysis of the concept of "mother" in the Azerbaijani language, of course, involves the involvement of various genres of folklore to study the material, but proverbs give an opportunity to comprehend the image of the mother in the picture of the world of Azerbaijanis. This is a universal image, apparently characterized by a loftiness in the picture of the world of all peoples, which becomes the reason for the equivalence of proverbs.

**Keywords:** Azerbaijani language, proverbs, concept, “mother”, cognitive sign, image, picture of world

FTAXP 16.01.19

*Б.С. Қарағұлова<sup>1</sup>, А.Жаналықызы<sup>2</sup>*

*<sup>1,2</sup>Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті,  
Ақтөбе қ., Қазақстан*

## ОРАЛХАН БӨКЕЙДІҢ «ЖЫЛЫМЫҚ» ӘНГІМЕСІНДЕГІ ПРЕЦЕДЕНТТІ АТАУЛАР

### *Аңдатпа*

Мақалада Оралхан Бөкейдің «Жылымық» әңгімесіндегі прецедентті феноменнің бір түрі прецедентті атаулар қарастырылады. Прецеденттік атауда жинақталған хабар қаламгерге оны өз ой елегінен өткізіп, жаңа образ жасауға мүмкіндік береді.

Оралхан Бөкей шығармаларындағы әлемнің тілдік бейнесін танытатын концептілік өріс, ұлттық танымдық қорда орын алатын мәдени ақпараттық мазмұнға ие тілдік таңбалар жүйесі ұлттың рухани мұрасы болып табылады.

Жазушы Оралхан Бөкей әңгімелерінен қазақтың ұлттық мәдени ортасы, болмыс-бітімі, тұрмысы, менталитеті, әлемді көруі мен дүниетанымы айқын сезіледі. Қаламгер шығармаларындағы «ғаламның тілдік бейнесін» зерделеу, прецеденттілік феномендерін анықтау когнитивтік және прагматикалық деңгейлерде қарастыруға, көркемсөз шебері ретіндегі тілдік тұлғаны тануымызға толықтай мүмкіндік береді. Ақын-жазушылар – ұлттық тілдің субъектісі, ұлттық мәдениеттің иесі, оны жасаушы тұлғалар. Сондықтан әдеби тілді шығармашылық деңгейде тұтынушылар ғаламның тілдік бейнесін жасауға, әлемнің лингвистикалық моделін құруға өз үлестерін көптеп қосары сөзсіз.

**Түйін сөздер:** тілдік тұлға, интертекстуалдылық, прецеденттілік феномендері, прецедентті атаулар, ассоциация, ғаламның тілдік бейнесі, когнитивтік кеңістік, ұлттық мәдениет

Тілдік тұлғаның күзіреті оның интеллектуалдық әрекетіне тікелей әрі тығыз байланысты. Тілдік тұлғаның тіл шеберлігі, тілдік ерекшеліктерді ұтымды пайдалана алуы оның тілдік әлемінен хабар береді. Сондықтан антропоцентристік парадигма бойынша тіл арқылы адамды тану, тілді тұтынушы – тілдік тұлғаны зерттеу қалыптасып келеді.

Тілдік тұлға мәселесін арнайы зерттеген ғалым Ю.Н. Караулов тілдік тұлға құрылымының үш деңгейін көрсетеді: а) вербалды-грамматикалық; ә) когнитивтік; б) прагматикалық. Және «Бұл

деңгейлердің әрқайсысы өз бірліктерінің жиынтығымен сипатталады, олар тіл үйрену кезінде қолданылатын барлық бірліктерді қамтиды да, аталған деңгейлердің ерекшелігіне сәйкес бөлініп отырады» [1, 672] деген пікір айтады. Тілдік тұлға құрылымының соңғы деңгейін сипаттайтын тілдік бірліктер туралы ғалым былай дейді: «Тілді тұтынушының интенциясы мен мақсаттарын, оның өмірдегі белсенді позициясын және, тиісінше, оның әлем бейнесінің динамикасын көрсететін прагматикалық деңгей бірліктерінің жиынтығына пресуппозиция, дейксис, рефлексия элементтері, баға, «ұйытқы сөздер», прецедентті мәтіндер, аргументация тәсілдері, «сценарийлер», жоспарлар, сондай-ақ өзін-өзі көрсету бағдары жатады (программы поведения)» [1, 672]. Осы орайда «Қазіргі қазақ көркем мәтіндеріндегі цитация құбылысы» атты монографияда: «Көркем мәтіннің мазмұндық-нақты ақпарында, демек, оның вербалды қабатында түрлі интертекстуалды байланыстардың келтірілуі және олардың ашылуы тілдік тұлға ретіндегі автор мен оқырманның тілдік құзіретіне тәуелді» делінеді [2, 96]. Тілдік құзыреттілік фонологиялық, лексикалық, грамматикалық құбылыстарды білу; тілдік құралдармен оқып жатқан елдің тілін жүйелі білу; грамматикалық дұрыс сөйлемдерді қолдана алу; лингвистикалық талдау жасай білу болып табылады.

Әрбір жазушының тілдік тұлға ретіндегі табиғатын, шығармашылық шеберлігін анықтайтын, оның суреткерлік болмысын танытатын тілдік өрнектер, ерекшеліктер көптеп кездеседі. Сондай жазушының бірі әрі бірегейі – Оралхан Бөкей. Оралхан Бөкей – есімі дүние жүзіне танымал жазушы. Оның шығармалары әлемнің көптеген тілдеріне орыс, ағылшын, француз, неміс, жапон, араб, қытай және басқа да ұлы халықтар тілдеріне аударылған. Оралхан – тілдік қоры бай, ойы терең, адамның жан дүниесін көп жазып, табиғат пен адамның үйлесімділігіне, жұмыр басты пенденің тіршіліктегі тірлігіне көп бас қатырып, қалам тербеген жазушы. Бөкейұлының барлық шығармаларында кездесетін тұрақты тақырып, ортақ желі бар. Ол – адам мен табиғат, олардың әлім-сақтан туыстығын, тұтастығын тап басып тани білуі, сүйсіне суреттеп, жарқырата жазуы.

Біз жазушының «Жылымық» әңгімесіндегі тілдік бірліктер мен прецеденттілік феномендеріне тоқталатын боламыз. Тақырып атауы – «Жылымық» сөзі. Жылымық – шығармадағы оқиғамен байланыстырылып отыратын басты ассоциация. Негізінен жылымықты шартты түрде қыс мезгіліне де, көктем мезгіліне де жатқызуға келмейді. Жылымық автордың айтуынша, суық та емес, ыстық та емес, өң мен түстің, ұйқы мен ояудың арасындағы маужыр дүние. Басты кейіпкер Жанар образы да осы жылымық кезімен қатар алына отырып суреттелінеді. Қазақ энциклопедиясында бұл сөз былайша анықталады: «Жылымық – қыс айларында ауа температурасының 0°C-тан жоғары көтерілу құбылысы. Ол көбінесе жылы ауаның көлбеу бағытта ығысу процесі салдарынан болады. Жылымық кезінде ауа райы бұлыңғыр, тұманды келеді».

Кез келген көркем мәтіндегі кейіпкерлердің аты болсын, автор баяндауындағы басқа да жалқы есімдер болсын, бекерден-бекер қолданылмайды. Оларды қолдану арқылы автор түрлі стильдік мақсатқа жетуді көздесе, оқырман үшін де олардың ақпарлылығы сөзсіз, өйткені оқырман бұл прецедентті атаулар арқылы басқа мәтіндермен, қоғамдық-әлеуметтік өмірдегі оқиғалармен байланыс орнатып, ассоциация негізінде коннотация тудыра алады. Сондықтан автор қолданысындағы «Жылымық» сөзін прецедентті атауларға жатқызуға болады. «Жылымық» суреттің атауы ретінде және табиғаттың бір құбылысы ретінде ақпарат беріп, ассоциация жасайды. Прецеденттілік феномендер прецедентті атаулар, прецедентті айтылымдар, прецедентті мәтіндер, прецедентті автомәтіндер, прецедентті жағдайлар болып жіктеледі. Прецедентті атауларды ономастикалық цитата деп есептесек, көркем шығармадағы ономастикон да мазмұндық-астарлы, мазмұндық-концептуалды ақпарларды қабылдауға ықпал ететін маңызды элемент [2, 113]. Прецедентті есімдер – негізінен нақты адамды (оқиғаны, қаланы, нәрсені т.б.) атау үшін емес, өз бойына жинақтаған қандай да бір образды бейнелеу үшін қызмет ететін және көпшілікке танымалдығымен ерекшеленетін жалқы есімдер. Прецедентті есімдер – «әлемнің тілдік бейнесін» қалыптастыруда шындық болмыстың түсінігі, санаты, бағасы сияқты прецеденттік концептілердің бейнесі ретінде көрінетін тілдік бірліктер.

Шығармаға арқау – В.Василевтің «Жылымық» суреті. Әңгіме кейіпкері сол суретке қарай отырып, ойын өрбітеді. Жылымық – сурет, сурет – жылымық... Әңгімеде бас кейіпкердің басынан оқиға өткен кез де – жылымық кез, сол оқиғаны кейіпкердің еске түсірер кезі де – жылымық кез және сол оқиғаны, өткенді еске түсірер нәрсе – сурет, ал ол суреттің аты – Жылымық. Солайша «жылымық» деген ой мен «сурет» деген ой бірлікте қарастырылады. «Жылымық», «Тағы да жылымыққа оралайыншы», «Жылымық... бір жылы нұр тарайды бойыма», «Жылымық» деген суретті көтеріп», «Жылымық кез», «Тағы да жылымық» «Жылымық!» және т.с.с. қолданыстар арқылы беріледі. Бұл жазушының шығармадағы образды, оқиғаны терең түсіндіру үшін пайдаланған тілдік бірлігі.

Автор «...Жанар атты жанашырым барын білдім әрі тіршіліктің мәнін бұрынғыдан әлдеқайда терең түсіндім. Сондықтан да сені тоқ тартар көңілдің жылымығына балап келемін» [3, 373] – деп, шығарма атауын терең мазмұнға айналдырады. «Ұп-ұзын кірпіктеріңді қайта қамастырдың. Жеңіл тыныстайсың. Жылымық... бір жылы нұр тарайды бойыма. Сенен шуақ алған нұрда...» [3, 361] – деп, өз шығармашылығында жекелеген сөздің де абзацтар, сөйлемдер атқарар міндетті атқартып, солар көтерер жүкті алып шығуына жағдай жасаған. Бұл – жазушының өзіндік жазу стилі, бұл – қаламгер даралығына тән әдемі өрнек.

Келтірілген мысалдардағы сөз ұлттық мәдениетке, ұлттық әдебиетке қатысты болғандықтан, оқырманға автор тарапынан түсініктемені қажет етпейді.

Дегенмен прецеденттілік феномендері коммуникацияға түсушілердің бәріне бірдей деңгейде таныс болмауы мүмкін, бірақ белгілі бір лингвомәдени кеңістікте үнемі қолданылуына байланысты сол қоғам мүшелерінде олар туралы кішкене болса да түсінік болатыны сөзсіз.

Прецедентті құбылыстар өз кезегінде вербалды (яғни тілдік тұлғаның жадында дайын сөз, сөз тіркесі, сөйлем түрінде сақталып, өмір сүретін) және вербалданатын (тілдік тұлға бұларды жадынан алғанда тұтас өздерін емес, олардың түрлі дифференциялық белгілерін ғана алып, тұрақты атрибуттары арқылы немесе оларсыз өз сөзінде, мәтінде пайдаланады) болып бөлінеді. Вербалды прецедентті феномендерге прецедентті есімдер, прецедентті айтылымдар жататын болса, прецедентті мәтіндер мен прецедентті жағдайлар еркін вербалданатын құбылыс деп саналады [2, 112]. Жазушы Оралхан Бөкейдің шеберлігінің айнасы, басқалардан ерекше қарапайым сөздері, көркемдік кестесін түзетін қолданыстары, оқырманға таныс та бейтаныс тілдік құрылымдарды ұтымды жерде пайдалануы оның ойлау деңгейінің өлшеміне, өмір сүрген ортасына байланысты екені даусыз.

Тіл біліміндегі прецеденттік феноменін зерттеушілер Д.Б. Гудков, Ю.Н. Караулов, В.Г. Костомаров, В.В. Красных т.б. зерттеу еңбектері халықтың тілдік санасының когнитивтік базасындағы прецедент феноменінің қалыптасуы мен орыс лингвомәдени қоғамындағы прецедентті есім феноменін айқындаудағы негізгі концептілерді белгілеуге бағытталған [4]. Бір тілде сөйлеуші халықтардың бәріне ортақ мәдени-ұлттық байлықтың тілдік көрінісі прецедентті атаулардан көрінеді. Қазақ халқында «көз», «жанар», «көз жанары» деген сөздер қолданылады. «Жылымық» әңгімесіндегі кейіпкер – Жанар. Шығарманың тағы бір арқауы – адам көзі. «Көз» туралы оқиғаның кейіпкері «Жанар» болуы да қаламгердің сөз қолдану ерекшелігін аңғартады. Автор оқиға барысында «көз» ұғымына сипаттамалар да беріп кетеді. Мәселен: «Көптеген көздер екеуміздің әр адымымызды аңдып, ішіп-жеп қарағанын, әлбетте сен білмедің ғой. Солардың ішінде: қасқыр көздің, түлкі көздің, үкі көздің, қоян көздің, мысық көздің тышқан, жылан; қара, көк, ала көздің барын да қайдан сезуші едің» [3, 360] – деп, түрлі адамдардың пиғылын образды түрде жіктеу арқылы тұспалдайды. «Бейнелі сөз, шығарманың шырайын кіргізетін көркемдеуіш сөздер, сондай-ақ жазушының оқушы көңілін өзіне бұрып, еліктіріп әкететін құралына айналған, экспрессия тудыратын немесе оның бояуын жұқтырып я болмаса қалыңдататын қолданыстар – әр жазушының стилін, сөз саптауын әйгілеп тұрумен бірге тілде өз алдына ғылыми тұрғыдан зерттеуді керек етіп, ізденістерді қажетсінетін тілдік категориялар болып табылады» [5].

Негізгі оқиға арнасында «көз», «көру», «Жанар», «көрмеу», «соқырлық», «көзінің саңылауы бар» және т.б. осы мағыналас сөздер арқылы ішкі иірімдер байланысы жасалған. Зағип Жанарды мүлдем соқыр деп айтуға келмейді. Оның сыртқы дүниені қабылдауы, сезінуі де ерекше. Көзі көрмесе де, жанының жанары бар. «Жанар» прецедентті есімінің қолданылуы халқымыздың ұлттық санасынан орын алуы, ұлттық менталитетіміздің көрінісі ретінде танылады. Себебі, прецеденттік атау туралы ғалым А.С. Әділованың: «Прецеденттік атау құрылымының орталығы, ядросы – қабылданатын прецеденттік атау инвариантының дифференциалдық белгілері, яғни бейненің сыртқы ұқсастығы мен мінез-құлықтарындағы ұқсастық, прецеденттік жағдай, ал оның перифериясында атрибуттар орналасады. Сол себептен де прецеденттік атауда жинақталған хабар қаламгерге оны өз ой елегінен өткізіп, жаңа образ жасауға мүмкіндік береді», – деген тұжырымдамасының аталған есімде жүзеге асатынын байқауға болады [6].

Ресейлік зерттеушілер тобының анықтауынша: «Жеке адамның барлық білімі мен түсініктерінің жиынтығы оның когнитивтік кеңістігі, оны не лингвистикалық, не феноменологиялық болып табылатын когнитивтік құрылымдар қалыптастырады» [7, 62]. Лингвистикалық когнитивтік құрылымдарға адамның тіл жүйесіне тән ерекшеліктерін меңгеруі жатса, феноменологиялық когнитивтік құрылымдар лингвистикалық және экстралингвистикалық факторлар туралы білім жиынтығын қамтиды. Авторлар прецедентті феномендерді таралу кеңістігіне және қоғамдық

қатысына байланысты социумды-прецедентті, ұлттық-прецедентті, универсалды-прецедентті деп бөледі. Біз қарастырып отырған қаламгер тілдік тұлғасының қалыптасуына әсер еткен лингвистикалық және экстралингвистикалық факторларға асқақ Алтайдың бай табиғаты, реалды өмірдің шынай суретін тілмен өрнектеуі, ол өмір сүрген кезеңдегі әлеуметтік жағдай мен қоғамдық ахуал болып табылады.

Тілдік тұлғаны зерттеу барысында міндетті түрде адам және оны қоршаған дүние туралы түсініктердің жиынтығы ретіндегі ғаламның тілдік бейнесі қарастырылады. Ю.Н. Караулов «ғаламның тілдік бейнесін нақты тілдің толық жиынтықта алынған барлық концептуалдық мазмұны» ретінде қарастырған [8]. Жалпы алғанда әлемнің тілдік бейнесі жайлы көзқарас, ең алдымен, оның ұлттық-мәдени ерекшелігімен сабақтастырылып, адам баласының жалпы дүниені қабылдауы мен тануы процесімен ұштастырыла зерттеуді талап етеді. Әлем бейнесін қалыптастыруда тілдің алар орны ерекше. Себебі тіл ұлттың, халықтың өзіне тән ерекшеліктерін білдіреді және оны қалыптастырады, дүниені танудың ұлттық сипатын бейнелейді, сондықтан да түрлі ұлттардың дүниетанымының негізін, олардың тілінен іздеу керек. Оралхан Бөкей шығармаларында әлемнің тілдік бейнесін танытатын концептілік өрісі, ұлттық танымдық қорда орын алатын мәдени ақпараттық мазмұнға ие тілдік таңбалар жүйесі мәдени, дүниетанымдық ерекшеліктері айқын көп компонентті тілдік таңба ретінде ұлттың рухани мұрасы болып табылады.

Филология ғылымдарының докторы, профессор Бағдан Момынованың мақаласында: «Өзінің көзі тірісінде танымалдылыққа тарпаңдықпен емес, өзіндік стилі, шеберлігі арқылы қол жеткізген Оралхан Бөкей шығармаларының тіліне арналған шолу оның авторлық ұстанымын, тілдік тұлғасын тануға септігін тигізеді деп білеміз. Өр Алтайдың асқақ жыршысының көркем шығармалары тілшілер тарапынан кешенді зерттеледі деген сенімдеміз» деп келтірген еді. Өзіндік қолтаңбасы қалыптасқан Оралхан Бөкей шығармасының бір қырына арналған шолу тамшыдай болса да жазушының тілдік ерекшеліктерін, сөз саптауын көрсете алды деген ойдамыз. Қаламгер шығармашылығы қазіргі тіл білімінің жаңа бағыттары бойынша терең де кешенді зерттеле бермек. Ақын-жазушылар – ұлттық тілдің субъектісі, ұлттық мәдениеттің иесі, оны жасаушы тұлғалар. Сондықтан әдеби тілді шығармашылық деңгейде тұтынушылар ғаламның тілдік бейнесін жасауға, әлемнің лингвистикалық моделін құруға өз үлестерін көптеп қосары сөзсіз.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

- 1 Караулов Ю.Н. Языковая личность // Русский язык: Энциклопедия. – Москва, 1986. – 721 с.
- 2 Әділова А.С. Қазіргі қазақ көркем мәтіндеріндегі цитация құбылысы. Монография. – Алматы: Эверо, 2015. – 252 б.
- 3 Бөкей О. Шығармалары. Әңгімелер. – Алматы: Ел-шежіре, 2013. – 384 б.
- 4 Мажитаева Ш.М., Рахымберлина С.Ә., Рапишева Ж.Д. Қазақ ономастикалық кеңістігіндегі прецедент есімдердің табиғаты // Қарағанды университетінің хабаршысы, «Филология ғылымдары» сериясы, 2014. – №1(73). – 161 б.
- 5 Момынова Б. Өр Алтайдың асқақ жыршысы // Ана тілі. – Алматы, 2013. 5-11 қыркүйек (№35).
- 6 Әділова А.С. Әлемдік прецеденттік атаулардың қазақ әдебиетіндегі көрінісі // Ұлттық әдебиеттегі гуманизм өнегесі: Ғыл-практ. конф. мат. – Қарағанды, 2006. – 240 б.
- 7 Красных В.В., Гудков Д.Б., Захаренко И.В., Багаева Д.В. Когнитивная база и прецедентные феномены в системе других единиц и в коммуникации // Вестник Московского университета. Серия 9. Филология. – 1997. – №3. – С.62-75.
- 8 Жұмақаева Б.Д., Айтуар А. Таңжарық Жолдыұлының шығармаларындағы «ғаламның тілдік бейнесі» // Абай атындағы ҚазҰПУ, ХАБАРШЫ, «Филология ғылымдары» сериясы. – 2017. – №2(60). – 302 б.

Б.С. Карагулова<sup>1</sup>, А.Жаналықызы<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup>Актюбинский региональный государственный университет им. К.Жубанова,  
г. Актобе, Казахстан

## ПРЕЦЕДЕНТНЫЕ ИМЕНА В РАССКАЗЕ «ЖЫЛЫМЫҚ» ОРАЛХАНА БУКЕЯ

### Резюме

В статье рассматривается один из типов прецедентных феноменов прецедентные имена в рассказе "Жылымық" Оралхана Букея. Сообщение, созданное в прецедентных именах позволяет писателю создать новый образ.

Концептуальное поле, представляющее лингвистический образ мира в произведениях Оралхана Букея, системы лингвистических символов с содержанием культурной информации в национальном когнитивном фонде, являются духовным наследием нации.

Писатель Оралхан Букей рассказывает о национальной культурной среде Казахстана, сущности жизни, менталитете, мировоззрении. Изучение «языковой картины мира», выявление прецедентных феноменов на когнитивном и прагматическом уровнях в произведениях писателя позволяет нам полностью признать языковую личность художественного мастера. Поэты-писатели являются субъектами национального языка, владельцем национальной культуры и ее создателями. Поэтому литературный язык на уровне творчества, несомненно, добавит многого к созданию лингвистического образа вселенной и лингвистической модели мира.

**Ключевые слова:** языковая личность, интертекстуальность, прецедентные феномены, прецедентные имена, ассоциация, языковая картина мира, когнитивное пространство, национальная культура

*B.S. Karagulova<sup>1</sup>, A.Zhanalykyzy<sup>2</sup>*

*<sup>1,2</sup>Aktobe Regional State University named after K.Zhubanov,  
Aktobe, Kazakhstan*

## PRECEDENT NAMES IN THE STORY «ZHLYMYK» OF ORALKHAN BUKEI

### *Summary*

The article considers one of the types of precedent phenomena precedent names in the story "Zhylymyk" by Oralkhan Bokei. The message created in the precedent names allows the writer to create a new image.

The conceptual field that represents the language picture of the world in the works of Oralkhan Bokei, a system of linguistic symbols with the content of cultural information in the national cognitive fund, is the spiritual heritage of the nation.

The writer Oralhan Bokey tells about the national cultural environment of Kazakhstan, the essence of life, mentality, worldview. The study of the "language picture of the world", the identification of precedent phenomena at the cognitive and pragmatic levels in the writer's works allows us to fully recognize the linguistic personality of the artistic master. Poetry writers are the subjects of the national language, the owner of national culture and their constituents. The poetic literary language on the level of creativity, unmatched, adds a lot of linguistic expression to the whole world and linguistic model of the world.

**Keywords:** linguistic personality, intertextuality, precedence phenomena, precedent name, association, language picture of the world, cognitive space, national culture

*FTAXP 16.01.07*

*Б.Қасым<sup>1</sup>, С.Сембиева<sup>2</sup>*

*<sup>1,2</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,  
Алматы қ., Қазақстан*

## ТІЛДІК БІРЛІКТЕРДЕГІ БАҒАЛАУЫШТЫҚ КОННОТАЦИЯНЫҢ ТАБИҒАТЫ

### *Аңдатпа*

Қазіргі лингвистикада тілдік бірліктерді когнитивтік, семантикалық, прагматикалық, функционалдық тұрғыдан қарастыруда. Лингвистикалық еңбектерде бағалауды зерттеудің әр түрлі аспектілері ұсынылғанмен, тілдік бірліктердегі баға, бағалау, бағалауыштық компоненттері толық зерттелді және семантикалық табиғаты ашылды деп айту қиын. Коннотация құбылысына арналған еңбектерді зерделеу, саралау барысында коннотацияның құрылымдық бөліктері түрліше танылып, коннотация ұғымы әр түрлі қарастырылып жүр. Тілдік бірліктердегі денотаттық мағына мен сигнификаттық мағынаны арақатынасы қарастырылады. Талдаудағы негізгі назар денотаттық мағынадағы (тура мағына) бағаның табиғаты, мәні сияқты қырларын талдау семантикалық бағытта бағалауыштық мағынаны анықтау, бағалау мағынасының табиғатын, құрылымын, түрлерін қарастыру, бағалаудың коннотациялық реңк берудегі қызметі, тіл бірліктерінің арасындағы арақатысын анықтауды көздейді. Сөздер әлеуметтік ортада қолданыс табуына байланысты олардың экспрессивті-коннотаттық бояуы болады. Сөздің көмегімен сөйлеуші қандай да бір затқа, құбылысқа өзінің бағасын береді. Осы тұрғыдан тілдік бірліктердегі коннотаттық мағыналар айқындалады.

**Түйін сөздер:** баға, бағалау, бағалауыштық компонент, экспрессивті-коннотаттық бояу

Қазіргі лингвистикада тілдік деректерді семантикалық, прагматикалық, когнитивтік, функционалдық тұрғыдан қарастыруға көп көңіл бөлінуде. Осы тұрғыдан тілші ғалымдар тілдік бірліктердегі бағалауыштық мағынаның құрылымдық жүйесін зерттеу нысандары ретінде алды.

Лингвистикалық еңбектерде бағалауды зерттеудің әр түрлі аспектілері ұсынылған. Қазіргі қазақ тілінде баға, бағалау, бағалаушылық мәселесі толық зерттелді дей алмаймыз. Бағалаушылық мағынаның құрылымдық мағына жайында публицистика стиліне, прагматикалық аспектіге, газет мәтініне (М.Серғалиев, Ш.Нұрғожина, Б.Момынова, А.Алдашева, О.Бүркітов, З.Ерназарова, Ғ.Түсіпбекова, Ф.Жақсыбаева т.б.) арналған зерттеулерде сөз қозғалған.

Коннотация – бұл «connotation» – қосымша мағына деген латын тілінен алынған термин. Коннотацияға қатысты А.А. Потебня, И.А. Бодуэн де Куртенэ, Ю.Апресян, Н.Комлев сынды ғалымдардың пікірлері мен А.Уфимцева т.б. ғалымдардың тарапынан ұсынылған коннотаттық макрокомпонентінің типтері қарастырылған. Қазақ тіл білімінде коннотация құбылысы теориялық тұрғыдан арнайы қарастырылмағанмен, бұл мәселенің танылуы зерттеушілер еңбектерінің лексикалық мағына, аталым, семантика аспектісіне сәйкес қамтылып, М.Копыленко, М.Оразов, А.Салқынбай, Б.Қасым, Р.Авакова, Ғ.Хасанов, Ғ.Түсіпбекова, Б.Жонкешев сияқты ғалымдардың еңбектеріндегі берілген ой-пікірлер, тұжырымдамалар негізінде сараланады. Коннотация құбылысына арналған еңбектерді зерделеу, саралау барысында ғалымдар коннотацияның құрылымдық бөліктері түрліше танылып, коннотация ұғымы кең мағынада және тар мағынада қарастырылатындығы байқалады. Бұл тұрғыда зерттеушілерді ойландыратын негізгі мәселелердің бірі – бағалаушылық, экспрессивтілік және эмоционалдылық мағынаның денотаттық және коннотаттық аспектілерінде орын алу деңгейі.

Мәселені зерттеудегі негізгі назар денотаттық мағынадағы (тура мағына) бағаның табиғаты, мәні сияқты қырларын талдау семантикалық бағытта бағалаушылық мағынаны анықтау, яғни бағалау мағынасының табиғатын, құрылымын, типологиялық мәселелерін қарастыру, бағалаудың коннотациялық реңк берудегі қызметі, басқа бірліктермен арақатысын анықтау және т.б. көзқарастардың өзі әртүрлі болып келеді. Бұл мәселені қарастырудың көпқырлылығы бағалау мағынасының тілдің теориялық және қолданбалы сипаттағы салалармен тығыз байланыста екендігін дәлелдейді. Осындай көпқырлылық тіл мен сөйлеудің арақатысы, лексикалық мағына типологиясы мен құрылымы, лексикалық экспрессивтілік, эмоционалды, прагматикалық аспектілеріне қатысты сұрақтар жан-жақты қарастыруды қажет етеді. Қазіргі қазақ тілінде сөз таптарына қатысты бағалаушылық мағына жан-жақты, жүйелі түрде ғылыми сипатталмаған. Сөз таптарының лексика-семантикалық топтарын жіктеуде бұл мәселенің назардан тыс қалатыны көрінеді. Бағалаушылық, бағамдауға қатысты ой-пікірлер лексика аясында экспрессивтілікке қатысты сөз болып келді [1].

XX ғасырдың бағалау категориясы тіл білімінің зерттеу нысаны бола бастады. Бұл еңбектерде эмоция мен экспрессияны бөлмей, бірге қарау орын алған. А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» еңбегінің «Қара сөз бен дарынды сөз жүйесі» деген тарауында сөз, ұғым, мағына табиғаты қарастырылады. Зерттеуші ойлаудың екі түрін көрсетеді: «ойлау екі түрлі сипатты болады. Ол сипаттардың біреулері бойына біткен сипат болса, екіншілері адамның қосқан, таңған сипаттары болады. Мәселен, нәрсенің бірін жылы, бірін суық, бірін тегіс, бірін бұдырмақ, бірін қатты, бірін жұмсақ дейміз. Бұл сипаттаудың біреулері адамға ұнайтын болар да, біреулері ұнамайтын болар» [2, 209]. Осы мәселеге қатысты ұғымдар ұнау, ұнамау – жағымды, жағымсыз деген сөздермен беріледі.

В.В. Виноградовтың «Русский язык (грамматические учение о слова)» атты еңбегін атауға болады. Ғалым аталмыш сөздерді мағыналық жағынан тек грамматикалық және лексикалық мағына деп, сонымен бірге жеке тұлға мен топтық бағаның берілуі деп те бөледі. Сөздер әлеуметтік ортада қолданыс табуына байланысты олардың экспрессивті бояуы болады. Сөздің көмегімен сөйлеуші қандай да бір затқа, құбылысқа өзінің бағасын береді. Осы негізде олар жоғарыда берілген топтардан (атауыш сөздер) айқындалады. Қандай да бір жағдайда сөзбен берілген бағаны В.В. Виноградов экспрессиялық сөздер деп атайды [3, 18-19].

Эмоционалды бірліктерді топтастырудың белгілері. Тілдегі эмоционалдылық мәселені қарастыруда, саралауда бір-бірімен байланысты екі мәселе тұрады. Оның біріншісі, жалпы лексикалық қордан эмоционалды мән туғызатын сөздерді жіктеп бөліп алу да, екіншісі, оларды семантикалық топтарға топтау. Осы мәселеге арнайы зерттеген тілші-ғалымдар семантикалық талдаудың лингвистикада екі жолын көрсетеді:

а) парадигмалық мағынаны талдау және сол сөздердің қандай синтагмалық мағынаға ие бола алатынын байқауға мүмкіндік алу;

ә) сөздің синтагмалық мағынасын контекстік талдау және осы сөздің семантикалық құрылымды құраушы мағынасын анықтау, оның парадигмалық мағынасын анықтау.

А.В. Филиппов коннотация ұғымына тек эмоционалды және стилистикалық мазмұндағы семантикалық мағына жатады деп есептейді де, бағалаушылық және экспрессивті сөздерді ол денотаттың белгілі бір бөлшегі ретінде қарастырады. Ғалымның пікірінше, бағалаушылық сема – ұғымның (түсініктің) прагматикалық компоненті, сондықтан ол денотаттық аспектінің нысаны. Ал экспрессивтілік әрқашан сөздің (денотаттың) әдеттен тыс, жаңа тұлғасында көрініс тауып, нормадан ауытқыған окказионалдылықпен байланысты [4]. Қазақ тіл білімінде семантика мәселесімен айналысқан ғалым М.Оразовтың: «...сөздердің эмоциялық мағынасы сөздің негізгі мағынасы болмайды, негізгі мағынаға қосымша мағыналық реңк болып саналады дейтін болсақ, онда тентек, ақымақ, дана, сараң, нас, топас (бұлардың тура және ауыспалы мағыналары да) деген сияқты сөздердің мағынасын түсіндіріп бере алмаған болар едік» [5,109], – деген пікірі жоғарыдағы тілшілердің ұстанымын құптамайтындығы көрінеді.

М.Оразов: денотаттық мағына бөлшегі, сигнифаттық мағына бөлшегі, эмоциялық мағына бөлшегі және тілдің ішкі құрылымымен байланысты мағына бөлшегі [5, 71] дейді. Бұл жердегі денотаттық мағынамен

сигнификаттық мағынаны бір компонент деп қарайтын да көзқарастар бар. Мысалы, Ғ.Хасанов денотатив немесе (заттық, ситутативтік, синтагматикалық т.б) сигнификатты, коннотатты немесе эмотивті, прагматикалық, функционалды-стилистикалық макрокомпоненттер [6, 51] деп бөледі. Ғ.Хасанов коннотаттық мағынаның компоненттерін сөздің түсіндірмесінен байқауға болады, ҚТТС-нен «ұшқалақ» сөзінің түсіндірмесін орынды көрсетеді: жеңілтек, шошақай, тұштақай. М.Оразов көрсеткен сигнификаттық мағына мен денотаттық мағынадан өте алшақтамайды. Олардың арасында жақындық бар. Сигнификат өзі көрсеткен идеалды денотатқа сәйкестенеді, «егер байыптап қарайтын болсақ, сигнификат денотат та емес, сондай-ақ ұғым да емес. Денотаттан айырмашылығы сол – ой субстантив қасиетке ие екінші сөзбен айтқанда сигнификат нақтылы заттың белгісі мен түрлі қасиеттерінен қол үзген идеалды денотатқа сүйенеді» [5, 84] деп көрсетеді ғалым. Н.А. Лукьянова образдылықты эмоционалдылықтың жеке бір классификациялық белгісі ретінде беріп, оны эмотив пен экспрессив сөздердің коннотативті компоненттерінің жеке бір семасы деп қарайды [7, 16]. Образдылық жеке компонент бола алмайды. Ол денотат, коннотат компоненттердің жеке бір семасы ғана болуы мүмкін.

Т.А. Трипольскаяның көрсетуі бойынша тілдегі эмоционалдылықтың (эмоционалды сөздердің) семантикалық ерекшеліктерін анықтау екі аспектіде жүзеге асуы тиіс, біріншісі, денотативті («заттық») мағына да екіншісі, коннотативті мағына [8]. Денотат пен коннотат мағына туралы: ақпараттың бірінші бөлігі сөздердің денотаттық мағынасымен сәйкес келеді де, ол ұғым деп аталады. Ұғым арқылы денотаттық мағына сыртқы өмірмен байланысады [9]. Пікір алысудың екінші бөлігі сөйлеушілермен және олардың жағдайларымен байланысты болып, коннотацияға тең келеді. Оған эмоция, экспрессия, бағалау және мағынаның прагматикалық-стилистикалық компоненттері енеді. Бұл келтірілген сілтемелерден эмоционалды сөздер семантикада негізінен денотаттық мағына мен коннотаттық мағыналарда кездеседі және де эмоционалды сөздердің семантикадағы орны негізінен коннотацияға тең келеді.

Тілде эмоционалды сөздер эмоционалды емес сөздерден коннотативті мағына арқылы айқындалады, сол себептен оларды анықтау семантикалық құрылымнан коннотативті компоненттерді айырып алу болып табылады. Коннотаттық мағына бөлігін көбіне эмоциялы, эмотивті, коннотативті, прагматикалық деп те атап жүр. Бұдан басқа мағынаның эмперикалық, уәжді, функционалды-прагматикалық мағыналар да бар [9]. Мысалы, Көрсеқызырлықпен, жеңілдікпен, я біреудің орынсыз сөзіне, я бір кез келген қызыққы шайқалып қала берсең, мінездің беріктігі бұзылады (Абай, II, 188). Бойы былғаң, Сөзі жылмаң, Кімді көрсем мен сонан (Абай I, 154). Жылмаңы сыртта, іші арам Кез болар қайда сорлыға (Абай I, 133). Коннотаттық компоненті – жақтырмау, ұнатпау, қостамау. Коннотацияның бойында денотаттық мағынаға қосымша белгіні білдіретін де қасиет бар. Ол сөз мағынасында денотатқа қарағанда екінші болып табылады (тарихи тұрғыдан керісінше). Мысалы, Құлық саумақ, көз сүзіп, тіленіп, адам саумақ – өнерсіз иттің ісі (Абай II, 162). деген мысалдағы ит сөзінде номинативтік қасиетпен қосымша, жанама сипатта эмотив-экспрессив – бағалау қасиет те орын алған.

Бір сөздің бойында екі мағына қатар кездесе, яғни денотаттық мағынамен қатар коннотаттық мағына қолданылса, (мысалы, ит – үй хайуаны, ит – адамдық қасиеті жоқ адам, түлкі – аң, түлкі – қу адам, есек – жануар, есек – топас адам) ондай сөздер прагматикалық сөздерге жатады. Денотативті сөздердің сапалық жағынан прагматикалық сөздерден айырмашылығы – олар тек заттың атауын және оның басқа заттармен маңызды белгілерін білдіреді. Мұндай сөздердегі коннотациялық мағына белгілі мақсатқа жұмсалған прагматикалық қызметті білдіреді. Бұларда берілген ұғым → зат → мағынамен арақатынаста болады, сондықтан олардың бойында заттық мағына болуымен қатар коннотаттық реңк те болуы мүмкін, сол себептен заттық-логикалық аталым (сұм → сұмырай) те аталады. Прагматикалық сөз денотативті мағынаның құрылымындағы ұғыммен бірге эмоционалды-логиканы және эмоционалды ұғымды білдіреді. Осыған байланысты бұл сөздердің мағыналық құрылымы аталым + эмоционалды қатынас деген екі бөліктен тұрады [10].

Адамның әр түрлі мінез-қылықтарын білдіруші эмоционалды сөздердің лексика-семантикалық топтары. Олар іштей бірнеше топқа бөлінеді: а) адамның және жан-жануардың әр түрлі ерекшеліктерін білдіретін эмоционалды сөздердің лексика-семантикалық топтары: Ашу: айдаһардай, көкайыл, көкбет, сұржылан т.б. «Қатігездік» бүйрексіздік, безбүйрек, қаныпезер, қатыгез, озбыр т.б. «Жынды» Есалан, есерсоқ, есуас, т.б.; ә) Өлшем және сан білдіруші эмоционалды сөздердің лексика-семантикалық топтары: «Ақырын» өгізаяң, тасбақаша т.б.; б) Адамның заттың құбылыстың әр түрлі сапасын білдіретін эмоционалды сөздердің лексика-семантикалық топтары. Адамның: адамсы, жігітсі, жігітсымақ, кісімсі, жылмаң, қуарған т.б. Азынаған (суық), шидиген (арық), өңкиген (дәу) т.б. Берілген мысалдарға жеке адамның қолданысындағы, яғни оккозионалды сөздер сөз табына сын есімденген, етістік т.б. болады. Бұлардың қалпы эмотив-экспрессив-бағалы мағынадағы сөзге тең келіп, сөйлемде денотаттық та, коннотаттық та макромағыналарға сәйкес келеді.

О.С. Ахманованың лингвистикалық терминдер сөзіндегі «бағалау» ұғымына мынадай тұжырымдама: «оценка – ... суждения говорящего, его отношение – одобрения или неодобрения, желание, поощрение и т.п. – как одна из основных частей стилистической коннотации» [11, 305] береді. Аталған сөздікте бағалау категориясы сөйлеушінің сөйлеуге қатынасын білдіретін категория ретінде танылады.

Қазіргі тіл білімінде сөздік құрам қабатындағы мұндай сөздердің жасалу жолының бес түрі көрсетіліп жүр. Олар сөзжасамда – жұрнақтар арқылы, лексикада – сөздердің ауыс мағынада қолданылуы арқылы және фразеологияда – идиомаланған мағыналар арқылы, фонетикада – дыбыс, интонация арқылы, синтаксисте – сөз тіркестері арқылы көрініс табады.



Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Болганбаев Ә., Қалиев Ф. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. Оқулық. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2006. – 264 б.
- 2 Байтұрсынов А. Ақ жол. – Алматы: Жалын, 1991. – 463 б.
- 3 Виноградов В.В. Русский язык: Грамматическое учение о слове – 2-е изд. – М.: Наука, 1972. – 614 с.
- 4 Филиппов А.В. К проблеме лексической коннотации. // Вопросы языкознания. – 1978. – №1. – С.57-63.
- 5 Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. – Алматы: Рауан, 1991. – 213 б.
- 6 Хасанов Ф. Лексикалық мағына. – Орал: Ағартушы баспа-лингвистикалық орталығы, 2005. – 148 б.
- 7 Лукьянова Н.А. О семантике и типах экспрессивных лексических единиц. II Семантические классы экспрессивов русского языка // Экспрессивность лексики и фразеологии. – Новосибирск: НГУ, 1983. – С.12-41.
- 8 Трипольская Т.А. Эмотивно-оценочная лексика в антропоцентрическом аспекте: автореф. дисс. ... д-ра филол. наук. – СПб., 1999. – 37 с.
- 9 Қасым Б. Метафоралы аталым: когнитивті-семантикалық сөзжасам. Монография. – Алматы: ЖК Волкова Е.В., 1998. – 300 б.
- 10 Қасым Б., Нұрбекова Г. Түбірлес сөздердің мағыналарының заман талабына сай өзгеріске ұшырауы// Абай атындағы ҚазҰПУ, Хабаршы, «Филология ғылымдары» сериясы. – 2016. – №3(57). – Б.51-55.
- 11 Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов. – 2-е изд., стер. – Москва: УРСС: Едиториал, 2004. – 571 с.

Б.Қасым<sup>1</sup>, С.Сембиева<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup>Казахский национальный педагогический университет им. Абая,  
г. Алматы, Казахстан

## ПРИРОДА ОЦЕНОЧНОЙ КОННОТАЦИИ В ЯЗЫКОВОЙ ЕДИНИЦЕ

### Резюме

В современной лингвистике языковую единицу рассматривают с когнитивной, семантической, прагматической, функциональной точки зрения. Хотя в лингвистических трудах предложены различные аспекты исследования оценивания, трудно сказать что в языковом единстве полностью исследована и раскрыта семантическая природа компонентов таких, как оценка, оценивание, оценочность. В ходе изучения и анализа трудов, посвященных коннотативным явлениям, структурные части коннотации признаны по-разному и понятие «коннотация» рассматривается с различных позиций. Рассматривается взаимоотношение денотатного и сигнификатного значения в языковой единице. Основное внимание в анализе уделяется анализу аспектов значения, природы оценки денотатного значения (прямое значение), определению оценочного значения в семантическом направлении, рассмотрению природы, структуры и вида оценочного значения, предусматривает оттенок деятельности оценивания и определения соотношения среди языковых единиц. В связи тем, что слова находят применение в социальной среде, соответственно у них присутствуют экспрессивно-коннотативные окраски. С этой точки зрения определяются коннотативные значения в языковых единствах.

**Ключевые слова:** оценка, оценивание, оценочность компонент, экспрессивно-коннотативная окраска

В.Касым<sup>1</sup>, С.Сембиева<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup>Abai Kazakh National Pedagogical University,  
Almaty, Kazakhstan

## THE NATURE OF THE APPRAISAL CONNOTATION IN THE LANGUAGE UNIT

### Summary

The modern linguistics considers the language unit from the cognitive, semantic, pragmatic and functional point of view. Although various aspects of the assessment study are proposed in linguistic studies, it is difficult to say that the semantic nature of components such as evaluation, evaluation, and evaluation has been fully explored and uncovered in linguistic unity. In the course of studying and analyzing the works devoted to connatural studies, the structural parts of connotation are recognized in different ways, and the concept of connotation is studied from different points of view. The relationship between denotative and significative meaning in linguistic unity is considered. There is an increased focus on the analysis of aspects of meaning, the nature of the valuation of the denotative value (direct value), the definition of the estimated value, provides a tinge of the activity of evaluation and the determination of the ratio among linguistic unities. This is due to the fact that words find application in the social environment, respectively, they have expressive-connatural stains. The connatational significance in linguistic unity is determined from this point of view.

**Keywords:** estimation, evaluation, evaluation of components, expressive-connotative coloring

А.Қобланова<sup>1</sup>, А.Әбедин<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,  
Алматы қ., Қазақстан

## ҚАЗАҚ ЖӘНЕ БАШҚҰРТ ХАЛЫҚТАРЫНДАҒЫ ДАСТАРХАН ЭТИКЕТІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ТІЛДІК ҚЫРЫ

Аңдатпа

Түркі халықтарының ежелден бері қалыптасып, сақталып келе жатқан әдет-ғұрып, салт-дәстүрлері, рухани құндылықтары мен мәдениеті атадан балаға мирас болып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатыр. Аталған бай мұра заман ағымына, әлеуметтік қоғамдағы әртүрлі құбылыстар мен үдерістерге қарай өзгеріске ұшырап та отырады. Бұл рухани байланыс ешқашан үзілген емес.

Этнология ғылымында «қарым-қатынас этнографиясы» деген ерекше ұғым этномәдени қауымдастық арасындағы өзара араласу ережелерін зерттейді. Қарым-қатынас мәдениетінің ең маңызды компоненті, әрі ұйымдастырушы бастауы – әдеп, яғни этикет болып табылады. Этикет дегеніміздің өзі – белгілі бір қоғамға тән адамгершілік ұстанымдардың жиынтығы. Этикет туралы сөз қозғағанда, халықтың санасына сіңіп қалған мінсіз іс-әрекеттерді ғана емес, сонымен қатар күнделікті тұрмыстағы адамдар қарым-қатынасы барысындағы қалыпты жағдайларды да ажырата білу керек.

Табиғатынан өзінің қонақжайлылығымен танымал болған түркі халықтарында қонақ күту әдебіне аса зор мән берген. Соның ішінде дастархан этикеті бірінші кезекке қойылған. Сол себепті түркі халықтарында дастархан мәдениетіне байланысты ежелден этикеттік нормалар мен белгілі канондар қалыптасқан.

Мақалада негізінен қазақ және башқұрт халықтарындағы дастархан этикетінің әлеуметтік-тілдік қыры талданады.

**Түйін сөздер:** түркі халықтары, мәдениет, этикет, дастархан этикеті, ұлттық тағамдар

Түркі халықтары – әлем өркениеті мен мәдениетінің дамуына орасан зор үлес қосқан, әрқайсысы өзінің тілі мен дінін, ділі мен тегін сақтаған этностардың тобы. Негізінен Еуразияны мекендейтін түркілердің көпшілігінің өз мемлекеттігі бар дербес ел болғанымен, біршамасы әртүрлі мемлекеттердің құрамында өмір сүреді. Сол себепті түркі халықтарының ежелден бері қалыптасып, сақталып келе жатқан әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі заман, яғни қоғам ағымына қарай өзгеріске ұшырап келеді. Дей тұрғанмен де, түркі халықтарының арасындағы рухани байланыс ешқашан үзілген емес. Себебі, түркі тілдес халықтардың рухани-мәдени өміріндегі, тілдік қолданысындағы үндестік, ең алдымен, бұл халықтардың тіл туыстығын, типологиялық жағынан жақындығын, танымдық ортақтығын көрсетсе, екіншіден, тектік бірлігін, ал үшіншіден, рухани, мәдени, әлеуметтік өмірінің тығыз қарым-қатынасын байқатады. Түркі тілдес халықтардың сөздік қоры мен сөйлеу әдебі жөнінде Б.Адамбаев былай деп сөз қозғайды: «Қазіргі қазақ, өзбек, қырғыз, түркімен, татар, әзірбайжан, башқұрт, т.б. ұлттар біртұтас халық болып, хандық құрудан әлдеқайда бұрын шыққан, ал бірыңғай халық тілі ұлт болудан да ерте қалыптасқан. Сондықтан бір халықтың бірнеше хандыққа бөлінуіне, тіпті феодализм дәуірінде олардың бір-бірімен жауласуына қарамастан, олардың бірыңғай сөйлеу жүйесі бұзылмаған, негізгі сөздік қоры бастапқы қалпын сақтап қалған» [1, 65]. Ал ғалым Қ.Қалыбаева өз зерттеуінде түркі халықтарының рухани-мәдени байланысы туралы былай деп ой қозғайды: «Рухани мәдениет – адамдардың өмір сүру, тіршілік ету барысында сол ұлттың тұрмыс-салты, дәстүрімен астарлас ұғылатын танымы, білімі, заңы, этикасы сөз түйіні болып табылатын тұрақты сөз тіркестерінен, бейнелі фразеологизмдерінен айқын сезіледі. Түркілік дүние бейнесінің тілдегі көрінісі, ондағы ұлттық нақыштар осы кезге дейін салыстырыла зерттелген емес. Тілді ұлттың тарихымен, мәдениетімен, рухани қазынасымен, дүниетанымымен тығыз қарым-қатынаста, бірлікте алып қарастырылған жағдайда ғана ұлттық тілдің табиғатын шынайы танып білуге жол ашылады. Ұлт мәдениетінің қай түрінде болмасын, онда сол ұлттың бүкіл таным болмысы мен тұрмыс-тіршілік суреті сақталады. Белгілі бір ұлттың тарихынан, мәдениетінен, таным болмысынан, тұрмыс-тіршілігінен хабардар ететін тілдік бірліктердің ішінде фразеологизмдер, мақал-мәтелдер, нақыл сөздер мазмұндық құрылым тұрғысынан ерекшеленеді. Олар белгілі бір ұлттың өзге ұлттардан менталдық айырмашылығын көрсетеді, салт-дәстүр ерекшеліктерін білдіреді» [2, 162]. А.Байтуова бұл туралы: «Түркі тілдерін дамытудың сан ғасырлық тарихы олардың нығаюына, олардың топтық ортақтықты иеленуіне себепші болды, сонымен қатар тарих олардың жіктелуіне, межеге бөлінуіне,

бөлектенуіне, көптеген түрлі белгілерге ие болуға мүмкіндік берді. Бұл туыстас тілдерді дамытудың жалпы заңдылығы. Осыған байланысты осы тілдердің біріктіруші және жақындастырушы қырлары ғана емес, осы тілдердің түрлі әлеуметтік-экономикалық, тарихи, әкімшілік-мемлекеттік және табиғи-географиялық жағдайларда өздігінен даму нәтижесінде пайда болған олардың ерекше қасиеттері де өзгеше қызығушылық тудыруда» дейді [3, 162]. Сол себепті біз өз мақаламызда негізінен қазақ және башқұрт халықтарындағы дастархан этикетінің әлеуметтік-тілдік қырын зерделеуді жөн көрдік.

Кез келген этностың дәстүрлі сөз саптау мәдениетінде этикалық, эстетикалық құндылықтардың мәні айрықша болады. Мейірімділік, ізеттілік, адамгершілік, жауапкершілік, дегдарлық, парыз, т.б. эстетика-этикалық категориялар адамдар арасындағы тілдік қатынаста үйлестіріп-үндестіріп отырады.

Адамзат баласы белгілі бір қоғамда, әлеуметтік ортада өмір сүреді. Оның қоғамның өзге мүшелерімен, әлеуметтік ортамен, ұжыммен қарым-қатынасы тіл арқылы жүзеге асады. Жеке адамның тіліне, оның күнделікті сөйлеу дағдысына әлеуметтік ортаның, яғни қоғамның көптеген әсерлері болады. Өйткені, адамзат баласы сол әлеуметтік қоғамның белді бір мүшесі ретінде танылады. Сол әлеуметтік қоғамда адамдардың тығыз қарым-қатынасынан туындайтын, тіл арқылы берілетін ережелер жиынтығы сөйлеу әдебі не сөйлеу этикеті болып табылады. Бұл туралы «Лингвистикалық түсіндірме сөздікте» былай делінген: «Сөйлеу этикеті – қоғамда қабылданған ресми не бейресми жағдайда әңгіме құрушылардың әлеуметтік рөліне сай болатын сұхбаттасу ережелерінің тұрақты жүйесі. Ол әдепті сөйлеуде қолданылатын бірліктердің қызметтік-семантикалық өрісі болып табылады» [4, 211].

Қазіргі кезде түркі халықтарының сөйлеу этикетін лингвомәдени, этнографиялық, тарихи аспектіде қарастырған бірнеше зерттеулер бар. Атап айтқанда, М.Ерözтың «Türk kültür Araştırmaları» атты еңбегі (1977), М.Карланның «Türk milletinin kültürel değerleri» атты еңбегі (1975), М.Н. Серебрякованың «О некоторых особенностях этноэтикета у современных турук» атты еңбегі (1988), А.М. Решетовтың «Народы Средней Азии и их этикет» еңбегін (1988), А.К. Байбуиннің «Об этнографическом изучении этикета» атты еңбегін (1988), Е.А. Резванның «Этнические представления и этикет в Коране» атты еңбегін (1988), сол секілді қазақ тілі біліміндегі М.Балақаевтың тіл мәдениеті туралы еңбектерін, Р.Сыздықованың сөйлеу мәдениеті туралы зерттеулерін, Н.Уәлидің сөз әдебі туралы мақалалары мен зерттеулерін, Н.Бимағамбетованың қазақы сөз этикеті туралы еңбегі мен А.Қобыланова, К.Қажығалиевалардың сөз этикетінің әлеуметтік сипатын, семантика-стистикалық ерекшеліктерін қарастыратын еңбектерін атауға болады.

Әр ұлттың өзінің табиғи ортасына, мінез-құлқына, салт-дәстүріне, әдет-ғұрпына, таным-түсінігіне сәйкес өзіне ғана тән сөйлеу әдебі болады. Бұл үрдіс ғасырдан ғасырға дейін одан ары дамып қалыптасып отырады. Осы ұлттық сөйлеу әдебінің негізінде бірнеше ұрпақ тәрбиеленіп, өсіп жетіледі. Соған сәйкес әр халықтың өзіндік қалыптасқан салт-дәстүрі бар. Ұлттық дәстүрлі сөйлеу тәсілдері көп ғасырлық тарихи дамудың нәтижесінде қалыптасты. Мысалы, қазақ тіл білімінде қазақы сөз этикетін көп зерттеген ғалымдардың ішінде А.Қобыланова негізінен ұлттық сөйлеу этикеті сыпайы, ықшамдап сөйлеуге негізделгенін баса айта отырып, өз еңбегінде былай деп сөз қозғайды: «Қазақы сөз этикеті – белгілі бір заңдылыққа бағынған, ішкі құрылымы, нормасы бар біртұтас жүйе. Ал сөз этикеті единицаларының әлеуметтік, семантика-стистикалық табиғатына талдау жасап, ұлттық сипатын көрсету, әрине, жалаң мақсат емес. Өйткені сөз этикетінің қызметін жұртшылық дұрыс түсінгенде, әлеуметтік сипатын жақсы аңғарғанда, семантика-стистикалық ерекшеліктерін тап басып тани білгенде ғана талдай алады [5, 58]. Яғни, халықтың мәдени-ұлттық дәстүріндегі этикалық категориялар, эстетикалық, риторикалық принциптер тілдік ұжымның ішіндегі үндесім-үйлесім қызметін (гармонизациялау) атқарады. Сонымен, этикет дегеніміз – белгілі бір қоғамға тән адамгершілік принциптерінің жиынтығы. Этикет түрлерінің қоғамдық, әлеуметтік ортадағы қызметі әралуан. Түркі халықтарында қарым-қатынас этикетінің ең бір құнды да кең таралған саласы – дастархан этикеті.

Түркі халықтарындағы дастархан мәдениетінің ежелден бері қалыптасқан және әлі күнге дейін жалғасын тауып келе жатқан өзіндік этикеттік нормалары бар. Қонақжай түркі халықтары әртүрлі жағдаяттарға байланысты үйіне көп қонақ шақырады және өздері де жиі қонаққа барады. Әрбір елдің мәдени тарихына көз жіберсек, оның ішінде тұрмыс мәдениеті мен дастархан мәдениеті ерекше көзге түседі. Шоқан Уәлиханов Қашқарияға жасаған сапарындағы күнделіктерінде «Тұрмысына қарап мәдениетін білемін, мәдениетіне қарап, халқын түсінемін», – деген екен. Жалпы адам тұрмысы деген мәселенің тарауы да, ұғымы да көп. Дастархан, тағам мәдениеті де соларға жатады. Белгілі этнограф Ж.Бабалық бұл туралы: «Адам өзінің тіршілігіне айналасындағы табиғатпен өзі өндiрген

шаруашылыққа орай, қара басының қамы үшін денсаулығы, жасы, кәсібі, ауа райы мен әлеуметтік тұрмыс жағдайына қарай тағам түрлерін ойлап тапқан ғой. Сонымен бірге әрбір халық өзі өндірген, өзі тапқан тағамына өзінің туған тілінде ат та қоя білген. Әр халықтың тарихында, этнографиясында белгілі бір ортақ дүние, ұқсастық бары сияқты, сөз жоқ, олардың тағамында да ортақ ұқсастық болып келген. Алайда әр халықтың өзіне ғана тән ұлттық тағамы бар. Мәселен, қазақ халқының өзі өндірген, өз тілімен аталатын көптеген тағамы бар екені мәлім. Бұл тағамдар өз ерекшелігімен ұлттық тағам дәрежесінде аты аталып, тұрмыста қолдану тарихы ілгерінді-кейінді болғаны анық. Ал кейбір тағамдар тым ертеректе болған. Тіпті қазақ, қырғыз, башқұрт, моңғол халықтарының ұлттық ортақ тағамы деп ертеден келе жатқан қымызды да айтуға болады. Қымыздың әрі шөл қандыратын, әрі қоректік қасиеті сонау ерте ғасырларда өмір сүрген ғалымдардың өздері жазып кетті. Бұдан екі жарым мың жыл шамасында өмір сүрген гректің атақты ғалым-тарихшысы Геродот Орта Азияға саяхат жасап қайтқан соң, «Орта Азида скиф деген көшпелі халық бар. Бұл халық құлдарының көзін шығарады да, күбіге құйылған бие сүтін піскізеді» деп жазған екен» [6, 415] деп ой толғайды.

Қазақ тұрмысын зерттеуші ғалым Халел Арғынбай: «Әр үйде қонақтарға арналған саба-саба қымыз болады, оның қай ауылдан келгендігін даяшылар өлеңдетіп жариялап жүреді. Сондықтан әрбір саба әкелетін ауыл қымызын дұрыстап әкелуге тырысады. Кейбір даңққұмар байлар асқа апаратын сабаның піспегін күмістетіп, жүздеген литр қымыз сиятындай үлкен етіп жасатқан. Мәселен, Ембі бойында болған бір асқа бейсембі Бажықой дейтін бай 10 жылқының терісінен жасалған сабаға жүз шелек қымыз құйып әкелген. Мұндай сабалардың мойын жабдықтан шығарып қойып, ат үстінен піседі екен» деген дерек келтіреді. Қымыздың ерекше қасиетін сөз еткен ғалым Сырым батырдың асында бес мың шелектей қымыз ішілгендігі туралы қызықты дерек келтіреді. Қымызсыз қазақ өмірінің маңызы жоқ десе де болады. Жәрдем Кейкин «Қазақы атаулар мен байламдар» атты кітабының «Сүт тағамдары» бөлімінде қымызға байланысты мынадай атаулар келтіреді: «Уыз қымыз – бие сүтінің уыз дәмі тарамған жазғытұрымғы алғашқы қымыз»; «Саумал – әлі бабына келіп аши қоймаған қымыз»; «Қор – қымыздың ашытқысы»; «Қораба – саба түбінде қалдырылған ашытқы қымыз, кейде «Қораба қымыз» деп те аталады»; «Қымыз мұрын – биені байлағанда бірінші ішетін қымыз»; «Жуас қымыз – ащы қымыздың үстіне саумал қосып жұмсартылған қымыз»; «Сірге жияр қымыз – бие ағытылар кездегі ең соңғы қымыз»; «Бал қымыз – әбден пісілген, бойына жылқының не қойдың майы сіңген бапты жұмсақ қымыз»; «Қысырақ қымыз» – бірінші рет құлындаған биенің сүтінен ашытылған қымыз; «Қысырдың қымызы немесе Ту қымыз – қыста қолда ұстаған қысыр биелердің сүтінен ашытқан қымыз»; «Қолбала қымыз – таза, дәмді қымыз»; «Түнемел қымыз – ашытылуы екінші тәулікке ауысқан қымыз»; «Құнан қымыз – ашытылуы үшінші тәулікке ауысқан қымыз»; «Дөнен қымыз – ашытылуы төртінші тәулікке ауысқан қымыз»; «Бесті қымыз – ашытылуы бесінші тәулікке ауысқан қымыз»; «Сары қымыз – жақсы пісіліп, әбден бабына келген қымыз»; «Тосап қымыз – ыдыс түбіне тұнған қоймалжың қымыз» [7, 139]. Қымыздың қандай дәруменді сусын екенін жоғарыда аты аталған түркі халықтары әрқашан білген. Көкірек ауруына (құрт ауыруы) ұшырағандарға қымызға қазы қосып ішкізіп емдеген. Турасын айтқанда қазақ, басқа да көшпенді түркілер тіршілігінің қай жағын алып қарасаңыз да қымыздың орны ерекше. Қазақ даласына демеушілігімен белгілі тобықты руының дәулетті адамы Медеу Оразбайұлы «қазаққа керек адам» деп, Әлихан Бөкейханұлы отырған түрменің маңына киіз үй тігіп, он құлынды бие байлап күніге қымызға қоса бір саулық сойып жас ет жеткізіп тұрған екен. Бұл қазақ халқының тарихына қатысты бір дерек болса, әлемге әйгілі классик Л.Толстойдың башқұрттар арасына барып, қымызбен емделгені туралы да тарихи дерек бар. Самара губернесіндегі көшпелі башқұрлар орналасқан Қаралық мекеніндегі өткізген бақытты күндері туралы ұлы суреткер: «Край здесь прекрасный, по своему возрасту только что выходящий из девственности, по богатству, здоровью и в особенности по простоте и неиспорченности народа» деп, башқұрлардың қонақжайлығын, жан дүниелерінің тереңдігін, табиғи дарындылығы мен рухани бай келетінін айта келіп: «...Читаю Геродота, который в подробностях описывает тех самых галактофагов – скифов, среди которых я живу. От башкир пахнет Геродотом» деген ерекше байлам жасайды.

Тағам культіне ерекше сыймен қараған түркі халықтарында, соның ішінде қазақтарда, ноғайларда, башқұрттар мен татарларда май шайқағанда, қымыз ашытып, ірімшік дайындағанда, соғым сойғанда міндетті түрде дәстүрлі қалыптасқан жақсы әдеп қағидаттары бойынша көршілерін не туыстарын қонаққа шақырған. Соған сай қонақ күту кәдесін жасаған. Олар қонақ күту немесе дастархан этикетіне халықтық мәдениеттің бір бөлшегі ретінде қараған. Зерттеуші С.Бизақов башқұрт халқының мұндай ерекше қасиетінің қазақ халқына ұқсас екендігін айтады. Ол: «Тілі мен мәдениеті,

қоршаған ортасы татарға жақын болғанмен, башқұрт ағайындардың ұлттық психологиясында, наным-сенімі мен тұрмыс-тіршілігінде қазаққа ұқсастығы басым», – дей келе, башқұрт халқы да қазақ секілді «аузындағысын өзгеге жырып беретін жомарт, ақшелек халық. Өте меймандос, қонақ талғамайды, үйіне келген адамнан барын аямайды» [8, 139], – деп сипаттайды.

Сөздік құрамы, морфологиялық көрсеткіштері жағынан татар, қазақ, қарақалпақ, ноғай тілдеріне жақын башқұрт тілінде түрлі тілдік жағдаяттарға сай этикеттік нормалар сақталады. Мысалы, үйге кірген кезде башқұрттарға іште отырған адамдар: – «*Ойге кириниз! Оз ойге кедек булыңыз! Рохим итеп ултырыңыз!*» («*Үйге кіріңіз! Өз үйіңіздей көріңіз! Отырыңыз!*»), – деп қарсы алады. «*Сизли коредге бик шатмын!*» («*Сізді көргенге қуаныштымын*»), – деп бүкіл дәмдісін ұсынады.

Башқұрттардың ұлттық тағамдары да қазақ халқының дәстүрлі тағамдарына ұқсас. Олар төрт түліктің ішінде қой, сиыр және қымызы мен еті үшін жылқы малын өсіреді. Сүт тағамдарынан айран, қатық, ірімшік, т.б. дайындап, ал нан тағамдарынан йыуаса, бауырсақ, тоқаш, чурпаря, т.б. пісіреді. Дәстүрлі дастархан этикеті бойынша қонақ үйге кірген кезде табалдырықтан аттағаннан кейін ең алдымен үй иелерімен амандасады, ал үй иелері өз тарапынан ғасырлар бойы қалыптасқан этикетке сай қонақты төрге шақырады. Мұндай кезде этикеттік формулалардың ішінде көбіне мынадай тілдік қолданыстар қолданылады. Мәселен, «*Солом!*» («*Сәлем!*»), «*Һаумыһыз?*» («*Саумысыз?*»), «*Аш тәмле булһын!*» («*Ас дәмді болсын!*»), «*Чәй тәмле булһын!*» («*Шай дәмді болсын!*»). Қонақтардың мұндай сәлеміне үй иелері: «*Рохмот! Торго рохим итеге!*» («*Рақмет! Төрге шығыңыз!*»), – деп жауап береді.

Ас мәзірі аяқталған соң, қонақ қалыптасқан башқұрт дәстүрі бойынша өзінің қайтатын мезгілі жақындағанын жеткізеді, ал үй иелері өз кезегінде қайтуға асықпағандарын сұрайды. Мұндай кезде қонақтар қоштасарда мынадай тілдік қолданыстарды пайдаланады. Мәселен, «*Һау булыңыз!*», «*Хуш булыңыз!*» («*Сау болыңыз!*», «*Қош болыңыз!*»), «*Үкелеменизе!*» («*Өкпелеменіз!*»), «*Өн булыңыз!*» («*аман болыңыз!*»), «*Безге ойге килениз!*» («*Біздің үйге келіңіз!*»). Үй иелері болса: «*Тағы ла киленез!*» («*Тағы да келіңіз!*»), т.б. [9].

Сөзімізді түйіндер болсақ, этикет – бұл сөйлеу актісіндегі белгілі бір тілдік құрылымдардың күрделенген жүйесі. Оның көмегімен жеке тұлға нақты тілдік жағдаятқа байланысты өзінің көзқарасын жеткізеді. Аталған мысалдардан байқағанымыз, туыстас екі халықтың дастархан этикетінде семантикалық мән-мазмұны жағынан бірдей тіркестердің, сөз оралымдарының қолданылатындығы аян

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

- 1 Адамбаев Б. Халық даналығы. – Алматы: Мектеп, 1976. – 159 б.
- 2 Қалыбаева Қ. «Түркі мәдениеті» контексіндегі дүниенің тілдік бейнесі. Түркологиялық зерттеулер. Жауапты редакторы Сағидолда Г. – Астана, «Сарыарқа» баспа үйі, 2012. – 560 б.
- 3 Байтуова А.Н. Қазақ, түрік және өзбек тілдеріндегі *s* (*с*), *t* (*т*), *n* (*н*), *f* (*ф*) дауыссыз фонемалардың салыстырмалы сипаты // Абай ат. ҚазҰПУ. Хабаршы. «Филология ғылымдары» сериясы. – 2016. – №3(57). – Б.10-13.
- 4 Салқынбай А., Абақан Е. Лингвистикалық түсіндірме сөздік. – Алматы: Сөздік-словарь, 1998. – 304 б.
- 5 Қобланова А. Қазақ сөз этикеті. – Алматы: ЖАК-тың баспа орталығы, 2001. – 120 б.
- 6 Бегманов Қ. Этнографпен әңгіме. – Алматы: Дәстүр, 2010. – 500 б.
- 7 Кейкін Ж. Қазақы атаулар мен байламдар. Алматы: Өлке, 2000. – 256 б.
- 8 Бизақов С. Түрік әлемі. – Алматы: ИИА «АЙКОС», 1998. – 232 б.
- 9 Галиева К.А., Кагарманов Г.Г. Русско-башкирский разговорник. – Уфа: Башкирское, Издание 2-е, 1992. – 144 с.

А.Кобланова<sup>1</sup>, А.Н. Абедин<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup>Казахский национальный педагогический университет имени Абая,  
г. Алматы, Казахстан

## СОЦИАЛЬНО-ЯЗЫКОВЫЕ ОСОБЕННОСТИ ЭТИКЕТА ЗАСТОЛЬЯ У КАЗАХСКОГО И БАШКИРСКОГО НАРОДОВ

### Резюме

Многие обычаи и обряды, традиции и духовно-культурные ценности тюркских народов, появившиеся в древние времена и сохранившиеся до наших дней, веками служили человечеству и передавались через

поколения. Эти богатые ценности изменились и развивались вместе с развитием человеческого общества и миропонимания. Но духовная связь между поколениями никогда не оборвалась.

В этнологии понятие «этнография взаимоотношения» исследует правила взаимоотношений между этнокультурными сообществами. Самым важным компонентом и организационным началом культуры общения является этикет общения. Этикет – это совокупность гуманных принципов, относящиеся к какому-либо обществу. Затрагивая вопросы этикета, мы должны различать не только безукоризненные действия народа, которые веками впитывались в сознания, но и обычные жизненные ситуации, появляющиеся в повседневном быту.

Тюркские народы гостеприимные по своей природе, очень серьезно относились к этикету приема гостей. А этикет застолья был самым важным среди них. Поэтому у тюркских народов давно сформировались известные каноны и этикетные нормы поведения за дастарханом.

В статье рассматриваются социально-языковые особенности этикета застолья казахского и башкирского народов.

**Ключевые слова:** тюркские народы, культура, этикет, этикет застолья, национальное блюдо

*A.Koblanova<sup>1</sup>, A.N. Abedin<sup>2</sup>*

*<sup>1,2</sup>Kazakh National Pedagogical University named after Abai,  
Almaty, Kazakhstan*

## **SOCIO-LINGUISTIC FEATURE OF THE ETIQUETTE OF THE FEAST KAZAKH AND BASHKIR PEOPLES**

### *Summary*

Many of the customs and rituals, traditions and spiritually-cultural values of the Turkic peoples appeared in ancient times and preserved for centuries, serving humanity and passed down through generation to generation. These rich values have changed and evolved along with the development of human society. But the spiritual connection between generations is never broken. In ethnology the notion of «Ethnography of the relationship» rules explores the relationship between ethnographic-cultural communities. The most important component and organizational culture beginning of the relationship is communication etiquette. Etiquette is a set of humane principles are relevant to any society. Touching on issues of etiquette we have to distinguish not only perfectly the actions of the people, which for centuries has been absorbed into consciousness and emerging of ordinary life situations in everyday life.

Hospitable by nature Turkish people were very serious about etiquette of receiving guests. And the etiquette of the feast was the most important among them. Therefore, the Turkic peoples have long formed a well known canon of etiquette and standards of behavior for dastarkhan. The article discusses the socio-linguistic etiquette of the feast of the Kazakh and Bashkir peoples.

**Keywords:** turkish people, culture, etiquette, etiquette of the feast, national dish

*FTAXP 16.01.33*

*С.Қ. Құлманов<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты,  
Алматы қ., Қазақстан*

## **ШЕТ ТІЛІНЕН ЕНГЕН ТЕРМИНДЕРДІ ТРАНСЛИТЕРАЦИЯЛАУ ЖӘНЕ ТРАНСКРИПЦИЯЛАУ МӘСЕЛЕСІ**

### *Аңдатпа*

Шет тілдерінің терминдері қазақ тіліне орыс тілі арқылы транслитерацияланып алынып келеді. Сондықтан терминдерді жазуда қазақ тіліне тән емес құбылыстар кездеседі.

Шет тілдерден терминдер қабылдағанда шет тілдерден енген халықаралық терминдерді латын графикасы негізінде таңбалау барысында олардың орфографиялық нормаларын қалыптастыру; терминологиялық бірліктерді латын графикасы негізінде таңбалауда төл тіліміздегі термин атауы ретінде қалыптастырудың ұтымды тұстарын анықтап, қазіргі терминжасам ісіне жаңаша бағыт-бағдар әзірлеу қажет. Сонымен қатар шет тілдерден енген халықаралық терминдерді қосымшалар көмегімен түрлендіру проблемаларын түпкілікті шешу, шет тілдерден енген халықаралық терминдердің қазақ тілінің сингармонизм заңдылығына кереғар келетіндерін тіліміздің ішкі заңдылықтарына сәйкестендіру ережелерін қалыптастыру; қазақ әліпбиін латын қарпі негізіндегі жана ұлттық әліпбиге көшіргенде терминдерді қабылдау қағидаттарын қайта қарап, жетілдіру (негізгі түпкі тілдегі жазылуы немесе айтылуы бойынша немесе орыс тілінің жазуы немесе айтылуы бойынша қабылдау; терминдерді қабылдауда транслитерациялау немесе транскрипциялау тәсілдерін қолдану мәселелерін түпкілікті шешу) де кезек күтірмейтін мәселе деп білеміз.

**Түйін сөздер:** тіл білімі, сөз, дыбыс, таңба, жазу, трансплатациялау, транслитерациялау, транскрипциялау, термин, қағидат

Тіл білімінде шет тілдерінен енген кірме жалқы есімдердің бастапқы дыбыстық-графикалық «бейнесін» сақтап жазудың үш тәсілі аталады: *трансплатациялау*, *транслитерациялау* және *транскрипциялау*.

*Трансплантациялау* (лат. *trans* – арқылы, қайта; *plantatio* – өсімдіктерді отырғызу; *transplantare* – ауыстырып салу) – «мәтінге шет тілдерінің сөздерін (атауларды, есімдерді) графикасын сақтай отырып тікелей енгізу» [1, 11]. Бұл тәсіл қазақ тілінде негізінен БАҚ-та, ісқағаздарында, ішінара ғылыми әдебиетте қолданылады. Мысалы, «APEC PetroTechnic» жоғары колледжінде «Consolidated Construction Company» (көлбеу жазумен берген біз – С.Қ.) компаниясы бағдарламасының біліктілікті арттыру курстары ашылды («Егемен Қазақстан». №44 (29025). 03.03.2017.), *CD-жазба*, *Windows-бағдарламалар* және т.б.

*Транслитерациялау* (лат. *trans* – арқылы, қайта; *littera* – әріп) – бір жазудың таңбаларын екінші жазудың таңбаларымен дәл беру. Транслитерациялауда бір жазу жүйесінің әрбір таңбасы (немесе таңбалар тізбегі) екінші жазу жүйесінің бір ғана таңбасымен (немесе таңбалар тізбегімен) беріледі. Транслитерациялау негізінен жалқы есімдер мен географиялық атауларды, әртүрлі саяси және мәдени-тұрмыстық реалийлерді беруде қолданылады. Мұнда әріптердің сәйкестігі ғана ескеріліп, дыбыстарға көңіл бөлінбейді. Сондықтан транслитерациялау негізінен тілге санскрит, латын, грек сияқты «өлі» тілдердің сөздерін алғанда қолданылады. Сонымен бірге көпшілік қолдана бермейтін немесе қолданыста қиындық тудыратын әліпбилі «тірі» тілдердің мәтіндері де транслитерацияланады. «Тірі» тілдерді транслитерациялау әдетте «ымыра» жолымен шешіледі, өйткені дыбысталу формасынан тым алшақтап кетпеу үшін қандай да бір шамада дыбысталу да ескеру қажет болады. Басқаша айтқанда, әліпби емес, осы тілде қабылданған графика жүйесі транслитерацияланады. Мысалы, *Daudet* француз фамилиясы орыс тілінде *Додэ (Доде)* түрінде транслитерацияланады, яғни француз тіліндегі айтылуы ескеріледі [2].

Шет тілдерінің сөздері қазақ тіліне негізінен орыс тілі арқылы транслитерацияланатындықтан, орыс тіліндегі жазылуы басшылыққа алынып келеді. Мысалы, *аберрация* (лат. *aberratio*), *дактилоскопия* (грек. *daktylos* + *skopey*); *импичмент* (ағылшын. *impeachment*); *ультимо* (итал. *ultimo*), *ордонанс* (фр. *ordonnance*) және т.б. Алайда шет тілдерден енген сөздерді транслитерациялауда қазақ тіліне тән емес құбылыстар (тіркесімдер, таңбалар және т.б.) орын алуы мүмкін. Мысалы, а) үш немесе одан да көп дауыссыздың қатар келуі (*аккредитив*, *коэффициент* және т.б.), ә) екі немесе одан да көп дауыстының қатар келуі (*гидроакустика*, *радиоактивті* және т.б.), в) **ь, ъ** тәрізді қазақ сөздеріне тән емес таңбалардың алынуы (*вольт*, *конъюктура* және т.б.).

Ал қазақ сөздерін (негізінен жалқы есімдерді, ұлттық реалийлерді) басқа тілдерге транслитерациялау барысында транслитерацияланатын тілдердің жазу ерекшелігі негізге алынады. Мысалы, *Қадырова Әйгерім Ғабитқызы* деген адамның аты-жөні орыс тіліне *Кадырова Айгерим Габитқызы*, ағылшын тіліне *Qadyrova Aigerim Gabitqyzy* түрінде транслитерациялануы мүмкін.

Тілдің сөздік қорының жедел қарқынмен байи түсуіне ғылым мен техниканың дамуымен пайда болатын жаңа терминдермен қоса, аударма арқылы енетін ұлттық реалийлердің де өзіндік үлес салмағы үлкен. Мәселен, Р.Бердібайдың бір ғана «Көзқамандар туралы аңызын» аударудың нәтижесінде ағылшын тілінің сөздік қоры *kozkamans*, *kozkamanism* терминдерімен толыға түсті деп ойлаймыз [3, 14]. Сонымен қатар қазіргі терминжасам процесінде қазақ ұлтының реалийлері қатарына жататын *ақсақал* – *аксакал* (*aqsaqal*) – *aqsaqal* (*aqsaqal*); *бауырсақ* – *бауырсақ* (*bawirsak*) – *bawirsak* (*bawirsak*); *құрт* – *курт* (*qurt*) – *qurt* (*qurt*); *қымыз* – *кумыс* (*qimis*) – *qumys* (*qimis*); *қазы* – *казы* (*qazi*) – *qazy* (*qazi*), *сәукеле* – *саукеле* (*sæwkele*) – *saukele* (*sæwkele*), *шапан* – *шапан* (*shapan*) – *shapan* (*shapan*); *шолпы* – *шолпы* (*solpi*) – *sholpy* (*solpi*), *жамбы* – *жамбы* (*Zambi*) – *zhamby* (*Zambi*), *сабантой* – *сабантой* (*sabantoj*) – *sabantoy* (*sabantoj*), *терме* – *терме* (*terme*) – *terme* (*terme*), *асар* – *асар* (*asar*) – *assar* (*assar*) және т.б. сөздердің орыс, ағылшын және т.б. тілдерге транслитерациялануы және транскрипциялануы жағдайларын да кездестіруге болады [4].

Транслитерациялаудың бірнеше түрі болады: *қатаң* – бастапқы мәтіннің әрбір таңбасын жазудың бір ғана таңбасымен ауыстыру (а→а, б→b, в→v, ю→û...); *жеңілдетілген* – бастапқы мәтіннің кейбір таңбасын жазудың екі немесе одан да көп таңба тіркесімен ауыстыру (ж→zh, ч→ch, ю→yu, я→ya...); *кеңейтілген* – бастапқы мәтіннің кейбір таңбалар тіркестерін ерекше түрде беру (ый→у).

Транслитерациялау кезінде бірнеше талаптар қойылады: *біркелкілік* – бастапқы жазудың

элементтерін (әріп, сөз, айтылым) басқа жазудың құралдарымен берудің тұрақтылығын қамтамасыз ету; *оңайлылық* – бір жазу жүйесінің таңбаларын екінші жазу жүйесінің таңбаларымен ауыстыру кестесін қолдануды көздейтін қарапайым алгоритмдердің негізінде бастапқы мәтіннен конвертацияланатын мәтінге өту рәсімін автоматты түрде орындауды қамтамасыз ету; *қағидаларды сақтау* – конверсиялау қағидасын қолдану кезінде жазудың конвертацияланатын жүйесінің таңбаларының дыбыстық сәйкестігінің талаптары, эстетикалық тұжырымы және дәстүрлі нормаларды барлық уақыт сақтала бермейді, сондықтан жекелеген жағдайларда дәстүрлі, фонетикалық және эстетикалық нормалар аз бұзылу үшін қағидалар әзірленуі қажет.

*Транскрипциялау* (лат. *trans* – арқылы, қайта; *scribo* – сызамын, жазамын) – шет тілі сөзінің дыбыстарын (әдетте жалқы есім, географиялық атаулар, ғылыми терминдер және т.б.) қабылдаушы тілдің әліпбиінің әріптерімен беру.

Тілтанушылар транскрипциялаудың бірнеше түрін көрсетеді. Фонемаларды қарама-қарсы қойып салыстыру арқылы көрінетін, негізгі мағына ажыратушы айтылу ерекшеліктері *фонематикалық транскрипциялау* деп аталады. Қандай да бір өңірлік, хронологиялық немесе басқа да айтылу нұсқаларын беру үшін *фонетикалық транскрипциялау* қолданылады [5].

Ал кең таралған *практикалық транскрипциялау* – шеттілдік есімдер мен атауларды қандай да бір тілдің орфографиялық жүйесі арқылы жазу. Практикалық транскрипциялауда қосымша таңбалар енгізілмей, қабылдаушы тілдің таңбалары (әріптері) қолданылады.

Практикалық транскрипциялауда төмендегілерді ескерген жөн:

- арнаулы символдар немесе диакритикалық таңбалар енгізе отырып, айтылуды барынша дәл жеткізуді мақсат ететін фонетикалық транскрипциялау;

- бастапқы жазылу арқылы анықталатын транскрипциялау;

- аударма немесе калька.

Практикалық транскрипциялауда кейде бір-біріне қарама-қарсы келетін бірнеше мақсат көзделеді:

- шет тілдерінің дыбыстық бейнесін жуықтатып сақтау;

- түпнұсқаның жазылуын бейнелеу, әсіресе дыбыстауды сол қалпында бейнелеу мүмкін болмайтын жағдайдың орнын толтырады (мысалы, дауыстылардың созылыңқылығын білдіру);

- түпнұсқа тілдің бүкіл фонетикалық жүйесін бейнелеу;

- тілдік ұқсастықтарды ескеру;

- қалыптасқан дәстүрді ескеру.

*Ғылыми транскрипциялауда* қабылдаушы тілдің орфографиялық нормалары қатаң сақталмайды, яғни шартты түрде транскрипциялау көзделеді. Нағыз ғылыми мәнмәтіндерден («Халықаралық фонетикалық әліпби» сияқты жүйенің қолданылуын есепке алмағанда) басқа жағдайларда бұл әдіс әсіресе әліпбилік емес жазу жүйесін пайдаланатын тілдерде қолданылады, мысалы қытайдың Пиньин жүйесі.

Транслитерациялау мен транскрипциялаудың арасын түпкілікті ажыратып көрсету мүмкін болмайтын да жайттар ұшырасады, мұндайда әдетте бұл екі тәсіл бірге қолданылады. Мысалы, «Newton» деген ағылшын фамилиясы орыс тіліне «Ньютон» түрінде беріледі (салыстырыңыз: «Ньютен» – транскрипциялау тәсілі, «Невтон» – транслитерациялау тәсілі [6].

Қазақ ойшыл-ғалымдары транслитерациялау мен транскрипциялауға қатысты «өзге тілдерден енген сөздерді төл сөздеріміздей көрмей, оларды бөтенсініп *жат, кірме, бөгде, қотыр, бұралқы, бұратана* деген анықтауыштармен беру керек» деген көзқарастарын ХХ ғасырдың басында-ақ айтқан болатын [7, 96]. Мысалы, Халел Досмұхамедұлының мына сөз назар салайық: ««Европа» сөзін орыстың айтуынша қолданып жүрміз. Бұл дұрыс емес... Шама келгенше сөзді түпкі иесінің сөйлеуіне жақындатып алу керек. Сөз франсоздікі болса – франсоздың айтуынша, немістікі болса – немістің айтуына жақындатып алу керек... Орыстар «Европа» сөзін өзінше өзгертіп алған... Тілге кірген жат сөздер де сіңу үшін, тілге «өзілік» болуы үшін сол тілдің заңымен өзгеріп, танымастай халге келуі керек. Бүйтпесе, жат сөздер бұралқы болып, тілдің шырқын бұзады, тілге зиян береді... Жат сөздерді өзгертпей, бұлжытпай алатын жер дүниеде тіл жоқ деп айтса да болады... Жат сөздерді өзгертпестен алып, бастапқы жат қалыбымен тілге сіңіреміз дегендік – шатасқандық. Бұл жолда жүрген адамдар тілімізге орасан зиян келтіреді... зорлықпен кіргізген жат сөздер елдің түп қазығы болған тілді бұзады» [8].

Қазіргі кезде қазақ тіліне орыс тілінің жазуы арқылы енген сөздердің (негізінен терминдердің) басқа тілдерде қолданылуына назар аударайық. Мысалы, *терапевт* – *интэрниста* (чех), *жэнэралист* (француз), *тэрапэута* (испан); *хирург* – *ширюржьен* (француз), *кирурго* (итальян), *журнал* – *ревью* (француз), *ривиста* (итальян), *ррэбистас* (испан), *часописи* (чех) [9, 24].

Мұндай мысалдарды қазіргі ғылым салаларының терминдерінен мыңдап келтіруге болады. Осы



мәселеге қатысты БАҚ-та әртүрлі пікірлер кездеседі. Солардың бірін келтіре кетелік: ««Кассаны» қазақтар ойлап таппағандықтан, «касса» деп жазып, «касса» деп айтып жүрміз. Ал мұны француздар «кэсс», чехтар «покладна», итальяндар «бильеттерна» деп қолданады. Демек, касса сөзі де «әулие» емес екен, ендеше «кассаны» күндердің күнінде жұрт қатарлы біздер де өз тіліміздің ыңғайына икемдеп айтуымыз қажет» [10].

Біз сөз етіп отырған трансплантациялау, транслитерациялау және транскрипциялау мәселелері аударматану теориясында да өзекті болып табылады. Аударматану саласының мамандары осы тұрғыдан төмендегідей аудару қағидаларын ұсынады:

1. Қандай да бір халықаралық транскрипциялау жүйесіне немесе әліпбиаралық сәйкестікке жүгіну керек.

2. Барлық жалқы есімдер, адам аттары, географиялық атаулары, компаниялардың атаулары, мерзімді баспасөз, фольклорлық кейіпкерлер, елдер мен халықтардың аттары, ұлттық-мәдени реалийлердің атаулары және т.б. транскрипциялануы немесе транслитерациялануы қажет.

3. Мәтінде кездесетін атаулардың (есімдерді) транскрипциялау әлемдік мәдениетте қалыптасқан және сол қалпында қолдануды талап ететін қандай да бір есімнің ықтимал дәстүрлі формаларын алдын ала мәдениеттанымдық талдауды талап етеді.

4. Арнаулы ғылым салаларында қолданылатын жаңадан енгізілетін, тілде баламасы жоқ терминдердің көпшілігі транскрипциялануы немесе транслитерациялануы қажет (көлбеу жазумен берген біз – С.Қ.).

5. Транскрипциялау немесе транслитерациялау калькалаумен, семантикалық аудармамен немесе комментариймен қатар аралас аударма компоненті ретінде қолданылуы мүмкін [11].

Жалпы аударма теориясына тереңдеп бармай-ақ, осы қағидалар тізіміндегі төртінші тармақта айтылған шет тілдерінен термин қабылдау мәселесінің өзі қазіргі кезде даулы болып отыр. Шет тілдерінен енген, «халықаралық» деп алататын терминдер қазақ тіліне орыс тілінің жазуы арқылы транслитерацияланып алынып келеді.

Жалпы халықаралық тәжірибеде шет тілдерінің сөздерін белгілі бір тілдің әліпбиі арқылы беруде төрт түрлі графикалық тәсіл (немесе осы тәсілдердің аралас) қолданылуы мүмкін: *бір таңбаны бір таңбамен беру; бір таңбаны таңбалар тізбегімен беру; бірнеше таңба тізбегін бір таңбамен беру; бірнеше таңба тізбегін бірнеше таңба тізбегімен беру.*

Ал қазақ әліпбиінен латын қарпі негізінде реформалау мәселесі көтеріліп отырған қазіргі кезде шет тілдерінен термин қабылдау мәселесі қайта қарауды талап етеді. Осы орайда негізгі екі мәселені шешу маңызды саналады: біріншіден, стандартталған бірыңғай қазақ ұлттық әліпбиінен қабылдау, екіншіден, терминдерді қабылдау қағидаларын қайта қарап, жетілдіру (негізгі түпкі тілдегі жазылуы немесе айтылуы бойынша немесе орыс тілінің жазуы немесе айтылуы бойынша қабылдау; терминдерді қабылдауда транслитерациялау немесе транскрипциялау тәсілдерін қолдану мәселелеріне түпкілікті нүкте қою).

Бұл мәселе қазіргі түркі тілдес тілдердің барлығында бар десек қателеспейміз. Мысалы, халқының саны жағынан да, экономикалық әлеуеті тұрғысынан да дамыған елдердің қатарына жататын, туыстас түркі елдерінің ішіндегі ірісі түрік ұлтының тілінде де қазіргі кезде «нақты бір сала ғылыми-техникалық жүйесін сипаттап, белгілі бір терминологиялық жүйені құрайтын» [12, 59] шеттілдік терминдер мол кездеседі. Зерттеушілер түрік тіліне шет тілдерінен енген терминдерді негізінен төмендегіше жіктейді: 1. Ғылым мен техника саласы: а) медицина терминдері: *stres (stress) – стресс; epikriz (epicrisis) – эпикриз; liposuction (liposuction) – липосакция*; ә) компьютер терминдері: *bit (bit) – бит; cobol (Cobol) – Кобол; çet (chat) – чат; hekir (haker,hacker) – хакер; internet (internet) – интернет*; б) өсімдік және жануарлар әлемі: *buldok (bulldog) – бульдог; flâmingo (flamingo) – фламинго; çarliston (charleston) – чарльстон; greypfrut (grape fruit) – грейпфрут*; г) өнер: *caz (jazz) – джаз; fokstrot (fox-trott) – фокстрот; folk (folk) – фолк; hit (hit) – хит* және т.б.; 2) экономика саласы: *bar (bar); akseptans (acceptance); banknot (bank-note) – банкнот; çek (check, cheque) – чек; fob (free on board) – фоб; kliring (clearing) – клиринг; aktüeryal (aktuarial); marketing (marketing); partner (partner) – партнер; brokir (broker) – брокер* және т.б.; 3) қоғамдық-саяси лексика: *aparhayd (apartheid) – апартеид; boykot (boycott) – бойкот, dominyon (dominion) – доминион, lider (leader) – лидер, lord, lort (lord) – лорд* және т.б.; 4) спорт саласы: *ralli (rally) – ралли; sprint (sprint-) – спринт; hokey (hockey) – хоккей; kriket (cricket) – крикет; kros (cross) – кросс* және т.б.; 5) шоу-бизнес (сән, мәдениет, музыка, кино, телевидение) саласы: *blazer (blazer) – блейзер; frak (frock) – фрак; kep (cap) – кепи; tabloid (tabloid) – таблоид; rating (rating) – рейтинг, soundtrack – саундтрек* және т.б. [13].

Бұрынғы Кеңес одағының құрамында болып, тәуелсіздік алған бірқатар түркітілдес мемлекеттер әліпбиін латын қарпіне ауыстырғаны белгілі. Алайда ол тілдердің терминологиясында да транслитерациялау және транскрипциялау құбылысы толық шешілді деп айта алмаймыз. Мысалы, эзербайжан тілінде: *infrastruktur* (инфраструктура), *magistral* (магистральный), *bakterial* (бактериальный), *industriya* (индустрия), *hidro-inşaat* (гидро-строительство), *deaktivləşdirmək* (деактивизировать), *etnoqrafiya* (этнография), *makrobentos* (макро-бентос), *makrofauna* (макро-фауна) және т.б. [14], өзбек тілінде: *budjet* (бюджет), *integratsiya* (интеграция), *fyuchers* (фьючерс), *resurs* (ресурс) және т.б. [15].

Бұл тілдерден келтірілген мысалдарға сүйенсек, екіұдай құбылыс байқалады: терминдер бірде түпкі тілдердегі айтылуына орай қабылданатын тілдердің айтылуына бейімделіп алынса, яғни транскрипцияланса (негізінен түрік, эзербайжан тілдерінде), бірде орыс тіліндегі жазылуы (айтылуы) бойынша транслитерацияланады (мысалы, өзбек тілінде).

Жалпы кірме сөздер фонетикалық және морфологиялық бейімделуіне байланысты екі топқа бөлінетіні белгілі: 1) түпнұсқа тілде (дұрысында – делдал тілде) қалай жазылса, солай жазылатын сөздер; 2) фонетикалық және морфологиялық бейнесін өзгертіп, икемделген сөздер.

Ал қазақ тілінің қазіргі қолданыстағы орфографиясында екі түрлі қағидат қолданылатындығын жасыра алмаймыз: 1) қазақтың төл сөздері мен араб-парсы тілдерінен енген кірме сөздер қазақ тілінің заңдылығы бойынша жазылады; 2) орыс тілі арқылы еніп жатқан сөздер орыс тілінің орфографиясы негізінде жазылып келеді. Мысалы, *объект, субъект, подъезд, адъютант, пьеса, роль, январь, альбом, рельс* сөздері «ъ» және «ь» таңбаларымен жазылады. Осыған байланысты әліге дейін а) кірме сөздердің барлығын (оның ішінде терминдерді де) қазақ тілінің заңдылығы бойынша жазу керек және ә) кірме сөздер орыс орфографиясымен жазылуы керек деген кереғар көзқарас текетіресіп келеді. Өкініштісі сол, қазіргі түркі тілдерінің көбінде екінші қағидат басымдық алып отыр.

Қазақ және ішірана кейбір түркі тілдерінің материалдарына талдау жасай келе, терминдерді таңбалау бойынша мынадай тұжырымдар жасауға болады:

- шет тілдерінің терминдері қазақ тіліне негізінен орыс тілі арқылы транслитерацияланып, орыс тіліндегі жазылуы басшылыққа алынып келеді;

- шет тілден енген сөздерді транслитерациялауда қазақ тіліне тән емес құбылыстар (тіркесімдер, таңбалар және т.б.) орын алуы мүмкін;

- қазақ сөздерін басқа тілдерге транслитерациялау барысында транслитерацияланатын тілдердің жазу ерекшелігі негізге алынады;

- түркі тілдерінде терминдерді таңбалауда, екіұдай құбылыс байқалады: терминдер бірде түпкі тілдердегі айтылуына орай қабылданатын тілдердің айтылуына бейімделіп алынса, яғни транскрипцияланса (негізінен түрік, эзербайжан тілдерінде), бірде орыс тіліндегі жазылуы (айтылуы) бойынша транслитерацияланады (мысалы, өзбек тілінде).

Шет тілдерден терминдер (жалпы сөздік бірлік) қабылдағанда төмендегі іс-әрекеттер атқарылуға тиіс деп санаймыз:

- шет тілдерден енген халықаралық терминдерді латын графикасы негізінде таңбалау барысында олардың орфографиялық нормаларын қалыптастыру;

- терминологиялық бірліктерді латын графикасы негізінде таңбалауда төл тіліміздегі термин атауы ретінде қалыптастырудың ұтымды тұстарын анықтап, қазіргі терминжасам ісіне жаңаша бағыт-бағдар әзірлеу;

- шет тілдерден енген халықаралық терминдерді қосымшалар көмегімен түрлендіру проблемаларын түпкілікті шешу;

- шет тілдерден енген халықаралық терминдердің қазақ тілінің сингармонизм заңдылығына кереғар келетіндерін тіліміздің ішкі заңдылықтарына сәйкестендіру ережелерін әзірлеу;

- қазақ әліпбиін латын қарпі негізіндегі жаңа ұлттық әліпбиге көшіргенде терминдерді қабылдау қағидаттарын қайта қарап, жетілдіру (негізгі түпкі тілдегі жазылуы немесе айтылуы бойынша немесе орыс тілінің жазуы немесе айтылуы бойынша қабылдау; терминдерді қабылдауда транслитерациялау немесе транскрипциялау тәсілдерін қолдану мәселелерін түпкілікті шешу).

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Гилларевский Р.С., Старостин Б.А. Иностранные имена и названия в русском тексте: Справочник. 3-е изд., испр. и доп. – М.: Высшая школа, 1985. – 303 с.

2 Зиндер Л.Р. Общая фонетика. 2-е издание. – М.: Высшая школа, 1979. – 297 с.

- 3 Академик Р.Бердібайдың 75 жылдығына арналған А.Ясауи университетінің Хабаршысы. №6(37), Түркістан. – Желтоқсан, 2002. – Б.177-181.
- 4 Құсайынов А.А., Жүнісбек Ә., Жақыпов М.Х. Қазақ этнографиясының 6 тілді қысқаша сөздігі. – Алматы: «Rond&A» баспасы, 2017. – 304 б.
- 5 Коржова С.Б. Теория перевода. Учебное пособие. – Тюмень, Тюменский государственный нефтегазовый университет, 2007. – 114 с.
- 6 Бархударов Л.С. Язык и перевод: вопросы общей и частной теории перевода. – М.: ЛКИ, 2010. – 240 с.
- 7 Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы дамуының ғылыми қағидаттары. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2004. – 96 б.
- 8 Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы. – Алматы, 1998. – 210 б.
- 9 Құрманбайұлы Ш. Терминтану. – Алматы: Атлас, 2006. – 244 б.
- 10 Рамазанұлы Т. Халықаралық терминдер неге қазақшаланбауға тиіс // Жас Алаш №76 (15534) 23 қыркүйек, бейсенбі 2010.
- 11 Журавлёва А.С. Анализ примеров транскрипции и транслитерации в технической литературе. <http://www.km.ru/referats/336031-analiz-primerov-transkripsii-i-transliteratsii-v-tehnicheskoi-literature>. 10.08.2017.
- 12 Құрманбаева А.Ж. Терминологиялық жүйе ұғымының кейбір ерекшеліктері // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы. «Филология ғылымдары» сериясы. – 2016. – №4(58). – Б.56-60.
- 13 Мамедова Н.Я. Обогащение словарного состава турецкого литературного языка английскими заимствованиями // Ученые записки Таврического национального университета им. В.И. Вернадского. Серия «Филология. Социальные коммуникации». – Т.22(61). – №3. – 2009. – С.137-142.
- 14 Пашаева Г.Б. Функциональные особенности терминов (на материале азербайджанского языка. Пашаева Гюnel Бахшейишикызы, 2014 136 Издательство «Грамота» [www.gramota.net](http://www.gramota.net)) <http://www.lib.knigi-x.ru/23informatika/78807-1-pashaeva-gyunel-bahsheyish-kizi-funkcionalnie-osobennosti-terminov-na-materiale-azerbaydzhanskogo-yazika-statya-posvyasch.php>. 10.08.2017.
- 15 Ширинова Е. Заимствование как способ обогащения банковско-финансовой терминологии узбекского языка // <http://gisap.eu/ru/node/29180>. 10.08.2017.

С.К. Кулманов<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Институт языкознания им. А.Байтурсынова,  
г. Алматы, Казахстан

## ПРОБЛЕМЫ ТРАНСЛИТЕРАЦИИ И ТРАНСКРИБИРОВАНИЯ ЗАИМСТВОВАННЫХ ТЕРМИНОВ

### Резюме

Термины иностранных языков на казахский язык транслитируются через русский язык. Поэтому при написании терминов встречаются явления, которые не характерны для казахского языка.

При заимствовании терминов с иностранных языков должны осуществляться следующие действия: при заимствовании международных терминов с иностранных языков формирование нормы правописания на основе латинской графики; при заимствовании терминологических единиц определить преимущественные стороны исконных терминологических наименований, разработать новое направление в текущей терминологии; кардинальное решение проблемы трансформации аффиксами международных терминов; формирование правил инденфицирования международных терминов внутренним сингармоническим законам казахского языка; при переходе казахского алфавита в новый национальный алфавит на основе латинского алфавита пересмотреть и улучшить приципы принятия терминов (принятие терминов по произношению или написанию в исконном языке, или по произношению или написанию в русском языке; окончательное решение об использовании транслитерации или транскрипции при принятии терминов).

**Ключевые слова:** языкознание, слово, звук, знак, письменность, трансплатация, транлитерация, транскрипция, термин, прицип

S.K. Kulmanov<sup>1</sup>

<sup>1</sup>The Institute of Linguistics named after A.Baitursynov,  
Almaty, Kazakhstan

## PROBLEMS OF TRANSLATION AND TRANSKRYPTION OF THE BORROWED FOREIGN TERMS

### Summary

Terms of foreign languages into the Kazakh language are translated through Russian. Therefore, there are phenomena that are not characteristic of the Kazakh language.

When borrowing terms from foreign languages, the following actions should be performed: when borrowing international terms from foreign languages, the formation of a spelling norm on the basis of Latin graphics; when borrowing terminological units, determine the primary aspects of the original terminological names, develop a new direction in the current terminology; cardinal solution of the problem of transformation with affixes of international terms; the formation of rules for the identification of international terms in the internal sinharmonic laws of the Kazakh language; when the Kazakh alphabet is transferred to the new national alphabet on the basis of the Latin alphabet, review and improve the principles of acceptance of terms (the adoption of terms for pronunciation or writing in the original language, or pronunciation or writing in Russian, the final decision on the use of transliteration or transcription when making terms).

**Keywords:** linguistics, word, sound, sign, writing, transplantation, trilateration, transcription, term, principle

FTAXP 16.21.27

*B.M. Mizamkhan<sup>1</sup>, L.Nukhsatkyzy<sup>2</sup>*

*<sup>1,2</sup>Kazakh Abylaikhan University of international relations and world languages,  
Almaty, Kazakhstan*

## LINGUOCULTURAL ASPECTS OF THE NOTION OF POLITICAL DISCOURSE

### *Abstract*

Nowadays the study of discourse is becoming a tendency in modern linguistics in connection with the change of the scientific paradigm occurred in linguistics, namely, the anthropocentric paradigm comes to replace the static paradigm. The purpose of this article is to give an overview of existing approaches to the definition of political discourse and to formulate the characteristics of this concept from the standpoint of a linguocultural paradigm, with language and culture at its core. As an object of linguistic and cultural study, the term political discourse has some features which can unfold the nature of this phenomenon. The article reviews a number of works related to this sphere and suggests its own understanding of the question under study.

**Keywords:** discourse, political discourse, linguoculturology

There are a vast number of researches devoted to the political discourse [1], each of which is of great interest; despite this, both in foreign and domestic science the generally accepted definition of political discourse does not exist. Perhaps, it can be assumed that this very fact has contributed to the wide popularity acquired by this term in recent years. To understand the essence of the phenomenon of "political discourse" it is necessary to dwell on the notion of the term "discourse". In domestic linguistics there is also no single definition of this term because of its connection to the whole range of humanities. Therefore, we try to identify the main characteristics of discourse by which it is opposed to other speech events.

Analysis of the earlier works shows that there was a formal approach to the study of discourse, which was defined as a speech product above the level of a sentence or phrase, and it has been left without proper attention for a long time. Only after T. van Dijk's work on discourse, it started to be considered "as a complex communicative phenomenon, which includes not only the act of creating a certain text, but also reflects the dependence of the created speech production on a significant number of extralinguistic circumstances – knowledge of the world, opinions, attitudes and specific goals of a speaker" [2]. Consequently, this definition is more diverse and multifaceted, since its interpretation goes far beyond the literary understanding of the statement itself.

In modern linguistics this phenomenon continues to be polemical about its versatile interpretations in the framework of several approaches developed by representatives of various schools. E.S. Kubryacova gives the following classification of approaches to the definition of the concept of "discourse":

1. Structural-syntactic approach: discourse as a fragment of the text, that is, education above the level of the sentence.

2. Structural-stylistic approach: discourse as a non-textual organization of colloquial speech characterized by fuzzy division into parts, with dominance of associative connections, spontaneity, situationality, high context, and stylistic specificity.

3. Communicative approach: discourse as a verbal communication, either as a dialogue or as a conversation, i.e. a type of dialogical utterance, or as a speech from the position of the speaker as opposed to a narration that does not take into account such a position [3, 7-25].

In our opinion the communicative approach is of fundamental importance for the analysis of discourse from the linguocultural aspect. First of all, the author shifts the emphasis to the human factor, presenting

discourse as speech from the position of the speaker, and at the same time discourse is presented from the position of the language system. Thus, the communicative approach represents discourse as the functioning of the language in speech from the position of the speaker.

M.L. Makarov correlates this term with such related concepts as text, speech and dialogue, and treats discourse as "a text plus situation" [4, 57-60].

The idea of the interaction of speech and text also lies in the concept of the outstanding scholar V.I. Karasik, who defines discourse as "a text in a situation of real communication". Karasik distinguishes 4 types of discourse attributes:

1. Constitutive signs represented by the set of 5 components:

- people considered from the standpoint of communication in their status-role and situational-communicative roles;

- communication sphere and communication environment;

- motives, goals, strategies, deployment and division of communication;

- channel, mode, key, style and genre of communication;

- the signal body of communication (texts with non-verbal inclusions);

2. Signs of institutionalization specify the constituent signs of a discourse along the lines of communication participants, according to the goals and conditions of communication; they fix the context in the form of typical chronotopes, symbolic and ritual actions, stencil genres and speech clichés.

3. Signs of the institutional discourse type characterize the type of public institution according to its key concepts;

4. Neutral signs include 3 heterogeneous components:

- source materials of discourse;

- personally-oriented fragments of communication;

- institutional discourse moments which are more characteristic to other institutions [5, p. 37-49].

It shows that discourse is mainly based on the perception of the people and on culture they belong to.

These examples show that culture codes and their components are the fundamental factors in the discourse formation.

Taking into account the factors mentioned above, we define the term discourse as a text, which has its own author and is created for the realization of certain goals in real communication that reflects the way of seeing the world that is inherent in the society.

A special type of discourse in terms of its institutional affiliation is political discourse. To understand the essence of this phenomenon, let us dwell on the concept of "politics". The analysis of the approaches of specialists in the field of political science and philosophy according to the Internet sources and dictionaries shows that this term is treated differently. Compare the definition given in the Great Philosophical Dictionary, on the one hand, and the short Oxford political dictionary, on the other: "politics is the sphere of activity, connected with the relations between classes, nations and other social groups, the core of which is the problem of conquest, retention and use state power; participation in the state affairs; definition of forms, tasks and content of its activities" [6]. "Politics is a process by which group of people make decisions. The term is generally applied to behaviour within civil governments, but politics has been observed in all human group interactions, including corporate, academic and religious institutions. It consists of social relations involving authority or power and refers to the regulation of a political unit, and to the methods and tactics used to formulate and apply policy" [7].

But in the above definitions, despite a number of differences, one should pay attention to the key units used in them: social groups and relations between them, power, the state, tactics and methods of activity. Because they are interrelated, the sociocultural relations between them are realized through a language that is "the most important repository of collective experience" [8], i.e. a culture.

Consequently, since the content of the concept of "politics" influences the volume of the discourse reflecting it, political discourse is a process of coding and decoding of information related to upholding the interests of a particular class using the power unit. Politician imposes his point of view through language, he builds his speech in accordance with the psychological laws governing the management of the consciousness of the audience, organizes it depending on the participants, goals, social norms and cultural traditions. Therefore, politics and power have a linguocultural dimension, as they allow interpretation in the culture signs of a particular community.

The vast majority of scientists in the field of political discourse set themselves the task of examining the features of the political discourse and the communication they carry out.

Political discourse has a system of constitutive features that determine its essence, and is endowed with a number of functions. In foreign linguistics, "political discourse is the formal exchange of reasoned views as to which of several alternative courses of action should be taken to solve a societal problem. It is intended to involve all citizens in the making of the decision, persuade others (through valid information and logic), and clarify what course of action would be most effective in solving the societal problem" [7]. In this definition political discourse is viewed in not only socio-political sphere of communication, but also in the public sphere of communication, i.e. it emphasizes relations between social groups.

We are interested in the study of political discourse in the real dimension, since it shows the essence of signs that form the political discourse. Speech activity is carried out in a certain context in which the subject of speech and the addressee are endowed with certain social roles according to their participation in political life. Consequently, it makes texts that take into account the influence of linguistic and non-linguistic factors. The author (in this case a politician), before imposing his opinion on the addressee, tries to "move" into another person's mental world, where he takes into account the personal characteristics of an individual, place, time, and circumstances. Behind the discourse one can see a fragment of the author's mental world, his way of seeing the world. Consequently, political discourse in different societies has features of cultural specificity; linguocultural essence is brought to the forefront.

A person (a politician) can express through language his/her attitude to the world, internal intention and readiness for activity, but language itself imposes a certain vision of the world to him/her [9, p. 48], "including national traditions, language, history, a model of political communication formed and polished for centuries, interaction with other national cultures, etc." [8]. Culture is a fundamental factor in the formation of language, but the role of language, according to E. Sapir, in the accumulation of culture is obvious and significant [10]. These concepts are reflected in speech (texts) and discursive practices, which are built in accordance with certain psychological laws governing the consciousness of the audience.

In addition, political discourse is always ideologically colored, that is, it is determined by the most important and large ideologies, such as conservatism, liberalism, fascism, anarchism, etc. The ideological component of political discourse is the conquest and preservation of power, and ideological beliefs manifest themselves in political discourse at the level of content through various methods of speech influence (argumentation), linguistic means (manipulation of consciousness), etc.

In the linguistic literature political discourse is presented as a multifaceted phenomenon, and as a complex of elements that form a single whole. We should agree with A.N. Baranov and et al. that the political discourse is "the totality of all speech acts in political discussions, rules of public policy, consecrated by tradition and tested by experience" [11, 6] which reflects the specific features of the mental world of politics. Accepting this definition as a whole, we would like to add a significant addition to it, in the form of a factor in the functioning of political discourse in a certain linguistic and cultural space that reflect the specific features of the personal conceptual sphere of politics.

Therefore, as the object of linguistic and cultural analysis, political discourse has a number of essential features that determine its essence: purposefulness and dynamism of character, situational confinement, momentary (spontaneity) of speech activity, attachment to a specific context, belonging to a whole culture layer, as well as genre or ideological affiliation.

#### References:

- 1 Demyankov V.Z. *Political discourse as a subject of political science philology*. [Electronic resource]. – 2002 - URL: <http://www.infolex.ru/PolDis.html> (retrieved on August 17, 2017).
- 2 Van Dijk T. *Critical Discourse Analysis* [Electronic source]. – 1998. URL: <http://www.discourses.org/> (retrieved on August 18, 2017).
- 3 Кубрякова Е.С. *О понятиях дискурса и дискурсивного анализа в современной лингвистике // Дискурс, речь, речевая деятельность: функциональный и структурный аспекты*. – М., 2000. – С.5-13.
- 4 Макаров М.Л. *Основы теории дискурса*. – М., Гнозис, 2003. – 280 с.
- 5 Карасик В.И. *Этнокультурные типы институционального дискурса // Этнокультурная специфика речевой деятельности: сборник обзоров*. <https://elibrary.ru/item.asp?id=24243776>. 27.08.2017.
- 6 *Politics* (n.d.). In *Wikipedia*. [Electronic source]. URL: <https://en.wikipedia.org/wiki/саясам> (Retrieved August 20, 2017).
- 7 *Politics* (n.d.). In *Concise Oxford Dictionary of Politics*. [Electronic source]. URL: <http://www.oxfordreference.com/view/10.1093/acref> (Retrieved August 20, 2017).
- 8 Мальшичева О.П. *Политическая коммуникация как феномен этнокультуры // Политическая лингвистика*. – Екатеринбург, 2008. – №3. – С.40-43.

9 Ter-Minasova S.G. *Language and Intercultural Communication: Textbook*. – M., 2000. – 220 c.

10 Saphir E. *Selected Works on Linguistics and Culturology* – M., 1993. – 182 c.

11 Hatim B. (2009). *Discourse analysis. In the routledge encyclopedia of translation studies*. – Oxford&New York: Routledge. (2nd, pp. 88-92).

Б.М. Мизамхан<sup>1</sup>, Л.Нухсаткызы<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup>Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті,  
Алматы қ., Қазақстан

## САЯСИ ДИСКУРС ҰҒЫМЫНЫҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ АСПЕКТІЛЕРІ

*Түйіндеме*

Қазіргі таңда лингвистика саласында дискурсты зерттеу лингвистика парадигмасының өзгеруіне байланысты осы ғылым саласының негізгі зерттеу нысанына айналууда. Атап айтқанда, антропоцентрилік парадигма статикалық парадигманы алмастырууда. Тілдік және мәдени зерттеу объектісі ретінде, «саяси дискурс» термині осы тұжырымның шынайы сипатын дамыта алатын қасиеттерге ие. Соңғы жылдары отандық және шетелдік саяси дискурсты, оның ерекшеліктерін, құрылымын, функцияларын және т.б. талдауға арналған зерттеулер саны көбеюде, бұл, бір жағынан, ғалымдардың осы мәселеге қызығушылығын және оның зерттелу деңгейінің жеткіліксіздігін білдірсе, екінші жағынан осындай зерттеу нәтижелерінің табысты саяси коммуникацияны жүзеге асыру үшін қажет екендігін көрсетеді. Мақаланың басты мақсаты – саяси дискурс ұғымының қолданыстағы анықтамаларына шолу жасап, осы концепцияның сипаттамасын лингвомәдени аспекті тұрғысынан қарастыру болып табылады. Мақалада осы саламен байланысты бірқатар жұмыстар қарастырылып, зерттелетін мәселені өзіндік түсіну ұсынылады.

**Түйін сөздер:** дискурс, саяси дискурс, лингвомәдениеттану

Б.М. Мизамхан<sup>1</sup>, Л.Нухсаткызы<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup>Казахский Университет международных отношений и мировых языков им. Абылай хана,  
г. Алматы, Казахстан

## ЛИНГВОКУЛЬТУРНЫЕ АСПЕКТЫ ПОНЯТИЯ «ПОЛИТИЧЕСКИЙ ДИСКУРС»

*Резюме*

В нынешнее время изучение дискурса становится тенденцией в современной лингвистике в связи с изменением научной парадигмы лингвистики, а именно, антропоцентрическая парадигма заменяет статическую парадигму. Как объект языкового и культурного изучения, термин «политический дискурс» имеет некоторые особенности, которые могут развить природу этого явления. За последние годы число исследований, посвященных анализу специфики отечественного и зарубежного политического дискурса, его особенностей, структуры, функций и т.д., заметно увеличилось, что свидетельствует, с одной стороны, об интересе ученых к данной проблеме и ее недостаточной изученности, с другой – об особой востребованности результатов подобных исследований для осуществления успешной политической коммуникации. Цель данной статьи – дать обзор существующих подходов к определению политического дискурса и сформулировать характеристики этой концепции с точки зрения лингвокультурного аспекта. В статье рассматриваются работы, связанные с этой сферой, и предлагается собственное понимание изучаемого вопроса.

**Ключевые слова:** дискурс, политический дискурс, лингвокультурология

FTAXP 16.21.51

Қ.Т. Мұхамади<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Сулейман Демирель атындағы университет,  
Алматы қ., Қазақстан

## БАЛА ТІЛІНДЕГІ ЕТІСТІКТЕР ЖӘНЕ АСПЕКТУАЛДЫ СЕМАНТИКА

*Аңдатпа*

Бала тілінің қалыптасуы мен дамуындағы ерекшеліктерді анықтау – әрі аса маңызды, әрі аса күрделі мәселе. Өйткені ең әуелі, бұл салада қазақ тілі деректері негізінде жүргізілген зерттеулердің аздығы тақырыптың өзектілігі мен маңыздылығын танытса, ал бала тіліне лингвистикалық тұрғыда қараумен қатар, бала тілінің

шығуы мен дамуының себебін психологиялық және психоллингвистикалық, әрі педагогикалық зерттеулер арқылы анықтау оның күрделілігін көрсетеді. Бала тілін ғылыми тұрғыдан зерттеу арқылы баланың сөйлеуі неден және қалай басталатынын, баланың сөйлеу кезіндегі тілдік бірліктерді қалай қолданатынын, лексемалар мен грамматикалық формалар бала тілінде қай кезде қалыптасатынын байқауға болады. Сондай зерттеу тезіне түспей келе жатқан тың тақырыптардың бірі – бала тіліндегі етістіктер мен аспектуалды семантика мәселесі мақалаға арқау болған.

**Түйін сөздер:** бала тілі, етістіктер, аспектуалды семантика, грамматикалық формалар, тілдік бірлікте

Бала тілін лингвистикалық тұрғыдан зерттеу арқылы баланың сөйлеуі неден және қалай басталатынын, баланың сөйлеу кезіндегі тілдік бірліктерді қалай қолданатынын, лексемалар мен грамматикалық формалар бала тілінде қай кезде қалыптасатынын байқауға болады. Қазақ тіл ғылымында бала тіліне қатысты зерттеу еңбектер болғанымен, лексикалық және грамматикалық мағыналардың қалыптасуы мен берілу жолдары деген мәселе арнайы қарастырылмаған. Мәселен, бала тілін арнайы зерттеген ғалым Т.Аяпова «Сөйлеу әрекетінің онтогенезі: синтаксистік семантиканың дамуы» (2003 ж) атты докторлық диссертациясында: «Бұл зерттеу жұмысының нысанына бала тілінің дыбыстық ерекшеліктері, грамматикалық және лексикалық мағыналардың берілу жолдары зерттеу нысанына ілікпеген, бірақ баланың алғашқы тілінің синтаксистік семантикасының лексикалық және грамматикалық ұласуы, бала сөйлеу әрекетінің осы сатыдағы оның функциясының шектелуі және бала тілі семантикасының келесі көрінісі лексикалық және грамматикалық мағыналардың дамуы негізгі зерттеу нысанына алынады» – деп жазады [1, 11 б.].

Бала тілінің дамуына сөздік қордың әсері мол. Бала бақшадағы балалардың тілін дамытуға бағытталған тақырыптық топтар берілген мына бағдарламаға назар салсақ, мына төмендегідей жайға куә боламыз. Мәселен, «Программа воспитания и обучения в детском саду» атты бағдарламада: «1) близких ребенку людей, их родственные и общественные отношения, имена; 2) самого ребенка, части его тела; 3) предметы быта, игрушки; 4) вещи из интерьера помещений, где живет и «учится» ребенок; предметы, окружающие его во дворе, саду, огороде, парке, встречающиеся ему на ближайшей и более отдаленной улице; 5) объекты живой природы: животных, части их тела, их повадки; растения, их части, изменения, которые с ними происходят; 6) объекты неживой природы во все времена года; 7) различные виды труда людей; 8) явления общественной жизни советского народа» [2]. Бұл тақырыптық топтарға қарағанда, бала бақшадағы балаларды зат есіммен және сын есіммен таныстыру мақсат етілгендеуге де болады. Етістіктің тілді меңгерудегі маңызы зор екеніне қарамастан, бұл тақырыптық топтарда етістік жоқ. Яғни бұл айтылғандардан бала тілінде етістіктің, қимылды білдіретін сөздердің қолданысы кейінірек қалыптасатыны белгілі болып отыр. Сондай-ақ ғалымдар Т.В. Попова мен Т.Л. Сметанинаның «Значение глаголов в представлении детей» атты мақаласында мектеп жасына дейінгі 5-7 жасар аралығындағы балалар тіліндегі етістіктің қолданысы мен мағынасына тоқтала келіп, етістіктің бала тілінде кеш қолданысқа түсуінің себептері мен етістіктің сөйлеудегі маңызы туралы былай дейді: «Значимость глагольной лексики обусловлена некоторыми особенностями этой части речи. Во-первых, глагол является конструктивным центром предложения: он предопределяет систему его падежных и предложно-падежных форм и является одним из основных средств выражения грамматического значения этой синтаксической единицы. Данное обстоятельство делает усвоение глагольных значений детьми совершенно необходимым условием овладения ими синтаксисом, условием развития их связной речи. Во-вторых, глагол является «самой сложной и самой емкой грамматической категорией». В-третьих, глагол обозначает динамический признак сам по себе, в отвлечении от предметов. Последнее обуславливает затруднения детей при столкновении с этой частью речи» [3]. 3 пен 8 жас аралығындағы балалармен жүргізілген эксперимент нәтижелеріне саралай отырып, біздің байқағанымыз – балалар сол іс-әрекет болып жатқан уақыттағы барлық жағдаятқа, сол уақытта болған түрлі құбылыстарға көп көңіл аударып, нақты іс-әрекет жайлы ақпарат бере алмайды екен. Балаларға эксперимент кезінде өздері және өздерінің айналасындағылардың ең жиі қолданатын етістіктер берілді, олар: «ұйықтау», «ойнау», «тамақ ішу», «киіну» т.б. Мысалы: «Ұйықтау деген не?» деген сауалымызға балалар ұйықтар алдында тіс тазалап, түнгі киімін киіп, сүт (айран) ішетіндігі жайлы айтты, яғни нақты жауап бермей, сол кезде болатын іс-әрекеттерді сипаттап берді. Етістіктің бала тілінде қолданысының кешеуілдеуінің жоғарыдағы ғалымдар көрсеткен өзіндік себептерін одан әрі қимылдың өту сипаты категориясымен байланысты толықтыруға да болады. Қимылдың өту сипаты категориясының түрлі мағыналық ерекшеліктерін меңгеру бала жаста тіптен қиын. Өйткені, зерттеу нәтижесі көрсеткендей, бала қимылдың өту сипаты категориясының мағыналық ерекшеліктерінен гөрі ол қимылдың нақты



себебін түсіндіреді, (не себептен субъект ондай қимыл жасағанын түсіндіреді немесе күнделікті өзі байқаған жағдаятты баяндайды) нақты қимылдың нәтижесіне мән береді. Осы айтылғандар егістікті және егістіктің тәсілдерінің (қимылдың өту сипаты категориясының) бала тіліндегі ерекшеліктеріне көңіл аударуға итермелейді. Қимылдың өту сипаты категориясының жалпы мағынасы белгілі бір уақыт ішіндегі қимылдың қалай жасалғандығын суреттеу және қимылдың қандай сатыда екенін көрсету болып табылады.

Қазақ тіл білімінде қимылдың жасалу тәсілі категориясын, оның жасалу жолдарын алғаш рет зерттеген де, бұл категорияны алғаш ғылыми айналымға түсірген де ғалым профессор Н.Оралбаева (1971). Н.Оралбай еңбектерінде қимылдың өту сипаты категориясының өзіндік белгілері, формалары, ішкі семантикалық ерекшеліктерінің көрсетілуі, қазақ тіл білімінде бұл категорияның дұрыс танылуына, зерттелуіне жол ашты. Осы ретте ғалым З.Қ. Ахметжанова (1989) қимылдың өту сипаты категориясын екі тілде салыстырмалы түрде қарастырғандығын айта кету орынды. Сол сияқты қимылдың созылыңқы тәсілі жайындағы С.Маралбаеваның (1991), қимылдың басталу сатысы туралы жазылған А.Шарапиденованың (1992), қимылдың тездігі туралы Қ.Мұхамадидің (1997), қимылдың аяқталу кезеңі турасындағы Қ.Бибекөвтың (2003), жалпы аспектуалды семантика жайындағы М.Жолшаеваның (2009) диссертациялық еңбектері жоғарыдағы сөзіміздің айғағы. Осы ғалымдар еңбектерінде теориялық негізі қаланған қимылдың өту сипаты категориясының бала тіліндегі көрінісіне тоқталу мақаланың негізгі мәселесі. Бала тіліндегі қимылдың өту сипаты категориясының қолданысындағы ерекшеліктерді тану үшін эксперимент жүргізудің маңызы ерекше. Сол себепті де қимылдың өту сипатының үш түрлі мағыналық түрлеріне байланысты эксперимент жүргізілді. Ол туралы мәлімет төмендегі 1-кестеде берілді.

Кесте-1. Эксперимент тақырыптары мен тақырыптық топтардың саны және информанттар туралы мәлімет

№	Тақырыптық топтар	Информанттар	Информанттардың саны мен жасы (жақшада)		
			5 (4-5 жас)	15 (6-7 жас)	20 (8 жас)
1	Қимылдың созылыңқылығын білдіретін тілдік бірліктер қатысқан сөйлемдер, саны-8	40			
2	Қимылдың дүркінділігін білдіретін тілдік бірліктер қатысқан сөйлемдер, саны-6	40			
3	Қимылдың қайталануын білдіретін тілдік бірліктер қатысқан сөйлемдер, саны-6	40			

Жоғарыда айтқанымыздай, балалар түсіндірмені қимылдың қалай жасалуына немесе қимылдың түрліше өту сипатына қарай бермейді екен. Бала ол қимылдың себебін түсіндіреді немесе мақсатын айтады немесе қимылдың нәтижесіне мән береді екен. Төмендегі жауаптардан да осы айтылған ерекшелікті аңғаруға болады:

**Мысалдар. Балалардың түсіндірмесі (жауаптары).**

Апасы таң атқанша ояу жатты. Апасының ұйқысы қашты.

Ол Алмасты ұрып-ұрып жіберді. Ол – әдепсіз.

Елнұр жылай берді. Оны ұрды.

Ол аяғын уқалай берді. Қышыды.

Аружан інісін үнемі түрткілейді. Ол тілін алмады.

Жанар көзін сүрте берді. Жылады.

Әкесі қозғалмай жата берді. Ұйықтайды.

Ол мұғалімге қарай берді. Мұғалім әдемі.

Ол үндемей тұра берді. Ренжіді.

Ол әжесінің жеңінен тартқылай берді. Оның мазасы қашты.

Әсем ұйықтай береді. Жалқау болды.

Асқарды біз күнде кешке ойнататынбыз. Сонда жыламайды.

«Ол Алмасты ұрып-ұрып жіберді» деген мысалды бала «Ол – әдепсіз» деп түсіндірген. Яғни бала

бұл мысалдағы «ұрып-ұрып жіберді» деген қимылдың қайталану мағынасынан гөрі ол қимылдың болу себебін түсіндіреді. «Ол Алмасты ұрып-ұрып жіберуі», оның әдепсіздігінен деген ой-қорытындысынан туындаған жауап. Осы тектес эксперимент нәтижесін 2007 жылы жарық көрген «Семантические категории в детской речи» атты ұжымдық еңбектің «Становление функционально-семантического поля аспектуальности в детской речи» деген тарауын жазған Н.В. Гагаринаның мына пікірінен байқаймыз: «Результаты эксперимента показали, что дети в возрасте двух с половиной-трех лет ошибочно интерпретируют глаголы СВ как обозначающие незаконченные ситуации. ... Особенно часто дети неверно отвечали на вопрос, относящийся к незаконченной ситуации складывания мяча «Дядя Петя складывал мяч?». Некоторые дети комментировали свой ответ Р.: *Складывал, но не сложил (складил)* (Володя, 2.08); Р.: *До конца не складывал* (Мокей, 4.00)». [4, 46 б.]. Яғни бала ол қимылдың нәтижесі қандай болды соған мән береді екен. Бала үшін қимылдың бірнеше рет қайталануы мағынасы нәтижесіз қимылды білдіруі мүмкін, кейде керісінше бір рет жасалатын қимылдың нәтижелігі көрінуі де мүмкін. Мысалы, *Мен ұрып-ұрып, оны өлтіре алмадым*. Осы мысалда қайталанатын қимылдың бір етістіктің бірнеше рет айтылуы арқылы берілген. Бала үшін *ұру* қимылының бірнеше қайталанған қимыл екені маңызды емес, өлтіре алмағаны маңызды, осы мысалды сұрағанда Шұғыланың (4 жаста) жауабы өлтіре алмаған себебі қатты тарс еткізіп ұрған жоқ, сосын ол өлмеді деген ыңғайда болды.

Тек 6 жастан жоғары жастағы балалар ғана қимылдың өту сипаты категориясының түрлі мағыналық ерекшеліктерін синтетикалық немесе аналитикалық тәсілмен дұрыс түсіндіре бастайды.

#### **Мысалдар. Балалардың түсіндірмесі (жауаптары).**

Ол суда жүзе берді, жүзе берді. Ұзақ жүзді (Алибектің жауабы).

Елнұр жылай берді. Елнұр ұзақ жылады (Әмірдің жауабы).

Ол Алмасты ұрып-ұрып жіберді. Ол Алмасты бірнеше рет ұрды.

Әжесі бағанадан бері сөйлеп жүр. Әжесі ұзақ сөйледі (Гүлбақыттың жауабы).

Қорыта келгенде, қимылдың өту сипаты категориясының функционалды-семантикалық өрісі көрсеткіштерінің синтетикалық формалар, аналитикалық формалар (форманттар), лексикалық және синтаксистік бірліктерге топтастырылатын түрлері балалар тілінде қолданыста деуге болады. Осылардың ішінде қимылдың жасалу ерекшеліктеріне қатысты (қимылдың созылыңқылығы, қайталануы) мағыналық реңктердің аналитикалық жолмен берілуі және сондай-ақ лексикалық көрсеткіштермен берілуінің балалар тіліндегі қолданысы мысалдардан байқалды. Ал синтетикалық формалардың қолданысы өте аз. Алайда бұл нақты статистикалық талдаудың нәтижесі емес, сондықтан алдағы уақытта осы орайда статистикалық талдау жасау қажеттілігі туындайды. Сондай-ақ бала тіліндегі қимылдың өту сипаты категориясының толық көрінісін беруде балалардың дайындықсыз сөздері (бақылау арқылы жазып алынған) мен бейнематериалдар негізіндегі балалардың жауаптарына талдау жасауда болашақтағы зерттеу үшін маңызды мәселелер.

#### *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1 Аяпова Т.Т. *Сөйлеу әрекетінің онтогенезі: синтаксистік семантиканың дамуы. Филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация.* – Алматы, 2003. – 303 б.

2 *Программа воспитания и обучения в детском саду/Под ред. М.А. Васильевой, В.В. Гербовой, Т.С. Комаровой.* – 3-е изд., испр. и доп. – М.: Мозаика-синтез, 2005. – 208 с.

3 Попова Т.В., Сметанина Т.Л. *Значение глаголов в представлении детей // Детская речь и пути ее совершенствования. Сборник научных трудов.* – Екатеринбург, 1992. – С.9-17.

4 Гагарина Н.В. *Становление функционально-семантического поля аспектуальности в детской речи//Семантические категории в детской речи.* – Санкт-Петербург: Нестор-История, 2007. – 436 с.

*К.Т. Мухамади<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup> Университет Сулеймана Демиреля,*

*г. Алматы, Казахстан*

## **ГЛАГОЛЫ И АСПЕКТУАЛЬНАЯ СЕМАНТИКА В ДЕТСКОЙ РЕЧИ**

### *Резюме*

Рассматривая развитие детской речи как непрерывный процесс, определение особенностей формирования и развития детской речи является важной и сложной задачей. Главным образом, актуальность и важность заключается в нехватке исследований, проведенных на базе казахского языка, а сложность – в определении причин возникновения и развития детской речи посредством психологических, психолингвистических и

педагогических исследований. При научном исследовании детского языка можно заметить, каким образом ребенок начинает говорить, как он применяет языковые единицы в речи, когда формируются лексемы и грамматические формы. Одной из неисследованных проблем является применение глаголов и аспектуальная семантика в детской речи. Целью исследования является определение особенностей применения глаголов в детской речи и значение глаголов в детском воображении.

**Ключевые слова:** детская речь, глаголы, аспектуальная семантика, грамматические формы, языковые единицы

*K.T. Mukhamadi<sup>1</sup>*  
*<sup>1</sup>Suleyman Demirel University,*  
*Almaty, Kazakhstan*

## SEMANTICS IN CHILDHOOD VERBS AND ASPECT

### *Summary*

Considering the development of child's speech as a continuous process, defining characteristics of the formation and development of child's language is an important and challenging task. Mainly, the topicality and importance of the work lies in the lack of research done on the basis of the Kazakh language, and complexity is in the determination of the causes and development of child's speech by means of psychological, psycholinguistic and pedagogical investigations. The scientific study of children's language can show how the child starts to speak, how he uses linguistic units in speech, when lexemes and grammatical forms are generated. One of the unexplored problems is the use of verbs in the child's speech.

**Keywords:** children's speech, verbs, aspectual semantics, grammatical forms, linguistic unit

FTAXP 16.21.37

*Н.Б. Оспангазиева<sup>1</sup>*  
*<sup>1</sup>А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты,*  
*Алматы қ., Қазақстан*

## ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ДЫБЫСТАРДЫҢ ФОНОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТЫ

### *Аңдатпа*

Мақалада қазақ тіліндегі дыбыстардың фонемалық қасиеті көрсетілген. Қазақ тіл білімінде дыбыстардың қасиеті туралы қандай ғалымдар сөз қозғағандығы жөнінде айтылады. Ғалымдар әрбір дыбыстың акустика-артикуляциялық сипаттамасын жасау арқылы негізгі дыбыстарды (фонемаларды) бір-біріне қарама-қарсы қоя отырып, олардың айырым белгілерін көрсетті. Фонемалардың ортақ белгілері (интеграциялаушы белгілері) мен айырым белгілері (дифференциялаушы белгілері) көрсетіліп, дыбыстардың өзіндік қасиеттері анықталып отыр. Фонеманың екінші бір фонемадан ортақ белгілері және оларды бір-бірімен ажыратып тұратын даралауыш белгілері немесе қасиеттері жайында айтылған. Сөйтіп айырым белгілер фонеманың фонологиялық мазмұны болып табылады. Әлі де болса бізге белгісіз, ескерілмей жатқан нәзік дыбыстардың фонемалық қасиеті болуы ықтимал. Сондықтан да бұл мәселе одан әрі зерттеуді қажет ететін мәселелердің бірі деп есептейміз.

**Түйін сөздер:** дифференция, интеграция, фонема, дауысты дыбыстар, дауыссыз дыбыстар

Белгілі бір дыбыстық белгілерді бір-бірімен ажыратып тұратын қасиетін айырым белгі деп түсінеміз. Яғни *дифференциялаушы* белгілер. Сонымен қатар айырым белгі *интеграциялаушы* деген ұғым да береді. Қазақ тіл білімінде бұл мәселені ең алдымен А.Байтұрсынұлының тілдік дыбыстардың бір сөзді екіншісінен ажыратылатынын айта отырып, олардың бірі екіншісінен қандай ерекшеліктері бойынша ажыратылады деген мәселені көтергендігі белгілі. Ғалым әрбір дыбыстың акустика-артикуляциялық сипаттамасын жасау арқылы негізгі дыбыстарды (фонемаларды) бір-біріне «қарама-қарсы» қоя отырып, олардың айырым белгілерін көрсетті. Яғни фонемалардың ортақ белгілері (интеграциялаушы белгілері) мен айырым белгілері (дифференциялаушы белгілері) көрсетілді.

Қазақ фонологиясында дыбыстардың бір-бірінен айырмасын іздеп, оларға сипаттама жасау тұғыш тіл маманы А.Байтұрсынұлының зерттеулерінен басталады. А.Байтұрсынұлы негізінен оларды мынау дыбыстардың айырым белгісі деп атап көрсетпегенімен, қазақ фонетикасының іргелі ұғымдарын жүйелеп берді. Әрбір ұғымды қатаң терминалогиялық мәнде көрсетіп, оларды арнайы атаулармен атады. Сөйтіп қазақ фонетика ғылымының айырым белгі терминдерін жасап, жүйелеп қалыптастырды. Атап айтатын болсақ:

– қазақ тіліндегі фонемалардың санын дәл тауып, айқындап берді;  
– дыбыстарды дауысты, дауыссыз деп қарастырып, дауыссыздарды *сыбыр, сыбыс* деп екі үлкен топқа бөліп қарастырды;

– оларды жасалу орнына қарай (*ерін, тіс, тіл, таңдай, көмей*) деп анықтап берді [1, 373-375].

Сөйтіп қазақ фонетикасында айырым белгілер ұғымы пайда болып, олардың атаулары мен терминологиялық жүйесі қалыптасты. Бұл А.Байтұрсынұлы қалыптастырған айырым белгілер қазіргі күнге дейін кейінгі зерттеулерге негіз болып отыр.

Айырым белгілер белгілі бір фонемалық ішкі құрылым болып табылады. Айырым белгі теориясы бойынша, егер белгілі бір дыбысты екінші бір дыбыстан нақты айырып тұратын белгісі болмаса, ондай дыбыстық бірлік фонема деп танылмайды. Сол себепті дыбыстық бірліктердің айырым белгілерін табу сол кездегі қазақ фонетикасының алдында тұрған басты мәселелер мен міндеттердің бірі болды.

Қ.Жұбановтың «Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер» атты еңбегінде қазақ тілінде 26 дыбыс бар, олардың жетеуі дауысты дей келіп, дыбыстардың айырым белгілері жүйесін бұрынғы А.Байтұрсынұлы айтқаннан басқаша көрсетеді. Мәселен,

- у мен **й**, н мен **ң** дыбыстарын тура жолды сонарлар деп, жасалу тәсілдерін дәлме дәл сипаттайды және олардың өзара айырымдарын нақты көрсетеді;

- кейбір фонемалардың фонемалық емес айырым белгілерінің көрсетілуі;

- қазақ тілі сононттарды жаңаша айырым белгілері бойынша топтастырады: тура жолды **й, у**; мұрын жолды айналма **м, н, ң**; ауыз жолды айналма **л, р** [2, 190-192].

Енді І.Кенесбаев түзген айырым белгілер жүйесіне тоқталатын болсақ:

- **в, ф, х, ц, ч** қазақ тіліне орыс тілі әсерімен енген фонемалар деп бөліп қарастырады;

- қазақ тіліндегі **к, қ** және **г, ғ** дыбыстарының айырым белгісін көрсетіп, оларға фонемалық статус беруді негіздейді;

- **з** мен **ж**, **с** мен **ш** фонемаларының айырым белгілерін естілім деңгейінде емес, артикуляциялық деңгейде көрсетеді [3, 255].

Келесі кезекте айырым белгі мәселесі қазақ тілші ғалымдарын қызықтырғаны соншалық профессор Ә.Жүнісбековтың бастауымен қазақ тіліндегі фонемалардың айырым белгілерін экспериментальды фонетика әдісімен айқындау арқылы жаңа нәтижелер мен тың тұжырымдар жасалды.

Бұрынғы зерттеулерде фонологиялық айырым белгілер мен фонологиялық емес айырым белгілер араласып жүрсе, бұл жерде автор таза фонологиялық айырым белгілерді жүйелеп көрсеткен.

Қазақ тіліндегі фонемалардың айырым белгілерін фонологиялық және фонологиялық емес деп қараудың дыбыс қорын анықтауда принципті мәні бар. Фонологиялық айырым белгілер белгілі бір фонеманың конститутивті, константты элементтері болып табылады. Фонеманың кейбір айырым белгілері әлсіз позицияда бейтараптанып, оның дыбыстық қорын жасауға қатысады.

Автор көрсеткен «ызың» және «шұғыл» айырым белгілері үнділерді де қамтиды. Ә.Жүнісбек таза айырым белгілерді жүйелеп айырым белгілерді фонологиялық парадигма деңгейінде қарастырады. Яғни бұдан қазақ фонетикасында айырым белгі теориясын қолданудың біршама тереңдей түскендігін байқауға болады [4, 30-34]. Бұл мәселенің қазақ ғалымдарының бей-жай қарамағандығының тағы бір дәлелі ретінде мынаны айтуға болады. З.Базарбаеваның зерттеу еңбектерінде суперсегментті бірліктердің (интонемалардың) айырым белгілері ажыратылып, нәтижелері экспериментті талдау бойынша тексеріліп, интонациялық единицаларды дифференциялаушы негізгі акустикалық параметрлар көрсетілді.

Интонеманың да фонема сияқты дифференциялау қасиеті болғандықтан, негізгі қызметі сөйлемдерді ажырату болып табылады-деп көрсетті ғалым өз еңбегінде [5, 171].

Осы мәселеге байланысты еңбектердің ішінде Баданбекқызының зертеу жұмысына тоқталмай кетуге болмайды.

Айырым белгі атауларының біршама толық жүйесін көрсете отырып, олардың ішінде «синонимдік» мәнде жұмсалғандықтарын көрсеттік. Айырым белгілер – фонеманың ішкі құрылымы болып табылады деген теориялық ұғымды негізге ала отырып фонемалардың ішкі құрылымына тән айырым белгілерді жасалым (артикуляция), айтылым (акустика), естілім (перцепция) тұрғысынан жүйелеп көрсетудің әдістемелік, танымдық мәнінің айрықша екеніне назар аударды. Міне, бұл айтылғандардың барлығы дерлік, негізінен, фонологиялық жүйенің парадигмасына, яғни парадигмалық осьте қаралатын объектілердің қатарына жататын құбылыстар – деп атап-атап көрсетіп береді:

– Сонымен бірге айырым белгілердің «синонимдік» мәнде жұмсалғанын ажырату да аса қажет екенін көрсетіп берді;

**Лингвоэкология** – біріншіден, тілді сақтау мен қорғау мәселесін зерттейтін, екіншіден, тілдің дамуы мен қолданылуына кері ықпалын тигізетін факторларды анықтайтын, үшіншіден, тіл мәдениеті мен тілдік қатысым тәжірибесін жетілдірудің тәсілдерін енгізетін, төртіншіден, сөз энергетикасы, оның жасампаздық күші, оның қатысым мүшелеріне әсері жайлы қарастыратын тіл білімінің бағыты.

Шетелдік ғалымдар тіл экологиясы дамуының үш кезеңін айқындайды:

- 1) XIX ғасырда қалыптасқан «тіл – тірі организм» моделі;
- 2) XX ғасырдың ортасында қалыптасқан Л.Витгенштейннің «тіл – өмір сүру формасы» тұжырымдамасы;
- 3) Э.Хаугеннің еңбектерінен бастау алатын тіл экологиясы кезеңі [2]. 1980 жылдары Э.Хаугеннің экологиялық идеяларын оның ізбасарлары дамытты. Ресейлік тіл білімінде тіл экологиясы жайлы ғылымның қалыптасуы жалпы экологияға, мәдениет экологиясына, сөз экологиясына негізделді деген түсінік қалыптасқан. Осы түсінікті негізге ала отырып, С.Потеряхина лингвоэкология дамуының үш кезеңін айқындайды:

1. XIX ғасырдың екінші жартысында экология ғылымының пайда болуы, кейін ол атауында «эко» компоненті бар көптеген пәнаралық бағыттардың негізін қалауы. Бүгінде экология – адам және адамзат қауымы, оның тіршілік ету ортасын қоса алғанда тірі организмдердің өзара қарым-қатынасы мәселелерін зерттейтін ғылыми бағыттардың жиынтығы.


2. XX ғасырдың II жартысында жаңа бағыттағы ғылымның – лингвоэкологияның қалыптасуының тағы бір алғышарты болған және негізін қалаған «мәдениет экологиясының» пайда болуы. «Мәдениет экологиясы» ұғымын Д.С. Лихачев адам тіршілік ететін, оның қалыптасуы, дамуы, басқа адамдарға ықпалы және жасампаздыққа бағытталуы жүзеге асатын мәдени ортасын белгілеу мақсатында енгізген. Ол экология ұғымы қоршаған табиғи биологиялық ортаны қорғау міндетімен ғана шектелмейтіндігін атап өткен. Адамның тіршілігі үшін оның ата-бабасы және өзі құрған мәдени ортаның маңызы ерекше.

3. XX ғасырдың соңында тілдер де тірі организмдер сияқты тепе-теңдік жағдайында бір-бірімен өзара бәсекелестікте тіршілік етеді, тілдер мемлекеттің, жекелеген әлеуметтік топтардың, бірнеше тілді меңгерген адам санасының аясында бір-біріне тәуелді деген идеяны дамытушы эколлингвистиканың қалыптасуы [3, 35-36]. Е.А. Сущенко лингвоэкология дамуының екі кезеңін көрсетеді: 1) Лингвоэкологияға дейінгі (дайындық кезеңі); 2) Лингвоэкологиялық кезең (қазіргі таңдағы). Екінші кезеңді іштей тіл экологиясының ғылыми бағыт ретінде пайда болуы, отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерінде лингвоэкологиялық идеялардың дамуы, XX ғасырдың 80-90 жылдардағы әдеби тіл нормасындағы өзгерістер, 1987 жылы Ресейде алғаш рет Краснояр мемлекеттік университетінде риторика кафедрасының ашылуы, 1990 жылы Лингвоэкология және сөз мәдениеті лабораториясының ашылуы, одан соң ЖОО-ларда лингвоэкологияны меңгеру курстарының жүргізіле бастауы сияқты кезеңдерге бөліп қарастырады [4, 25].

**Қазақ жерінде лингвоэкологиялық идеялардың өрістеуі алдеқайда ертерек басталған.** Сонау сақтар дәуірінде туып («Басқа пәле тілден» Анарыс), көне түркілік дәуірдегі, орта ғасырлық әдеби



мұраларда жалғасын тапқан тіл тазалығы, сөздің адам жанына әсері, тіл мен ұлт тамырластығы сынды ойлар, беріде қазақ мақал-мәтелдерінде, жыраулар поэзиясы мен ақындардың өлең-толғауларында сабақталған. Қазақ тілі экологиясы дамуының бес кезеңін көрсетуге болады:



Д.Әлкебаева бағыттың даму тарихына қатысты «Тіл экологиясының жеке бағыт ретінде қалыптасуы кейінгі жылдардың еншісінде болғанымен «қазақ тілі ғылымының бұл саласы туралы мәселе қозғалғалы бір ғасырға жуық уақыт өтті деп айтуға болады» деп жазған болатын [5, 111]. Қазақ жеріндегі лингвоэкологиялық идеялардың таза лингвистикалық бағытта дамуы Алаш қайраткерлері еңбегінен басталады. Себебі «XX ғасырдың басы қазақ тарихында рухани ояну дәуірі болғаны белгілі. Ұлттың өзіндік белгісін сақтап қалатын негізгі қасиеттерінің бірі – тіл екенін терең түсінген қазақ зиялылары өз беттерінше білімін жетілдіре отырып, қазақ тілі бойынша оқулықтар жазған, баспасөз бетінде түрлі пікірталастар ұйымдастырып отырған» [6, 27].

Алаш қайраткерлерінің еңбектерінде туып, дамыған лингвоэкологиялық идеялар бірнеше бағытты камтиды және олар әлі де өз құндылығын жоймаған, әлі де өзекті тұжырымдар:

#### **I. Қазақ тілінің тазалығын зерделеу, экологиялық жағдайына баға беру:**

Қазақ тілі білімінің негізін қалаушы А.Байтұрсынов XX ғасырдың басында қазақ тіліне «түріктің тұнық тілі» деп баға бере отырып, оның себебін «...Асыл тіл, тұзу емле қазақта боларға тиісті. Неге десек: ата кәсібін тастамай істеп келе жатқан – қазақ. Басқа жұртқа араласпай, өз алдына оңаша, оқшау жүрген – қазақ. Жат жазудың ыңғайына қарап, басқалардан тілін бұзуға, арасына жазу жайылмаған түрік баласы – қазақ» деп түсіндіреді [8, 395]. Сонымен қатар, ұрпақ алдында «20-шы ғасырға шейін түріктің тілін аздырмай асыл қалпында алып келген, тіл турасындағы абырой мен алғыс қазаққа тиісті. Атаның аздырмай берген мүлкін, қолымызға алып быт-шытын шығарсақ, ол ұнамды іс болмас» деп міндет жүктейді [8, 399]. Себебі қазақ тілінің саламаттылығы қазақтарға байланысты. Ғасырлар бойы жиналған байлықты қаз қалпында, баба аманатына қиянат етпей жеткізу – әр қазақтың қасиетті борышы.

Қазақ тілінің «саламаттығы» жайлы өз кезегінде М.Жұмабаев та «Осы күнгі түрік тілдерінің ішінде қазақ тілінен бай, орамды, терең тіл жоқ» деген пікір білдірген [9, 114].

Қазақстанда орын алған қоғамдық-саяси оқиғалар қазақ тілінің экологиялық ахуалына ықпал етпей қоймады. «Мәдени-тілдік ортаның 20-30 жылдардан бастап шеттілдік сөздерге бауыр баса бастауының алды тілдік ортадағы созылмалы сырқатқа айналды» [10]. Аталған кезеңде шеттілдік сөздердің ықпалы, орынсыз қолданыс, уәжсіз сөзжасам, қате аударма кесірінен қазақ тілі экологиялық жағдайының нашарлауын Міржақып Дулатов «Қазақ тілінің мұңында» [11, 197-198] жазғанынан артық жеткізу мүмкін емес. Бір мақалада сол дәуірдің тілдік ортасына толық экомониторинг жасалған деуге толық негіз бар.

## **II. «Тіл өлсе, ұлт та жойылады», «Тіл – ұлттың өмір сүруінің басты шарты».**

Тіл экологиясының ең басты міндеті – тілді сақтау, сол арқылы ұлтты сақтау. XX ғасырда қалыптасқан және алда болатын саяси оқиғалар жағдайында қазақтың ұлт ретінде сақталуының алғышарты, ұлттық құндылықтың қайнары, оны болашаққа жеткізуші тіл екенін Алаш көсемдері әрқашан санаға сіңіруге тырысқан. Бүгінде аксиомаға айналған А.Байтұрсыновтың «Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі. Осы дүниедағы адамдар тілінен айрылып, сөйлеуден қалса, қандай қиындық күйге түсер еді. Осы күнгі адамдар жазудан айрылып, жаза алмайтын күйге ұшыраса, ондағы күйі де тілінен арылғаннан жеңіл болмас еді» деген пікірі оған дәлел [8, 141].

«...Тілсіз ұлт, тілінен айрылған ұлт дүниеде ұлт болып жасай алмақ емес. Ондай ұлт құрымақ. Ұлттың ұлт болуы үшін бірінші шарт – тілі болу. Ұлттың тілі кеми бастауы ұлттың құри бастағанын көрсетеді. Ұлтқа тілінен қымбат нәрсе болмасқа тиісті» [9, 114].

Алайда тілді тасымалдаушы тұлға жоқта тіл де жоқ. Ж.Аймауытов оны «... Қазақ жоғалса, тілі де жоғалады; жасаса, өркендесе, тілі де өркендейді» деп түйіндейді [12, 200]. Сондықтан да лингвоэкологияны зерттеуші ғалымдар тілдің өмір сүруі экожүйедегі өзге түрлерден ерекше, табиғатта бір түрдің саны азайса, оған жойылу қаупі төнеді, ал тілді тасымалдаушы тұлғалар саны аз болса да, ол тіл өзге тілдің ықпалына ұшырамаса ұзақ уақыт өмір сүруін жалғастыра береді деп пайымдайды.

## **III. Тіл – жанды құбылыс:**

Тіл экологиясының ғылымда туындауына «тіл туып, дамып, өледі», демек, ол да экожүйенің заңдылығына бағынады, сондықтан оны экологиялық аспектіде зерттеудің маңызы зор деген пікір негіз болған. Ол турасында қазақ білімпаздары «Тіл – жанды зат: өркендейді, дамиды. Жазу – өлі сүйек зат.» [12, 201]; «Тіл» деген нәрсе біліммен бірге өсетін, өрбитін жанды нәрсе. Тілдің өсіп, өркендеуі де табиғи жол болуы керек. Жанды нәрсе өз ағынымен, өз еркімен, қысылмай, зорлық көрмей, өсіп жетілмек. Мәдениетіміз күшейсе, тіліміз өзінен-өзі күшейеді» деп түйін жасайды [12, 231].

## **IV. Қазақ тілі – қазақтілді тұлғаны қалыптастырушы экологиялық рухани орта:**

Лингвоэкологиялық зерттеуердің іргелі ұғымы – тілдік тұлға. Адам тұлға болып тумайды, тұлға болып қалыптасады, тілдік тұлға да дәл солай. Оны қалыптастыратын отбасы, алған тәрбиесі мен білімі, қоғамдық-элеуметтік жағдайлар, оны қоршаған адамдар, көркем әдебиет. Тілдік тұлғаның өскен тілдік ортасы саламатты болса, оның тілі де таза болмақ. Ол турасында М.Жұмабаев «Баланың маңайындағы сөйленетін сөздер де әдепті, сұлу болуға тиісті. Былық сөздерді естіп өскен бала өмір бойы былық, былапыт тілді болады» [9, 128] десе, Телжан Шонанұлы «жатық тілге бала оқытушы мен кітап тіліне еліктеп барып үйренеді. Жатық тілге шым-шымдап үйрету керек. Сөйлемді дұрыс құруға бала бірте-бірте үйренеді. Оны да дұрыс сөйлеген адамға (оқытушыға), кітапқа еліктеп біледі. Сондықтан бала кітабы мен оқытушының тілінде көп мән бар» [13, 546] деп пайымдайды.

Х.Досмұхамедов өзімен үзетін кейбір оқығандар тілдің «сырқатын» емдеуге емес, керісінше, асқинуына себепші болып жүргенін ашына жазған: «Елдің тілі бұзылуына ең алдымен оқығандары себеп болады. Бұлар жат әсерлерге бағынғыш келіп, ана тілін өзгертуге жол басшы болады. Оқығандар өзіне лайық әдебиет тілі деген тіл түзейді. Түзеген жаңа тілін ел ішіне жая бастайды, көбіне зорлап кіргізеді» [14, 175].

М.Дулатұлы да қазақ оқығандарының еліктеушілікке ұрынып, қазақ тілінің қалпын бұзып жүргенін сынады: «Қазақ тілі бай, таза, іргелі жұрт тілі деп бәріміз де айтамыз. Мұны іңкәр қылатынымыз жоқ. Бірақ құр бай, таза деумен ғана тіліміз өздігінен сақталып, әдебиетіміз өрбіп кете алар ма? Қай жұрттың тілі болса да түү басында біздікі секілді таза да, бай да болған. Бірақ олар көрші жұрттардың сөзі қосыла-қосыла, жүре бұзылған. Біздің қазақ тілі бұрын ылғалсыз таза болса да, бұл кезде басқа жұрттармен араласа бастадық, басқа жұрттардың оқуын оқыдық. Бұл күнде шаһар сайын ноғай медреселерінде қанша қазақ баласы оқиды, бір жағы Бұхар, бір жағы Мекке-Медине, Стамбұлда оқып қайтқандарымыз да бар. Солардың бәрі елге ноғайшылап, арабшылап, сартшылап қайтып жүр. Бұлардың сөйлеген сөзінде, жазған хатында шет жұрттардың тілі аңқып тұр. Бұлар елге келіп жас балаларды оқытады. Сөйтіп, шет тілдер елдегі жас балаларға жұғады. ...Орысша оқығандарымыздың көбі екі сөздің біріне орысша қатынастыруды үйреніс қылып алған. Осыдан топшылауға болады, таза деген қазақ тілі де, күн бұрын сақталуына қам қылмасак, бірте-бірте бұзылып кететіні. Қазақ тілінің мұндай жолмен бұзылып кетуін көбіміз сезбей де қаламыз» [15, 219].

Тілдік ортаның тазалығын сақтау бұқаралық ақпарат құралдарына, баспасөз тіліне тікелей байланысты. Оқулық жетіспейтін мектептерде көмекші оқу құралына айналған газеттерде

ақпараттың қазақтың саф тілімен жазылуы аса маңызды болды. Қазақ оқымыстылары оны аңғарып, әр жазған мақалаларында тілшілерге қатаң талап қойып отырды. Баспасөз тілінің тазалығына баса назар аударған Қ.Кемеңгерұлы газетке мақала жазатын тілшілерге нұсқау түрінде:

«Тілші сөзі қазақтың қоспасыз өз тілімен, ел тілімен жазылуы керек. Ұғымды тілмен, құрғақ әңгіме қосылмай қысқа-қысқа жаза білу керек. Осы күні тілші сөзінің көбі өзгертіліп басылады. Өйткені тілшілер ретін білмей ұзын жазады. Болмаса жазып отырған әңгімесінен шығып кетіп, құрғақ шешендік соғады. Бұл екеуі де керексіз.

Тілшілер әлі келгенше емлемен жазу керек. ...Сөз жазғанда бір сөзді қайталаудан қашу керек. Жазған әңгімесі бірнеше қабат арқанға оралғандай пысықтала беру де жарамайды.

...Осы күнгі кәмісерлердің де қазақ тілін білмейтіні бар. Кейбір азаматтардың сөзі орыс сөзінің орыс сөйлемімен тізілген аудармасы болып шығады.

Газет сөзіне еліктесе, тілші сөзін бұзып алуға мүмкін, сондықтан тілді газеттен үйренуден де елден үйренуге көңіл қойғаны мақұл. Қала жазушыларынан газеттерден пікір ғана алуына болады. Ел сөзі ел ортасындағы әңгімеге мол жетеді. Бөтен тіл қатынастырмау, тіпті, үлкен шарт» деп жазған [16, 192].

Ал Ж.Аймауытұлы қазақ тілін аударма тілі етіп алу қаупін ертеден болжап, аударылмақ ақпаратты алдымен ой елегінен өткізіп, одан соң қазақ тілінің заңдылығына сай баяндауды талап етеді: «Газетте ел хабарлары жақсы түсінікті. Өз басынан шығарып жазған әркімнің сөздері де ұғымды. Ал, орысшадан аударылған, орысшаға жанасқан сөздерге қарасаң томармен жүрген қазақ арбадай миыңды, жүйкеңді түйгіштеп, зыркылдата жөнеледі. Қай жерде мүдіріп, қай жерде сүрініп қалам деп, қып-қып еткендей боласың» [12, 237]. Сонымен қатар, ол «Еңбекші қазақтың» 396-санында жазылған мақалаларды талдайды, ол мәселенің шешу жолдарын ұсынады:

- газет басқармасы өзі қолданатын сөздерін тізсін;
- білім кеңесі қабылдап, бекітілген сөздер сол күйінде қолданылсын;
- қолайсыз аударылған сөздер қайта қаралсын;
- қабылданған, даусыз сөздер газет бетінде жарияланып отырсын;
- қабылданған сөздер орыс әліппесінің ретімен жазылып, басқармада ілулі тұрсын;
- тың сөздер алғашқы кезде орысша-қазақшасы қатар жазылып отырсын.

Бұл талаптар сақталмаған жағдайда «...тіліміз бұзылады, шокпыт болады. Ел ұқпайды. Баспа сөздің кәдірі кемиді, оқымайды» [12, 240].

Білім беру орындарының тілдік ортаны қалыптастырушы қызметі де назардан тыс қалған жоқ. Медреселерде, «қадим», «жәдид» мектептерінде білім берген татар, ноғай молдаларының қазақ баласының тіліне ықпалы болғаны анық. Ендігі жерде қазақ мектебінде ол қателік орын алмауға тиіс еді.

«Баспа мен мектеп деген – шошынарлық өте қайратты қару. Баспа мен мектепте қолданған тіл елге ақырында сіңбей қалмайды.

Мектеп пен баспаның тілі дұрыс тіл болса, елдің тілін көркейтіп, байытып, гүлдендіреді; мектеп пен баспада қолданған тіл шатасқан тіл болса, ол ел – сорлы ел, мұндай елдің тілі бұзылмай қалмайды» [15, 176].

Білімпаздар тіл саламаттығына нұқсан келіп, дертке шалдыққан тілді **қотыр сөз** (Қ.Кемеңгерұлы), **жынды сөз** (А.Байтұрсынұлы) деп сипаттаған.

#### **V. Тілдік байланыс – тіл тазалығына ықпал етуші фактор:**

Кез келген тіл жеке дара өмір сүрмейді. Халықтың қоныс еткен ортасына қарай, қарым-қатынас жасаған мемлекет, тұрмыс-тіршілігіне, қоғамдық-саяси өмірі мен тарихи қалыптасуына қарай тіл үнемі өзге тілдермен байланыста болады. Тілдік байланысқа түспеген тіл әлемде кемде кем. «Басқа тілдердің тәсірінен құтылған бір тіл жоқ. Неміс, орыс, пырансуз – барлығы тілде бір-бірінен борыштанып отыр, ал енді табиғат заңы осылай болған соң, қазақ тілі қалай аман қалмақ? Басқа мәдениетті елдерден қашып, тіл байымайды [14, 201].

Тілдік байланыс нәтижесінде екі тілде де әр алуан өзгеріс орын алып отырады. Басқаша айтқанда, әлемдегі тілдер бәсекелестікте дамиды. Тұғыры мықты, тірегі бекем тіл өз басымдығын сақтап қалады. Бұл турасында Х.Досмұхамедұлы «...оңаша жүрген елдің өз еркінде тұрғанда тілі бұзылмайды. Елдің тілін бұзатын – көршілес елдердің мәдениетін үлгіге алған мәдениетті елдердің әсері» деп, қазақ тіліне араб-парсы сөздерінің өзгеріссіз енуі көршілес отырған ноғай-сарттардың әсерінен болғандығын атап өтеді [14, 175]. Ол қазақ тілін осы уақытқа дейін «шатақ» тілдің ықпалынан сақтаған себептерді көрсетеді. Олар: «1) көшпелі салтымыз; 2) бай, ауызша айтылып жүрген ел әдебиеті; 3) Ыбырай Алтынсарыұлы һәм Абай Құнанбайұлы сияқты шын тіл қамқоры болған нағыз әдебиеті тіліне жол салған оқымысты жігіттеріміз» [14, 178].

Байтоғайұлы Балқай қазақ жерінде өмір сүрген тілдердің қазақ тіліне ықпалы жайлы: «Қазақ тілі түрік тілінің бір тарауы болса да, басқа түрік ұруларының тілінен таза, не тілі басқа жұрттан бұратана сөз араласып, шұбарланбаған. Қазақ тілінің бұзылмауына себеп болған басқалардан өзгеше көшпелі тұрмысы, басқа елмен араласының аздығы. Мәселен, алыстан іздемей-ақ мисалға ноғайды алсақ да болады. Ноғай орысқа қазақтан бұрын араласқан. Сондықтан қазақ тіліндей емес, ноғай тілі таза болмай, жартысы орысша, жартысы ноғайша болып келеді. Өзбек, түрікпен тілдерін әлі зерттеп жақсы білген қазақ аз. Сонда да шамалап айтуға болады. Өзбек, түрікпен тілдеріне арап тілі көп араласқан. Оның себебі дінмен бірге Оңтүстік Азидағы елдерге араб жұртының ықпалы жүрген», – деп ой түйеді [13, 346].

#### **VI. Тілді жат сөзбен шұбарламау:**

«Алаш оқығандары жат сөздер тілімізге «қазақтың шапанын жауып», «қазақтың тымағын киіп» енуі тиіс деген тұжырымды басшылыққа алды» [17, 21].

Бұл пікірдің бастауында тұрған Н.Төреқұлов болатын. Ол «Жат сөздер» деп аталатын мақаласында: «Біздің тілімізге соңғы заманда кірген я енді кірейін деген араб-парыс сөздері толып жатыр. Бұл сөздер көбінше «тымақ» кимей кіріп барады. Мұның себептері бар. Ең бірінші себебі: Арқадағы прессе араб-парыс сөздерін көбірек татардан үйренеді. Ғылым, ғибрат, ғиззат, Құсейін, Ғазыза, ғараб, әлібба, әдабиат, мәданиат деп қазақ тілін бұзу әдеті татардан Арқа қазағына өтіп, жалпы қазақ әдебиетіне күйедей жұғып барады. Бұл әдетті жою керек. Бұл жараны күйдіріп тастау керек. Татарда араб-парыс сөздерін бұзбай алу, бұзбай айту мінезі бар. Бұл мінез қазаққа жарамайды. Басқаның сөзін бұзбай айтам деп тілінді бұрап жүргенде, өз тіліңнен айрылып қаласың», – деп жазса, Х.Досмұхамедұлы «Нәзірдің осы бір сөзі әрбір қара танитын қазақтың есінде болуы керек. Әсіресе, жазушылар, ақындар, білім иелері жаттап алуы керек» деп ол тұжырымның маңыздылығын, өзінің де қолдайтындығын танытқан.

Қазақ оқымыстылары шеттілдік сөздерді қабылдағанда, қазақ тілінің басты заңы үндестікке бағындырып қабылдау қажет дегенді құптады. Мәселен, Е.Омаров «Тілдің заңына келмейтін жат сөздер көбейіп кетсе, тіл бұзылады, - тілдің негізгі қасиеттері, тұрлаулы заңдары бұзылады» десе, Қ.Кемеңгерұлы «Үндестік заңына» бағынбайтын, ерте заманда сіңіскен жат сөздер бар. Бұларды өзгерту қиын. Ал енді төңкерістен бері кірген жат сөздерді қалайда болса «Үндестік заңына» бағындыру керек» деп жазған [16, 203]. Автор сөздерді үндестік заңына үйлестіріп жазу, қосымшаны дұрыс жалғау қажет деп түйін жасады.

Х.Досмұхамедұлы өзінің «Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы» атты еңбегінің кіріспесін «Осы күнгі қазақтың әдебиетінде шеттен кірген сөздер көбейіп кетті. Төңкерістен кейін шыққан журнал-гәзеттердің іші толған жат сөз. Білім, оқу әдебиеті де жат сөзге байыды. Заманымыздың көркем әдебиетіміз де жат сөзден құр емес.

Оқытушыға да, үйренушіге де, үгіттеушілерге де, жазушыға да, білімдіге де, білімсізге де, шешенге де, ақынға да жат сөзсіз күнелте алмайтын заман туды.

Топан суындай қаптап тілімізді жат сөздер басып бара жатқан мезгілде ескерілмей, ұмытылуға айналған тіліміздің бір негізгі заңын еске салғымыз келеді» [14, 165] деп бастаған болатын.

Жат сөздердің тілдің экологиялық жағдайына ықпал етіп, тілді дағдарысқа ұшырататыны жайлы пікірін ол «Тілге кірген жат сөздер де сіңу үшін, тілге «өзілік» болуы үшін сол тілдің заңымен өзгеріп, танымастай хәлге келуі керек. Бүйтпесе жат сөздер бұралқы болып, тілдің шырқын бұзады, тілге зиян береді...

...зорлықпен кіргізген жат сөздер елдің түп қазығы болған тілді бұзады» [14, 177] деп сабақтайды.

#### **VII. Білімді ана тілінде беру:**

Тілдердің жойылу қаупінің дәрежесін анықтау жүйесін жасаған М.Краус тілдің болашақ әлеуеті үшін тілдің табиғи түрде әкеден балаға берілуі аса маңызды фактор екендігін атап көрсетеді. Ғалым өз жіктеуінде алғашқы орынға қауіпсіз тілдерді орналастырған және олардың қатарына ана тілі ретінде меңгерілетін тілдерді жатқызған. Демек, тілдің өміршеңдігін қамтамасыз ету білімнің ана тілінде берілуіне тәуелді. Кеңестік кезеңде Қазақстанда білім беру саласында жүргізілген тілдік саясаттың нәтижелері оған дәлел.

Қазақ зиялылары бұл мәселені көрегендікпен анықтап, ұрпағының болашағын қамтамасыз ету үшін білім беру мен ғылымды ұлт тілінде дамытуды көздеді.

«Алаш» партиясы бағдарламасының «IX. Ғылым-білім үйрету» деген тарауында мәселе «Бастауыш мектептерде ана тілінде оқуы: қазақ өз тілінде орта мектеп, университет ашуы» деп төтесінен қойылған [18, 44-45]. Сондай-ақ бұл мәселе тұңғыш Қазақ съезінің күн тәртібіне қойылған.

М.Дулатов съезде көтерілген мәселелерді талдай келе, «8. Бастауыш оқу. Жалпы міндетті оқуды съезд аса қажет көргеннен кейін қазіргі бастауыш мектептерді көбейтуге қаулы қылды, 100 үйге бір мектептен кем болмасын делінді. Оқу ана тілінде болсын һәм әйел-еркек балалар бірге оқысын» деп жазған [15, 318].

Білімді ана тілінде алудың маңызын ұлт ұстазы А.Байтұрсынов: «Біздің жасынан орысша я ноғайша оқыған бауырларымыз сөздің жүйесін, қисынын нағыз қазақша келтіріп жаза алмайды, я жазса да қиындықпен жазады. Себебі жасынан қазақша жазып дағдыланбағандық. Орысша оқығандар орыс сөзінің жүйесіне дағдыланып үйренген. Ноғайша оқығандар ноғай сөзінің жүйесіне дағдыланып үйреген. Қазақ сөздерін алып, орыс я ноғай сөзінің жүйесімен тізсе, әрине, ол нағыз қазақша болып шықпайды. Сондай кемшілік болмас үшін һәр жұрт баласын әуелі өз тілінде оқытып, өз тілінде жазу-сызуды үйретіп, өз тілінің жүйесін білідіріп, жолын танытып, балалар әбден дағдыланғаннан кейін басқаша оқыта бастайды. Біз де тіліміз бұзылмай сақталуын тілесек, өзгелерше әуелі өз тілімізбен оқытып, сонан соң басқаша оқыту тиіс» деп тұжырымдаған [8, 142].

Қ.Кемеңгерұлы да «Егер орта мектепте оқу орыс тілінде болса бізден еш уақытта жеткілікті оқытушы шықпайды. Ұлт мектептері, ұлт мәдениеті болмайды. Және басқа түрік ұлттары орта мектебін өз тілінде жүргізіп жатқанда, қазақтың өз алдына ауа жайылуы қисынсыз. Орта мектеп орыс тілінде жүрсе, қазақ тілінде кітап басылудың қажеті болмай қалады. Пән кітаптары қазақ тіліне аударылмайды» деп, болашақ мемлекетті дамытатын ұрпақтың ғылыми-интеллектуалды әлеуетін қамтамасыз ету үшін білімді өз тілінде берудің маңыздылығын меңзеген [16, 210].

Қазақ балаларының этнопсихологиясын қалыптастырудың негізі – қазақ тілінде білім беру деп білген М.Дулатұлы ана тілінде білім беру арқылы ұлтқа қызмет ететін азаматтар тәрбиелеу қажет, ал «Орысша оқығандардың көбі жұрт жайы түгіл, өзінің кім екенін шала білетін жас күнінде школға кіріп, онан шыққан соң елде тұрмай, қызмет етіп кететін болғандықтан жұрт қамын ойлап артық қайғырмайды да, нені қайғыруды білмейді де» деп пайымдаған [15, 95].

Адамзат баласы алатын білім, ең алдымен, ана тіліндегі білімге сүйенеді. Ол ғылымда дәлелденген. Сондықтан алғашқы білімді ана тілінде алудың тілдік тұлғаны қалыптастырушы қызметі ерекше. Алдымен ана тілін өте жақсы меңгеріп, одан соң өзге тілді игерген азаматтар қоғам үшін қашан да қажет. Х.Досмұхамедұлының пікірінше, «Ана тілін жақсы біліп тұрып, бөтенше жақсы сөйлесең, бұл – сүйініш, ана тілін білмей тұрып, бөтенше жақсы сөйлесең, бұл – күйініш. Өз тілін білмей тұрып жат тілге еліктей беруі зор хата. Бұл оқығандардың һәм оқушылардың есінен шықпауы керек» [14, 185].

### **VIII. Терминдерді (пән сөздерін) қазақ тілінде қалыптастыру:**

Қазақ оқымыстылары алдарына қазақ тілін ғылым тіліне айналдыру міндетін қойған және сол жолда аянбай тер төккен. Тілдің қолданыс аясын кеңейту тілдің ғылым мен техника тіліне айналуымен тығыз байланысты және оның аса маңызды екенін жете түсінген.

1924 жылдың маусым айында Орынборда «Қазақ ғылыми қызметкерлерінің 1-съезі» болып, онда қазақ терминологиясын қалыптастырудың алғашқы қағидаттары бекітілді. Оның бірінші тармағында «А) ең алдымен термин ретінде ұғым мағынасын толық беретін қазақ сөздерін алу. Бұл қазақ тілінің жоғарыдағылар мен төмендегілердің, дәлірек айтқанда, сауаттылар мен сауатсыздардың тілі болып жіктелмесі үшін керек (тілдік конфликт болдырмау)» деп жазылған [8, 423].

«Ғылым атауларын дұрыстап таға алмай, тілімізді ғылым жолына сала алмай, кей жұрттарша араб пен парсыны, латын мен орысшаны араластырып, былжыратсақ, бұл тіліміздің жарлылығынан, кемдігінен емес, кітәп жазушыларымыздың нашарлығынан. Өз тілін әдбен білмегендігінен болады» [14, 241]. Терминдерді бірі «пән сөзі», бірі «ғылым атауы» деп атаса да, қазақ оқымыстылары қазақтың төл сөздерінен жасау керектігін басты назарда ұстағандары байқалады. Сонымен қатар, білімпаздар шет тілден термин алғанда оны сингармонизм заңына бағындыра қолдануға, орфоэпиялық норманы сақтауға шақырады.


### **IX. Тіл мәдениетінің ортологиялық қағидаларын сақтау:**

«Адамзаттың ең абзал қасиетінің бірі – сөз сөйлей білу. Бұл жағдайды жете түсін де, жақсы сөйлей білуге үйрен: сыпайы, анық сөйлеуді әдет қылғайсың» делінген әйгілі «Кабуснамада». Қазақ халқы сөз өнерін аса бағалап, оны дамытушыларды дәріптеген. Ж.Аймауытов ділмар бабаларының салтын ұрпағының қандай дәрежеде жалғап жүргенін саралап, оған көңілі толмайды: «Қазақ баласының бір әдеті: «бәлен етіп, сонымен кетіп, содан сүйтіп...» деген тәрізді нүктесіз шұбата береді. Сөйлегенде де, жазғанда да қысқа сөйлеуге уағдалана беру керек. Ұзын әңгімені аз сөзбен қысқартып айтқызу – сөзге төселдірудің бір керекті жері. Бала түгіл, әлеумет қызметкері боп жүрген кейбір

азаматтардың топтарда орыс сөзін қазақшаға аударғанын тыңдасаң, олақтығы көрініп тұрады: қысқаша мазмұнын өз ойымен айтып бере алмайды, сөйлеушінің сүрлеуімен түгел айтып шығам деп әуре болады. ...Аз, дәмді, тиімді сөздің қадірін қазақ та білген ғой, білмесе «ердің құнын екі ауыз сөзбен кеспей» деп, мақтамас еді. Қазақ баласы бұлдыратып, түссіз қылып сөйлейді: ақтан тигізіп, тапбасар сөйлейтін адам кем болады; көбінесе құба жондатып, тайғалақтатып, бетін қырпып, жалпы сарынға салып отырғаны» [12, 214]. Өкінішке орай, бұл созылмалы сырқат әлі күнге дейін дауасын таппаған. Жоғары оқу орындары студенттерінің ойын қысқа, нақты, дәл, көркем етіп жеткізетіндері кем.

Білімпаздар баланы ойын кестелі сөзбен, дәл, анық жеткізуге жастайынан қазақтың бай әдеби мұрасының негізінде баулыған жөн және мынаны ескеру керек деп көрсетеді: «Ертегі, әуезелердің пернелі, кестелі сөздерін тастап, баланың өз сөзімен қайта айтқызуға болмайды. Олардың маңызы қиялға әсер беріп, шарықтатуында толғаулы, суретті, сәнді сөздерді, өлең-жырларды өз сөзімен мылжалау жарамайды: олардың маңызы сезімге әсер беріп, көңілді ұйытқытуында» [12, 216]. Көркем сөзден әсерлене алған бала өзі де шешен сөйлеуге тырысады.

Алаш қайраткерлері еңбектерінде қарастырылған лингвоэкологиялық ой-тұжырымдарды жинақтап, төмендегідей бағыттарын көрсетуге болады:



Қазақстан ХХІ ғасырда болашаққа нық сеніммен қадам басу үшін саяси, экономикалық және рухани жаңғыруға бет алды. «Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – ұлттық кодынды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Біз жаңғыру жолында бабалардан мирас болып, қанымызға сіңген, бүгінде тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерді қайта түлетуіміз керек» [7]. Қазақ халқының ұлттық-мәдени коды ең алдымен қазақ тілінде екенін ескерсек, рухани жаңғыру бабалардан аманат боп қалған «тілді сақтау» идеясын жаңғыртудан бастау алуға тиіс.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

- 1 Christopher Mosley. *Atlas of the world's Languages in Danger*. – France, 2010. – P.222 <http://unesdoc.unesco.org/images/0018/001870/187026e.pdf>. 19.05.2017
- 2 Trampe W. *Language and ecological crisis [Electronic resource]*. – London; New York: Continuum, 2001. – P.232-240. – URL: <https://www.books.google.ru/19.05.2017>
- 3 Потеряхина И.Н. *Лингвоэкологические характеристики англоязычной виртуальной корпоративной коммуникации. Дисс. на соискание ученой степени кандидата филологических наук*. – Пятигорск, 2015. – С.185
- 4 Сущенко Е.А. *Педагогическая лингвоэкология как фактор безопасности жизнедеятельности субъектов образовательного процесса: автореферат дисс. на соискание уч. степени док. пед. наук*. – Санкт-Петербург, 2013. – 62 с.
- 5 Әлкебаева Д. *Сөз мәдениеті: оқу құралы*. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – Б.111-214.
- 6 Жұбаева О. *Қ.Кемеңгерұлының тілтанымдық мұрасы мен лингвистикалық тұжырымдамалары. Филол. ғыл. канд. дисс. автореф.* – Алматы, 2002. – 27 б.
- 7 Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы. [http://www.akorda.kz/kz/events/akorda\\_news/press\\_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy](http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy). 19.05.2017
- 8 Байтұрсынов А. *Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері)*. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.

9 Жұмабаев М. Шығармалары (әдеби басылым). – 2-том: Әңгіме, ғылыми еңбек, мақалалар, аудармалар, жарияланбаған өлеңдер/Құраст. Сәндібек Жұбаниязов. – Алматы: Жазушы, 2013. – 376 б.

10 Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері. Ф.ғ.д. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертация. – Алматы, 2007. – 328 б.

11 Дулатұлы М. Алты томдық шығармалар жинағы. Көсемсөз, әдеби сын, зерттеу мақалалары, қазақ тілінде басылған кітаптар көрсеткіштері/Құраст.: Г.Дулатова, С.Иманбава. – Т.3. – Алматы: Мектеп, 2013. – 400 б.

12 Аймуытов Ж. Алты томдық шығармалар жинағы. «Комплекспен оқыту жолдары» (оқу-әдістеме), мақалалар, хаттар. – Алматы: «Ел-шежіре», 2013. – Т.6. – 384 б.

13 XX ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Құрастырған О.Жұбаева. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2013. – 640 б.

14 Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы еңбектері. Избранные труды. Құраст.: Ф.Әнес. – Астана: «Астана-Полиграфия», 2008. – 400 б.

15 Дулатұлы М. Алты томдық шығармалар жинағы. Көсемсөз, әдеби сын, зерттеу мақалалары/Құраст.: Г.Дулатова, С.Иманбава. – Т.2. – Алматы: Мектеп, 2013. – 392 б.

16 Кемеңгерұлы Қошке. Үш томдық шығармалар жинағы. Зерттеулері, көркем шығармалары, мақалалары/Құраст. Қамзабекұлы Д. – Алматы: «Ел-шежіре», 2013. – Т.1. – 384 б.

17 Құрманбайұлы Ш. Алаш және терминтану (XX ғасыр басындағы қазақ терминологиясы. 1910-1930 жылдар). – Алматы, «Ел-шежіре» ҚҚҚ., 2008. – 240 б.

18 Бөкейхан Ә.Н. (1866-1937). Шығармаларының 9 томдық жинағы/Құраст.: Жүсіп Сұлтан Хан Аққұлұлы. – Астана: Сарыарқа, 2013. – Қазақша-орысша. – Т.7. – 520 б. – 44-45 б.

Г.Н. Смагулова<sup>1</sup>, Г.Т. Чукенаева<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный университет имени аль-Фараби,  
г. Алматы, Казахстан

<sup>2</sup>Жетысуский государственный университет имени И.Жансугурова,  
г. Талдыкорган, Казахстан

## ЛИНГВОЭКОЛОГИЧЕСКИЕ ИДЕИ ДЕЯТЕЛЕЙ АЛАША

### Резюме

В статье дается определение нового направления языкознания – лингвоэкологии, рассматриваются процессы его формирования и развития. Автором определены периоды развития лингвоэкологии в казахской степи. Кроме того, проведен обзор периодизации лингвоэкологии в трудах зарубежных и российских ученых. Осмыслены значение и роль трудов казахской интеллигенции в развитии лингвоэкологических идей начала XX века. Анализируются девять направлений лингвоэкологических идей казахских ученых. Исследованы концепции ученых о соблюдении чистоты казахского языка. Обосновывается актуальность модернизации идеи сохранения казахского языка и описывается ответственность языковых личностей за будущее языка.

**Ключевые слова:** лингвоэкология, языковая среда, языковая личность, витальность языка, чистота языка, культура речи

G.N. Smagulova<sup>1</sup>, G.T. Chukenayeva<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Al-Farabi Kazakh National University,  
Almaty, Kazakhstan

<sup>2</sup>Zhetysu State University named after I.Zhansugurov,  
Taldykorgan, Kazakhstan

## LINGUOECOLOGICAL IDEAS OF ALASH'S ACTIVITY

### Summary

In the article the definition on the new direction of linguistics of linguoecology is given, the processes of its formation and development are considered. The author defines the periods of development of linguoecology in the works of foreign and Russian scientists was reviewed. The significance and role of the works Kazakh intelligentsia in the development of linguoecological ideas in the beginning 20<sup>th</sup> century is interpreted. Identified and analyzed nine directions of linguoecological ideas of Kazakh scientists. The concept of scientists on observing the purity of the Kazakh

language explored. The actuality of modernization of the idea of preserving the Kazakh language is justified, the responsibility of language persons for the future of the language is characterized.

**Keywords:** linguoecology, language environment, language person, vitality of language, purity of language, culture of speech

*FTAХР 16.21.51*

*Ұ.О. Тайжанов<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті,  
Алматы қ., Қазақстан*

## **АКСИОЛОГИЯЛЫҚ ЛИНГВИСТИКАНЫҢ СЕМАНТИКАСЫ**

*Аңдатпа*

Мақалада аксиологиялық лингвистиканың қалыптасып, дамуына негіз болған тіл біліміндегі антропоэзеттік бағыттағы зерттеулердің нысаны мен міндеттері зерделенеді. Аксиологиялық лингвистика мәселесіне қатысты зерттеулердегі ғылыми көзқарастар сараланып, зерттелу бағыттарына талдау жасалынады. Аксиологиялық лингвистиканы айқындайтын бірқатар ұғымдық қолданыстар келтіріліп, олардың мән-мағынасы ғылыми түрде түсіндіріледі. Тілдің эмоционалды, экспрессивтік, коннотативтік қызметінен туындаған тілдік бірліктер жан-жақты сараланып, тіл логикалық, ұғымдық жүйемен байланыстыра қарастырылды.

Тіл біліміндегі құндылық мәселесі концепт теориясын зерттеумен байланысты когнитивтік аспектіде зерделенді. Халықтың тілі мен мәдениеті, ділі т.т. негізінде құндылықтар жүйесі ашылады. Халық танымында орныққан құндылықтар субъективтік бағалаудың негізінде иерархиялық құрылымы (жүйесі) тілдік деректермен («көк бөрі» ұғымы негізінде) межеленіп, көрсетіледі. Адам тілінде «аксиологиялық әлемнің» құндылығын қалыптастыруға оны қоршап жатқан ортасы, сол шындықтың адам санасында бейнеленіп кодталуы, образға, символға айналуы және мида тұрақталған мәліметтердің тіл арқылы сыртқа шығуы сияқты факторларға тәуелділігі межеленеді. Бағалаушылық ұғымдардың қалыптасуы, мақұлдау немесе қаралау семантикасынан туатын позитивті және негативті қатынастардың негізінде бағалауда шығарылған норма-ережелердің табиғатына тоқталады.

**Түйін сөздер:** аксиологиялық лингвистика, құндылық, бағалау

XX ғасыр соңында қалыптасып, аяғына нық тұрған тіл біліміндегі антропоцентристік парадигма қазіргі таңда көптеген жаңа теориялар мен тың бағыттарды өмірге әкелді.

Осындай бір жас ғылыми бағыттың бірі аксиологиялық лингвистика дүниеге келді. Аксиологиялық лингвистика XX ғасырдың 90-жылдарында лингвокультурология, когнитивтік лингвистика, прагмалингвистика, коммуникативтік лингвистика т.б. сынды ғылыми пән ретінде орныға бастады.

Аксиологиялық лингвистиканың өмірге келіп, дамуы философиялық аксиологиямен тікелей байланысты. «Аксиология» терминін (грек. *Axiós* – құнды, *logos* – ғылым) П.Лапи мен Э.Гартман XX ғасырдың басында философияның жаңа бөлімін белгілеу мақсатында қолданды. Нәтижесінде XX ғасырдың 60-70 жылдарында философиялық аксиология дербес ғылым ретінде қалыптасты. Философияның Ф.Брентано, М.Вебер, Г.Лотце, М.С. Каган, А.А. Ивин сияқты көрнекті өкілдерінің еңбектерінде тілдік және бағалау категориясының логико-философиялық жағы зерделеніп, бұл құндылық теориясының қалыптасуына мүмкіндік туғызды.

Қазіргі кезде тіл біліміндегі құндылық мәселесі концепт теориясын зерттеумен байланысты когнитивтік аспектіде қарастырылуда. XX ғасырдың басынан бастап жан-жақты зерттеліп, бүгінгі күнгі жаңа бағыттағы лингвистикалық парадигмаға арқау болған құрылымдық лингвистикада да құндылық мәселесі назардан тыс қалмаған. Аксиологиялық мәселелерге арнайы зерттеу жүргізбегенімен, тілдің эмоционалды, экспрессивтік, коннотативтік қызметінен туындаған тілдік бірліктерді жан-жақты саралап, тілді логикалық, ұғымдық жүйемен байланыстыра қарастырды. Лексика-грамматикалық категориялар аясында тілдің мәдени-эстетикалық қызметін анықтады. Нәтижесінде «эмоционалды-бағалаушылық», «экспрессивті-бағалаушылық» немесе «субъективті-бағалаушылық» деген ұғымдар қалыптасып, тіл біліміндегі құндылық теориясы қалыптаса бастады.

XX ғасырдың 90 жылдарында Н.Д. Арутюнова [1], Е.М. Вольф [2] сияқты белгілі ғалым-тілшілердің еңбектерінде бағалау тілдік жүйенің барлық деңгейіндегі адамның ойлау қызметін анықтайтын өзіндік лингвистикалық категорияға айналып, Е.М. Вольф, З.К. Темиргазина [3]; [4], А.П. Журавлева [5]; [6] сынды ғалымдардың еңбектерінде өз жалғасын тапты.



А.П. Журавлева өзінің зерттеулерінде бағалауды фонетикалық деңгейдің семантикалық, бағалаушытық және символдық екендігін атап көрсетті. Ал З.К. Темиргазина бағалаушытық семантиканың көрсеткіштеріне лексикалық бірліктерді емес бағалаушытық пікірлерді жатқызады. Ғалым бағалаушытық пікірлерді дескрептивті пікірлерге қарсы қояды. XX ғасыр соңындағы бірқатар зерттеуші ғалымдар (Н.Д. Артюнова, А.Ф. Журавлева, С.Е. Никитина, С.М. Толстой) бағалаушытық категорияларды болмыстың ұлттық моделімен байланыстыра зерттеп, осы идея аксиологиялық лингвистиканың негізіне айналды. Бұл идеяны Е.Бартминский, Я.Пузынина, Э.Боровецкая, М.Мазуркевич, С.Т. Небжеговская, Т.Кшешовский т.б. ғалымдардың еңбегінде өз жалғасын тапты. 1990 жылдары Е.Бартминскийдің бастамасымен «Польшаның аксиологиялық сөздігі» шықты [7]. Е.Бартминский лингвоаксиологияны этнолингвистикамен тығыз байланыстырады. Әсіресе, алғашқы әлемнің тілдік бейнесіндегі бағалаушытық символдар мен стереотиптерді ұлттық негізде қарастырады.

Белгілі бір этникалық топқа тән этномәдениеттің құрылымы аса күрделі. Оны құраушылар қатарында сол этностың тілі, рухы, салт-дәстүрлері, мінез-құлқы, дүниетанымы, көзқарасы, сенімнанымы (діні), тарихы, мәдениеті кешенді қалыпта табылады. Этномәдениеттің белгілі бір жүйесін құрайтын осы кешенді қалпы арқылы этносты танып, біле аламыз. Ол туралы Е.Е. Жанпейісованың ізденісінде тұжырымды айтылған: «Рухани мәдениет негізінде халқымыздың ... өзіндік дүниетанымдары мен құқықтық, қоғамдық нормаларына ... қатысты талай құнды дерек бар. Ол жалпы этносты танудың құралы» [8, 30 б.].

Объективті әлемдегі заттар мен құбылыстарды танымынан, пайымдаудан өткізе отырып, әлемнің образын жасайды. Шындық әлем мен образды әлемнің арасында ойлай алатын белгілі бір тілдің өкілі тұрады. Ол қоршаған орта, дүние туралы көзқарасын, басынан өткен өмірлік тәжірибесі, салт-дәстүрі, құндылықтары арқылы образды әлемді қалыптастырып, оларды тіл арқылы сөйленіс ортасына жеткізеді. Адам тілінде «аксиологиялық әлемнің» құндылығын қалыптастыруға оны қоршап жатқан ортасы (өзінің жақсылығы мен жамандығы қатар жүретін шындық өмір), сол шындықтың адам санасында бейнеленіп кодталуы, образға, символға айналуы және мида тұрақталған мәліметтердің тіл арқылы сыртқа шығуы сияқты факторлар арқау болады.

Қазіргі таңда «құндылық» категориясы тек лингвистикада ғана емес, сонымен қатар философияда да, әлеуметтануда да, мәдениеттануда да, педагогикада да аса маңызды ұғымдардың біріне айналууда. Лингвистикалық құндылық – мәдениеттің ортақ категориясы (А.П. Сорокин); мәдениет айырмашылықтарын көрсететін фактор (Э.С. Маркарян, Ю.В. Бромлей, Ю.М. Лотман); әлемнің тілдік бейнесін қалыптастырушы негізгі категория (Ю.Н. Караулов). Ал А.Ф. Алефиренко құндылықтардың астарында материалды немесе рухани объектілер емес, адамның өзін қоршаған ортаға деген модусты қатынасы жатыр деп түсіндіреді [9].

Ю.Г. Вишнинский құндылықтарды он үш түрге бөледі [10]:

- мемлекеттік-саяси, әскери, құқықтық құндылықтар;
- тарихи-мәдени құндылықтар;
- қоғам мен ұжымдық құндылықтар;
- табиғи құндылықтар (таза ауа, спорт, экология т.б.);
- ғылыми-танымдық құндылықтар (білім, ғылым, техникалық прогрес);
- жеке адам құндылықтары (адамгершілік, жақсылық, т.б.);
- діни құндылықтар;
- әлеуметтік құндылықтар (революциялық, Нұр Отандық);
- эстетикалық-көркем құндылықтар (сурет өнері, мүсін т.б.);
- аумақтық-жергілікті құндылықтар (Ханшатыр, Бәйтерек, «Эйфель» мұнарасы т.б.)
- экономикалық құндылықтар;
- этикалық құндылықтар;
- ұлттық құндылықтар.

А.О. Тымболова: «Тілдің көмегі арқылы жекелеген адамдардан алынған тәжірибелі білім ұжымдық игілікке, ұжымдық тәжірибеге айналады» [77, 11]. Мақұлдау немесе қаралау семантикасынан қоғамның оң (позитивті) және теріс (негативті) қатынасын көруге болады. Осылайша адамда бағалау негізіндегі көзқарастар (мақұлдау немесе қаралау) қалыптасады. Белгілі бір затты бағалау бұл – адам санасы қызметінің нәтижесі болып табылады. Қоршаған ортаны ой елегінен өткізе отырып, адам оған оң немесе теріс баға береді. Жоғары бағаланған нәрсе құндылық ретінде белгіленіп, құндылықтық-бағалаушытық бағыт ретінде межеленеді. Затты бағалауда шығарылған норма-ереже, бұл – қоғамның позитивті берген бағасы болып табылады. Тілде символдық мағына заттық ойлаудан жоғары

деңгейдегі абстрактілі ойлауға көтерілу, ассоциативті ойлау жолдарымен қалыптасып, мазмұны жинақты болады. Ондағы тура мағына дербестігін сақтайды, абстрактілі, экспрессивті символдық мағынамен өзектес болады. Символдық мағына сөздің қосымша мағынасы бола отырып, сөздің тура мағынасымен тең дәрежеде өмір сүріп, адам танымы және ұлттың мәдени-тарихи өмірімен байланысты болып, өзінің ұлттық бояуын, ұлттық сипатын сақтайды. Символдық сөздер өзінің бастапқы түп төркіні болып табылатын атауыш сөзбен омоним түзбейді, атауыш сөз нақтылықты, даралықты білдірсе, символдық мағынадағы сөз жалпылыққа біртұтастыққа ие.

Халықтың тілі мен мәдениеті, ділі т.т. негізінде құндылықтар жүйесі ашылады. Әр халықтың дүниетанымы мен тұрмыс-тіршілігіне байланысты құндылықтар иерархиясы орнығады. Сол құндылықтар халық танымынан берік орын алып, тілінде айқын көрініс табады. Халық танымында орныққан құндылықтар субъективтік бағалаудың негізінде иерархиялық құрылым (жүйе) түзеді. Иерархиялық жүйенің жоғары бөлігіне құндылықтың қалыптасуына арқау болған ең алғашқы көне түркі дәуіріндегі тілтанымдық деректер жатады. Ортаңғы бөлігіне ұлт болып қалыптасқан кездегі (ХУ-ХУІІІ ғғ.) тілтанымдық деректер жатады. Төменгі бөлігіне солардың негізінде қалыптасып, дамыған ХІХ ғасырдан бері қарайғы тілтанымдық деректер кіреді.

Көне түркі мұралары, жазба ескерткіштері қазақтың аксиологиялық линвистикасындағы құндылық иерархиясының «жоғары» сатысынан орын алуын халық танымында орныққан "Көкбөрі" сөзіне аксиологиялық талдау жасау арқылы дәлелдейік. Құндылық иерархиясының жоғары сатысы бойынша "Көкбөрінің аксиологиялық мәні (құны)":

1. "Көкбөрі" – түркілердің түптамыры, генетикалық негізі. Түркілер – табиғаттың төл жаратылысы, түркілер – Тәңірдің жіберген сыйы, түркілер – ержүрек, батыр. Дәлел: Түркілердің Алтай өңірінен шыққаны туралы жырланған "Көк бөрі" дастаны [12].

Көне заманда "Со" елінің көсемі Қапан-пу аса қайырымды әрі асқан батыр болыпты. Оның өзіне жақын он алты бауырының біреуінің анасы бөрі екен. Бөріден туған бала ер жетіп үйленеді. Оның екі әйелі болады. Сол екі әйелдің біреуі қыс Тәңірісінің қызы, ал екіншісі жаз Тәңірісінің қызы екен. Екі әйелдің әрқайсысы екі-екіден ұл табады. Тұңғыш ұл аса күшті, қайсар, болып өседі. Оған бұл елде ешкім тең келмейді. Сол үшін оған халық "Түркі", яғни күшті, мықты, ержүрек деп ат қойыпты. Бүкіл түркі халқы сол "Түркінің" ұрпағы екен.

Аңыз мифологиялық танымнан туындаса да оның құндылығы жоғары. Махмұд Қашқаридың "Түркі тілдерінің лұғатында" былай деген: "Ұлы Тәңір (Тенгри) айтады: Менің бір тайпа қосыным бар. Оларды түркі деп атап, күншығысқа қоныстандырдым. Кейбір тайпаларға ренжісем, түркілерімді қарсы аттандырамын!" Сондықтан түркілерге Тәңірдің өзі арнайы ат қойған. Жер жүзінің ең биік, ауасы таза бөлігіне қоныстандырып, "Өз қосыным" деп атаған. Оған қоса, "түркілер көрікті, өңі сүйкімді, жүзі мейірімді, әдепті, үлкендерін құрметтей білетін кішіпейіл, уәдеге берік, мәрт және сол сияқты көптеген жақсы қасиеттерге ие болған ашық-жарқын жандар" деген [13].

2. Құндылық иерархиясының ортаңғы сатысы бойынша "Көкбөрінің аксиологиялық мәні (құны)":

"Көк бөрі" – қазақтың ұраны, байрағы.

Дәлел: Бөрі басы – ұраным, Бөрілі менің байрағым, Бөрілі байрақ көтерсе, Қозып кетер қайдағым (Сүйінбай Аронұлы).

Толғауда "Көкбөрі" рационалдық танымның жемісіне айналып, ұлтты, халықты біріктіретін символдық сипатқа ие болған. Құндылығының жоғары сатыдан орын алу себебі сол: әр кездегі түркі мемлекеттерінің туларында көк бөрі бейнеленген.

3. Құндылық иерархиясының төменгі сатысында "Көкбөрінің аксиологиялық мәні (құны)":

"Көк бөрі" – «Бөрі арығын білдірмес, итке жүнін қампайтар» деген мақалдың мазмұнына бойласақ еліміздің қасқырды қадір тұтқанын анық аңғарамыз. Халқымыздың әлі күнге қасқыр мен итті қатар алғанда, бөріге бүйрегі бұрады. Дәлірек айтқанда, қасқырды ерліктің, намысқойлықтың, ал итті жағымпаздықтың символы ретінде қабылдайды. Ерді «арланға», езді «қанденге», «бұралқы итке» теңейді. Қасқыр символикасының астары ата-бабаларымыздың дүние, әлем, жаратылыс туралы танымына тірелумен бірге ерлік пен қайсарлық, бірсөзділік пен адалдық тәрізді қасиеттерге де жетелейді. Анығырақ айтқанда, «бөрі» ер адамның, халық қаһарманының символы болып табылады.

Түркі, оның ішінде қазақ халқы үшін "бөрі" генетикалық ес деңгейіндегі ұғым [14] ретінде аксиологиялық мәнге ие. "Көк Тәңірі", "Көк аспан", "Көк бөрі" – осының бәрі түркілер үшін қасиетті ұғымға айналуы олардың бір-бірімен сабақтастық тауып, ғасырлар бойы халықтың рухани күшіне арқау болып, аксиологиялық мәнге ие болуында. Сондықтан түркілер үшін "Көк бөрінің" бағасы әрқашанда құнды.

Адамның әлемге қатынасының ерекшелігі оның өзін және өзге адамдарды, қоршаған дүниедегі заттарды, құбылыстарды, процестерді қайырымдылық, әділеттілік, сұлулық, пайдалылық тұрғысынан бағалап, құндылықтар арқылы қарастыруымен сипатталады. Құндылықтық қатынас әрқашан да субъектінің бойында белгілі бір эмоцияларды – қуану, сүйсіну, таңдану, табыну сияқты сезімдерді тұғызады. Олардың ішіндегі ең жоғарғысы – ұлттық рухқа табыну. Адамға құндылықтар, мейлі ол діни немесе діни емес зайырлық болсын, ол – қажеттілік. Бұл мәселе, әсіресе, қоғамның адамгершілік тұғырлары мен мәдени дәстүрлерінің құнсыздануы мен құлдырау кезінде өзектілігін байқатады. Құндылықтар – ұлттық мәдениеттің көрсеткіштері. Мәдениетсіз адам жануарға айналып кетеді. Құндылықтарға деген қажеттілік бала кезден, ана сүтімен бірге, өзінің ана тілі арқылы, мораль негіздері ретінде, өз тарихын, мәдениетін, әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін игеру нәтижесінде орнығады. Құндылықтар адам бойына моральдік жауапкершіліктер жүктейді, бағытын айқындай түседі. Сондықтан аксиологиялық лингвистиканың қазақ ғылымында алатын орны ерекше болмақ.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

- 1 Арутюнова Н.Д. Типы языковых значений: Оценка. Событие. Факт. – М., Наука, 1981. – 341 с.
- 2 Вольф Е.М. Функциональная семантика оценки. – М., Наука, 2002. – 362 с.
- 3 Темиргазина З.К. Оценочные высказывания в русском языке. – Павлодар, 1999. – 445 с.
- 4 Темиргазина З.К. Образ человека в русской ценностной картине мира. – Павлодар, 2002. – 380 с.
- 5 Журавлева А.П. Символическое значение языкового знака // Речевое воздействие. – М., 1972. – 550 с.
- 6 Журавлева А.П. Фонетическое значение. – М., 1974. – 348 с.
- 7 Бартминский Е. Языковой образ мира: очерки по этнолингвистике. – М.: «Индрик», 2005. – 512 с.
- 8 Жанпейісова Е.Е. Рухани мәдениет лексикасы. Автореферат. Филол. ғыл. канд. – Алматы, 1996. – 30 б.
- 9 Алефиренко Н.Ф. Поэтическая энергия слова (синергетика языка, сознания и культуры). – М., 2002. – 380 с.
- 10 Виннишинский Ю.Г. Аксиология культурного пространства и времени (в границах постсоветского культурного пространства) // Мир психологии. – 2005. – №4. – С.226.
- 11 Тымболова А.О., Мұсатаева М.Ш. Ұлттық болмысты зерделеудегі тілдің рөлі // Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы. Филология сериясы. – №3, 2015. – Б.77-81.
- 12 Гумилев Л. Древние тюрки. – М.: АН СССР, Институт народов Азии, 1967. – 504 с.
- 13 [Электрон.ресурс]. – 2006. <http://alashainasy.kz/shezhire/turkler-60049/>
- 14 “Қазақстан”: Ұлттық энциклопедия/Бас редактор Ә.Нысанбаев – Алматы: “Қазақ энциклопедиясы” Бас редакциясы, 1998. – 515 б.

У.О. Тайжанов<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Казахский Национальный педагогический университет имени Абая,  
г. Алматы, Казахстан

## СЕМАНТИКА АКСИОЛОГИЧЕСКОЙ ЛИНГВИСТИКИ

### *Резюме*

В статье рассматриваются развитие, становление объектов исследований и задачи аксиологической лингвистики, послужившие основанием для антропоцентрического направления в языкознании. А также рассмотрены направления исследования, делается анализ и подходы в научных исследованиях по вопросам аксиологической лингвистики. Приводятся ряд понятий, которые используются в аксиологической лингвистике, объясняются научные определения их смысла и значения. Подробнее проанализированы эмоциональность, экспрессивность, коннотативность языковых единиц, а также язык рассмотрен в системе логики и понятия.

Вопросы ценностей, связанные с изучением теории концепта, были рассмотрены в когнитивном аспекте языкознания. На основе языка, культуры, менталитета и т.д. определенного народа открывается система ценностей. На основе субъективной оценки ценностей, базированных в познании народа, иерархическая структура анализируется с помощью языковых данных (на основе понятия «синий волк»). Рассматриваются формирование оценочных понятий, нормы и правила, основанные на позитивных и негативных отношениях, сформировавшихся от семантики одобрения или очернения.

**Ключевые слова:** аксиологическая лингвистика, ценность, оценка

U.O. Taizhanov<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Kazakh national pedagogical University named after Abai,  
Almaty, Kazakhstan

## THE SEMANTICS OF AXIOLOGICAL LINGUISTICS

### Summary

The article discusses the development, the formation of research objects and objectives of axiological linguistics formed the basis for anthropocentric trends in linguistics. As well as the directions of research, the analysis and approaches in research on issues of axiological linguistics. The resulting number of concepts which are used in axiological linguistics, explains scientific definition of their meaning and significance. More info analyzed emotionality, expressiveness, connotatively language units and the language considered in the system of logic and concepts.

The values associated with the study of the theory of the concept has been considered in the cognitive aspect of linguistics. On the basis of language, culture, mentality, etc. of a people trusting value system. Based in the knowledge of the people the hierarchical structure of the subjective assessment demonstratelinguistic data (on the concept of "blue wolf"). Analyzes rules and regulations, the formation of evaluative concepts, and positive and negative relation based on the semantics of the approval or denigration.

**Keywords:** axiological linguistics, value, estimation

FTAXP 16.21.65

Э.Ә. Өтебаева<sup>1</sup>

<sup>1</sup>А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты,  
Алматы қ., Қазақстан

Мақалада 1900-1910 жылдардағы орыс әдебиетіндегі неореализм бағытының философиялық мәндері қарастырылған. Неореалистік прозаның философиялық «құраушылары» арасында негізгі болып «өмір философиясы» танылады, бұл бағыт ғасырлар аясында ерекше танымал болған. Философиялық ілімнің негізгі идеялары, жаңа құндылықтарға бағытталған, неореалист-жазушылардың танымдық көзқарасының қалыптасуына ықпалын тигізді, өмір және адам түсініктеріне жаңа аксиологиялық сипат берді. Осы бағыт өкілдерінің еңбектерінде қалыптасқан философиялық идеялар, ең алдымен заманауи философиялық және ғылыми ойлау позитивизмімен «механицизміне» қарсы бағытталған.

Бұл бағыттағы еуропалық философия идеялары, XX ғасырдың басындағы көркем әдебиеттің онтологиялық аумағын кеңейтті. Олар неореалист, модернист, неонатуралистердің өнерлерінде әртүрлі жолмен байқалды. Мектептің философиялық және эстетикалық тұжырымдамалары Ресейде аса танымал болды, Б.Зайцев, А.Куприн, И.Шмелев сынды жазушылардың еңбектеріне ықпалын тигізді.

**Түйін сөздер:** «өмір философиясы», позитивизм, неореализм, философиялық идеялар, халық әдебиеті, неонатурализм, тұрмыс концепциясы, әлемнің көркем бейнесі

U.K. Abisheva<sup>1</sup>

<sup>1</sup>al-Farabi named Kazakh National University,  
Almaty, Kazakhstan

## THE CONCEPT OF BEING IN RUSSIAN LITERATURE, BEGINNING XX CENTURY

### Summary

The article explores the philosophical contexts of neo-realism in the Russian literature of the 1900s-1910s. Among the main philosophical "components" of neo-realistic prose was "The philosophy of life," an especially popular trend at beginning of the XX century. The main ideas of the philosophical school contributed to the formation of the world perspective of the Russian writers. They also influenced their values, gave a new axiological coloring to their concepts of "life and man". The ideas of those philosophers opposed against Positivism and mechanism of contemporary philosophical and scientific thinking.

The ideas of the European philosophers have widened the ontological horizon of Russian literature at the beginning of the XX century. They diversely effected on realism, modernism and neonaturalism. The aesthetic concepts of this philosophic school were very popular in Russia; they had an impact to the works of B.Zaitsev, A.Kuprin, I.Shmelev.

**Keywords:** "The philosophy of life", the Positivism, the neo-realism, the philosophical idea, the populist literature, the neo-naturalism, the concept of being, the artistic picture of the world

С.Асылбекұлы<sup>1</sup>, Г.Б. Тоқшылықова<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,  
Алматы қ., Қазақстан

## ПОСТМОДЕРНИЗМ ӘДЕБИЕТІНІҢ НЕГІЗГІ БЕЛГІЛЕРІ

*Аңдатпа*

Мақалада әдебиетке енген постмодернизм ағымы, оның пайда болуы, ерекшеліктері жайында кеңінен сөз болады. Постмодернизм терминінің өзі қазіргі әдебиеттану ғылымында пайда болған жаңа ағымға телінген атау екендігі жан жақты талданады. Бүгінге дейін постмодернизм термині, оның пайда болуы жөнінде ғылымда қалыптасқан нақты пікір жоқ екені, кей зерттеушілердің оны еуропа және американ мәдениетінде екіншідүнежүзілік соғыстан кейін пайда болған ағымға жатқызып жүргені айтылады. Автор постмодернизм әдебиетінің жапон әдебиетінде пайда болу жағдайына тоқталады. Бірқатар постмодернист жазушылардың еңбектері мен постмодернизм әдебиетін зерттеуші ғалымдардың ой-пікірлеріне талдау жасайды. Постмодернизм әдебиетінің негізгі ерекшеліктеріне кеңінен тоқтала келіп, интертекстуалдылық, метапроза, ирония, кара юмор, фабуляция, пастиш, паранойя секілді негізгі белгілеріне де тоқталып өтеді.

**Түйін сөздер:** постмодернизм, мәдениет, өркениеттің тоқырауы, ағым, жазушылар, интертекстуалдылық

Бүгінгі қазақ әдебиетінде постмодернизмге қатысты пікірлер легі сан алуан. Әдебиетшілер тобының бір парасы оны «тексіз, тамырсыз, баянсыз, космополиттік дүниетаным» деп (Ә.Меңдеке, Д.Ысқақ) мүлде қарсы шықса, екінші тобы постмодернизмді жаңа заман талабы деп танып, оған көшуді мақұлдайды (Ә.Бөпежанова, Ә.Қодар, Т.Шапай), ал үшінші топ – жас қаламгерлер тобы «жаңашыл жазу», «еркін әдебиет», «ұлт әдебиеті үшін маңызды» (А.Елгезек, Л.Қоныс, Д.Амантай) деп танып, толық қолдау білдірді. Зерттеуші ғалым Б.Майтанов ғылыми мақалаларында қазақ әдебиетіндегі постмодернизмнің көрінісіне, бірқатар ақын-жазушылар шығармаларындағы постмодернистік сарындар мен белгілерге талдау жасап көрсетіп берді. Ал зерттеуші С.Асылбекұлы жазушы Оралхан Бөкеевтің прозасын жан-жақты қарастыра отырып, оны қазақ постмодернизмінің жарқын өкілі ретінде танытады. Постмодернизмнің негізгі белгілерінен саналатын «адамның социумды жатсынуы, одан өзіне лайықты орын таба алмай тығырыққа тірелуі, өмірді, тіршілікті белгілі бір мағынаға, логикаға сыйымды әлеуметтік қарым-қатынастардың тізбегі ретінде емес, ешқандай логикаға сыймайтын бей-берекетсіздік әлемі, хаос ретінде қабылдаудың» Оралхан кейіпкерлеріне де жат емес екендігін әңгімелерінің поэтикасын сөз ету арқылы нақтылы мысалдармен дәлелдейді [1, 71]. Ә.Әбіл-Серіктің «Думан Рамазан және постмодернизм» атты мақаласында жазушының «Көш» жинағын талдай отырып, постмодернизм хақында айтқан пікірі өзгеше: «Қазақ постмодернизмі ұлт алдына айна қойып, қазақ келбетін түрлі қырынан алып кескіндеді. Алаштың әлеуметтік, саяси, діни кескіні айқын таныла бермейтін астарлана берілетін шығармалар шоғыры өмірге келе бастады. Алаш өркениетін түрлі ракурста еліне таныту мақсаты шығармашылық адамдарының ойы мен еркін биледі. Ұлт тарихы алаштың өткенінен басталғандығы барша қазақтың сөзін ұстағандар үшін адастырмайтын темірқазыққа айналды» [2]. Байқап отырғанымыздай, мақала авторы бүгінгі қазақ жазушыларының өткенді пародиялау арқылы постмодернизмнің негізгі белгілері әдеби ойын, батыл эксперименттерге жол беріп, оқырмандарға Алаштың шынайы келбетін танытуға талаптанғанына ризашылығын білдіреді. Сонымен біздің мақсатымыз – жаңалық ашу емес, бүгін бар құбылыс – постмодернизм әдебиетінің негізгі белгілерін түсіну.

Постмодернизм – «пост» тіркесі біздің ұғымымызда «кейінгі» деген мағынаны береді. Әдебиетте постмодернизм ағымы модернизмнен кейін өмірге келген, модернизм ағымына, модернизм дәуірінің нәтижелеріне қарсы реакция ретінде түсіндіріледі. Атап айтқанда, екінші дүниежүзілік соғыстың адам құқығын аяққа таптап, адам өмірін түкке тұрғысыз етіп көрсетуі, Хиросима мен Нагасакидегі атом бомбасының жарылысы, державалардың арасындағы қарусыз, «салқын» соғыстың (саяси) салдары адамзатқа, жалпы әлеуметке қатты әсер етті. Әдебиет – қоғам айнасы болғандықтан, оның салқыны сөз өнеріне де келіп, оған «постмодернизм» деген ат жамалды. Зерттеушілер постмодернизмнің пайда болып, дамып, көркейіп, өркендеген шағы деп дәл уақытты белгілеп бере алмайды. Тіпті, оның өмірі қай уақытқа дейін созылатындығы, немен, қалай аяқталғандығы да мүлде беймәлім.

Постмодернизм құбылысының пайда болуы жөнінде де ортақ пікір жоқ. Зерттеуші И.Голованова



постмодернизмнің жалпы пайда болу, даму сипатына жан-жақты тоқтала келіп, төмендегідей мәліметтер келтіреді. Ең алғаш постмодернизм термині 1914 жылы Р.Панвицтің «Еуропалық мәдениеттің құлдырауы» атты еңбегінде көрінсе, 1934 жылы әдебиеттанушы Ф. де Онис өзінің «Испандық және латынамерикандық поэзия антологиясы» атты кітабында постмодернизмді модернизмге қарсы реакция мағынасында түсіндірді. 1947 жылы тарихшы, философ Арнольд Тойнби «Тарихты түсіну» кітабында постмодернизмге мәдени сипат беріп, постмодернизмді дін мен мәдениеттегі батыс билігінің құлдырауы деп сипаттайды. Әдебиет саласында постмодернизм терминін алғаш қолданып, толыққанды енгізуші, постмодернизмнің негізгі белгілерін анықтап көрсетіп, классификациясын жасаған американдық оқымысты Ихаб Хассан (1971). Осыған байланысты көптеген зерттеушілер постмодернизмнің отаны, қанат жайып, дамыған жері – АҚШ деп санайды. Ал француз оқымыстысы Ж.Ф.Лиотардың 1979 жылы жарық көрген «Постмодернистік жағдай» атты еңбегінде постмодернизмнің пайда болуы философиялық тұрғыдан жан-жақты сарапталды [3].

Әдебиеттанушылардың дені постмодернизмді ХХ ғасырдың ортасында мәдениет пен өркениеттің тоқырауының салдарынан дүниеге келген тарихи құбылыс деп таныса, кейінгілері кез-келген дәуірдің тоқыраған, құлдыраған, кері кеткен тұсында пайда болатын транстарихи құбылыс ретінде қарайды. Постмодернизмді модернизмнің дамуы әрі жалғасы, жаңа тарихи кезеңде модернистік әдебиет тенденцияларының жалғасы ретінде таныса, басқалары постмодернизм мәдениеті классикалық модернизмнен қол үзді дейді, ал үшінші бір топ өткен заман туындыгерлерінің шығармашылығынан модернизм идеялары мен принциптерінің ұшқынын іздеуде. Қалай болғанда да, постмодернизм өткеннің жалғасы, өткен дәуірдегі модернизм мәдениетімен тығыз байланыста екендігі даусыз. Тіпті зерттеуші Ихаб Хассанның өзі модернизмнің классификациясын жасап, негізгі ерекшеліктерін көрсеткенде тек модернизммен салыстырмалы тұрғыда ала отырып, дәлелдеген болатын.

XVII ғасыр француз әдебиетінде классицизм ерекше қарқынмен дамып, барлық көкірегі ояу, көзі ашық тұлғаларды, ақын-жазушылардың бәрін «Академия» деп ат қойып, бір орталыққа жинап, кардинал Ришельенің ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстағандығы белгілі. Мақсаты – билік пен халық арасындағы дәнекер болатын ақын-жазушылардың не жазып, не қойғанын қадағалап отыру болатын. Классицизм ағымының тақырыбы да біреу – ел ішіндегі елеулі оқиғаларды, корольдің, әскер басшыларының ерен ерлігін дәріптеу; ал кейіпкерлері – кедейлер, қарапайым халық өкілдері емес, тек қана үстем тап өкілдері: байлар, патшалар, қолбасшылар, батырлар. Ришелье саясатының шырқау биікке көтерілгені соншалық, барлық жазушыларды классицизм ағымының өкілі етіп, «үш бірлік» (орын, әрекет, оқиға) ережесіне бағындырды. Бұған кезінде қарсы шығып, таланттарды арнайы заң шығарып, ережеге бағындырудың дұрыс еместігін, бұл жазушы қиялына шек қойып, шығармашылығына тосқауыл болатындығын айтып, классицизм канондарына ашық түрде қарсы шыққандар да болды. Дегенмен, бұл ағым Францияда бір ғасыр өмір сүрді. Ал бұл аралықта жазушылардың екі ұрпағы ауысатыны белгілі. Дәл осындай тәсілді Кеңес империясы да ұстанған. Бірақ, әрине оның формасы (атауы т.б.) басқаша болды, ал мақсаты мен идеологиясы бір. Кеңес Одағы өз саясатын іске асыруда ең оңтайлы тәсілді пайдаланды. Жазушылар Одағын құрып, мемлекеттен ақша бөлініп отырды, одақты «саяси идеологияның, ресми идеологияның бір бөлігі ретінде» пайдаланды. Жазушыларымыз қалаған бағытында емес, социалистік реализм әдісімен жазуға тиіс болды (социалистік реализм деген атауының өзі қолдан жасалған әдіс екенін аңғартып тұр). Жасанды дүниенің уақытша екендігін, уақыт сынына төтеп бере алмайтындығын сол социалистік реализм әдіс, талабымен жазылып, жарық көрген Ғ.Мұстафиннің «Қарағанды», «Шығанақ», «Миллионер» романдарын бүгінгі жастарымыздың оқымайтындығы, оқуға мүлде ниет білдірмейтіндігінің өзі дәлелдеп отыр. Жалғыз Ғ.Мұстафин емес, мұндай романдарды тізіп келтіре беруге болады. Ал сол Ғ.Мұстафиннің шығармашылық талантына, жазушылық шеберлігіне ешкімнің таласы жоқ. Бірақ ол жазушы өз заманының ығына жығылды, империя талабына қарсы шығып, ағысқа қарсы жүзе алмады. Одақтың бұл саясатын белгілі ғалым С.Қасқабасовтың: «Кеңес Одағы кезінде «Әдебиет пен өнердің міндеті – адамды тәрбиелеу» деп айтылды. Сөйтсек мүлде олай емес, әдебиет пен өнердің мақсаты – адамның сана-сезіміне әсер ету екен» деп ағынан жарыла айтқан сөздері айқын аңғартады [4]. Бұл XVII ғасыр емес, ХХІ ғасыр. Сондықтан да постмодернизм ағымын Италияда пайда болғанымен, Францияда өріс алып, кең қанат жайған – классицизм ағымымен салыстыру мүмкін емес. Қазір қаптаған, жан-жақтан ағылып келіп жатқан ақпараттар заманы. Біз постмодернизмді классицизм ағымын ауыздықтаған кардинал Ришелье ұқсап, «ережеге» бағындырып, шеңбердің ішіне сыйғыза алмаймыз.

Постмодернизм біздің әдебиетімізге де жетті. Әдеби дәстүрдің бәрін тәрк еткен ағымның бізде

көрініс табу себебі неде деген сұраққа бір ауыз сөзбен жауап беру мүмкін емес. Біздіңше, ең негізгі себебі, сөз қадірінің кетіп, көркем туындының, кітаптың оқылмауы, әдебиеттің рөлінің төмендеуінде. Ұрпақтың рухани азғындауына жазушылардың (кейіпкерлері арқылы) іштей қарсылығы, күресі. Әдебиеттің сөз өнері ретіндегі қадірін жоғалтпау үшін оқырманды қызықтырып, әдебиет әлеміне әкелу үшін жазушылардың қолданып отырған тәсілі, жаңалыққа деген ұмтылысы деп те тануға болады. Біздің жазушыларымыздың көпшілігі өмірге басқаша көзқараспен қарап, жаңаша түсініп, жаңаша пайымдап, жаңаша түйсінуге тырысып бағуда. Мықты тәуелсіз мемлекетімізді құру үшін ұлттық рухымызды көтеріп, қайта бір жаңғыртып алу қамымен, түп-тамырымызды іздеп, кімбіз, қайдан шықтық деген сауалға мың сан жауап іздеп (көпшілігі түркілік бастаудан іздейді), сарсылуда (қазақ әдебиетінің тарихы XV ғасырдан, Бұқар заманынан басталады дегенің өзі абсурд).

Отарлаушы державалардың негізгі ұстанымы – өздері отарлайтын ұлттың тілін, әдебиетін, салтын, психологиясын, танымын толық меңгеру, сол арқылы ол ұлттың әлсіз, осал, кемшін тұстарын біліп алу болып табылады. Ұлттың осал жерін біліп алғаннан кейін («Нибелунг» жырындағы Зигфридтің жанды жері секілді) оларды билеп-төстеу де, жеңу де, бағындырып, құл ету де ешқандай қиындық тудырмасы анық. ХХІ ғасыр – білімнің, ғылымның ғасыры. Сондықтан да айналамызға сергек қарап, болып жатқан құбылыстардың барлық құпиясын, артықшылығын, кемшілігін, астары мен мақсатын біліп отыруымыз қажет. Соның ішінде, постмодернизмнен қорқып, үрікпей, керісінше, оның тарихы мен теориясы, ерекшелігі жөнінде толық білуіміз қажет. Бүгінгі оқыған, саналы азамат өзіне қажеттісін адаспай тауып алады.

Зерттеуші И.В. Кабанова постмодернизм терминінің түбегейлі шешілмегендігін, әлі күнге дау тудырып келе жатқанын айта отырып, оның тарихи негізін екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Батыс мәдениетіне теліп, постиндустриалдық қоғамға, капитализм дәуіріне, жаңа технология мен электрондық қарым-қатынастың шарықтап өрістеуімен байланыстырады. Бұл жағдайдың бәрі әртүрлі мәдени механизмдерді өзгертіп, соның ішінде әдебиетке қатысты айтатын болсақ, кітап, мәтін, шығарма жөнінде қалыптасқан көзқарастың жойылуына әкеліп соқтырады деген пікірде [5]. Жаны бар пікір. Екінші дүниежүзілік соғыс, оның салған жазылмас зардаптары шын мәнінде көп адамның ішкі жан-дүниесінің астан-кестенін шығарды. Оны постмодернист жазушы «соғыстан кейінгі британ әдебиетінің ең жарқын құбылысы» (А.А.Чамеев) саналатын Голдинг шығармашылығы арқылы түсіндіруге болады. Фашизмге қарсы соғысқа қатысып, соғыстан алған әсерімен жазушы бүкіл саналы ғұмырын бір ғана мәселені – адам өмірінің мәнін, адам табиғатын зерттеуге арнады. А.Голдингтің көзқарасына екінші дүниежүзілік соғыс сұмдықтары, фашизмнің қатігездігі қатты әсер етті. Жазушының түсінігінше, адамдар жауыздықты оп-оңай, тез әрі үйреншікті әрекетіндей жасайды. «Соғыс даласын көріп, мен адамдардың неге қабілетті екендігін жақсы түсіндім. Адамдардың жауыздықты оп-оңай, араның бал жинағанындай жасайтындығын түсінбеген адамның көкірек көзі жабық немесе есі дұрыс емес» деп ойлаймын деп жазады Голдинг. Адамның шынайы табиғатынан шошынған жазушы оның бойында жақсылықтың бар екеніне үміттену, ғылыми-техникалық прогрестің салтанат құратынына көзсіз сенушілік, қоғамның моральдық-адамгершілік жағдайы мен жеке тұлғаның уақыт өткен сайын жөнделіп, жақсаратындығына сену – мұның бәрі адасушылық, өркениет желінің адам санасын торлаған, жапқан шаңы деп ұғындырады. Ол адамзат трагедиясының негізгі себебі мен салдары, тіпті бүкіл адамзат баласының адасуы – ол оның жаратылысына, табиғатына байланысты деп таниды. Автор «Шыбындар әміршісі» романы арқылы адам бойындағы жабайы инстинктің егер ол қиындыққа душар болса, оның ерік-күшіне бағынбайтынын, оның кез-келген уақытта, кез-келген адамның бойында, оның рухына, тіпті зиялы ортадан шыққан тегіне де, тәрбиесіне де қарамастан оянуға дайын екендігін айқын көрсетіп берді. Соғыс жазушының адам табиғаты жөніндегі түсінігін, жалпы дүниетанымын тұтастай өзгертіп, түрлі иллюзиялардан арылтты. Оның ойынша, 30-шы жылдары Германияда болған оқиға Англияда да болуы мүмкін; жауыздықтың себебін алыстан емес, ел ішінен, ағылшындықтардың өзінен іздеу керектігін ескертеді. Жалпы, «Шыбындар әміршісі» – «трагедиялық сабак», ескерту роман түрінде жазылған автордың өз қоғамына деген қарсылығынан туған туынды. Романда антиутопияның элементтері бар. Автор кейіпкерлерін тар шенберге тығып, таңдаусыз қалдырады, қиындықтан шығудың жолын көрсетпейді де. Өз ар-ұятының шырмауында қалдырып, өзінің шын табиғатын түсіндіруге тырысады.

Постмодернизм ағымының көшбасында Умберто Эко, Алек Голдинг, Киндзабуро Оэ, Сюмюэль Беккет, Абе Кобо, Хорхе Луис Борхес, Хулио Кортасар, Габриель Гарсиа Маркес, Иосиф Бродский, Дерек Уолкот, Акутагава Рюноске, Харуки Мураками, Патрик Зюскинд, Фаульз, В.Набоков, Айрис

Мердок, Тони Моррисон, Рю Мураками тұрады. Және бұлардың көпшілігі Нобель сыйлығының иегерлері. Бір ғана жапон әдебиетін алып қарайық. Неге жапон әдебиетінде постмодернизм алға шықты? Неге шығармашылық иелеріне бұл ағым жақын тұрды? Мұны әдеби зерттеушілердің көпшілігі екінші дүниежүзілік соғыстың салдарымен байланыстырады. Ал одан бұрынғы жапон тарихынан білетіміздей, 1854 жылы ақпанның 13-інде командор Перри Жапонияға қайта оралғанда, Сегун үкіметі АҚШ-пен соғысудан қорықты. Сөйтіп 1854 жылы наурыздың 13-інде Канагава деген жерде бірінші жапон-американ келісімшартына қол қойылды, Жапония АҚШ кемелері үшін Симода және Хакодате порттарын ашуға мәжбүр болды. 215 жылға созылған жапониядағы “жабық есік” саясаты күйреді, император дәрменсіз болып қалды. Сан ғасырлар бойы император үшін «харакири жасаймын» деп нық сеніммен айтатын халық өз болашағы үшін аландаулы күйде қалды. Ол аз болғандай, екінші дүниежүзілік соғыста Жапония жеңіліс тапты, артынша Хиросима, Нагасаки қасіреті орын алды. Мұның бәрі жапон халқының, нақтырақ айтқанда, жапон жастарының сағын сындырды. Себебі, сан ғасырлар бойы императордың шексіз билігіне бағынып, оның мызғымас күштілігіне табынып өскен жапондықтар үшін императордың АҚШ үкіметі алдында тізе бүккендігі қатты соққы болды. Жарқын болашаққа деген сенімінің күл-талқаны шықты, бұл олардың жандүниесіне, ішкі рухына, моралі мен психологиясына қатты әсер етті. АҚШ үкіметінің жапон жеріне емін-еркін кіріп, оп-оңай басып алғандығын постмодернизмнің белді өкілі, жапон жазушысы, Нобель сыйлығының иегері Киндзабуро Оэ былайша сипаттайды: *«Вспоминаю ужас, отвращение, почтительный страх, охватившие меня, когда я впервые увидел у нас в деревне чернокожих солдат вражеской армии. Они шли по улице. Пялились на девушек, дразнили псов, насвистывали песенки. ...Они были воплощением чужеземцев, пришельцев из незнакомого мира. А мы, желтокожие сорванцы, мы были маленькими японцами. Мы следили за ними издалека, прижавшись на мелководье друг к другу худенькими, голыми плечами, и ощущали исходившую от них угрозу “нашей Японии»* [6]. Бөтен елдің басқыншылық саясаты жапондықтарға қалай әсер еткендігін мұнан артық сөзбен жеткізу мүмкін емес. Өздерінің алпауыт державаның алдындағы дәрменсіздігін «мы были маленькими японцами», «худенькие, голые плечи» деп жеткізсе, салар ойранын «пялились на девушек» деген бірақ ауыз сөзге сыйғызады. Мұның салдарын екінші постмодернист жапондық жазушы Рю Мураками ашық айтады. Себебі, Муракамидің өзі американдық әскери база орналасқан шағын қалада дүниеге келді. Ол әскерилердің өмірін көре жүріп, олар арқылы жапон жастарының арасына түрлі зұлымдықтың (нашақорлық, топтық жыныстық қатынас, арысздық, екіжүзділік) тамыр жайып жатқандығының куәсі болды. 1979 жылы жарық көрген жапондық бозбалалардың нәпсіқұмарлық пен нашақорлыққа толы өмірін суреттеген «Көгілдір түстің барлық реңктері» атты романының басты кейіпкерінің де американдық офицер болуы ойдан шығарылған дүние емес болатын. Роман оқырмандар арасына тез тарап, миллионнан астам данасы сатылымға түсті. Роман үлкен сенсация тудырды. Роман сыншыларына Рю: «Мені топтық жыныстық қатынас пен нашақорлық жөнінде ештеңе түсінбейтін оқырмандар шығармаларды түсіне ме, түсінбей ме деген сұрақ мүлде толғандырмайды» жауап берді.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, жапон жастары соғыстан кейін барлық дәстүрден, ұлттық құндылықтардан айрылып қалды. Дәл осы экзистенциалдық вакуумды жазушы өз шығармаларында суреттелген зұлымдықтың тамыры деп түсінеді. Шындығында Мураками үшін «зұлымдықты суреттеу» – өзі тандап алған қоғамға қарсы стратегиясы. «Зұлымдықтың әлеуметтік тамырын» жазушы «Топаз» (жезөкше қыздар жайындағы новеллалар жинағы) және «Пирсинг» (өзі кенеттен жауыздықтың құрбаны болған қылмыскер жөнінде) романдарында айқын көрсетіп береді. Рюдін жазуынша, қоғамда адамдардың өзі дәл Америкадағы сияқты тауарға айналады. Бәрі де бойында барын саудаға салады: біреу – ақылын, біреу – білімін, біреу – талантын, ал қыздар өз тәнін саудаға салады. Өйткені олардың басқа сататын ештеңесі жоқ. Мураками дамыған жапон қоғамының басқалар көрмеген қырларын, күнделікті өмірін көре білді: тәнін саудаға салған жас қыздар («Топаз»), кісі өлтіруші-маньяктар («Пирсинг», «Мисо-суп», «Кинопроба»), нашақорлар, отбасындағы зорлық-зомбылық («Кинопроба»), өз еркімен социумнан аласталған жасөспірімдер («Паразиты»). Мураками кейіпкерлерінің барлығы – жастар. Себебі олар үнемі қозғалыста, өсу үстінде, қоғамдағы тоқыраулар мен қайшылықтарға ерекше назар аударады. Бірақ барлығы қалың ұйқыда, адасушылықта, жастардың бәрі нашаның буына мас болып жүреді. Өйткені олар бір минут болса да есін жиып, өзі өмір сүріп отырған қоғам шындығымен бетпе-бет келуге қорқады. Бұл жағдайлар жапон қоғамының басшылар айтқандай «мызғымас, күшті» емес екенін білдіреді. Яғни жазушы үкіметтің басқару жүйесінде дефектілер мен жағымсыз әсерлер көп екендігін ашық көрсете білді.

Жапон жазушылары қалам тартқан бұл жайлар бізге де таңсық емес. Қаншама уақыт бойы «кемелденген социализм» дәуірінде өмір сүріп жатырмыз деп алданып, енді аз уақытта коммунизмге қол жеткіземіз деген үмітпен өмір сүріп келе жатқан қазақ халқының күйреген арман-мақсаты, атом полигонының қансыратқан салдары, Арал тағдыры, «Байқоңыр» ғарыш айлағының зардабы («ренессанс ұлы» атанған Лопе де Веганың «Қой қайнары» драмасындағыдай жерді біреудің меншігіне беріп, соның кейіпкерлерінің күйін кешіп отырған), бұл өңірлерде климаттың бұзылуы кесірінен түрлі қауіпті аурулардың көбеюі, одан қала берді барахолкада арба сүйретіп, жүк тасып жүгіріп жүрген тепсе темір үзердей қазақ жігіттері, шемішкі сатып тиын жинап жүрген аналарымыздың бүгінгі келбетін де жоққа шығара алмаймыз. Рухани дағдарыс, ұлттық мәнгүрттік, көптеген жастардың өз елінен жеріп, тек тез байып алып, шетелде тұруды армандауы, суицидтің көбеюі, нашақорлық, қоғамды жайлаған екіжүзділік, паракорлық – мұның бәрі әрине, «дүниенің кетігін тауып, кірпіш болып қалануды» көздеп жүрген жас адамның жан-дүниесіне әсер етпей қоймайды. Өткен «дәстүрдің» бәрінен жеріп, болашақтың көкжиегі белгісіз болып тұрған осындай уақытта қазақ әдебиетінде постмодернистік сарындағы шығармалардың тууының өз табиғи. Тек «осы жолда ұлттық рухани құндылықтарымызды көзіміздің қарашығындай сақтап, «исімізді» жоғалтып алмай, өркениетті қоғам орнату – басты мақсат» [7].

Постмодернизмнің басты нысаны – үлкен әріппен басталатын Мәтін. Постмодернизм теориясы әлемдегі ең танымал, ықпалды философ, мәдениеттанушы, әдебиеттанушы, семиотик, лингвист ғалым Жак Дерриданың концепциясының негізінде пайда болды. Дерриданың түсінігінше, «әлем – бұл мәтін», «мәтін – ақиқаттың жалғыз ғана мүмкін моделі». Әрбір мәтін интермәтін болып табылады, себебі мұнда басқа мәтіндер әртүрлі деңгейде немесе адам аңғармай қалатын пішінде негізгі мәтінге еніп, қолданылып отырады. Әрбір мәтін бұрынғы ескі цитатадан алынған жаңа мәтінді құрайды. Мәдени код, формула, ритмикалық құрылым, әлеуметтік идиомалардың үзінділері – мәтін ішінде араласып жүреді.

**Интертекстуалдылық** – индивидтің туындысы тұйықталған (оқшауланған) дүние емес, барлығына ортақ деген ұғымды ұстанады. Постмодернизм әдебиетінде интертекстуалдылық басты орынға шығады: мәтіндер арасында байланыс бар, олардың кез-келгені әлем әдебиеті контекстінде көрініс табады. Постмодернизм сыншылары мұны түпнұсқаның жойылуы және штампқа тәуелділіктен арылу деп таниды. Интертекстуалдылық басқа әдеби туындыға сілтеме бола алады, онымен салыстыруға болады, стилін алуға болады. Интертекстуалдылықты пайдалану Борхестің «Пьер Менар, Дон Кихоттың авторы» романынан бастау алады. Мұнда бас кейіпкер Сервантестің «Дон Кихот» шығармасын көшіріп жазады. Интертекстуалдылық мәселесімен М.М. Бахтин, Ю.М. Лотман, В.Н. Топоров, Р.Барт т.б. айналысты. Терминді әдебиетке енгізген француз зерттеушісі, постструктуралистік ориентация маманы Юлия Кристева деп саналады (1967). Зерттеушілер теоретик ғалым М.Бахтин өзінің теориялық еңбегінде әдеби мәтінді полифониялық құрылым ретінде сипаттағаннан кейін, Ю.Кристева соның ықпалымен осы терминді енгізді деген пікір айтады. Шынында «мәтіндер арасындағы диалог» идеясының авторы М.М. Бахтин болатын. Интертекстуалдылық ғылыми, көркем мәтіндерде көрініс тауып отырады.

Интертекстуалдылықтың негізгі белгілерінің бірі – **цитаталармен ойнау**. Сол себепті постмодернизмді «цитаталық әдебиет» деп те атайды. Мысалы Жак Ривз Барышнидің романында жалпы саны 408 автор еңбектерінен 750 цитата келтірілген. Кристеваның пайымдауынша, бір мәтіннің екінші мәтін ішінде көрініс табуы, мәтін ішінде басқа мәтіндер мен кодтардың қабысып кетуі, басқа мәтіндердің трансформациялануы – бұл мәтін шекарасын жойып жібереді. Ал бұл өз кезегінде мәтіннің аяқталмауына, ашық күйінде қалуына, көптүрлілігіне әкеліп соғады.

**Метапроза** – мәтін туралы мәтін. Метапроза көп жағдайда автордың «репрессивті инстанциясын болдырмау» үшін пайдаланады. Сюжетті басқаша дамыту үшін баяндауды күтпеген жерден басқа арнаға бұрып әкетуі үшін пайдаланады. Метапроза (кейде метабаяндау, метафикшн деп те атайды) – әдеби мәтіннің табиғатын зерттеу, маңызды пәні даму үдерісі болып табылатын әдеби туынды. Әдетте метапрозаны модернизм, постмодернизммен байланыстырып жатады, бірақ оның элементтерін Сервантестің «Дон Кихотынан» (басты кейіпкері өзінің оқиғалары туралы жазылған кітапты оқи отырып, қате тұстарын сынап отырады), Ричардсонның «Памеласынан» (жағымсыз кейіпкер өзінің зұлымдықтары жайында жазылған хаттарды оқи отырып, қатты өкінуі), Джеффри Чосердің «Кентерберийлік әңгімелерінен кездестіруге болады. XX ғасырда метапроза Хорхе Луис Борхес, Владимир Набоков, Джон Барт сынды жазушылардың шығармашылығында кең көрініс тапты. Марк Липовецкий метапрозаға қатысты зерттеулерді талдай отырып, метапрозалық

туындының ортасында кейіпкер-жазушының образы тұратынын айтады. Ол автордың тікелей өкілі әрі егізі ретінде шығады. Мәтін құрылымы шындыққа сіңісіп кетуге қатысы бар, тура немесе ауыспалы түсініктер арқылы оқырманға баяндаудың бұл екі инстанциясын үнемі салыстырып, «мәтін ішіндегі мәтіннен» «шеңберден шыққан мәтінге» көңіл бөлуге мүмкіндік береді. Нәтижесінде оқырманның негізгі көңілі «әлемнің тұтас образынан гөрі мәтін арқылы беріліп отырған әлі бітпеген образды құру және жасау үдерісіне ауып кетеді, осылайша оқырман шығармашылық ойынға өзі де қатысқандай күй кешеді» [8]. **Ирония, ойын, қара әзіл.** Постмодернистік туындылардың көпшілігі өткенге пародиялық әрі ирониялық сипатта келетін болғандықтан, канадалық әдебиеттанушы Линда Хатчеон постмодернистік прозаны «ирониялық тырнақшалар» деп атады. Ирония, қара әзіл, ойын пішінінде жазуды ең алғаш модернистер бастағанымен, бұл бүгінде постмодернизмнің ең негізгі белгілерінің бірі болып табылады. Джон Барт, Джозеф Хеллер, Уильям Гэддис, Курт Воннегут сынды американдық постмодернист жазушыларды «қара юмористер» қатарына жатқызады. Постмодернизмге маңызды да күрделі мәселелерді ойнақы және юморлық кілтпен ойнатып суреттеу тән. Хеллер, Воннегут екінші дүниежүзілік соғыстың қатерлі мәселелерін сөз ете отырып, қисынсыз, ешбір мағынасыз, тіпті оғаш ойындарға жол береді. Оқырман ойын үдерісіне өзінің қалай тартылғанын сезбей қалады: ол алдын-ала болжалдап, ойланып, шиеленістен шығудың амалын іздеп, бір емес, бірнеше жолын тауып қояды. Бірақ постмодернистік ойынның ерекшелігі сол, оқырман өзінің шын дүние деп ойланып, қабылдап отырғанының барлығы жай ғана елес, ойын екенін кеш түсінеді. **Пастиш** – әртүрлі туынды элементтерінің араласуы, қабысуы. Постмодернистік әдебиетте бұл интертекстуалдық идеясымен тығыз байланысты. Бұл – постмодернистік қоғамның хаосқа толы, ақпаратқа толы плюралистік көрінісі. Пастиш өткеннің стилі немесе оған пародия болуы мүмкін. Пастиш әртүрлі жанрлардың қисындасуы, ол үздік баяндауларды тудырады немесе постмодерн ситуациясына түсінік жасауға пайдаланады: У.Берроуз – ғылыми фантастика, детектив, вестерн; М.Этвуд – ғылыми фантастика мен ертегілерді; У.Эко – детектив, ертегі, ғылыми фантастикаға жүгінеді. Пастиш жанрлардың араласуы болғанымен, ол басқа да элементтерді (метапроза) қабылдай алады. **Фабуляция** – сөйлеу мен есте сақтауда ойдан шығарылған нәрсенің шындықпен араласып кетуін білдіретін постмодернистік термин. Постмодернистік автор мимесис (еліктеу) ұғымы мен өмірін түсінуден әдейі бас тартады, таза шығармашылық пен ойдан шығарылғанды дәріптейді. Фабуляция романның дәстүрлі құрылымы мен баяндаушының рөлін жоққа шығарады, реалистік баяндауға миф, магия, тіпті, ғылыми фантастика секілді жанрлардың фантастикалық элементтерін енгізіп отырады. Бұл терминді Роберт Сколс өзінің «Фабуляторлар» еңбегі арқылы енгізді деп есептеледі. Фабуляцияның ең үздік үлгілерін үнділік жазушы Салман Рушдидің «Гарун және көптеген оқиғалар» атты кітабынан кездестіруге болады.

Фабуляция терминін психиатрия ғылымынан алып, өзінің «10 1/2 тараулардағы әлем тарихы» атты романында пайдалану арқылы әдебиетке енгізген Джулиан Барнс болды. Фабуляцияның мәні – мұнда бірнеше шынайы фактілер алынады да, соның негізінде жаңа сюжет ойлап табылады. Өзіне шындық пен абсурдтың белгілерін сіңдірген, адамды жалықтырып жіберетін дүние шығуы тиіс. Барлық жазушылар да фактілерді пайдаланып отырады, ал фабуляцияның ерекшелігі – өзі білмейтін немесе білгісі келмейтін фактілерді айналып өту үшін психикалық ауруға шалдыққан адамның ойлап тапқан әңгімесі сипатында болуы керек. Техномәдениет және гипершындық. Фредрик Джеймсон постмодернизмді «кейінгі капитализмнің мәдени логикасы» деп атады. «Кейінгі капитализм» деген терминнің астарында қоғам өндірістік ғасырдан ақпараттық ғасырға өтті деген мағына бар. Ал Жан Бодрийяр постсовременность (postmodernity) дегеннің өзі гипершындыққа өту болып табылады, мұнда симуляция (сылтау) шындықты ауыстырады деп түсіндіреді. Демек, адамдар жан-жақтан қаптаған ақпараттардың ортасында қалады, технология көптеген адам өмірінің ажырамас бөлшегіне айналады, ал біздің ақиқат (шындық) туралы түсінігіміз тек теледидар, компьютер, ұялы байланыс, Интернет арқылы көрінеді. Жазушы Дон Делиллоның кейіпкерлерін теледидар әртүрлі клише, брендтар мен тағамдардың атауымен бомбалап тастаса, Уильям Гибсон, Нил Стивенсон сынды фантаст-жазушылар ғылыми-фантастикалық шығармаларында постмодернистік ақпараттық «бомбалау» тақырыбын қозғайды. **Пойоменон** – зерттеуші Алистер Фаулердің шығармашылық үдерісі жайлы сөз болатын метапрозаның ерекше типіне арнап енгізген термині. Фаулердің ойынша, пойоменон – баяндау шындығының шегін – ойдан шығарылған дүние мен шындықтың аражігін танып, түсінуге көмектеседі. **Паранойя** сезімі, әлемді жайлаған хаостың артында белгілі бір тәртіп жүйесі жасырынуда деген ой. Бұл – постмодернизмнің жиі көтеріп жүрген тақырыптарының бірі. Постмодернистер үшін әлемнің тәртіпке бағындырылған жүйесін іздеу құр әурешілік болып

табылады. Көп жағдайда параноя техномәдениет пен гипершындықпен тақырыптарымен байланысып отырады. Мәселен, Курт Воннегуттың «Жеңімпазға арналған таңғы ас» туындысында басты кейіпкер Двейн Гувердің санасына бұл әлемдегі жалғыз адам өзі ғана, қалғандарының бәрі робот деген ұғымды әбден сіндіріп тастағаннан кейін, есінен ауысып, түрлі қатігездіктерді сезіне бастайды.

Тағы бір айта кететін мәселе, зерттеушілер екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі, нақтырақ айтқанда, абсурд театры, тылсым реализм секілді ағымдарды көп жағдайда постмодернизмге жатқызады. Олардың ұқсастығын айтпағанда, Сэмюэль Беккет, Уильям Берроуз, Хорхе Луис Борхес, Хулио Кортасар, Габриель Гарсиа Маркес сынды ірі өкілдері постмодернизм эстетикасының дамуына үлкен үлес қосты. Зерттеуші Ганс-Питер Вагнер абсурд театрының өкілі Беккетті постмодернистік қозғалыстың атасы санайды.

**Абсурд театры** – қазіргі замандық драма типі, адамзат баласының табиғи және әлеуметтік ортадан мүлдем шеттетілуі концепциясына негізделген. Мұндай жанрдағы пьесалар алғашында 1950 жылдары Францияда, кейіннен Батыс Еуропа мен АҚШ-қа тарады. Адамның мына қаскөй де мәнсіз әлемде абсурдқа кезігетінін ең алғаш Албьер Камю көтерді («Сизиф туралы миф»). «Абсурд театры» терминін бірінші рет театр сыншысы Мартин Эсслин 1962 жылы жариялаған кітабының атауында қолданды. Эсслин өмірдің негізі мәнсіз екендігі жөніндегі А.Камюдың философиялық ойларын дамытып, өз кітабында «Сизиф туралы мифті» иллюстрациялады. Абсурд театры түп тамыры дадаизм философиясынан, өмірде жоқ сөздерден құралған поэзиядан, 1910-1920 жылдардағы авангардтық поэзиядан бастау алады деп есептеледі. Өткір, аяусыз сынға қарамастан, бұл ағым екінші дүниежүзілік соғыстан кейін кең қанат жайып, адам өмірінің тұрақсыздығы, барынша мағынасыз екендігін көрсетіп берді. Терминнің өзі сынға ұшырап, оны «анти-театр» және «жаңа театр» деп өзгерткісі келгендер болды. Эсслиннің пікірінше, абсурдтық қозғалыс Эжен Ионеско, Сэмюэль Беккет, Жан Жене, Артюр Адамов секілді төрт драматургтың қойылымы негізінде аяққа тұрды. Сондай-ақ, Эсслин бұл автордың әрқайсысының «абсурд» терминінің аясына сыймайтын, одан шығып кететін, өзіндік керемет жазу техникасы бар.

Абсурд театры қозғалысы (немесе «жаңа театр») авангардтық феномен ретінде Парижде туған. Әуелгіде латын кварталында кішкентай театрда қойылып жүргенімен, көп уақыт өтпей әлемдік танымалдылыққа ие болды. Абсурд театры шынайы кейіпкерлерді, ситуацияларды, басқа да көптеген театрлық тәсілдерді жоққа шығарды. Оқиғаның өтетін орны, уақыты анық емес, өзгермелі, тіпті, ең қарапайым байланыстардың өзі үзіліп қалады. Еш мағынасы жоқ талас-тартыстар, қайталанатын диалогтар мен мақсатсыз мылжыңдасулар, әрекеттің айнаымалылығы, тиянақсыздығы – бәрі де бір мақсатқа, яғни адамның бойына үрей енгізіп, ертегілік (қиялдағы), тіпті қорқынышты көңіл-күйді орнату мақсатына бағындырылған. Абсурдизм қағидалары румын-француздық драматург Эжен Ионесконың «Газ әнші», ирландық жазушы С.Беккеттің «Годоны күте-күте» шығармаларында толық суреттелген.

**Тылсым реализм** – түп-тамыры үндістердің аңыздарынан бастау алатын, түсініксіз, шамадан тыс дүниенің қарапайым түсінікпен қосыла өрілетін, латынамерикандық жазушылар ойлап тапқан әдіс (мысалы, Маркесте «үлкен қанаттары бар өте кәрі адам» кездеседі). Магиялық реализм терминін заманымыздың терең ойлы жазушысы Әбіш Кекілбаев «тылсым реализм» деп керемет аударған. Оның негізгі белгілері – реалистік және фантастикалық немесе қиял-ғажайып дүниелердің араласуы және салыстырмалы суреттелуі, лабиринт секілді шұбалаңқы, шиеленіскен баяндаулар мен сюжеттер, түс, миф және ертегілерді шамадан тыс пайдалану, экспрессионистік, тіпті, сюрреалистік баяндау, жабық эрудиция, төбеден жай түсіретіндей, қорқынышты, түсініксіз, күтпеген жағдайларға назар аудару. Тақырыптар мен пәндер (заттар) көп жағдайда ойдан шығарылған, түсініксіз, жадағай, фантастикалық болып келеді, көп жағдайда адамның түсін еске түсіреді.

Түйіндей айтқанда, дәстүрлі поэтикадағы «авторлық позиция», «авторлық көзқарас» секілді категориялар немесе мәдени-тарихи дәуірлердегі әдебиетке тән бағалау, ой қорыту, оқырманға түйінді сөз айтып, жол көрсету – постмодернизм поэтикасына мүлде жат. Постмодернистік туындылардағы мәтін құрылымын зерттегенде ғалымдар оқырманға әлемді мәнсіз, мағынасыз, жүйесіз, ешбір заңдылықсыз дүние ретінде түсіндіру үшін автордың көптеген үзінділер, хаос түрінде баяндау эффектісін тудырудың сан алуан жолдарын пайдаланатынын көрсетіп берді. Бір шығарманың ішінде мұншама көп тәсілдің кездесуі дәстүрлі баяндауды бұзып, бұрынғы үйреншікті қалыпты жоққа шығарады. Соның ішінде, оқиғаның хронологиялық ретпен берілуі, автордың шығармадағы беделі (постмодернизмде оны авторлық маска ауыстырған), жанрлық тұтастық, шындыққа жанасымдылық сақталмайды. Постмодернизмде мәтінге ерекше көңіл бөлінеді, ал мәтіннің өзі өмірді суреттеуден немесе өмір туралы ой қорытудан тұрмайды, үзінділер, цитаталар,

түрлі пікірлерден құралады. Бір мәтінді әртүрлі интерпретациялау, әдеби ойын, өткен мен бүгінгі пародиялау арқылы қоғамдағы қарама-қайшылықтарды, оның адам санасындағы көрінісін, трагедиялық дүниетанымын суреттеу, жай суреттеу емес көпмағыналылыққа бой алдырып, адам ойына күдік кіргізіп суреттеу – постмодернизмге тән құбылыс. Постмодернизмнің негізгі ерекшеліктерінің бірі – әртүрлі дәуір, кезең, түрлі мәдениеттен алынған стиль, образдық мотив, тәсілдердің бір шығарманың ішінде тұтасып, түйдектей келуі. Сондықтан да суреттелетін оқиғаларының мерзімі, уақыты, орны анық емес.

Постмодернистердің «өмір хаосқа толы, әлемде иерархиялық тәртіп орнату мүлде мүмкін емес нәрсе» деп түсінетінін голландық зерттеуші Доуве Фоккема дұрыс көрсеткен. Кейіпкерлердің реалдық болмыспен арақатынасының жоғалып, оның орнын симулякр («көшірменің көшірмесі» Платон) ауыстыруының себебі де осыдан болуы мүмкін. Міне, постмодернизмнің осындай ерекшеліктерін білгенде ғана, біз Б.Майтановтың: «Постмодернизм үрдісіндегі қазіргі қазақ поэзиясында айналасына көңіліне толмау сарыны бәрінен басым. Лирикалық кейіпкерлер тартысты ғұмыр кешеді. Әлемдегі техногенді заман өзгерістеріне жылы ұшырай алмайды. Байырғы ұлттық құндылықтардың жойылып бара жатуына наразылық күшті. Тәркі дүние соққыларына төтеп беру қиын. Олар жалғанның опасыздығынан түңіледі де, белгісіз бағдарда, уақыт пен кеңістікті сезінбейтіндей жағдайда шарасыздық мұнарына сіңіп кетуге бет алады. Бұл ахуалдың шынайылығын толығымен теріске шығару жасандылыққа, әсіре саясатшылдыққа апарар еді» [9] деген пікірінің мәнісін түсінеміз. Бүгінгі тоғыз жолдың торабында тұрған, алды-артын бажайлап, ойлана көз тастап тұрған кең тынысты қазақ әдебиетінің алдында тұрған тағы бір міндет – әдебиеттегі дәстүрлі дүниелерді сөз етумен шектелмей, жаңалықты жіті қадағалап, дер кезінде үн қосып, сергек отыру.

Қалай болғанда да, постмодернист жазушылар бір бағытта – халықтың рухани сұранысын өтеуге қызмет етуде. Біздің жазушыларымыз қандай ағым, қандай формада болсын ішіндегі дүниесін, ойын айтуға, жариялауға құқылы. Бұл – Марино заманындағыдай «мылқау шешеннің» күйін кешіп келген біздің жазушыларымызға тәуелсіздік дәуірінің берген сыйы, мүмкіндігі. «Біз бұл үдерісті жылдамдатуға да, кідіртуге де құқылы емеспіз. Тақсыр уақыт пен әдеби тәжірибе негізгі сөздің тұтқасын ұстамақ» [9].

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

- 1 Асылбекұлы С. О.Бөкеев әңгімелерінің поэтикасы // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы, «Филология ғылымдар» сериясы. – 2013. – №4(46). – Б.120-123.
- 2 Әбіл-Серік Ә. Думан Рамазан және постмодернизм//Abai.kz ақпараттық порталы. 19.09.2017.
- 3 Голованова И. История мировой литературы. [rfu.edu.ru/IDO/period/rudn/n1\\_98/about.html](http://rfu.edu.ru/IDO/period/rudn/n1_98/about.html). 19.09.2017.
- 4 Қасқабасов С. Постмодернизмнің белгілері бізде де бар // Қазақ әдебиеті, 2009. – 10-16 сәуір.
- 5 Кабанова И.В. Постмодернизм. Структура постмодернистского текста. <http://17v-euro-lit.niv.ru/kabanova/postmodernizm.htm>. 19.09.2017.
- 6 Оэ Киндзабуро. Википедия.[info.wikireading.ru](http://info.wikireading.ru). 19.09.2017.
- 7 Ысқақұлы Д. Жаһандану жағдайындағы әдебиет // Ақиқат. – 2012. – №7. – Б.68-74.
- 8 Липовецкий М.Н. Русский постмодернизм. Очерки исторической поэтики. – Екатеринбург, 1997. – 320 с.
- 9 Майтанов Б. Қазіргі қазақ поэзиясы және постмодернизм // Кітапта: Тәуелсіздік дәуіріндегі қазақ әдебиеті. – Алматы: Ғылым, 2011. – 210 б.

*С.Асылбекұлы<sup>1</sup>, Г.Б. Токшылыкова<sup>2</sup>*

*<sup>1,2</sup>Казахский национальный педагогический университет им. Абая,  
г. Алматы, Казахстан*

## **ОСНОВНЫЕ ОСОБЕННОСТИ ЛИТЕРАТУРЫ ПОСТМОДЕРНИЗМА**

### *Резюме*

В статье понятие «постмодернизм» трактуется в широком и узком значениях. Термин постмодернизм – это общее название, относящееся к новейшим течениям в современном литературоведении. В специальной литературе не сложилось единого мнения о значении термина "постмодернизм". Многие исследователи относят Постмодернизм к послевоенной европейской и американской культуре, однако встречаются и попытки распространить это понятие на более ранний период или, наоборот, отнести его к искусству будущего, после или вне современности. Автор толкует почему художественное течение как постмодернизм возникает одновременно в нескольких развитых странах Азии и Европы. Исследуя основные особенности

постмодернизма, останавливается на таких приемах как интертекстуальность, метапроза, ирония, черный юмор, фабуляция, пастиш, паранойя.

**Ключевые слова:** постмодернизм, культура, крах цивилизации, литературное течение, писатели постмодернисты, интертекстуальность

*S.Assylbekuly<sup>1</sup>, G.Tokshylykova<sup>2</sup>*

*<sup>1,2</sup>Kazakh national pedagogical university named of Abay,  
Almaty, Kazakhstan*

## THE MAIN FEATURES OF THE LITERATURE OF POSTMODERNISM

### *Summary*

In the article the concept of "postmodernism" is interpreted in a broad and narrow sense. The term postmodernism is a general term referring to the latest trends in contemporary literary criticism. In the literature there is no common opinion on the meaning of the term "postmodernism". Many researchers attribute postmodernism to postwar European and American culture, but there are also attempts to extend this concept to an earlier period or, conversely, refer it to the art of the future, after or outside of the present. The author explains why the artistic trend as postmodernism occurs simultaneously in several developed countries of Asia and Europe. Studying the main features of postmodernism and stops at such techniques as intertextuality, meta-proza, irony, black humor, tabulation, pastes, paranoia, etc.

**Keywords:** postmodernism, culture, the collapse of civilization, the literary trend, writers postmodernists, intertextuality

FTAXP 17.82.20

*Р.Б. Бораиш<sup>1</sup>, Б.Нокербан<sup>2</sup>*

*<sup>1,2</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,  
Алматы қ., Қазақстан*

## ҰЛТТЫҚ ДРАМАТУРГИЯНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ М.ӘУЕЗОВТІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

### *Аңдатпа*

XX ғасырдың басындағы әдеби даму дәстүрі қазақ әдебиеті тарихында драматургиялық жанрдың қалыптасуына жағдай жасады. Бұл кезең қазақ әдебиетінде ұлттық мәдени, әдеби дәстүрдің елеулі жаңалықтарымен ерекшеленді. Сол жаңалықтардың бірі және бірегейі қатарында сөз өнерінің үш бұтағының бірі болып саналатын қазақ драматургиясының да туып, қалыптасуы деуге болады. Драматургия жанрының қазақ әдебиетінде туып қалыптасуы, дамуы ұлы тұлғалардың шығармашылық еңбегінің жемісі. Ғасыр басында оқыған озық ойлы қазақ жастары арасында әдеби ойын-сауық кеші ретінде басталған жанр түрі кейіннен ұлттық мазмұн мен ойды танытатын драмалық шығармалардың жазылуына әкелді.

Әлемдік драматургияның озық тәжірибесін бойына жинаған, қазіргі әдебиетіміздің жетекші жанрының біріне айналып, оқырманы мен көрерменін мәдениет пен эстетикалық сұлулыққа тәрбиелеген драматургияның күрделі даму жолы мақаланың басты бағыты. Жалпы мақалада қазақ драматургиясының қалыптасу, даму тарихы сараланып, ұлттық драматургияның, сахна өнерінің қалыптасуындағы М.Әуезов шығармашылығының тарихи мәні кеңінен сөз болады. Аталған мақалада М.Әуезовтің әдебиеттің драматургия саласы және театр өнерінің қалыптасу тарихынан жазған ғылыми еңбектері талданып тұжырымдалады. Қазақ театрын ашудағы төл драмалары мен аударма драмаларының тарихи орны кеңінен зерттеліп дәйектеледі.

**Түйін сөздер:** драма, драматургия, ұлттық театр, ұлттық құндылық, көркемдік деңгей, актер шеберлігі

Қазақ драматургиясы – әдебиеттің проза, поэзия салалары сияқты тарихын ерте бастамаса да, тамырын тереңнен алып, ұлттың ауыз әдебиетімен бірге жасасып келе жатқан саласы. Қазіргі кезеңдегі қазақ драматургиясы - әлемдік драматургия жетістігін бойына сіңіріп, шыңдалып, жетіліп, қалыптасқан жанр деп айтуға толығымен болады.

Қазақ драматургиясының қалыптасу тарихын зерттеуші академик Р.Нұрғалиев: “Қазақ драматургиясының өсіп-өрлеуі Жұмат Шанин, Мұхтар Әуезов, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров, Ғабит Мүсірепов, Сәбит Мұқанов, Әбділдә Тәжібаев, Әлжаппар Әбішев, Шахмет Құсайынов, Қалтай Мұхамеджанов, Тахауи Ахтанов есімдерімен тығыз байланысты”, – деп жазды [1, 28]. Аталған шығармашылық есімдер қазақ драматургиясының өсіп-өркендеуіне, жанрлық баюына зор тарихи еңбек сіңірді.

Драмалық шығарма – әр ұлттың мәдени, әдеби өмірінің өлшеуіші, сол дәуірді суреттеуші ерекше



туындысы ғана емес, сол дәуір мен кезеңнің перзенті де. Сондықтан да, қазақ драматургиясының мазмұн мен құрылымы жағынан эволюциялық жолын бақылау, соның нәтижесінде алдағы даму жолын анықтау – драматургияның теориялық мәселелері болып табылады.

Ұлт әдебиетінің, өнері мен мәдениетінің, әлеуметтік- рухани болмысының қалыптасу тарихында із қалдырған ұлы тұлғалар болады. Олар қалдырған әдеби мұра халықты әлемдік өркениетпен байланыстырады, рухани дүниенің жаңғыруына себепші болады. Өнертану ғылымының докторы, профессор Б.Құндақбаев: «Ұлттық өнердің барлық салаларында М.Әуезов салған жол сайрап жатыр. Оның энциклопедиялық таным-білімі қазақ өнерін сонау Ренессанс дәуіріндегідей құлпырып, дамып жетілудің аса биік деңгейіне көтеріп кетті», – деп қазақ драматургиясының қалыптасуындағы жазушы еңбектерінің тарихи орны ерекше екенін танытады [2, 9]. М.Әуезовтің алғашқы шығармашылық еңбектері көркем әңгімеден басталғаны белгілі. Ол жөнінде Бұзаубағарова Қ.С., Зауқымбекова Т. «Мұхтар Әуезовтің алғашқы әңгімелеріндегі шеберлігі туралы» мақаласында жазушының алғашқы әңгімелерінің жазушы шеберлігін шындаудағы орны туралы тоқталып өтеді [3]. М.Әуезов әдебиеттегі драматургияның қалыптасуындағы ұлттық құндылықтардың ерекшелігін таныған, фольклордың байлығын кәдеге жарату және әлем әдебиетіндегі озық мәдени мұралардан үлгі алу, тәжірибе жинау арқылы даму, жетілу жолын көрсеткен ғалым-драматург.

Ұлттық драматургияның дамуы мен қалыптасуы жолында алғашқы ой, тұжырым жасаған М.Әуезов: “Әуелі өз қатарымызды шолып өтейік. Бізде не бар? Жалпы жауап берсек, біздің әдебиет пьесадан сорлы емес. Соншалық, қара жерде отырған кісідей емеспіз. Қайта бүгінгі әдебиетіміздің өскелең түрінің бірі пьеса дейміз. Бұл жалпы жауап, біраз ұшқарырақ та жауап, әйтсе де саны мен әзірге сапаға келсек, алдымызда “Майдан”, “Түркісіб”, “Тартыс”, “Кек”, “Шабуыл”, “Шахта”, “Забой”, “Заман заңы”, бір алуан биылғы жыл тудырған күйлі пьесадан “Айман- Шолпан”, “Шұға”, “Қолхоз тойы” бір алуан боп көлденеңдейді. Бұлардың үстіне ең соңғы уақытта жазылған Бейімбеттің “Талтаңбайы”, Асқардың “Жаңа адамдары” тағы бар. Әзірше жазушы жұртшылығымыз көпшілігіне мәлім болған, бетке шығар деген пьесаларымыз – осылар” – деп драматургияны игерудегі қаламгерлердің жетістіктерін мақтанышпен атап өтеді [4]. Қазақ драматургиясының қалыптасу кезеңінде Мұхтар Әуезов “Жалпы театр өнері мен қазақ театры” (1926), “Жақсы пьеса-сапалы әдебиет үлгісі” (1934), “Қыз Жібек қандай?” (1934), “Дінді әшкерелейтін пьеса” (1938), “Қазақ сахнасындағы аударма пьесалар” (1937) т.б. мақалаларында осы мәселелерге қатысты өзіндік ғылыми тұжырымдар білдіре отырып, “Жақсы пьеса-сапалы әдебиет белгісі” мақаласында қазақ пьесасына мынадай қатаң талап қояды: “Оқиғасы тығыз құрылған, істелуі босаң емес, құрыш пьеса керек. Ол үшін әрбір тұлға көп ойланып, көп сұрыптаудан туған болсын”, – дейді. Келешекте осы мәселеге ерекше назар аударуға жол сілтейді. [5, 20]. Ал, «Драматургия заңы туралы кейбір ойлар» деген мақаласында драмалық шығармалардың теориялық мәселелері жайында ой түйіндей келіп, драманың архитектурасына мұқият қарау керектігін айтады. «Суретті әдебиет ішінде көпке жететін, дегені дөп тиетін, әсері мол болатын түр-драма» деп ой толғаған М.Әуезов қазақ драматургиясына жасампаз туындылар берген алғашқы драматург болды [6]. М.Әуезов халықтың фольклорлық мұралары-батырлық, ғашықтық, тарихи жырлардың тақырыбы мен сюжетін негізге ала отырып “Еңлік-Кебек”, “Айман-Шолпан”, “Қара Қыпшақ-Қобыланды”, “Бекет” сияқты қазақ драматургиясының көш басшысы болған драмаларын жазды.

Қазақ драматургиясы мен театры жөніндегі М.Әуезовтың шығармашылық қызметі ұлттық шеңбермен шектелген емес. Драматургқазақ мәдениетінің негізі болатын театрдың репертуарын жаңарту, өзге ұлттың драматургиялық туындылары арқылы актер шеберлігі мен көркемдік деңгейді көтеру сонымен қатар қазақ драматургиясын әлемдік өнер биігіне шығарудың жолын нұсқады. Осы ойда орыс және батыстың классикалық пьесаларын аударып, қазақ сахнасына қою арқылы қазақ театрын өнері алға кеткен елдермен теңестіруді көздеді. М.Әуезов орыс әдебиетінің таңдаулы драматургтерінің шығармаларын аударып қоюмен қазақтың ұлттық театрын кеңес өкіметі халықтарының арасында беделін көтеруді де мақсат тұтты. Ұлы жазушы Шекспир, Гогольдің, Н.Погодиннің, К.Треневтің Б.Пруттың пьесаларын қазақшаға аударып қойғызды. Драматург аударған «Любовь Яровая», «Ақсүйектер», «Менің досым», «Мылтықты адам», «Жойқын князь Мстислав» пьесаларының қазақ сахнасында қойылуы кеңестік кезең идеологиясын көтерген сол уақыттың саяси мазмұнды, қойылуы тиіс пьесалары еді. Аталған пьесалардың сахналануы ұлттық театр тәжірибесінің шындалуына әкелді. М.Әуезов аударма пьесалардың қазақ сахнасында қойылуы туралы: «Оларды қою арқылы ең әуелі, біз қазақ жұртшылығын неше алуан тарихпен, неше түрлі ұлттардың, қоғамдардың, таптардың өмірімен таныстырамыз. Сол орталардың қоғамдық мінез-

құлық, мүсін-пішіндерді танытамыз. Осыларды үлгілі режиссердің басшылығымен, өнерлі актер болып ойнап беру, біздің барлық ұжымымызды үлкен өнер мұраларын баурап алуға үйретеді. Біздің актердің бұл жөніндегі өсуі бүкіл дүние тарихының мәдениет қорына қарай қадам басып өсуді көрсетеді. Соны дұрыстап баурап алып, мәдениетті түрде пайдалануымыз да мәдениеттіліктің, өнерліктің сынынан өтеді», – деп ой түйеді [2, 29].

байқалады. Оның бір ғана мысалы шығарма тіліндегі ислами терминдер. Ол терминдер адамның наным-сенімі мен әдет-ғұрыптарына, мінез-құлық ережелеріне, діндегі негізгі жол-жоралғылар мен тыйымдарға қатысты. Мысалы: тауфиқ, халар-харам, захидтік, т.б. Ендеше, осы тұжырым негізінде Жүсіп Баласағұнды ислам қағидалары мен ережелерін, сенім жүйесін толық бойына сіңірген, исламдағы адамгершілік құндылықтарды қабыл еткен, әрі соны өзіне өмірлік мұрат еткен тұлға ретінде қабылдай аламыз. Бұған тағы бір дәлел – шығарма басындағы «дәстүрлі төрттік бастама». Ол жерде де ислами әдебиеттердің дәстүрі бойынша Аллаға, пайғамбарға, төрт әділ халифаға және өз тұсындағы рахымды билеуші патшаға арналған мадақ айтылатынын жоғарыда атап өткенбіз. Асылында, «Құтты білік» дастанының негізгі төрт кейіпкер арқылы өрбитін сюжетінің мәні аталған ислам құндылықтары тұрғысынан қарастырғанда ғана ашылатын секілді. Себебі, исламның бес парызының бірі Жаратушының бар екеніне әрі оның құдіретіне иман ету болса, сол иман етудің өзіндік алты шарты бар. Оны ислам ғылымында «әмәнту биллаһ» деп атайды: «...Аллаһқа, Аллаһтың періштелеріне, кітаптарына, пайғамбарларына, ақырет күніне, өлгеннен кейін қайта тірілуге, жәннат пен жаһаннамның бар екендігіне, тағдырға, жақсылық пен жамандықтың Аллаһтан екендігіне сену» [4, 73]. Осы алты шарттың ішіндегі біздің тақырыпқа ең маңыздысы – өлгеннен кейін қайта тірілуге, өлімнен кейін мәңгілік өмірдің бар екеніне, яғни ақыретке сену. Ақыретке сену – ақыреттік өмірдің бар екенін мойындау деген сөз. Ал «ақыреттік өмір» ұғымына дін ғылымында былайша анықтама берілген: «Ғаламдағы жүйе бұзылып, жойылғаннан кейін бірқатар жаңа әлемдердің бар болуы және өлгендердің қайтадан тіріліп, махшарда жиналуымен басталатын шексіз өмір деген сөз. Ақырет – өлімнен кейін басталатын және махшардағы тірілуден кейін мәңгілікке жалғасатын өмір болып табылады» [5, 11]. Жүсіп Баласағұн сол мәңгілік ақырет өміріне сенген, ислам дінінің негіздерін, иман негіздерін қабыл еткен мұсылман адам. Ендеше осы тұрғыдан қарайтын болсақ, екі кейіпкерді (құт-дәулет пен қанағат-тақуалық) дүниемен қоштастыру арқылы автор олардың адам өмірі үшін маңызсыздығын айтқысы келіп тұрған жоқ. Керісінше, ашкөзденбей, өткінші дүниеге байланбай, қанағат пен тақуалық ғұмыр кешкен адам жалғанның күйбең тірлігінен ерте азат етіліп, мәңгілік рахат өмірге қол жеткізеді деген ойды білдіргісі келген болуы да мүмкін. Ал енді шығарма сюжетіне қайта назар салып, біз келтірген ислами негіздер призмасынан қарайтын болсақ, сюжеттердегі идеялық астарлардан келесідей сырлар айғақталатын секілді.

*Біріншіден*, Күнтуды Елік пен Айтолдының кездесуі – елді әділ заңмен басқарған, турашыл патшаға құт-дәулет, ырыс-береке өзі іздеп келеді дегенге меңзейді. Бірақ бұл дүниеде ешқандай да құт мәңгілік тұрақтап тұрмайды. Сынақ өмірдің заңы бойынша адам баласына қиындық пен қуаныш-шаттық алма-кезек ауысып келіп отырады. Тек арғы өмірде ғана адам жаны жай тауып, мәңгілік рахатқа, тыныштыққа кенеледі. **Яғни бұл дүниедегі амалдар мәңгілік дүниенің сыйларымен өлшенгенде ғана өз мән-маңызын табады.** Оған Айтолды есімінің толысқан, енді азайып, жоғалуға бет алған ай мағынасын беруі бір дәлел. Әрі Күнтудымен сұхбаты кезіндегі әрекеттері, өз сипаттарын таныстыруы (659-750 бәйіттер) құт-дәулет, байлықтың бейнеленген образдары екенін айғақтайды.

*Екіншіден*, Айтолдының қайтыс болып, оның қызметіне ұлы Өгдүлміштің (ақыл-парасат бейнесі) келуі – құт-дәулеттен байқаусызда айырылып қалған адамға ақыл-парасаты көмекке келсе, қиындықтарға төтеп беріп, өмірі мәнді болады дегенге саяды. Осы жерде айқындалатын тағы бір маңызды сыр – елін әділ де адал, тура жолмен басқарамын деген патшаға ақылы, білім-білігі көмекші болуы керек.

*Үшінші*, Одғұрмыш атты тақуалық бейнесінің ортаға шығып, патшаға қызмет етпесе де, оған ақыл кеңес айтып, патша мен уәзірдің, яғни билік басындағылардың иманы мен ар-ұжданын шыңдап отыруынан мынадай сюжеттік астар көрінеді: қанша жерден әділетті, мейірімді, қажет кезде қатал, ақылды да парасатты болуға тырысқанымен, қулық-сұмдықтан ада, пәк сезімдерден сусындап тұрмаса – кезкелген жан, тіпті патша да өзін-өзі жоғалтпай ұстап қалуы қиын деген ойға алып келеді.

*Төртіншіден*, елге жемісті қызмет етіп жүрген Өгдүлміш кенеттен ісін тастап, Одғұрмышқа ақыл-кеңес сұрап баруы, өткен өмірге өкініп, налуы – адами ақыл-парасаттың өмір ақиқатын, мәнін іздеп шарқ ұруын, талпынуын көрсетеді. Бірақ Одғұрмыш оған «Елге бүгін сенің пайдаң көп тиер» деп, патшаға қызмет етуге, ел ісіне қайтарып жібереді.

*Бесіншіден*, дана, тақуа, кеменгер Одғұрмыштың қайтыс болуы – оның тұрақсыздығын, ол қасиеттің өмірлік тартыстардағы әлсіздігін танытуға меңзеп тұрған жоқ. Керісінше, ол қасиет немесе сол қасиеттің иесі болған әулие, тақуа Одғұрмыш халыққа еңбек етіп жүрген бектерге Алладан медет сұрап, бектерге тура жол көрсетіп отырғаны үшін бақилық өмірге күнәсіз, қиындықсыз, мол сауаппен аттанды деген идеяға алып келетін секілді. Себебі Жүсіп Баласағұнға – «Құтты біліктей» шығарма тудырған ілімді адамға өлім ең соңғы шешім, ең соңғы өлшем емес.

Ал енді төрт кейіпкерді бір негізге алып қарайтын болсақ, олар: Әділет, Ақыл, Құт, Қанағат – төртеуі де елдікті тіреп тұрған төрт негіз, төрт тірек. Бірінсіз-бірі ақсайды. Елдің басшысы ізгі ниетті, әділетті әрі халқына мейірімді. Ал оның екі уәзірі де патша мен халықтың ортасындағы дәнекер, адал қызметкер. Әулие данышпандар болса тек өзі үшін емес, халық пен оның басшысына дұға етіп, Алладан медет сұрап отырушы. Әркім өз орнын тауып, өз міндетін тиянақты атқаруы тиіс. Ел ісіне бейім, әрі адал жандар діндарлыққа беріліп, халық жүгін тастап кетпеуі керек. Бірақ данагөй, тақуа ұстаздардан білім алып, ақыл-кеңесіне жүгініп отыруы тиіс. Ал дін ісіне, ілім-ғылымға бейім жандар қым-қиғаш күйбең тірлікке араласпай, ой-қиялын таза ұстап, халыққа түзу жол көрсетіп отырмақ. Мінекей, Жүсіп Хас Хажыптың бізге нақыл еткісі келген өнегесі осында жатыр. Бұл ойымызды тиянақтауға мынадай жинақы пікір жәрдемге келеді: «...Бұл Абайдың «Барлық адам «һу» деп тариқатқа кірсе, дүние ойран болса керек-ті. Онда малды кім бағады, егінді кім салады» деген ойымен үйлеседі. Яғни әр пенденің Алла белгілеген жүрер жолы бар, біреудің несібесі – тариқаттан (дүние істеріне араласпай, қанағатпен өмір сүру арқылы Аллаға апаратын жол іздеу – Ж.Т.), біреудің несібесі – шариғаттан (исламның жалпыға ортақ құқықтық нормаларын сақтай отырып, қарапайым жолмен жүру – Ж.Т.). Екеуі де «иман» деген ұғымға байлаулы. Баласағұн дастанында осы екі жол барлық сипаттармен айқындалып берілген. Ешбірі мансұқталмайды, ешбірі асыра дәріптелмейді. Қайсысымен жүрсе де пенде адаспайды, таңдау еркі – әр адамның өз ішінде» [6, 101]. Жоғарыда келтірген С.Н.Ивановтың тұжырымдарына қарағанда, А.Әбдірасылдың ойлары дастанның шынайы табиғатын, сюжеттердегі астарды және жалпы шығарманың түпкі идеясын дұрыс таныта алған деп ойлаймыз. Біз де А.Әбдірасылдың пікірімен толықтай келісеміз. Осы орайда тағы бір маңызды пікірге тоқталып өткеніміз жөн секілді. Бүгінгі әдебиеттану ғылымындағы жаңа ізденістердің нәтижесі келесідей тұжырымдар жасауда: «...қолдан жасалған ілімдер мен бұрмаланған діндер де түркілердің рухани сұранысын толық қанағаттандыра алмады. Сол себепті де түркі халықтарының кейібірі ақыр соңында шынайы ақиқатты Исламнан ғана тапты» [7, 179]. Біз тоқталған мәселелер мен шығарған қорытындымыз да келтірген тұжырымды нақтылай түседі деп үміттенеміз.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

- 1 *Әдеби жәдігерлер. Жиырма томдық. 5-т.: Жүсіп Баласағұн. Құтты білік/Көне түркі тілінен аударып, алғы сөзі мен түсініктерін жазған А.Қ. Егеубаев. – Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2007. – 536 б.*
- 2 *Иванов С.Н. – «О «Благодатном знании» Юсуфа Баласағұнского». Мақала алынған басылым: Баласағұнский Ю. Благодатное знание. – М.: Наука, 1983. – 558 с.*
- 3 *Көне түркі әдебиетінің типологиясы. – Алматы, «Evo Press», 2014. – 416 б.*
- 4 *Сейітбеков С. Иман негіздері. – Алматы: Ислам мәдениеті мен білімін қолдау қоры, 2011. – 376 б.*
- 5 *Орал О. Ақырет жайлы жүз сұрақ/ауд. Ж.Теңлібаева. – Алматы: «Кокжеик-Б» ЖШС, 2016. – 152 б.*
- 6 *Әбдірасыл А. X-XII ғасырлар әдебиетіндегі азат ой ағымдары. Жыраулар поэзиясындағы тәуелсіздік сарындары. – Алматы: «Тіл» оқу-әдістемелік орталығының баспасы, 2012. – 408 б.*
- 7 *Қыдыр Т., Көшенова Т. Ортағасырлық түркі әдеби жәдігерлерінің діни-танымдық ерекшеліктері (XI-XV ғғ.) // Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Хабаршысы. «Филология ғылымдары» сериясы. – 2017. – №1(59). – Б.178-184.*

*Т.С. Жорабай<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Институт литературы и искусства им М.О. Ауэзова,  
г. Алматы, Казахстан*

## **НАРОДНЫЕ ИДЕИ ПОЭМЫ «КУТАДГУ БИЛИГ»: ОБЩЕЕ ОПИСАНИЕ, ПОДТЕКСТЫ СЮЖЕТА И КОМПОЗИЦИИ**

*Резюме*

В статье анализируется сюжет и композиция поэмы «Кутадгу билиг» («Благодатное знание»), которая является важным произведением в средневековой тюркской литературе. А также имеются исследование зарубежных и отечественных ученых и некоторые новые предложения по изучению поэмы. Анализируя сюжетную и композиционную систему поэмы «Кутадгу билиг», автор определяет художественные способы, выражающие народные патриотические идеи. С новой точкой зрения рассматривается авторская позиция и идеи, которые скрыты в образах и в диалогах персонажей. На основе исследования поэмы определяются категории: справедливость, прямодушие, разум и мудрость, здравомыслие, благо, богатство, мораль. Именно они являются основными опорами идеального государства. Наряду с этим, рассматривается влияние принципов исламской религии на мирознание автора и на поэтику произведения, являющейся главной идеологической основой поэмы «Кутадгу билиг».

**Ключевые слова:** тюркская литература, народная идея, справедливость, разум, мудрость, благо, благосостояние, вечная жизнь, духовность, средневековье, сюжет, композиция, мотив, подтекст

T.S. Zhorabay<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Master, Institute of Literature and Art named after M.O. Auezov

## THE FOLK IDEAS OF THE POEM "KUTADGUBILIG": A GENERAL DESCRIPTION, OVERTONES OF THE PLOT AND COMPOSITION

### Summary

The article analyzes the plot and composition of the poem «Kutadgubilig» («Blessed knowledge»), which is an important work in medieval Turkic literature. And also there is a study of foreign and domestic scientists and some new proposals for studying the poem. Analyzing the plot and compositional system of the poem «Kutadgubilig», the author defines artistic ways expressing popular patriotic ideas. With a new point of view, the author's position and ideas are considered, which are hidden in the images and in the dialogue of the characters. Based on the study of the poem, categories are defined: justice, straightforwardness, reason and wisdom, sanity, good, wealth, morality. They are the main pillars of the ideal state. Along with this, the influence of the principles of the Islamic religion on the author's worldview and on the poetics of the work, which is the main ideological basis of the poem «Kutadgubilig» is considered.

**Keywords:** turkic literature, folk idea, justice, reason, wisdom, welfare, welfare, eternal life, spirituality, the Middle Ages, plot, composition, motive, subtext

FTAXP 17.01.09

А.К. Жундибаева<sup>1</sup>, И.К. Хасенова<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup>Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті,  
Семей қ., Қазақстан

## ШӘКӘРІМ ШЕЖІРЕСІ ЖӘНЕ ШӘКӘРІМ ДӘСТҮРІ

### Аңдатпа

Бұл мақалада қазақ халқының тарихын түбегейлі танып білуге бағытталған шежіре дәстүрінің және Шәкәрім шежіресінің алар маңызы қарастырылған. Қатпары мол тарих қойнауынан оңайлықпен сырын аша бермейтін рухани қазынамыздың, шежіре дәстүрінің күні бүгінге дейін жоғалтпаған құндылығы хақында жазылған. Шәкәрім шежіресіндегі тарихи таным жалғастығы мәселесі көрсетіледі. Сонымен қатар ақын шежіресінің басқа шежірелерден ерекшелігі мен маңызы айқындалған. Қазақ тарихына қатысты жазылған өзге де жазылған шежірелік шығармалар мен Шәкәрімнің «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі» атты еңбегінің арасындағы тарихи-әдеби байланыс, көркемдік үндестік мәселелері зерттелген. Шәкәрім шығармашылығының қазақ халық болып қалыптасқанға дейінгі түркілік әдебиет қалыптастырған өнегелі, ғибратты, әсем де әсерлі көркемдік дәстүрді бойына сіңірген, жалғастырған бірден-бір мұра екендігін жете дәлелдеу.

**Түйін сөздер:** шежіре дәстүрі, Шәкәрім шежіресі, қазақ тарихы

Қазақ әдебиетінде Хәкім Абайдан кейінгі шоқтығы биік шығармаларды тудырып, тұла бойы терең философиялық ойларға толы туындыларды жазған Шәкәрім Құдайбердіұлының орны тым биікте. Халыққа орны толмас орасан маңызы бар қалдырған мұраларының бірі – шежіре дәстүрі. Дәстүрдің басты ерекшелігі – жазылатын шежірелер тарихи оқиғаларды жіпке тізгіндей етіп, хронологиялық тәртіппен баяндаған ресми жылнама түрінде емес, тарихта болған жеке қайраткерлердің өмір жолын яки тұтас бір ру, тайпа, халықтардың шығу тегін өсіп-өрбуін, кезеңдерін т.б сөз зергерлеріне тән шеберлікпен бейнелеп көрсететін көркем туындылар түрінде хатқа түсуінде. Шежіре арқылы халықтың ата-тегі, қонысы, қауымға қосқан үлесі, отан қорғаудағы орны, адами құқы т.б. болмысы білінетін болған. Қазақ бар жерде ру бар екені баршамызға мәлім. Ал ру бар жерде шежіре және оны сол қалпында жеткізетін шежіреші бар екені де даусыз. Олай болса осындай бүгінгі таңда өскелең ұрпаққа дәріптер асыл қазынамызды арнайы жазып кеткен Шәкәрім қажының мұрасына қырын қарай алмаймыз. Сол себепті де тек қана қалған мұра ретінде дәріптемей тарихымыз бір саласы ретінде жастарға танытуымыз абзал. Оның маңызы мен мәнін, тарихи құндылығы мен бағыт-бағдарын бағамдау үшін де көптеген ізденістер қажет. Қазақ халқының ұлттық санасын қалыптастыруға бағыттауда, халықтың сан ғасырлық қаһармандығын дәріптеуде Шәкәрім жазып кеткен шежіренің бізге берері мол.

«Шәкәрім шежіресінің басты ой қазығы – қазақтардың шығу тегі, нәсілі арабтардан емес, түп төркіні көне түркі әлемінде жатқанын ғылыми дәлелді, нақтылы тарихи деректер көзімен аша отырып, Абай бағдар берген тарихи танымды одан әрі жетілдіре жалғастыруында жатыр» [1].

Ғұлама ғалымның шежіре жазу дәстүріндегі негізгі ойлар тізбегі халқымыздың және түркі халықтарының аңыз-әңгімелері мен рухани ой-қазыналарынан бастау алады. Шежіре жайында түрлі түсініктер мен пайымдаулар бар. Сәбит Мұқановтың анықтамасы бойынша «Шежіре» деп кімдерден кімдер туып, қалай өрбігенін баяндайтын ерте заманнан атадан балаға мирас болып келе жатқан ауызша деректерді айтады [2]. Шежіре сөзінің мағынасына байланысты пікірімізді Қазақстанның белгілі этнологтарының бірі А.Сейдімбек те қолдап «иад» сөзінің көне түркілік сөздік қорынан екенін жазған еді, «жірде, жір, жірек ұғымдарымен қосыла келе «иад» күрделі «есте сақтау», «жадыда сақтау», «жадыдан іздеу» сияқты күрделі ұғымды туғызады [3]. Шежіре өзге ешбір ұлтта жоқ қазына. Бұл халықтардың көне тарихы жөнінде айтылатын мағлұматтар «шежіре», «тайра», «тарих», «сееджер» т.б. болып әр түрлі айтылғанымен «сақтау» деген мағынаны, ал семит-араб тілдерінде «ағаштың бұтағы» деген ұғымды білдіреді. Халқымыздың белгілі қайраткерлерінің бірі, тарихшы М.Тынышбаев: «Қазақ халқының әрбір руының генеологиясын алдын ала зерттемей, сондай-ақ, оның қай кезде, кіммен қақтығысқанын анықтап алмай, қазақ халқының тарихи тағдырының жалпы бітімін елестету мүмкін емес» деген [4]. Демек, бүгінгіні түсініп-түйсіну үшін өткенді елемей өте алмаймыз. Сол себепті де шежіре – асыл қазынамыз, бабадан қалған басты мұрамыз. Шежіре хақында көптеген ғалымдар сөз қозғап, зерттеулер жүргізген. Мәселен, Абай Құнанбаев, Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Мұхамеджан Тынышпаев, Н.Наушабай, М.Тұрғанбай. Солардың Абай салып кеткен сара жолды жалғастырушы Шәкәрім Құдайбердіұлы шежіресінің маңызы мен мәні орасан зор.

Шәкәрім «Шежіресі» тек қазақ тарихының баяны емес, сонымен бірге ол ХХ ғасыр басындағы ұлт-азаттық қозғалыстың түп-қазығы және жаршысы.

Шәкәрім Құдайбердіұлының «Түрік, қырғыз-қазақ хәм хандар шежіресін» бүгінгі таңда зерттеу – өзекті мәселе. Ш.Құдайбердіұлының «Түрік, қырғыз, қазақ хәм хандар шежіресі» кітабының құндылығы, онда баян етілген материалдар әлгі түсініктен әлдеқайда ауқымырақ. «Шәкәрімнің бұл кітабы қазақ шежіресінің тұңғышы, қазақ шежіресін білмек болған аға-іні іздегенді осы кітаптан табасың. Енді мұнан былай қазақ шежіресін жазбақ болған кісі Шәкәрім кітабын әбден білмей қадам баспасын. Кітап жиған жері жоқ, көшпелі далада жүріп Шәкәрім шежіресіндей кітап жазбақ оңай жұмыс емес» [5]. Яғни шежіреде халықтың шығу тегі, даму тарихы емес, одан әлдеқайда кең мәліметтер сараланады. Өйткені, Шәкәрім Құдайбердіұлы қазақ хәм түркі халықтарының тарихын, олардың өткізген түрлі тарихи процестерін асқан ізденімпаздықпен жазғандығын анық аңғарамыз. «Қазақтың түпкі атасының жайын білмек болып, көп уақыттан бері сол туралы естіген, білгенімді жазып алып және әртүрлі жұрттың шежіре кітаптарын оқыдым. Оқыған кітаптарымның мұсылманшасы: «Тәбіри», «Тарих ғумуми», «Тарих антшар аласлам», Нажиб Ғасымбектің «Түрік тарихы», Әбілғазы Баһадүр ханның жазған «Шежіре түрік» және қырылып, Нұх пайғамбар үш баласыменен, оның қатындары Алла тағаланың өміріменен кемеге кіріп, аман қалыпты. Осы күнгі барша адам балалары сол Нұхтың үш баласы-Сам, Хам, Яфастың нәсілі. «Тарих ғумуми» деген кітапта барша түрік, иран юнан, қытай хәм европадағылар Яфас нәсілінен. Барша хабаш, судан, зәңгибар, барша қара түсті жұрт – Хам нәсілінен дейді. Әртүрлі кітаптардан алынған сөздер, орысша кітаптан оқығаным – Радловтың ұйғыр туралы, Аристовтың түрік нәсілі туралы, дүниедегі әртүрлі жұрттың шежірелерінен орысшаға көшірген сөздері, оның ішінде түріктің ең ескі замандағы шежіре кітаптары «Құдатғу білік», «Кошочидам» деген кітаптардың сөздері және қытайдың Юән-шау- Ми-ши деген жазушысының сөзі және араб-парсы, рум-европа жазушыларының сөзі және қазақтың жаңылыс айтқан өтірік аталары – бәрі сол кітапта бар» [6].

Шәкәрім «Шежіресі» қазақтың ұлттық тарихи танымнан тым ауытқымаған. «Шежіренің» негізгі бөлімдерінің бәрінен де біз қазақ ортасында қалыптасқан түсініктер мен тарихи аңыздарды кездестіріп отырамыз. Шәкәрім Батыс, немесе Шығыс тарихшыларының еңбектеріне сілтемелер жасай отырса да, әр мәселенің төңірегінде қазақия ой тұрғысынан пікір білдіреді. Мысалы «нәсілі бір болмаса да, екі түрік ағайынды болғысы келсе, бір жерін қанатып, қандарын сүтке яки қымызға бөліп ішеді де, қаны қосылған қарындас болдық деседі. Оны «анда» деп атайды», дей келіп Шәкәрім «біздің қазақтың құда-андас дегендегі андасы осы сөз» дейді. Бұл қазақ сөзінің ішкі мазмұнын, төл этнографиясын терең білетін зерттеушінің пікірі. «Шежіре» мазмұнында осы сияқты тарихи зерттеушіліктің нышандары жиі кездеседі.

Осы сияқты Шәкәрім «Шежіресін» оқи отырып, біз одан Шығыстың да әсерін мықты сезінеміз.



Автор тек Әбілғазы бахадүр хан сияқты Шығыс тарихының майталмандарының еңбектерін ғана емес, сонымен бірге мұсылманша білімді адамдардың арасында кең тараған түбі «Таураттық» білімді де әр кез пайдаланып отырады.

Шәкәрім кітабы дәлдігімен, нақтылығымен, ғылыми негізде сараланып жүйеленуімен құнды. «Әлемді адам жаратқан жоқ, адамның өзі де өз-өзінен пайда болған десек ақиқаттан алыстаймыз» [7]. Яғни ақын мұрасы түркі елдерінің ата-тегін, түп-төркінін ғана қамтып қоймай, қазақ халқының түп-тамыры тарихына баса назар аударуымен ерекшеленеді. Сонымен қатар туындының басты маңызы Абай бағдар берген тарихи танымды одан әрі жетілдіре жалғастыруында жатыр. Кез-келген саналы азаматтың өзінің шығу тегі мен руының тарихына терең бойлағысы келсе, ойланбастан Шәкәрім шежіресіне сүйенуіне әбден болады. Ғасырлар бойы жиналған бай рухани мұраларды, ізгі дәстүрлерді ой өресінен өткізіп, өнегесіне сусындай білген талант иесі ғана табиғат берген дарыны мен қажырлы еңбегінің жемісі арқасында Шәкәрім шежіресінің шоқтығы биікте.

Ұлт өткенін білмей келешегіне бағдар жасай алмайтыны мәлім. Халық қашан да өзін іздейді, ата-бабасын іздейді, кешегі күнін, болашағын іздейді. Шежіре әр адамның жоғын тауып береді, ата-бабасының өрлігін, ерлігін, тектігін, өз мүддесін ұлт мүддесіне қабыстырған жандар екенін көрсетеді. Шежіренің ұлтымыздағы алар орны айрықша. Мұнда тарихымыздың ата тарихы екенін байқаймыз, оның ғасырдан ғасырға үзбей алып келе жатқан құндылығын әр буынның есіне салу біздерге берілген парыз деп білеміз. Шашырап жүрген ағайынға шежіре арқылы бөтенсінбей бірін-бірі танысуына болатынын әр кез кемері толысқан тарих беттері арқылы таныта аламыз. Шәкәрім шежіресінің негізгі бағыт-бағдары – аз да, аңыз да болса, халқымыздың тарих қойнауынан сыр шерту ғана емес, олардың туыстығын, ынтымақтастығын, ерлік т.б. жақсы істерін паш етіп, тек игі жақсылықтардың бастау алуына негіз болу.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

- 1 Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз Ғәм хандар шежіресі. – Алматы: Сана, 1991. – 80 б.
- 2 Мұханов С. Халық мұрасы. – А., 1974. – 14 б.
- 3 Сейдімбек А. Қазақтың ауызша тарихы (шежірелік деректерді пайымдау). – Астана: Фолиант, 2011. – 726 б.
- 4 Гумилев Л.Н. Көне түріктер. – А., 1992. – 480 б.
- 5 Бөкейхан Ә. Түрік, қырғыз Ғәм хандар шежіресі // «Қазақ» газеті. – 1913. – №12.
- 6 Артықбаев Ж. Шәкәрімнің шежіресіне қайта оралсақ // Қазақ тарихы. – №2, 2003. – Б.46-48.
- 7 Әліпхан М. Шәкәрім ақын ақыл туралы // Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы, Филология ғылымдары сериясы. – 2011. – №3(37). – Б.70-75.

*А.К. Жундибаева<sup>1</sup>, И.К. Хасенова<sup>2</sup>*

*<sup>1,2</sup>Государственный университет имени Шакарима города Семей,  
г. Семей, Казахстан*

## **ЛЕТОПИСЬ ШАКАРИМА И ТРАДИЦИИ ШАКАРИМА**

*Резюме*

В данной статье рассматривается значимость родословной летописи Шакарима, направленная на познание истории казахского народа. А также показываются духовные ценности нашей истории, традиции летописи, сохранившиеся по сей день. Анализируется проблема социально-исторического познания летописи Шакарима, в которой сохранено все литературное богатство казахов. Также определяются особенности летописи поэта, которые отличают ее от других произведений. Рассматриваются историко-литературные связи между летописями, направленными на изучение истории казахского народа, и произведением "Родословная летопись тюрков, киргизов, казахов и ханских династий". Основной целью является доказать ценность произведений поэта, в которых формируются нравственное становление творчества казахского народа и художественные традиции на протяжении многих лет.

**Ключевые слова:** традиции родословной летописи, родословная летопись Шакарима, история казахского народа

A.K. Zhundibayeva<sup>1</sup>, I.K. Khassenova<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup>Shakarim State University of Semey

## CHRONICLE SHAKARIM AND TRADITIONS OF SHAKARIM

### Summary

There is the valuable of Shakarim genealogical chronicle that is shown in this article and directed to cognition of Kazakh nation history. Also there are shown spiritual rich values of our history, chronicle tradition, that are appreciated nowadays. Analyzes the problem of socio-historical knowledge of the annals of Shakarim. Also defines the features and values of the Chronicles of the poet's other works casuses a genealogical chronicle of the Kazakh people. Examines historical-literary relationship between Chronicles to the study of the history of the Kazakh people and work "Bloodline chronicle of the Turks, Kyrgyz, Kazakhs and Khan dynasties". The main objective is to prove the value of the poet's works which is moral formation creativity of the Kazakh people and artistic traditions for many years.

**Keywords:** tradition of genealogical chronicle, Shakarim genealogical chronicle, history of the Kazakh people

МРНТИ 17.07.31

О.С. Зайцева<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный университет им. аль-Фараби,  
г. Алматы, Казахстан

## ПРОБЛЕМА ИНТЕРТЕКСТА В СОВРЕМЕННОЙ НАУКЕ

### Аннотация

В статье исследуются основные направления в области изучения интертекстуальности. Актуальность работы заключается в том, что в современной науке возрос интерес к проблеме интертекста в творчестве отдельных писателей. Рассматриваются различные точки зрения на термины «интертекст» и «интертекстуальность». Также приводится анализ основных источников теории интертекстуальности, в числе которых исследователи выделяют работы Ю.Тынянова, М.Бахтина и Ф. де Соссюра. Особое внимание в статье уделено классификациям фигур интертекста и выявлению их функций. Установлено, что в современной филологической науке под интертекстом понимают взаимодействие двух и более текстов, способное вызвать в сознании читателя дополнительные смысловые ассоциации, а также способ построения художественного текста, основывающийся на использовании цитат и реминисценций к другим текстам. К числу интертекстуальных элементов исследователи относят аллюзии, реминисценции и цитаты, которые, присутствуя в творчестве определенного писателя, направлены на отражение основных тенденций литературы, обогащение произведения и раскрытие его ключевых тем.

**Ключевые слова:** интертекст, интертекстуальность, фигуры интертекста, межтекстовые связи, аллюзия, цитата, реминисценция

В настоящее время в литературоведении большое внимание уделяется теории интертекстуальности. Интертекст – понятие, привлекшее к себе внимание лингвистов и литературоведов в 1970-1980-е годы на Западе и ставшее на рубеже XX-XXI веков предметом научных дискуссий в России. Интерес к теме интертекстуальности не случаен, ведь в настоящее время «интертекстуальность стала знаменем вербального творчества и искусства вообще» [1, 38]. Частоту включения в современные тексты разнородных интертекстом Л.В. Зубова, автор фундаментальной книги о современной русской поэзии, определила как «тотальное цитирование» [2].

Исследователи считают, что теория интертекстуальности имеет три основных источника – это теоретические взгляды Ю.Тынянова, М.Бахтина и теория анаграмм Фердинанда де Соссюра. Ю.Тынянов в статье «О пародии», описывая значение термина «пародия», исследует интертекстуальное взаимодействие текстов на уровне подражания («в сходных элементах (ритме, синтаксисе, рифмах и т.д.) и на уровне отталкивания «по противоположности» [3, 2]. Изучая семантику слова «пародия» Ю.Тынянов вспоминает его перевод как «переспень» поэтом и пародистом начала XX века Остолоповым. Исследователь отмечает, что «переспень» содержит сближение понятий пародии и подражания, вариации (переспень-перепев), а «варьирование своих и чужих стихов, происходящее при пародии, – огромной важности эволюционное явление», так как «эволюция литературы, в частности поэзии, совершается не только путем изобретения новых форм, но и, главным образом, путем применения старых форм в новой функции» [3, 2]. Значение пародии исследователь видит в

осуществлении ею двух задач: 1) «механизации определенного приёма»; 2) «организации нового материала, причем этим новым материалом и будет механизированный старый приём» [4, 5]. Существование пародии предполагает наличие в произведении второго плана, пародируемого, поэтому пародия может считаться интертекстуальным явлением.

Принцип анаграммы, о котором идет речь в поздних работах Ф. де Соссюра, сопричастен принципу интертекста. Известно, что в древнейших сакральных индийских гимнах «Ригведы» зашифрованы звуки и слоги, составлявшие имена богов.

В работе М.Бахтина «Проблемы поэтики Достоевского» описан диалог как элемент культуры. Ученый ввел такие термины, как «чужой голос», «чужое слово» и предложил рассматривать текст как диалог автора с предшествующей и современной ему культурой. По Бахтину, именно в диалоге человек становится тем, кто он есть. Существование человека основывается на диалогическом общении, именно поэтому диалог «не может и не должен кончиться». В своих исследованиях ученый утверждал, что текст можно понять лишь, соотнося его с другими текстами. Именно в работах Бахтина впервые были заложены основы возникновения и развития термина «интертекстуальность».

Положения М.Бахтина были развиты в работах Ю.Кристева и Р.Барта. Как известно, Ю.Кристева ввела термин «интертекстуальность» в 1967 году в работе «Бахтин, слово, диалог и роман». Вот как исследователь определяет понятие интертекстуальности: «Мы назовем интертекстуальностью эту текстуальную интеракцию, которая происходит внутри отдельного текста. Для познающих субъекта интертекстуальность – это признак того способа, каким текст прочитывает историю и вписывается в неё» [5, 225]. Предложенное исследователем понятие быстро закрепилось в литературе и стало необходимой частью любого литературного анализа, так как каждый текст написан в зависимости от того, что было написано прежде него и несет в себе «следы определенного наследия и память о традиции» [6, 138]. Опираясь на концепцию диалогичности и «чужого слова» М.Бахтина, Ю.Кристева считает, что «любой текст строится как мозаика цитирований, любой текст есть продукт впитывания и трансформации какого-нибудь другого текста. Тем самым на место понятия интерсубъективности встает понятие интертекстуальности...» [5, 74], а при выстраивании собственного повествования, пытаясь обогатить свое высказывание, автор сознательно использует чужую речь, которая в новом контексте непременно наполняется новым смыслом. При этом исследователя интересует процесс, лежащий в основе интертекстуальности, так как Кристева понимает интертекст как процесс бесконечный, динамичное воспроизведение текста в тексте.

На понятие интертекстуальности в своих исследованиях опирался и Р.Барт. Исследуя структуру текста, ученый уточняет, что «текст существует лишь в силу межтекстовых отношений, в силу интертекстуальности» [7, 486]. Стоит отметить, что Ролану Барту принадлежит одно из самых ёмких определений интертекстуальности: «текст взрывается, рассеивая в межтекстовом пространстве облако смыслов», затем из этих элементов, «из анонимных, неуловимых и вместе с тем уже читанных цитат, из цитат без кавычек» создаются тексты, которые также будут вслед за этим использованы [7, 46]. Такой процесс и получил название «интертекстуальность».

Исследования Ю.Кристева и Р.Барта в области интертекстуальности стали во многом оригинальными и плодотворными для научной мысли. В работах этих ученых были определены основные понятия постмодернизма – «мир как текст», «смерть автора» и «рождение читателя», «скриптор», «интертекст» и «интертекстуальность». То, что исследователи назвали интертекстуальностью (мозаика бессознательных и автоматизированных цитаций, обрывки культурных кодов, формул, ритмических структур, фрагменты социальных идиом и т.д.) нашло отражение в творчестве художников.

Сегодня интертекстуальность выступает своеобразным системным кодом человека конца XX века: являясь одним из ключевых понятий постмодернизма, интертекстуальность становится важным принципом организации текста и в произведениях других художественных направлений современной литературы. По замечанию Г.Б. Токшылыковой, «теория интертекстуальности развивалась главным образом в ходе исследования интертекстуальных связей в художественной литературе» [8, 194].

Интертекстуальность рассматривается с разных позиций. И.В. Арнольд в работе «Семантика. Стилистика. Интертекстуальность» под интертекстуальностью предлагает понимать внедрение в текст «либо целых других текстов с иным субъектом речи, либо их фрагментов в виде маркированных или немаркированных, преобразованных или неизменных цитат, аллюзий и реминисценций» [9, 346]. Рассматривая основные формы проявления интертекстуальности в художественном произведении, исследователь приходит к выводу о том, что масштабы данного явления могут быть различными и колебаться от реминисценций, аллюзий и цитат «до включения целостных больших

текстов в виде произведений, принадлежащих перу персонажей их писем, дневников или целых написанных ими романов» [9, 80].

В статье «Поэтика интертекстуальности» ученым делается попытка выявить общие черты между концепцией диалогичности М.М. Бахтина, теорией интертекстуальности и современной теорией контекста и показать, как данные концепции могут использоваться при анализе романа, в частности, английского романа XX века. На примере анализа романа Грэма Грина «Монсеньор Кихот» И.В. Арнольд показывает, как аллюзия, использованная автором в заглавии, одинаковые имена героев и похожие сюжеты влияют на восприятие произведения читателем. В данном случае они ориентируют читателя на главного героя и напоминают о знаменитом романе Сервантеса «Дон Кихот».

В мировой литературе немало текстов, которые используются писателями вновь и вновь. К их числу ученые относят Библию, «Божественную комедию» Данте, «Дон Кихота» Сервантеса, произведения Шекспира, в русской литературе – это произведения Пушкина, Лермонтова, Грибоедова, Гоголя. Цитирование вышеназванных писателей позволяет сопоставить мир XX в. и мир других эпох с их нравственными и духовными ценностями. Прецедентными текстами могут являться также мифы, сказки, песни и молитвы.

При изучении интертекстуальности в текстах художественной литературы исследователями используются термины «прецедентность» и «прецедентный текст». Понятие прецедентности лежит в основе интертекстуальности, определение данного явления можно встретить в работах Ю.Н. Караулова. Ученый рассматривает прецедентность следующим образом: это «значимые для той или иной личности в познавательном и эмоциональном отношениях, имеющие сверхличностный характер, т.е. хорошо известные и широкому окружению данной личности, включая ее предшественников и современников, и, наконец, такие, обращение к которым возобновляется неоднократно в дискурсе данной языковой личности» [10, 216]. По мнению ученого, прецедентными текстами могут быть любые явления культуры, известные практически всем носителям данного языка, общее достояние нации, элементы национальной памяти. Прецедентным текст становится тогда, когда используется как средство символизации.

В отечественных исследованиях было сформулировано понимание прецедентного феномена, выделены уровни прецедентного текста (национальный и универсальный), а также разработана типология прецедентных феноменов (прецедентное имя, прецедентный текст, прецедентная ситуация и прецедентное высказывание). Интертекстуальный анализ художественных произведений XX-нач.XXI вв. выявил основные типы текстов, выступающих в качестве прецедентных. К ним относят: 1) Священное Писание; 2) классические русские произведения; 3) классические зарубежные произведения; 4) мифологические тексты; 5) фольклорные тексты; 6) авторские песни. Отсылая читателя к предыдущим текстам, автор заставляет своего читателя искать смысл текста, выстраивая межтекстовые связи. Отнесенность «текста-реципиента» к другим текстам осуществляется именно благодаря прецедентным феноменам.

Понимание явления прецедентности активно разрабатывалось также в работах Е.Ю. Прохорова, Д.Б. Гудкова и В.В. Красных. В трудах этих ученых было предложено и изучено множество производных терминов, среди которых «прецедентное имя», «прецедентные онимы», «прецедентный топоним», «прецедентный жанр» и т.д.

Таким образом, являясь одним из проявлений интертекстуальности, прецедентные тексты представляют собой такие тексты, на которые многие ссылаются, поскольку считают их важными для данной культуры. Как правило, прецедентные тексты отбираются сознательно и рассматриваются как общеизвестные в конкретной речевой культуре.

Н.Николина под интертекстуальностью понимает «соотнесенность одного текста с другими, определяющая его смысловую полноту и семантическую множественность» [11, 226]. В число интертекстуальных элементов исследователь включает: 1) заглавия, отсылающие к другому произведению; 2) цитаты в составе текста; 3) аллюзии; 4) реминисценции; 5) эпиграфы; 6) пересказ чужого текста, включенный в новое произведение; 7) пародирование другого текста; 8) «точечные цитаты» – имена литературных персонажей других произведений или мифологических героев, включенные в текст; 9) «обнажение» жанровой связи рассматриваемого произведения с текстом предшественником и др. Объектом рассмотрения интертекстуальных связей, по мысли Николиной, могут быть как современные тексты, так и тексты классической литературы, насыщенные цитатами и реминисценциями.

Особенности функционирования вышеназванных элементов рассматривает Е.В. Терешёнок в своей статье «Фигуры интертекста в романе Уве Тимма «Жаркое лето»». Исследователь отмечает,

что интертекстуальные формы в художественном произведении У.Тимма способствуют раскрытию темы и особенности употребления фигур интертекста связаны непосредственно с его тематикой. Для анализируемого автором текста – это учеба студентов и протестное движение 1968 г. Е.В. Терешёнок путем количественного подсчета выявляет наиболее частотные интертекстемы, к которым относит текстовую аппликацию, парафраз, травестирование, цитирование и текстовую аллюзию. При этом самым употребляемым интертекстуальным элементом становится текстовая аппликация. Суть приёма текстовой аппликации состоит в том, что автор в качестве строительных блоков для собственного текста использует фрагменты текста, не содержащие указания на источник, так как подразумевается, что текст известен читателю. По мнению Е.В. Терешёнка, данный приём актуален для У.Тимма, так как роман вышел в свет спустя недолгое время после событий 1968 г., а значит события, описанные в нем, были еще свежи в памяти читателей. Выдержки из текстов политических деятелей, использованные писателем, помогли читателю лучше понять ход мыслей и действия главного героя. В качестве примера исследователь приводит отрывки из работ Г.Маркузе и В.Ленина, через которые герои романа получают ответы на свои вопросы.

Помимо текстовой аппликации в романе цитируются такие известные личности, как Фома Аквинский, Мао Цзэдун, Г.Маркузе, М.Хайдеггер и др. Также Е.В. Терешёнок исследует и функционирование в романе парафраза и текстовых аллюзий. Так, использование парафраза автором романа направлено на создание комического эффекта, а текстовые аллюзии выражают авторский протест против западного общества и его ложных ценностей.

Таким образом, путем тщательного интертекстуального анализа Е.В. Терешёнок приходит к выводу о том, что такие фигуры интертекста, как текстовая аппликация, цитирование, парафраз и аллюзия, использованы У.Тиммом в романе «Жаркое лето» неслучайно: они значительно обогащают содержание произведения, придают ему выразительность и способствуют диалогу между автором и читателем.

Научные исследования в области интертекстуальности содержат несколько классификаций, описывающих способы отсылок от одного текста к другому. Так, З.Г. Минц предлагает описывать интертекстуальность в виде метонимии, а Н.С. Олизко подразделяет интертекстуальные связи на метонимические и метафорические. Наиболее авторитетными классификациями интертекстуальных элементов считаются классификации, предложенные в работах П.Х. Тороп, Ж.Женетта и Н.А. Фатеевой. П.Х. Тороп в статье «Проблема интекста» предлагает считать любое соотношение текстовых элементов метакоммуникацией. В процессе метакоммуникации создаются метатексты – первичный текст выступает в качестве прототекста (базового текста), и на его основе создается новый текст. Кроме того, автор вводит понятие интекста. Под данным термином П.Х. Тороп понимает семантически насыщенную часть текста, «смысл и функция которой определяется по крайней мере двойным описанием» [12, 39]. При классификации интекстов ученый принимает во внимание способ примыкания нового текста к прототексту: 1) имитирующее примыкание (плагиат, перевод, цитата); 2) селективное (пародия, пастиш); редуцирующее (комментарий, резюме, аннотация); 4) комплементарное (замечание, послесловие), уровень примыкания (явный или скрытый), а также фрагментарность или целостность примыкающего текста.

Ж.Женетт выделяет пять уровней в процессе межтекстовых взаимодействий:

- 1) интертекстуальность как «соприсутствие» в одном тексте двух или более текстов (цитата, аллюзия, плагиат и т.д.);
- 2) паратекстуальность как отношение текста к своему заглавию, послесловию, эпиграфу;
- 3) метатекстуальность как комментирующая и часто критическая отсылка на свой предтекст;
- 4) гипертекстуальность как осмеяние или пародирование одним текстом другого;
- 5) архитекстуальность, понимаемая как жанровая связь текстов.

Классификация лингвиста Н.А. Фатеевой является одной из наиболее подробных и универсальных, она объединяет в себе классы интертекстуальных отношений, предложенных Ж.Женеттом и принципы, заложенные Т.Х. Торопом и И.П. Смирновым.

Типология интертекстуальных элементов и межтекстовых связей в художественных текстах, предложенная Н.А. Фатеевой:

I. Собственно интертекстуальность, образующая конструкцию «текст в тексте».

1.1 Цитаты:

1.1.1 цитаты с атрибуцией;

1.1.2 цитаты без атрибуции.

1.2 Аллюзии:

- 1.2.1 аллюзии с атрибуцией;
- 1.2.2 неатрибутированные аллюзии.
- 1.3Центонные тексты.
- II. Паратекстуальность или отношение текста к своему заглавию, эпиграфу, послесловию.
  - 2.1Цитаты-заглавия;
  - 2.2Эпиграфы.
- III. Метатекстуальность как пересказ и комментирующая ссылка на пре- текст.
  - 3.1Интертекст-пересказ;
  - 3.2Вариации на тему претекста;
  - 3.3Дописывание «чужого» текста;
  - 3.4Языковая игра с претекстами.
- IV. Гипертекстуальность как осмеяние или пародирование одним текстом другого.
- V. Архитекстуальность как жанровая связь текстов.
- VI. Иные модели и случаи интертекстуальности.
  - 6.1. Интертекст как троп или стилистическая фигура;
  - 6.2. Интермедияльные тропы и стилистические фигуры;
  - 6.3. Звуко-слоговой и морфемный типы интертекста;
  - 6.4. Заимствование приема.
- VII. Поэтическая парадигма.

Стоит отметить, что не все термины, представленные в вышеуказанной типологии, на сегодняшний день имеют устоявшиеся определения и требуют более подробного рассмотрения.

На рубеже XX-XXI веков интертекстуальность стала важнейшей особенностью словесного творчества, что сделало ее предметом острых научных дискуссий. Опираясь на все вышеуказанные точки зрения, можно предположить, что интертекст – это текст, который возникает в результате использования автором различных межтекстовых фигур и связей, способный вызвать в сознании читателей дополнительные смысловые ассоциации. Источниками теории интертекстуальности стали концепция диалогичности М.М. Бахтина, работы Ю.Н. Тынянова о пародии и теория анаграмм Фердинанда де Соссюра, а также филологические размышления современных исследователей. Являясь одним из ключевых понятий постструктурализма, интертекстуальность становится важнейшим принципом организации текста и в направлениях современной литературы.

*Список использованной литературы:*

- 1 Шулежкова С. Г. Проблема смерти автора в условиях «тотальной цитатности» // *Интертекст в художественном и публицистическом дискурсе: Сб. докл. междунар. науч. конф. – Магнитогорск, 2003. – С.38.*
- 2 Зубова Л.В. Современная русская поэзия в контексте истории языка.– М.: Новое лит. обозрение, 2000. – 431 с.
- 3 Тынянов Ю.Н. О пародии // *Поэтика. История литературы. Кино. – М., 1977. – С.284-309.*
- 4 Тынянов Ю.Н. Достоевский и Гоголь (к теории пародии) // *Поэтика. История литературы. Кино. – М., 1977. – С.198-226.*
- 5 Кристева Ю. Бахтин, слово, диалог и роман // *Вестн. МГУ. – Серия филологическая. – 1995. – №1. – С.97-124.*
- 6 Чувакин А.А. Основы филологии: учеб. пособие. – М.: ФЛИНТА: Наука, 2011. – 240 с.
- 7 Барт Р. Избранные работы: Семиотика. Поэтика / пер. с фр. – М.: Прогресс, 1989. – 616 с.
- 8 Токишылыкова Г.Б. Интертекстуальная связь между текстами // *Вестник КазНПУ им. Абая. Серия: Филологические науки. – 2015. – №1(51). – С.189-194.*
- 9 Арнольд И.В. Семантика. Стилистика. Интертекстуальность// *сборник статей. – СПб.: Изд-во Санкт-Петербургского ун-та, 1999. – 444 с.*
- 10 Караулов Ю.Н. Русский язык и языковая личность. – М.: Изд-во МГУ, 1987. – 264 с.
- 11 Николина Н.А. Филологический анализ текста: учебник для студ. учреждений высш. образования. 4-е изд-е, испр. – М.: Академия, 2014. – 272 с.
- 12 Тороп П.Х. Проблема интекста // *Труды по знаковым системам. – Тарту, 1981. – Вып. XIV (567). – С.33-44.*
- 13 Женетт Ж. Фигуры: Работы по поэтике. – Т.2. – М., 2001. – 469 с.
- 14 Фатеева Н.А. Интертекстуальность и ее функции в художественном дискурсе // *Известия Российской академии наук. Серия литературы и языка. – М., 1997. – Т.56. – №5. – С.12-21.*

О.С. Зайцева<sup>1</sup>  
<sup>1</sup>ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,  
Алматы қ., Қазақстан

## ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ҒЫЛЫМДАҒЫ ИНТЕРТЕКСТ МӘСЕЛЕСІ

*Түйіндеме*

Мақалада интертекстуалдық зерттеудің негізгі бағыттары зерттеледі. Жұмыстың өзектілігі қазіргі заманғы ғылымда көптеген жазушылардың шығармашылығындағы интертекстуалдық мәселесіне қызығушылық арттыруында. «Интертекст» және «интертекстуалдық» терминдері жайлы түрлі көзқарастар қарастырылады. Сондай-ақ, зерттеушілердің, Ю.Тынянов, М.Бахтин және Ф. де Соссюрдың интертекстуалдық теориясының негізгі мәселелері талданған. Ерекше назар интертекстуалдық жіктеу классификациясына және олардың функцияларын анықтауға аударылған. Қазіргі заманғы филология ғылымы бойынша интертекст деп оқырман санасында қосымша семантикалық ассоциациялар тудыратын бір немесе екі мәтіннің бірлесуін айтады, сондай-ақ цитата мен реминисценцияның басқа мәтіндерге қолданатын әдеби мәтінді құру әдісі. Зерттеушілер интертекстуалдық элементтерге аллюзия, реминисценция және цитатаны жатқызады. Олар нақты жазушы шығармаларында, оның негізгі тақырыптарын ашу, әдебиеттің негізгі бағытын корсетуге арналған.

**Түйін сөздер:** интертекст, интертекстуалдық, интертекст фигуралары, мәтінаралық байланыстар, аллюзия, цитата, реминисценция

O.Zaitseva<sup>1</sup>  
<sup>1</sup>al-Farabi named Kazakh National University,  
Almaty, Kazakhstan

## THE PROBLEM OF INTERTEXT IN MODERN SCIENCE

*Summary*

The article studies the main directions in the field of studying intertextuality. The urgency of the work lies in the fact that in modern science interest in the problem of intertext in the work of individual writers has increased. Different points of view on the terms "intertext" and "intertextuality" are considered. An analysis of the main sources of the theory of intertextuality is also given, among which the researchers sing out the works of Yu.Tynyanov, M.Bakhtin and F. de Saussure. Particular attention is paid to the classification of intertext figures and the identification of their functions. It is established that in modern philological science, the intertext is understood as the interaction of two or more texts that can induce additional semantic associations in the mind of the reader, as well as a way of constructing a literary text based on the use of citations and reminiscences to other texts. Among the intertextual elements, researchers attribute allusions, reminiscences and citations, which, when present in the work of a certain writer, are aimed at reflecting the main tendencies of literature, enriching the work and revealing its key themes.

**Key words:** intertext, intertextuality, intertext, intertextual communication, allusion, quotation, reminiscence

FTAXP 17.82.20

А.С. Кушкимбаева<sup>1</sup>  
<sup>1</sup>Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті,  
Ақтөбе қ., Қазақстан

## КЕЙІПКЕРДІҢ ТӨЛ СӨЗІ – ТІЛДІК ТҮЛҒА БЕЙНЕСІНІҢ БІР КӨРІНІСІ

*Аңдатпа*

Мақалада М.Әуезов драмаларындағы автордың қатысымының тіл арқылы танылуы автордың сөз өрнегін құрайтындығы туралы сөз болады. Автор бейнесі – бүкіл шығарманың өзегі, ол өз кейіпкерінің басынан өткен жайларда, тағдырында, сөзінде, мінез-құлқында, оқырманға эстетикалық әсерінде көрініс табады. М.Әуезов драмаларында автор бейнесі үнемі көрініс тауып отырады. Мысалы, «Еңлік-Кебекте» әділет іздеген, халқының болашағы үшін қынжылған, билердің кесіміне риза болмаған абыз бейнесінде көрінсе, ұлт-азаттық көтеріліс тақырыбын сөз еткен «Түнгі сарын» пьесасында саяси көзқарасы әлі тұрақтанбаған, кімнің дос, кімнің қас екенін ажырата алмай, ішкі түйсігі халқына араша түсу болып, шыр-пыр болған мұғалім бейнесінде, «Қаракөз» пьесасында ұлттық салт-дәстүрді дәріптей тұра, оның келеңсіз жақтарына сын көзбен қарайтын Сырым бейнесінде автордың қоғамдық-әлеуметтік көзқарасы қалыптаса бастағанын аңғару қиын емес.

**Түйін сөздер:** автор тұлғасы, адресат, монолог, ішкі монолог, кейіпкер тұлғасы, кейіпкер тілі

Әр мәтіннің сыртында тіл жүйесін меңгерген тілдік тұлға немесе сөйлеу туындысын (мәтінді) тудыруына және қабылдауына қарай адамның қабілеттері мен мінездемелерінің жиынтығы ретінде түсінілетін автордың тілдік тұлғасы тұрады. Мәтіннің авторға тәуелділігі мәтін авторы – тілдік тұлғаның типімен анықталады, автордың сөйлеу мәдениетінің (элитарлық, әдеби-сөйлеу, орташа әдеби, ауызекі қарапайым т.б.) қай типіне жататыны, жынысы (әйел, еркек), жасы, мамандығы – бәрі қосыла келіп, оның жеке басының қасиеттерін танытады. Әрбір нақты жағдайда автор өз позициясын әртүрлі – кейде ашық, кейде сөз арасында, кейде бүркемелей, мазмұндық-концептуалды немесе астарлы мәтінді ақпарат арқылы жеткізеді. Автор «мен»-інде автордың тұлғасы ғана танылып қоймайды, «мен» құрылымында (ең алдымен, көркем мәтіндерде) автор мен әңгімешінің, автор мен лирикалық кейіпкердің (әсіресе өлеңде) тұлғасы бірігуі мүмкін. Автор өз позициясын мәтінде автосемантикалық үзіндіде, «еркін» сөйлемдерде ашық айта алады, кейіпкердің мінез-құлқы, көңіл күйі, әлдебір құбылысқа көзқарасы авторға тән болуы мүмкін. Автордың араласуымен суреттеменің кеңістік, уақыт шекаралары жылжиды.

Мәтінде автордың қатысымының тіл арқылы танылуы **автордың сөз өрнегін** құрайды. Т.Шмелева оны мәтінде мына элементтермен көрсетеді:

1) әдетте «кадр сыртында» қалып қоятын, бірақ өзін таныту үшін мәтіннің ерекше фрагментін ала алатын автор мен адресат «фигураларының» экспликациясы. Мысалы, «автор фигурасының» танылуы;

2) суреттеу үшін іріктеліп алынған тілдік құралдар, авторландырылған ақпарат құралдарымен және әр қилы авторлық бағалау [1];

3) метамәтінді немесе А.Везбицкая айтқандай, «мәтіндегі мәтінді», яғни суреттемесін, оқырманға түсіндіру нұсқаулығы болатын мәтін бөлігін қолдану [2].

Тірідей «Қорланғанша қолында өлейін» деп, қорлыққа шыдамаған Өтен батыр Самайді қуып барып, «Қожаны ат үстінен аударып сап, Жүйрігін ағасының қайтып алды». Батырдың бұл наразылық әрекетіне айылын жимай, өштесе түскен Самай залым кедейлердің салығын көбейтіп, ебін тауып ағасын өлтіреді. «Бауырымдап» зар илеген Өтен «Сені өлтірген Самай ма?», – деп, әр моладан найзасының ұшымен түртіп сұрай берді. Атқа қонып, Самайдан өш алайық дегенін ешкім қолдамаған соң, бауырының қазасы жанына батып қайғыдан қан жұтады. Мұны естіп Төремұрат қаһарланып, батыр біткеннің басын жиып, Самайдің алдынан тосып алады:

Деп аттанды: «Қорлаған елді Самай, –  
Көзіңе көрсетейін жаһанамды!».  
Қия алмай сонда Самай шыбын жанын,  
Өзенге қойып кетті – Ойылға ағын.  
Күнжарық, Нарынбаймен екі батыр,  
Өлтіріп сол арада ішті қанын.

Осылайша, патшаның жандайшабының жанын жаһанамға келтірген батырларды ешкім, ешнәрсе тоқтата алмайтынына сендірген ақын келесі кезекте Құлшар, Кебіс, Келдеу және Төремұрат батырлардың Әлбаба қарттың ауылына келгеніне тоқталады. Қарияға сәлем бере келген «Қабыландай қайратты ұландардың», керегеден мойын созып жүз қарағанынан олардың бұйымтайы бар екенін байқаймыз. Бұл – Алла тағаланың өзі мінсіз етіп жаратқан Қыз Данайдың да аты мәлім болып, жігіт біткеннің көз құртына айналған шағы. Төрт ұлдың ортасында шолжаң өскен Әлбабаұлы Әжімбеттің жалғыз қызы Данайдың аңызға айналған сұлулығын ақын былай суреттейді:

Осы еді асқан сұлу Қыз Данайың,  
Ұрлаған айдың сұлу жүз арайын.  
Қоғадай жапырылған кірпіктері,  
Жүрекке қадалады найзадайын.

Жігіттердің өзін көргелі келгенін білген сұлу олардың сынамақ болып, батырлардың қолына су құятын баланың құмғанына ыстық су құйып береді де, қолға су құя бастағанда өзі де кіріп барады. «Ыстық судан батырлар ыршып түсіп, Қыз алдында қысылып ұялды енді». Осы жолдарды оқып отырғанда батырлар жырындағы өздеріне сенімді серік боларлық жар іздеп шыққан батырлардың қандай ауыр сынақтардан өткендігі еске оралады. Көп жігіттің ішінен шыдамдылығымен, төзімділігімен көзге түскен батырдың бұл қылығы оның тағы бір қырынан аша түседі. Бұл кезде сұлуға қарап отырған Төремұрат оның аталас ағайыны Қитарбайдың айттырып қойған қалыңдығы екенін ойлап кеткен еді.

Қыз Данай – жолы бөтен, күйі бөтен,

Өткелден өте алмаған қиын екен.

Іштегі өкініштің шоғы – мынау,

Құмғандағы ыстық су бұйым ба екен?! – деп ойлаған Төремұрат батыр құмғандағы ыстық суға қолын жуа берді, жуа берді. Өзінің шебер күйшілігі, құралайды көзге атқан мергендігі, сұлу бітімді сымбатымен елге белгілі Төремұрат батырды қыз да ұнатып қалады.

Қазақта қонақтар аттанып бара жатқанда, үй иесі олардың бұйымтайын сұрайтын дәстүр қалыптасқан. Сол секілді қонақтары жолға жинала бастаған соң, қария олардың бұйымтайын сұрайды. Батырлар үнсіз отырғанда немересі Данай рұқсат сұрайды да:

–Талайлы тағдырымды тұрмын қалап,

Жайымды түсіне біл, ей, жамағат.

Батырлар, ренжімеңдер хақ ісіне:

Сүйгенім – жалғыз ғана Төремұрат, – деп өз шешімін айтады.

Қария немересінің бетін қақпай, оның тілегін қабыл көреді. Бірақ атасы «қос ғашықты қосамын, деп ел алдында ант ішіп, берген уәдесін орындай алмай», аяқ астынан қайтыс болып кетеді. Кейін Әжімбет пен төрт ұлы құдіретті құданың қыспағына шыдай алмай Қыз Данайды он бір жасар балаға ұзатады. Ата заңын, ата ғұрпынбұза алмай, ол да өзге қыздар секілді «Кимешек ішінде сыңсып кете барды, Қысылған қыз арманы». Төремұрат: «Қалауымды қи маған, – деген еді, Бір емес, екі жесір құнын берем», оған бөрінің артынша шулағандар көнбей, қызды айттырған жеріне ұзатып жібереді. Бірақ, көп ұзамай қос ғашық сөз байласып, қашып кетеді. Қол ұстасқан ғашықтар өздері өмір сүрген қоғаммен арпалысып, тағдыр тәлейіне жазғанды бірге көтеруге бел буып уәделеседі.

Батыр мен сұлу елден жырақ, Жылойда бақытты өмір кешіп жатқанындабір күні батыр түзде жүргенде үйге қажыған салт атты қонақ келеді. Ол – Оралдағы абақтыдан қашып шыққан Құрманғазы еді. Тұзақтан қашқан күйшінің нағашы жұртын паналап келгеніне қарап отырып, үш жұрттың ішінде «нағашы жұрттың сыншыл» келетінін байқауға болады. «Түрмеден қашып келген хас дарынды, Қарсы алды Төремұрат «Құрманым» деп. Қыз Данайдың сыңғырлаған күлкісі күйшінің шабытын оятып, «Қызданайдың күлкісі», «Шәйсандық», «Төремұрат» деген күйлерін шығарады:

Күлкісі, о ғажайып, сыңғыр-сыңғыр,

Үн келгендей құлаққа күй ме, не бұл?

Күлкісі – құлақ тосса Қыз Данайдың,

Күй болып естіледі күмбір-құмбыл.

Осы бір әдемі тыныштықты қазақтың бітпейтін жесір дауы бұзады. «Жесірімді ап қашқан қашқын», «Ағайынның арасын аштың» деп бұлардың артынан іздеп келген қалың қол Бейбіткөлде ұрыс салады. Жалған намыс қуғандардың жақ-жақ болып қырқысып, қанға боялғанын «Қызданайдың қырғыны» деп аталатын жерден көруге болады. Қазақтар жер атауын сол жердегі үлкен оқиғаларға немесе жердің ерекшелігіне қарап қоятын болған. Талай керегелердің сүйегі отын болған, қан төгілген төбелердің тоз-тозы шыққан бұл жердің атауы да сол бір қанды оқиғадан хабар беріп тұрғаны анық. Біздің кесіріміз елге тимесін, жазықсыз бала-шаға жапа шекпесін деп түйген ғашықтар «Кең далама сыймады- ау алтын басым, Қош! Қош! – деп қолұстасып, атқа қонып» Бесқалаға аттанады.

Жат елге қыдырып емес, қашып барған ғашықтардың күні қандай болатыны тарихтан белгілі. Ағайын-туыстан қамқорлық таппай, туған жерден баз кешкен оларды «Қайда барса, Қорқыттың көрі» күтіп тұрды. «Түлкінің соры – қызылдығы» дегендей, енді айдай сұлу Қыз Данайдың тіл жеткісіз көркі түрікмендерді қызықтырады. Олар:

– «Хор қызының келді өзі төрімізге,

Өлтірейік тездетіп ерін біздер.

Орданың көркі болар мына әйел,

Сыйлайық бұл сұлуды бегімізге», – деп шешеді.

Жат жерліктердің арам пиғылын сезген батыр мен сұлу түн жамылып, қос жүйрікпен туған жер қайдасың деп тартып кетеді. Екеуінің қашқанын ертесіне білген олар арттарынан екі жүз қуғыншы салады. Түрікмендердің ахалтекесі оларды қуып жетіп, батырды ортаға қоршап, қапияда «Шырағы мәңгі сөніп Төремұрат, Қасында Күйкентаудың қала берді».

Көп дұшпан қан жұтқан Қыз Данайды байлап-матап, Бесқалаға алып келіп, бегіне сыйға тартады. Қауқарсыз қарт, жары майданда опат болған сұлуға қамқорлық жасағандай болып: – еркін жүре бер, – деп кеңдік жасайды. Данай осы еркіндікті пайдаланып, жарының алдаспанын жауларынан жасырып ұстап, арғымағын таң асырып баптай береді. Күндердің күні болғанда күзетке қойған баланың сусынына апиын қосып, оны ұйықтатып арғымақпен қашып кетеді.

Бісмиллә. Қолдай көр, – деп, – о, тәңірім»,  
Атылып үзеңгіге аяқ артты.  
Дұшпанын сан соқтырып кете барды,  
Қарғып өтті қарамай ор мен жарды.  
Келіскен бабы сонда арғымаққа,

Қуғыншылар қуса да жете алмады, – деген жолдар біріншіден – «Бісмиллә» деп бастаған істің сәтті болатынын байқатса, екіншіден – түрікмендердің ахалтекесін жеткізбеген арғымақтың бабына жетіп бапталғанын байқатады. Мұның өзі Қыз Данайдың алдына қойған мақсатына жетпей қоймайтындығының көрсеткіші еді. Адай елінде табаны тиген соң, қалың адай «Қыз Данай – ержүрек қыз осы ма?» – деп, «Жігіт боп тумағаны-ай, е, япыр-ай!», – деп күтіп алады да, қасына атқосшы қосып, жүйрік атпен сұлуды туған жері – Жылойына жеткізеді. Жауынгер қыз қол жинап, Өтен, Нарынбай тәрізді батырлармен жауға қайта барып, Төремұраттың кегін қайтарады. Төремұратты Күйентауға жерлеп келген батыр қызды қалың елі Қитарбайға қайта қосады. «Қалың малға сатылған бұл әйелді, Атағы, ерлігі де құтқармайды, ә?!» деген жолдардан авторлық ұстаным байқалса, Қыз Данайдың соңғы сөзіне кейінгілерге қаратыла айтылған аманат сыйып кеткен:

Қыларсыңдар жыр мұны,  
Айтарсыңдар мұңдыны.  
Сыпсың боп қалмас соңымнан,  
«Қыз Данайдың қырғыны».

Поэманың бір ерекшелігі – ауыз әдебиеті үлгілерінің кеңінен қолданылуы. Ақын батыр бейнесін толықтыру үшін батырлар жырындағы мотивтер мен градация тәрізді дамыта суреттеулерді пайдаланған. Мәселен, қуғыншы түрікмендердің де осал жау емес екендігін олардың астарындағы ахалтеке аттарынан байқауға болады. Алқынған арғымақтың асу-асу белдерден алқынып өтіп жатқанын оқып отырғанда қазақ батырларының сәйгүліктері еріксіз еске оралады. Ауыз әдебиеті үлгілерінен бізге таныс мотивтің бірі – бас кейіпкердің арғымағымен сырласуы. Бұл мысалдар шығармаға ешқандай нұқсан келтіріп тұрмағандықтан, оны ұлттық әдебиеттегі дәстүр жалғастығының көрсеткіші деп қабылдауға негіз бар [2].

Сонымен бірге автор негізгі оқиғаға байланысты өлең формасын да өзгертіп отырады. Ол бірде он бір буынды қара өлең үлгісімен жырласа, енді бірде жеті-сегіз буынды жыр үлгісімен төгіп-төгіп алады. 7-8 буынды жыр үлгісіне мына жолдар мысал бола алады:

Екі жүз түрікмен куды енді,  
Ахалтекесін орғытып,  
Жердің сорын иледі,  
Ор текедей қарғытып.  
Асыл жылқы қоя ма,...

Ауыз әдебиеті үлгілеріне тән осындай мотивтің бірі – батырлардың арғымақтарымен сырласуы болса, оған Қыз Данайдың Төремұраттың шідерленген арғымағына жасырынып келіп сырласуы мысал бола алады:

Ақ арғымақ, арғымақ,  
Шерлі әніме сал құлақ.  
Қашар едім сенімен,  
Алдымда тұр жар бірақ.  
Керілген кең дүние,  
Тағдырымыз тар бірақ...  
Иең өлген тұл пырақ,  
Сен де жүрсің қан жылап.  
Мынау терте тірлікте,  
Таусылдық-ау қалжырап.

Қыз Данайдың арғымақпен сырласуы – бір жағынан – жат елде одан басқа жанашыры жоғын байқатса, екіншіден – шідерлі жануарды шідерінің шешілетініне сендіруі еді. Бір-біріне дем берген қос мұңлық осылай өзара сырласу арқылы шер тарқатып отырғаны белгілі. Осындай мысалдың бірі – Қыз Данайдың Төремұраттың алдаспанымен сырласуы. Ол бірде өзі тығып қойған Төремұраттың алдаспанына қарап отырып:

Ақ алдаспан, алдаспан,  
Соғылған ақ алмастан.

Жау көргенде құнығып,  
Аппақ жүзін қан басқан.  
О, киелі алдаспан,  
Жау көзінен жасырып,  
Қара жерге көміп ем.  
Туған елге кәде қып,  
Жеткізермін сені мен, – дейді.

Кейіпкердің бұл сөзі – өзіне берген серті екені белгілі. Бірақ алдаспанға қарата айтуынан батырдың алдаспаны қолында тұрғанда оның кегін алмай тынбайтындығынан хабар берер көркем деталь ретінде қолданылған.

Сөйлесе сөзі – шешенмін,  
Қол бастасам – көсеммін.  
Қалың мал екен – тек құным,  
Төмен етектімін – десең кім.

Далиып жатқан далам-ай,  
Қондырсақ деп ек саған ай.  
Асылыңды сан жоғалттың,

Барыңды алмай бағалай! – деп аяқталатын поэмада қаншама ел басқарса да, қол басқарса да қыз балаға қазақтардың төмен етекте деп қарайтындығы Қыз Данайдың өмірі арқылы нанымды суреттелген. Поэманы жазып бітірген ақынға «Жүйрігіне қонған Қыз Данай ару ақ қар қылаулаған түпсіз аспанға айдай жүзін тоса бір қарап, келмес, мәңгі келмес ғасыр шымылдығына еніп бара жатқан» қалпында елестеуі – екі дүние арасындағы тылсым байланысты оқырманның есіне салады. Қазақта сөз бастаған шешендер, қол бастаған батырлар көп болған. Бірақ, олардың барлығы бірдей атала бермейді. Негізінен үлкен-үлкен оқиғалар мен тарихи тұлғалар ғана тарихта аталады да қазақтың төрт бұрышын жаудан қорғаған батырлардың көпшілігі беймағлұм қалпында қалып жатады. Осы тұрғыдан келгенде өмірде болған, аты аңызға айналған Төремұрат батыр бейнесінің ұлттық әдебиетке келуі қуантады. Ақынның Құрманғазы Сағырбайұлының «Төремұрат», «Қызданайдың күлкісі», «Шәйсандық» тәрізді күйлерінің жазылу тарихына үңілуі, ол туралы оқиғаларға жан бітіруі шығарманың тарихилығы мен деректілік сипатын аша түскен. Мұның өзі қазіргі қазақ поэмасының мазмұны жағынан толып жатқанын көрсетсе, жоғарыда көрсетілген мысалдардан ауыз әдебиеті мен жазба әдебиеті арасындағы дәстүрлі байланыс менмұндалайды.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1 Шәтенова С. Таңдамалы шығармалар. – Астана: Фолиант, 2013. – 230 б.

2 Асылбекұлы С. М. Мағауин новеллистикасының көркемдік әлемі//Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы «Филология ғылымдары» сериясы. – 2015. –№1(51). – Б.96-101.

Г.Орда<sup>1</sup>, Г.Асқарова<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Институт литературы и искусства М.О. Ауэзова,  
Алматы, Казахстан

<sup>2</sup>Казахский национальный педагогический университет имени Абая,  
Алматы, Казахстан

## **ПРОБЛЕМА ПРЕЕМСТВЕННОСТИ В СОВРЕМЕННОЙ КАЗАХСКОЙ ПОЭМЕ (НА ОСНОВЕ ПОЭМЫ С.ШАТЕНОВОЙ «КЫЗ ДАНАЙ»)**

*Резюме*

В статье рассматривается поэма «Кыз Данай» атырауского поэта Саулеш Шетеновой, которая известна не только лирическими, а также произведениями эпического жанра.

Одна из особенностей ее поэмы – широкое использование штрихов казахского фольклора. Автором для дополнения образа богатыря применены мотивы и градации из эпического жанра. Вместе с тем, она в зависимости от основных сюжетов меняет и форму поэмы. Поэма в основном сложена стихами из 11 слогов, хотя и встречаются отрывки из 7-8 слогов.

Поэт досконально останавливаясь на конкретных поступках сборщика налогов Самай кажы и других доверенных лиц царской империи, остро критикует не только их, ну и всю систему царской державы.

Автор искусно используя в поэме сюжеты легенд и рассказов народного фольклора, великолепно создала эпический образ девушки Данай.

**Ключевые слова:** образ, традиции, новшество, поэма, форма стиха, эпический образ, герой, легенда, исторический реализм, художественный реализм

G.Orda<sup>1</sup>, G.S. Askarova<sup>2</sup>

<sup>1</sup>*Institute of Literature and Art named after M.O. Auezov,  
Almaty, Kazakhstan*

<sup>2</sup>*Kazakh National Pedagogical University named after Abay,  
Almaty, Kazakhstan*

### DEVELOPMENT OF TRADITION IN A KAZAKH POEM (BASED ON A POEM «QYZ DANAI» OF SAULE SHATENOVA)

#### *Summary*

This article is reported the lyric poet of Atyrau who wrote epic poems SauleshShatenova's poem "QyzDanai". The feature of the poem is using widely samples of folklore. Poet tried to complete the image of the hero using motives and gradation pictures. And changed the form of poem concerning the main event. Poem referred eleven syllable sometimes it varied to seven, eight syllable.

Poet analyzed tax collector Samay's activity among the population of the colonial empire and their abuse made by reliable people. Author represented oral legends about girl Danai between the country and reflected her identity as aepic sense.

**Keywords:** image, tradition, innovation, poem, poem form, the epic hero, hero, legend, historical truth, truth of art

МРНТИ 17.07.41

З.Н. Поляк<sup>1</sup>

<sup>1</sup>*Казахский национальный педагогический университет имени Абая,  
г. Алматы, Казахстан*

### ЛИРИЧЕСКИЕ ЦИКЛЫ Н.ЧЕРНОВОЙ

#### *Аннотация*

В статье рассматривается особое жанровое образование – лирический цикл. На материале поэтического творчества современной казахстанской писательницы Надежды Черновой показаны особенности этого жанра в русской поэзии Казахстана конца XX – начала XXI вв.

Исследуются циклы, различные по объёму – от двух до двадцати двух стихотворений. Показаны общие для всех лирических циклов признаки: сюжетная логика в расположении текстов, система лейтмотивов, общность лирического героя и адресата, ориентация на единые образные средства. Определяется различие в жанрах лирического цикла и поэмы: цикл отличается своей структурной гибкостью; последовательность стихотворений в цикле может быть изменена, то есть возможна рециклизация.

Наиболее подробно в статье исследуется цикл Н.Черновой «Переселенцы». В результате анализа каждого вошедшего в цикл стихотворения и рассмотрения всего цикла как единого художественного комплекса, были сделаны выводы о поэтике лирического цикла в творчестве Н.Черновой: все стихотворения цикла объединяются общей темой и системой образных средств, благодаря чему создаётся новое смысловое и композиционное единство. Вместе с тем, семантика отдельного стихотворения углубляется и усложняется благодаря контексту всего цикла.

**Ключевые слова:** лирический цикл, поэтика жанра, автобиографические мотивы

**Введение.** В 1980-1990-е годы в литературоведении образовалось так называемое «цикловедческое» направление: общий интерес к литературной циклизации, начавшийся ещё в 1960-е годы, особенно обострился. Появилось множество частных и несколько фундаментальных исследований, посвященных теоретическим проблемам лирического цикла [1; 2; 3; 4]. Эти труды заложили основы для дальнейшего исследования природы и поэтики лирических циклов в современной литературе.

**Методы.** В работе использовались системный и биографический методы; в процессе анализа

поэтических текстов – структурно-семантический метод. Наиболее продуктивным нам представляется подход, высказанный Г.Лансоном: «Универсальных методов не существует. При наличии немногих общих принципов каждая специальная проблема, чтобы быть решенной правильно, требует особого метода, специально для неё созданного, приуроченного к характеру её данных и трудностей» [5, 42].

**Результаты.** В поэтическом творчестве современной казахстанской писательницы Надежды Михайловны Черновой цикл как жанровое образование встречается очень часто. Поэт обращается к циклам и на ранних этапах своего творческого пути, и в более зрелые периоды. Так, в сборник стихов «Кочевница-жизнь» (1986) [6] включен цикл «Бродячие сюжеты». Интересно, что внутри цикла многие стихотворения имеют в заглавии или подзаголовке жанровые определения: легенда, баллада, песня. В стихотворных сборниках 2000-х годов циклическое мышление поэта представлено еще более разнообразно. В книгу стихов «Солнцеворот» (2000) [6] включено три цикла под названиями «Мой Кавказ», «Восточный базар», «Туркменская тетрадь». Все они написаны по впечатлениям поездок и путешествий Н.Черновой. Входящие в циклы стихотворения мы определили как произведения, близкие жанру травелога – путевых записок [8].

Особенно богат циклами, различными по объёму и жанровым особенностям, сборник стихов «Огнецвет» (2004) [9]. Циклы этого сборника графически и композиционно оформлены одинаково: каждый из них состоит из нескольких стихотворений со сквозной нумерацией. Например, цикл «Куряне» состоит из трех стихотворений, цикл «Огнепоклонники» – из четырёх, а цикл «Исповедь грешницы» – из шести. Однако наибольшее количество циклов этого сборника состоит из двух стихотворений. Таких диалогий здесь восемь: «Моя единственная», «На Красном Кордоне», «Коркут», «Жестокий век», «Красные запястья», «Тысячелетие», «Ясенец», «Память».

Вопрос о том, можно ли считать произведение, состоящее из двух стихотворений, циклом, в литературоведении остаётся дискуссионным. Нам кажется, что если в диалогии присутствуют специфические черты цикла (сюжетная логика в расположении текстов, система лейтмотивов, общность лирического героя и адресата, ориентация на единые образные средства), то такое объединение двух стихотворений можно считать циклом.

Поэзия XX века даёт образцы циклов из двух стихотворений, на которые может ориентироваться современный поэт. Таков цикл М.Цветаевой «Жизни» или цикл К.Бальмонта «Выбор».

Названные циклы Н.Черновой, состоящие из двух стихотворений, объединяются одной общей особенностью: второе стихотворение цикла становится продолжением и развитием мыслей и образов первого. Поэту как будто не хватило пространства одного поэтического текста для выражения своего переживания. Второе стихотворение позволяет углубить и завершить художественный замысел.

В сборнике «Огнецвет» есть еще один цикл, количественно отличающийся от всех перечисленных. Это цикл «Поэты», состоящий из 22 стихотворений. Можно было бы предположить, что произведение такого объёма по своим жанровым характеристикам приближается к поэме. Ведь и поэма А.Ахматовой «Реквием» состоит из 12 пронумерованных миниатюр. Однако от поэмы цикл отличается своей структурной гибкостью. Последовательность стихотворений в цикле может быть изменена (чего не допускает строгая композиция поэмы), то есть возможна перераспределённость.

Стихотворения цикла Н.Черновой «Поэты» складываются в смысловое единство, оставаясь при этом самостоятельными завершёнными произведениями. Каждое из них посвящено теме творчества, но освещается эта тема всякий раз в новом ракурсе. Многие тексты цикла предваряются эпитафиями. Причем, часть цитат, выбранных для эпитафий, принадлежит признанным классикам поэзии XX века (А.Блок, А.Ахматова, Д.Кедрин, П.Васильев), а другая часть взята из стихотворений друзей и современников Надежды Черновой (Е.Курдаков, Л.Лезина, В.Михайлов). Помещая стихи всех этих поэтов в позицию эпитафия, автор цикла как будто уравнивает их в правах на поэтическом Олимпе. По мысли Н.Черновой (как её может понять читатель), любовь и восхищение автора друзьями-поэтами поднимает их на творческий пьедестал. Каждый поэт имеет свой неповторимый голос, своё особое место – независимо от того, признан ли он современниками и потомками, и насколько велик его поэтический дар. Кроме того, встраивая в заголовочный комплекс стихотворений имена своих предшественников и современников, поэт создаёт для них общую территорию – это мир творчества, он вне времени и пространства, в нем не может быть иерархии или субординации.

В новейшем творчестве поэта продолжается линия, развивающая цикл как над-жанровое образование. Примером может послужить произведение «Ослепительное лето (цикл стихов)», опубликованное в 2017 г. [10].



Особое место в поэтическом творчестве Н.Черновой занимает цикл «Переселенцы» (2007) [11]. Тема истории собственного рода, исторические судьбы русских в Казахстане – это важнейшая составная часть всего творчества Н.Черновой. Она поднимается автором во всех жанрах – в поэзии, прозе, публицистике.

Поэтический цикл на эту тему включает шесть стихотворений, объединённых сквозными мотивами и единой авторской интенцией.

Первое стихотворение цикла «Мы ушли...» задаёт всему циклу не только тему, но и интонацию. Из автобиографической прозы писательницы мы знаем, что её предки со стороны отца переселились в Казахстан из Курской губернии.

То же небо, что над южной Русью,  
Та же степь, с курганами вдали,  
Но теперь уже не оглянусь я,  
Не найду потерянной земли.

В стихотворении на первый план выступает драматизм человеческих судеб переселенцев. Исторические катаклизмы вынуждали целые народы кочевать по свету, отрываться от своих корней. Поэт с горечью констатирует последствия этих событий:

Говорит нам Азия большая:  
Вы остались русские душой.  
Говорит Россия, сокрушаясь:  
Много в вас от Азии большой.

Афористичные поэтические формулы позволяют с присущим лирике лаконизмом передать противоречия и драмы эпохи.

Философское размышление о жизни и смерти, лежащее в лирической основе второго стихотворения цикла, как будто расширяет его тематические границы. Поэт обращается к вечным вопросам бытия, к проблеме смысла жизни человека на земле, к мыслям о его месте в этом мире. Недаром эпиграфом к этому стихотворению становится классическая антитеза Г.Р. Державина: «Я – Бог, я – червь...».

Следующее стихотворение цикла имеет название – «Алтын Дала». Так называется природный заповедник в Костанайской области, большую часть которого занимают пустыни и степи. Стихотворение принадлежит к категории характерных для поэтики Н.Черновой текстов, в которых автор силой своего воображения воскрешает далёкое прошлое. Заглядывая за временную границу давно ушедшей эпохи, поэт рисует картины быта, характеры людей, природу прошлого. Образ кочевника-степняка, влюблённого в свой край, возникает в воображении автора, и читатель невольно заражается энергией и обаянием этого образа:

В родстве с конем и волком синим,  
Он любит волю, а еще –  
Чтоб ветер был, и жегся иней,  
И слезы не щадили щек...

Интересна строфическая форма и композиция этого стихотворения, придающая ему восточный колорит: четыре катрена (строфа, традиционная для русской поэтической классики) обрамляются двумя семистишиями со схемой рифмовки aabbccbb, которые напоминают твердые строфические формы в восточной поэзии.

Четвёртый текст цикла имеет не только название («Тучи над Баянаулом»), но и жанровый подзаголовок – «Старинная казахская песня». Оно написано по мотивам фольклорного произведения, поэтому в нем использован характерный для устного народного творчества прием – параллелизм. В первой строфе перед читателем разворачивается картина природы и нарисованы образы из мира животных и птиц: тучи, солнце и земля; мелькнувшая между сосен красная лиса и безуспешно устремившийся за ней коршун. Во второй строфе параллелью к этой картине выступает изображение жизни людей: спящий аул и тоска лирического героя по любимой, с которой он навсегда разлучен.

Пятое стихотворение цикла, на первый взгляд, вступает в отношения контраста со всеми предыдущими. Его ритмико-мелодическая интонация звучит несколько легкомысленно:

Что нам стоит дом построить?  
Нарисуем – станем жить.

Между тем, именно мотив дома (или «бездомья»), тема укоренённости человека в пространстве его бытия – это основной нерв всего цикла. Это двестише, давно ставшее афоризмом, у всех на

слуху. Оно прозвучало во многих детских стихах и фильмах, где его используют герои, когда хотят убедить окружающих в том, что предстоящее им дело можно осуществить с лёгкостью и оптимизмом. Однако в контексте цикла «Переселенцы» смысл этой фразы наполняется горькой иронией. Перед нами единственное стихотворение, которое вносит в цикл лирические мотивы любви и взаимоотношений мужчины и женщины от лица лирической героини. В нарисованном доме «будет всё, как захотим» именно потому, что он всего лишь плод фантазии. В этом воображаемом мире осуществляются мечты, исполняются желания. И только там возможно то, что немислимо в реальной жизни:

Зазвенят в крови цикады,  
В каждой жилке голубой.  
И разрушатся преграды  
Между мною и тобой.

Заключительное стихотворение цикла собирает в себе все темы и образы предыдущих стихотворений. В названии «Родословная» отразилось название документального мемориального жанра. Это одно из стихотворений, темы которых переплетаются с мотивами документальных книг Н. ерновой. К подробному анализу этого произведения мы уже обращались [12].

**Заключение.** Лирика и документальная проза Надежды Черновой пронизываются сходными сквозными мотивами. Значение для личности наследия рода, клана; связь поколений, место человека в истории не только семьи, но и этнической общности; мысль о единстве всех народов и о совпадении семейных и общечеловеческих ценностей – все эти темы волнуют современную казахстанскую писательницу и позволяют читателю её прозы и поэзии задуматься о своем месте в череде поколений.

Цикл стихотворений «Переселенцы» может стать примером этого метажанрового образования в современной поэзии. Все стихотворения этого произведения объединяются общей темой и системой образных средств, благодаря чему создаётся новое смысловое и композиционное единство. Каждое стихотворение цикла, оставаясь самостоятельным поэтическим текстом, способствует «приращению смысла» произведения в целом. Вместе с тем, семантика отдельного стихотворения углубляется и усложняется благодаря контексту всего цикла.

*Список использованной литературы:*

- 1 Фоменко И.В. *Лирический цикл: становление жанра, поэтика*. – Тверь, 1992. – 123 с.
- 2 Дарвин М.Н. *Художественная циклизация лирических произведений*. – Кемерово, 1997. – 40 с.
- 3 Ляпина Л. *Циклизация в русской литературе XIX века*. – Спб., 1999. – 279 с.
- 4 Толысбаева Ж.Ж. *Жанровая природа лирического цикла (На материале поэзии 1980-1990-х годов): автореф. дис. ... канд. филол. наук*. – Алматы, 1999. – 20 с.
- 5 Лансон Г. *Метод в истории литературы / Пер. и послесл. М.Гершензона*. – М.: Товарищество Мир, 1911. – 428 с.
- 6 Чернова Н. *Кочевница-жизнь*. – Алма-Ата: Жазушы, 1986. – 72 с.
- 7 Чернова Н. *Солнцеворот. Стихи*. – Астана: Елорда, 2000. – 384 с.
- 8 Поляк З.Н. *Жанр травелога в лирике Надежды Черновой // Русская литература XX–XXI веков как единый процесс (проблемы теории и методологии изучения)* – М.: МАКС Пресс, 2016. – 379 с. – С.113-116.
- 9 Чернова Н. *Огнецвет. Стихи*. – Астана: Аударма, 2004. – 224 с.
- 10 Чернова Н. *Ослепительное лето (цикл стихов) // Простор*, 2017. – №1. – С.5-9.
- 11 Чернова Н. *Переселенцы // Дружба народов*, 2007. – №6.
- 12 Поляк З.Н. *Надежда Чернова: поэзия сквозь призму прозы // Художественный мир литературы Казахстана: Компендиум*. – Вып. 4. – Алматы, 2013. – С.19-26.

З.Н. Поляк<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,  
Алматы қ., Қазақстан

## Н. ЧЕРНОВАНЫҢ ЛИРИКАЛЫҚ ТОПТАМАЛАРЫ

*Түйіндеме*

Мақалада ерекше жанрлық құрылым – лирикалық топтама қарастырылады. Қазіргі қазақстандық жазушы Надежда Чернованың поэзиялық шығармашылығы негізінде XX ғ. соңы мен XXI ғ. басындағы Қазақстанның орыс поэзиясындағы осы жанрдың ерекшеліктері көрсетілген.

Көлемі жағынан әртүрлі болып келетін екі өлеңнен бастап жиырма бес өлеңге дейінгі топтамалар зерттеледі. Лирикалық топтамаларға ортақ белгілер көрсетілген: мәтіндегі сюжеттік логика, лейтмотивтер жүйесі, лирикалық кейіпкер мен адресаттың ортақтығы, бірыңғай бейнелеу құралдарына бағыттау. Лирикалық топтама мен поэма жанрларындағы айырмашылықтар анықталады: топтама өзінің құрылымдық икемділігімен ерекшеленеді; топтамадағы өлеңдердің реттілігі өзгеруі мүмкін, яғни қайта тұтастану болады.

Мақалада Н.Чернованың «Переселенцы» («Қоныс аударушылар») топтамасы жан-жақты зерттеледі. Топтамаға енген әр өлеңді талдау және тұтас топтаманы бірыңғай көркем кешен ретінде қарастыру нәтижесінде Н.Чернованың шығармашылығындағы лирикалық топтама поэтикасы туралы қорытындылар жасалды: топтаманың барлық өлеңдері ортақ тақырыппен және бейнелеу құралдарының жүйесімен біріктіріледі, соның арқасында жаңа мағыналық және құрылымдық бірлік пайда болады. Сонымен қатар, жеке өлеңнің мағынасы тереңделіп, барлық топтаманың мәнмәтініне қарай күрделілене түседі.

**Түйін сөздер:** лирикалық топтама, жанр поэтикасы, автобиографиялық сарындар

*Z.N. Polyak<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>*Kazakh National Pedagogical University named after Abai,  
Almaty, Kazakhstan*

## LYRICAL CYCLES OF N.CHERNOVA

### *Summary*

The article deals with a special genre formation - the lyrical cycle. On the material of the poetic creativity of the modern Kazakh writer Nadezhda Chernova features of this genre in Russian poetry of Kazakhstan late XX – early XXI centuries.

We study cycles, varying in volume - from two to twenty-two poems. Shown are common for all lyrical cycles of signs: the plot logic in the arrangement of texts, the system of leitmotifs, the generality of the lyric hero and the addressee, the orientation toward uniform figurative means. A distinction is made in the genres of the lyric cycle and the poem: the cycle differs in its structural flexibility; The sequence of poems in the cycle can be changed, that is, recyclization is possible.

The most detailed in the article is the cycle of N.Chernova "Resettlers". As a result of the analysis of each poem entered and the review of the whole cycle as a single art complex, conclusions were drawn about the poetics of the lyrical cycle in N.Chernova's work: all the poems of the cycle are united by a common theme and a system of figurative means, thanks to which a new semantic and compositional unity is created. At the same time, the semantics of a particular poem is deepened and complicated by the context of the entire cycle.

**Keywords:** lyric cycle, poetics of the genre, autobiographical motifs

*FTAXP 17.82.94*

*Г.Ж. Пірәлі<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>*М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты,  
Алматы қ., Қазақстан*

## XX ҒАСЫРДАҒЫ ЭПИСТОЛЯРЛЫҚ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ИНТЕРПРЕТАЦИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ (М.О. ӘУЕЗОВТІҢ ЗОЯ КЕДРИНАМЕН ЖАЗЫСҚАН ХАТТАРЫ НЕГІЗІНДЕ)

### *Аңдатпа*

Қазіргі ақпараттық заманда жеке адамның көңіл –күйін, бір мәселе тұрғысындағы пікір-пайымын түсіретін хат жазу дәстүрі кеміп, бұрындары зиялы ортада хаттар арқылы кеңінен дамыған мәдени пікіралмасу, әдеби пікірталас, сұхбаттар сиреді. Хаттар-диалогтар әлемі екендігі даусыз. Сондықтан да қазіргі қазақ әдебиеттануында Мұхтар Әуезовтің эпистолярлық мұраларын зерттеу өте өзекті мәселе болып табылады. Және ол әлі кеңінен ғылыми мәселе ретінде қарастырылмаған нысана.

Негізінде жазушының жеке өмірінен шығармашылық өмірбаяны өрбитінін еске алсақ, жеке тұлғаның тағдырына, өміріне, отбасына, әрбір кезеңдердегі өмір белестеріне де бейғам қарауға болмайтыны белгілі. Олардың бәрі қазақ әдебиеті үшін үлкен рухани құндылықтар, эпистолярлық мұра, мәдениет. М.Әуезовтің шығармашылығын тарихи-әдеби зерттеудегі қазіргі әдебиеттанудың өзекті мәселелерін осы тұрғыдан танып, талдауға тура келеді. Мақалада М.Әуезов пен З.Кедринаның бір-біріне жазған хаттары негізінде екі тұлғаның жеке тағдырына қатысты ғана құнды деректер ғана емес, ол қазақ және орыс әдебиеті арасындағы белгілі кезеңдегі (кеңестік) күрделі шығармашылық байланыстан, рухани өмірден, сөз өнері тарихынан да көптеген құнды мәліметтер аламыз.

**Түйін сөздер:** әдебиет, автограф, эпистолярлық мұра, мәдениет, тұлға, сын

Тегінде тарихи әрі шығармашылық тұлғалардың эпистолярлық мұралары олардың жеке адами қасиеттері, кісілік келбеттері, бір отбасындағы және жақын араласқан адамдары арасындағы қарапайым пенделік тіршіліктерден де сыр тартады. Ұлы тұлғаның әке, сүйген жар, әріптес ретіндегі бейнесі, ішкі жан дүниелеріндегі жеке бастың сырлары мен нәзік толғаныстары хат мәтіндерінде кеңінен әрі терең танылады. Сол сәтте сырт кісіге арналмағанымен кейін ұлтымыздың рухани игілігіне айналған бұл мұралардан жазушының сол кездері толғатқан, мұңайтқан, тіпті түңілген тұстардағы көңіл-күйлері де байқалып отырады. Әсіресе М.Әуезовтің эпистолярлық мұрасы сол кезеңдері кеңінен қолданылған хат жазу – тек қана хабар алмасу немесе қарым-қатынас құралы ғана емес, ішкі құпия ойлардың ашық айтылар алаңы, жанына жақын адамына шағынар жан сыры, жана азабын, жан айғайын, үлкен аудиторияларға айтыла бермейтін ішкі сырларды бүкпесіз емін – еркін ақтаратын да сәт. Сондықтан да жеке адресаттарға арналған эпистолярлық мұралар мәтіндерінде сезімдік-эмоционалдық, психологиялық баяндаулар басым болатыны да табиғи заңдылық. Жазушының жеке адами қасиеттері терең танылатын, нәзік ашылатын эпистолярлық мәтіндер бізге жазушының өзінің жан әлемі мен оның отбасы мүшелерінің де, әріптес достарының да, кісілік келбетін, «Задачи изучения автографов многообразны. Во-первых – это задачи чисто исторического обследования материала. Изучение документов дает возможность определить время и обстоятельства их возникновения. Время определяется датой, водяными знаками бумаги, характером почерка, положением автографа среди других автографов. Все это показано не абсолютно, и требуется тщательное изучение документа для определения их значения», – деп пушкинтанушы ғалым, көрнекті ресей әдебиеттанушысы Б.В. Томашевский өзінің «Пушкин. Работы разных лет» атты іргелі еңбегінде атап көрсеткеніндей ұлы шығармашылық тұлғалардың эпистолярлық мұраларын зерттеуде әрбір қолтаңбаның жазылу, хатқа түсірілу сәтінен бастап оның иесінің сол сәттегі көңіл-күйі, мәтінді жазудағы мақсат, міндеті, мерзімі, т.б сияқты құнды даталық деректерді анықтап, сол кезеңнің әдебиеті, мәдениеті туралы терең түсініктер алуға болады [1, 32]. Мұхтар Әуезов пен Зоя Кедрианың бір-біріне жазған хаттарына бүгінгі жаңа ұрпақтың көзқарасы арқылы интерпретация жасау арқылы біз ХХ ғасырдағы әдеби әлемдер туралы әңгімелерден, сол кезеңнің уақыт пен кеңістік категорияларынан және саяси, рухани, мәдени құндылықтарынан мол хабардар бола аламыз. Бүтін бір кезеңнің эпистолярлық мәдениетін тануға мүмкіндік беретін бұл хаттар мәтіндері ұлттық әдебиеттану ғылымында тұңғыш рет ғылыми және әдеби айналымға ілініп, ғылыми тұрғыдан талданып, зерделеніп отыр.

Кез-келген эпистолярлық мұра жазушының өмірбаянымен өзектесіп, оны қоршаған ортаны кеңірек тануға, сол кезеңдердегі әдебиет мәселелерінің екі тұлға арасында қаншалықты дәрежеде даулы дискурса, пікірқайшылықтарына себепкер болғанын білуге бастау болады. Осы ретте екі ғылыми-тәжірибелік міндеттер алға қойылады. Бірі – қолжазбаларды механикалық түрде, яғни сол қалпында оқып, түсіну, палеографиялық талдау және жариялау болса, 2-сі эпистолярлық мәдениет мұраларын-филологиялық және әдеби тұрғыдан тереңдете талдап, зерттеуші тарапынан интерпретация жасау болып табылады.

Бұл жерде мәтінді механикалық, яғни сол қалпында қабылдап жариялауда, оғаны ғылыми түсінік беруде көбінде түрлі болжамдар, (конъектуралық догадка) емеуріндер болуы табиғи заңдылықтар. Тек олардың арасындағы шекаралық шектеулерден гөрі бірін-бірі толықтыру басым түсіп жататынын да жасырын емес. Жазушының жеке өмірінен шығармашылық өмірбаяны орбитінін еске алсақ, жеке тұлғаның тағдырына, өміріне, отбасына, әрбір кезеңдердегі өмір белестеріне де бейғам қарауға болмайтыны белгілі. Олардың бәрі қазақ әдебиеті үшін үлкен рухани құндылықтар, эпистолярлық мұра, мәдениет. М.Әуезовтің шығармашылығын тарихи-әдеби зерттеудегі қазіргі әдебиеттанудың өзекті мәселелерін осы тұрғыдан танып, талдауға тура келеді.

М.Әуезов пен З.Кедрианың бір-біріне жазған хаттары екі тұлғаның жеке тағдырына қатысты ғана құнды деректер емес, ол қазақ және орыс әдебиеті арасындағы белгілі кезеңдегі (кеңестік) күрделі шығармашылық байланыстан, рухани өмірден, сөз өнері тарихынан там-тұмдап дерек беретін ғылыми дәйек те. Бір дәуірдің шығармашылық үдерісін қамтитын Зоя Кедрианың М.Әуезов пен оның жұбайы Валентина Николаевна Әуезоваға жолдаған хаттары шын мәнінде мұхтартану саласындағы эпистолярлық маңызы зор мұралар болып табылады. М.Әуезов мұражайындағы №376 папкада (38 қорап) сақталған З.С. Кедрианың хаттары осы күнге дейін басылымдарда жарық көрмеген. М.Әуезовтің «Шығармаларының елу томдық толық жинағындағы 50-інші томында ұлы суреткердің З.Кедрина мен оның жұбайы А.Н. Пантиелевке жазған хаттарының толық мәтіні алғаш рет жарияланып, оқырмандарға ұсынылған болатын [2, 32]. Ал, көрнекті орыс әдебиетшісі, сыншы, ғалым, аудармашы Зоя Сергеевна Кедрианың оларға жазған жауап хаттары көбінде Валентина

Николаевнаға жолданғандықтан болар, сол кісінің жеке құжаттарымен бірге жазушының жиен немересі Диар Асқарұлының қолында болған. Бүгінде мұражай қорына қосылған бұл хаттар №376-шы папкада сақтаулы.

М.Әуезовтің эпистолярлық мұрасының көлемді бөлігі ерлі-зайыпты Зоя Сергеевна Кедрина мен Алексей Наумович Пантиелевке жазған хаттарынан тұратын болса, орыс әдебиеттанушылары, қос бірдей аудармашылардың да, әсіресе Зоя Кедринаның М.Әуезов пен оның жұбайы Валентина Николаевнаға жазған хаттары да баршылық. 1932 жылы Алматыдағы «Мұғалімдер қалашығы» деген демалыс үйінде («Учительский городок») М.Әуезовпен бірге І.Жансүгіровтың «Дала» поэмасын аудару кезінде басталған алғашқы таныстығы кейін отбасылық шығармашылық шынайы достыққа ұласқаны ақиқат [3]. Бұл мәліметтер Зоя Кедрина мен Мұхтар Әуезовтің әріптес ретінде пікірлес, сырлас, жанашыр дос ретінде араласуына, хат алмасуларына арқау болған өмірлік, әдеби фактілер.

Ал, Зоя Кедринаның хаттарында үнемі объект болып жүретін жанның бірі – Абель Наумович Пантиелев (1913-1977) – орыс жазушысы, аудармашы. З.Кедринаның жолдасы. Мұхтар Әуезовпен тығыз шығармашылық қарым-қатынаста болып, «Көксерек», «Қараш-Қараш оқиғасы», «Қаралы сұлу», «Түнгі сарын», «Өскен өркен», «Қилы заман» шығармаларын жоғары деңгейде орыс тіліне аударған.

«Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағының 50-інші томдағы «М.Әуезов – жеке адамдарға» деген тарауда суреткердің З.Кедринаға хаттарының мәтіні №85-тен басталып №92 мен аяқталады [2, 224].

1-ші хаты №85 – 18.08.1951 жылы, 2-ші хаты №86 – «З.Кедрина мен А.Пантиелевке» 16.XII.1957 жылы жазылған. 3-сі №87 – жылы, датасы жоқ, 4-сі №88 – 1957 жылдың 1 тамызы делінсе, 5-сі №89 – 1957 жылы 4 қыркүйекте, ал 6-шы хаты №91 – деп нөмірленіп, 1959 жылы 27 шілдеде Шолпан-Атадан жолданған. №92-ші жетінші хатының датасы көрсетілмеген. Томдағы хаттарға ғылыми түсініктер берілмеген. Әрбір хатта есімдері аталған тұлғалардың өмірбаяндары, екі тұлғаға қатыстылығы, лауазымдары туралы шағын деректер бар. Жазушы хаттары тек қана тарихи дерек емес, ол кез келген тұрмыстық жазба ескерткіштерден, мұрағат жазуынан, тіпті басқа да эпистолярлық жазбалардан өзіндік ерекшеліктерімен оқшау және көркем әдебиетке етене жақын.

Ал, М.Әуезовке жазылған хаттарды мұқият жинап, мұражайға өткізудегі суреткердің жұбайы Валентина Николаевна Әуезова мен Ләйла Мұхтарқызының еңбегі елеулі. Әсіресе, Зоя Кедринаның бүкіл хаттары Валентина Николаевнаға бағытталып жазылғанымен, оның сыртында үнемі ұлы Мұхтардың елесі тұрады. Қазақ және орыс әдебиетінің кеңестік кезеңіндегі тарихы, сол кездің әдеби үрдісі, екі ел әдебиетінің шығармашылық байланысы, жеке тұлғалардың қарым-қатынасы бұл хаттар мәтінінің маңызын арттыра түседі. Жазушының хаттары ондағы адресатпен дискурсқа, өзара пікірталастарға құрылып отырады. Суреткердің сол кездегі көңіл күйі, психологиялық пошымы, эмоциясы мәтіндегі сөз ырғақтарынан, ритмдік реңнен байқалады. Ұлт әдебиетіндегі ерекше көркемдік рухани құбылысқа айналған жазушы хаттары сол кезеңдегі шығармашылық процестен мол мәліметтер береді.

Сол кездері жазылып, жолай орысшаға аударылып мерзімді баспасөздерге жарияланып жатқан «Абай жолы» роман эпопеясы айналасындағы күрделі әрі күрт қарқынмен атқарылып жатқан шығармашылық жұмыстар бірде шұрайлы болса, бірде шырайы кеткен кикілжіндерге толы болып, дау-дамайға, дұрдараз арыздыққа ұласып кететін тұстарын да бізге осы эпистолярлық мұралар мәтіндері мәлімдейді [4, 9]. «Елдестіркем елшіден» дегендей екі елдің арасындағы рухани алтын көпірді аласартпай, адалдықпен алып жүруге тырысатын Зоя Кедринаның жанкешті жанашырлығы, кейде екі оттың арасында қалып қапаланған сәттері, өзге де көңіл-күйлері бәрі де осы хаттар мәтіндерінде молынан орын алған.

Зоя Кедрина мен Абель Наумович Пантиелев Мұхтар Әуезовтің тек қана аудармашысы, отбасылық достары ғана емес әрқашанда адал ой-пікірлерін білдіріп, жанашыр тілегін орындайтын таза сыйластықтағы жандар болғаны белгілі. Оны Мұхтар Әуезовтің Зоя Кедринаға жолдаған хаттарындағы өтініштер де айғақтай алады. Мәселен, № 2 хатында (датасы көрсетілмеген) «Алуа» пьесасының сценарийін «Советская женщина» журналының редакциясы (Чудновский мен Вера Смирнова) жариялауға сұрап отырғанын, оның мәтінін өзі аударғанын, алайда оның жолма-жол әдеби аудармасының сапасының қандай дәрежеде екендігін оқып, шынайы пікірлерінді білдірсендер деген өтініші дәлелдесе керек: «... Другая моя просьба к тебе, Зоя, вот о чем. Я на днях пошлю тебе подстрочный перевод своего литературного сценария. Пусть прочтет и посудит о нем и Абель Наумович... А тебя тогда прошу после своих телеграфных сношений с ними стать покровительницей, благожелательной тетей для моей героини Алуа...

... Но ты мне посоветуй решающим образом, поступлю только так, как ты скажешь. Или, м.б. лучше подождать, пока будет сделан производственно профессиональный вариант другим переводчиком? Напиши по возможности поскорее, буду ждать твоего решительного совета. Сейчас передам подстрочник машинистке для перепечатки, по получении от нее сразу же пошлю тебе», – дейді [2, 245]. Және осы томдағы М.Ғабдуллинге 1958 жылдың 10 сәуірінде жазған хатында: «...Өмір дегенді бәріміз де бағып, танып келеміз ғой. Сиректе не сирек? Жаныңа шын бағалы қадірлі жан сирек», – депті [2, 252]. Сол айтқандай шынында ұлы тұлғаның тағдырына тәңірдің үлкен тартуы ретінде табыстырған сирек досының бірі осы ерлі-зайыпты аяулы жандар болғаны мәлім. Жазушының жан сырын да құпия ойларын да ашық айта алатын да сенімді шығармашылық серігі әрі өте сенімді адамы да осы Зоя Кедрина болғанын суреткердің өзі әріптестеріне жазған хаттарында мәлімдейді. Айталық, Тәкен Әлімқұловқа 17.XIII.1956 жылы жазған №119 хатында: «Сендер мақала жазсаңдар, әсте Никитичке бермендер де айтпаңдар, З.С. барған соң табыс етерсіңдер. Айтсаңдар, тек Кочетковтің өзіне ғана айтуға болар. З.С. телефоны 7-28-36 (үйі), соған жалғасарсың», – дейді [2, 287]. Міне бұл мәліметтің бәрі Мұхтар Әуезовтің Мәскеудегі ең сенімді пікірлесі, жанашыр жаны З.С. Кедрина болғанын дәлелдей түседі. Ойшылдың осы пікірі №120 нөмерлі (7.XIII.1956) хатында да жалғасын тапқан: «...Ал сүйтіп енді не керек? Кожевниковтер милану үшін, Фаизовлардың аузына құм құйып, әдебиет намысын қорғау үшін-мақала керек..., – дей келе, «Абай жолының» 2-ші кітабы жайында, оның орысша аудармасы да татымды-өзіндей болса екен деген талапты айтып мақала жазсаңдар деген өтінішін білдіре келіп: «...Мен Зоя Сергеевнаға да жаздым. Кейін сол кісіге табыс етіндер, өзі түзей түссе қарсы болмандар, – деп онымен өзі ғана санасып қоймай қазақ әдебиетінің намысы, насихатталуы барысында өзге де қазақ қаламгерлерінің З.Кедринамен кеңесіп, санасуына кеңес береді [5]. «Знамя» журналының 1958 жылдың №1 санынан бастап жарияланған «Абай жолы» романының орысша аудармасының жариялануы, оның сапасы туралы жолма-жол аудармашылармен арада болған әңгімелер сол кеңестік кезеңдегі ұлт әдебиеттері мен оның өкілдеріне деген өктем көзқарасты, түрлі сылтаулармен кейінге сыдыртып отыратынын көрсетеді.

Бұлардың бәріне жауапты М.Әуезов З.Кедринаға жазған (№89. 4 сентябрь 1957) хатында былайша береді: «..Да, насчет статьи твоей обо мне она сказала, что заменили ее статьей Алимкулова (осы журнал қызметкері Людмила Ивановна...туралы айтып отыр Г.П), потому что в редакции полагают, что лучше дать слово читающему оригинал и казахскому критику, об этом объяснит она сама, а вносить поправку мне было уже поздно. Но я сказал, что для всех национальных читателей и для меня, как и для любого автора из республик, бывает гораздо дороже то, что скажет русский критик» [2, 237 б].

Шынында да «сырт көз сыншы» дегендей өзге ұлт өкілдерінің сын пікірлеріне, құнды кеңестеріне ұлы Мұхтар Әуезов те мұқтаж болғаны мәлім. Міне, осы ретте екі ел әдебиетінің шығармашылық байланысының батагөйі, достық дәнекері қызметін көбінде Зоя Кедрина әдебиетші-сыншы ретінде де, аудармашы ретінде де жоғары саналылықпен үлкен абырой, адал жүреппен атқарғаны ақиқат.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

- 1 Томашевский Б.В. Пушкин: работы разных лет. – Москва, 1990. – 672 с.
- 2 Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 50 т. – Алматы: «Жібек жолы» баспа үйі, 2011. – 472 б.
- 3 Лизунова Е.В. Мастерство Мухтара Ауэзова. Монография. – Алма-Ата, «Жазушы», 1968. – 288 с.
- 4 Шойынбет Ж. Абай қарасөздерінің ерекшеліктері // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2003. – №4. – С.68-73.
- 5 Отрывок из романа М.О. Ауэзова «Путь Абая» пер. Л.Соболевым // Знамя. – 1958. – №1. – С.52-58.

*Г.Ж. Прали<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Институт литературы и искусства им М.О. Ауэзова,  
г. Алматы, Казахстан*

## **ВОПРОСЫ КУЛЬТУРЫ И ИНТЕРПРИТАЦИИ ЭПИСТОЛЯРНОГО НАСЛЕДИЯ XX ВЕКА (НА ОСНОВЕ ПЕРЕПИСКИ М.О. АУЭЗОВА С ЗОЕЙ КЕДРИНОЙ)**

*Резюме*

Процесс вытеснения письма другими видами связи, начавшийся еще в конце XIX в. с развитием сети железных дорог, появлением телеграфа и телефона, в наше время осуществляется особенно интенсивно: все более популярным становится общение через интернет, посредством технологий. По своей сути отличающееся примитивизмом, не располагающее к пространным и глубоким рассуждениям в интеллектуальной среде

культура письма все-таки сохраняется. В статье рассматривается ценности эпистолярного наследия и исследование этого жанра в творчестве М.Ауэзова актуально и находится в русле проблем современного ауэзоведения.

Глубокая значимость публикуемых писем заключается в том, что читательская аудитория имеет возможность впервые ознакомиться с доселе неизвестными, глубокого личностными его размышлениями, содержащимися в посланиях к своему соратнику и другу Зое Кедриной. Высказанные им оценки о видных представителях культуры Казахстана и других республик, входивших в бывший Союз, имеют непреходящую ценность. Имя М.О. Ауэзова, великого писателя и общественного деятеля, пользовалось непререкаемым авторитетом далеко за пределами его родного Казахстана.

**Ключевые слова:** литература, автограф, эпистолярное наследие, культура, личность, критика

*G.Zh. Piralı<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Institute of Literature and Art named after M.O. Auezov*

## **CULTURE AND INTERPRETATION PROBLEMS OF EPISTOLARY HERITAGE OF THE TWENTIETH CENTURY (BY CORRESPONDENCE M.O. AUEZOV WITH Z.KEDRINA)**

### *Summary*

The process of writing the other displacement connection, which began in the late nineteenth century. At its core, characterized primitivism, not conducive to a lengthy and deep reasoning in the intellectual environment writing culture still persists. The article discusses the value of the epistolary heritage and study of this genre in the works M.Auezov overdue and be in line with the challenges of modern Auezov.

The deep significance of the published letters is that the readership has the first opportunity to get acquainted with a hitherto unknown deep personal reflections of its content schimisya in letters to his colleague and friend Zoe Kedrina. Expressed their assessment of prominent representatives of culture of Kazakhstan and other former republics of the former Union are not passing value and due to the fact that the times predstvalennye in published letters M.O. Auezov name, the great writer and public figure, enjoyed unquestioned authority far beyond his native Kazakhstan.

**Keywords:** literature, autograph, epistolary heritage, culture, personality, criticism

*FTAXP 17.82.31*

*А.Тамаев<sup>1</sup>, Ә.А. Нұрекешова<sup>2</sup>*

*<sup>1,2</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,  
Алматы, Қазақстан*

## **«МОСКВА ҮШІН ШАЙҚАС» РОМАНЫНДАҒЫ КЕЙІПкерлер ОБРАЗЫ**

### *Аңдатпа*

Бұл мақалада әскери әдебиеттің негізін қалаған жазушы, даңқты қолбасшы Бауыржан Момышұлының тарихи бейнесі және Ұлы Отан соғысынан белгі беретін бірден-бір қайталанбас туынды «Москва үшін шайқас» романы жайында қарастырылады. Мақалада шығарманың нақты деректер, тарихи оқиға негізінде шындыққа құрылғандығы жөнінде бірнеше дәлелдер келтіріледі. Романдағы ұнамды кейіпкерлер бейнесін генерал И.Панфилов, М.Ғабдуллин, және басқа да майдандас сарбаздар құрайды. Олар от шарпыған, қан құсқан жерлерді басып, жан түршігерлік арпалыспен қанды шеңгел жау шебін жарып өтті. Қанаттарының ұшын шалдырып, жаудың берік қамалдай шебін ойрандап, талқандап бұзып шықты. Олар шығарманың өн бойына жарық берген қаһармандар еді. Бауыржан Момышұлы шығармасындағы Панфилов бейнесі әскери адамға тән табандылық, қайсарлық, парасаттылық, сақтық, сонымен қатар, адамгершілік қасиеттерін бойына қатар жиған ұлы тұлға деңгейіне көтеріледі.

**Түйін сөздер:** әдебиет, образ, батыр, тұлға, соғыс, әділдік үшін күрес, шындық

Қазақ әдебиетінде әскери тақырыптың негізін қалаған жазушылардың бірі де бірегейі – Бауыржан Момышұлы.

Бауыржан Момышұлының аты аталғанда, екі бірдей бейне көз алдымызға келеді: бірі – батырдың, екіншісі – жазушының бейнесі.

Өзі бірге жүрген қан майданда ел мен жерді қорғау жолында мерт болған жауынгерлердің рухының алдында үнсіз қалмау үшін, олардың ерлік істерін елеусіз қалдырмау мақсатында қарудан қолы босағанда қалам алып, көрген-білгендерін, көкейге түйгендерін қойын дәптеріне түсіріп отырған.

Қаһарман қолбасы ұлы жауынгерлермен бірге соғыста шынықты, соғыста шыңдалды, соғыста өсті. Қолбасының қол астында қаһармандар да аз болған жоқ. Сол елі үшін жанын қиған ерлердің өмірі, ерлік істері қағаз бетіне түспей қалып бара жатқаны қолына қару ұстаған қолбасыны соғыстың ең бір сұрапыл жылдарының өзінде қатты толғандырған. Ерліктің атаусыз кетуін халық трагедиясымен бара-бар көрген майдангер қолына қалам алуды өзіне міндет деп санайды. «Шындық – суреткердің ұлы міндеті. Ұрыста шындықты табу оңай емес, ал оны жинақтау одан да қиынырақ. Бәлкім менің тарпымнан жазушыларға қойылып отырған талап шектен шыққан әділетсіздей көрінуі мүмкін, бірақ мен мұны заңды деп білемін» [4, 5], – дейді ол.

Б.Момышұлы өзі жазып қалдырғандай, соғыс аяқталғаннан кейін қан майдан даласында қанмен жазылған қолжазбаларын, күнделіктеріне үңіліп, қайта қарап, тарихилығымен қатар тәрбиелік мәні зор шығармаларын жазды. Сол айтулы шығармаларының бірі – «Москва үшін шайқас» романы.

Роман бірінші, екінші, үшінші, төртінші кітап деген төрт бөлімнен тұрады. Әр бөлім тарауларға жіктелген. Бірін-бірі қайталамайтын әр тарау өз алдына бір оқиға болғандықтан, оқушысын қызықтырып, тартып отырады.

Романдағы оқиға дамуының логикалық байланысы берік сақталған. Бұл жайында Қ.Бекхожин: «Міне, біз Б.Момышұлының «Москва үшін шайқас» деген көлемді хикаясын оқып отырмыз. Жауынгер оқушыны алапат соғыстың алғашқы ауыр шағына еріксіз тартады. Тұла бойың тітіркенерлік соғыс әлеметі көз алдыға жанды қалпында елес қағады. Неміс фашистерінің қанды қалың тобырлары астанамыз Москваға құтырған аңдай анталаған кездердегі біздің әскери күштеріміздің жауынгерлік әлпетін, майдан әрекетін, қатерлі қорғаныстағы ерлер айбатын сол сұрапылды өзі басынан кешкен батыр жазушы аса нанымды, әсерлі суреттеген» [3, 58], – деп келтірген.

«... келесі күн таңертең жаудың бомбардировщиктер полкы осы полктерге бес рет айнала ұшып келіп бомбалап, артиллериямен жиырма минуттай оқ атқылаған соң, кенеттен жау алпыс танкпен шабуыл жасайды. Оңнан да, солдан да орап алып, танктер, жаяу әскерлер біріге қимылдап, қос бүйірден соға бастайды.

– Жолдас генерал, полк енді төтеп бере алар емес, – деп баяндайды Капров.

– Жолдас генерал, зеңбіректердің тең жартысы істен шықты, оқ-дәрі де таусылып барады, – деп хабарлайды Курганов.

Күштің тең емес екенін генералдың өзі де біледі» [1, 32]. Бұл үзінді бір күнгі ұрыстың бір сәті ғана еді, десе де, – соғыс шындығы.

Көркем шығармада суреттелетін оқиғаларға қатысы бар адамдар есімдері өзгертілмей жанды кейіпкер ретінде көрінген. Бұл оброздар, олар қатысатын оқиғалардың шынайылығы мен сенімділігін арттырып, жазушының өз шығармасына қажетті тіректі өмір шындығынан алғандығын нақтылай түседі.

«Москва үшін шайқас» романында нақты дерек, тарихи шындық басым. Себебі, қан майданда найзадан босағанда қолына қалам алған қаламгер үшін шындық – жазушының пірі болса, ұрыс даласының саңлағы – батыр Бауыржан үшін «бас шабатың, өтіріктің тамырын шабатын айбалта» іспетті еді.

Романда суреттелген әрбір ұрыстың, оқиғаның, ондағы кейіпкерлердің тарихта болғандығына ешкім де күмән келтіре алмайды. Б.Момышұлының мұрағатында мұны дәлелдейтін бірнеше құжаттар мен хаттар, жазбалар, естеліктер бар. Мәселен, сөзіміз дәлелді болу үшін соғыс кезінде 1075-атқыштар полкі 2-батальонның комиссары болған В.М. Трофимовтың хатынан үзінді келтірсек: «Недавно с большой радостью я прочитал ваше произведение «За нами Москва». Я очень благодарен вам за вашу книгу, прочитав ее несколько раз я как-бы вновь пережил нашу славную, боевую историю на защите родной Москвы» [2, 44].

Мұрағат материалдарынан мұндай хаттарды көптеп кездестіруге болады. Осы шығармасы жарыққа шыққаннан кейін Б.Момышұлы соғыста бірге болған көптеген майдандастарын тапса, қарапайым оқырман арасынан осы шығарма кейіпкерлері бойынша өздерінің туыстарын іздестіріп, олар туралы нақты мәлімет те алғандар болды. Мәселен, «Москва үшін шайқас» романында әрдайым жақсы жағынан суреттеліп, майданда қаза тапқан Мұқаметқұл Исламқұловтың ұлы Қайрат Исламқұлов әкесінің жарқын бейнесі, қазасы туралы мәліметті осы шығарманы оқығаннан кейін Б.Момышұлына хат жазу арқылы алады.

Төрт кітаптан тұратын - «Москва үшін шайқас» романының бірінші бөлімі, жау қоршауынан сытылып шыққан Б.Момышұлы батальонының негізгі күшке қосылмаққа бара жатқан бағытынан басталады. Сол сәттегі батальонның жазушы суреттеуіндегі көңіл-күйін ғалым Ж.Дәдебаев былай көрсетеді: «Жау қоршауын бұзып шығып, өз тобына келіп қосылған батальонның еңсесі биік,



шаршап-шалдыққанына қарамастан, сергек, салтанатты шерумен келеді. Жауынгерлер мен командирлер бір-бірін жете біліп, бір-біріне берік сеніп қарайды» [3, 19].

Шығармадағы қаһармандық бейненің майдандағы тағдыры, соғыстың сұмдық қасіреті жағдайында көрсетіле отырып, сол қиындықтарға мойын ұсынбай жеңіп шығуға ұмтылған адамның ерлік рухын алға шығарады. Тағдыр мен адам арпалысында, соғыс пен адам тайталасында рухы биік қаһарман жеңіске жетеді. Бұл соғыста жеңу емес, өзін-өзі жеңу еді. Өз бойындағы адами қорқынышты, үрейді жеңу – соғыс жеңісінің басты куәсі.

Өмірде адам көп нәрсені өзі таңдайтыны анық, бірақ майданда әрбір жауынгер командир берген бұйрықты бұлжытпай орындауы тиіс. Баукеңнің өз сөзімен келтірсек: «Команда немесе бұйрық дегеніміз – командирдің ерік-жігерінің көрінісі, оның жасаған шешімінің қорытындысы» [1, 81]. Соғыста шабуылдың сипаты мен мерзімін басқа адам, яғни командир анықтайды. Ал, солдат – командир бұйрығын орындаушы. Бірақ ол жансыз, ақыл-ойсыз робот емес, ол әрбір сәттегі қимыл-әрекетті өз идіруі арқылы жүзеге асыратын тірі адам. Ендеше, солдаттың өзіндік жан-дүние әлемі, рухани дүниесі бар. Жазушы міндеті соны ашу.

Әдебиетте, оның ішінде әскери әдебиетте, интуиция болады. Б.Момышұлы осы жағынан жітілік танытады. Сондықтан да оның кейіпкерлері бір-біріне ұқсамайды. Және осының қапталында рухани тазалық дәріптеледі. Тәртіптілік, ізетшілік, кісі сыйлаушылық игі қасиет ретінде суреттеледі. Сөз орайында айта кету ләзім, румын әскерінің жарғысында мынадай ереже бар: «Шені тепе-тең екі офицер ұшырасса, жасы кішісі сәлем береді. Екеуі түйедей құрдас болса, тәрбиелісі сәлем береді». Бұны еске түсірудің мәнісі бар. Момышұлының ұнамды кейіпкерлері өз ұлтының игі қасиетін танытады. Кейіпкерлерін өзінен биік етіп көрсетеді. Олардың бірі – И.В. Панфилов, екіншісі – М.Ғабдуллин, үшіншісі – басқа да жауынгерлер. Шығармада батырлардың бейнесі, сыр-сыпаты сөзбен емес, іс-әрекетпен ашылады. Бұл тұста майдангер жазушы «Сауатсыз жазушының кейіпкері надан болып шығады» деген өз ұстанымын берік ұстанса керек. Аса мән бергені соншалық, кейіпкерлер ерлігі «мен мұңдалап» тұрады.

Кейде біздің соғыс туралы әдебиетімізде оның материалы – төгілген қан мен қайғы-қасірет, апат болып келсе, ол соғұрлым қызғылықты деген пайым кездесіп қалады. Алайда, соғыс туралы шығарманың кереметтігі бұл айтылғанда емес. Майданда кеңес адамдарының керемет ұжымдық қасиеттері пайда болған. Онда өз өмірін досының өмірінен, ұжым өмірінен, ел өмірінен бөліп қарау атымен болмаған. Ендеше соғыс жайлы оқырманды қызықтырар басты сипаты, төгілген қан, егілген көз жасы, қираған қала емес, адам тағдыры, адамдар арасындағы қарым-қатынастық сезімнің, достық, адамгершілік, адалдық, батылдық сияқты қасиеттердің көркемдікпен көрініс табуы. Шығармаға үңілсек: «... олардың көздерінен қуаныштың оты білінер-білінбес жылтылдайды. Иә, біздің мына жігіттердің еңсесі жоғары. Басты көтеріңкі ұстап, адымдай басуына ақысы бар. Олар от шарпыған, қан құсқан жерлерді басып, жан түршігерлік арпалыспен қанды шеңгел жау шебін жарып өтті. Қанаттарының ұшын шалдырып жаудың берік қамалдай шебін ойрандап, талқандап бұзып шықты. Өткен күндерде шеккен мехнаттарымыз түс көргендей артта қалды. Ер азаматтар деп осындай-ақ солдаттарды айтарсың...» [1, 10]. Автор қаһармандарына өз ризашылығын білдіреді: командир тұрғысынан да, жазушы ретінде де.

Б.Момышұлы қаһармандарының мінездері кесек, жүздері жарқын, ақкөңіл, ашық болып келеді. Соғысқа дейінгі әдебиетте айқын көрініс тапқан, ымыраға келмейтін ішкі шиеленіс, көңілдің жартыкештілігі, жан-дүниенің құлазуы оларға тән емес. Сондықтан да жазушы кітаптарын парақтағанда, біздің көз алдымызға қандай күрестен болса да тайынбайтын өршіл мінезді, берік сенімді, айқын мақсатты, болаттай мықты, тұтас бір ұрпақ келеді.

«... Жау шегініп, біздің жігіттер өкшелей қуып барады. Менің алдымда жүгіріп бара жатқан жауынгердің сол қолын жеңінің шыға берісінен минаның жаңқасы отап кетті. Бір елі теріге ілінген алақаны мен саусақтары қанға боялып салбырап барады. Оны денесі қызған жауынгер байқар емес. Ол әлі де жүгіріп барады. Астапыралла, бұл кім?.. Ол кілт тұра қалды. Енді ғана аңғарды. Бір еліге ілініп тұрған қолын ызаланып жұлды да, лақтырып тастады. Өз денесін қар үстіне қарай атты. Мен тітіркеніп кеттім. Ол сау қолымен пистолотін серт ұстап, алға кезеніп, жоғары көтерді де, ашынған дауыспен «атаңның аузы...» деп жау соңынан тап бере жүгіре жөнелді.

Мен оны таныдым. Ол бұдан екі жеті бұрын Соколово селосында жаудың 3 танкімен жекпе-жекке шығып, қарсыласып тұрып алған батарея старшинасы Бүркіт Әлішеров... «Алатаудың сұңқары, атаңа тартқан екенсің!» – дедім ішімнен...» [1, 62].

Тегінде, Б.Момышұлы қаһармандарын рухы күшті адамдар деп сеніммен айтуға болды. Олар қиын

жағдайдың өзінде адам деген ардақты атын жоғары ұстап, адами қасиеттерге адал болып, небір ауыртпалықта сағы сынбай, абыроймен жеңіп шығады. Бұл бейнелер - жасанды емес, шындыққа суарылған, бас кейіпкердің көз алдынан өткен, сол арқылы біздің санамызға сурет болып басылған нақтылық пен шынайылықтың жарқын бейнесі.

Шығармада генерал Панфилов бейнесі ешкімге ұқсас, өзгеше бір тұлға ретінде сомдалған. Жазушы кейіпкер портретін шеберлікпен суреттейді: «Біз көріспеген аз уақыттың ішінде генерал арықтап, бұрынғыдан да кішірейіп еңкіштеніп, кителінің жағасы мойнына кеңейіп қалыпты. Мықынынан балағына дейін екі елі қызыл әдепті генералдық белгісі бар шалбары өзіне шақ еместей олпы-солпы болып көрінеді. Жүзі тотыққан, әжімдері бұрынғыдан көрі терең сызаттана түскен. Қысқа бурыл шашы қылтанақтай тікірейіп тұр. Бұрын мұқият күзеп жүретін суағарындағы бармақтың тырнағындай төрт бұрышты қара мұрты бұрынғыдан гөрі тікірейе өсіп, кетіпті. Соғыс әуресі кейінгі күндері мұртын басуға мұршасын келтірмегені сезіледі» [1, 31]. Біз бұл тамаша суреттен генералдың сыртқы түр-тұлғасын ғана емес, алай-дүлей жан дүниесін де танығандаймыз. Соғыстың азабы генералды ерекше қайғыға салғаны байқалады. Ойымызды сыншы-ғалым Х.Әдібаевтың сөзімен нақтыласақ: «Бауыржан шығармаларында әскери адамға тән қайсарлық, тапқырлық, табандылық, ерекше көзге түседі. Жауынгер – жазушы тірілген тартымды тұлғаның шоқтықтысы, сөз жоқ, – генерал Панфилов» [3, 59].

«... Кәне, жолдас Момышұлы, – деп генерал менің ойымды бөліп жіберді. – Сөз бастаңыз. Адам шығыны көп пе? Кешіріңіз, батальоныңызда тамақ бар ма, жігіттердің қарны аш емес пе? – деді.

Мен біздің жорық ошақтарымызда екі күннен бері от жағылмағанын айттым. Генерал орнынан ұшып тұрып терез текшесіндегі телефонды алып:

– Момышұлының батальонына тездеп ыстық тамақ берілісін! Үйлерге орналастырылсын! Демалу жағы қарастырылсын, – деп шаруашылық бөліміне бұйрық берді» [1, 14]. Осы тұс Ә.Нұрпейісовтің «Қан мен тер» романын еске түсіреді. Суға кетіп сәтсіздікке ұшыраған балықшылардан, тентек шодыр адамдардың амандығын емес, құрал-саймандардың түгелдігін сұрайды. Біз келтірген диалогта генерал Панфилов қамқор, ақжарқын, қарапайым тұлға кейіпіндегі психологизмі кеңінен ашылса, тағы бірде: «Иә, мм... солай, солай. Жоқ, жоқ, жоқ, – деді кенет шорт кесіп. Мұндай жымырт тыныштыққа мен сенбеймін. Тағы да сұрастырып, әбден анықтаңыз. Иван Иванович. Дауыл алдында күн райы әрдайым ашық болдының кері келіп жүрмесін» [1, 16], – дейді. Бұл үзіндіде Панфилов өзінің сақтығымен, әрбір ісіне деген мұқияттылығы көрінеді.

Комбат ауыр шайқаста Брудныйдың қорқып шегінгені үшін қару-жарағынан айырып, өзін қуып жібергені үшін генерал Панфилов Бауыржан Момышұлына өз ренішін білдіреді: «Талап қою бар да, қаталдық бар. Талап қою – заңды нәрсе, қаталдық – заңнан тыс» [1, 77] десе, тағы бірде: «командир – ер серкесі, ер ағасы, жауынгердің жетекшісі. Қызбалыққа жол бере берсек, қырып алу оп-оңай. Ашуға тізгінімізді меңгертсек, орынды айтудан адасып, жазасызды жазалап адасуымыз сөзсіз», [1, 18] – дейді. Бұл құрғақ ақылгөйлік емес, өмір тәжірибесінен түйіндеген қорытынды еді. Бауыржан өз қатесін мойындайды. «... айыпты емессіз, қызбалаусыз, кейде тым қызбалаусыз», -деп ескертіп отырады. Ол ескертпе тыңдаушы тарапынан да дұрыс қабылданады. Жазушы өз кейіпкерлерінің тәліміне тәнті екенін осы бір ауыз сөзі арқылы білдіреді. Соғыс өнерінің шыңдалған білгірі қатыгездік пен қаталдықтың ара жігін жақсы ажырататындығын осылай танытады.

Тағы бірде оны автор мейірімі түскен шуақты жан, бойында нәзік сезім мен салиқалы солдаттың тәртіп тұтасқан әке бейнесінде алып көрсеткен.

Әдебиетші-ғалым Ж.Дәдебаев: «Қанша күн, қанша түнді қауіп қатер үстінде өткізіп, денесі де миы да мейлінше ширғып әрі шаршап келген батальон командирі генералдың қуанышқа, әкелік сүйіспеншілікке толы сөздері мен ықылас-мейірімінен кейін едәуір босаңсиды, жүрегі елжірейді» [3, 21] деп көрсетсе, тағы бір деректе ойды нақтылай түседі: «Қайсар батальонның ержүрек командирі осы тебіренулі күйінде өзінің туған әкесін, әкесімен соңғы кездесуін еске алады. Алыс жолдан оралып, ауылына жақындай бергенде еңсесі түсіп бүкірейген қарт әкесінің үйден кібіртіктей басып, жүгіре шығып, көзі жасаурап, ұлының қолын аймалап сүйіп, мойнын теберіктей иіскеп, балапандай бауырына қысып, көпке дейін құшақтап тұрғанын еске түсірді» [1, 66]. Бұл айтылған деректер генерал Панфиловты тұлға деңгейіне көтерудегі дәлел еді.

Шығармада комбаттың артық ашуын әзілге сүйеп, көңіліне ала бермейтін өз ойын сыпайылықпен сездіріп отыратын – ақжарқын, кішіпейіл іні Жолтай Бозжановты, сабырлы, ақылды Хаби Рахимовты автор түрлі тартымды эпизодтарда нанымды да ұтымды бейнелейді. Десек те, шығарманың басты кейіпкері – автордың өзі. Б.Момышұлының тұлғасы характер тұрғысынан да аса бай, көп қырлы.

Оның шығар шындары биік, түсер еңістері тік. Бұл характерде соғыс командирлеріне тән мінездік сапалар жинақталып, оқиға қоюлана түсіп, сюжет ширекқан сайын олар көзге айқынырақ түседі. Әдеттегі өмірде өткір, шыншыл адам Бауыржан Момышұлының өз шығармасында да шыншыл жазушы, батыр кейіпкер болуға ерлігі қаламгерлік намысы жеткен.

Кей тұста, мәселен, капитан Лысенко мен Василий Ключков ерліктері суреттелетін беттерде автор өзі көрмесе де, естіген оқиғаларды шығарма желісіне әдемі киюластырып, шығарманың идеялық-композициялық бірлігін бұзбай әңгімелейді. «Лысенко ызаланған үнмен неміс офицеріне: – Генералыңызға айта барыңыз, біз бұл жерде жаудың айтқанына көніп, айдауына жүру үшін соғысып жатқан жоқпыз. Біз жаудың құлақ кесті құлы болғалы соғысып жатқан жоқпыз. Генералыңыз жақсы жағдай мен жақсы қызметті опасыз сатылғандарға, жүзі қара лағнаттарға жасасын. Біз тұтқын болып ешуақытта тізе бүгіп, жау алдына шөге алмаймыз. Біз табан тіресіп, арпалысып бағамыз» [1, 27]. Осы диалогтан-ақ қаһарманның бейнесі ашылады. Егер ерлікті өз көзімен көрмегендіктен кітапқа енгізбей, жайдақ қана желдіріп өтсе, онда шығарманың өн бойынан «бір түйме» үзіліп түскендей болар еді.

Кітап тарауларының аттары қызықты келеді. «Кеш болып, таң атқанда», «Таң атып, кеш батқанда», «Алдағы сарын», «Дабыл», «Горюнада», «Түнгі жорық» тәрізді детективтік мәндегі атауларға қоса, жазушы «Капитан Булатов», «Старшина», «Артиллерия лейтенанты», «Майор Елин» сияқты арнайы тақырыптар да қойған. Оқиғалар желісі бірінен соң бірі, рет-ретімен әдемі баяндалған. Кейіпкерлердің образы, ішкі дүниесі, оқиғалардың психологиялық дәлелдемелері көңілге қонарлықтай ашылған. Шығармадағы кейіпкер қаһармандығы тек тікелей іс-әрекеттерден ғана емес, адамдардың ойлау жүйелерінен, мінез-құлықтарынан, имандылық тұрпаттарынан да көрінеді. Тікелей авторлық толғаныстар, диалогтар, монологтар секілді психологиялық талдау бас қаһарман – батальон командирінің қаһармандығын ашуға жәрдемдеседі.

Ең бастысы, Момышұлы шығармаларында да Момышұлы күйінде көріне білді. Белгілі жазушы М.Қалдыбай: «... өмірдің бар мән-мағынасы адамгершілікте десек, Баукең адамгершіліктің ең үлкен үлгісі – ұлтыңды сүю екенін бар болмыс, тыныс-тіршілігімен дәлелдеп кетті» [5, 173], – дейді. Иә, елін сүйген, шындықты ту еткен Момышұлы бейнесі солай болуы хақ. Оның «Москва үшін шайқас» шығармасы да бастан-аяқ тек тамаша қасиеттерге – елге деген адалдық және шындық атты ұлы сөзге тіреліп жатады. Расында да, Момышұлы айтты-айтпады, кейде ашу шақырып, өз-өзінен бүлінген де кездері болған шығар, бірақ өтірік айтып сүрінген жері болған емес. Оның «Москва үшін шайқас» романы соғыс шындығымен, Москва түбіндегі драматизмге толы шайқас картиналарын бедерлі бейнелей білуімен дара.

«Москва үшін шайқас» романы қазақ әдебиеті үшін қайталанбас өнер туындысы, әлем әдебиетінің алтын қазынасына қосылған зор үлес.

Ол бұл кітапта бір адамға ғана – Бауыржан Момышұлына ғана қатал болса, оның өзі де сол қасиетінен – шыншылдығынан бір қарыс та шегінбеген туралығын, кіршіксіз тазалығын, әдебиетке деген тазалығын танытса керек.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

- 1 Момышұлы Б. Екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 2002. – 378 б.
- 2 Хаттар. Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік мұрағаты. Қор №1432 Тізбе №3. – Б.44-45.
- 3 Б.Момышұлы туралы естеліктер. – Алматы: Білім, 2005. – 225 б.
- 4 Дәдебаев Ж. Қанмен жазылған кітаптар //«Айқын» газеті. 240 (446), 23 желтоқсан, 2005. – 5 б.
- 5 Сапарова А.И. Мамытбек Қалдыбайдың «Мен – халқымның Бауыржанымын» шығармасының жазылу тарихы //Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы. «Филология ғылымдары» сериясы. – 2016. – №1(55). – Б.170-176.

*А.Тамаев<sup>1</sup>, А.А. Нурекешова<sup>2</sup>*

*<sup>1,2</sup>Қазахский национальный педагогический университет им. Абая,  
г. Алматы, Казахстан*

**ОБРАЗ ПЕРСОНАЖЕЙ В РОМАНЕ «ЗА НАМИ МОСКВА»**

*Резюме*

В данной статье рассматриваются историческая фигура писателя – создателя фундамента военной литературы, прославленного полковаца Бауыржана Момышұлы, а также его неповторимое произведение, –

дающее представление о Великой Отечественной войне, – роман «За нами Москва». На основе конкретных фактов и исторических событий в статье приводятся некоторые доводы, указывающие на реальность событий. Образы положительных героев представлены генералом И.Панфиловым, М.Габдуллиным и другими воинами-фронтовиками. Ступая по пылающей огнем и пропитанной кровью земле, они в ужасающей схватке пробивали рубежи вражеских кровавых лап. Опаляя в битве свои «крылья», громили твердые словно крепость позиции врага. Это были герои, давшие «свет» всему произведению. Образ Панфилова в произведении Бауыржана Момышулы поднят до уровня великой личности, вобрав в себя наряду с человеческими качествами такие качества, как упорство, настойчивость, мужество, мудрость, свойственные военному человеку.

**Ключевые слова:** литература, образ, герой, личность, война, борьба за справедливость, правда

*A.Tamaev<sup>1</sup>, A.A. Nurekeshova<sup>2</sup>*

<sup>1</sup>*Kazakh National Pedagogical University named after Abay*

## **THE IMAGE OF HEROES NOVEL «MOSCOW IS BEHIND US»**

### *Summary*

In this article considered historical image of great commander Bauyrzhan Momyshuly, who is founder of military literature and unrepeatable composition «Behind us Moscow» which describes hard years of Great Patriotic War. In the article shown exact facts, historical stories which prove that they built on the truth.

Good heroes in this novel are I.Panfilov, M.Gabdulin and other soldiers. They pour into the very heat of war, no matter what they struggle for their homeland without fear of death. They are main heroes which gives light to the whole novel. In the composition of Bauyrzhan Momyshuly the image of Panfilov opens for us how gallant, brave, talented, great soldier with humane character.

**Keywords:** literature, image, hero, individuality, war, fight for justice, true

## **ПЕДАГОГИКА МЕН ӘДІСТЕМЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ ПРОБЛЕМЫ ПЕДАГОГИКИ И МЕТОДИКИ PEDAGOGY AND METHODOLOGY PROBLEMS**

ҒТАХР 14.35.09

Б.С. Абдуова<sup>1</sup>, Ұ.О. Асанова<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
Астана қ., Қазақстан

### **СТУДЕНТТЕРДІҢ БІЛІМІН БАҒАЛАУДАҒЫ «ЖОМАРТТЫҚ» ПЕН ШЫНАЙЫЛЫҚ**

*Аңдатпа*

Тіл үйренушінің қазақ тілін қаншалықты меңгергендігін бағалау өлшемдері бойынша тексерудің маңызы ерекше. Жоғары оқу орындарында білім алушылардың аудиторияда және одан тыс жерлерде де тілдік құзыреттілігін дамыту тәсілдері жетілдіріліп келеді. Егер мәтін арқылы тілдік тұлғалардың байланысы оқытылып, тілдік қатынастардың барлық түрі үйретілсе, өздік жұмыстар арқылы білім алушы өзінің шығармашылық келбетін дамытады. Оқу, тыңдау, сөйлеу, жазу әрекеттері арқылы жұмыс түрлерін түрлендіріп отыру оқытушының ізденімпаздығы мен біліктілігін талап етеді.

Білімді бағалауда түрлі тәсілдерді қолданып, шынайы баға қою қажет. Бағалаудың негізгі өлшемдері ЖОО-да бекітіліп, оқу үдерісінде қолданыста болып келе жетқанына қарамастан, әлі де оқытушылар тарапынан «атымтай жомарттық» не тым «қатал боп көріну» кездеседі. Жоғары баға алған студенттің сабақтан тыс уақытта өз ойын жеткізуге, не тосыннан қойылған сұрақтарға жауап бере алмай жататындары байқалады. Білім алушылардың қабілетін анықтай отырып, дұрыс бағалай білу – оқытушы тарапынан үлкен жауапкершілікті ғана емес, адамгершілік пен кәсібилікті де танытатын амал.

**Түйін сөздер:** тілдік құзыреттілік, бағалау критерийлері, тексеру тәсілдері, балдық жүйе, шынайылық

Орыс тілді топтарда жүргізілетін қазақ тілі курсының сағат саны тым аз және оның өзі тек бірінші курста ғана екендігі жасырын емес. Мектепті бітіріп келген түлектердің жоғары оқу орындары талап ететін тілдік құзыреттілігі кейде ақсап жататыны бар. Оның себебін өздері «біз тек грамматика оқыдық, тест үлгілеріне дайындалдық, сыныпта қазақша сөйлемейтін едік, т.б.» секілді жауаптармен түсіндіреді. Ал еліміздегі оқу орындары олардың мектеп қабырғасында он жыл оқыған қазақ тілін ескеріп, орташа және одан жоғары деңгейде тілдік білім алып келген деп қабылдайды. Алғашқы сабақтарда-ақ студенттердің мемлекеттік тілімізді қаншалықты меңгергендігі айқындалып қалады. Бұл тұста олардың көбіне еркін сөйлеуі, жылдам сұрақтар қойып, әдеби тіл нормасына тән сауатты жауап беруі талап етіледі. Қазақ тілінде сөйлеу өз алдына, берілген тапсырмалар мен талаптар үдесінен шыға білу мүлде басқа өлшем екендігін түсіне бермейді. Негізінен білім алушылар үйреніп жатқан тілді меңгеру барысында дұрыс, сауатты қолдануды, жазба жұмыстарын жетілдіруді үйренеді. Сөйлеу мәдениетімен қоса, аудиториядағы және оқу аудиториясынан тыс шығатын нақты проблемалық ізденушілік, ғылыми, шығармашылық тапсырмаларды шешуге бағытталған пәнаралық және интегративтік сипаттағы жұмыстарды орындайды.

Студенттің жеке жұмысы аудиториядағы сабақтың ары қарайғы дамуы, өз бетінше ізденісті арттыруына ұласуы тиіс. Онда тілді меңгеруді жетілдірілу үшін төмендегідей қолайлы жағдайлар туындату қажет: *тұлғалық білім берудің бағыттылығы; білім алушының шығармашылық жеке оқу жұмысының маңыздылығы; жеке оқу жұмысының субъектісі ретінде студенттің шығармашылық мүмкіндігінің жүзеге асырылуы; оқу барысындағы түрлі субъектілердің өзара қарым-қатынастарының маңыздылығы; пәнаралық білімнің құрылуы; үйреніп жатқан тіл мен мәдениеттің меңгеру үдерісінде шынайы мағлұматтық білім беру, жобалық ғылыми және әлеуметтік мәдени жұмыстар қатарына енгізілуі.* Ойлаудың шығармашылық сипатын қамтамасыз ететін когнитивті үдерістерге әдетте кең білім өрісі, икемділік пен бейімделудің жоғарғы деңгейі тәрізді ойлаудың ерекшеліктерін жатқызады.

Студенттердің қазақ тілінде қаншалықты мазмұнды, тартымды сөйлей алатындығын анықтаудың бір тәсілі ретінде **бейнефильмдерді көру және талқылау** болуы шарт. Тиісті мазмұндағы бейнефильмдерді тек қана қосымша материалдар ретінде емес, сабақтардың және тренингтердің кез-

келген түріне оның тақырыбы мен мазмұнына сәйкес пайдалануға болады. Фильмді көрсетер алдында студенттердің алдына бірнеше (3-5) шешуші сұрақтар қою керек. Бұл келесі талқылауға салудың негізі болады. Алдын ала таңдалып алынған кадрлармен фильмді тоқтатып, пікірсайыс өткізуге болады. Соңында студенттермен бірігіп міндетті түрде жиынтығын шығару және қорытындысын жариялау керек [1, 237].

Қазақ тілін оқытуда үлкен нәтижелерге қол жеткізу үшін олардың өздерін жағдаяттарды талқылау және пікірді жинақтау тәсілдеріне жетелеу керек. Оқытушы сабақ үрдісін ұйымдастырушы, бағыттаушы адам ролінде болады. Шешім табылған кезде студент өз еңбегінің дұрыс, бұрыстығын өзінше дәлелдей білуге үйренеді. Сондай-ақ білім алушыға өз ойын білдіріп, пікір айтуға мүмкіндік береді.

Сонымен бірге студенттердің білімін бағалауда білімгерлердің өздеріне мүмкіндік беру арқылы оқу процесін тиімді ету оқытушының жұмысын жеңілдетері анық. Өзін-өзі бағалау – өз әрекеттері мен дамуына баға беру, оларды сыни көзқарас тұрғысынан талдау қабілеті, өз тәжірибесін кәсіби қызметпен байланыстыру әрекеттері студентте рефлексия дағдысы қалыптасқандығын көрсетеді. Өзін-өзі бағалау және құрбыларын бағалау студенттерге ойлайтын және оқитын тұлға ретінде өзінің білімін дамытуға, ағымдағы тапсырмаларды түсінуге, оқыту үдерісін жақсартудың жолдарын сезінуге және жетістікке жетуге мүмкіндік береді. Өзін-өзі бағалау жұмысын кестелер арқылы жүзеге асыру тиімді тәсіл болмақ. Мысалы: студенттің өзін-өзі бағалау кестесі, өзінің пікірталасқа қатысуын бағалау кестесі, топтық жұмыстарды бағалау кестесі, «ойды қорытындылау» тәсілін бағалау кестесі және топ жұмысын бағалау кестесін құру.

Өзін-өзі бағалау және өзара бағалау нақты критерийлерді қажет етеді. Олар:

- не тексерілуге тиіс екенін түсіну;

- студенттерге өзінің жұмыстарын қайта қарауға мүмкіндік беру;

- студенттерге өздерінің жеке мақсаттарын анықтауға және өз жұмыстарын жақсарту үшін не істеу керектігін анықтауға көмектесу үшін керек [2].

Өзара бағалау нәтижесінде студенттердің адал бағаға көздері жетіп, бәсекелестік туады, олар өз деңгейлерінің жоғары болуына талпынады, келесі жолы қате жібермей, жіберген қателерінің дұрыс жауабына айрықша көңіл қояды, білім алуға ұмтылады. Сондықтан да сабақта бағалаудың әр түрін қолдану жақсы нәтиже бермек. Студенттердің жетістіктерін өзара бағалауда мынадай бағалау техникаларын қолдануға болады:

*Қолмен белгі беру техникасы.* Түсінемін және түсіндіріп бере аламын (Бас бармағын жоғары көтеру арқылы).

Мен әлі түсіне алмай отырмын (Бас бармағын жанына қарату арқылы).

Мен әлі сенімді емеспін (Қолын бұлғау арқылы).

«Сөзбен бағалау» – оқытушы мен студент арасындағы кері байланыс, оны сабақтың әр кезеңінде қолданған тиімді.

«Екі жұлдыз, бір тілек» техникасы арқылы жұмысының теріс жақтарын көріп қана қоймай, оң жақтары туралы да білуге болады. Оны ауызша, жазбаша, топпен және жеке түрде жүргізуге болады.

«Бағдаршам» техникасы. Студенттің қолында бағдаршамның үш түсті үлестірмелі дөңгелекшелері болады. Оқытушы студенттерден осы үлестірмелі дөңгелекшелермен белгі беруді сұрайды. Егер сабақты жақсы түсінсе жасыл түсті дөңгелекшені көтереді. Олардан оқытушы: «Сіздер нені түсіндіңіздер?» – деп сұрайды. Сары және қызыл түсті дөңгелекшелерді көтерген студенттерден: «Сіздерге не түсініксіз?» – деп сұрайды. Алынған жауаптардың қорытындысынан оқытушы қайталап оқуға, тақырыпты бекітуге шешім шығарады. «Бағдаршам» техникасы арқылы студенттердің сабақты түсіну деңгейлерін анықтауға болады.

*Формативті тест техникасы.* Студенттерді өз еркімен төрт адамнан тұратын шағын топтарға бөледі. Әр студенттің қолында тест сұрақтары және жауап парағы болады. Студенттерге тест сұрақтарын осы шағын топта талдау ұсынылады. Талдағаннан кейін студенттер өз бетімен жауап парағын толтырады. Әр студенттің балы жеке есептеледі.

«Аяқсыз сөйлемдер» техникасы. Студенттер сөйлемді аяқтаулары қажет, мысалы, Маған сабақта қызықты болды...

Бүгін сабақта түсіндім...

Білім келеді...

«Жұптасып өзара бағалау» техникасы. Бұл жұмыс жұппен жүргізіледі, студенттер бір-бірінің жұмысын тексереді, кемшіліктерін ауызша түрде немесе жауаптар үлгісін пайдаланып көрсетуіне болады.

Бүгінгі күні ақпараттық технологияны кең көлемде оқыту мен педагогикалық ұйымдастыру қызметінде әрбір оқытушы қолдана алады. «Білім беру үдерісін ақпараттандыру – жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу-тәрбие үдерісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарлатуды көздесе, білім беруді ақпараттандыру бұл танымдық іс-әрекетті қайта құру үшін және білімгерлердің интеллектуалдық мүмкіндіктерін күшейтуге арналған жағдайды құру мақсатында микропроцессорлық техника мен ақпараттарды тарату құралдарының, сондай-ақ осы құралдарға негізделген педагогикалық технологияның базасында ақпаратты жинау, өңдеу, тарату және сақтау әдістері мен құралдарын педагогикалық практикаға жаппай енгізу болып табылады» [3, 12] деген пікір өзекті болып қала бермек.

Қазір біздің оқу үдерісімізде жаңа ақпараттық технологияларды пайдаланудың мынадай тиімділігін атап көрсете аламыз:

- студенттердің өз бетімен жұмыс істеуіне көп мүмкіндік беріп отыр;
- студенттердің және оқытушылардың уақытын үнемдейді;
- студенттердің білімін тест тапсырмалары арқылы тексеруде де өте тиімді;
- қашықтықтан білім алу мүмкіндігін береді;
- қажетті ақпаратты жедел түрде алу мүмкіндігі, әсіресе қазіргі таңда студенттің өздік жұмыстарына арнайы аудиториялық сағат берілмейтіні белгілі. Осы жағдайда студенттің жасаған өздік жұмысын немесе өздік жұмыс тапсырмаларын электрондық поштаға жіберуде;
- студенттің ой-өрісін, дүниетанымын кеңейтуге мүмкіндік береді, кітапханаларда жоқ шетел ғалымдарының еңбектерін ғаламтор арқылы пайдалануда да ықпалы зор.

Қазақ тілінен жоғары баға қоюды жақсы көретін оқытушылар білім алушыларды тексеру мақсатында **эссе жазу** тапсырмасын беруі қажет. Студент эссесі – оқытушы ұсынған тақырыпқа өзіндік жазбаша жұмысы (тақырыпты студент ұсына да алады, бірақ міндетті түрде оқытушымен келісілген болуы тиіс). Эссенің мақсаты – өзіндік шығармашылық ойлау және өз ойларын жазбаша мазмұндау дағдысын дамыту. Эссе жазу өте пайдалы, ол авторға ойды айқын және сауатты тұжырымдауға, ақпаратты құрылымдауға, талдаудың негізгі категорияларын пайдалануға, себеп-салдарлық байланыстарды ажыратуға, түсініктерді сәйкесті мысалдармен безендіруге, өз тұжырымын дәлелдеуге, ғылыми стильді меңгеруге көмектеседі.

Пәннің ерекшелігіне байланысты эссенің нысаны елеулі саралап жіктелуі мүмкін. «Кейбір жағдайларда бұл зерделенетін проблема бойынша статистикалық бар мәліметтерді талдау болуы, жаппай ақпарат құралдарының материалдарын талдау және зерделенетін модельдерді қолдана отырып ұсынылған тапсырманы нақты талқылау, проблеманы бейнелейтін мысалдарды іріктеу және нақты талдау» [4, 143-148]. Сол секілді көркем мәтіннен де белгілі бір үзіндіні алып, сол бойынша автордың өз бейнесі мен кейіпкер бейнесін танытатын тұстарын талдауға, өз ойын бейнелі жеткізе жазуға ынталандыру қажет. Мысалы, өтіліп жатқан тақырып отбасы, неке, демография туралы болды делік. Қазақ жазушыларының бұл тақырыпта жазылған бір шығармасынан үзінді ала отырып, бірге талқылап, ары қарай студенттің өзіне неге эссе жаздырмасқа? Сонда қазақ тілінен бестік баға алып жүрген студентіңіздің сіз күткен деңгейге қаншалықты лайық екендігін байқай аласыз. Бұлардан басқа, қарапайым тілмен айтқанда сұрақ-жауап тәсілдерін де жиі қолдану қажет. Оны түрлендіруді де ескеріп отырғанымыз абзал. Мысалы:

**Оңай және қиын сұрақтар кестесі.** Бұл кестені студенттер қандай да болмасын мәселе бойынша өз пікірін келтіру үшін немесе жаңа ақпаратпен танысқанда (мәселен, мәтін мазмұны) толтыра алады (алдымен жеке, содан кейін жұппен, шағын топ ішінде немесе бүкіл аудиториямен). Кестенің сол жағына олар өз түсініктері бойынша оңай, ал оң жағына қиын сұрақтарды келтіреді. Бұл жерде оқытушының студенттермен бірге алдын ала бұл сұрақтардың бір-бірінен айырмашылығын анықтап алғаны орынды. Мәселен, оңай сұрақтар дегеніміз мәтінде жауабы бар сауалдар, ал қиын сұрақтардың жауабы мәтінде жоқ, оларға тек өзіндік тұрғыдан ғана жауап беруге болады: студент мұнда өз ойын, пікірін келтіреді. Оңай сұрақтарға бір жақты жауап беруге де болады («иә»/«жоқ»), ал қиын сұрақтарға жан-жақты жауап беру керек.

Бағалаудың негізгі өлшемдері ЖОО-да бекітіліп, оқу үдерісінде қолданыста болып келе жетқанына қарамастан, әлі де оқытушылар тарапынан «атымтай жомарттық» не тым «қатал боп көріну» кездеседі. Жоғары баға алған студенттің сабақтан тыс уақытта өз ойын жеткізуге, не тосыннан қойылған сұрақтарға жауап бере алмай жататындарын жиі көріп жүрміз. Сондай-ақ сабақта мүлде сөйлемейтін студенттің аудиториядан тыс уақытта қазақшасы қамшы салдырмайтынын да

байқаймыз. Осындай білім алушыларды дұрыс бағалай білу – оқытушы тарапынан үлкен жауапкершілікті ғана емес, адамгершілік пен кәсібилікті де танытатын амал.

Білім алушылардың оқу жетістігін бақылау және тексеру – кредиттік оқыту жүйесінің негізгі және ажырамас бөлігі. *Бақылау* кең көлемде оқу процесін тексеру деген мағынаны білдіреді. Бақылау оқыту үдерісінде білім алушылардың оқу әрекетіне басшылық жасау қызметін атқарады, олардың шығармашылық күші мен қабілетінің дамуына ықпал етеді. Білімді бақылаудың негізгі мақсаты – оқу бағдарламасы бекіткен оқу материалын студенттің қандай сапамен меңгергенін анықтау.

«Өзге тілді аудиторияға қазақ тілін үйрету барысында студенттерге лингвомәдениеттанымдық біліктілікті қалыптастырудың маңызы зор. Себебі тәлімгер өзіне ұсынылған кез келген тілдік материалды қазақы мәдени кеңістіктің көрінісі ретінде қабылдай білуі тиіс. Бұл әсіресе көркем мәтінді оқыту барысында өткірлене түсетін мәселе. Яғни ұлт мәдениетін бар бояу нақышымен көрсететін көркем мәтінді оқып, түсіну аз. Студент оны зерделей білетін (интерпретациялай) деңгейге жетуі тиіс. Көркем мәтінді интерпретациялау, оған қатысты түсініктер беру, ондағы лақундардың орнын толтыру барысында студент өз ықтиярынан тыс шағын лингвистикалық және лингвомәдениеттанымдық зерттеу жүргізуге құлықты болады. Мұнда оқытушы тіл үйренушілердің білім қорын барынша шебер, шығармашылықпен пайдалануға түрткі болатын тапсырмалар жүйесін жасап алып, оны тәлімгерлердің орындау барысын қадағалайды. Стерiotиптерге емес, білімдер қорына сүйенетін сындарлы ойлауға деген қабілеттілігі студенттердің оқылып отырған тілге, әдебиетке, мәдениетке деген зерттеушілік көзқарасын қалыптастырудың басты шарты болып табылады» деген пікірге келісе отырып, осындай әрекеттермен де студенттердің шынайы бағасын нақтылауға болады [5, 71].

Оқыту процесінің нәтижелі болуы оның ішкі қозғаушы күштеріне байланысты. Қозғаушы күш деп қойылатын талаптар мен оларды орындаудағы білім алушылардың мүмкіндігі арасындағы қайшылықты айтады. Егер қойылатын талап студенттердің мүмкіншілігіне, яғни, даму дәрежесіне сай келсе, онда қайшылық даму процесінің көзіне айналады. Бұны оқытудағы экспрессивтік тәсіл деуге болады. «Экспрессивтік әдіс білімгерлердің шығармашылық белсенділігін туғызады, кәсіби мамандардың туындыларынан рухани мәдениетті көруге, үйренуге көмектеседі, тәрбиеленушілердің біліктілігін арттырумен қатар, когнитивтік сана қалыптастырады. Студенттердің *интеллектуалдық бостандық, рухани тәуелсіздік, тіл шеберлігін шыңдау, ақпаратты талдау, жинақтау, салыстыру, тұжырымдау* секілді танымдық тұрғыдан өсіруді және құзіретті етуді көздейді. Шығармашылыққа бейімдейтін әдістерді қолдану – сабақты тиімді ұйымдастыру, студенттің меңгерген білімін қолдана алу мүмкіндіктерін кеңейту, студенттердің өздік жұмысын тиімді ұйымдастыру, олардың танымдық, шығармашылық белсенділігін арттыру, бағалау дағдыларын қалыптастыру қазақ тілін оқытуды тиімді жүзеге асырудың көрінісі. Қазақ тілін оқытуда білімдік құзіреттілікті қалыптастыру мақсатында сыни ойлау және шығармашылық-ізденімпаздық қабілетті дамытуға ықпал ететін, оқытушымен өзара қарым-қатынасын қамтамасыз етуге бағытталған қатысымдық әдіс басшылыққа алынады. Көрсетілген тәсілдер белгілі бір жүйемен кешенді түрде пайданылған жағдайда қазақ тілінің нормасына сай ауызекі сөйлеуді және сауатты жазуды меңгеруге ықпал етеді» [6, 226].

Қорыта айтқанда, оқытуды жаңаша ұйымдастыра отырып, дұрыс бағалау – бұл білімді кредит түрінде есепке алу, өзін-өзі білімдендіру және білімді шығармашылықпен меңгеру деңгейін көтеруге бағытталған білім беру [7]. Тұлғаны дамытуға бағытталған қазіргі заманғы білім беру жүйесі тек мемлекеттің ғана қажеттіліктеріне емес, тұлғаның білім, әлеуметтік-мәдени және рухани қажеттіліктеріне де бейімделеді. Қазақ тілін оқытудағы жаңашылдықтың талабы жоғары және бағалау өлшемдері де әділ, шынайы болса, тілді жетік меңгерген, ұлттық асыл қасиеттерді бойына сіңірген, тіл мәдениетін дамытатын талғамы биік жастар көбейері сөзсіз.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

- 1 Акишина А.А., Каган О.Е. *Учимся учить. Для преподавателя русского языка как иностранного.* – М.: Рус. яз. Курсы, 2004. – 256 с.
- 2 Тауипбаева А.Т., Абдихайымова Г.Т. *Тұлғаның ақыл-ойын қалыптастырудағы өзін-өзі бағалаудың педагогикалық-психологиялық мүмкіндіктері // Молодой ученый.* – 2015. – №7. – Б.34-36.
- 3 Құрман Н.Ж. *Қазақ тілін дамыта оқыту технологиясы. Монография.* – Астана, 2007.
- 4 Сәтбекова А.А. *Қазақ тілін сапалы оқытудың ғылыми-әдіснамалық негізі // «Тәуелсіз Қазақстан жағдайындағы үздіксіз білім беру модернизациясы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. II том.* – Алматы, 2007. – Б.81.
- 5 Есенова Қ.Ө. *Өзге тілді аудиторияда қазақ тілін оқыту барысында лингвомәдениеттанымдық біліктілікті қалыптастыру жолдары// Вестник КазНПУ им. Абая, серия «Филологические науки.* – 2016. – №2(56). – Б.70-74.



6 Ермекбаева А.Ш. Бейіндік мектептерде қазақ тілін жаңаша оқыту арқылы "Мәңгілік ел – мәңгілік тіл" идеясын жүзеге асырудың мүмкіндіктері//Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Филология ғылымдары» сериясы. – 2016. – №3(57). – Б.228-231.

7 Красноборова А.А. Критериальное оценивание как технология формирования учебно-познавательной компетентности учащихся. Автореф. ... канд. дисс. – Нижний Новгород, 2010. – 140 с.

Б.С. Абдуова<sup>1</sup>, У.О. Асанова<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup>Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева,  
г. Астана, Казахстан

## «ЩЕДРОСТЬ» И ИСКРЕННОСТЬ В КРИТЕРИИ ОЦЕНИВАНИЯ ЗНАНИЙ СТУДЕНТОВ

### Резюме

Проверка по критериям оценки уровня усвоения казахского языка обучающимся имеет особое значение. Совершенствуются методы развития языковой компетенции студентов высших учебных заведений как в аудитории, так и вне ее. Если посредством текста, развивая связь языковых личностей, применяются все виды речевой деятельности, то самостоятельные работы развивают творческий облик обучающегося. Чтение, слушание, говорение, письмо и применение разнообразных видов работ требуют от преподавателя специальной квалификации.

Основные критерии оценки университетов были утверждены и используются в учебном процессе преподавателями, хотя некоторые из них все еще склонны позиционировать себя «щедрыми на оценки» или «строгими». Наблюдалось также, что во внеурочное время студенты с завышенными оценками не могли выразить свою точку зрения и отвечать на спонтанные вопросы или импровизировать. Способность оценивать студентов объективно несет с собой не только большую ответственность со стороны преподавателей, но и требуют одновременно моральных и профессиональных элементов этого подхода.

Учитывая, что молодежь – это будущее страны, преподаватели должны понимать, что они формируют интерес в получении знаний, и что объективная оценка является основой качественного образования.

**Ключевые слова:** языковая компетентность, критерии оценки, методы проверок, балльная система, искренность

B.S. Abduova<sup>1</sup>, U.O. Assanova<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup>L.N. Gumilyov Eurasian National University,  
Astana, Kazakhstan

## «GENEROSITY» AND HONESTY IN STUDENTS KNOWLEDGE EVALUATION

### Summary

The meaning of checking the level of the Kazakh language learning by the learner has a particular significance. The methods of development of linguistic competence of the university students as in the auditory so as outside of it are improving. By means of text, developing the ties of linguistic personas, all types of speech activities are used, and Students' Individual Work develops the creative image of the learner. Reading, listening, speaking, writing and the use of different kinds of work require from a teacher a special qualification.

The main criteria of evaluating in universities were approved and are used in learning process by the teachers, though some of them are inclined to position themselves as «generous with marks» or «strict» teachers. It has been observed also that in non-school hours the students with the overvaluation could not express their point of view and could not answer the spontaneous questions. The ability to evaluate the students correctly bears not only a responsibility from the teacher's side but requires the moral and professional elements of this approach at the same time.

Taking into account that our youth is the future of the country, the teachers should understand that they do encourage the students to get knowledge and that the unbiased evaluation is the basis of quality knowledge.

**Keywords:** linguistic competence, evaluation criteria, checking methods, point rating system, honesty

Г.М. Алимжанова<sup>1</sup>  
<sup>1</sup> Университет ТУРАН,  
Алматы, Казахстан

## ФУНДАМЕНТ КАЧЕСТВЕННОГО ОБРАЗОВАНИЯ – ИСПОЛЬЗОВАНИЕ КОМПЕТЕНТНОСТНОГО ПОДХОДА

### Аннотация

Экономические перемены не только в стране, но и на мировом рынке труда объясняют возрастающие требования, предъявляемые к молодым специалистам.

Появились новые требования к модели и качеству выпускника, новые подходы к их конкурентоспособности и работоспособности.

Вузы XXI века должны выпускать уже готовых специалистов, способных адаптироваться на рынке труда и быть готовыми к новым изменениям, к самообразованию, что, в свою очередь, определяет значение и функцию высшего образования не «на всю жизнь», а в «течение всей жизни». Качественно новая миссия, задачи и содержание современного образования в новых условиях призвано быть ориентированным не просто на фундаментальные знания, а на рынок труда, также на формирование практически направленных умений, навыков и компетенций.

В статье рассматривается понятийное содержание и структура компетенций и компетентностей в разных странах, проблема профессиональной компетенции анализируется на примере стран США, Европейских стран, России, а также Казахстана.

**Ключевые слова:** компетенция, компетентность, ключевые компетенции, профессиональная компетенция, образование

«Компетентностный подход» получил распространение в начале XXI века в связи с дискуссиями о проблемах и путях модернизации образования. Инновационное образование – это не только новый способ преподавания, но и новый способ мышления. Это образование, ориентирующееся не столько на передачу знаний, постоянно устаревающих, сколько на овладение базовыми компетенциями, позволяющими затем приобретать знания самостоятельно.

Компетентностный подход в образовании широко известен педагогам и ученым всего мира, и на сегодняшний день он обсуждается с разных ракурсов и рассматривается с разных позиций. Прежде всего это связано с определением самих понятий «компетенция» и «компетентность».

Согласно словарю Webster, термин «компетенция» появился еще в 1596 году. А в США впервые стало употребляться в 60-е годы в контексте деятельностного образования (performance-based education), целью которого было готовить специалистов, способных успешно конкурировать на рынке труда [1, 82].

Словарь С.И. Ожегова больше придерживается деятельностного описания понятий: 1) компетенция – круг полномочий, область подлежащих чему-нибудь: ведению вопросов, явлений; 2) компетентность – осведомленность; 3) компетентный – являющийся признанным знатоком в каком-либо вопросе (в вопросе страхования), обладающий компетенцией; 4) готовность – согласие что-либо сделать (оценку риска), желание содействовать чему-нибудь (размещению риска).

Здесь слово «готовность» рассматривается, с одной стороны, как состояние или свойство готовности человека, могущего и желающего что-то исполнить. С другой стороны, готовность – согласие сделать что-нибудь, состояние, при котором все сделано, все готово для чего-нибудь [2, 68].

В глоссарии терминов, опубликованном в 1997 г. Европейским фондом образования, компетенция определяется как «способность делать что-либо хорошо или эффективно, соответствие требованиям, предъявляемым при устройстве на работу: способность выполнять особые трудовые функции».

Эти способы отражают следующие модели: «модель компетенции, основанная на параметрах личности; модель компетенции для решения задач; модель для производительной деятельности; модель компетенции по управлению результатом деятельности» [3, 123].

На сегодняшний день компетентностью считается «способность личности к выполнению какой-либо деятельности на основе жизненного опыта и приобретенных знаний, умений, навыков».

В отличие от компетенции, которую принято рассматривать в виде знаний, умений, навыков, приобретенных в ходе обучения и образующих содержательную сторону такого обучения, компетентность означает свойства, качества личности, определяющие ее способность к выполнению деятельности на основе приобретенных знаний и сформированных навыков и умений.

А компетенция – это «совокупность знаний, навыков, умений, формируемых в процессе обучения той или иной дисциплине, а также способность к выполнению какой-либо деятельности на основе приобретенных знаний, навыков, умений» [4, 55].

Казахстанскими учеными вопрос компетентности начал обсуждаться с конца 90-х годов. В связи с интеграцией казахстанского образования с мировой тенденцией, предопределил важность компетентного образования, ориентированное на результат.

Казахстан в 2010 году подписал Болонскую Декларацию, присоединился в Болонский процесс. Цель участия Казахстана в Болонском процессе – расширение доступа к европейскому образованию, дальнейшее повышение его качества, а также повышение мобильности студентов и преподавательского состава посредством принятия сопоставимой системы ступеней высшего образования, использования системы кредитов, выдачи выпускникам казахстанских вузов общеевропейского приложения к диплому [5, 3].

Устойчивое развитие, конкурентоспособность экономики и страны зависят от развития человеческого капитала, что обусловлено развитием образовательной системы каждой страны. Казахстан также, как и другие страны мира стремится к устойчивому развитию и к созданию конкурентноспособного общества. В связи с этим предприняты меры по обеспечению-данной-стратегической цели.

Доказательством этому служит «Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2011-2020 годы», принятая в 2011 году. Казахстан, перенимая международный опыт зарубежных стран, определил образование как приоритетное направление устойчивого развития страны. В программе сказано, что «человеческий капитал крайне необходим для создания технически прогрессивной, производительной рабочей силы, которая может адаптироваться в быстро изменяющемся мире» [6, 19].

Поэтому в программе предлагается новое национальное видение: «к 2020 году Казахстан – образованная страна, умная экономика и высококвалифицированная рабочая сила. Развитие образования должно стать платформой, на которую будет опираться будущее экономическое процветание страны» [7, 24].

Опираясь на международный опыт и помощь экспертов из зарубежных стран, была разработана отечественная модель ключевых компетенций, включающая 6 групп ключевых компетенций: коммуникативная компетенция; математическая компетенция; научная и технологическая компетенция; личная и межличностная компетенция; культурная и гражданская компетенция; компетенция работы и предпринимательства [8, 29].

На сегодняшний день уже реализуется внедрение этих компетенций в систему образования и содержание каждой дисциплины, в рамках возможности и потенциала каждого предмета.

Предложенные компетенции разных стран призваны обеспечить связь образования с практикой, дать необходимые знания, способности и отношения, с помощью которых человек может ориентироваться в быстро изменяющемся мире. Поэтому ключевые компетентности определяются как многофункциональный пакет знаний, способностей и отношений, которые требуются каждому человеку для полноценной личной жизни и работы, активной гражданской позиции и эффективного включения в жизнь общества [9, 18].

Объем компетентностей, а также их неразграниченность затрудняют планирование и их реализацию в учебном процессе. Поэтому ученые также классифицируют компетентности по их иерархии: *ключевые компетенции* – относятся к общему (метапредметному) содержанию образования; *обще-предметные компетенции* – относятся к определенному кругу учебных предметов и образовательных областей; *предметные компетенции* – частные по отношению к двум предыдущим уровням компетенций, имеющие конкретное описание и возможность формирования в рамках учебных предметов [10, 86].

Существует также классификация И.А. Зимней, которая разграничивает три основные группы компетентностей: компетентности, относящиеся к самому себе как личности, как субъекту жизнедеятельности; компетентности, относящиеся к взаимодействию человека с другими людьми; компетентности, относящиеся к деятельности человека, проявляющиеся во всех ее типах и формах.

Учеными была предпринята попытка, во-первых, выделить и теоретически обосновать основания группировки ключевых компетенций, во-вторых, определить некоторую основную необходимую их номенклатуру и, в-третьих, определить входящие в каждую из них компоненты или виды компетентностей.

Обобщая опыт ученых, модель профессиональной компетенции можно определить следующим образом:

білім стандартына сәйкес ұлттық білім беру жүйесін құру екендігі қажет» – деп атап көрсетті [1]. XXI ғасырда Қазақстанның білім беру жүйесіндегі жалпы және орта 12 жылдық білім беру жүйесінің енгізілуі уақыт талабы болып отыр. Қоғамымыздың әлеуметтік-экономикалық және саяси құрылымының түпкілікті жаңаруына байланысты бірінші міндет халықтық білім жүйесін жаңаша тұжырымдама жасап, жаңаша талап қоюды қажет етеді. Мектептердегі нақты міндеттердің бірі білім беру кезеңінде балалардың физиологиялық, психологиялық деңгейінің дамуын, олардың әрі қарай білім алу, күрделі білімді жеткілікті қабылдауын дамыту, әр салада болсын біліктерін жетілдіру негізінде, еліміздегі үздіксіз білім беру саласының 12 жылдық білім беру жүйесіне өтуі ғылым, білім саласында үлкен жаңалық болып табылады.

Дегенмен, педагогика ғылымында 12 жылдық білім беру мазмұны мен ерекшеліктері, тиімді ұйымдастыру мәселесі толықтай зерттелмеген. Бүгінгі таңда алдыңғы қатарлы елдердің барлығы оқуға жалпы білім берудегі жаңа жүйені ұсына отырып, соның ішінде көпжылдық білім беруге көшуде. Демек, 12 жылдық жалпы білім берудегі жеке тұлғаны қалыптастырудың жаңа жүйесімен қазіргі заманғы білім мен тәрбиенің ең тиімді мүмкіндіктерін, жолдарын зерттеп, оны ұтымды түрде білім беруге енгізу қажеттігі арасында қарама-қайшылықтар бар екені байқалады. Осы қарама-қайшылықтарды айқындау негізгі мәселелердің бірі болып отыр: ол 12 жылдық білім беру жүйесіне көшудің халық санына, мемлекет экономикасына зиянсыз енгізілуі және бұны жүзеге асыру үшін тиімді әдіс-тәсілдер мен жолдарын табу. Қазіргі қоғамның алдында білім берудің жаңа моделін құрудың, сынақтан өткізу мен енгізудің ауқымды міндеттері тұр.

Қазақстанның әлемдік өркениетке енуіне қатысты білім беру саласына қойылып отырған заман талабы – шығармашылықпен жұмыс істей алатын, бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыру. Білім берудегі негізгі мақсат тек білімді, кәсіби мамандандырылған адам дайындау ғана емес, рухани дүниесі бай және адамгершілігі зор, қоғамдық өмірдің барлық аясында ұлттық құндылықтарды бағалауға және дамытуға қабілетті тұлғаны тәрбиелеп шығару. Осы тұрғыда қазіргі кезде ел болашағы азаматтарының қызметтік және мәдени сауаттылық, яғни құзіреттілік деп аталатын білімділіктің жаңа деңгейіне шығуына жағдай жасау міндеті тұр. Ал құзырлылық, құзіреттілік дегеніміз 12 жылдық біліммен тікелей байланысты. Осы аталған 12 жылдық жалпы орта білім беру Тұжырымдамасында «12 жылдық білім берудің басты мақсаты: Өзінің және қоғамның мүддесінде өзін-өзі белсенді етуге дайын, өзгермелі даму үстіндегі ортада өмір сүруге бейім, бәсекеге қабілетті және құзіретті, шығармашыл, білімді тұлғаны дамыту және қалыптастыру», – деп нақты көрсетілген [2, 3].

Осы орайда Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың соңғы екі жылдан бері республика мектептеріндегі білім беру мен тәрбие жұмысын жақсартудағы қатаң талабы бүкіл республикамыздың білім саласын жаңаша ұйымдастыру міндетін қойып отыр. «Бізге экономикалық қоғамдық жаңару қажеттілігіне сай келетін осы заманғы білім беру қажет» деп атап көрсетті 2006 жылғы 1 наурыздағы «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы» атты Қазақстан халқына Жолдауында [3]. Сондықтан да ел экономикасы жақсарып, алға қойған мақсаттарымыз айқындалған тұста білім беру жүйесінде өзгерістер мен қайта жаңартулар орын алуда. 2010 жылдан бастап 12 жылдық білім жүйесіне көшетінімізге байланысты республикамызда оған жан-жақты даярлықтар жүргізіліп жатыр. Еліміздің барлық мектептерінде Қазақстан Республикасы үкіметінің 2006 жылдың 6 шілдесіндегі №681 қаулысымен бекітілген 12 жылдық білім беруге көшудің іс-шаралар жоспары басшылыққа алынуда.

Білім беруді жаңарту бір-бірімен тығыз байланысты, әрі өзара шарттас екі қағидамен сипатталады: біріншіден, әлеуметтік ортаның терең демократиялығы, гуманизация және гуманитаризациямен байланысты; екіншіден, тұлғаның тұтас дамуына бағыттылығы. Кеңес дәуірі кезіндегі білім беруде тұлға тек білімді меңгеруші, халықтың мәдениетін тасымалдаушы және көрсетуші болып табылатын. Ал қазіргі 12 жылдық бейінді білім берудің өзіндік ерекшелігі бар, ол тұлғаның жан-жақты дамуына жағдай жасай отырып денсаулығын нығайту мен өзінің қоғамдағы орны мен рөлін, кәсіби қызығушылығы мен бағыттылығын еркінше таңдау, әрі меңгеру болып табылады.

Демек, 12 жылдық білім беру жағдайында оқушы тек қана білім алушы ғана емес, сонымен қатар: – Ізденуші – Зерттеуші – Басқарушы – Ұйымдастырушы – Кеңесші – Үйлестіруші дербес тұлға. Сондықтан да 12 жылдық мектепте құзіреттілік тәсіл жаңа тәсіл болып табылады. Тәуелсіз еліміз іргелі, бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына ілігіміз деп ұмтылып жатқанда, сол мақсатты болашақта жүзеге асыратын ұстаз ең алдымен кәсіби деңгейі жоғары, интеллектуалдық, шығармашылық қабілетті мол тұлға болумен қатар ол оқытудың жаңа технологияларын өмірге енгізуге дайын, оқу тәрбие ісіне жанашырлық танытатын, қоғамның ең озық бөлігінің бірі бола білуі тиіс.

«Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту стратегиясына» сәйкес 12 жылдық білім беруге көшудің басым бағыттарының бірі – тиімді қызмет ететін білім беру үлгісін қалыптастыру, Қазақстанның дамыған елдер арасында лайықты орын алуына мүмкіндік беретін оқыту мен кадрларды даярлаудың жоғары сапалы деңгейіне қол жеткізу болып табылады [4]. Қазақстан болашағын ойласақ – ұлттық даму, өмір сүру ерекшеліктеріне сай ұлттық мектептер қалыптасуы шарт, себебі әр елге немесе әр мемлекетке бірдей бірқалыпты педагогикалық теория да, білім жүйесі болуы да мүмкін емес. Болашақ 12 жылдық мектеп қандай болу керек, оның ерекшелігі неде? *Біріншіден* – ол Қазақстан мемлекетінің мүддесіне сай болуы міндетті, олай болса ұлттық тәрбие алған бала өз елінің қамын ойлайтыны заңдылық. *Екіншіден* – мектеп білім беру әдісінде жаңа тұжырымдамалар мен бағдарламалар жасалынып, олар мектептегі негізгі тұлға – оқушы мен педагог мүсінін толық қамтитын, әрі қорғайтындай болуы тиіс және «жалаң» теориясымен шектелмей, балалар қабілетін аша отырып, білімде құштарлықты арттыру бағытталған іс-әрекетке негізделуі. Өйткені білім қажеттілігін терең түсініп, оны үйренуге ұмтылған бала өмірге де қиындықсыз бейімделеді. *Үшіншіден* – оқушының бастауыш жас кезеңінен кәсіби қабілетін, оның бағдарламасын анықтау барысында жұмыстар жүргізіліп, сапасын жетілдірсек, сонда білім беру де, болашақ елдің дамуы да нәтижелі болады. *Төртіншіден* – тәрбие отбасынан басталады, сондықтан ата-аналардың мектеппен байланысын күшейту керек. *Бесіншіден* – мектепке құқық тәрбиесін беру мен оқыту жеткіліксіз. Соның салдарынан балалар өздерінің міндеттері мен құқықтарын айыра алмай жатады. Міне осы аталған ерекшеліктерді қолға алсақ, білім беруді дамытудың нәтижелі жетістіктеріне жететініміз сөзсіз.

Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында және 12 жылдық білім беру тұжырымдамасында бейінді оқытудың үш бағыты анықталған: жаратылыстану-математикалық, әлеуметтік-гуманитарлық және технологиялық [5]. Аталған бағыттардың мазмұны арнаулы бейіндік курстар жиынтығынан тұрады. Демек, кез келген мектеп оқушысының өз білім жолын таңдауына, білімін жан-жақты тереңдетуіне мүмкіндігі бар.

Келесі, 12 жылдық мектептің құрылымына тоқталатын болсақ: 12 жылдық білім беру жүйесі 5+5+2 сатыларынан тұрады. Бүгінгі күні осы құрылым мен жаңа мазмұнға негізделген жалпыға міндетті білім стандарттары әзірленуде. Яғни, бастауыш мектепте қажетті біліктер мен дағдыларды игеруге, оқу, жазу, санау, шығармашылықпен ойлауға жетелейтін, жеке бас гигиенасы мен денсаулығын сақтау негіздерінің болуына ықпал ететін оқу әрекетін ұйымдастыру басты мақсат болып табылады. Орта мектеп сатысындағы білім мазмұны оқушының болашақ бағдарын саналы таңдауына игі ықпал ететін дайындық кезеңі мен педагогикалық, педагогикалық-психологиялық, ақпараттық және ұйымдастырушылық ұстанымдардан тұрады. Жоғары мектеп, бұл жалпы орта білім берудің соңғы кезеңі болып табылады. Үшінші сатының негізгі мақсаты – оқытудың саралануы мен даралануына бағдарланған жалпы орта білім беру, оқушылардың болашақ кәсіби қызметіне саналы да жауапты таңдау жасауына, жеке және өмірлік өзін-өзі танытуына жағдай жасауға, құзыреттілігін қалыптастыруға негізделеді.

Сонымен, дәстүрлі білім беру жүйесінен 12 жылдық білім беру жүйесінің басты артықшылығы – баланың тек қана білім алып ғана қоймай, бейімі мен икемділігіне, таңдайтын мамандығына қарай алғашқы кәсіби бағдар алып шығуында жатыр. Яғни, 11-12 сыныптардағы білім мазмұны оқушының жоғары оқу орындарының алғашқы курстарында алатын білім мазмұнымен кіріктіріледі. Оқушы мен ұстаз арасында өзара түсіністік пен ықпалдастыққа негізделген оқыту үдерісі оқушының ойлау жүйесінің дамуына, құндылық бағдарының айқындалуына, қарым-қатынас жасай білу дағдысының қалыптасуына ықпал етеді. Нәтижесінде оқушының танымдық қабілетінің деңгейін өсіріп, ойлау қабілетін арттырып, ақпаратты қабылдап қана қоймай, оны талдап, оған өзіндік тұжырым жасай алатын дәрежеге қол жеткізеді. Бұл үрдіс 12 жылдық білім беру жүйесінде білім мазмұнын түбегейлі жаңартумен қатар, оқытудың тың әдістемесін дүниеге әкеледі.

«Бүгінгі таңда ХХІ ғасыр табалдырығын еркін аттаған азат ұрпаққа жаңаша тәлім-тәрбие және білім беруді жетілдірудің, мемлекеттік тілді оқытудың басым бағыттарын айқындау педагогика тәжірибиесінің көкейкесті мәселелерінің бірі болып отырғаны анық» [8, 241]. 12 жылдық білім беру жүйесінің жоғарыда аталған барлық ерекшеліктерін, басымдылығы мен тиімді тұстарын, т.б. саралай келе 12 жылдық білім берудің негізгі мақсаты анықталды.

12 жылдық білім мазмұнының негізгі өзегі – қарқынды дамып келе жатқан өзгермелі қоғамда өмір сүруге икемді, жеке басының, сондай-ақ қоғам пайдасына қарай өзін-өзі толық жүзеге асыруға дайын білімді, шығармашылыққа бейім, құзіретті және бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру мен дамыту болып табылады.



12 жылдық білім беру жүйесін қолдану мектеп оқушыларының оқу-тәрбие үдерісінде жетістікке жетуі мен білім деңгейі артып, жоғарылай түсуіне алып келеді, өйткені бұл жүйенің сапалық құндылықтары оқушыларға кәсіби білім беруге және құзыреттіліктерін қалыптастыруға негіз бола алады.

12 жылдық білім беру бағдарламасы бойынша білім алған оқушы:

- әлемдік стандарт деңгейіне сай жоғары сапалы біліммен қамтама сыз етіледі, жан-жақты мәдени, құзыретті тұлға болып, қалыптасады;
- өз-өзін тәрбиелей алатын, өзін-өзі дамытуға мүмкіндігі бар, кәсіптік білім беру бағдарламасын меңгерген азамат болып тәрбиеленеді;
- өзінің жеке басының мүддесін қоғам мүддесімен үйлестіре алатын тұлға ретінде қалыптасады;
- шығармашылықпен еңбектенетін қоғамдағы нарықтық бәсекелестікке қабілетті, өзін-өзі толық іске кірістіре алатын, сауатты болашақ маман болады.

Демек, 12 жылдық білім беруге көшу еліміздің білім саясатындағы келелі мәселелерді шешуде нақты қадам болып табылады. Білім беру құрылымы мен мазмұнының түбегейлі жаңаруы еліміздің болашағына ие болар білікті жастардың жеке тұлға ретінде қалыптасуына игі ықпал етеді.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1 Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан: Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы [Электрон. ресурс]. – 2007. – URL: <http://kzgov.docdat.com/docs/364/index-78481.html> (дата обращения: 17.05.2017).

2 Қазақстан Республикасында 12 жылдық жалпы орта білім беру тұжырымдамасы [Электрон. ресурс]. – 2006. – URL: <http://flatik.ru/azastan-respublikasinda-12-jildi-jalpi-orta-bilim-beru-tjirimd> (дата обращения: 17.05.2017).

3 Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы [Электрон. ресурс]. – 2006. – URL: <http://kzgov.docdat.com/docs/1357/index-60148.html> (дата обращения: 17.05.2017).

4 Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту стратегиясы [Электрон. ресурс]. – 2003. – URL: <http://sc0005.akkol.akmoedu.kz/documents/view/21D1CF41A3EF4127.html> (дата обращения: 17.05.2017).

5 Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы [Электрон. ресурс]. – 2010. - URL: <http://kzbydocs.com/docs/649/index-28098-1.html> (дата обращения: 17.05.2017).

6 Каримов Е.К. 12 жылдық білім беру жүйесі: технологиялық ерекшеліктер // Республикалық ғылыми-әдістемелік және ақпараттық-сараптамалық журнал «12 жылдық білім беру». – 2006. – №4. – Б.8-9.

7 Шатекова Қ.Т. 12 жылдық білім беру – бастауыш буында // Республикалық ғылыми-әдістемелік және ақпараттық-сараптамалық журнал «12 жылдық білім беру». – 2009. – №5. – Б.14-15.

8 Кабатаева К.Т., Билял Б.К., Кабатай Б.Т. Инновационная традиция технологии обучения государственного языка в системе образования // Вестник КазНПУ имени Абая, Серия «Филологические науки». – 2016. – №3(57). – 241 с.

*А.К. Жундибаева<sup>1</sup>, А.Ж. Байгазина<sup>2</sup>*

<sup>1,2</sup>Государственный университет имени Шакарима г. Семей

## **ВОПРОС ПЕРЕХОДА НА 12-ЛЕТНЕЕ ОБУЧЕНИЕ В СРЕДНЕЙ ШКОЛЕ**

*Аннотация*

Статья посвящена вопросу о переходе Казахстана на 12-летнее образование. Автор статьи излагает видение об особенностях обучения системы 12-летнего образования, отличии новой системы от традиционной системы обучения, его эффективности в использовании. Согласно Концепции 12-летнего общего среднего образования в Республике Казахстан, главной целью 12-летнего общего среднего образования является жить в динамично развивающейся среде, склонной к разным изменениям, развивать и формировать конкурентноспособную, компетентную, образованную и творческую личность. Поэтому формирование молодых квалифицированных специалистов можно осуществить на основе программы 12-летнего общего среднего образования. В статье также приводятся выводы, касающиеся развития и совершенствования образования в средней школе в рамках программы 12-летнего образования.

**Ключевые слова:** 12-летнее образование, средняя школа, методика, компетентность, профессиональное знание, основное обучение

A.K. Zhundibayeva<sup>1</sup>, A.Zh. Baigazina<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup>Shakarim State University of Semey

## QUESTION OF TRANSITION TO 12-YEAR-SCHOOL TRAINING IN SECONDARY SCHOOL

### Summary

The article is devoted to the issue of the transition of the formation of Kazakhstan to a 12-year education. The author of the article sets out a vision of the specifics of training the 12-year education system, the difference between the new system and the traditional training system, and its effectiveness in use. According to the Concept of 12-year general secondary education in the Republic of Kazakhstan, the main goal of a 12-year general secondary education is to live in a dynamic environment, inclined to various changes, develop and form a competitive, competent, educated and creative personality. Therefore, the formation of young qualified professionals can be carried out on the basis of the program of 12-year general secondary education. The article also discusses the conclusions concerning the development and improvement of education in secondary school within the framework of the 12-year education program.

**Keywords:** 12-year education, secondary school, methodology, competence, professional knowledge, basic training

FTAXP 14.35.09

Г.М. Кенжебаева<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,  
Алматы қ., Қазақстан

## ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ БАҒАЛАУДЫ ЖҮРГІЗУДІҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

### Аңдатпа

Мақалада Білім мен ғылымның дамуы Қазақстанның рухани жаңғыруына әсер етуші фактор екендігін айта келіп, ондағы мұғалімнің рөліне тоқталады. Бүгінгі мектептің, мұғалімнің ең басты міндеті – рухани бай, жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыру екендігін, оның тамыры халықтың ұлттық әдет-ғұрып, әдебиет, мәдениет, өнерінде жатқандығын көрсетеді.

Жаңартылған білім бағдарламасы бойынша оқушы білімін, танымын, білігін бағалаудың жаңа жүйесі қалыптастырушы бағалау оқушының білімге, білуге деген құштарлығын, жауапкершілігін, ізденуін, қызығушылығын оятудың жолы екендігі айтылады.

Қалыптастырушы бағалау студенттің нақты іс-әрекетіне кесімді баға айтып, әрекетті тоқтатып тастамайды. Керісінше, ынталандырып ары қарай ізденуге әкеледі. Студенттің өзіне деген сенім, алға ұмтылушылық, өзара ынтымақтастық, яғни топ ішіндегі көрсеткіш бәріне ортақ екендігіне бала дағдыланады, барлығы бірдей жақсы болғанын ұнатады. Сонымен қатар өмірде қолдануға пайдасын тигізер нәтижелі білім дағдысын қалыптастырады.

**Түйін сөздер:** рухани жаңғыру, қалыптастырушы бағалау, блум таксономиясы, түсіну, қолдану, синтез, бағалау, нәтижелі білім

Білім мен ғылымның дамуы Қазақстанның рухани жаңғыруына әсер етуші фактор. Осыған сай оқыту жүйесін заман талабына сай үйлестіре алу міндеті туындап, білімге, бүкіл оқу әдістемелік жүйесіне жаңа талаптар қойылып келеді. ХХІ ғасырдың жан-жақты жоғары интеллектуальды, саналы азаматын қалыптастыру бағытындағы білім беру мәселесі мемлекетіміздің басты назарында. Осы тұрғыдан алғанда мұғалімге білім берудің тиімді жолдарын анықтау, шығармашылық ізденіс, таңдай білу, заман талабына сай жаңартылған білім бағдарламасы көшінің алдыңғы легінде жүру міндеті жүктеліп отыр. Қай заманда, қай кезеңде болмасын мектептегі басты тұлға мұғалім десек, дүниежүзілік даму деңгейінен кем түспейтін, солармен иық тірестіре алатын, алған білімі мен тәрбиесін туған еліне, адамзат игілігіне жұмсай алатын ой-танымның иесі, саналы азаматты жетілдіруге үлес қосатын, оны ұйымдастыра да жүзеге асыра да білетін мұғалімнің жүгі салмақты. Бүгінгі мектептің, мұғалімнің ең басты міндеті – рухани бай, жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыру. Рухани байлық ең алдымен әр халықтың ұлттық әдет-ғұрпы, әдебиеті, мәдениеті, өнері шыққан түп тамырында. Оқушының рухын шыңдап, ой-өрісін кеңейтетін жалпы білім беретін мектептердегі жетекші пән – қазақ тілі мен әдебиеті. Бүгінгі өмір талабына сай оқушыны жеке тұлға ретінде тәрбиелеуде қазақ тілі мен әдебиетінің маңызы зор.

Нәтижеге бағдарланған білім оқушының жеке жетістіктері арқылы айқындалады. Баланы өздігінен жұмыс істеуге, өздігінен ізденіп білім алуға үйрету – ең тиімді жол.

Шығармашыл тұлғаның қалыптасуы да танымдық ізденістерді тиімді ұйымдастыру арқылы

көрінеді. Ол үшін мұғалім әдісті таңдау арқылы емес, оны түрлендіру, жетілдіру барысында көздеген мақсатқа жете алады. Еліміздің өркендеуі, «Мәңгілік Ел – Мәңгілік Тіл» идеясының жүзеге асуы, рухани жаңғыру – жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына тікелей байланысты. Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру ұстаздар қолында, әсіресе қазақ тілі мен әдебиеті жетекші рөл атқарады. Осы тұрғыда әдіскер-ғалым Ж.Дәулетбекова қазақ зиялыларының еңбектерін саралай келе қазақ тілін оқытудың жаңа бағыттарын төмендегідей санамалап, айқындайды: «1. Қазақ тілін оқытуды мемлекеттің даму стратегиясымен бірлікте қарау. Жолы – қазақ тілін оқыту жүйесін қоғамдық-әлеуметтік сұраныммен сәйкестендіре дамыту. Қағидасы: «Мектептің тілі бола алмаған тіл мемлекеттің тілі бола алмайды» (Х.Досмұхамедұлы). 2. Тілді оқытуды белгілі бір пәндік дағдыларға емес, білім алушының тұлғалық қабілеттерін дамытуға бағыттау. Жолы – тілдік білім мен біліктерді ХХІ ғасыр адамының бойында сөйлеу мәдениетін, ойлау мәдениетін және кісілік мәдениетті қатар дамытуға бейімдеп, құзыреттіліктер қалыптастыруға бұру. Қағидасы: «Нәрсенің затын алмай, атын ғана алып, құр сөз түрінде үйретуден бас тартып, алған білімі өзіне де, мемлекетке де пайдалы болатынын көздеп оқыту» (А.Байтұрсынұлы). 3. Тілді оқытуда жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға басымдылық беру. Жолы – қазақ тілін білім алушының сөйлеу қабілетін дамытудың базасы ретінде меңгерту және пәннің әдістемесін өмірлік дағдылар мен тәжірибелік машықтарды қалыптастыру бағытында жетілдіру. Қағидасы: «Оқыту оқулықтан өмірге қарай емес, өмірден оқулыққа қарай жүруі тиіс» (Ж.Аймауытов). 4. Қазақ тілін оқыту үдерісінде білім алушыны әрекет субъектісі деп танитын антропоэзеттік парадигманы басшылыққа алу. Жолы – тілдік білімді игертуді білім алушының өзіндік әрекеті мен ізденістеріне құру. Қағидасы: «Мұғалім аз үйретсін, оқушы көп үйренсін» (Я.А. Коменский)».

Оқушының білімге, білуге деген құштарлығын, жауапкершілігін, ізденуін, қызығушылығын дамыту әдіскер ұстаздар қолында. Ол өз бойына жинаған білімін біреуден мақтау, жоғары бағасын есту үшін емес, саналы түрде өмірде, болашақта өзіне, еліне қызмет етуі үшін жинау керектігін түсінуі, сезінуі қажет. Жаңартылған білім бағдарламасы бойынша оқушы білімін, танымын, білігін бағалау жаңа жүйеде құрылған. Жалпы білім беретін орта мектептің 5-сыныбы Қазақ тілі. Оқыту әдістемесінде қазіргі білім беру үрдісіндегі бағалау түрлерін төмендегідей қарастырады: «Қазіргі білім беру үрдісінде негізінен бағалаудың екі түрі қолданылады. Ол: жинақтық (суммативтік) және қалыптастырушы (формативтік) бағалау. ...Ал қалыптастырушы бағалаудың негізгі ұстанымы – оқушылардың дамуына, логикалық ойлауына тікелей әсер ету. Бағалаудың бұл түрінде оқушы өзін-өзі бағалауға, сын тұрғысынан ойлауға үйренеді. Оқушы сабақ барысында мұғалімнің жетекшілігімен өз әрекетін жоспарлай отырып, кейінірек өз бетінше әрекет етуге, шешім қабылдауға, ойын дәлелді жеткізуге дағдыланады».

Өз практикада осы қалыптастырушы бағалауды жоғары оқу орнының 5В011700–Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 3-курс студенттеріне «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» пәнінен сабақ беру барысында қолдандым. Ол жоспарлауым жаман болған жоқ, себебі 3 курс студенттері 5-семестрде «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» пәнін оқып, қаңтар, ақпан айларында қала мектептерінде төрт апталық педагогикалық практикадан өтіп келген. Сонымен қатар бұл курстарға сабақ беретін әріптестерімнің басым көпшілігі педагогикалық шеберлік орталығынан оқып, дайындықтан өткендер. Бұның барлығы менің практика барысында сапалы жұмыс істеуіме көп көмегін тигізді. Әрине, жалпы білім беретін орта мектептерге арналған жаңартылған білім бағдарламасы бойынша бағалау критерилерінде өзгеріс бар. Яғни бұрынғы дәстүрлі бағалау жүйесі түбегейлі өзгереді. Жаңартылған бағдарлама бойынша бағалау дегеніміз баланың да, мұғалімнің де өзін-өзі сырттай реттеуі. Сабақ жоспарлауда, оны практикада қолдануда Блум таксономиясын үнемі басшылыққа алып отыру жаңартылған бағдарлама идеяларының нәтижелі болуына кепілдік береді. Мен оны өз сабақтарымда қолдана отырып көз жеткіздім. Тоқталар болсам, бірінші деңгейі – білім. Бұл жайында қазақстандық әдіскер-ғалым А.Әлімовтың тұжырымдамасына келер болсақ: «Қайталау немесе тану арқылы мәліметтердің есте қалай сақталғанын тексеру, мағлұмат пен деректерді еске түсіру арқылы жүзеге асырылатын категория. ...Ақпаратты, оқу материалын (қажетті деректерді, нақты фактілерді немесе бүтін теорияларды) есте сақтау мен қайталау (репродукция) [1, 140]. Сабақтың тақырыбы «Дәстүрлі және дәстүрден тыс сабақ түрлері» болғандықтан студенттерге дәстүрлі, дәстүрден тыс сабақтар туралы мәлімет беріп, олардың ортақтықтары мен айырмашылықтарын және оның оқыту үдерісіне әсерін, қайсысының тиімді екендігін талдай отырып меңгерту қажет болды. Ол үшін жоғарыда айтқанымдай, біршама дайындықтан өткен балалардың өзіндік жинақтаған білім қорларын сұрақтар арқылы қайта естеріне түсіріп, жадыларын жаңғырту арқылы диалогтық оқыту модулін қолданып кумулятивтік әңгіме жүргіздік. Онда ортаға:

- Сабақ дегеніміз не?
- Сабақтың түрлері қандай?
- Дәстүрлі сабақ қалай жүргізіледі, жетістіктері неде деп ойлайсыздар?
- Дәстүрден тыс сабақ қалай жүргізіледі?
- Сіздерге қандай сабақ түрі ұнайды?
- Дәстүрлі, дәстүрден тыс сабаққа тән қандай ортақтық бар?

- Айырмашылықтары неде? деген сұрақтар тасталып, студенттерге өз ойларын еркін айтып, пікірлесуге жағдай жасалды. Оларды ортақ пікірге келтіруге тырыспадым. Бұл кезеңде қалыптастырушы бағалауды әр студентке бағыттап ауызша жүргіздім. Мысалы: А. деген студентке «Дәстүрлі сабақ қалай жүргізіледі, жетістіктері неде деп ойлайсыздар?» деген сұраққа берген жауабына: Сенің айтқандарың өте дұрыс, қосыламын, бірақ сол жетістіктің сыры неде, сол жайында ашыңқырашы. Бірақ А. жауабы толық болмағандықтан С. толықтырды. «Саған рахмет. А-ға өте жақсы қолдау жасадың деген сияқты т.б. жылы лебізбен, жақсы, позитивті пікірмен студенттерге жағымды көңіл-күй сыйлау арқылы келесі кезеңге өтуді ойладым. Орындаған жұмысына қанағаттанған бала, әрі қарай жұмыс жасауда белсенді болады.

Келесі деңгейі – түсіну. Ол туралы «Түсіну дегеніміз мәліметті таныс, анық күйге (формаға) ауыстыру арқылы өзіндік түсінік қалыптастыру. Бұл деңгейде үйренушілер мағлұматты тек есте сақтамайды, олар оның ауқымы мен көлемін ұлғайтпаса да, сол берілген мөлшерде басқаша қылып көрсетеді. Олар мәліметтерді басқа таныс жүйеге түрлендіреді, есте сақталған мағлұматты басқаларға жеткізу жолдарын айқындайды, ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтайды, салыстырады, нәтижелерді суреттейді. Оқу материалын бір формадан екінші формаға, бір белгілі жүйесінен басқа жүйеге түрлендіру (интерпретация), ауыстыру, оқу мәліметін өздігінше игеру, салдары мен нәтижелерінің қандай болатындығы туралы алдын-ала болжау, жорамалдау [1, 142]. Түсіну деңгейінде ABC деңгейін ескере отырып, санамалау арқылы топқа бөліп, барлық топқа бірдей тапсырма бердім. Постерге «Дәстүрлі, дәстүрден тыс сабақтардың ерекшелігін Вен диаграммасына түсіру». Блум таксономиясы бойынша Білім деңгейіндегі жүргізілген әңгіменің жалғасын әр топ өз іштерінде талдап, қорытынды пікірлерін диаграммаға түсірді.

Бұл кезеңде қалыптастырушы бағалау екі жұлдыз, бір ұсыныс арқылы жүзеге асырылып, кері байланыс жасалды, яғни топтар бір-бірінің дайындаған постерлерін оқып, стикер арқылы ұсыныстарын берді.

Үшінші деңгейі – қолдану. Оқу материалын жаңа жағдайлар мен ситуацияларда қолдану. «... Бұл деңгейде студенттер оқытушының көмегінсіз таныс емес проблеманы өздерінше шешуі керек. Мұнда қорытынды нәтиже маңызды мәселе болып қалмай, сонымен бірге шешім іздену процесінің өзі де маңызды болып танылады: үйренушілердің мәселені шешу жолы шешімнің өзінен де маңызды болуы мүмкін. Қолдануда үйренушілер келесі әрекетті жасайды: а) Проблемамен танысады; ә) Проблеманың ерекшеліктерін анықтайды; б) Шешім қабылдайды; в) Шешімді жүзеге асырады, қолданысқа түсіреді [1, 143]. Студенттердің түсіну деңгейіндегі жасаған жұмыстары өте сәтті шықты. Мәселені жан-жақты қарастырып, Вен диаграммасын сәтті құрды. Бұл біздің келесі қадамға өтуімізге жақсы баспалдақ болды. Блум таксономиясының қолдану, талдау деңгейлерін келесі қолданған стратегиямда, «Ақылдың алты қалпағы» әдісін қолдануда кіріктіруге тырыстым. Яғни, Блум таксономиясының жоғары деңгейі талдау: біріншіден, негізін тану – ауқымды әрі бүтін құрылымды құрамдас бөліктерге жіктеу, сол арқылы берілген мәліметті әрі қарай дамыту. Бұл үшін алдымен мәліметті (ақпарат, проблема, ұғым, құбылысты) құрамдас бөліктерге жіктеп, оларды бір-бірімен салыстырып, айырмашылығын айқындау керек. Екіншіден, Астарлы мағынаны ажырату – екі тұжырымның өзара қатынасын көрсету. Үшіншіден, мотивация – «неліктен? Не себепті?» деген сұрақтарға жан-жақты жауап беру арқылы қозғаушы күштер мен себептерді айқындау [1, 145].

«Ақылдың алты қалпағы» әдісі стратегиясында осы Блум таксономиясының төменгі – қолдану мен жоғарғы – талдау деңгейі қатар жүргізілді. Бұл деңгейді білім алушылар жинақтаған материалдарымен: «Дәстүрлі және дәстүрден тыс сабақтың қайсысы тиімді» деген тақырыпта жұмыс жүргізілді. 1 – ақ қалпақтылар: жалпы мәлімет беріп *проблемамен таныстырды*, яғни қазіргі білім жүйесінде сабақтың дәстүрден тыс интербелсенді әдіс-тәсілдерді, АКТ-ны қолданып өткізілетіндігін, ал дәстүрлі сабақ кезінде такта, бор, көрнекіліктер ғана болғанын, оларды оқытушылар қалай пайдаланды және оқушы мен мұғалім арасындағы қарым-қатынас, мұғалімнің рөлі, оқушының рөлі т.б. салыстыра отырып, қолдарындағы осыған дейін жасаған жұмыстарының мәліметтерін пайдаланып талдады. 2 – жасыл қалпақтағылар, *проблеманың ерекшелігін анықтаса* зерттеушілік,

ғылыми көзқараспен «дәстүрлі, дәстүрден тыс сабақтың екеуінің де тиімді, ұтымды тұстарын айтып, өз пікірлерін дәлелдеуге тырысты. Дәстүрлі сабақтың жақсы жақтарын айта отырып, біздің зиялы қауымымыздың дәстүрлі білім алғандарын алға тартты, ал дәстүрден тыс сабақтардың тиімділігі ретінде қазіргі әлемдік дамудан қалмай, құзыретті, жеке тұлға ретінде қалыптасуда осы дәстүрден тыс берілген білімнің нәтижелі болатындықтарын айтты», 5-топ *шешім қабылдады* көк қалпақтылар тыңдағандарының бәрін қорыта отырып, дәстүрлі сабақтың тиімді, тиімсіз тұстарын, дәстүрден тыс сабақтың тиімді, тиімсіздігін салыстыра отырып, бүгінгі заман талабына дәстүрден тыс өткізілетін сабақтардың тиімді екендігін дәлелдеді. 5-ші топтың тапсырмасы күрделі болғандықтан А деңгейіндегі оқушыларды осы топқа біріктіруге тырыстым. Олардың шешімі арқылы сабақ мақсатына жететіндігіне көзім анық жетті. Себебі, бұл топқа топтастырылған балалар өздеріне сенімді, проблеманы анық түсінген, шешілу жолдарын тапқан, топ алдында өзіндік пікірлерін қорғай алатын еді. Ал, сабақтың мақсатына жетуі білім алушылардың білім нәтижесінің кепілі.

3,4-топтардың талдаған жұмыстары Блум таксономиясының түсіну деңгейін жүзеге асыруда көп көмегі тиді. Себебі, 3-топ қара қалпақтағылар «өз позицияларында тұрып, дәстүрлі сабақтың кемшіліктерін, яғни мұғалім-басқарушы, оқушы-бағынушы болғандығын, берілетін білімнің оқулық көлемінен шықпағанын, ал дәстүрден тыс сабақта балама оқулықтардың, шамадан тыс мәліметтердің көп екендігін алға тартып, кемшілік ретінде бағалап, негативтік көзқараста болса, 4-топ сары қалпақтылар, эмоциялық тұрғыдан келіп: осылардың барлығының жақсы жақтарын көруге тырысып, дәстүрлі сабақтың өз жетістігі болғандығын, дәстүрден тыс сабақтардың заман талабынан туындаған алға жылжу, уақыт көшіне ілесу, заманауи әлемдік жаһандану үдерісінен қалмау, нарық заманында, өзге елге құл болмау үшін керек екендігін айтып, позитивтік көңіл-күй сыйлады. Екі топтың қарама-қарсы пікірі мәселені *түсінуге* әкелді.

Мінеки, бес топтың бір проблеманы шешуге бағытталған жұмысы түсінгенді, қолдану деңгейіне көтерді. Бұл этаптардан өткен балалар келесі синтездеу деңгейіне қиналмай өтеді.

Түсіну, қолдану деңгейі бойынша жұмыс жасаған студенттерді жасаған жұмыстарынан кейінгі өздерін реттеп, білгендерін жүйелеп алуы үшін қалыптастырушы бағалаудың БББ тәсілін қолдандым.

Келесі деңгей – синтез. Синтез – жаңа мазмұн мен бүтін ұғым (түсінік, құбылыс, құрылым) тудыру мақсатында жеке бөліктерді (элементтерді) шығармашылықпен біріктіру. Синтездің келесідей түрлері болады: 1) шығармашылық жанрлар: эссе, өлең, жоба, баяндама, шығарма, шешендік (ораторлық) сөз, сценарий, компьютерлік бағдарлама т.б. 2) Жоспар құрастыру, әрекеттердің тәртібін келтіру, немесе тәжірибе өткізу. 3) Абстрақтылы қатынастармен көрсетілетін нәтижелер. Яғни бақылау нәтижесінде жаңа модель құрастыру т.б. Сабақ барысында Блум таксономиясының бес деңгейі бойынша жұмыстанған балалар алтыншы деңгейге әркім өз білген, жинақтаған білімімен өтті. Бұл кезеңде балаларға берілген дискрипторды басшылыққа ала отырып «Дәстүрден тыс сабақтың тиімділігі» тақырыбында (мазмұнның тақырыпты ашуы; көрсетілген әдіс-тәсілдердің фактімен дәлелденуі) 10 минут ішінде 150 сөзден тұратын шағын эссе жазуды тапсырдым.

Сабақтың қорытынды соңғы деңгейі – бағалау. Бағалау – күмәнді, даулы және пікірталас туғызатын мәселелер бойынша шешім қабылдап, оны нанымды дәлелдер арқылы айғақтау. Сабақтың өң бойында әрбір тапсырмадан кейін қалыптастырушы бағалау жүзеге асып отыратын болса, соңғы қорытынды бөлімінде, студенттерге топ пен топты бағалатып, одан кейін әр топты ауызша өзім бағаладым. Ал өзім үшін бұл бағалауымды әр тапсырма бойынша жасап алған бағалау парағыма қойып шықтым.

Ондағы мақсатым, аралық бақылау кезінде суммативті бағалауда осы әр сабақ бойынша жасалған қалыптастырушы бағалау қорытындыларын негіз етіп аламын.

Қорыта келе байқағаным, қалыптастырушы бағалау шын мәнінде оқыту үшін бағалау. Себебі, қалыптастырушы бағалау аты айтып тұрғандай, білім алып ізденушінің нақты іс-әрекетіне кесімді баға айтып, әрекетті тоқтатып тастамайды. Керісінше, ынталандырып, «мына тұсым жетіңкіремей тұр екен, осыны толықтырайын» деген ой жетегімен ары қарай ізденуге әкеледі. Оның астарында студенттің өзіне деген сенім, алға ұмтылушылық, өзара ынтымақтастық, яғни өзгенің кемшін тұсын көрсе, түзетіп жіберуге ұмтылу, топ ішіндегі көрсеткіш бәріне ортақ екендігіне бала дағдыланады, барлығы бірдей жақсы болғанын ұнатады. Сонымен қатар өмірде қолдануға пайдасын тигізер нәтижелі білім дағдысын қалыптастырады.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

*1 Әлімов А. Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдану. Оқу құралы. – Алматы, 2009. – 327 б.*

2 Дәулетбекова Ж.Т. Жаһандану және білім: қазақ тілін оқытудың жаңа бағыттары // Абай ат. ҚазҰПУ Хабаршы «Филология ғылымдары» сериясы. – 2016. – №1(55). – Б.22-23.

3 Дәулетбекова Ж., Қосымова Г., Юсуп П. Қазақ тілі. Оқыту әдістемесі. Жалпы білім беретін мектептің 5-сынып мұғалімдеріне арналған. – Алматы: Атамұра, 2017. – 120 б.

*Г.М. Кенжебаева<sup>1</sup>*  
*<sup>1</sup>КазНПУ им. Абая,*  
*г. Алматы, Казахстан*

## **МЕТОДЫ ПРОВЕДЕНИЯ ФОРМИРУЮЩЕГО ОЦЕНИВАНИЯ**

### *Резюме*

В статье автор отмечает, что развитие науки и образования являются факторами, влияющими на духовное возрождение Казахстана, останавливается на роли учителя в этом процессе. Главнейшими задачами современной школы и учителя являются формирование духовно богатой, всесторонне развитой личности, чьи корни лежат в национальных традициях, литературе, культуре и искусстве народа.

В статье говорится, что по обновленной образовательной программе новая система оценивания знаний, навыков и умений ученика – формирующее оценивание является одним из факторов, который стимулирует стремление ученика к получению знаний и умений, его ответственности, его мотивации.

Формирующее оценивание не позволяет дать окончательную оценку действиям студента, не останавливает процесс. Наоборот, оно подталкивает его к дальнейшим исследованиям. Оно формирует самоуверенность студента, его стремление, т.е. студент привыкает к тому, что групповой показатель является общим и ему нравится, когда все хорошо. А также формирует результативность знаний и умений, применение которых были бы полезны и в жизни.

**Ключевые слова:** духовное возрождение, формирующее оценивание, таксономия блума, понимать, применить, синтез, оценивание, результативность знаний

*G.M. Kenzhebayeva<sup>1</sup>*  
*<sup>1</sup>Abai Kazakh National Pedagogical University,*  
*Almaty, Kazakhstan*

## **METHODS OF ESTABLISHMENT OF SHAPING EVALUATION**

### *Summary*

This article said about role of teacher and that the development of science and knowledge is the factor which effects to mental restoration of Kazakhstan. Nowadays the main obligation of school and teacher is to form developed figure with mental rich, so its meaning is in the custom and tradition, literature, culture and art of nation.

Student will say this new system of updated educational program is a new way to awaken interest to know something, responsibility, searching skills.

Formative assessment will not decrease actions of student, inside out it will motivate to continue search. Student will believe on himself, and adapt to rush forward, mutual community, and he likes when everything will be well. Beside this, he will form effective knowledge which is useful into life.

**Keywords:** mental restoration, formative assessment, bloom taxonomy, to understand, to use, synthetic, value, effective knowledge

*МРНТИ 11.25.07*

*S.A. Nurgaliyeva<sup>1</sup>, G.B. Assavbayeva<sup>2</sup>, G.K. Espolova<sup>3</sup>*

*<sup>1,3</sup>S.Amanzholov East Kazakhstan State University,*  
*Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan*

*<sup>2</sup>D.Serikbayev East Kazakhstan State Technical University,*  
*Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan*

## **KAZAKHSTAN LANGUAGE POLICY: TRILINGUAL CONCEPT**

### *Abstract*

The paper studies the problems of teaching foreign languages based on the national language, its relevance and the processes of development and mutual enrichment of languages in a multinational state. Within the framework of the

given problem it is proposed, first of all, to create the conditions for teaching the native language to the ethnos representatives living in Kazakhstan.

The given statements required updating the conceptual framework of views on the professional training competitive specialist in Kazakhstan higher school in the aspect of their professional acquisition of the Kazakh, Russian, and English languages. In this connection, the teachers have not just to acquire English but also to study the methodology of teaching their subject in the language.

The research relevance is connected with the absence of sequence for determining the levels that the students have to achieve during their studying Kazakh, Russian, and English languages. Moreover, the goals of the curricula are not clearly coordinated with the goals of trilinguality, and the system of the language studying assessment is not coordinated with the curricula goals. These factors make it difficult to develop the curricula and textbooks and the teachers' advance program.

**Keywords:** the language policy, the problem of trilingualism, the national language, ethnic constancy, ethnic difference, language levels

Kazakhstan President N.Nazarbayev presented his idea of the use of three languages for the first time in 2006 in his speech at the Assembly of People of Kazakhstan. In his 2007 annual address themed "New Kazakhstan in a New World", the President proposed gradual implementation of the "Trinity of languages" cultural project. In the 2008 address, he declared that "the Government should accelerate the implementation of the "Trinity of languages" project and should urgently improve the quality of teaching the Kazakh language, as the state language that unites our entire society" [1].

Thus, the Kazakh language was determined as the state language, the Russian language is now the language of interethnic communication, and the English language serves for integration of our country into the world economy and global society. Apart from this, in his address to the people of Kazakhstan "Building the future together" in 2011, the President stated, "I always say that knowing three languages is essential for the success of every Kazakhstani. Our task is to raise the number of citizens speaking the state language up to 80% by 2017. I think, by 2020, the number of Kazakhstanis speaking English should reach 20%" [2].

The current program states it that the Kazakhstani education should become high quality to enable Kazakhstani people to become competitive at the global labor market, to give them an opportunity to enter best world universities, to be mobile and able to learn all life. Doing that, one should not forget about the importance of developing a harmonious person with high moral values and national identity, a person who is world-minded, but never forgets his "roots" [3].

Own experience is seen that particular attention is paid to professionally oriented language training in order to prepare professionals who are fluent in three languages, which corresponds to the Law "On languages in the Republic of Kazakhstan", and will undoubtedly increase the competitiveness of specialists.

However, in our opinion, some aspects of formation of trilingualism require more in-depth analysis and rational approach. A real problem in designing and developing courses for trilingual education programs is in lack of precise requirements as to the skills and competencies a trilingual specialist should have on the completion of the education program [4, 248].

Implementation of trilingual education in the country involves several problems [5], [6], [7], [8], [9] connected with the planning, determining strategic and tactical goals, content, imperfection of methodologies and technologies in the system, where the instruction is in the three languages.

Knowledge of two or more languages is emphasized as a progressive phenomenon; it facilitates accelerated intellectual development, forms flexibility of thinking. At the same time bilingualism and trilingualism are complex phenomena which should be thoroughly understood, especially when we talk not only about the intellectual development of biand tri-lingual personality, but also about the issues of his/her ethno-psychological and ethno-cultural development as a representative of a particular ethnic group.

The problem of a bilingualism and multilingualism has been studied for a long time in foreign linguistics [10, 393] and many others researchers proves that.

Some terms need to be explained to understand the major ideas of trilingual training. "Bilingualism", "Bilingual education", "Multilingualism" terms often appear in the scientific literature. Nevertheless, there are many variations in relation to the meaning of these terms.

W.Weinreich states that "although multilingualism is undoubtedly a phenomenon not only significant, but also fairly common and widespread, it is accepted, among the linguists as well, to regard monolingualism as a rule, and regard multilingualism as something exclusive. But neither cultural and geographical partitions nortemporary methodological guidelines related to the infantile immaturity of our science should obscure us from the actual fact that millions of people, possibly majority of people acquire two or a few language

systems in this or that degree during their life and can use a separate one depending upon the situation requirement” [11, 264].

According to N.Baryshnikov “at the present stage studying a second foreign language is of quite mass character, and the experience of its teaching along with the experience of teaching a foreign language under the conditions of natural bilingualism is quite widely generalized”.

They “developed and formulated general conceptual postulates of teaching the second foreign language methodology. The key words in the area are: academic (school) didactic were bilingualism/trilingualism; imperfect knowledge of a foreign language; triglossia/trilingualism, including the native language, first and second foreign language” for a quite short period of time [12, 14].

S.Ter-Minassova states that foreign languages are all imbued with interdisciplinary communication and suggests the students the knowledge of a lot of areas of science, art, culture and real daily life. Integration is the unification of a whole of disparate parts, deep interpenetration of generalized knowledge in this or that field in one academic material” [13, 34].

All the studies dealing with linguistic borrowing were based on the notion of bilingualism and regarded the bilingual speaker as the place of language contact and a rich source of interaction between different linguistic patterns. The phenomenon of bilingualism, however, had to be redefined: the old and rather narrow definition which implied that a bilingual speaker had to master both language systems in the same way a native speaker did was replaced by a new, more flexible one, which said that a bilingual speaker had to produce at least some sentences in another language. It became clear that 'ideal' situations of bilingualism are relatively rare and that it had to be regarded in a much wider sense including also speakers of standard and dialect. Bilingualism thus seems to be an extremely widespread phenomenon. It is a problem which affects the majority of the world's population. Nevertheless, discussions about various types and degrees of bilingualism have not ceased even today. Areas that are favourable for the development of bilingualism are, above all, regions close to national borders where two nations-consequently also two languages-come into direct contact.

Bilingualism, language mixing, code-switching, transfer and borrowing are aspects of cross-linguistic influence in language contact situations. They are worth studying as they provide insights into the dynamic creative process of language change and developments on community-wide basis as well as individually. We have examined overlapping terminologies to clarify the concepts and categorization of language use in bilingual context. Language mixing also offers interesting topics in relation to the model of bilingualism and to the grammar from which mixed discourse is generated. Language contact phenomena, bilingualism, language mixing, code-switching, transfer and borrowing pose psycholinguistically as well as sociolinguistically interesting study which deserve further research in the future.

Questions of functioning of languages of Kazakhstan are reflected in the State program of development and functioning of languages. Such work takes place in three stages: stage 1 between 2011-2013 – improvement of the normative, legal and methodological basis for further functioning and development of languages; stage 2 between 2014-2016 – implementation of a set of practical measures for the introduction of new technologies and methods in the field of studying and use of the national language and the preservation of linguistic diversity; stage 3 between 2017-2020 – consolidation of results through systematic monitoring of the degree of relevance of the national language in all spheres of public life, the quality of its proper application and the level of proficiency with further preservation of the positions of other languages [14, 7-10].

According to State Compulsory Educational Standard of the Republic of Kazakhstan, the main purpose of teaching a foreign language is to teach the basic level of foreign languages, as under market conditions knowledge of foreign language is necessary, including knowledge of the English language. “Young graduates of higher educational institutions with the knowledge of English should become the professionals in demand in every corner of the globe and be able to provide successful development and well-being for Kazakhstan in the XXI century” [15, 1713-1716].

B.Khasanuly writes about the consequences of the reverse phenomenon: “Trilingualism originated on the basis of mother tongue and developed in combination with other languages is a phenomenon that is always progressive. Trilingualism that originated on the basis of the widespread non-native language ... is regressive and temporary phenomenon, and in the end, it will lead to “glottophagy”, the absorption of one language by others, to the alienation of the native language. Unilateral bilingualism becomes a springboard to monolingualism” [16, 356-357].

A.Bitis writes about of the multilingual Education in Kazakhstan: “Kazakhstan’s trilingualism can also serve as a model for other post-Soviet states. It would be however unfair for me to give a conclusion on the actual progress of the trilingual project during such a short stay. My impression was that Russian is thriving,



at least in the two capitals, and that the general knowledge of English is at least acceptable amongst the younger generation. The only thing I know for sure is that the overall practical ramifications of a trilingual policy are both vast and hugely challenging. I sense that during my time in Kazakhstan I was able to glimpse only the tip of a large linguistic iceberg” [17].

William Fierman, Director of the Center for the Study of Central Asia and Kazakhstan from the University of Seattle believes that “the idea is correct and will contribute to the development of the state. But it is too early to talk about the triune language in Kazakhstan. At the moment, one language predominates in your country – Russian. Although the Kazakh language is a state language under the Constitution. In my opinion, in today's Kazakhstan the Kazakh language should get a more significant role, especially in the cities, because in the auls it always prevailed. Thus, the Kazakh language is not so often used in the east and north of the country, unlike the south and southeast. And English, strangely enough, very quickly began to occupy a significant position in Kazakhstan, and for the future this is a very good trend” [18, 48].

Thus, on the basis of the scientific references analysis it follows that teaching foreign languages under the conditions of natural bilingualism involves the solution of several problems connected with planning, determining strategic and tactical goals, content, imperfection of methodologies and technologies. A language should be studied as a subject but not as an instrument of getting knowledge in a subject, and this will be more effective than just a language teaching. The given statement actualizes the significance of multidimensional analysis of the possibility and scientific validity of trilinguality formation and developing new theoretical approaches adequately reflecting the requirements of the modern educational paradigm.

